



РУХАНИ  
ЖАҒЫРУ

60.5я73  
Б 80

ЖАҒА ГУМАНИТАРЛЫҚ БІЛІМ. ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ 100 ЖАҒА ОҚУЛЫҚ



**ӘЛЕУМЕТТАНУ**  
**негіздері**

Essentials of Sociology

Дэвид Бринкерхоф  
Роуз Уейтс  
Сюзан Ортега



---

«Жаңа гуманитарлық білім. Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық»  
жобасы Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті –  
Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың бастамасымен  
«Рухани жаңғыру» мемлекеттік  
бағдарламасы аясында  
іске асырылды



David B. Brinkerhoff, Rose Weitz,  
Suzanne T. Ortega

# ESSENTIALS OF SOCIOLOGY

9th edition



Дэвид Бринкерхоф, Роуз Уейтс,  
Сюзан Ортега

# ӘЛЕУМЕТТАНУ НЕГІЗДЕРІ

9-басылым

ӘОЖ 316  
КБЖ 60.5  
Б80

**«Жаңа гуманитарлық білім.  
Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық»  
жобасының редакциялық алқасы:**

Редакциялық алқаның төрағасы – *Тәжин М.М.*  
Төрағаның орынбасары – *Сағадиев Е.К.*  
Жауапты хатшы – *Кенжесханұлы Р.*  
*Алтаев Ж.А.*  
*Алианов Р.А.*  
*Жаманбалаева Ш.Е.*  
*Жолдасбеков М.Ж.*  
*Қасқабасов С.А.*  
*Қарин Е.Т.*  
*Құрманбайұлы Ш.*  
*Масалимова Ә.Р.*  
*Мұтанов Ф.М.*  
*Нұрышева Г.Ж.*  
*Нысанбаев Ә.Н.*  
*Өмірзақов С.Ы.*  
*Саңғылбаев О.С.*  
*Сыдықов Е.Б.*

Кітапты баспаға әзірлеген:

Ұлттық аударма бюросы

Аудармашылар – *Амандосова М.И.*  
*Бөрібаева Ж.*  
*Қалдыбаева Г.Г.*  
*Сеңгірбай М.*  
*Чен Г.А.*

Әдеби редактор – *Арпабеков С.А.*  
*Жақыпов Ж.*  
*Қами Н.И.*

Ғылыми редакторы – *Оспанов С.*

Жауапты шығарушы – *Сеңгірбай М.*

© 2014, 2011 Wadsworth, Cengage Learning

ALL RIGHTS RESERVED. No part of this work covered by the copyright herein may be reproduced, transmitted, stored or used in any form or by any means graphic, electronic, or mechanical, including but not limited to photocopying, recording, scanning, digitizing, taping. Web distribution, information networks, or information storage and retrieval systems, except as permitted under Section 107 or 108 of the 1976 United States Copyright Act, without the prior written permission of the publisher.

**Б80 Бринкерхоф Д, Уейтс Р., Ортега С.**

**Әлеуметтану негіздері, 9-басылым.** Алматы: Ұлттық аударма бюросы, 2018 жыл – 464 бет.

ISBN 978-601-7943-15-8

«Әлеуметтану негіздері» оқулығы қоғам және оның құрылымы, қоғамдағы түрлі әрекеттер мен мінез-құлықтар туралы, адамның рухани және материалдық мәдениеті мен құндылықтары жөнінде кең мағлұмат береді. Оқу құралы әлеуметтанудың негізгі ұғымдарын, зерттеу әдістері мен теорияларын саралап, әлеуметтанушы мамандардың оқу орнындағы, үкіметтегі, бизнестегі, коммерциялық емес ұйымдардағы және қоғамдағы рөлін көрсетеді.

Мәдениет және оған қатысты теориялық көзқарастар, оның әралуандығы мен жаһандануға байланысты тақырыптар қамтылып, қоғамдағы институттар туралы толыққанды ақпарат беріледі, қоғам құрылысы, топтар, желілер, ұйымдар және олардың қызметтері талданады.

Оқулық әлеуметтануға қызығатын ортаға, студенттер мен магистранттарға арналған.

ӘОЖ 316  
КБЖ 60.5

ISBN 978-601-7943-15-8

© Wadsworth, Cengage Learning 2017, 2014

© «Ұлттық аударма бюросы» Қоғамдық қоры, 2018



*...Біздің мақсатымыз айқын, бағытымыз белгілі, ол – әлемдегі ең дамыған 30 елдің қатарына қосылу.*

*Мақсатқа жету үшін біздің санамыз ісімізден озып жүруі, яғни одан бұрын жаңғырып отыруы тиіс. Бұл саяси және экономикалық жаңғыруларды толықтырып қана қоймай, олардың өзегіне айналады.*

*Біз алдағы бірнеше жылда гуманитарлық білімнің барлық бағыттары бойынша әлемдегі ең жақсы 100 оқулықты әртүрлі тілден қазақ тіліне аударып, жастарға дүниежүзіндегі таңдаулы үлгілердің негізінде білім алуға мүмкіндік жасаймыз.*

*Жаңа мамандар ашықтық, прагматизм мен бәсекелестікке қабілет сияқты сананы жаңғыртудың негізгі қағидаларын қоғамда орнықтыратын басты күшке айналады. Осылайша болашақтың негізі білім ордаларының аудиторияларында қаланады...*

Қазақстан Республикасының Президенті  
Н.Ә. Назарбаевтың  
**«Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты еңбегінен**



# — ҚЫСҚАША МАЗМҰНЫ

1	Қоғам туралы ілім.....	31
2	Мәдениет.....	63
3	Әлеуметтену .....	91
4	Қоғамдық құрылым және әлеуметтік қарым-қатынас.....	112
5	Топтар, желілер және ұйымдар .....	135
6	Девиантты (қалыптан ауытқыған) мінез-құлық, қылмыс және қоғамдық бақылау ....	161
7	Стратификация .....	187
8	Нәсілдік және этностық теңсіздік.....	221
9	Жыныс, гендер және жыныстық қатынас .....	254
10	Денсаулық және денсаулық сақтау....	281
11	Отбасы .....	310
12	Білім және дін .....	335
13	Саясат және экономика.....	367
14	Халық саны және урбанизация .....	400
15	Әлеуметтік өзгерістер .....	432
	Глоссарий .....	455

# — МАЗМҰНЫ

Кіріспе .....	29
Басты ұстанымдар.....	29
<b>Қоғам туралы ілім.....</b>	<b>31</b>
Әлеуметтану дегеніміз не? .....	32
Әлеуметтік қиял.....	32
Әлеуметтану – қоғам туралы ғылым.....	34
Әлеуметтанудың пайда болуы .....	35
Әлеуметтанудың негізін салушылар: Конт, Спенсер, Маркс, Дюркгейм және Вебер .....	35
Огюст Конт (1798–1857) .....	35
Герберт Спенсер (1820–1903).....	36
Карл Маркс (1818–1883) .....	36
Эмиль Дюркгейм (1858–1917).....	37
Макс Вебер (1864–1920).....	38
Америка Құрама Штаттарындағы әлеуметтану.....	38
Уильям Эдуард Дьюбуа (1868–1963) .....	38
Джейн Аддамс (1860–1935) .....	39
Әлеуметтанудағы негізгі көзқарастар.....	39
Құрылымдық-функциялық теория .....	39
Құрылымдық-функциялық теорияның негізіндегі болжамдар .....	40
Құрылымдық-функциялық теорияны қолдану.....	41
Конфликт теориясы.....	42
Конфликт теориясының негізіндегі болжамдар.....	42
Конфликт теориясын пайдалану .....	42
Символдық интеракционизм теориясы .....	42
Символдық интеракционизм теориясының тұжырымдары .....	43
Символдық интеракционизм теориясын қолдану.....	43
Ауыспалы объективтер .....	44

<b>Құрылымдық-функциялық теория: жезөкшеліктің функциялары .....</b>	<b>44</b>
<b>Конфликт теориясы: ресурстар теңсіздігі және жезөкшелік .....</b>	<b>44</b>
<b>Символдық интеракционизм теориясы: жезөкшелер өздеріне деген сенімін қалай жоғалтпайды?.....</b>	<b>44</b>
<b>Қоғамды зерттеу .....</b>	<b>45</b>
<b>Бірінші қадам: мәселенің қойылуы.....</b>	<b>47</b>
<b>Екінші қадам: негіз әзірлеу .....</b>	<b>47</b>
<b>Айнымалы шамаларды түсіну .....</b>	<b>47</b>
<b>Айнымалы шамаларды анықтау .....</b>	<b>47</b>
<b>Сынамаларды таңдау.....</b>	<b>48</b>
<b>Үшінші қадам: мәлімет жинау.....</b>	<b>48</b>
<b>Төртінші қадам: үлгісін табу.....</b>	<b>48</b>
<b>Бесінші қадам: теория түзу .....</b>	<b>48</b>
<b>Зерттеу әдістері.....</b>	<b>50</b>
<b>Эксперимент.....</b>	<b>50</b>
<b>Сауалнама .....</b>	<b>50</b>
<b>Қатыса отырып бақылау.....</b>	<b>54</b>
<b>Контент талдау .....</b>	<b>56</b>
<b>Қолданыстағы статистиканы пайдалану.....</b>	<b>57</b>
<b>Әлеуметтанушылар: олар немен айналысады?.....</b>	<b>58</b>
<b>Бакалавр әлеуметтанушылар .....</b>	<b>58</b>
<b>Колледж және университеттегі әлеуметтанушылар .....</b>	<b>58</b>
<b>Үкіметтегі әлеуметтанушылар .....</b>	<b>59</b>
<b>Бизнестегі әлеуметтанушылар .....</b>	<b>59</b>
<b>Коммерциялық емес ұйымдардағы әлеуметтанушылар .....</b>	<b>59</b>
<b>Қоғам қызметіндегі әлеуметтанушылар .....</b>	<b>60</b>
<b>Бұл бізге не береді? .....</b>	<b>60</b>
<b>Қорытынды .....</b>	<b>60</b>
<b>Сыни ойлау .....</b>	<b>61</b>
<b>Мәдениет .....</b>	<b>63</b>
<b>Мәдениетке кіріспе .....</b>	<b>64</b>
<b>Мәдениетке теориялық көзқарас .....</b>	<b>64</b>

Құрылымдық-функциялық әдіс.....	64
Конфлик әдісі .....	65
Символдық интеракционизм теориясының ұстанымы.....	65
Адам мінез-құлқының негіздері: мәдениет және биология.....	66
Мәдениетке жалпы көзқарас .....	66
Мәдениет – мәселенің шешімін табатын құрал.....	66
Мәдениет – салыстырмалы шама.....	67
Мәдениет – әлеуметтік өнім .....	68
Биологиялық көзқарас .....	70
Мәдениет таратушылар.....	70
Тіл.....	70
Тіл – мәдениеттің бейнесі .....	71
Тіл – символ ретінде .....	71
Тіл – қалып ретінде .....	72
Құндылықтар.....	73
Нормалар.....	73
Дәстүрлер .....	74
Ғұрыптар .....	75
Заңдар.....	75
Әлеуметтік бақылау.....	75
Мәдени әркелкілік және өзгеріс .....	77
Субмәдениет және контрмәдениет .....	77
Ассимиляция ма, мультимәдениет пе?.....	78
Case study: кереңдікті субмәдениет ретінде тану.....	78
Мәдени әркелкілік пен өзгеріс бастаулары .....	80
Қоршаған орта.....	80
Оқшаулану .....	80
Мәдени сіңісу.....	80
Технология.....	81
Бұқаралық ақпарат құралдары.....	83
Басымдыққа ие мәдени тақырыптар .....	83
Case study: америкалық жұлдыздар мәдениеті .....	83
Мәдени әркелкілік пен өзгерістің салдары .....	84
Мәдени артта қалу .....	84
Мәдени соққы.....	85



Жаһандану .....	85
Жаһандану көздері .....	85
Жаһанданудың ықпалы.....	86
Мәдени ықпал.....	86
Экономикалық ықпал.....	86
Жаһанданудың ықпалы .....	87
Бұл бізге не береді? .....	89
Қорытынды .....	89
Сыни ойлау .....	90
<b>Әлеуметтену.....</b>	<b>91</b>
Әлеуметтену деген не? .....	92
Адам болуды үйрену .....	92
Маймылды енесінен айырып, оқшау өсіру.....	92
Адамды бағып-қағудың қажеттігі .....	92
Әлеуметтену жөніндегі теориялық көзқарастар.....	94
Құрылымдық-функциялық теория .....	94
Конфликт теориясы.....	95
Символдық интеракционизм .....	95
«Мен» тұжырымдамасы.....	96
Рөлді қабылдау .....	97
Әлеуметтену агенттері .....	99
Отбасы .....	99
Қатарластар .....	101
Мектептер .....	102
Бұқаралық ақпарат құралдары.....	102
Дін .....	104
Қауымдастық.....	104
Өмір жолындағы әлеуметтену.....	105
Балалық шақ.....	105
Жастық шақ .....	106
Ересек өмір.....	107
65 жас және одан жоғары .....	108
Қайта әлеуметтену .....	109
Арнайы мекемелер .....	110
Бұл бізге не береді? .....	110

Қорытынды ..... 111  
 Сыни ойлау ..... 111

**Қоғамдық құрылым және әлеуметтік қарым-қатынас ..... 112**

Өзара тәуелді күштер: қоғамдық құрылым және әлеуметтік өзара әрекеттестік ..... 113  
 Қоғамдық құрылымдар ..... 113  
 Мәртебе ..... 113  
 Case-study: нәсілдің мәртебелік сипаты ..... 114  
 Рөлдер..... 116  
 Институттар ..... 117  
 Негізгі институттар ..... 117  
 Институттардың өзара тәуелділігі..... 119  
 Институттардың тұрақтылық немесе теңсіздік агенттері ретіндегі сипаты ..... 119  
 Әлеуметтік эволюция және ыдырау ..... 120  
 Аңшылық-терімшілік қоғамдар ..... 120  
 Бағбаншылық қоғамдар ..... 121  
 Екіншілік қоғамдар ..... 121  
 Индустриялық қоғамдар ..... 122  
 Постиндустриялық қоғамдар ..... 122  
 Case study: институттар жоғалған кез ..... 123  
 Бұзылған қоғам ..... 123  
 1963 жылға дейінгі оджибуей қоғамы ..... 123  
 Өзгеріс ..... 124  
 Оджибуейдің болашағы ..... 125  
 Әлеуметтану ғылымының жауабы ..... 125  
**Әлеуметтік қарым-қатынас және күнделікті өмір ..... 126**  
 Күнделікті өмірді басқару ..... 126  
 Қалыптар ..... 126  
 Болмыс туралы келісу ..... 128  
 Драматургия ..... 128  
 Әсерлерді басқару..... 129  
 Case study: әсерді басқару және үйсіз балалар ..... 132  
 Бұл бізге не береді? ..... 133

Қорытынды .....	134
Сыни ойлау .....	134

<b>Топтар, желілер және ұйымдар .....</b>	<b>135</b>
Адами қарым-қатынастар .....	136
Әлеуметтік процестер .....	136
Айырбас .....	136
Ынтымақтасу .....	137
Бәсеке .....	137
Конфликт .....	138
Топтар.....	138
Топтың ауқымы .....	139
Диадалар .....	139
Триадалар.....	139
Топтың түрлері .....	140
Эталон топтар .....	140
Негізгі топтар .....	141
Case study: көгершін ұшырушылар және негізгі топтар.....	141
Қосалқы топтар .....	142
Топтағы өзара әрекет .....	143
Топтың көлемі .....	144
Топ мүшелерінің физикалық жақындығы .....	144
Коммуникация үлгілері .....	144
Ынтымақтастық.....	144
Топтық конформизм .....	145
Милгрэм эксперименті .....	145
Конформизмге жүргізілген соңғы зерттеулер .....	146
Шағын топтардағы конформизмді түсіндіру .....	146
Топтық шешімдер қабылдау.....	147
Таңдауды өзгерту.....	147
Әлеуметтік тораптар .ж.....	148
Тораптағы ортаға тартылыс.....	148
Қуатты және әлсіз байланыстар .....	148
Қуатты байланыстар .....	149
Әлсіз байланыстар .....	149
Байланыстар мен топтар.....	151

Еріктілер қауымдастықтары .....	153
Қауымдастық.....	154
Компьютерлік тораптар мен қауымдастықтар.....	155
Кешенді ұйымдар .....	155
Бюрократияның «кемел түрі»: Вебер теориясы ....	156
Шынайы бюрократия: ұжым мәдениеті.....	157
Бюрократияға сын .....	158
Бұл бізге не береді? .....	159
Қорытынды .....	160
Сыни ойлау .....	160

<b>Девиантты (қалыптан ауытқыған) мінез-құлық, қылмыс және қоғамдық бақылау .....</b>	<b>161</b>
Конформизм және девианттылық .....	162
Конформизмді түсіну .....	162
Девианттылықты анықтау .....	163
Девианттылыққа теориялық көзқарастар.....	164
Құрылымдық-функциялық теория .....	164
Жағымсыз мінез-құлық: шиеленіс теориясы .....	165
<b>Девианттылықтың аудандық сипаттамаларын түсіндіру: Ұжымдық тиімділік теориясы .....</b>	<b>167</b>
Конфликт теориясы.....	169
Қылмысқа анықтама .....	169
Қылмысқа қатысу .....	170
Символдық интеракционизм теориялары .....	170
Дифференциалды ассоциация теориясы.....	170
Қорқытып-үркіту теориясы.....	171
Ат таңу теориясы .....	171
Адамның девианттылығын түсіндіру.....	172
«Девиант» атының таңылуының түсіндірмесі .....	172
<b>Case study: Девианттылықты медицина тұрғысынан түсіндіру .....</b>	<b>172</b>
Қылмыс .....	173
Мүліктік қылмыстар және зорлық-зомбылық .....	174
Шағым жасалмайтын қылмыстар .....	174
Ақ жағалылар арасындағы қылмыс .....	175



<b>Қылмыстың корреляциясы: жас, жыныс, тап және нәсіл</b> .....	178
<b>Жас ерекшелігі</b> .....	178
<b>Жыныстық айырмашылықтар</b> .....	179
<b>Әлеуметтік және таптық айырмашылықтар</b> .....	179
<b>Нәсілдік айырмашылықтар</b> .....	179
<b>Қылмыс үрейі</b> .....	180
<b>Қылмыстық сот төрелігі жүйесі</b> .....	181
<b>Неге жазалаймыз?</b> .....	181
<b>Полиция</b> .....	181
<b>Соттар</b> .....	182
<b>Түрмелер</b> .....	182
<b>Түрме баламалары</b> .....	183
<b>Бұл бізге не береді?</b> .....	184
<b>Қорытынды</b> .....	186
<b>Сыни ойлау</b> .....	186
<b>Стратификация</b> .....	187
<b>(қоғамдағы топтарды жіктеу)</b>	
<b>Стратификация құрылымының түрлері</b> .....	188
<b>Касталық жүйелер</b> .....	188
<b>Таптық жүйелер</b> .....	189
<b>Таптар нешеу?</b> .....	190
<b>Маркс: буржуазия және пролетариат</b> .....	190
<b>Вебер: тап, мәртебе және билік</b> .....	190
<b>Әлеуметтік таптың нақты өлшемдері</b> .....	191
<b>Халықаралық деңгейдегі теңсіздік</b> .....	192
<b>Үш түрлі әлем: қарқынды дамыған елдер мен дамуы төмен елдердің арақатынасы</b> .....	192
<b>Құрылымдық-функциялық талдау: модернизация теориясы</b> .....	194
<b>Конфликтті талдау: әлемдік жүйелер теориясы</b> .....	195
<b>Жаһандық теңсіздік және қарулы қақтығыстар</b> .....	196
<b>Жаһандық теңсіздік және соғыстар</b> .....	196
<b>Жаһандық теңсіздік және лаңкестік (терроризм)</b> .....	197

<b>Case study: ислам терроризмі</b> .....	<b>198</b>
<b>АҚШ-тағы теңсіздік</b> .....	<b>199</b>
<b>Экономикалық теңсіздік</b> .....	<b>199</b>
<b>Әлеуметтік тап мәселелерінің салдары</b> .....	<b>201</b>
<b>Теңсіздік жөніндегі теориялық көзқарастар</b> .....	<b>201</b>
<b>Құрылымдық-функциялық теория</b> .....	<b>202</b>
<b>Сыни ескертулер</b> .....	<b>202</b>
<b>Конфликт теориясы</b> .....	<b>203</b>
<b>Сыни ескертулер</b> .....	<b>204</b>
<b>Символдық интеракционизм</b> .....	<b>204</b>
<b>Әлеуметтік тап деңгейінің</b>	
<b>детерминанттары</b> .....	<b>205</b>
<b>Микроқұрылым: жеке мүмкіндіктер</b> .....	<b>205</b>
<b>Макроқұрылым: еңбек нарығы</b> .....	<b>206</b>
<b>Америкалық арман: идеология және шындық</b> ...	<b>207</b>
<b>Жоғары ұтқырлықты түсіндіру</b> .....	<b>208</b>
<b>Әлеуметтік тап пен қоғамдағы өмір</b> .....	<b>209</b>
<b>Кедейлік</b> .....	<b>209</b>
<b>Халықтың кедей топтары</b> .....	<b>209</b>
<b>Кедейліктің себептері</b> .....	<b>211</b>
<b>Кедейлік сана-сезім</b> .....	<b>211</b>
<b>Өзгермелі жұмыс нарығы</b> .....	<b>212</b>
<b>Кедейлік шегінде өмір сүретін</b>	
<b>топтар / Халықтың табысы төмен жіктері</b> .....	<b>212</b>
<b>Жұмысшы табы</b> .....	<b>213</b>
<b>Орта тап</b> .....	<b>215</b>
<b>Жоғарғы тап</b> .....	<b>215</b>
<b>Әлеуметтік тап және қоғамдық саясат</b> .....	<b>216</b>
<b>Лайықты еңбекақы талап ету қозғалыстары</b> .....	<b>216</b>
<b>Білім алу мүмкіндіктерін арттыру</b> .....	<b>217</b>
<b>Бұл бізге не береді?</b> .....	<b>218</b>
<b>Қорытынды</b> .....	<b>219</b>
<b>Сыни ойлау</b> .....	<b>220</b>
<b>Нәсілдік</b>	
<b>және этностық теңсіздік</b> .....	<b>221</b>
<b>Нәсіл және этнос</b> .....	<b>222</b>

Нәсілдік және этностық теңсіздіктерді түсіну.....	222
Нәсіл мен этностың әлеуметтік құрылымы.....	222
Көпшілік және азшылық топтар .....	223
Өзара әрекетке түсудің үлгілері .....	224
Плюрализм.....	224
Ассимиляция.....	225
Конфликт .....	225
<b>Нәсілдік және этностық теңсіздіктерге</b>	
<b>теориялық көзқарастар.....</b>	<b>226</b>
Құрылымдық-функциялық теория .....	226
Конфликт теориясы.....	228
Символдық интеракционизм.....	228
Нәсілдік және этностық теңсіздіктің орнауы .....	229
Бұрмаланған пікір .....	229
Бұрмаланған пікірдің себептері .....	230
<b>Бұрмаланған пікірге бейімделу: өздігінен</b>	
<b>орындалатын болжам .....</b>	<b>232</b>
Дискриминация .....	232
Сегрегация .....	234
<b>Case Study: нәсіл/ этнос / ұлт және сатып</b>	
<b>алу құқығынан айыру .....</b>	<b>235</b>
Заңдастырылған нәсілшілдік .....	236
Дискриминацияның артуы.....	236
АҚШ-тағы нәсілдік және этностық теңсіздік .....	237
Ақ нәсілді америкалықтар .....	238
Ақ нәсілділер .....	238
Ақ нәсілдің бірегейлігі.....	239
Ақ нәсілдің артықшылығы .....	239
Афроамерикалықтар.....	239
Тарихи шолу.....	239
Қазіргі жағдай.....	240
Латынамерикалықтар .....	241
Тарихи шолу.....	241
Ағымдағы жағдаят .....	242
Өзекті мәселелер .....	243
Америкалық азиаттар .....	244
Тарихи шолу.....	244

<b>Ағымдағы жағдаят</b> .....	244
<b>Өзекті мәселелер</b> .....	246
<b>Байырғы америкалықтар</b> .....	246
<b>Тарихи шолу</b> .....	246
<b>Қазіргі жағдай</b> .....	247
<b>Америкалық арабтар</b> .....	248
<b>Тарихи шолу</b> .....	248
<b>Қазіргі жағдай</b> .....	248
<b>Өзекті мәселелер</b> .....	249
<b>Аралас нәсілді америкалықтар</b> .....	250
<b>АҚШ-тағы нәсілдік және этностық</b>	
<b>теңсіздіктің болашағы</b> .....	250
<b>Теңсіздікпен күрес: нәсіл ме әлде тап па?</b> .....	250
<b>Теңсіздікті жеңу стратегиялары</b> .....	251
<b>Жаңа нәсілдік / этностық бөлініс пе?</b> .....	251
<b>Бұл бізге не береді?</b> .....	252
<b>Қорытынды</b> .....	252
<b>Сыни ойлау</b> .....	253

<b>Жыныс, гендер</b>	
<b>және жыныстық қатынас</b> .....	254
<b>Жыныс пен гендерді түсіну</b> .....	255
<b>Жыныс пен гендер</b> .....	255
<b>Түрлі мәдениеттердегі гендерлік рөлдер</b> .....	256
<b>Гендерлік теңсіздікке теориялық көзқарастар</b> .....	257
<b>Құрылымдық-функциялық теория:</b>	
<b>еңбек бөлінісі</b> .....	258
<b>Конфликт теориясы: сексизм</b>	
<b>және дискриминация</b> .....	258
<b>Символдық интеракционизм:</b>	
<b>күнделікті өмірдегі гендерлік теңсіздік</b> .....	259
<b>Гендер әлеуметтік құрылыс</b>	
<b>және әлеуметтік құрылым ретінде</b> .....	259
<b>Гендерлік бірегейлік</b> .....	260
<b>Биологиялық айырмашылықтарды арттыру</b> .....	261
<b>«Гендерді қалыптастыру»</b> .....	261
<b>Гендер – әлеуметтік құрылым</b> .....	262



<b>Гендерлік негіздегі денсаулық, білім және табыс теңсіздіктері.....</b>	<b>262</b>
Денсаулық .....	263
Білім .....	263
Білім алу.....	263
Сала таңдау .....	265
Жұмыс және табыс.....	267
Түрлі кәсіп, әртүрлі табыс .....	267
Бірдей кәсіп, әртүрлі табыс .....	269
Гендер және билік .....	270
Әлеуметтік институттардағы билік теңсіздігі.....	270
Қарым-қатынастардағы билік теңсіздігі.....	270
Case-study: жыныстық қатынасқа итермелеу .....	271
Сексизмге қарсы күрес .....	271
Феминистік қозғалыс .....	272
Сексизм және нәсілшілдікпен күрес .....	273
Жыныстық айырмашылық әлеуметтануы.....	273
Жыныстық қатынас сценарийлері .....	274
<b>Некеге дейінгі және жасөспірімдік жыныстық қатынас .....</b>	<b>274</b>
Некедегі жыныстық қатынас .....	276
Жыныстық азшылықтар .....	276
Қоғамдағы гомосексуализм.....	276
Қорытынды .....	279
Сыни ойлау .....	279

<b>Денсаулық және денсаулық сақтау .....</b>	<b>281</b>
Денсаулық және денсаулық сақтау – әлеуметтік мәселе .....	282
Ауруға теориялық көзқарастар .....	282
Құрылымдық-функциялық теория:	
науқастың рөлі .....	282
Науқас рөлін анықтау .....	283
Науқас адам рөлін сынау .....	283
Конфликт теориясы: медицинализация.....	284

<b>Символдық интеракционизм</b>	
теориясы: ауру тәжірибесі .....	286
<b>Денсаулық пен аурудың әлеуметтік себептері.....</b>	<b>287</b>
Алдын алуға болатын өлімнің себептері .....	288
<b>Микродеңгейдегі жауаптар: денсаулыққа</b>	
сенім үлгісі .....	289
<b>Макродеңгейдегі жауаптар:</b>	
ауру туғызушылар .....	290
<b>Саулық пен науқастықтың әлеуметтік</b>	
таралуы .....	292
Гендер .....	292
Әлеуметтік тап.....	293
Нәсіл және этнос.....	294
Жас .....	295
<b>Case-study: бұрынғы Кеңес Одағындағы</b>	
халықтардың өмір жасының қысқаруы .....	296
<b>Менталдық аурулар.....</b>	<b>298</b>
Психикалық аурулар саны қанша?.....	298
Психикалық ауруларға кім шалдығады? .....	298
Әлеуметтік тап ерекшелігі .....	298
Гендерлік ерекшеліктер .....	299
Денсаулық сақтау саласында жұмыс істеу .....	299
Дәрігерлер: кәсіби автономия үшін күрес .....	299
Дәрігерлердің табысы мен беделіне деген ықылас .....	300
Дәрігерлер мәртебесінің өзгеруі .....	300
Медбикелер: кәсіби мәртебе үшін күрес .....	301
Медбикелердің қазіргі мәртебесі .....	301
Медбикелер мәртебесінің өзгеруі.....	302
АҚШ-тағы денсаулық сақтау саласы .....	302
АҚШ-тағы денсаулық сақтау құны.....	302
Жеке сақтандыру қорлары.....	303
Мемлекеттік бағдарламалар.....	303
<b>АҚШ-тағы медициналық сақтандыруы</b>	
жоқ адамдар .....	303
<b>Медициналық сақтандыруды кеңейту</b>	
үшін күрес.....	304
<b>Басқа елдердегі денсаулық сақтау саласы.....</b>	<b>306</b>

Ұлттық денсаулық сақтау саласы.....	306
Төмен бағамен жақсы күтім .....	307
Бұл бізге не береді .....	307
Қорытынды .....	308
Сыни ойлау .....	309
<b>Отбасы .....</b>	<b>310</b>
Дүниежүзіндегі неке және отбасы.....	311
Жалпыға ортақ жайттар .....	311
Мәдениетаралық өзгешеліктер.....	312
Отбасы түрлері .....	312
Неке түрлері .....	313
АҚШ-тағы отбасылық өмірі .....	314
Балалық шақ.....	314
Жастық шақ.....	315
Ересек өмірге өту.....	316
Ересек өмірдің басы.....	317
Жыныстық және романтикалық қарым-қатынас .....	317
Неке нарығын сұрыптау .....	318
Шектеулі неке нарығы.....	318
Орта жас .....	320
65 жас және одан жоғары .....	321
Некедегі рөлдер мен қарым-қатынас.....	322
Некедегі гендерлік рөлдер .....	322
Отбасылық қарым-қатынастағы зорлық-зомбылық.....	323
Ата-ана рөлі .....	323
Ана және әке атану.....	324
Өгей ата-аналар .....	325
Қазіргі заманғы отбасы.....	325
Некелесу ме әлде бірге тұру ма? .....	325
Балалы болу керек пе, жоқ па?.....	325
Некесіз туған балалар.....	326
Жүктілікті кейінге қалдыру .....	326
Асырап алу .....	327
Баласыз өмір.....	329
Жұмыс пен отбасын қатар алып жүру.....	329
Ажырасу .....	330

Қоғамдық деңгейдегі факторлар.....	332
Бұл бізге не береді? .....	332
Қорытынды .....	333
Сыни ойлау .....	334
<b>Білім және дін .....</b>	<b>335</b>
Білім және діни институттар.....	336
Білім беруге қатысты теориялық көзқарастар .....	336
Құрылымдық-функциялық теория: білім функциялары.....	336
Оқыту және білім беру.....	336
Әлеуметтену.....	336
Іріктеу.....	337
Өзгерістерге ықпал ету .....	337
Конфликт теориясы: білім және теңсіздіктің таралуы.....	337
Білім – капитализм құралы.....	338
Білім – мәдениет құралы .....	338
Білім – адамның мәртебесін айқындаушы .....	338
Білім берудегі теңсіздік .....	339
Символдық интеракционизм: элиталық сабақтастық .....	340
Элиталық сабақтастық .....	340
Америка білім беру саласындағы қазіргі қайшылықтар .....	341
Бақылау .....	341
Аса маңызды тестілеу.....	342
Мектеп таңдау.....	342
Колледж және қоғам .....	344
Оқуға кім барады? .....	344
Колледжге не үшін бару керек?.....	345
Дінді түсіну .....	347
Дін деген не? .....	347
Дін не үшін керек? .....	347
Дін қазір неге керек?	
Фундаментализмнің өсуі.....	348
Дінге теориялық көзқарастар.....	350

Дюркгейм: діннің құрылымдық- функциялық теориясы.....	350
Діннің қарапайым түрлері.....	350
Діннің атқаратын қызметі .....	350
Маркс және басқалар: конфликт теориясы және дін .....	351
Вебер: дін – тәуелсіз күш .....	352
Протестанттық этика және капитализм рухы .....	353
Дін мен қоғам арасындағы шиеленіс .....	353
Ғибадатхана .....	353
Ғибадатхананың құрылымы мен қызметі.....	354
Секталар .....	355
Секталардың құрылымы мен қызметі .....	356
Жаңа діни қозғалыстар .....	357
Жаңа діни қозғалыстардың құрылымы мен қызметі .....	357
Case study: Ислам.....	357
Жалпыға ортақ Ислам: Мысыр және Иран .....	358
Секталық Ислам: ислам фундаментализмі.....	359
Жаңа діни қозғалыс сипатындағы Ислам: «Ислам ұлты»	359
АҚШ-тағы дін .....	360
АҚШ-тағы діни тенденциялар .....	360
Жаңа ғибадатханалардың қалыптасуы .....	360
«Дінсіздердің» көбеюі.....	362
Діндарлық тенденциялар .....	363
Діндарлықтың салдары .....	363
АҚШ-тағы азаматтық дін.....	364
Бұл бізге не береді? .....	364
Қорытынды .....	365
Сыни ойлау .....	366
♣	
Саясат және экономика .....	367
Саясат пен экономикаға кіріспе .....	368
Билік және саясат.....	368
Мәжбүрлеу .....	368
Бедел.....	368
Дәстүрлі бедел.....	369
Харизмалық бедел.....	369

<b>Рационалдық-құқықтық бедел .....</b>	<b>369</b>
<b>Өкімет .....</b>	<b>369</b>
<b>Саясат .....</b>	<b>370</b>
<b>Билік және мемлекет .....</b>	<b>370</b>
<b>Мемлекет .....</b>	<b>370</b>
<b>Мемлекеттік юрисдикция .....</b>	<b>372</b>
<b>Мемлекеттік мәжбүрлеу .....</b>	<b>372</b>
<b>Авторитарлық жүйе.....</b>	<b>372</b>
<b>Демократия.....</b>	<b>374</b>
<b>Case study: Араб көктемі.....</b>	<b>374</b>
<b>Жаһандану және мемлекеттік билік .....</b>	<b>375</b>
<b>Жаһандану және азаматтық.....</b>	<b>376</b>
<b>Кім басқарады? АҚШ-тың демократия үлгісі .....</b>	<b>376</b>
<b>Құрылымдық-функциялық теория:</b>	
<b>плюралистік үлгі .....</b>	<b>377</b>
<b>Конфликт теориясы: билік-элита үлгісі .....</b>	<b>377</b>
<b>АҚШ-тағы жеке адамдардың басқаруға</b>	
<b>қатысуы.....</b>	<b>378</b>
<b>Кім дауыс береді? .....</b>	<b>378</b>
<b>Әлеуметтік тап.....</b>	<b>378</b>
<b>Жас ерекшелігі .....</b>	<b>379</b>
<b>Нәсілі және ұлты.....</b>	<b>380</b>
<b>Қандай партия? .....</b>	<b>380</b>
<b>Сайлаушылар неге аз? .....</b>	<b>381</b>
<b>Case study: бұрын сотталған адамды сайлау</b>	
<b>құқығынан айыру .....</b>	<b>381</b>
<b>Жаңа экономикалық жүйелер.....</b>	<b>382</b>
<b>Капитализм .....</b>	<b>383</b>
<b>Социализм .....</b>	<b>383</b>
<b>Аралас экономика .....</b>	<b>384</b>
<b>Саяси экономика .....</b>	<b>385</b>
<b>Жекешелендіру және АҚШ-тың саяси экономикасы .....</b>	<b>386</b>
<b>АҚШ-тың экономикалық жүйесі .....</b>	<b>386</b>
<b>Постиндустриалдық экономика .....</b>	<b>386</b>
<b>Корпоративтік экономика .....</b>	<b>387</b>
<b>Wall-mart экономикасы .....</b>	<b>388</b>
<b>Дағдарыс кезіндегі экономика.....</b>	<b>389</b>

АҚШ-та жұмыс істеу.....	390
Кәсіп түрлері .....	390
Кәсіби мамандық .....	390
Кәсіпқой емес мамандар.....	391
«Көлеңкелі экономикада» жұмыспен қамтылғандар .....	391
Жұмыссыздық және жұмыспен толық қамтылмау .....	392
Жұмыстың болашағы.....	393
Тұрақсыз жұмыстардың көбеюі .....	393
Экономикадағы өзгерістер.....	394
Технологияның әсері.....	394
Жаһандану және болашақ .....	396
АҚШ-та жұмыс орнын қорғау .....	396
Бұл бізге не береді? .....	397
Қорытынды .....	398
Сыни ойлау .....	399

<b>Халық саны және урбанизация .....</b>	<b>400</b>
Аз және көп халық .....	401
Халық санының өсуін түсіну .....	401
Бұрынғы кезеңдегі халық саны.....	402
Батыстағы демографиялық өзгерістер .....	402
Өлім-жітімнің азаюы.....	403
Фертильділік коэффициентінің төмендеуі.....	404
Батыстан өзге аймақтағы демографиялық өзгерістер .....	404
Халық және әлеуметтік құрылым: екі мысал .....	404
Гана: бала туу көрсеткіші тым жоғары ма? .....	405
Әлеуметтік рөлдердің бала туу көрсеткішіне ықпалы .....	405
Туудың жоғары көрсеткіштерінің қоғамға әсері.....	406
Саяси жауаптар .....	407
Италия: туу көрсеткіші тым төмен бе?.....	407
Әлеуметтік рөлдердің туу көрсеткішіне әсері.....	408
Туудың төменгі көрсеткіштерінің қоғамға әсері.....	408
Саяси жауаптар .....	409
Халық және әлеуметтік мәселелер: екі мысал .....	409

<b>Экологиялық апат: халық санына әсері бар ма?</b> .....	410
<b>Дамуы төмен елдердегі кедейлік</b> .....	411
<b>Саяси жауаптар</b> .....	411
<b>АҚШ-тағы халық саны</b> .....	412
<b>Туу көрсеткіштері</b> .....	413
<b>Өлім көрсеткіштері</b> .....	413
<b>Миграция үлгілері</b> .....	413
<b>Иммиграция</b> .....	413
<b>Ішкі миграция</b> .....	415
<b>Урбанизация</b> .....	418
<b>Қала халқының өсуі мен азаюы туралы теориялар</b> .....	418
<b>Құрылымдық-функциялық теория: қала экологиясы</b> .....	419
<b>Конфликтологиялық көзқарас: ақ нәсілділердің үдере көшуі және үкіметтің субсидиясы</b> .....	419
<b>Заманауи қалалардың болмысы</b> .....	420
<b>Индустриалдық қала</b> .....	421
<b>Постиндустриалдық қалалар</b> .....	421
<b>АҚШ-тағы урбанизация</b> .....	422
<b>Дамуы төмен елдердегі урбанизация</b> .....	422
<b>Тұрғылықты жер және әлеуметтік байланыстар</b> .....	424
<b>Қаладағы өмір</b> .....	424
<b>Теориялық көзқарастар</b> .....	424
<b>Күнделікті қала өмірі</b> .....	425
<b>Қала сыртындағы өмір</b> .....	427
<b>Қала сыртындағы өсім</b> .....	427
<b>Қала маңы аудандарының мәселелері</b> .....	427
<b>Шағын қаладағы және ауылдағы өмір</b> .....	428
<b>Бұл бізге не береді?</b> .....	430
<b>Қорытынды</b> .....	430
<b>Сыни ойлау</b> .....	431
<b>Әлеуметтік өзгерістер</b> .....	432
<b>Қоғам қалай өзгереді?</b> .....	433
<b>Ұжымдық мінез-құлық</b> .....	433



<b>Әлеуметтік қозғалыстар .....</b>	<b>434</b>
<b>Әлеуметтік қозғалыстарға теориялық көзқарастар .....</b>	<b>435</b>
<b>Құрылымдық-функциялық теория:</b>	
салыстырмалы депривация .....	436
Конфликт теориясы: ресурстарды жұмылдыру .....	437
Символдық интеракционизм теориясы: саяси процесс .....	438
<b>Қозғалыстар неге сәтті немесе сәтсіз аяқталады? .....</b>	<b>439</b>
<b>Әртүрлі ұйымдар және әдістер .....</b>	<b>439</b>
<b>Ресурстарды жұмылдыру .....</b>	<b>440</b>
<b>Қалыпты теңестіру .....</b>	<b>440</b>
<b>Кері қозғалыстар .....</b>	<b>441</b>
<b>Case study: экологиялық қозғалыс қалай жұмыс істейді? .....</b>	<b>442</b>
<b>Экологиялық саясат үшін күрес .....</b>	<b>442</b>
<b>Экологиялық қозғалыстың болашағы .....</b>	<b>443</b>
<b>Технология .....</b>	<b>444</b>
<b>Технология және әлеуметтік өзгерістерге теориялық көзқарастар .....</b>	<b>445</b>
<b>Құрылымдық-функциялық теория: технология және эволюциялық әлеуметтік өзгерістер .....</b>	<b>445</b>
<b>Конфликт теориясы: технология, билік және әлеуметтік өзгеріс .....</b>	<b>445</b>
<b>Жаңа технологияның артықшылықтары мен кемшіліктері .....</b>	<b>446</b>
<b>Жаңа репродуктивті технологиялар .....</b>	<b>446</b>
<b>Ақпараттық технологиялар .....</b>	<b>448</b>
<b>Технологиялық императив .....</b>	<b>450</b>
<b>Ықтимал апаттар .....</b>	<b>451</b>
<b>Бұл бізге не береді? .....</b>	<b>452</b>
<b>Қорытынды .....</b>	<b>453</b>
<b>Сыни ойлау .....</b>	<b>454</b>
<b>ГЛОССАРИЙ .....</b>	<b>455</b>

## Кіріспе

Басқа әлеуметтанушылар сияқты, бұл оқулықтың авторлары да әлеуметтанудың қуат-күшін қай кезде сезінгендерін нақты біледі. Мәселен, Роуз Уейтс магистратурада оқып жүргенде «Зерттеу әдістері» пәнін оқытатын профессордың үнемі қол көтерген қызға емес, жігітке сөз беретінін байқайды. Бұған дейін ол тек жақсы дайындалып келгендер, алдыңғы қатарда отыратындар, оқытушыны өзіне қарата алатындар семинардағы пікірталасқа белсене қатысады деп ойлайтын. Кейіннен барып ол профессордың қыздарды елемеуі қоғамның әйел затына деген көзқарасын білдіретінін аңдады. Соның арқасында, Роуз қоғамдағы қыздар мен әйелдерге қатысты стереотиптік пікірлерді, оларды кемсітетін мінез-құлық пен ұстанымдарға жол ашатын билік құрылымын, сол мінез-құлық пен ұстанымдардың салдарын, әйелдерге қарсы деструктивті әрекеттердің алдын алудың жолдарын зерттей бастады.

Осы мысалдан байқағанымыздай, әлеуметтану – адамдардың әрекеттерін, оларды сол әрекеттерді жасауға итермелеп тұрған жалпы қоғамдық контексті түсінуге мүмкіндік беретін құралдарды ұсынады. Әлеуметтану жеке өмірімізде, елде және қоғамда кездесетін шағын әрі ауқымды мәселелердің барлығын қарастырады. Шағын көлемде ол қарапайым адамдардың тұрмыс-тіршілігін – отбасылы болу (кейде ажырасу), жұмысқа тұру, бала өсіру, көңіл көтеру сияқты жайттарды қарастыруы мүмкін. Ал кең ауқымда әлеуметтану үйсіздік, денсаулық сақтау реформасы, қоршаған ортаның азуы, кедейлік және соғыс сияқты маңызды ұлттық және халықаралық проблемалардың түйінін іздейді. Бұл оқулық студенттердің әлеуметтану тұрғысынан ойлау қабілетін арттырып, осы сияқты проблемаларды жете түсініп, оларды шешуге құлшынысын арттыруды көздейді.

## Басты ұстанымдар

Бұл кітап екі түрлі ұстаным жүйесінің аясында жазылған. Біріншіден: біз нақтылық, тепе-теңдік, сыни ойлау, түсініктілік және жаңа зерттеулерді пайдалану сияқты ұстанымдарды негізге алдық. Екіншіден: нәсіл, тап және гендер; ғаламдық проблемалар және Америка жастарының күнделікті тұрмыс-тіршілігі сияқты басты тақырыптарға көбірек көңіл бөлдік.

**Нақтылық.** «Әлеуметтану негіздері» шағын, ықшам оқулықпен оқытуды қалайтын профессорлардың талабын қанағаттандыруға арналған. Біздің мақсатымыз – семестрлік жүйемен сабақ беретіндер үшін кітапты шағын етіп, онда студенттердің әлеуметтануға қызығушылығын оята алатындай мазмұнды мәтіндерді топтастыру. Егер студенттер белгілі бір тақырыптың тереңіне сүңгігісі келсе, онда оны басқа қосымша әдебиеттерден оқи алады.

**Теңгерім.** Бұл оқулықтың басты мақсаты – әлеуметтанудың басты үш бағытына жан-жақты, объективті көзқарастарды ұсыну. Бұл бағыттардың әрқайсысы I тарауда сипатталған. Келесі бөлімдерде әр бағыт туралы нақтырақ айтылады. Бұл бағыттардың әрқайсысына қатысты

көзқарасы әртүрлі болса да, оқытушылар бұл оқулықты еркін пайдалана алады.

**Сыни ойлау.** Профессорлар мен студенттер оқулықтың өн бойынан сыни ойлауға, интеллектуалдық пікірталасқа жетелейтін түрлі материалдарды таба алады.

**Түсініктілік.** Кітаптың бұрынғы басылымдары сияқты, бұл нұсқаны да студенттердің оқуына жеңіл, қызықты етіп жазуға тырыстық. Оның үстіне бұл оқулықта біз визуалдық материалдарға көбірек ден қоятын студенттерге арнап – көрнекі суреттер, карталар мен сызбаларды молынан пайдаландық.

**Жаңа зерттеулер.** Бұл кітапта саладағы ең соңғы зерттеулерге, сонымен бірге атеизмнің белең алуы, экономикалық дағдарыс сияқты «күйіп тұрған» тақырыптарға көбірек көңіл бөлуге күш салдық. Студенттерге жаңа нәтижелерді ұсынып, соңғы мәліметтерді беру үшін басты журналдарға, салалық басылымдарға баса ден қойдық.

**Нәсіл, тап және гендер проблемаларына ерекше назар аудару.** «Әлеуметтану негіздері» оқулығы нәсіл, тап және гендер проблемаларына баса мән береді. Бұл тақырыптардың әрқайсысына бөлек тарау арнадық, әрі бұл жайттар «Америкадағы әралуандық секцияларында, басқа да бөлімдерде кеңінен талқыланады.

**Ғаламдық проблемалар.** «Әлеуметтану негіздерінің» бұл басылымында да басты ғаламдық проблемаларға кеңінен орын берілді. Мұны әсіресе «Ғаламдық проблемаларға көзқарас» деген таблицалардан, ғаламдық стратификация, әлемдегі денсаулық сақтаудың жайы туралы бөлімдердегі әлемдік діндер, ана өлімі проблемалары жөніндегі карталардан, әр бөлімдегі тақырыптық зерттеулерден және таблицалардан байқауға болады.

**Студенттердің күнделікті өмірі.** Бұл кітаптың негізгі мақсаты – студенттерді әлеуметтанудың тұжырымдамалары мен бағыттарына қызықтыра білу. Бұл үшін біз қазіргі жастардың күнделікті өмірінен мысалдарды көп келтірдік.



## 1-ТАРАУ

# Қоғам туралы ілім

### Тарау тағылымы

#### Осы тарауды оқығаннан кейін студенттер:

- әлеуметтану, қоғам және әлеуметтік қиял терминдерін түсінетін болады және қолдана алады;
- әлеуметтанудың негізін салушыларды және олардың ғылымға қосқан басты-басты үлестерін білетін болады;
- әлеуметтанудағы үш негізгі көзқарасты сипаттап бере алады;
- зерттеу процесіндегі негізгі бес қадамды және олардың өзара байланысын түсінетін болады;
- әлеуметтануда қолданылатын негізгі зерттеу әдістерін және олардың күшті және әлсіз жақтарын анықтай алады.

## Әлеуметтану дегеніміз не?

Әлеуметтік өмір туралы білгіміз келгенде ең алдымен, көпшілігімізді қызықтыратыны жеке тұлғалар туралы мына сияқты сауалдардың жауабы: «Тереза неге өзін сыйламайтын ер адамдармен араласа береді?», «Майк неге ауруға шалдыққанға дейін ішуді тоқтатпайды?», «Spice Girls тобы кейбіреулерге неге ұнайды?». Көп жылдан бері білетін адамдарымыз үйленгенде немесе жұмыс орындарын өзгерткенде айтарлықтай өзгертініне таңғаламыз.

Егер Тереза әлемдегі жар таңдай алмайтын жалғыз әйел болса, ал Майк ішкілікке салынған жалғыз еркек болса, онда олардың мінез-құлқын жеке басының ерекшелігіне қарап түсінуге тырысар едік. Алайда өзгелермен қарым-қатынасы сәтсіз болып, маскүнемдікке ұшырап жататындар жиі кездеседі. Біз, сондай-ақ ерлермен салыстырғанда әйелдердің қарым-қатынасты сақтау үшін өз мүдделерінен көбірек бас тартатынын, ал еркектер басына қиын іс түссе араққа салынатынын да білеміз. Тереза мен Майкты түсіну үшін олардың жағдайын кеңінен қарастыру қажет, яғни кейбір топтарды басқалардан өзгеше әрекет жасауға итермелейтін себептерді зерттеуіміз керек.

Тіпті одан да кеңірек ауқымда қоғамның адамдарға қалай әсер ететінін зерттеу керек болады. Қоғам – қауымдастық пен ұлтты немесе географиялық аумақты, экономикалық, мәдени және саяси байланыстарды және жеке мінез-құлық пен өзара әрекеттесуге қатысты сенімдерді тоғыстыратын, ұзақ уақыт өмір сүретін үлкен топтастық. Әлеуметтану – әлеуметтік топтарды, әлеуметтік өзара әрекеттесуді және қоғамды жүйелі түрде зерттейтін ғылым. Ғылымның бұл саласы Терезаның, Майктың, басқалардың да басына түсуі ықтимал өмірдегі жағдайларға баса назар аударады.

## Әлеуметтік қиял

Әлеуметтанудағы ең негізгі ұғымдардың бірі – әлеуметтік құрылым. Әлеуметтік құрылым – белгілі бір қоғамды құрайтын топтық қарым-қатынастардың қайталанып келіп отыратын үлгілері. Ол тек мінез-құлық сияқты жекелеген проблемаларды ғана емес, білім алуды, неке құруды қалай ұйымдастыру керектігі сияқты кеңірек контекстігі проблемаларды да қамтиды.

Әлеуметтік қиял деп жеке адамның проблемасын түсінуді, кең әлеуметтік құрылымдарды, аз дегенде ішінара (Миллс 1959,15) түсінуді көрсететін қабілетті айтамыз. Ч. Райт Миллстің пікірінше, әлеуметтік қиял дегеніміз – жеке бастағы қиындықтарды (мысалы, кедейлік, ажырасу немесе сенімнің жоғалуы), аса маңызды қоғамдық проблема, жалпыға ортақ проблема деп түсіну. Миллстің айтуынша, көп нәрсені біз толықтай бақылай алмаймыз, көптеген құбылыстар қоғамның түзілуінен келіп шығады да бізден тыс жүзеге асып жатады. Мысалы, Миллс былай деп жазады:

100 мыңға жуық тұрғыны бар қалада тек бір адам ғана жұмыссыз болса, бұл – оның жеке басына қатысты жайт, солай бола тұра көмектесу үшін сол адамның мінез-құлқын, оның дағдыларын және мүмкіндіктерін қарастырамыз. Бірақ 50 миллион адамнан тұратын елде 15 миллион адам жұмыссыз болса, бұл – ортақ (қоғамдық) проблема, бірақ оны жеке тұлғаның мүмкіндіктері аясында шеше алмаймыз. Мүмкіндіктердің құрылымы бұл жерде іске аспайды. Проблема дұрыс қойылуы үшін және ықтимал шешімдер ауқымды болуы үшін тек жеке басқа қатысты жайттар мен жеке тұлғалардың жағдайын емес, қоғамның экономикалық және саяси институттарын қарастыру талап етіледі (1959, 9).

**Қоғам** – тұрақты қауымдастық, ұлт немесе бір аумақтағы, экономикалық, мәдени және саяси байланыстарды және әлеуметтік сенімдерді тоғыстыратын үлкен топтастық.

**Әлеуметтану** – адамзат қоғамын, әлеуметтік топтарды және әлеуметтік өзара әрекеттерді жүйелі түрде зерттейтін ғылым.


**Әлеуметтік құрылым** – белгілі бір қоғамды құрайтын топтық қарым-қатынастардың қайталанып отыратын үлгілері.

**Әлеуметтік қиял** – жеке адам мәселесін, негізгі әлеуметтік құрылымдарды, аз дегенде ішінара түсінуді көрсететін қабілет.



## 1.1-КАРТА. Әр штаттағы жұмыссыз ересек адамдардың үлес салмағы

ДЕРЕККӨЗ: АҚШ Еңбек статистикасы бюросы (2011а).



Күнделікті өмірде біз тарихтың, экономикалық ерекшеліктер мен әлеуметтік құрылымдардың өмірге тигізетін әсерін сирек байқаймыз. Егер бала нашақор болса ата-ана өздерін кінәлайды; мектепте нашар оқыса көпшілік оқушының өзін жазғырады. Әлеуметтік қиялды дамыту дегеніміз – осы сияқты мысалдардың қоғамдағы жағдайлардың салдары екенін және оны адамның өзі толық бақылай алмауы мүмкін екенін түсіну.

Мысалы, кейбір адамдардың мектепте нашар оқуы олардың ақылсыз немесе жалқау болғандығынан емес, отбасының қажетті қаржылық немесе психологиялық қолдау көрсете алмауынан. Кейбір оқушылардың іні-қарындастарына көмектесу үшін аптасына сабақтан тыс 30 сағаттай жұмыс істеуіне тура келеді. Енді біреулеріне жақсы оқу қиынға соғады, себебі олардың отбасылары колледждің нені талап ететінін немесе колледждің оқушыларына сабаққа дайындалу үшін тыныштық қажет екенін түсіне бермейді. Керісінше, кейбір студенттердің оқу үлгерімін жақсартуға бар мүмкіндік жасалған: ата-аналары оқу ақысын төлеп, күнделікті шығындарын өтеп, психологиялық қолдау көрсетіп отырады, тіпті ноутбук, iPad және жаңа автокөлік те әпереді. Кім колледжден шығып қалады, ал кім оқуды ойдағыдай бітіреді – бұл жағын ата-аналардың әлеуметтік жағдайы анықтауы мүмкін. Бұл проблеманы 12-тарауда талқылаймыз. Кең мағынада алғанда баланың табысқа жетуі немесе сәтсіздікке ұшырауы әлеуметтік факторларға байланысты.

Әлеуметтік қиял – әлеуметтанудың басты бағыты, ол – өз өміріміз бен басқа адамдардың өмірін әлеуметтік құрылымның бір бөлігі ретін-

## әлеуметтану және сіз

Қазіргі экономикалық ахуалға байланысты үйсіз қалған жандарды білетін шығарсыз. Мүмкін олар өздері ойлағаннан көбірек сомаға ипотека алып, оны төлей алмай қалған болар. Ал әлеуметтік қиял сізге олардың мәселесін кеңірек ауқымда қарауға мүмкіндік береді, мысалы, олар жұмыс орындары жабылып қалатын салада жұмыс істеуі мүмкін немесе ипотекалық несиені берген банк оларды шамадан тыс көп қарыз алуға мәжбүрлеген не пайыздық үстемені шамадан тыс арттырған болуы ықтимал.



Әлеуметтік қиял – жұмыссыздық деңгейінің жоғары болуы, адамның жеке бас ерекшеліктерімен салыстырғанда әлеуметтік жағдайларға көбірек байланысты екенін көрсете алады.

де көре білу қабілеті. Осы қиялды дамытқаннан кейін жеке мінез-құлық адамның жеке тұлғасына ғана байланысты емес екенін түсінеміз. Оның орнына біз әлеуметтік құрылымдардың адам мінез-құлқына қалай әсер ететінін қарастырамыз. Сол сияқты, әлеуметтік проблемаларды шешу үшін жеке тұлғаларды ғана емес, әлеуметтік құрылымдарды да өзгерту керек екенін түсінеміз. Кедейлік, ажырасу және нәсілшілдік жеке адамдардың басындағы ауыртпалық болғанымен, бұл проблемаларды жеке адамдарға көмектесу арқылы жоюға немесе шешуге болмайды. Әлеуметтік қиял – адам өмірінде кездесетін қиындықтарға басқаша қараудың және шешудің жаңа тәсілін ұсынады.

Әлеуметтік қиял «адамда таңдаудың ешқандай мүмкіндігі жоқ», немесе «олардың ешқандай жауапкершілігі жоқ» дегенді білдірмейді. Тіпті құлдар да сылбыр жұмыс істеп, қожайынын сыртынан мазақтайды немесе өзіне-өзі қол жұмсай алады. Бұл да – таңдау. Дегенмен әлеуметтік қиял әлеуметтік күштердің әсерін адамның жеке таңдауымен бірге қарастырудың маңызын көрсетеді.

## Әлеуметтану – қоғам туралы ғылым

Әлеуметтану адамдар мен топтардың өзара әрекетке түсуін, сондай-ақ өзара әрекетке түсуді түзетін мінез-құлық ережелерін зерттейді. Бұл орайда, өзара әрекетке түсу үлгілеріне баса назар аударылады – бұл үлгілер қалай дамиды, оларды қалай қолдануға болады және қалай өзгереді деген сұрақтар қарастырылады.

Әлеуметтану қоғамдық ғылымдардың бірі ретінде саясаттану, экономика, психология және антропология сияқты ғылымдармен тығыз байланысты. Осы салалардың бәрі адамның әлеуметтік мінез-құлқын және белгілі бір дәрежеде қоғамды зерттейді. Бұдан басқа, бұл салалар жаңа білімді қалыптастырудың ең жақсы тәсілі ретінде ғылыми әдіске назар аударады. Ғылымның бұл саласы дәлелдемелерді жүйелі түрде сараптауға негізделген эмпирикалық зерттеулерге сүйенеді, яғни қандай да бір тұжырым жасамай тұрып зерттеушілердің дәлелдерінің объективті түрде бағалануын күтеді. Қоғамдық ғылымдарды журналистикадан және адамды зерттейтін басқа салалардан ерекшелендіретін нақ осы эмпирикалық көзқарас.

Әлеуметтанудың басқа қоғамдық ғылымдардан өз ерекшелігі бар. Антропологтер, ең алдымен, адам (немесе адамдық емес) мәдениетіне ден қояды. Мәселен, антропологтар кей мәдениетте зорлық-зомбылықтың басқаларға қарағанда неге көп таралғанын және мектеп бітіру кештері, Марди Гра мерекесі және Киньсеаньера (*Quinceañeras*) сияқты мейрамдардың қандай мақсаттарда жасалатынын зерттейді. Психологтар адамның жеке мінез-құлқына және ойлау ерекшеліктеріне назар аударады, мысалы, «Неге кей адамдар күйгелек болып келеді?» немесе «Неге кей адамдар басқаларға қарағанда, әлденеге көбірек құмар болады?» деген сұрақтарға жауап іздейді. Саясаттанушылар саяси жүйе мен мінез-құлықты, мысалы, диктаторлықтың өсуі мен құлдырауы сияқты проблемаларды зерттесе, экономистер тауарлардың қалай өндіріліп, қалай таратылатынын және қызмет көрсету түрлерінің қалай пайда болып, қалай қолданылатынын зерттейді, мәселен, «Жұрттың көбі неге камерасы бар ұялы телефон алады?» деген сияқты сұрақтардың жауабын қарастырады. Әлеуметтанушылар мәдениетті, жеке мінез-құлық, саясат пен экономиканы зерттесе де осы және басқа проблемалардың әлеуметтік топтар мен әлеуметтік өзара әрекеттерге қалай әсер ететінін басты назарда ұстайды.

**Эмпирикалық зерттеулер – дәлелдемелерді жүйелі түрде сараптауға негізделген ғылым саласы.**

## Әлеуметтанудың пайда болуы

Әлеуметтану XVIII және XIX ғасырлардағы саяси, экономикалық және интеллектуалдық төңкерістер кезінде зерттеу саласы ретінде пайда болды. Дәстүр мен наным-сенімдерді рационализм мен ғылым алмастыра бастады. Бұл оңайға түскен жоқ. Мұндай текетірестің айқын көрінісі француз революциясы болды: 1789 жылы басталған қанды көтеріліс ескі әлеуметтік құрылымдарды жоюды мақсат етті.

Қантөгіс болмаса да индустриалдық революция одан да қатты әсер етті. Аз уақыт ішінде дәстүрлі ауыл қоғамы индустриалдық қала қоғамына айналды. Өзгерістердің жылдамдығы мен ауқымдылығы әлеуметтік күйзеліс тудырды, себебі бұрынғы өмір сүру жолдары мен әлеуметтік сенімдер біржола жойылып бара жатты. Осы тұста бұрынғы миллиондаған шаруа мен жұмысшы қарқынды дамып келе жатқан қалаларда өмір сүру үшін күресті.

Бұл дүрбелең XIX ғасырдағы интеллектуалдық еңбектердің дүниеге келуіне түрткі болып, мәселен, Чарльз Диккенстің романдары мен Карл Маркстың революциялық теорияларының өзегіне айналды. Сондай-ақ бұл жайт қоғамды эмпирикалық зерттеуге де ынталандырды. Ғылыми зерттеулер жаңа кәсіп түріне айналды, ал жұрт бұдан көп үміт күтті. Электр, телеграф және рентген ойлап табылғаннан кейін ғалымдар қылмысты, кедейлікті немесе соғысты қалай жоюға болатынын білмейді деп кім айта алады? Жұртшылық жылдам өзгеріп жатқан қоғамды түсінуге және басқаруға эмпирикалық зерттеулердің құралдары көмектеседі деп үміттенді.

## Әлеуметтанудың негізін салушылар: Конт, Спенсер, Маркс, Дюркгейм және Вебер

XIX ғасырда Еуропада болған төңкеріс әлеуметтанудың нақты ғылым ретінде дамуына себеп болды. Әлеуметтанудың негізін салушы деп саналатын бес ғалымның – Огюст Конт, Герберт Спенсер, Карл Маркс, Эмиль Дюркгейм және Макс Вебердің еңбектеріне тоқталайық.

### Огюст Конт (1798–1857)

Әлеуметтану тарихындағы алғашқы ірі тұлға француз философы Огюст Конт болды (Ритзер, 2003). Ол осы саланың негізін салушы болып саналады. 1839 жылы «әлеуметтану» терминін алғаш енгізген де осы ғалым.


Конт – әлеуметтік жағдайларға ғылыми әдістерді қолдануды ұсынған алғашқы зерттеушілердің бірі. Ол қалыптастырған позитивизм философиясы әлеуметтік әлемді табиғи әлем сияқты бірдей ғылыми дәлдікпен және сенімділікпен зерттеуге болатынын негіздеді. Оның пайымдауынша, ғалымдар әлеуметтік мінез-құлықтың заңдарын анықтағаннан кейін оны болжай алады және басқара алады. Алайда молекулярлық мінез-құлықты болжай алатынымыздай, адам мінез-құлқын дәл болжай алатынымызға сенетін ғалымдар аз екеніне қарамастан, ғылыми әдіс әлеуметтанудың негізгі ұғымы болып қала береді.

Конттың ғылымға қосқан тағы бір үлесі – қоғамды түсіну үшін әлеуметтік тәртіптің және әлеуметтік өзгерістің көздерін іздеу қажет екенін дәлелдеуі. Әлеуметтік құрылым (тәртіп) және әлеуметтік процесс (өзгерістер) ұғымдарының аясында бұл проблемалар әлеуметтік зерттеулердің басты бағыты болып қала береді.



Огюст Конт (1798–1857)





Герберт Спенсер (1820–1903)

## Герберт Спенсер (1820–1903)

Әлеуметтанудағы алғашқы ғалымдардың бірі – британдық философ-ғалым Герберт Спенсер болды.

Спенсер әлеуметтік және табиғи өмірдің дамуына эволюция себеп болды деп санайды. Ол қоғамды алып жаратылысқа ұқсатады: жүрек пен өкпе ағзаның өмірін қамтамасыз ету үшін бірігіп жұмыс істейтіні сияқты қоғамның бөліктері де қоғамды сақтау үшін бірге жұмыс істейді.

Бұл идеялар арқылы Спенсер әлеуметтік зерттеулерді бағыттауын екі негізгі қағиданы қалыптастырды. Біріншіден, ол «әр қоғам – қоршаған ортаға бейімделу» деп түсіну керек деген қорытындыға келді. Бұл бейімделу қағидаты бойынша қоғамды түсіну үшін өсу мен өзгерістер процесіне баса назар аудару керек. Бұл, сондай-ақ қоғамды ұйымдастырудың бір ғана жолы «дұрыс» болмайтынын білдіреді. Керісінше, түрлі жағдайларға байланысты қоғам да өзгеріп отыратынын байқатады.

Спенсердің әлеуметтануға қосқан екінші үлкен үлесі – оның ғылыми әдіске қатысты ұстанымы болды. Өз заманындағы көптеген ғалымдармен салыстырғанда Спенсер зерттеу барысында моральдық бейтараптық пен мұқияттықтың маңыздылығын дәлелдеді. Таптық жіктеліске, патриоттыққа және теологияға деген жалған көзқарастар туралы еңбектерінде ол әлеуметтанушыларға қоғамды зерттеген кезде өз пікірін және қалауын таңбауы керектігін ескертті.


## Карл Маркс (1818–1883)

Карл Маркс 1818 жылы Германияда дүниеге келген. Философ, экономист және қоғам қайраткері 23 жасында философия докторы дәрежесін алды. Радикалды көзқарастарына байланысты ол ешқашан профессор болмады және өмірінің көп бөлігін қуғында және жоқшылықта өткізді (Маклеллан, 2006).

Маркс XIX ғасырға тән кедейлік пен теңсіздікке қарсы шықты. Замандастарының көбінен айырмашылығы – ол кедейлікті табиғи құбылыс немесе Құдайдың жазғаны деп мойындамады. Оның орнына ол кедейлік пен теңсіздікті жекеменшікке бағытталған, бай адамдардың мүдделерін қорғайтын жүйенің адамдарға келтірген зияны ретінде қарастырды. Нәтижесінде, өзінің күш-жігерін сол жүйені түсінуге және жоюға арнады. Маркстың идеяларының басым бөлігі әлеуметтанушыларға қарағанда саясаттанушылар мен экономистерді көбірек қызықтырды. Бірақ оның идеялары экономикалық жүйе, әлеуметтік конфликт және әлеуметтік өзгеріс тәрізді құбылыстардың маңызына әлеуметтанушылардың назар аударуына зор ықпал етті.

Маркс кез келген адамзат қоғамының ең негізгі элементі – оның экономикалық жүйесі деген сенімде болды. Оның пайымдауынша, бұл жүйе барлық әлеуметтік және саяси құрылымдардың негізін құрайды. Мысалы, дәстүрлі ауылшаруашылық қоғамдарында әдетте қожайын басты экономикалық ресурс – жерге ие болады. Нәтижесінде, әйелінің күйеуіне қарсы шығуға құқығы жоқ, ал балалары әкесі жар таңдап, үйленуге рұқсат бермейінше шаңырақ көтере алмайды.

Маркс мұраға таласудың әулеттегі жанжалға негіз болатыны сияқты, бәсеке де қоғамның экономикалық топтары арасында конфликт тудырады деп санады. Сол замандағы ғалымдардың басым көпшілігі қоғам бірқалыпты әрекет етеді, ал әлеуметтік өзгеріс бола қалған жағдайда баяу және бейбіт түрде дамиды деп пайымдады. Маркс, керісінше, әлеуметтік өзгерістерді экономикалық мүдделері қарсы келген топтардың арасындағы конфликттің нәтижесі деп санады. Шын мәнінде, қоғам қайраткері және ғалым ретінде Маркс конфликтерді өршітуден және байларды әлсіретіп, жұмысшыларға



Карл Маркс (1818–1883)

лайықты өмір сүруге мүмкіндік беретін (коммунистік) революцияны жандандырудан үміттенді.

### Эмиль Дюркгейм (1858–1917)

Эмиль Дюркгеймнің өмірі Маркстың өміріне ұқсас болды. Алайда Маркс Англияда қуғынға ұшыраған кезде, Дюркгейм Францияның ең таңдаулы университеті – Сорбоннада профессор болып қызмет етті. Дюркгейм қоғамды жоққа шығармай, оны мойындады. Оның зерттеулері қоғамның тұрақтылығын сақтауға және тұрақты қоғамның жеке адамдардың бақытты болуына көмектесетінін түсіндіруге арналған. Маркстың мұрасы – әлеуметтік конфликтер мен әлеуметтік өзгерістерді көрсететін теория болса, Дюркгеймнің мұрасы әлеуметтік тұрақтылықты көрсететін теория болып саналады.

Дюркгеймнің басты ойларының бірі – «әлеуметтік тұрақтылық – әлеуметтік тәртіп пен еркіндіктің арасында лайықты теңгерім болуын қажет етеді» деді. «Суицид» деп аталатын зерттеуінде Дюркгейм қатаң тәртіп пен шексіз еркіндік адамдардың өзін-өзі өлтіруіне себепкер болатынын айтады. Жазмыштық (фаталдық) суицид қоғамда еркіндік аз және тәртіп қатал болған жағдайда орын алады: әлеуметтік институттар мінез-құлыққа шектеу қойған кезде адам өзін торға түскендей сезінеді ([1897] 1951, 276). Ал аномиялық суицид еркіндік тым көп, тәртіп тым аз болғанда өршіп кетеді: қоғамның ықпалы жеке адамның ынталылығын ескермейді ([1897] 1951, 258). Мысалы, қазіргі уақытта ата-анасынан, діннен, мектеп пен сыныптастарынан аулақтау жүретін жас америкалықтар арасында өз-өзіне қол жұмсау көрсеткіші жоғары, себебі олар аталмыш тараптардан қандай да бір бақылауды сезінбейді (Maimon & Kuhl, 2008).

Дюркгейм әлеуметтанушылар арасында да белгілі, себебі ол – әлеуметтік өмірдің қалай жұмыс істейтінін түсіну үшін статистиканы пайдаланудың маңыздылығын (мысалы, өзіне-өзі қол жұмсау статистикасын) айтқандардың бірі. Ол айғақтарға ғана сүйенетін бейтарап бақылаушы болуға тырысты. Әлеуметтану қалыптасқан ғылымға айналғандықтан, әлеуметтік ғылымның стандартты үлгісі ретінде объективті бақылаудың бұл идеясы Маркстың әлеуметтік белсенділігін алмастырды.



Эмиль Дюркгейм (1858–1917)



Маркстың айтуынша, кедейлер мен байлардың қарама-қарсы экономикалық мүдделері – міндетті түрде конфликтіге әкеледі, мәселен, азық-түлік бағасының өсуіне қарсы Египеттегі көтеріліс сияқты.



Макс Вебер (1864–1920)

## Макс Вебер (1864–1920)

Неміс экономисі, тарихшысы және философы Макс Вебер әлеуметтік зерттеулердің, оның ішінде дін, бюрократия және саясат сияқты ұғымдардың теориялық негізін қалыптастырды. Вебердің ғылымға қосқан негізгі үш үлесі бар: ол әлеуметтік іс-әрекеттердің субъективті мағыналарын ашты, экономикалық себептерден гөрі әлеуметтік себептерге, ал әлеуметтік проблемаларды зерттеуде объективтілікке сүйену қажеттігін алға тартты.

Вебер мінез-құлықтың үлгілерін білу оның мағынасын түсінуден маңызды емес деп санайды. Мысалы, Вебер өткен ғасырдан бері ажырасудың мағынасы қаншалықты өзгергенін түсіну де ажырасу санының қаншалықты өзгергенін түсіну сияқты маңызды деп есептейді. Вебердің адам әрекеттерінің субъективті мәнін зерттеген еңбектері діннен бастап иммиграцияға дейінгі алуан түрлі тақырыптағы көптеген ғылыми жұмыстарға негіз болды.

Вебер «экономист» мамандығын меңгерген, оның еңбектерінің көп бөлігі экономикалық және әлеуметтік проблемалардың өзара әрекеттесуіне қатысты болды. Ол Маркстың «барлық әлеуметтік қатынастарды экономикалық факторлар айқындайды» деген идеясын қабылдамады. «Протестанттық этика және капитализм рухы» ([1904–5] 1958) деп аталатын еңбегінде Вебер әлеуметтік және діни құндылықтардың экономикалық жүйелерге әсерін көрсетуге тырысты. Бұл дәлел 12-тарауда толығырақ түсіндіріледі, оның негізгі тұжырымы – алғашқы протестантизмнің діни құндылықтары (өзін-өзі тәртіпке келтіру, үнемдеу және жеке ерекшеліктер) қазіргі экономикалық жүйеге негіз болды.

Вебердің ықпалды идеяларының бірі – әлеуметтану белгілі бір құндылыққа тәуелді болмауы керек. Вебер әлеуметтану «қандай болуы керек екенін анықтауға емес, қазіргі мәнін анықтауға мүдделі болуы тиіс» деген пікір білдірді. Вебердің сөзі заманауи әлеуметтанушылар ұсынған стандартты ғылыми көзқарастың негізін қалыптастырды. Кедейлік пен нәсілдік теңсіздікті зерттеуге моральдық қорлауға ұшырау да түрткі болуы мүмкін, бірақ объективті фактілерді жан-жақты зерттеу үшін бұл сезімдерді шетке жиыстырып қойған дұрыс.


## Америка Құрама Штаттарындағы әлеуметтану

Еуропадағы әлеуметтанумен ғылыми негізі бір болғанымен, америкалық әлеуметтанудың кейбір ерекшеліктері бар. Ең бастысы, еуропалық әлеуметтанушылар қоғамның қалай жұмыс істейтіні туралы ауқымды, философиялық теорияларды қалыптастыруға баса назар аударса, америкалық әлеуметтанушылар жүйелі, эмпирикалық деректерді жинауға көп көңіл бөледі.

Соның нәтижесінде америкалық әлеуметтанушылар әлеуметтік проблемаларды анықтап, түсінуге және шешуге жиі мән береді.

## Уильям Эдуард Дьюба (1868–1963)

Америкалық әлеуметтанудың еуропалық әлеуметтанудан өзгеше дамуының себебі – әлеуметтік проблемалар әртүрлі болды. 1860–1920 жылдар аралығында құлдық пен азаматтық соғыстың және қарқынды иммиграцияның әсерінен Еуропамен салыстырғанда АҚШ-та нәсілшілдік пен этностық кемсітушілік маңызды проблемаға айналды. Бұл проблемаларды зерттеген алғашқы әлеуметтанушылардың бірі –



Уильям Эдуард Дьюба (1868–1963)

У.Э. Дюбуа болды. Ғалым 1895 жылы Гарвард университетінде докторлық дәрежесін қорғады. Ол афроамерикалықтар туралы эмпирикалық деректерді саралап, оны нәсілшілдікпен күресте қолдану мақсатына бүкіл саналы ғұмырын арнады.

### Джейн Аддамс (1860–1935)

Тағы бір әлеуметтанушы, Бейбітшілік саласындағы Нобель сыйлығының 1931 жылғы иегері Джейн Аддамс өз еңбегінде АҚШ әлеуметтануының ерте кезіндегі әлеуметтік проблемалар мен әлеуметтік реформаларға баса назар аударды. Аддамс Чикагоның кедей аудандарында әлеуметтік қызмет көрсету және қоғамдық белсенділік орталығы, Халл-хаустың негізін қалады. Әріптестерімен бірге ол әлеуметтік ғылыми деректерді еңбек қауіпсіздігін арттыруға, жасөспірімдерді заңмен қорғауды жетілдіруге, қоғамдық санитария мен кедейлерге қызмет көрсетуді жақсартуға арналған заңдарды қабылдау үшін пайдаланды (Linn & Scott, 2000).

Бүгінде көптеген америкалық әлеуметтанушылар нәсілдің, таппен жыныстың (жекелей әрі бәрін бірге алып) қоғам өміріне тигізетін әсерінің бәрін зерттеп жатыр. Кең мағынада қарасақ, АҚШ әлеуметтанушыларының еңбектерінің негізгі бағыты – әлеуметтік проблемаларды шешуге күш салу. Олар әлеуметтік өмірді жүйелі түрде зерттеп, зерттеу нәтижелерін басқа адамдардың да қолы жететіндей етудің арқасында әлемді жақсартудан үміттенеді. Сонымен қатар кейбір әлеуметтанушылар қоғамдағы проблемаларды шешу үшін әлеуметтік қозғалыстар мен ұйымдарда тікелей жұмыс істейді. Америкалық зерттеушілердің азғантай тобы (олардың саны өсіп келеді) The Daily Show және The Today Show бағдарламаларына қатысып, «Нью-Йорк Таймс» газетінде және Slate.com сайтында материал жариялап, тіпті сотта және Конгресте әлеуметтік проблемалардың сипаты және оларды шешу жолдары туралы баяндамалар жасап, өз зерттеулерін қоғамға және саясаткерлерге тікелей жеткізіп жүр.



Джейн Аддамс (1860–1935)

## Әлеуметтанудағы негізгі көзқарастар

Әлеуметтану тарихына жасалған қысқаша шолудан адамдардың өзара әлеуметтік әрекетке түсуін зерттеудің көптеген жолдары бар екенін байқадыңыздар. Маркс, Вебер, Дюркгейм және басқалардың идеялары адам мінез-құлқына қатысты бірқатар теорияларды өмірге әкелді. Бұл тарауда әлеуметтанудағы үш негізгі теориялық көзқарасты – құрылымдық-функциялық теория, конфликт теориясы және символдық интеракционизмді қарастырамыз. «Ұғымдардың қорытындысы: негізгі теориялық көзқарастар» осы үш теорияны сипаттайды.

### Құрылымдық-функциялық теория

Құрылымдық-функциялық теория (немесе құрылымдық функционализм), әлеуметтік ұйымның қалай жүзеге асырылатыны туралы проблеманы зерттейді. Бұл теориялық көзқарас жаратылыстану ғылымынан және қоғам мен ағза арасындағы ұқсастықтардан бастау алады. Биолог ғалым жасушалардың бөліктерін (құрылымдарын) және олардың қалай жұмыс істейтінін (функциясын) анықтаса, құрылымдық-функциялық теорияны қолданатын әлеуметтанушы да қоғамның құрылымдарын және олардың қызметін анықтауға тырысады.

**Құрылымдық-функциялық теория** – әлеуметтік ұйымдар (құрылым) мен оның қызметін (функциясын) зерттейді.

## Ұғымдардың қорытындысы

### Негізгі теориялық көзқарастар

	Құрылымдық- функциялық теория	Конфликт теориясы	Символдық интеракционизм
<b>Қоғам табиғаты</b>	Біріккен тұтастықты қалыптастыру үшін бір-бірімен үйлесетін құрылымдар	Бәсекелес мүдделер, олардың әрқайсысы өз мақсаттарына жетуге ұмтылады	Жеке тұлғалар мен топтардың өзара әрекетке түсуі
<b>Өзара әрекет негізі</b>	Консенсус және ортақ құндылықтар	Шектеу, күш және бәсеке	Ортақ символдық мәндер
<b>Негізгі сұрақтары</b>	Әлеуметтік құрылымдар дегеніміз не? Олар әлеуметтік тұрақтылыққа үлес қоса ма?	Кім ұтады? Бұл жеңіс қалай келеді?	Әлеуметтік құрылымдардың субъективті тәжірибеге қатысы қандай?
<b>Талдау деңгейі</b>	Әлеуметтік құрылым	Әлеуметтік құрылым	Тұлғалардың арасындағы өзара әрекет

### Құрылымдық-функциялық теорияның негізіндегі болжамдар

Барлық әлеуметтанушылар қоғамның қалай жұмыс істейтінін зерттеуге мүдделі. Алайда құрылымдық-функциялық көзқарасты жақтайтындар негізгі үш тұжырымды басшылыққа алады.

1. Тұрақтылық: кез келген әлеуметтік үлгіні бағалаудың басты критерийі – оның қоғамды сақтауға қосатын үлесі.
2. Үйлесімділік: ағзаның бөліктері секілді, қоғамның бөліктері де әдетте тұтастық үшін үйлесімді түрде жұмыс істейді.

Басқа әлеуметтік институттар секілді, мектеп бітіру кеші анық та айқын функцияларды (мысалы, топтағы ынтымақты нығайту) және кейде астыртын функцияларды атқарады (мысалы, кімнің мықты екенін көрсету).



3. Эволюция: өзгеріс, ең алдымен, эволюция арқылы жүзеге асырылады, бұл дегеніміз – әлеуметтік құрылымдардың жаңа қажеттіліктер мен талаптарға, негізінен, бейбіт түрде бейімделуі және қажетсіз, я ескірген құрылымдардың жойылуы.

### Құрылымдық-функциялық теорияны қолдану

Құрылымдық-функциялық теорияны қолданатын әлеуметтанушылар әлеуметтік құрылымдардың табиғатын және салдарын зерттеумен шұғылданады. Құрылымдық-функциялық теория ғалымдары әлеуметтік құрылымдардың жағымды (пайдалы) нәтижелерін функция ретінде, ал әлеуметтік құрылымдардың теріс (зиянды) салдарын дисфункция ретінде сипаттайды. Олар сондай-ақ айқын (танылған және жоспарланған) салдарлар мен астыртын (кейін дамиды және жоспарланбаған) салдарлар арасындағы айырмашылықтарды қарастырады. Маңызы зор болғандықтан құрылымдық-функциялық теория ұғымдарын басқа көзқарастағы әлеуметтанушылар да қолданады.

Мысалы, жоғары сынып оқушыларының сауық кешін алайық. Мектеп бітіру кештері мектеп рухын қалыптастыру және оқушылар арасында әлеуметтік байланыстарды нығайту сияқты бірнеше айқын функцияларды атқаруға арналған. Олар сондай-ақ кейде оқушылардың өзіне беймәлім астыртын функцияларды ашуына себепші болады. Мысалы, осы кешті ұйымдастыру барысында бірігіп жұмыс істеп, тіпті бір-біріне шағымданудың өзі мұғалімдермен тығыз қарым-қатынас орнатуға мүмкіндік береді. Бітіру кештері айқын және астыртын дисфункцияларды да атқарады. Көпшілік байқай алатын айқын дисфункцияның бірі – мектеп бітіру кештері оқушылар арасында экономикалық жіктерді көрсетіп беретіндігі. Мысалы, жаңа киім сатып ала алмайтын оқушылар ұялғаннан келмей қалуы мүмкін. Астыртын дисфункция – студенттердің кейбірі ұялудың орнына ашу-ызасы қозып, соның салдарынан вандализмге баруы ықтимал (1.1-кесте).

Бұл мысалға орай байқайтынымыз – қоғамды сақтауға үлес қосатын әлеуметтік құрылым кейбір топтарға басқалардан артық пайда әкелуі мүмкін. Үлгі функционалды бола алады яғни ол статус-квоны сақтауға көмектеседі, бірақ ол қалаулы немесе әділ болмайды. Алайда құрылымдық функцияшылдар, тұтастай алғанда, әлеуметтік құрылымдардың бірқалыпты жұмыс істейтін қоғамды құру үшін қызмет ететінін атап көрсетеді.

Құрылымдық-функциялық талдау әлеуметтік құрылымдардың жоспарланған және жоспарланбаған қарекетінің салдарын қарастырады. Сондай-ақ салдардың оң (функциялық) немесе теріс (дисфункциялы) екендігін бағалайды. Нәтижені оң деп бағалайтын моральдық өлшем жоқ; бұл нәтиже тек қоғамның тұрақтылығына ықпал етеді дегенді білдіреді.

#### 1.1-КЕСТЕ. Мектеп бітіру кештерінің құрылымдық-функциялық талдамасы

Анықтамасы	Айқын	Астыртын
Функция	Мектеп рухын қалыптастырады	Мұғалімдер арасындағы байланысты нығайтады
Дисфункция	Оқушылар арасындағы экономикалық жіктерді көрсетеді	Жағдайы төмен оқушыларды ызаландыруы мүмкін, соның салдарынан кейбірі вандализмге бет бұруы ықтимал

**Функция** – әлеуметтік тұрақтылықты арттыратын әлеуметтік құрылымдардың жетістіктері.

**Дисфункция** – әлеуметтік тұрақтылықты төмендететін әлеуметтік құрылымдар қарекеттерінің салдарлары.

**Айқын функциялар немесе дисфункциялар** – бұл жоспарланған немесе танылған әлеуметтік құрылымдар қарекеттерінің нәтижелері.

**Астыртын функциялар немесе дисфункциялар** – жоспарланбаған немесе кейін дамиды әлеуметтік құрылымдар қарекеттерінің салдарлары.



Конфликтологтер – әйелді сабау ерлердің үстемдік етуіне қаншалықты ықпал ететінін және әртүрлі әлеуметтік күштердің (мәселен, әйелдерге күйеуінің қалауына көнуді үйрететін діндер және әйел сабауды отбасындағы болмашы мәселе деп санайтын полицейлер) мұны қалай қалыпты жағдайға айналдырғанын зерттейді.

## Конфликт теориясы

Құрылымдық-функциялық теория әлемді ымыраға келу (консенсус) және тұрақтылық тұрғысынан қарастырса, конфликт теориясы оны қақтығыстар мен өзгерістер негізінде сипаттайды (Ритцер, 2003). Конфликтологтер қоғамды толық түсіну үшін ондағы бәсеке мен шиеленістерді, әсіресе біреулер жеңіп, екіншілері жеңіліске ұшырайтын процестерді сыни тұрғыдан зерттеу керек деп санайды. Демек конфликт теориясы қоғамдағы күйзеліс пен шиеленістерді, осыған орай, қоғамды әлеуметтік өзгерістерге бастайтын жолдарды қарастырады.

### Конфликт теориясының негізіндегі болжамдар

Конфликт теориясы Маркс идеяларынан туындайды. Қазіргі конфликт теориясы негізгі үш құрамдас бөліктен тұрады:

1. Бәсеке. Жеткіліксіз ресурстарға (ақша, бос уақыт, жыныстық қатынастағы әріптестер және т.б.) қол жеткізу жолындағы бәсеке барлық әлеуметтік қатынастың негізі болып саналады. Адамдар арасындағы қарым-қатынас табиғатына консенсустан гөрі бәсеке жақынырақ тұрады.
2. Құрылымдық теңсіздік. Әлеуметтік құрылымдардың барлығында билікті және сый-құрметті бөлісуде теңсіздік бар. Кез келген нақты құрылымның шапағатын көрген адамдар мен топтар осы теңсіздікті сақтап қалуға тырысады.
3. Әлеуметтік өзгеріс. Өзгеріс – бейімделудің емес, бәсекелес мүдделер арасындағы шиеленістің нәтижесі. Бұл эволюциялық емес, көбіне кенеттен немесе революциялық жолмен келеді, оның үстіне, зиянына қарағанда пайдасы көбірек болады.

### Конфликт теориясын пайдалану

Құрылымдық функцияшылдар секілді конфликтологтар да әлеуметтік құрылымдарды зерттейді. Алайда конфликт теориясының ғалымдары қазіргі әлеуметтік құрылымдардан қандай топтардың көп пайда көріп отырғанын және олардың бұл артықшылықтарын қалай сақтап отырғанына баса мән береді.

Мәселен, тұрмыстағы зорлық-зомбылықты зерттегенде әйелдердің еркектерге қарағанда әлдеқайда жиі және қатты зәбір көретінін айтамыз, бірақ бұл шындық «тұрмыстық зорлық-зомбылық» терминінің тасасында қалады. Конфликтологтар: «Бұл кімге пайдалы?» деген сұраққа «Әйелдерге қол жұмсау арқылы ерлер үйдегі үстемдігін сақтап қалады», – деп жауап береді. Мұнан соң теорияшылар: «Бұл жағдай неден болды?», «Осы қалпында қалай тұр?», – деген сауалға жауап іздейді. Сондай-ақ ғалымдар: «Неге кейбір діндер әйелдерді күйеулерінің қалауына бағынуға, тіпті қол көтергеніне де мойынсұнуға шақырады?», «Неге соңғы уақытқа дейін әйелді сабау қылмыс болып саналмай келді?», «Неге кейбір полицейлер әлі күнге дейін әйел сабауды онша маңызы жоқ отбасылық проблема деп санайды?», – деген сұрақтар төңірегінде ойланады.

### Символдық интеракционизм теориясы

Құрылымдық-функциялық теория да, конфликт теориясы да әлеуметтік құрылымдарды және олардың арасындағы байланыстарды зерт-

тейді. Алайда екі теорияның бұл байланыстар туралы айтар пайымдары әртүрлі.

Жеке тұлғалардың әлеуметтік құрылымдарға қатысын және оларға әсер ету ерекшеліктерін зерттейтін әлеуметтанушылар символдық интеракционизм теориясын пайдаланады. Символдық интеракция теориясы (немесе символдық интеракционизм) адам әрекеттерінің субъективті мәнін және осы мәнді қалыптастырып, дамытатын процестерді қарастырады (Страйкер, 2008). Бұл теория адамдардың өзара әрекетке түсуінің символдық (немесе субъективті) мағынасын зерттеудіңтен осылай аталады. Символдық интеракционизм теориясы – осы тарауда сипатталған дәстүрлі үш теорияның ішіндегі ең жаңасы.

## **Символдық интеракционизм теориясының тұжырымдары**

Символдық интеракционизм теориясы ғалымдарының пайымдауынша адамның мінез-құлқын зерттеуі мынадай үш негізгі нысандық тұжырымнан бастау алады (Харон, 2006):

1. Мән-мағына өте маңызды. Кез келген мінез-құлық пен қимылдың я сөздің бірнеше мағынасы болуы және олар әрқелкі нәрселерді сипаттауы мүмкін. Адамның мінез-құлқын түсіну үшін оның сол мінез-құлыққа я қимылға қалай қарайтынын зерттеуіміз керек.
2. Мән-мағына қарым-қатынастың арқасында дамиды. Қарым-қатынас өзгергенде мағына да өзгереді.
3. Мән-мағынаны адамдар өзара келісу арқылы жасайды. Біз басқа тараптан шыққан мән-мағынаны ойланбастан бірден қабылдамаймыз. Бір нәрсенің бізге және өзгелерге қатысты мән-мағынасын келісуге әрқайсысымыз үлкен үлес қосамыз.

## **Символдық интеракционизм теориясын қолдану**

Осы үш тұжырым символдық өзара әрекетті зерттейтін ғалымдардың өзара қарым-қатынастар мен әлеуметтік құрылымдардың адамдарды қалай қалыптастыратынын түсінуіне жағдай туғызады. Мысалы, әйелдерге қатысты зорлық-зомбылықты зерттеген интеракционистер хоккей ойнағанда басқаларды ұрғаны үшін мақтау естіген, өзін мазақтаған баланы әкесіне айтып сазайын бергізген, өзі де ағаларынан таяқ жеп өскен бала агрессияны еркекке тән табиғи қасиет деп қабылдайтынын айтады. Сондай-ақ символдық интеракционистер мұғалімдердің мектеп ауласындағы жұмысты ұлдарға тапсырып, сыныпта ұл баланың қызды мазақтауына жол беру арқылы қыздардың ұлдардан әлсіз екенін дәріптейтінін аңдамайтынын айқындады. Кейбір зерттеушілердің айтуынша, бұл әрекеттер кейін әйелдерге қарсы әлімжеттікке жол ашады.

Бұған қоса, символдық интеракционистер адамдардың қарым-қатынастарды қалайша белсенді түрде өзгертетінін және қалайша келісімге келетінін анықтайды. Бір отбасында тәрбиеленген екі бала неліктен бір-бірінен өзгеше болып шығады? Теорияшылардың айтуынша, мұның бір себебі – тіпті бір отбасында өскен балалардың өздері қарым-қатынастар мен оқиғаларды әртүрлі сезінеді және олардың мән-мағынасын әрқелкі қабылдайды.

Интеракционистер көбіне бала кезінен бастап қартайғанға дейінгі өмірінде қарым-қатынастар адамды қалай өзгертетініне назар аударады. Символдық интеракционизмнің ең ұтымды тұсы сол: ол – өмірімізге, өз-өзімізді түсінуге, тұлғааралық қарым-қатынас пен келіспеушіліктерді бағалауға үлкен әлеуметтік құрылымдардың қалай әсер ететінін зерттейді.

**Символдық интеракционизм теориясы** – ортақ мәндердің қалыптасып, дамуына ықпал ететін адами әрекеттер мен процестердің субъективті мән-мағыналарын зерттеумен айналысады.



## Ауыспалы объективтер

Символдық интеракционизм теориясы да, конфликт теориясы да, құрылымдық-функциялық теория да жеке-дара әрекет ете алмайды. Әрқайсысы қоғамдық өмірдің белгілі бір қырын айқындау үшін қолайлы. Мұны әйелдер арасындағы жезөкшелік туралы мына бір әлеуметтанулық зерттеуден байқаймыз.

### Құрылымдық-функциялық теория: жезөкшеліктің функциялары

Құрылымдық функцияшылдар жезөкшелікті талдағанда, көбінесе оның әлеуметтік құрылымын зерттейді әрі жеңгетай, жезөкше, тұтынушы арасындағы қарым-қатынастың үлгілерін анықтайды. Мұнан соң осы әлеуметтік құрылымның салдарын қарастырады. 1961 жылы жарық көрген әйгілі мақаласында Кэсли Дэвис жезөкшелік мынадай функцияларды атқаратынын айтты:

- некеге тұруға шамасы жетпейтін кедей я мүгедек жандарға төсек ләззатын сыйлайды;  
үйінен алыс жүрген кәсіпкерлердің, матростардың және басқалардың жыныстық мұқтажын өтейді;  
ерекше жыныстық талғамы бар адамдардың қажетін қанағаттандырады.

Жезөкшеліктің негізгі мақсаты мен функциясы да осы қызмет түрлерін ұсыну. Дэвистің айтуынша, бұл қызметтерді ұсыну арқылы жезөкшелік ерлі-зайыптылардың некелерін қорғап, астыртын функция атқарады, белгілі бір себептермен әйелдерінен қанағаттанбайтын ер адамдарға көмектеседі. Жезөкшелік – абыройлы қарым-қатынасты (соның ішінде, бала көтеру мен оны өсіруді) некенің аясында шектегенімен, адамның сыртта жыныстық тоят алуына мүмкіндік беретін қызмет түрі.

### Конфликт теориясы: ресурстар теңсіздігі және жезөкшелік

Конфликт теориясын қолдаушылар жезөкшелікті ресурстарға бірдей қол жеткізе алмаудың салдары ретінде қарастырады. Олардың пікірінше, әйелдер экономикалық мүмкіндіктерге бірдей шамада қол жеткізе алмайды. Кей қоғамдарда олардың заңды түрде меншікке ие болуына жол жоқ; енді бір елдерде жұмыс істеп, ақша табуда әйелдер көп қағажу көреді. Өздерін асырай алмайтындықтан, әйелдер еркектердің экономикалық қолдауына мұқтаж. Олар өздерінде бар ресурсты ұсыну арқылы ерлерден қолдау табады. Конфликт теориясы бойынша, бұл қызмет жезөкшелік арқылы жасала ма, әлде некеге тұру арқылы жасала ма – оның айырмашылығы аз. Себебі көзделген мақсат бірдей.

Конфликт теориясы әсіресе үйінен қашып кетіп, жезөкшелік жолға түскен балалар мен қыздардың әрекеттерін түсіндіру үшін пайдаланылады. Бұл жастардың тұрақты жұмыс орнын табуға мүмкіндігі жоқтың қасы, көбінің заңды жұмысқа тұруға жасы жетпейді, қанша тырысса да ең төменгі жалақыға да қол жеткізе алмайды. Сондықтан балғын дене – олар үшін ең бағалы ресурс.

### Символдық өзара әрекет теориясы: жезөкшелер өздеріне деген сенімін қалай жоғалтпайды?

Жезөкшелікті зерттеген интеракционистер мүлде басқа көзқарасты ұстанады. Олар жезөкшелердің тәнін сатуды қалай меңгергенін және

мұндай кәсіппен айналыса жүріп өздеріне деген сенімін қалай жоғалтып алмағандығын зерттейді. Әлеуметтанушы Вэнди Чапкис (1997) жезөкшелермен, «ересектерге арналған» фильмдерге түскен әртістермен, жалпы «жыныстық ләззат саудасындағы» 50 шақты адаммен сұхбат жүргізді. Сұхбаттасқан көп әйел өз кәсіптерін мақтан тұтатынын айтқан. Олар бұл кәсіптің кісі күтуші, психотерапевт сияқты қызмет көрсетіп, клиенттеріне қамқорлық жасайтын басқа кәсіптерден еш айырмашылығы жоқ деп санайды. Чапкисінің айтуынша, жезөкшелер сезім мен жұмыстың арасындағы арақашықтықты сақтауға қаншалықты қабілетті болса, олардың өзін-өзі бағалап, психикалық денсаулығына көңіл бөлуге де соншалықты мүмкіндігі болады. Сұхбатқа қатысқан әйелдердің бірі: «Бұл – оңай жұмыс емес, мұнда көп қиындық көрдім. Дегенмен бұл кәсіпті толық меңгергенімді түсінемін. Эмоциялық қашықтықты қалай ұстау керектігін жақсы білемін. Мәселен, өрт сөндіруші, ми хирургі немесе психиатр өте қиын жұмыспен айналысады әрі олар белгілі бір деңгейде сезімдерін тежей алады. Жұмысыңды атқару үшін солай жасауға тура келеді», – деп сырын айтқан (Чапкис, 79).

Бұл мысалдар көрсеткендей, көп проблема үш теория тұрғысынан да нәтижелі зерттелуі мүмкін. Әрбір әлеуметтанушы зерттеу жұмысына қандай теориялық көзқарас сәйкес келетінін өзі шешуі керек.

## Қоғамды зерттеу

Мәселен, әлеуметтанушылар зерттейтін нашақорлық, отбасы бақыты, жоқшылық сияқты проблемалар сізді де бұрыннан алаңдатып жүруі мүмкін. Неге біреулер отбасы бақытына кенелсе, екіншілері бақытсыз болып жатады? Неге кейбіреулер заң бұзады, ал басқалары заңға бағынады? Бұл сұрақтарға қатысты өзіндік пікіріңіз де қалыптасқан шығар. Әлеуметтану – адамның әлеуметтік мінезқұлқы туралы түсініктемелерді сыни тұрғыдан зерттейтін академиялық ғылым. Ол нақты болған жайттарды бақылап, межелеу арқылы қоғамдық орта туралы түсінігімізді жақсартуға бағытталған. Әлбетте, әлеуметтанулық зерттеулер – білім алудың бірден-бір құралы емес. Кейбір адамдар керекті нәрселерін Библиядан, Құраннан немесе «Мормон кітабынан» алады. Басқалары жауаптарын ата-аналарынан, теледидардан немесе интернеттен табады. Мұндай адамдардан: «Осының шындық екенін қалай білесіз?» – деп сұрасаңыз, «Анам айтты», «Дейли Шоу» бағдарламасынан көрдім» немесе «Уикипедиядан оқыдым», – деп оңай жауап қайырады.

Білім алудың бұл тәсілдерінен әлеуметтанудың ерекшелігі сонда, ол – эмпирикалық дәлелдерді қажет етеді әрі оны басқа бақылаушылар қарапайым сезім мүшелерінің көмегімен растауға міндетті. Біз оны көріп, естіп, иісін сезіне алуымыз керек әрі ол осы кітаптың келесі тарауында айтылатын объективті дәлелдің ғылыми критерийлеріне сай келуі тиіс. Ал күнделікті өмірде біз бейресми деректерге сүйенеміз, яғни жүйесіз, кездейсоқ дәлелдерге немесе өзіміз көрген немесе естіген оқиғаларға негізделген мәліметтерге сенеміз. Мысалы, әкеңіз – Пуэрто-Рико азаматы, ал анаңыз ағылшын делік, олар жиі ұрсысып қала беретін болса, сіз «ұлтаралық некелер сәтсіз болады»



Құрылымдық функцияшылдар – жезөкшеліктің ер адамдарға төсек рақатын сыйлау арқылы қоғамды қалай тұрақтандыра алатынын зерттейді. Конфликт теориясын қолданушылар – кедей, маргинал адамдардың жезөкшелік жолға түсуге мәжбүр болатынын, ал интеракционистер жезөкшелердің өз-өзін құрметтеуін қалай сақтай алатынын қарастырады.

**Бейресми дерек** – бұл кездейсоқ алынған және аз адамға немесе мардымсыз оқиғаларға негізделген дәлел.

деген қорытынды жасайсыз. Ал әлеуметтанушылар мұндай тұжырымға келмес бұрын лайықты ғылыми әдістерді пайдалана отырып, халықтың көп бөлігіне зерттеу жүргізеді, сөйтіп, жан-жақты дәлел іздейді. Бейресми деректер жаңа идеяларды сынау үшін және тұжырымдамаларды түсіндіру үшін өте пайдалы, бірақ әлеуметтік қорытынды шығару үшін жеткіліксіз.

Барлық зерттеудің екі негізгі мақсаты бар: біріншісі – нақты сипаттама, екіншісі – нақты түсіндірме. Әлеуметтануда біз, алдымен адамдардың өзара әрекетке түсуінің нақты сипаттамаларын анықтаймыз. Мәселен, «Қанша адам некеге тұрады және олар кімге үйленеді?», «Қандай адамдар балаларына қол көтеруге бейім?», «Кімдер мектептен шығып қалады?» деген сауалдарға жауап іздейміз. Бұдан соң сол заңдылықтарды түсіндіруге тырысамыз. Яғни «Адамдар неге үйленеді?», «Неге кейбіреулер балаларын ұрып-соғады?», «Неге балалар оқи алмай, мектептен шығып қалады?» деген сұрақтар қоямыз.

Зерттеушілер әдетте тапқан нәтижелерін басқалар ғылыми жаңалық ретінде қабылдауы үшін қалыпты амалдарды қолданады. Әлеуметтік зерттеулерде қолданылатын амалдар зерттеу әдістері, статистика және теорияны түзу туралы сабақтарда кеңінен қамтылады. Егер ғылыми зерттеудің нәтижелерін сауатты түрде пайдаланғыңыз келсе, онда әзірге сіз түсінуге тиіссіз деген бірер идеяны ғана таныстырамыз.

Біз жалпы зерттеу барысындағы бес қадамды және соларға сәйкес зерттеудің негізгі үш тұжырымдамасын – айнымалы шамаларды, операциялық анықтамаларды және сынама алуды талдаймыз. Бұл қадамдар «Ұғымдар қорытындысы: зерттеу процесі» бөлімінде қарастырылады.

## Ұғымдардың қорытындысы

### Зерттеу процесі



Қайыңдар

Жаңа

Айналаңыздағы әлемге және қолда бар зерттеулерге қарап, зерттейтін сұрағыңызды анықтаңыз.

Айнымалы шамаларды таңдап, анықтама беріңіз («операцияландыру»), сонан соң тиісті үлгіні таңдаңыз.

Тиісті әлеуметтанулық әдістермен дерек жинаңыз.

Тапқан деректерден ерекшелік іздеңіз.

Байқаған сипаттамаларды (теорияларды) тереңірек түсіндіріңіз.

Газеттер жыныстық ләззат тақырыбындағы ұятсыз хабарламалар жіберу (секстинг) төңірегіндегі дау-дамайлар туралы жиі жазып кетті, бірақ осы тақырыпқа байланысты ғылыми зерттеулер аз. Адамдар неге секстингпен айналысады? Бұл біздің жеке өміріміздің құпиясына қатысты көзқарасымызды қалай өзгертеді?

Алдымен «секстингтің» не екенін анықтап алу керек. Зерттеуді қай жастағы топқа қатысты жүргізген дұрыс екенін және мұның себебін анықтаңыз. Жеке өмірдің құпиясына қатысты көзқарастарды тәжірибе жүзінде қалай анықтауға болатынын шешіңіз.

Секстингті қолданатын және қолданбайтын адамдармен сұхбат жүргізіңіз.

Деректерді пайдаланып, қандай топтардың (ерлер әлде әйелдер; студенттер әлде студент еместер) секстингпен көбірек айналысатынын, олардың жеке өмірдің құпиялығына қатысты көзқарастары секстингтен кейін қалай өзгергенін (неге алып келгенін) анықтаңыз.

Бәлкім, жаңа технологиялар жастардың жеке өмірдің құпиялығына қатысты көзқарасын өзгерткен болар, ал секстингтің көбеюі осының салдары болуы ықтимал.

## Бірінші қадам: мәселенің қойылуы

Зерттеу барысындағы алғашқы қадам – зерттелетін проблеманы анықтау. Біз тақырыпты өз тәжірибеміз бен бақылауымызға байланысты таңдай аламыз. Мысалы, «афроамерикалықтар ақ нәсілді америкалықтарға қарағанда, жұмыссыздық пен кедейлікке көбірек ұшырайды» деген тұжырымды алайық. Немесе осы тұжырымды негізге ала отырып, «мектеп пен жұмыстағы кемсітушілік салдарынан ақ нәсілді америкалықтарға қарағанда, афроамерикалықтар арасында жұмыссыздық пен кедейлік деңгейі жоғары» деген болжамнан бастауымызға болады.

Қандай жағдайда да алдымен зерттегіміз келетін нәрсе жайлы көбірек білу үшін басқа ғалымдардың зерттеулерін шолудан бастау керек. Егер сол проблема бойынша жақсы зерттеулер жүргізілсе және кейбір проблемалар жөнінде теориялық түсіндірмелер жасалған болса, онда зерттеуден күтілетін нәтижені гипотеза түрінде сипаттауға болады. **Гипотеза** дегеніміз – теория дұрыс болған жағдайда шығатын қорытынды жайлы тұжырым. Гипотеза сынамалы болуы керек, яғни қандай да бір түсіндірменің дұрыс я бұрыстығын деректер арқылы анықтау жолдары болуы тиіс. Мысалы, «афроамерикалықтардан гөрі ақ нәсілділер жақсы жұмысқа лайық» деген пікірді сынап көру мүмкін емес, алайда «ақ нәсілділер жақсы жұмысқа афроамерикалықтарға қарағанда көбірек орналасады» деген болжамды сынап көруге болады.

## Екінші қадам: негіз әзірлеу

Дерек жинауды бастамас бұрын, алдымен, айнымалы шамаларды таңдап, шарттарды анықтап, қай адамдарды (немесе нысандарды) зерттейтінімізді нақтылауымыз керек.

### Айнымалы шамаларды түсіну

Проблеманың ауқымын зерттей алатындай етіп тарылту үшін ғалымдар адамдарға емес, айнымалы шамаларға зер салады. **Айнымалы шамалар** адамдар, жағдайлар я топтар арасында әркелкі болып келеді (Бабби, 2010). Егер афроамерикалықтар мен ақ нәсілділер арасындағы жұмыссыздық деңгейін талдағымыз келсе, нәсіл және жұмыссыздық деген екі айнымалы шама туралы ақпарат жинауымыз керек.

Бұл айнымалы екі шаманың себеп-салдарлық байланысына болжам жасаған кезде, себеп – **тәуелсіз айнымалы шама**, ал салдар – **тәуелді айнымалы шама** болады. Біздің мысалда: нәсіл – тәуелсіз айнымалы шама, ал жұмыссыздық – тәуелді айнымалы шама, яғни біз жұмыссыздықтың нәсілге тәуелді екенін болжаймыз.

### Айнымалы шамаларды анықтау

Ерекшелікті сипаттап, гипотезаны тексеру үшін әрбір айнымалы шама дәл анықталуы тиіс. Мысалы, нәсілдер арасындағы жұмыссыздық деңгейінің айырмашылықтарын сипаттамас бұрын адамның жұмыссыз екеніне көз жеткізіп алуымыз керек. Айнымалы мәнді қалай өлшеуге болатынын анықтау процесі **операцияландыру** деп аталады, ал айнымалы мәнді пайдалану үшін қолданылатын нақты анықтама оның **операциялық анықтамасы** болып табылады. Осы анықтамалар туралы ортақ бір тоқтамға келу қиын болуы мүмкін. Мысалы, АҚШ үкіметі белсенді түрде жұмыс іздеп, бірақ таба алмай жүрген адамдарды «жұмыссыз» деп атайды. Ал жұмыс іздеуден шаршап, оны

**Гипотеза** – теорияның дұрыстығына көз жеткізген кезде жасалатын қарым-қатынас туралы тұжырым.

**Айнымалы шамалар** – адамдар я топтар арасында әркелкі болып келетін, өлшеуге болатын сипаттар.

**Тәуелді айнымалы шама** – себеп-салдарлық қатынастың салдар тарабы. Тәуелсіз айнымалы шаманың әрекеттеріне тәуелді болады.

**Операцияландыру** – айнымалы шаманы өлшеудің әдістерін анықтау процесі.

**Операциялық анықтама** – айнымалы шаманы өлшеудің жолдарын сипаттайтын нақты іс-амал.

іздеуден бас тартқан адамдар бұл санатқа енбей қалады. Әлбетте, бұл анықтамаға жұмыс іздеуден бас тартқан адамдарды кіргізсек жұмыссыздықтың басқа да сипаттамаларын келтіруге тура келер еді.

## Сынамаларды таңдау

Әрбір ересек америкалықтың нәсілі және жұмысы туралы ақпарат жинау мүмкін емес, бұл өте ұзақ уақытты қажет етеді және тым қымбатқа соғады. Мұның қажеті де жоқ.

**Сынамаларды таңдау** – көпшілік арасынан белгілі бір кейстерді жүйелі түрде таңдау процесі. Осы процесс арқылы біз барлық ықтимал кейстерді зерттегеннен әлдеқайда аз шығынданып, эмпирикалық мәліметтер аламыз. Сынамаларды таңдау 1) зерттегіңіз келетін халықтың тізімін алу және 2) сол тізімнен өкілдерді немесе үлгілерді таңдау сияқты екі әрекеттен тұрады. Ең жақсы таңдау түрі – **кездейсоқ іріктеу**. Кездейсоқ іріктелген адамдар сол топтың әрбір мүшесінің таңдалуына тең мүмкіндік беретіндей кездейсоқ процедуралар (мәселен, жеребе тастау) бойынша екшеледі.

Халықтың тізімін алғаннан кейін кездейсоқ сынама таңдау опонай. Бірақ тізімнің өзін алу өте қиын, кейде тіпті мүмкін болмай қалады. Жалпы, сынама тек өзіміз жасаған тізімнің ішінен алынады. Егер телефон каталогіндегі адамдардың тізімін алсақ, сынамалар тек каталогке кірген отбасыларды сипаттау үшін ғана қолданылуы мүмкін. Ал тізімге енбеген нөмірлер, телефондары жоқтар, тек ұялы телефондарды пайдаланатындар және каталог шыққан уақыттан бері көшіп келген адамдар ескерілмей қалады. Ең жақсы сауалнама таңдаған аймақтағы немесе топтағы барлық отбасылардың, адамдардың немесе телефон нөмірлерінің тізімінен басталады.

## Үшінші қадам: мәлімет жинау

Әлеуметтанулық дерек жинаудың тәжірибе жүргізу, сауалнама жасау, топтарды әрекет барысында бақылау сияқты әдістері өте көп. Бұл – күрделі іс болғандықтан, мұны осы тараудың соңында егжей-тегжейлі қарастырамыз.

## Төртінші қадам: үлгісін табу

Зерттеу процесіндегі төртінші қадам – деректерден үлгілер іздеу. Егер жұмыссыздықты зерттеген болсақ, мәселен, афроамерикалықтар арасындағы жұмыссыздық ақ нәсілділерге қарағанда екі есе көп (АҚШ Еңбек статистикасы бюросы 2011b) екенін анықтаймыз. Бұл нәтиже – екі айнымалы шаманың арасындағы эмпирикалық қатынас (бұл жағдайда нәсіл мен жұмыссыздық) – **корреляция** (тығыз байланыс) деп аталады.

## Бесінші қадам: теория түзу

Үлгі табылғаннан кейін зерттеу процесінің келесі қадамы – оны түсіндіру болмақ. Екі айнымалы шаманың арасында корреляция табылса, бұл бір айнымалы шама екіншісіне әсер етті дегенді білдірмейді (бұл туралы келесі тарауда кеңінен талқылаймыз). Мысалы, нәсіл мен жұмыссыздықтың арасында байланыс бар десек те ақ нәсілділер арасында жұмыссыз қалғандар көп, ал афроамерикалықтардың ішінде жақсы қызметте жүргендер де баршылық. Дегенмен егер қара нәсіл өкілі болсаң жұмыс-

**Сынамаларды таңдау** – көпшілік арасынан белгілі бір кейстерді жүйелі түрде таңдау процесі.

**Кездейсоқ іріктеу** – сол топтың әрбір мүшесінің таңдалуына тең мүмкіндік беретіндей кездейсоқ процедуралар бойынша іріктеу.

**Корреляция** – екі айнымалы шаманың арасындағы эмпирикалық байланыс (мысалы, білімі артқан адамның табысы артады).

сыз қалу ықтималдығы жоғары екенін эмпирикалық дәлелдермен көрсетсек, онда келесі міндет – нәліктен солай болғанын түсіндіру. Түсіндірмелер көбінесе теорияға айналатын идеялардың жиынтығы болып табылады, яғни байқалған заңдылықтарды кеңірек мағынада түсіндіреді. Теориялар әдетте қолда бар деректердің ауқымынан кең болады және эмпирикалық дәлелдерді түсіндіретін болжамдарды да, сыналмаған болжамдарды да қамтиды.

Жұмыссыздық туралы мысалымызды алсақ: «Афроамерикалықтардың ақ нәсілділерге қарағанда көбірек жұмыссыз қалуының себебі – қазіргі ересек афроамерикалықтардың білім беруде нәсілдік кемсітушілік көп болған кезде өсіп-жетілген азаматтар екендігі» деген теория түзуіміз мүмкін. Бұл қарапайым түсіндірме қолда бар деректердің ауқымынан шығып кетіп, «білім беру нәсілге және жұмыссыздыққа байланысты» деген кейбір болжамдарға қосылуға мүмкіндік береді. Теория эмпирикалық жалпылауға негізделгенімен теорияның өзі эмпирикалық емес.


Басқа әртүрлі теориялар эмпирикалық жалпылаумен үйлесімді болуы мүмкін. Біз білім берудегі айырмашылықтар нәсіл мен жұмыссыздық арасындағы корреляцияны түсіндіреді деген тұжырым ұсындық. Басқалар корреляцияның пайда болуын кемсітушілікке байланысты деп түсіндіруі мүмкін. Корреляцияның шындыққа сай түсіндірмелері көп болғандықтан, зерттеу процесі теория түзумен аяқталмайды. Жаңа деректер жинау арқылы теорияны сынауды жалғастыруымыз керек.

Ғылыми процесті теориядан дерекке және кері қарай үнемі айналып тұратын дөңгелек ретінде қарастыруға болады. Мысалы, «білімі аз болғандықтан, ақ нәсілділермен салыстырғанда афроамерикалықтардың арасында жұмыссыздық деңгейі жоғары» деп теория түзе аламыз. Сонымен қатар «білім деңгейі шамалас афроамерикалықтар мен ақ нәсілділердің жұмыссыздық деңгейі де шамалас болады» деп болжаймыз және осы болжамды ғылыми зерттеулер арқылы сынап көреміз. Алайда әдетте екі топтың білім деңгейі бірдей болса да афроамерикалықтардың жұмыссыздық деңгейі жоғары болады. Бұл зерттеулер (деректер) ғалымдарға жаңа теориялар түзуге мүмкіндік береді, ал бұл жаңа гипотезалар мен жаңа зерттеулерге жол ашады. Деректерден теорияға көтерілу процесі **индукция** деп аталады және теориядан деректерге өту дедукция деп аталады. 1.1-сызбада осы екі процесс берілген.

**Теория** – байқалған үлгілерді анағұрлым кең ауқымда түсіндіретін идеялар жиынтығы.

**Индукция** – эмпирикалық түрде бақыланған заңдылықтарға қатысты теория түзу арқылы деректен теорияға көшу процесі.

**Дедукция** – теориядан алынған болжамдарды сынау арқылы теориядан дерекке көшу процесі.



1.1-СЫЗБА. Ғылым дөңгелегі. Ғылыми процесті үнемі айналып тұратын дөңгелек деп қарастыруға болады. Ол бізді үнемі теориядан дерекке және деректен теорияға жетелеп отырады.

## Зерттеу әдістері

Осы кітапта баяндалған теориялар мен зерттеулер түрлі зерттеу әдістерінен бастау алады. Бұл тарауда алкоголь тұтынуды мысал ретінде ала отырып ең көп таралған әдістерді қарастырамыз және олардың артықшылықтары мен кемшіліктерін талдаймыз (Зерттеу әдістері: «Ұғымдар қорытындысы: зерттеу әдістерін салыстыру» деген тақырыпшада қысқаша тұжырымдалған).

### Эксперимент

Эксперимент дегеніміз – себеп-салдар теорияларын сынау үшін тәуелсіз айнымалы шаманы зерттеуші басқарып отырып зерттейтін әдіс. Классикалық тәжірибеде зерттеуші эксперименталды топты бақылау тобымен салыстырады. Екі топтың арасындағы жалғыз айырмашылық сол – эксперименталды топ зерттеліп жатқан тәуелсіз айнымалы шаманың әсеріне ұшырайды. Егер топтар басқа жағынан бірдей болса, оларды салыстыру арқылы тәуелсіз айнымалының әсерін біле аламыз.

Мәселен, егер біз алкогольді ішімдік ішудің үлгерімге әсерін бағалағымыз келсе, алкоголь ішкен эксперименталды топты ішпеген бақылау тобымен салыстыруымыз қажет. Бәлкім, алдымен студенттерді кездейсоқ түрде екі топқа бөлу керек шығар. Алғашқы жиынтық ауқымды болса, екі топ барлық жағынан бірдей деп болжауға болады. Мысалы, екі топта да жақсы оқитындар мен жаман оқитындар, жалқаулар мен алғыр студенттер саны тең болуы мүмкін. Бұдан кейін бақылау тобынан бес апта бойы алкогольді ішімдік ішпеді сұраймыз, ал эксперименталды топқа күн сайын ішімдік ішуді тапсырамыз. Бес аптадан соң екі топтың бағаларын салыстырамыз. Әу баста топтардың үлгерімі бірдей болғандықтан, егер алкоголь ішпеген студенттердің бағасы жақсарса, онда «ішімдіктен бас тарту олардың үлгерімін жақсартуға мүмкіндік берді» деген қорытынды жасай аламыз.

Бұл мысал көрсеткеніндей, эксперимент – себеп пен салдар туралы гипотезаны сынаудың тамаша тәсілі. Алайда оның үш кемшілігі бар. Біріншіден, адамдарға зиянын тигізетін болса ондай экспериментті жүргізу адамгершілікке жатпайды. Мысалы, студенттерден күн сайын ішімдік ішуді талап етсек олардың үлгерімі нашарлауы мүмкін немесе сол эксперименттің кесірінен маскүнем болып кетуі ықтимал. Екіншіден, эксперимент жасаған кезде субъектілер көбіне басқаша әрекет етеді. Мәселен, әдетте алкогольді ішімдік ішу студенттің үлгерімін төмендетуі мүмкін болса да экспериментке қатысушылар зерттеушілердің өздері туралы дерек жинап жатқанын білетіндіктен жоғары баға алу үшін қосымша дайындалып жүруі мүмкін. Оның үстіне, эксперимент тым жасанды ортада өткізіледі. Сондықтан эксперимент нәтижесін бүкіл қоғамға тән құбылыс деп жалпыландыруға болмайды.

### Сауалнама

Сауалнама барысында зерттеуші салыстырмалы түрде көп адамға стандартталған сұрақтар қояды. Бұл сұрақтарды: бетпе-бет сұхбаттасу, телефон арқылы, онлайн режимінде немесе қағазға толтыру жолымен қоюға болады. Зерттеушілер көп адамға бірдей сұрақ қойғандықтан мінез-құлықтың немесе үлгінің қаншалықты жиі кезде-

**Эксперимент** – себеп-салдар теорияларын сынау мақсатымен тәуелсіз айнымалы шамаларды басқару әдісі.

**Эксперименталды топ** – тәуелсіз айнымалы шаманы зерттеу мақсатында экспериментке тартылған топ. Осы топтың нәтижелері бақылау тобымен салыстырылады.

**Бақылау тобы** – тәуелсіз айнымалы шама қолданылмайтын, экспериментке тартылған топ.

**Сауалнама** – салыстырмалы түрде көп адамға стандартталған сұрақтарды қояды кездейтін әдіс.

## Ұғымдардың қорытындысы

### Зерттеу әдістерін салыстыру

Әдіс	Артықшылығы	Кемшіліктері
Эксперимент	Себеп пен салдарды зерттеу үшін өте ыңғайлы.	Топтың атынан толық өкіл бола алмайтын, шағын ғана адамдар тобына, жасанды ортада жүргізіледі. Эксперименттің көбі адами тұрғыдан дұрыс болмауы мүмкін.
Сауалнама	Өте әмбебап: кез келген сұраққа жауап алуға мүмкіндік береді әрі ауқымды, кездейсоқ таңдалған топтар арасында жүргізуге болады. Таралу жиілігін, трендтерді және дифференциалдарды тексеру үшін қолайлы.	Қоғамның қалауына қарай біржақты болып шығуы мүмкін. Әлеуметтік контекст, процесс немесе мән-мағынаға қарағанда, жеке адамдарды зерттеуге қолайлы.
Қатыса отырып бақылау	Мінез-құлық пен көзқарастарды мәндік тұрғыдан зерттейді. Адамдар айтқандарын емес, не істейтінін көрсетеді.	Үлкен топтың атынан өкілдік ете алмайтын шағын топтармен шектеледі. Жалғыз зерттеушінің түсіндіруіне негізделеді.
Контент-анализ	Арзан. Тарихи зерттеулер үшін пайдалы. Зерттеуші деректерге әсер ете алмайды.	Жазылған деректерді талдау үшін ғана пайдалы. Зерттеушілердің түсініктемесіне негізделеді, бірақ бірнеше зерттеуші қорытындыларын салыстыра алады.
Бар статистиканы пайдалану	Арзан. Тарихи зерттеулер үшін пайдалы. Зерттеуші деректерге әсер етпейді.	Қолжетімді деректермен ғана шектелген; зерттеу сұрақтары бойынша деректер жинау мүмкін емес.



Сауалнама – ішімдіктің студенттер үлгеріміне әсері сияқты, екі айнымалы шаманың өзара байланысын табудың тамаша тәсілі.




## Ұғымдардың қорытындысы

### Зерттеу әдістерін салыстыру

Егер студенттерді «MacBook ноутбугі бар» және «MacBook ноутбугі жоқ» деп екіге бөлетін болсақ, онда ноутбугі барлардың орташа бағасы жоғары екенін көреміз. Бірақ бұл «MacBook ноутбугінің болуы үлгерімнің жақсаруына әсер етеді» дегенді білдіре ме? Оң жақтағы кесте бұл сұраққа жауап береді. MacBook ноутбугі барлар жақсырақ оқитындай болып көрінеді, себебі ауқатты студенттердің көбінде MacBook болады. Демек, MacBook-тың болуы мен жақсы бағаның арасында жалған қатынас бар.

**Жалған қатынас:** MacBook ноутбугіне ие болу сабақты жақсы оқуға септігін тигізеді (өтірік).

**Шынайы қатынас:** жақсы оқуға MacBook ноутбугінің болуы емес, байлық себеп болады.



сетінін (**таралу жиілігі**), мінез-құлықтың немесе үлгінің уақыт өте қалай өзгергенін (**тенденция**) және топтар бойынша қалай түрленгенін (**дифференциал**) анықтай алады. Мәселен, алкогольді ішімдік ішу туралы сауалнама мынадай қорытынды жасауға мүмкіндік береді: қазіргі кезде АҚШ-тың орталық-батысындағы студенттердің 80 пайызы спиртті ішімдік ішеді (таралуы); соңғы 10 жылда алкогольді пайдаланатындардың үлесі өзгермеген (тенденция); ерлерге қарағанда әйелдер арасында ішімдік ішетіндер көп (дифференциал). Сауалнама – әмбебап әдіс, ол көзқарастарды, мінез-құлықты және құндылықтарды зерттеу үшін қолданылуы мүмкін. Егер тақырып бойынша сұрақ қоюға мүмкіндік бар деп ойласаңыз, онда проблеманы сауалнама арқылы зерттей аласыз.

Сауалнаманы қолданатын ғалымдардың көбі зерттеу жұмыстарына **көлденең қима** кестесін қолданады: олар белгілі бір уақыттағы адамдардың сынама тобын алып (бұл «көлденең қима» деп те аталады), топтардың тәуелсіз және тәуелді айнымалы шамалары қалай ерекшеленетінін қарастырады. Сондықтан алкогольді қолданудың үлгерімге ықтимал әсерін зерттеу үшін студенттердің сынама тобын аламыз. Сосын оларды ішімдікті қаншалық жиі ішкеніне қарай топтарға бөлеміз. Содан кейін осы топтардың қайсысының жоғары баға алғанын салыстыра аламыз.

Мәселен, миннесоталық ғалымдар дәл осылай жасады (Бойнтон Денсаулық сақтау қызметі, 2008). Олар 24 мыңнан астам студентке сауалнама жүргізді. Сосын оларды қаншалықты жиі ішетініне байланысты бөлді. 1.2-сызбада осының нәтижесі көрсетілген: алкоголь-

**Таралу жиілігі** – көзқарас немесе мінез-құлықтың болу жиілігі.

**Тенденция** – бұл айнымалы шамалардың уақыт өте өзгеруі.

**Дифференциал** әлеуметтік топтарға құбылыстың (феноменнің) таралу жиілігінің әркелкілігі (өзгеруі).

**Көлденең қима** кестесі белгілі бір уақыт аралығында халықтың сынама тобын зерттейді.




## Деректерге ден қойсақ

**Деректерді зерделеу:** қыздарға қарағанда жігіттердің неліктен ішімдікке көбірек үйір келетінін әлеуметтанулық тұрғыдан түсініп көруге тырыстыңыз ба? Қыздар мен ұлдарға ішімдік жөнінде әртүрлі тәрбие беріле ме? Маскүнем болғандарға ше? Кім қандай тәрбие берді? Ішімдік ішудің, ішкілікке салынудың еркектер мен әйелдерге зияны әртүрлі ме? Бұл олардың ішу деңгейіне қалай әсер етуі мүмкін?

**Деректерді сынау:** бұл деректер ерлер мен әйелдердің ішімдік дағдыларына қатысты айырмашылықтарын асыра көрсетпей ме? Мүмкін, ерлер ішімдік ішуін асырып, ал әйелдер өз көрсеткіштерін азайтып айтатын шығар? Неліктен?

### Колледждің 18 бен 20 жас аралығындағы күндізгі бөлім студенттерінің соңғы 30 күндегі алкогольдік ішімдік ішуі

ДЕРЕККӨЗ: Нашақорлық пен денсаулық туралы ұлттық зерттеу комитеті (2008).



\*Бір отырыста бес не одан да көп стақан ішімдік ішу.

\*\*Бес не одан да көп күн ішінде бес не одан көп стақан ішімдік ішу.

ді пайдалану өскен сайын студенттің оқу үлгерімі тұрақты түрде (сәл болса да) төмендеген.

Бұл «студенттердің бағасының нашарлауына ішімдік ішкені себеп болды» дегенді айғақтай ма? Олай болмауы да мүмкін. Біріншіден, біздің бар білетініміз – студенттер қаншалықты жиі ішсе олардың бағасы соншалықты нашарлаған. Ішімдік ішу студенттің төмен баға алуына алып келді ме, әлде ол үлгерімі нашар болған соң іше бастады ма? Себеп қайсы, салдар қайсы – ол жағын ажырата алмаймыз. Мұны анықтау үшін **көпжылдық зерттеулерді** қолдануымыз қажет; яғни белгілі бір уақыт аралығындағы деректерді жинауымыз керек. Бір адамдар тобынан бірнеше рет сұхбат аламыз (әр ай сайын, болмаса әр бес жыл сайын) немесе сол халықтың ішінен кездейсоқ таңдалған топтарға араға апта, ай не жыл салып сауалнама жүргіземіз. Осы арқылы студенттердің оқу үлгерімінің ішімдік ішкенге дейін я ішкеннен кейін нашарлай бастағанын анықтай аламыз.

Екінші проблема – ішімдік пен үлгерім арасында қандай да бір себеп-салдарлық байланыстың бар екеніне сенімді бола алмаймыз. Ішімдік ішетіндер мен ішпейтіндер түрлі көрсеткіштер бойынша әу баста әркелкі болса керек. Жиі ішетіндер күйзелісте жүрген болуы мүмкін немесе олар білімге аса мән бермейтін жерде өскен болуы ықтимал. Олардың ішімдікке салынуына және төмен баға алуына осы айнымалы шамалардың бірі әсер еткен болуы кәдік. Бұл жағдайда ішімдік пен төмен баға арасындағы анық (бірақ өтірік) себеп-салдарлық байланыс **жалған қатынас** деп саналады. Бір айнымалы шама екіншісіне әсер етіп тұрғандай көрінгенімен (ішімдік пен нашар үлгерім) шын мәнісінде үшінші бір айнымалы шама алдыңғы екеуіне әсер етіп тұрғанын жалған қатынас деп атауға болады.

Жалған қатынастардың жетегінде кетіп шатаспас үшін басқа ықтимал айнымалы шамалардың әсерін тексеру керек, ол үшін үлкен ауқымдағы сынама тобын аламыз. Мысалы, ішімдік ішетін және ішпейтін студенттердің орташа үлгерім бағасын салыстырудың орнына (1) күйзелістен ішімдік ішетіндер, (2) күйзеліске ұшырамаса

**Көпжылдық зерттеу** – деректер ұзақ уақыт бойы жиналған зерттеулер.

**Жалған қатынас** – бір айнымалы шама екінші айнымалы шамаға әсер еткен сияқты көрінеді, алайда өзгерістің нақты себебі үшінші айнымалы шама болып шығады.

### 1.2-СЫЗБА. Колледждегі баға үлгерімі мен ішімдік ішу жиілігі

Бұл мәлімет ішімдікті жиі ішкен сайын студенттің бағасы нашарлағанын көрсетеді. Алайда бұл дерек студенттің төмен баға алуына ішімдік себепкер болды дегенді білдірмейді.

ДЕРЕККӨЗ: Бойнтон Денсаулық сақтау қызметі (2008).



да ішімдік ішетіндер, (3) күйзеліп жүрсе де ішпейтін адамдар және (4) күйзеліске ұшырамағандықтан ішпейтін адамдар деп шартты атау берілген төрт топтың үлгерімін салыстырамыз.

Бұл стратегияны әлеуметтанушы Роберт Кросне (2006) жасөспірімдер арасында алкогольді ішімдік ішуді зерттеу үшін қолданған. Ол өз зерттеуін АҚШ федералдық үкіметінің орта және жоғары мектебінің шамамен 12 мың оқушысынан жинаған көпжылдық деректеріне сүйеніп жасаған.

Деректер көп жыл бойы жиналғандықтан Кросне оқушылар үлгерімі төмендеуден бұрын ішімдік іше бастағанын айтады. Зерттеу өте ауқымды болғандықтан оқушыларды әртүрлі айнымалы шамаларға сәйкес бөліп, төмен баға оқушылардың алкоголь ішуіне әсер еткеніне, басқа факторлардың үлгерімнің төмендеуіне және ішімдікті көп ішуге ықпалы болмағанына көзін жеткізді.

Сауалнама көлемі жағынан ауқымды, уақыт жағынан көп кезеңді қамтитындығына қарамастан, бұл тәсілдің үлкен кемшілігі – сауалнамаға жауап берушілер шындықты бұрмалауы мүмкін. Жиі ішіп жүрген адамдар да, ішпейтіндер де басқалар жақтырмайды деп жасқанғандықтан өздері туралы өтірік айтуы ғажап емес. Әлеуметтанушылар мұндай бұрмалаушылықты әлеуметтің қажеттілігіне бейімделу деп атайды, мұнда адамдар шындықты өз қалауына қарай өзгертіп көрсетеді, оның себебі – олар жақсы, әдемі және өзгелердің көңілінен шығатындай болып көрінгісі келеді. «Деректерге ден қойсақ: 18 бен 20 жас аралығындағы күндізгі бөлім студенттерінің алкогольді ішімдік ішуі» атты бөлім осы тақырып бойынша ұлттық зерттеудің деректерін береді. Деректер кәметке толмағандардың ішімдік ішуі (соның ішінде салынып ішуі) кең таралған жағдай екенін айтады (дегенмен әлеуметтің қажеттілігіне бейімделу бұл деректерге әсер етуі мүмкін екенін де ескерген жөн).

Бұл мысалға қарасақ жасырын немесе әлеуметтік тұрғыдан қабылданбайтын мінез-құлықты зерттеу үшін сауалнама жақсы әдіс емес. Сондай-ақ бұл – сұрақ-жауап формасына сыймайтын идеялар мен сезімдерді зерттеу үшін де жақсы әдіс емес. Оның үстіне, сауалнама негізіндегі зерттеу адамды қалыпты жағдайдан тыс ортада саралайды. Егер біз адамдарды ішімдік ішуге мәжбүрлейтін жағдайларды және әлеуметтік контекстерді түсінгіміз келсе мұның орнына қатысу арқылы бақылау әдісін қолданғанымыз абзал.

## Қатыса отырып бақылау

Ғалымдардың «зерттеу алаңында» субъектілердің күнделікті өміріне қатысып, олардың тұрмыс-тіршілігін бақылауын, өмірі жайлы сұхбаттасу арқылы жүргізетін зерттеуін қатыса отырып бақылау әдісіне жатқызамыз. Бұл әдіс әсіресе өзара әрекетке түсудің заңдылықтарын ашу және олардың мәнін үйрену үшін пайдалы. Адамдардан не істейтінін немесе неге сенетінін сұрайтын ғалымдардан айырмашылығы – қатыса отырып бақылаушы ғалымдар адамдардың іс жүзінде не істеп жатқанын көруге тырысады. Қатыса отырып бақылау әдісін субъективті мәндерді, жеке қарым-қатынастарды және қоғамдық өмірді зерттейтін интеракционистер жиі қолданады.

Қатыса отырып бақылау әдісі – заңсыз есірткі егу сияқты қоғамда айыпталатын мінез-құлықтарды зерделеу үшін жалғыз тиімді әдіс. Қатыса отырып бақылау әдісінде зерттеудің негізгі үш тәсілі – сұхбаттасу, қатысу және байқау қолданылады. Зерттеуші іс-әрекет орнына барып, сонда адамдармен қалыпты жағдайда, бейресми түрде әңгімелесіп, олардың істеп жатқан іс-шараларына қатысып, бас-

**Әлеуметтің қажеттілігіне бейімделу** – шындыққа қарағанда неғұрлым лайықты және әлеуметтік тұрғыдан қолайлы болу үшін шындықты өзгерту үдерісі.

**Қатыса отырып бақылау әдісі** – қатысу, сұхбат алу және байқау арқылы «зерттеу алаңында» зерттеу жүргізу тәсілі.

қа қатысушылардың іс-әрекеттерін қадағалай алады. Ақыл-ой және тәжірибе критерийлеріне сүйене отырып, бұл әдістердің қайсысын таңдауды өзі шешеді. Мысалы, студенттер қалашығында алкогольді ішімдік ішетіндерді зерттейтін бақылаушыға әр түн сайын ішудің қажеті жоқ. Мұның орнына ол ішетіндермен де, ішпейтіндермен де ұзақ, бейресми сұхбат жүргізеді, студенттік кештер мен іс-шараларға қатысады және әртүрлі студенттік субмәдениеттерде спиртті ішімдіктің атқаратын рөлін анықтап, оларды түсінуге тырысады.

Қатыса отырып бақылау әдісі қалыпты әлеуметтік ережелерді бұзатын мінез-құлықты зерттеу үшін пайдалы. Мысалы, сауалнама кезінде студенттер ұйымының мүшесінен ес-түсінен айырылып мас болуы қаншалықты жиі кездесетінін сұрасаң шын жауап бермеуі мүмкін, тіпті есінде ештеңе қалмауы да ықтимал. Ал егер біз кампус-тағы студенттер ұйымдарының кештерін бақыласақ, студенттердің қаншалықты жиі мас болатынын өз көзімізбен көрер едік.

Көбіне қалыптан тыс топтар туралы ақпарат алудың жалғыз жолы – қатыса отырып бақылау әдісі болып шығады. Егер біз колледж студенттерінің ішімдік ішуін зерттегіміз келсе сауалнамаларды хат арқылы жіберіп, әйтеуір кейбіреулері жауап берер деп үміттенеміз. Ал үйсіз маскүнемдерден қалай сауалнама аламыз? Оларды тапсақ та жауап берер ме екен? Осы себепті жалаңаш бишілер, заңсыз есірткі тұтынушылар, америкалық көп әйел алушылар (полигамистер) тәрізді топтар туралы ақпарат алудың жалғыз жолы – қатыса отырып бақылау әдісі болып табылады.

Қатыса отырып бақылау әдісінің басты кемшілігі – әдетте бұл аз ғана адамға негізделеді және ол адамдар кездейсоқ таңдалмайды. Деректер жүйелі емес, үлгілерді бір топтардың өкілдерінен таңдауға мүмкіндік жоқ. Соған қарамастан, өзіміз бақылаған адамдар туралы көп нәрсе біле аламыз. Бұл ақпарат басқа техникалардың көмегімен жүйелі түрде зерттеуге болатын идеяларды қалыптастыруға көмектеседі. Осы себепті ғалымдар зерттеудің алғашқы қадамы ретінде бұл әдісті жиі пайдаланады.

Қатыса отырып бақылау әдісінің тағы бір кемшілігі – бақылау мен нәтижені жалпылау бір зерттеушінің түсіндіруіне негізделеді. Зерттеушілер робот емес, сондықтан олардың қорытындылары



Заңсыз есірткі қабылдау тәрізді қоғамға жат қылықтарды зерттеудің бірден-бір оңтайлы тәсілі – қатысушыларды бақылау.



## Назар аударыңыз



### Жатақханадағы өмір қалай зерттелді?

**А**мерикадағы сегрегацияланған (оқшауландырылған) жатақханаларда тұратын өте кедей афроамерикалықтардың тұрмыс-тіршілігі қандай? Әлеуметтанушы Судир Венкатеш докторантурада оқып жүрген кезінде бұл сұраққа стандартты сауалнама арқылы жауап аламын деп ойлады. «Сіз үшін қара нәсілді және кедей болу деген не?» деген сұрақ қойып, оған: өте нашар; біршама нашар; жаман емес; жақсы да, жаман да емес; жақсы немесе өте жақсы» деген жауап нұсқаларын ұсынды. Бірақ кейіннен мұндай сұрақтардың түкке қажеті жоқтығын түсінді: жатақхананың кейбір тұрғындары сұрақтарға қарап күлсе, енді бірі қысқа түсініксіз жауап берді. Ал кейбірі «полиция қызметкері болар» деп одан секем алды. Соңында Венкатеш тұрғындарды тыңдап, бақылау жатақтағы өмір туралы білудің жалғыз жолы екенін түсінді. Сөйтіп, ол шамамен он жылдай уақытын «Блэк Кингз» көше бандысының мүшелерімен бірге өткізді.

Ұзақ жыл зерттеудің арқасында (2000, 2008, 2009 жж.) Венкатеш жатақхана тұрғындарының тым қатал оқшаулаудан және тұрмыс қиындығынан қан-

## АМЕРИКАДАҒЫ ӘРКЕЛКІЛІК

шалықты зардап шегіп отырғанын көріп, оны қағазға түсірді. Жатақхана Чикаго қаласына тиесілі болса да тұрғындарға ешқандай қызмет көрсетілмеген. Пәтерлердің көбіне су, электр энергиясы берілмеген, ал көптеген ғимараттарда бір кездері жүріп тұрған лифтілердің орны үңірейіп тұр. Мұнда полицейлер мүлде ат ізін салуды қойған, ал тұрғындар 911-ді терсе құтқару қызметі мүлде жауап бермейді десе болады. Соның кесірінен мұндағы үкіметтің орнын көшедегі бандылар басты. Тұрғындар әйелін сабаған, ұрлық жасаған немесе (есірткіге мас болып) кіреберістерде өздерін қорқытқан адамдарды тәртіпке салу үшін (яғни ұрып-соғу үшін) солардың көмегіне сүйенді. Осының ақысы ретінде банды бастылары есірткі сатумен айналысып, өз аймағындағы жезөкшелерден бастап азық-түлік дүкенінің иесіне дейін барлық кәсіпкерлерден «қорған болғаны үшін» ақы талап етті.

Сонымен қатар зерттеуші Венкатеш тұрғындардың қиындықтарды жеңу жолдарын табуда үлкен тапқырлық көрсеткенін байқады. Мысалы, бес отбасы бірігіп, тығырықтан шығар жол тапқан. Олардың біреуінде газ плитасы, бірінде жылу жүйесі жұмыс істеді, ал енді біреуінде су бар. Әрқайсысы өзінде бар ресурсты қалған-

дарымен бөліскен. Басқалары өздерінің азғантай кірістерін ұлғайту үшін бәліш пісіру, лотерея билеттерін сату, машина жөндеу сияқты заңдастырылмаған үй кәсібімен айналысты.

Қатыса отырып бақылау әдісі Венкатешке Американың геттоларындағы өмірге басқаша көзқараспен қарауға мүмкіндік берді, ол бұған басқа ешқандай тәсілмен қол жеткізе алмас еді. Сонымен бірге осы тәжірибесі арқылы бұл әдістің кемшіліктерін де байқады. Мәселен, ол банды мүшелерімен бірге жүрген кезде басқа тұрғындардың өзіне толықтай сенбейтінін түсінді, ал егер қарапайым тұрғындармен көбірек бірге болса, банды мүшелерінің өзінен секем ала бастайтынын және мұның жеке басы үшін қауіпті екенін түсінді. Сонымен қатар банды мүшелерімен көп уақытын бірге өткізгендіктен кейде өмірге бұзақылардың көзімен қарай бастағанын байқады. Бұған қоса, жатақхананың ішінде жалғыз кезіп жүрудің қауіпті екенін түсінген ол жұрттың көрсеткісі келген нәрселерін ғана көре алатынын түсінді. Алайда зерттеу жұмыстарын көп жылдар бойы жүргізгендіктен Венкатеш, ақыр соңында, жағдайды жан-жақты зерттеп, жатақханадағы өмірдің әсерлі бейнесін жасап берді.

кейде жеке көзқарастарын көрсетеді. Бұл проблеманы шешудің бір жолы – қайталауға (репликацияға) сүйену: зерттеуді басқа зерттеушімен немесе әртүрлі үлгілермен қайталау, сол нәтижелердің сәйкес болуын тексеру.

*«Америкадағы әркелкілік: жатақханадағы өмір қалай зерттелді?»* деген еңбекте афроамерикалық кедей қауымдастықтардың күнделікті өмірін зерттеу барысындағы қатыса отырып бақылау әдісінің артықшылықтары мен кемшіліктері атап көрсетіледі.

## Контент талдау

Әзірге біз талқылаған әдістер адамдарды бақылауға немесе олармен сұхбаттасуға негізделеді. Алайда кей жағдайларда әлеуметтанушылар өз зерттеулерін адамдарға емес, құжаттарға бейімдейді. Құжаттың кез келген түрін жүйелі түрде зерттеуді **контент талдау** деп атайды.

Контент талдау әдісін пайдаланатын әлеуметтанушылар сауалнама әдісіндегі сияқты рәсімдерді орындайды. Бірақ олар құжаттар-

**Қайталау (репликация)** – нәтижелердің сәйкестігін көру үшін басқа зерттеушінің эмпирикалық зерттеулерді қайталауы немесе әртүрлі үлгілермен қайта жүргізуі.

**Контент талдау** – кез келген құжатты жүйелі түрде зерттеу.

ды іріктеп алып, содан кейін ол құжаттар туралы жүйелі сұрақтар қояды. Мысалы, рэп музыкасының араққұмарлыққа шалдықтыратын әсерін зерттеу үшін Денайс Херд (2005 ж.) 18 жылдың ішіндегі ең танымал рэп әндерін тізіп шықты. Содан кейін ол 341 ән үлгісін кездейсоқ негізде таңдап, «оларда алкоголь туралы айтыла ма, айтылса оны жағымды әсермен (сән-салтанат немесе байлық сияқты) байланыстыра ма, әлде теріс әсермен (мысалы, ажырасу немесе түрмеге түсу) байланыстыра ма» деген сұраққа жауап іздеді. Соның арқасында соңғы жылдары рэп әндерде ішімдік туралы көбірек айтылатынын және оларда әдетте алкогольдің тек жағымды жақтары әспеттелетінін анықтады.

Зерттеушілер сот жазбалары, күнделік, студенттік құжат және т.б. сияқты жазбаша құжаттың кез келген түріне контент талдау жасай алады. Олар, сондай-ақ блогтер, веб-сайттар және саясаткерлерге жіберілген комментарийлер сияқты электрондық құжаттарды пайдаланады. Сонымен қатар әлеуметтанушылар құжат мәтінін ғана емес, суреттерді де сараптап, айталық, билбордтарда, журналдарда, интернетте не теледидарда ішімдіктің қалай суреттелетінін зерттей алады.

Контент талдаудың басты артықшылығы – арзандығы. Қатыса отырып бақылау жүргізу үшін ешкім айлар бойы «зерттеу алаңдарында» жүрмейді немесе адамдарға сауал қою үшін үй-үйді араламайды. Сонымен қатар контент талдау әдісін тарихи және қазіргі заманғы құжаттарды зерттеу үшін қолдануға болады. Мысалы, соңғы 30 жылдағы алкоголь туралы жарнамаларды талдау арқылы алкоголь бейнесінің қалай өзгергенін көруге болады. Оның үстіне, біз қолда бар құжаттарды зерттеу арқылы ондағы мәліметтерге әсер ете алмаймыз: журналдағы алкогольдік ішімдік жарнамаларын қанша уақыт зерттесек те ол жарнамалар өзгермейді. Ал студенттің ішімдік ішуін зерттеу үшін барға кірсек, онда бізді көрген студенттің іс-әрекеті өзгеріп кетуі мүмкін.

Контент талдаудың ең үлкен кемшілігі – тек қолда бар құжаттармен ғана жүзеге асады, сондықтан оны кейбір зерттеу тақырыптары үшін пайдалана алмаймыз. Сонымен қатар қатыса отырып бақылау әдісі сияқты бұл да зерттеушілердің деректерді түсіндіруіне негізделген. Дегенмен, мазмұнды талдаумен бірге зерттеушілер тобы деректерді қарап шығып олардың қорытындыларын салыстыра алады, бұл кез келген зерттеушінің көзқарасы нәтижеге әсер етпеуін қамтамасыз етеді.

## Қолданыстағы статистиканы пайдалану

Әлеуметтанушылар қандай әдістер қолданатынына қарамастан, деректерін басқа дереккөздерден алынған статистикамен жиі толықтырады. Федералдық, жергілікті және мемлекеттік басқару органдары зерттеушілерге, мысалы, үйдің бағасы уақыт өткен сайын өзгергенін, өмір жасының қалай ұзарғанын не қысқарғанын, қала халқы санының қалай өскенін немесе азайғанын сипаттап береді және басқа деректермен қамтамасыз етеді. Егер біз бір колледжде алкогольді қолдануды зерттеп жүрген болсақ, мәселен, АҚШ Халық санағы комитетінен колледжде жан басына шаққанда алкоголь тұтыну мөлшері туралы мәліметтер алуға болады. Біз штаттың Денсаулық сақтау немесе автокөлік департаменттерінен алкогольдің кесірінен болған автокөлік апаттары туралы мәліметтерді ала аламыз. Немесе колледжден я жергілікті полиция бөлімінен алкогольдің уытына бөгіп, адам зорлау фактілері туралы деректер алуға болады. Біз бұл де-

## Әлеуметтану және сіз

«Әлеуметтану» мамандығы түрлі салаларда жұмыс істеуге қажетті әдістерді үйретеді. Мәселен, егер сіз денсаулық сақтау саласына қызығушылық танытсаңыз әлеуметтану науқастардың ауруханаға немесе емханаға ала келетін түрлі мәдени құндылықтарын түсінуге көмектеседі.

Сондай-ақ ол сізге дәрігерлердің медбикелерге, ал медбикелердің санитарларға қалай және неліктен билік жүргізетінін, осы билік динамикасының пациенттердің денсаулығы мен жазылуына қалай әсер етуі мүмкін екенін түсінуге көмектеседі.

рекертерді проблеманы толық зерттеу үшін пайдаланамыз немесе осы деректерді өзіміз жинаған деректермен байланыстырамыз. Мәселен, біздің сауалнамаға қатысқан студенттер «ішімдік іштік» деп өздері жауап берсе, зорлау әрекеттерінің қаншалықты көп болғанын өзіміз зерттейміз.

Қолданыстағы статистиканы пайдаланудың артықшылықтары мен кемшіліктері контент талдау әдісіне ұқсас. Бұрыннан бар деректерді пайдаланғандықтан шығын аз кететін деректерді, сондай-ақ өткеннің, бүгінгі күннің деректерін зерттей аламыз. Кемшілігі – біздің зерттеу сұрақтарымызға сай деректерді жинай алмаймыз, тек қолда бар деректерге сүйенуге тура келеді.

## Әлеуметтанушылар: олар немен айналысады?

Әлеуметтанушы дипломын алғаныңыз – беделді де табысты маман болып шыққаныңыз. Дегенмен мұнан кейінгі өмір жолыңыз магистратура мен докторантурада оқуды жалғастыруыңызға байланысты болмақ.

## Бакалавр әлеуметтанушылар

Гуманитарлық саладағы басқа ғылымдар сияқты әлеуметтану да көптеген салада жұмыс істейтіндерге бастапқы білім береді. Сонымен қатар әлеуметтану студенттерді сыни тұрғыдан ойлауға, деректерді талдауға, әлеуметтік проблемаларды және адами қарым-қатынастарды түсінуге баулиды. Сондықтан «Әлеуметтану» мамандығы бойынша бакалавр дәрежесін алып шыққан маман журналистика, бизнес, педагогика, денсаулық сақтау және басқа көптеген салаларда жақсы қызмет ету үшін кәдеге жарайтын дағды мен білім алып шығады. Мұнымен қоса, бакалавриатта әлеуметтанудан алған білім әрі қарай көптеген сала бойынша магистратура мен докторантураға түсуге тамаша мүмкіндік береді. Мысалы, Мишель Обама заңгерлік мамандығына келерден бұрын әлеуметтанудан бакалавр дәрежесін алған.

Дегенмен егер әлеуметтанушы болып жұмыс істегіңіз келсе осы мамандық бойынша академиялық дәреже алуыңызға тура келеді. Кейбір жұмыстар үшін магистр дәрежесі жеткілікті болуы мүмкін; енді бір жұмыстар PhD дәрежесін талап етеді.

## Колледж және университеттегі әлеуметтанушылар

Америкадағы магистр не доктор дәрежесі бар әлеуметтанушылардың төрттен үші колледждерде және университеттерде профессор не оқытушы болып жұмыс істейді. Кей оқу орындарында әлеуметтанушылар тек сабақ беріп, мектептің әкімшілік жұмысына көмектеседі. Өзгелерінде олар сабақ берумен қатар зерттеумен де айналысады.

Әлеуметтану саласының кей профессорлары өз зерттеулерін адамның әлеуметтік мінез-құлқының негізгі ұстанымдарын түсінуге пайдаланады. Енді бірі зорлық-зомбылық, ауру және жұмыссыздық секілді әлеуметтік проблемаларды шешуге ден қояды. Мысалы,

дүлей апаттарды зерттейтін әлеуметтану профессорлары 2005 жылы «Катрин» дауылының салдарымен күрескен үкіметтік, коммерциялық емес ұйымдарға және қауымдастықтарға көмек көрсетуде шешуші қызмет атқарды, қазір де бірнеше ғалым 2011 жылы болған «Ирен» дауылының салдарларын зерттеп жатыр (Nelson, 2011).

## Үкіметтегі әлеуметтанушылар

Сондай-ақ әлеуметтанушылар жергілікті және ұлттық деңгейдегі мемлекеттік органдардың бәрінде жұмыс істей алады. Мысалы, АҚШ Халық санағы бюросында қызмет атқаратын әлеуметтанушылар халық санының өзгерісін бағамдап, балабақша немесе қарттар үйін салу туралы шешім қабылдауда қоғамдық ұйымдарға көмектеседі. Білім департаментінде әлеуметтанушылар саясаткерлерге стандартты тестілерді қолдануды көбейту немесе азайту бойынша шешім қабылдауға жәрдемдеседі. Ал жергілікті, штаттық және ұлттық денсаулық сақтау бөлімдерінде әлеуметтанушылар студенттердің көктемгі оқу демалысы кезінде немен айналысатынын зерттеп, салауатты өмір сүру дағдыларын қалыптастыру жөнінде мектептерге кеңес береді.

## Бизнестегі әлеуметтанушылар

Әлеуметтанушылар бизнес саласында түрлі қызметтер атқарады. Кейбіреулер адами қарым-қатынас туралы білімін мекеменің адам ресурстары бөлімінде немесе гендерлік және этностық әркелкілікке қатысы бар фирмаларда қолданады. Енді басқалары нарықты зерттеу саласында тер төгеді. Мәселен, әлеуметтанушы киножұлдызбен келісіп, оған бір өнім туралы блог жазғызып, жарнамалау арқылы сату көлемін көбейтуге бола ма, жоқ па – соған болжам жасай алады.

Әлеуметтанушылар адамның мінез-құлқын жақсы түсінетіндіктен әрі мінез-құлықты зерттеу жолдарын білетіндіктен, осындай қызметке маман іздеп жүргендер бұл саланың қызметкерлерін қуанышпен қабыл алады.

## Коммерциялық емес ұйымдардағы әлеуметтанушылар

Коммерциялық емес ұйымдарға ауруханалар мен емханалар, әлеуметтік белсенді ұйымдар және жекеменшік сараптамалық орталықтар жатады; әлеуметтанушылар осы ұйымдардың барлығында жұмыс істейді. Мысалы, «СПИД-ті зерттеудің америкалық қорының» әлеуметтанушылары бей-берекет қатынасқа баруға түрткі болатын себептерді зерттеп, сақтануға ынталандыратын түрлі стратегиялардың тиімділігіне баға берді. Олар, сондай-ақ СПИД-тің таралуына тосқауыл қою үшін халыққа ұнай бермейтін шешімдерді, мәселен, нашақорларға жаңа инелерді тегін тарату сияқты шешімдерді қабылдатқызу мақсатында тиісті зерттеу жүргізді.

Әлеуметтанушылардың көбі ғылыммен айналысады, дегенмен коммерциялық емес ұйымдарда немесе неке, отбасы, сауықтыру ұйымдарында кеңесші болып жұмыс істейтін әлеуметтанушылардың саны да көбейіп келеді. Әлеуметтанушылар алатын білім психологтар, әлеуметтік қызметкерлер және басқа кеңесшілер алатын білімнен өзгеше, бірақ әлеуметтанушылар да жеке проблемалардың



әлеуметтік проблемалар мен әлеуметтік күштерге байланысты екенін халықтың түсінуіне көмектеседі.

## Қоғам қызметіндегі әлеуметтанушылар

Әлеуметтанушылардың көбі ғалым ретінде өз жұмыстарын жеткілікті бағалай алмайды. Дегенмен үкімет құрамында, бизнесте, коммерциялық емес ұйымдарда немесе ғылым саласында жұмыс істей жүріп, қоғамды өзгертуге бар ынтасымен кірісетіндер де бар. Сондықтан әлеуметтанушылар қоғамда оң өзгеріс жасау үшін қоғамдық комиссиялар мен мемлекеттік мекемелерде қызмет етеді. Олар жеке жүріп те, «ұлтаралық ынтымақтастық пен әділеттілікті дамытуға» ұмтылатын «Шекарасыз әлеуметтанушылар» секілді ұйымдарға кіріп те («www.sociologistswithoutborders.org») өзгеріс жолында тер төгеді.

Сонымен қатар көптеген әлеуметтанушылар құқықтық істер бойынша сарапшы ретінде қызмет етеді, судьялар мен адвокаттар әлеуметтанулық зерттеулерді сот істерінде пайдаланады. Мәселен, 2010 жылы Вашингтон штатының судьялары тұтқындалған, сотталған және жазасын өтеп жүрген азшылық топ өкілдерінің кемсітіліп жатқанын дәлелдейтін әлеуметтанулық зерттеулерді негізге ала отырып, түрмедегілерді дауыс беру құқығынан айыру туралы заңды қабылдамай тастады (Ortyl & Minyard, 2010). Осы зерттеулердің негізінде судьялар «бұл заң азшылық өкілдерінің көбін (заңсыз түрде) дауыс беру құқығынан айырады» деген қорытындыға келді.

## Бұл бізге не береді?

Әлеуметтану – қызықты әрі сан қырлы сала. XIX ғасырдың басында ол университеттік білім беруде басты рөл атқаратын негізгі әлеуметтік ғылымға айналды. Оның теориялық тұрғыдан негізгі үш құрамдас бөлігі – құрылымдық функционализм, конфликт теориясы және символдық өзара әрекетке түсу әлемге ерекше көзқараспен қарауға мүмкіндік берсе, әртүрлі әдіснамалық тармақтары сан қырлы қоғамдық өмірді зерттеуге қажетті құралдар ұсынады. Бұл құралдар әлеуметтанушылардың әлемді түсініп қана қоймай, оны жақсартуына да көмектеседі.

## Қорытынды

1. Әлеуметтану – әлеуметтік топтарды жүйелі түрде зерттейтін, қоғамдық қарым-қатынас және қоғам туралы ғылым. Қоғам дегеніміз – ортақ географиялық аумақта орналасқан, экономикалық, мәдени және саяси байланыстар біріктіретін әрі «Адамдар бір-бірімен қалай әрекетке түсуі керек» деген сұраққа жауап ретіндегі ойлары бір жерден шығатын, ұзақ өмір сүретін қауым, ұлт немесе сол сияқты ірі топ. Әлеуметтік қиялды пайдаланған кезде біз әлеуметтік құрылымдар
2. адамның мінез-құлқы мен жеке проблемаларына қалай ықпал ететінін түсінеміз. Индустриялық революциядан кейін қарқын алған әлеуметтік өзгерістер әлеуметтанудың дамуына кең жол ашты. Жедел әлеуметтік өзгерістерден туындаған мәселелер әлеуметтік процестер туралы нақты ақпаратқа деген сұранысты арттырды. Әлеуметтік мәселелерге бағытталу әлеуметтанудың маңызды сипаты болып қала береді.

3. Әлеуметтану ғылымы негізгі үш теориялық тармақтан тұрады: құрылымдық-функциялық теория, конфликт теориясы және символдық өзара әрекетке түсу теориясы. Осы үшеуін қоғамды түсінуге мүмкіндік беретін балама линза ретінде қарастыруға болады, олардың әрқайсысы әлеуметтік құрылымдардың адам мінез-құлқын қалай қалыптастыратынын түсіну құралы ретінде бағалы.
4. Құрылымдық функционализм әлеуметтік құрылымдарды айқындайды және олардың әлеуметтік үйлесім мен тұрақтылыққа тигізер зиянын талдайды. Айқын және жасырын функциялар мен дисфункцияларды анықтау оның аналитикалық негіздерінің бір бөлігі болып табылады.
5. Конфликт теориясы Карл Маркстың адамның мінез-құлқына және қоғамдық өміріне конфликтінің және бәсекенің маңызды әсері туралы идеялары арқылы қалыптасты. Ол әлеуметтік құрылымдарды «Бұдан кім пайда табады?», «Олар бұл артықшылықтарды қалай сақтап тұрады?» деген сұрақтар қою арқылы талдайды. Бұл теория ымыраға келуге қарағанда қақтығыстың маңызды екенін және өзгеріс қақтығыстың оң нәтижесі екенін айтады.
6. Символдық интеракционизм теориясы адамдар арасындағы өзара әрекетке түсудің субъективті мәнін және адамдардың ортақ символдық мән-мағыналарды дамытатын және қалыптастыратын процестерін зерттейді.
7. Әлеуметтану эмпирикалық дәлелдерді сыни және жүйелі тексеруден тұрады. Әлеуметтік зерттеу процесі мәселені анықтау, негіз әзірлеу, деректерді жинау, үлгілерді табу, теория түзу деген бес кезеңнен тұрады. Бұл қадам «ғылым дөңгелегі» деп аталатын үздіксіз циклді құрайды. Деректерден теорияға қарай ауысу индукция деп аталады, теориядан болжамға ойысу – дедукция деп аталады.
8. Кез келген зерттеу жобасы зерттелетін айнымалы шамаларды анықтап, олардың операцияланған анықтамаларын тауып, сол айнымалы шамаларды зерттеуге арналған кейстердің өкілдік үлгілерін қалай алуға болатынын пысықтайды.
9. Себеп-салдарлық болжамдарды сынаудың жақсы жолы – эксперимент. Дегенмен эксперимент мінез-құлықты жасанды жағдайда зерттейді және адамдар эксперимент кезінде өздерін басқаша ұстауы мүмкін. Сонымен қатар эксперимент кейде субъектілерге зиян келтіруі ықтимал.
10. Сауалнама барысында көп адамға стандартты сұрақтар қойылады. Бұл әдіс кездейсоқ үлгілерді пайдалана отырып құбылыстың таралуын, ондағы трендтер мен дифференциалды (ағымдар мен жіктелуді) сипаттау үшін пайдалы. Бірақ адам мінез-құлқының контекстін талдауда, себеп-салдарлық қатынастарды анықтауда нәтиже бермейді.
11. Қатыса отырып бақылау әдісі – аз адамды бақылау немесе олармен тереңдетілген сұхбат жүргізу тәсілі. Бұл – адамдардың өзара қарым-қатынасы және оның субъективті мән-мағынасы туралы шағын детальдар жинауға болатын тамаша әдіс. Алайда ол жалпы қоғам өкілдерінің арасында емес, шағын топ ішінде жүргізіледі және жалғыз ғана зерттеушінің пайымдауына сүйенеді.
12. Қазіргі я тарихи жазба құжаттарды талдау әдісін контент талдау дейміз. Оның артықшылығы – зерттеу қымбат емес және зерттеуші деректерді өз бетінше өзгерте алмайды. Дегенмен мұнда тек қолда бар құжаттарды ғана пайдалануға болады және зерттеушінің жеке пайымдарына ғана негізделеді.
13. Әлеуметтанушылар зерттеулерін көбіне мемлекеттік органдардан, коммерциялық емес ұйымдардан және басқа дерек көздерінен алынған статистикаға негіздейді. Бұл арзан әдіс өткенді де, қазіргі кезді де зерттеуге мүмкіндік береді, бірақ мұны тек қажетті деректер болған кезде ғана пайдалануға болады.
14. Көптеген әлеуметтанушылар академиялық ортада сабақ беріп, зерттеу жүргізеді. Солай бола тұра үкіметте, коммерциялық емес ұйымдар мен бизнес саласында жұмыс істеп, зерттеу нәтижелерін қолданып жүргендер саны көбейіп келеді. Көптеген әлеуметтанушылар өз еңбектерін ғалым ретінде бағаламай жүр, сондықтан біразы мемлекеттік қызметке барып, әлеуметтік өзгеріске бағытталған ұйымдарда, сот істерінде сарапшы куәгер ретінде жұмыс істейді және т.б.

## Сыни ойлау

1. Жеке басыңыздағы қиыншылықтардың қайсысын жалпыға ортақ мәселе ретінде қарастыруға болады? Мәселеге бұлай басқаша қарау сіз тапқан шешімдердің сипатын өзгерте ме?
2. Ерлер мен әйелдерге қоғам артатын сенімді

құрылымдық-функциялық тұрғыдан талдау мен конфликтологиялық талдаудың арасында қандай айырмашылық болуы мүмкін екенін ойлаңыз. Әйелдерге қарағанда ерлер құрылымдық-функциялық теорияны көбірек қолдана ма, әлде керісінше ме?

3. Достардың, өмір сүру жағдайының немесе жұмыс орнының өзгеруі әлеуметтік мәселелерді (мысалы, жалғызбасты аналар немесе жұмыс-

сыздық бойынша жәрдемақылар) басқаша түсінуге алып келген кездерді білесіз бе?

4. Алкогольді ішімдік ішу, әйелдер арасында өмір сүру немесе жалғызбасты ата-ананың тәрбиесінде өсу салдарынан оқу үлгерімі нашарлайтынын анықтау үшін этикалық жағынан дұрыс болып табылатын қандай зерттеу әдісін қолдануға болатынын қарастырыңыз.



## 2-ТАРАУ

# Мәдениет

### Тарау тағылымы

#### Осы тарауды оқығаннан кейін студенттер:

- мәдениеттің мағынасын, мәдени қатыстылық тұжырымдамасын және адамзат мәдениетіндегі тілдердің рөлін түсінеді;
- үш негізгі әлеуметтанулық саланың мәдениет тақырыбымен қалай үйлесетінін сипаттайды;
- құндылықтар мен нормалардың арасындағы айырмашылықты және қоғамдық бақылаудың бұл екеуін қалай күшейтетінін түсінеді;
- мәдениеттер, субмәдениеттер және контрмәдениеттер арасындағы айырмашылықты, сондай-ақ ассимиляцияны бағалау мен мультикультурализмді бағалау арасындағы айырмашылықты түсіндіре алады;
- мәдениеттің өзгеруіне алып келетін факторларды сипаттай алады әрі мәдени соққы, мәдени артта қалу және мәдени жаһанданудың ықпалын түсіндіре біледі.

## Мәдениетке кіріспе

1-тарауда әлеуметтану адам мінез-құлқының контексін талдайтынын және сол контекстердің біздің мінез-құлқымызға қалай әсер ететінін айтқанбыз. Осы контекстің маңызды қырларының бірі – мәдениет. **Мәдениет** – қоғамдастық мүшелерінің ортақ өмір сүруінің жалпы тәсілі.

Кей жерлерде мәдениет мемлекеттік шекаралар мен қоғамдардың аумағынан асып кетеді. Мысалы, канадалық француздар мәдениеті Канада мен Жаңа Англияда кездеседі. Енді бір жерлерде бір елдің аумағында екі түрлі мәдениет үйлесіп жатуы мүмкін, мысалы, Канадада француз және ағылшын мәдениеті қатар жүреді.

Мәдениет, негізінен, тіл, құндылықтар және символикалық мәндер сияқты нысандардан тұрады, сонымен қатар технологиялық және материалдық нысандарды да қамтиды. Мәдениеттің жалпы бейнесі – күнделікті өмірдің жалпы проблемаларымен айналысуға қажетті физикалық, эмоциялық және философиялық «жабдықты» қамтамасыз ететін аспап (Swidler, 2001; Vaisey, 2009). Мәдениеттің тамақтану ерекшеліктерін қалай қалыптастыратынын қарастырайық. АҚШ тұрғындары тоңазытқыш, пеш, ұялы телефон, компьютер сияқты ортақ құралдар мен технологияларды пайдаланады. Олардың көбінің беріле жұмыс істеп, артынан кофе не сыра ішіп серпілудегі құндылықтары да ұқсас. Олар таңдаған сусындар мен сол сусындардың мән-мағынасы – Америка мәдениетінің негізгі бөлігі. Дегенмен бір ортақ мәдениет туралы айтқанда оның ішіндегі қайшылықтарды да ескеруіміз керек. Мәселен, АҚШ халқы ұстанатын мәдениеттің біраз қырлары мормондар мен америкалық мұсылмандарға да ортақ болғанымен мормондар кофе ішпейді, сонымен бірге бұл екі топтың өкілдері де алкогольді ішімдік ішпейді.

Мәдениеттің «материалдық» және «материалдық емес» екі формасы болады. Материалдық емес мәдениетке қоғам мүшелеріне ортақ тіл, құндылықтар, ережелер, білім және мән-мағыналар жатады. Материалдық мәдениет қоғамда өндірілетін физикалық нысандарды – құралдар, көшелер, мүсіндер, ойыншықтар сияқты көптеген заттарды қамтиды. Бұл материалдық нысандар материалдық емес мәдениетке тәуелді. Мысалы, «Барби» қуыршағы мен ежелгі тас құдайдың мүсіндерінің кейбір жалпы физикалық тұрпаттары бірдей болғанымен, олардың мән-мағыналары мүлде бөлек әрі олар материалдық емес мәдениетке тәуелді.

## Мәдениетке теориялық көзқарас

Әлеуметтанудың басқа салалары сияқты құрылымдық функцияшылардың, конфликт теориясы, қолдайтындардың және символдық интеракционистердің мәдениеттің зерттелуіне қатысты өз көзқарастары бар.

### Құрылымдық-функциялық әдіс

Құрылымдық-функциялық әдіс мәдениетті өзара қарым-қатынастың негізі ретінде қабылдайды. Мәдениет болмыс ретінде танылады және мәдениеттің қалай қалыптасатынына емес, мәдениеттің бізді қалай қалыптастыратынына баса назар аударылады. Осы көзқарасты ұста-

---

**Мәдениет** – қоғам мүшелерінің ортақ өмір сүруінің жалпы тәсілі. Ол тек тілді, құндылықтарды және символдық мәндерді ғана емес, сондай-ақ технологиялық және материалдық нысандарды да қамтиды.

натын ғалымдар біздің мінез-құлқымыз әлеуметтік сенімдердің, құндылықтардың және тілдің ықпалымен қалыптасатынын түсіндіруге баса назар салады. Мәселен, құрылымдық функцияшылдар мәдени құндылықтар әскерге баруға немесе күнделікті дұға оқуға ынталандыруы мүмкін деп пайымдайды. Мәдениетке қатысты осы теориялық көзқарас өткен онжылдықтарда кеңінен таралды.

## Конфликт әдісі

Ал конфликт теориясының ғалымдары мәдениетке әлеуметтік өнім ретінде қарайды. Олар: «Мәдениет неге белгілі бір жолмен дамиды?», «Бұл үлгілер кімнің мүддесіне қызмет етеді?» – деген сұрақтарға жауап іздейді.

Бұл ғалымдар, мысалы, үкімет пен корпорациялар теледидарда немесе фильмде көрсетілетін нәрселерге қалай әсер етуі мүмкін екенін зерттейді.

Конфликт теориясының өкілдері мәдениеттің қоғамда билік бөлінісін қалыптастырудағы маңызын зерттейді. Олар жоғарғы таптың көзқарастары мен білімін көрсететін мәдени капитал да адамдардың билік пен мәртебеге қол жеткізуіне қаржы капиталы (яғни ақша) сияқты көмектеседі деп есептейді (Bourdieu, 1984; Lamont, & Fournier, 1992). Егер сіз ешқашан гольф ойнауды үйренбесеңіз, қызыл шарапты талғап таңдай алмасаңыз, операны бағалай алмасаңыз немесе бес түрлі шанышқымен бес түрлі тағамды қалай жеуді білмесеңіз, бұл «мәдени мешеулігіңіз» жоғарғы тап өкілдерінің іс-шараларында анық байқалады. Бұл әлеуметтік ортаның адамымен некеге тұруға я сол ортада жұмыс істеуге қажетті мәдени капиталы жетіспейтін адам олардай болуға қанша тырысып бақса да күлкіге қалуы мүмкін. Сондықтан мәдениет әлеуметтік таптарды бір-бірінен бөліп тұратын символдық шекара болып табылады.

Сонымен конфликт теориясы мәдениеттердің бір-бірімен шиеленісі кезіндегі жағдайды талдайды. Біз субмәдениетті, контрмәдениетті, мультимәдениет пен ассимиляцияның күресін талқылаған тұста осы тақырыпты тереңірек қарастыратын боламыз.

## Символдық интеракционизм теориясының ұстанымы

Конфликт теориясының өкілдері ақпарат құралдарының нені көрсететіне баса мән берсе («Телешоуларға қанша қара нәсілді қатысты?», «Зорлық-зомбылықты мазаққа айналдырды ма?»), символдық интеракционистер адамдардың ақпарат құралдарынан көрген нәрселерін қалай түсініп, қалай қолданатынын зерттейді. Олар адамдардың мәдениет пен мәдени өнімдерден қандай мән-мағына көретінін саралайды және бұл мән-мағыналардың әлеуметтік өзара әрекеттесу кезінде қалай пайда болатынына назар аударады. Мәселен, осы дәстүрді ұстанушылар махаббат романдарының әйелдерге қанат бітіретін қандай қасиеті бар екенін, «Виагра» дәрісінің шығуы еркектердің жыныстық ләззаттағы маңызын қалай өзгерткенін, адамдардың неге өздерін поп-музыка жұлдыздарына ұқсататынын, «этностық» тағамның сол этностың өкілдері мен бөтен адамдар үшін мәні қандай екенін (қытай кеспесі, италиялық макарон, оңтүстік печенесі) зерттеген (Loe, 2004; Vares & Braun, 2006; Vannini, 2004; Bai, 2003).

Құрылымдық функцияшылдар мәдени құндылықтар көбінесе белгілі бір іс-әрекетке ынталандырады десе, символдық интеракцио-

**Мәдени капитал жоғары әлеуметтік таптарды сипаттайтын көзқарастар мен білімдерден құралады.**



Ақсүйектер мейрамханасында тамаққа тапсырысты талапқа сай әрі сенімді түрде беріп, тамақтану үшін «мәдени капитал» қажет. Жоғарғы таптан (немесе кем дегенде ортадан жоғары таптан) шыққан үйде тәрбиеленбесеңіз сізде мұндай мәдени капитал болмауы ықтимал.

нистер қандай да бір әрекеттерді ақтау үшін мәдени құндылықтарды пайдалануды зерттейді (Vaisey, 2009; Swidler, 2001). Мысалы, көптеген америкалықтар Құдай әйелдер мен еркектерді әртүрлі әлеуметтік міндеттерімен қоса жаратқан деп есептейді. Егер экономикалық немесе отбасылық жағдайларға байланысты әйел жұмысқа шығуға, ал ер адам балаларға қарау үшін үйде отыруға мәжбүр болса, онда сол адамдардың көпшілігі осы өзгеріске моральдық және діни негіздеме таба алады. Бұл мысал мәдени құндылықтардың белгілі бір әрекеттерге ынталандыру мақсатына емес, ақталу мақсатына қолданылатынын дәлелдейді (яғни өз іс-әрекеттеріне мәдени тұрғыдан қолайлы негіздеме таба алмаған кезде мәдениет адамды мінез-құлқын өзгертуге ынталандырады). Мәдени құндылықтарға деген осы көзқарас қазір әлеуметтанушылар арасында кеңінен қолданылады, бірақ соңғы кезде жүргізілген маңызды зерттеулер мәдениет мінез-құлқына әрі түрткі, әрі негіздеме бола алатынын көрсетіп отыр (Vaisey, 2009).

## Адам мінез-құлқының негіздері: мәдениет және биология

Адамдар неге өздерін осылай ұстайды? Адамның мінез-құлқын не анықтайды? Бұл сұрақтарға жауап беру үшін адамның мінез-құлқын дағы айырмашылықтар мен ұқсастықтарды түсіндіруіміз керек. Жалпы алғанда, биологиялық факторлар әртүрлі қоғамдағы адамдар үшін ортақ нәрсе не екенін түсіндіруге көмектесе, мәдениет адамдар мен қоғамдардың бір-бірінен неге ерекшеленетінін түсіндіреді.

### Мәдениетке жалпы көзқарас

Құрылымдық функцияшылдар де, конфликт теориясының өкілдері де, символдық интеракционистер де – жалпы әлеуметтанушылардың барлығы мәдениетке қатысты ортақ көзқарас ұстанады: олардың бәрі мәдениеттің проблеманы шешетін құрал екенін, оның салыстырмалы түрде қарастырылатынын және мәдениеттің әлеуметтік өнім екенін мойындайды.

### Мәдениет – мәселенің шешімін табатын құрал

Тропикалық орманда тұрса да, Нью-Йорк, Лондон, Токио сияқты ірі қалаларда тұрса да бүкіл адамзатқа ортақ проблемалар бар. Олардың бәрі тамақтану керек, қауіп-қатерден (көбінесе бір-бірінен) қорғану керек және бәрі балаларын өмірден өз орнын тауып, іздерін жалғайтындай етіп өсіруі керек. Бұл проблемалар жалпыға ортақ болғанымен адамдардың қабылдайтын шешімдері тым әркелкі болып келеді. Мысалы, Тробриан аралдарында әдетте балаларды тәрбиелеуге анасының ағасы жауапты болады, ал америкалықтарда нағашы ағаларға мұндай жауапкершіліктің жүктелуі өте сирек кездеседі.

Адамдар қайталанып отыратын проблемаларға тап болған кезде мәдени үлгілер оған дайын жауап ұсынады. Бұл ең дұрыс әрі ең әділ жауап осы деген сөз емес, мәдениет жалпыға ортақ осындай сұрақтарға жауап іздегенде ғана стандартты үлгілерді ұсынады. Конфликт теориясы мен құрылымдық-функционализм арасында-

ғы басты айырмашылық осы проблемаға қандай шешім ұсынатындығында. Функцияшылдар бүгінгі қолданыстағы шешімдердің алдыңғы ұрпақтың тәжірибесі мен қателіктері арқылы қалыптасып, тиімділігіне көз жеткен соң ғана бүгінге жеткенін айтады. Конфликт теориясының өкілдері бұл шешімдердің басқаларға қарағанда әсіресе билік өкілдері үшін тиімді жұмыс істейтінін атап көрсетеді. Олардың пікірінше, элита мәдениетті өз мүдделеріне сай шешімдер қабылдату үшін пайдаланады. Екі көзқарастағы ғалымдар да мәдениеттен күнделікті өмірде қайталанып кездесетін көптеген жағдайларға дайын жауап табылады деп есептейді; алайда олардың «бұл шешім кімнің мүддесін қорғайды?» деген сұраққа келгенде пікірлері әр басқа болып шығады.

## Мәдениет – салыстырмалы шама

Әрбір мәдениеттің шығарған шешімі бір-бірінен мүлде өзгеше болуы мүмкін. Мысалы, христиандардың көбі өлген адамның денелері «қасиетті» жерге көмілуі керек деп санайды, ал тибеттіктер өлген адамның денесін таудың шыңына апарып, бөлшектеп, құзғын-қарғаға жемтік қылған дұрыс деп есептейді.

Тибеттегі осы «аң-құсқа жем қылу» тәжірибесі дұрыс па, бұрыс па? Бұл сұраққа осы тәжірибе тибет мәдениетінің бүгінге жеткен үлгісімен қаншалықты үйлесетінін білу арқылы ғана жауап бере аламыз. Тибет мәдениеті ағашы селдір, суы аз, қатқақ жерде дамыды. Сондықтан мәйітті өртеу де, көму де қиын, тіпті мүмкін емес болатын. Сонымен бірге тибет буддистері адамның қайта тууына (реинкарнация) және жаны шыққаннан кейін дененің қажетсіз болып қалатынына сенді. Олар сондай-ақ барлық тіршілік иесіне жанашырлықпен қарау керек деп есептейді, сондықтан құзғындарды да қоректендіру қажет. Бұл – ресурстарды тиімді пайдалану болып саналады. Қалай болғанда да, өлік жөнелтудің осы рәсімі Тибет тұрғындарының бұл проблеманы оң шешуіне, сөйтіп, тұрақты қоғам құруына көмектесті. Сондықтан құрылымдық функцияшылдар бұл тәжірибе нақты пайдаға асқандықтан жақсы жұмыс істеп тұр деп санайды.

Конфликт теориясының өкілдері, керісінше, мәдени тәжірибе кімге көмектесетінін және кімге зиян келтіретінін зерттейді. Осыған орай, жерлеу мәдениеті Тибет қоғамының барлық мүшелері үшін тиімді сияқты, бірақ бұл мәдени үлгілердің бәріне қатысты емес.

Қалай алсақ та, конфликт теориясының өкілдері де, құрылымдық-функционалдық теория ғалымдары да әр мәдени ерекшелік сол мәдениет тұрғысынан бағалануы керек деп есептейді.

Бұдан мәдениеттердің салыстырмалылығы деген тұжырым жасалады. Мәдениеттің салыстырмалы болуының нәтижесі сол – ешқандай тәжірибе түгелдей жақсы немесе түгелдей жаман болмайды; жақсылық пен жамандық абсолютті емес, салыстырмалы болып келеді.


Бұлайша бағалау кейде интеллектуалдық ерлікпен парапар. Мысалы, қаншалықты объективті болуға ұмтылсақ та көпшілігіміз баланы өлтіруді, адамды құрбандыққа шалу мен каннибализмді мүлде дұрыс емес деп санаймыз. Мұндай қатынас этноцентризмді, яғни басқа мәдениет өкілдерін өз мәдениетімізде қабылданған нанымдар мен тәжірибеге сәйкес бағалау тенденциясын көрсетеді. Этноцентризм әдетте өз жолын дұрыс, ал басқалардың жолын бұрыс деп есептеуді білдіреді. Мысалы, Америка миссионерлері алғаш рет Оңтүстік теңіз аралдарына келгенде полинезиялықтардың көп нәрсені өзгеше жасайтынын көрді. Алайда миссионерлер полинезиялықтардың дәстүрлерін сол қалпында қабылдаудың орнына бұл істерді қателік, тіпті зұлымдық деп түсінді. Сөйтіп, олар арал тұрғындарына адамдар-

**Мәдениеттердің салыстырмалылығы** дегеніміз – әрбір мәдени ерекшеліктің өз мәдениеті тұрғысынан бағалануы.

**Этноцентризм** басқа мәдениеттерді өз мәдениетінің нанымдары мен тәжірибесіне сәйкес бағалау тенденциясы.



1911 жылы Роберт Ф. Скотт бастаған британдық топ пен Руаль Амундсен бастаған норвегиялық топ Антарктикаға жеткен алғашқы зерттеушілер болды. Британдық топтың этноцентризмі оларды құрдымға кетірді: Скоттың тобы шананы өздері сүйреп, қазаға ұшырады, ал Амундсеннің командасы инуиттердің ит-шаналары мен шаңғы техникасын қолданғандықтан, сапарларын сәтті аяқтады.



дың өзара қарым-қатынасындағы күнделікті ұсақ-түйектен бастап өркениеттің соңғы жаңалықтарына дейін үйрете бастады. Полинезиялықтарды сағат пайдалануға, кездесуге уақытында келуге, полинезиялық климатқа сай болмаса да киім киюге үйретті. Миссионерлер осылай өмір сүру өзін-өзі ұстаудың жалғыз дұрыс жолы деп есептеді.


2.1-сызбада көрсетілгендей, этноцентризм Еуропа елдеріне қарағанда АҚШ-та басым болып келеді. Алайда «басқа мәдениеттермен салыстырғанда біздің мәдениет жақсы» деп есептейтін америкалықтардың саны 2002 жылы 60 пайыздан 2011 жылы 49 пайызға дейін төмендеген және бұл көрсеткіш басқа, көп елдегіден әлдеқайда төмен (Pew Research Center, 2011).

Этноцентризм, көбінесе әртүрлі мәдениет адамдары арасындағы өзара әрекеттестікке кедергі келтіреді, бұл жек көру мен түсінбеушілікке әкеледі. Алайда бұл мүлдем жаман нәрсе емес. Этноцентризм өз мәдениетін мақтан тұтуды және жеке өмір салтына деген сенімділікті арттырады. Демек, қоғамның бірлігі үшін бұл өте маңызды. Басқаша айтқанда, адамдар өз мәдениетіне бағынады, өйткені оны өзін дұрыс ұстаудың жолы деп есептейді. Осындай сенім болмаса қоғамда сәйкестік аз, қайшылық көп болар еді.

Этноцентризм – бір мәдениетте өсіп-өнудің табиғи, тіпті қалаулы өнімі. Алайда оның жағымсыз салдары да бар, ол басқаша ойлау мен сезінудің құнын кемітуге әкелуі мүмкін. Соның салдарынан этноцентризм өзгеріс өздеріне жақсылық әкелетінін біле тұра адамдардың әдеттерін өзгертуіне мүмкіндік бермейді (Diamond, 2005). Мысалы, Антарктикадағы норвегиялық зерттеушілер британдық зерттеушілерге қарағанда әлдеқайда жақсы өмір сүрді, себебі норвегиялықтар инуиттер (эскимос) киімін киіп, шаңғы қолданып, шанаға ит жекті, ал британдықтар мұндай тәсілді өз деңгейіне сай деп санамай, соның кесірінен қазаға ұшырап жатты (Huntford, 2000).

## Мәдениет – әлеуметтік өнім

Әлеуметтанушылардың жасаған қорытындысы: мәдениет – биологияның емес, қоғамның нәтижесі. Адамзат қоғамын сипаттайтын мәде-



### 2.1-СЫЗБА. Әлемдегі этноцентризм

Этноцентризм, яғни «бір мәдениет басқа мәдениеттерден жоғары» деген сенім Еуропаның кей елдеріне қарағанда Америка Құрама Штаттарында жиі кездеседі, бірақ бұл көрсеткіш басқа елдердегіден әлдеқайда төмен.

ДЕРЕККӨЗ: Pew Зерттеу Орталығы (2007, 2011).

ни әртүрлілік – бірыңғай тектік қордың емес, мәдени эволюцияның қорытындысы.

Мәдениеттің кейбір қырлары саналы түрде жасалады. Шекспир «Гамлетті», Стефани Майер «Ымырт» кітабын жазуға шешім қабылдады; маркетингтік топтар Geico gecko мен Macintosh Apple белгісін ойлап тапты. Үкімет пен үй иелері қоғамдық ғимараттар мен үйлерді жобалауды сәулетшілерге тапсырады, сондай-ақ өте бай адамдар өз «ақиқаттарын» тарату үшін баспа империяларын сатып алады. Мәдениеттің басқа салалары, мысалы, тіл, сән, жақсы мен жаман туралы идеялар әлеуметтік өзара әрекеттесу арқылы бірте-бірте дамиды. Бірақ мәдениеттің осы салалары адам өнімі болып табылады; олардың ешқайсысы инстинктивті емес. Адамдар мәдениетті үйренеді және оны қолдана отырып өзгертеді.

Мәдениет тілге тәуелді. Тіл болмаса, мәдениет «Оттың пайдасы көп», «Шомылатын бөлмеде электр энергиясын пайдаланбаңыз» деген сияқты өмірлік тәжірибені де, «Құдай бар» деген сияқты идеяларды да ұрпақтан-ұрпаққа дұрыстап жеткізе алмас еді. Тілдің арқасында мәдениет өнертабыстарды, ғылыми жаңалықтарды және қоғамдық ұйымдасудың үлгі-өнегесін кәдесіне жаратып, әрі қарай жетілдіру үшін келесі ұрпаққа беріп отырады.

Тілдің арқасында адамзат генетикалық эволюцияның баяу процесіне тәуелді болып қалмай, заман көшіне ілесіп отырады. Биологиялық эволюция ағзаны жаңа жағдайларға толығымен бейімдеуі үшін жүздеген ғасырлар қажет болуы мүмкін, ал мәдени эволюция жылдам өзгеріп отыруға мүмкіндік береді.

## Биологиялық көзқарас

Discovery арнасы үнемі көрсетіп жүргендей, жаһандағы киім кию және тамақтану дағдылары, тұрмыс жағдайлары және мәдениеттің басқа қырлары әралуан болып келеді. Адам табиғатының соншалық алуан түрлі болып келетіні таңғалдырмай қоймайды. Сөйтсе де, тереңірек үңіле қарасақ, отбасы, дін және соғыс сияқты әмбебап ұғымдар барлық мәдениетке ортақ болып шығады. Бұл әмбебап ұғымдар биологияның адам мәдениетін дамытуда маңызды рөл атқаратынын көрсетеді.

Әлеуметтік биология – адамның және басқа барлық тіршілік иелерінің мінез-құлқының биологиялық негіздерін зерттейтін ғылымның тармағы (Alcock, 2001; Wilson, 1978). Әлеуметтік биологтар барлық тіршілік формалары эволюция және табиғи іріктеу арқылы дамыған деп санайды. Осы тұрғыдан алғанда, кейбір гендер жиі репродукцияланғандықтан түрлер өзгереді. Гендердің саны артқандықтан, түрлер осы гендердің белгілеріне ие болады.

Қандай гендер жиі көбейеді? Бойында белгілі бір ген түрі бар адам көпбалалы болып, оларды ересек жасқа дейін өсірсе, сол гендер көбейеді (Alcock, 2001). Мәселен, әлеуметтік биологтар өз балалары үшін құрбандыққа баратын, кейде тіпті бастарын бәйгеге тігетін ата-аналар көбіне табысты репродукторлар бола алады деп санайды. Балаларының амандығын қамтамасыз ету арқылы ата-аналар өз гендерінің жалғасу ықтималдығын арттырады. Әлеуметтік биологтардың айтуынша, соның арқасында біздің бойымызда генді бізден кейін де жалғастыра беруге мүмкіндік беретін мәдени үлгілерге қатысты биологиялық бейімділік қалыптасқан.

Әлеуметтік биология адамзаттың ондаған мың жылдар бойы дамуы туралы қызықты теория ұсынады. Биологияның адамның мінез-құлқына әсерін зерттейтін ғалымдардың көбі «Гормондар, гендер және хромосомалар адамның құмар ойыншы болып шығуына қалай әсер етеді?» деген сияқты қазіргі заманның өзекті проблемаларын зерттейді. Биологтар мен әлеуметтанушылардың бірлескен жұмысы адамның мінез-құлқын анықтауға биологиялық және әлеуметтік факторлардың әсерін түсінуге көмектеседі. Мысалы, Гуан Го және оның әріптестері (2009) кіндігі бір және бөлек егіздерді зерттей келе, асқынған маскүнемдікке генетикалық бейімі бар әрі достары маскүнем адамдардың ішкілікке салыну ықтималдығы жоғары екенін анықтады. Осы сияқты зерттеулер мәдениет пен биологияның бірлескен әсерін мойындап, оны ескергенде ғана адамның мінез-құлқын толығымен түсінуге болады дегенге көз жеткізеді.

## Мәдениет таратушылар

Бұл бөлімде материалдық емес мәдениеттің үш маңызды саласын – тіл, құндылықтар мен нормаларды қарастырамыз және олардың қоғам мен жеке тұлғаларды қалай қалыптастыратынын көрсетеміз. Содан кейін адамдардың мәдениет ережелеріне сәйкес өмір сүруіне әлеуметтік бақылаудың қалай ықпал ететінін қарастырамыз.

### Тіл

Мәдениеттің мәні – қоғам мүшелерінің бір-бірімен мән-мағыналар алмасуы. Осы алмасудың басты тетігі – ортақ тіл. Тіл – сөйлеу, жазу немесе ишара сияқты символдардың көмегімен байланысу қабілеті.

**Әлеуметтік биология** – адамның және басқа барлық тіршілік иелері мінез-құлқының биологиялық негіздерін зерттейтін ғылымның тармағы

**Тіл** – сөйлеу, жазу немесе ишара сияқты символдардың көмегімен байланысу қабілеті.

*Символ арқылы байланыс* нені білдіреді? Мысалы, сіз «ит» сөзін естисеңіз немесе кітаптан осы сөзді білдіретін қисық және түзу сызықтарды көрсеңіз әңгіме төрт аяқты үй жануары туралы екенін түсінесіз. Байланыстың барлығы таңбаларды пайдалану арқылы жүзеге асады. Тіпті қолын тигізу немесе меңзеу секілді дене қимылдарының мағынасы да мәдениеттің бір бөлігі ретінде қарастырылады.

Әлеуметтік лингвистиканы (тіл мен қоғам арасындағы қарым-қатынас) зерттеушілер тілдің мәдениетке үш түрлі қатысы бар дейді: тіл мәдениетті бейнелейді; тіл – мәдениет символы; тіл мәдениеттің негізін құрайды (Romaine, 2000; Trudgill, 2000).

## Тіл – мәдениеттің бейнесі


Тіл – мәдениеттің тасымалдаушысы; ол қоғамның құндылықтары мен мағыналарын, сондай-ақ оның салттары мен рәсімдерін, тарихы мен мұң-мұқтажын білдіреді. Бір мәдениеттің тілін білмейінше оған толық араласа алмайсыз (Romaine, 2000; Trudgill, 2000).

Тілдің жоғалуы мәдениеттің жоғалуына әкелуі кәдік. Бір кездері АҚШ-тағы байырғы америкалықтар қолданған 300–400-дей тілдің тек шамамен 20-сы ғана ұзақ өмір сүруі мүмкін (Dalby, 2003, 147–148). Бұл тілдер өлгенде үндістер мәдениетінің маңызды қырлары да жоғалады. Тіл мен мәдениет арасында осындай өмірлік байланыс болғандықтан АҚШ-тағы француз және қытай балаларының көпшілігін ата-аналары мектептен кейін немесе демалыс күндері ана тілдерін үйрену үшін арнайы дайындық сабақтарына жібереді. Сол себепті АҚШ заңдары бойынша Америка азаматтығын алардан бұрын ағылшын тілін үйрену талап етіледі. Француз немесе қытай мәдениетіне толық араласу үшін осы тілдерді білу керек; АҚШ мәдениетіне араласу үшін ағылшын тілін білу қажет.

## Тіл – символ ретінде

Ортақ тіл – бір халықтың мәдениеті ортақ екенін айғақтайтын ең көрнекі символ. Тіл өзгешілігі арқылы бір халықты екіншісінен ажыратуға болады немесе керісінше, ортақ тілдің болуы халықтың бірлігін паш етеді (Joseph et al. 2003; Romaine, 2000; Trudgill, 2000). Осы себепті өз мүшелерін жұмылдыруға тырысатын топтар ортақ тілде сөйлеуді талап етеді. Мысалы, 1900 жылдардың басында Еуропаның геттоларынан сол кездегі Палестинаға көшкен алғашқы еврейлер өз қауымдас-тығындағы барлық адамнан иврит тілінде сөйлеуді талап етті. Бірақ тек дұға кезінде болмаса жүздеген жылдар бойы еврейлерден ешкім иврит тілінде сөйлемеген еді. Соған қарамастан, бірнеше онжылдық ішінде иврит Израильдің мемлекеттік тіліне айналды.

Сол сияқты, соңғы жиырма жылда кейбір америкалықтар екі тілді оқытуға қарсы шығып, ағылшын тілін АҚШ-тың жалғыз мемлекеттік тілі етіп жариялауды талап етіп келеді, ал канадалық француздар – француз тілін Квебектің мемлекеттік тілі ету үшін күрескен (Dalby, 2003). Мексика мен Франциядағы мемлекеттік құрылымдар ағылшын сөздерінің испан және француз тілдеріне еніп кетпеуі үшін күресіп келеді. Бұл әрекеттің барлығы – символ үшін күрес, себебі кез келген елдегі иммигранттар болсын, тұрғылықты азаматтар болсын, барлығы ең жоғарғы қоғамдық мәртебесі бар және қоғамдық тұрғыдан ыңғайлы тілге қарай ұмтылады (Ricento & Burnaby, 1998).



Тіл осындай маңызды тасымалдаушы әрі мәдениет символы болғандықтан, әлемнің барлық бөлігінде өз тіліне қауіп төнді деп санайтын халық көтеріліске шығады.



2.1-картадан үйінде ағылшын тілінен басқа тілде сөйлейтін әр штаттағы адамдардың үлесін көреміз. Бірнеше штатта (Батыс Вирджиния мен Монтананы қоса алғанда) бұл көрсеткіш 5 пайыздан төмен. Ал Техаста, Нью-Мексико мен Калифорнияда халықтың 30–40 пайызына дейін басқа тілде сөйлейді (негізінен, испан тілінде). Алайда бұл адамдардың көбі үйден тыс жерлерде ағылшын тілінде сөйлеседі, ал қазіргі балалардың көбі ағылшын тіліне қарай ойысып жатыр. Тарих көрсеткендей, ағылшын тілін білмейтін бұл кісілердің балалары ертең тек ағылшын тілінде сөйлейтін болады (Dalby, 2003).

## Тіл – қалып ретінде


Кейбір тіл мамандарының айтуынша, тіл біздің мәдениетімізді сипаттап қана қоймайды, мәдениетімізді дамытатын қалыпты жасауға да көмектеседі. **Сапир-Уорф болжамы** бойынша (лингвистикалық салыстырмалы болжам деп те аталады) тілдегі грамматика, құрылым және тұжырымдамалар осы тілде сөйлейтін адамдардың ойлау қабілетіне әсер етеді (Deutscher, 2010). Мысалы, немістің *schadenfreude* деген сөзі «басқа біреудің бақытсыздығы есебінен бақытты болу» дегенді білдіреді, яғни біреу қор нарығында ақшасын жоғалтса, енді біреу жығылып қалса соларға күлу деген сөз. Ағылшын тілінде мұндай сөз

**Сапир-Уорф болжамы** бойынша, әр тілдегі грамматика, құрылым және санаттар сол тілде сөйлейтіндердің болмысты қалай көретініне әсер етеді. Мұны кейде лингвистикалық салыстырмалы болжам деп те атайды.

### 2.1-КАРТА. Үйінде ағылшын тілінен басқа тілде сөйлейтін 5 және одан жоғары жастағы АҚШ тұрғындарының үлесі

Бүгінде АҚШ халқының шамамен 20 пайызы үйлерінде ағылшын тілінен басқа тілде сөйлейді, кейбір америкалықтар: «Бұл Америка мәдениеті мен ағылшын тіліне қауіп төндіреді», – деп алаңдайды. Бірақ басқа тілде сөйлейтін бұл адамдардың көбі ағылшын тілінде сөйлей алады, ал олардың балалары тек ағылшынша сөйлеседі.

ДЕРЕККӨЗ: АҚШ Халық санағы бюросы (2011b).



жоқ болғандықтан, Сапир-Уорф болжамы бойынша, осы сезімді ағылшынтілділерге қарағанда немістілді адамдар әлдеқайда жақсырақ сезінуі мүмкін.

Соңғы жылдары бұл теория көп қарсылыққа ұшырады. Көптеген лингвистер тілдер арасындағы айырмашылықтар ойлауға аздап әсер етуі мүмкін десе де (Deutscher, 2010), тіл мен адам ойының әмбебап қасиеттері осы айырмашылықтардан асып түседі деп санайды. Бір тілден екіншісіне аудару қиындықтары тілдер арасындағы танымдық-тұжырымдамалық айырмашылықтарды бейнелейді; дегенмен бұл айырмашылықтарға қарамастан, осы аударманың өзі барлық мәдениеттегі адамдар бірдей лингвистикалық және тұжырымдамалық мүмкіндіктерге ие екендігін көрсетеді (Trudgill, 2000). Schadenfreude сияқты сөздердің жоқтығы ағылшын тілінде сөйлейтіндер біреудің қиындықтарына қуанбайды дегенді білдірмейді.

## Құндылықтар

Мәдениеттің тілден кейінгі ең басты және айрықша қыры – оның құндылықтары. Құндылықтар – қажетті мақсаттар туралы ортақ идеялар (Hitlin & Piliavin, 2004). Әдетте құндылықтар жақсы не жаман, қажетті не қажетсіз болып келеді. Мысалы, АҚШ тұрғындарының көбі бақытты некені қажет деп санайды. Осы және басқа да жағдайларда құндылықтар жалпылама болуы мүмкін. Олар, айталық, бақытты неке неден құралатынын айқын көрсетпейді.

Кейбір мәдениеттер мейірімділік пен ынтымақты бағалайды; енді бірі қатаңдық пен бәсекені қош көреді. Дегенмен барша халықтарға ортақ құндылықтар да бар, сондықтан белгілі бір құндылықтар әмбебап болып келеді. Мысалы, әрбір мәдениет тұрақтылық пен қауіпсіздікті, мықты отбасы мен жақсы денсаулықты бағалайды. Бірақ түрлі мәдениеттер осы мақсаттарға әртүрлі тәсілдермен қол жеткізеді. Көптеген дәстүрлі қоғамдарда адамдар көп бала тәрбиелеп, сол арқылы қауіпсіздікке қол жеткізуге тырысады. Керек кезде сол балалар ата-анасына және бір-біріне көмектеседі. Америка қоғамында жеке тұлғалар банкке ақша салу немесе білімге инвестиция жасау арқылы қауіпсіздігін қамтамасыз етуге тырысады. Ал Тынық мұхиттың солтүстік-батысындағы Квакиутл тайпасының өкілдері байлықты жинау арқылы емес, керісінше, оны сыйға тарту арқылы (өздері мұны «потлач дәстүрі» деп атайды) экономикалық қауіпсіздікке жетуге болады деп санайды. Біреу бөгде адамға сыйлық берсе, оны алған адам болашақта әлгі кісіге көмектесуге міндетті болады. Осылайша, кедейлер қажетті сыйлықтар алып тұрмысын түзейді, ал байлар байлығынан айырылған жағдайда көмекке үміт арта алады. Яғни мәдениеттердің көбі кесапат пен қарттықтың қамын құндылық деп бағалағанымен, бұл мақсатқа жету жолындағы әдіс-тәсілдері әркелкі болып келеді

## Нормалар

Белгілі бір мәдениет шеңберінде кеңінен қолданылатын мінез-құлық ережелерін нормалар дейміз. Нормалар адамдардың не істеуі керек немесе не істемеуі керек екенін көрсетеді. Кейде біз орындайтын істердің тізімі шексіз болып көрінеді. Біз таңертең «қатты шаршадым, бірақ ерте тұруыма тура келеді» деген сөзбен күнді бастап және кешке «қыдырғым келеді, бірақ ертең сабаққа ерте тұруым керек» деп күнді аяқтауымыз мүмкін. Сонымен бірге тісті тазалау керек, көкөніс жеу керек, көршілермен жақсы қарым-қатынаста болу керек және т.б. нор-


## әлеуметтану және сіз

Теледидар, интернет желісі, билбордтар және басқа жерлердегі жарнамалар әлеуметтендіруде маңызды рөл атқарады. Мысалы, Soda жарнамалары бір брендтің басқаларға қарағанда дәмді екенін көрсетіп қана қоймай, сол брендтің пайдаланушылары көңілді, бай, тартымды және басқаларға қарағанда танымал екендігіне көз жеткізуге тырысады. Сіздің сүйікті сусыныңыз қалай жарнамалануда?

**Құндылықтар** – қалаулы мақсаттар туралы ортақ идеялар.

**Нормалар** – адамдардың қалай ойлауы және әрекет етуі керектігін көрсететін жалпы мінез-құлық ережелері болып табылады.

Әдетте күнделікті өмірде ұстанатын нормалар мына сыныптағыдай айқын емес. Соған қарамастан, көпшілігіміз айналамызды бақылау арқылы әлеуметтік нормаларды еш қиындықсыз түсіне аламыз.



малар да жетіп артылады. Тізімнің ұзақтығы соншалық, кейде міндеттер тым көп, ал таңдау тым аз сияқты көрінеді. Әрине, кейбір іс-әрекеттер міндетті емес және таңдау жасауға мүмкіндік береді, бірақ жалпы мәдениеттің мәні – өмір сүрудің тәртібі, орындалуға тиіс ережелер.

Дегенмен нашар жоспарланған жобадан нашар үй салынатыны сияқты, «жаман» немесе дисфункциялы норма түрлі қиындықтарға әкеп соқтырады (Willer, Kuwabara, & Masu, 2009). Мысалы, соңғы жылдары «әркім үлкен үйде тұруы керек, үлкен үй алмаса, ол – ақымақ» деген норманың кесірінен несие төлей алмай, банктер үйлерін тартып алған адамдар көбейді. Кей нормалар бір дәуірде жақсы болса, енді бірі белгілі топқа ғана лайықты болуы мүмкін. Ал кей нормалардың мүлде мағынасы жоқ.

Пайдалы я зиянды болсын, нормалар маңыздылығына қарай әрқелкі болып келеді. Кейбіреулері сән үлгісі тәрізді қысқа мерзімдік, өткінші болады. Енді бірі, айталық, моногамияны (немесе полигамияны) қолдайтын нормалар күшті болады және ұзақ уақыт өмір сүреді, өйткені олар осы мәдениеттің басты бағыты болып табылады. Әдетте нормаларды дәстүрлер және ғұрыптар деп екі топқа бөлеміз.

## Дәстүрлер

Дәстүр сөзі бір топтың әдепкі, қарапайым және дағдылы тәсілдерін білдіретін нормаларды сипаттайды. Дәстүр – тұрақты дәстүрлерді (мысалы, АҚШ-тың тәуелсіздік күні – 4 шілдедегі отшашу) қамтитын, сондай-ақ уақытша сауық пен сәнді де қамтитын (кең немесе тар киім кию сияқты) ауқымды түсінік.

Дәстүрдің ешқандай моральдық құндылығы жоқ. Егер қалыптасқан дәстүрді бұзып, таңертеңгілік гамбургер, ал кешкі асқа сұлы ботқасын жесеңіз, еденге ұйықтап немесе шашыңызды күлгін түске боясаңыз басқалар сізді біртүрлі, қызық немесе есалаң адам деп қабылдауы мүмкін, бірақ олар сізді азғын немесе қылмыскер деп есептемейді.

**Дисфункциялы нормалар** – қоғам мүдделеріне қарсы әрекет ететін нормаларға жатады.

**Дәстүрлер** – әдепкі, қарапайым және дағдылы тәсілдер арқылы жасалатын нормалар.



## Ғұрыптар

Дәстүрге қарағанда моральдық құндылықтарды қастерлейтін нормалар **ғұрыптар** деп аталады. Кешке сұлы ботқасымен тамақтануыңыз сізді «біртүрлілеу» етіп көрсетсе, иттің етін жеу немесе балаңыздың аяқкиіміне қажет соңғы ақшаны ішімдікке жұмсау өзгелердің сізді азғын деп есептеуіне әкелуі мүмкін. Олар сізді полицияға немесе баланы қорғау органына жіберуі ықтимал; сізбен қарым-қатынасын үзіп, тіпті қуғындауы мүмкін. Бұл нормаларды бұзған адамдар азғын деп есептелетіндіктен осы нормаларды жай ғана халықтық дәстүр емес, моральдық ғұрыптар деп білеміз. Моральдық ғұрыпты бұзу міндетті түрде заң алдындағы жауапкершілікке әкелмейді, бірақ кем дегенде бейресми түрде аластауға немесе сөгіс беруге әкеледі. Заң жолымен я бейресми әдістермен жасалған жаза адамдардың моральдық ғұрыпты бұзу ықтималдығын азайтады.

## Заңдар

Ғұрыптар үкімет тарапынан бекітілген кезде, оларды **заңдар** деп атайды. Егер заңдар – нормалар мен құндылықтарға сүйенбейтін болса, күшін жояды немесе полиция оларды орындаудан бас тартады. Алайда заңдар әрдайым халықтың құндылықтарына негізделе бермейді. Мысалы, көлік жүргізіп келе жатып SMS жазуға тыйым салатын жаңа заңдар нормаларды заңдастыру үшін емес, қалыптасып келе жатқан нормаларды өзгерту үшін қабылданды.

*Ұғымдар қорытындысы: құндылықтар, нормалар және заңдар бөлімі осы үш маңызды ұғымдарды салыстырады.*

## Әлеуметтік бақылау

Әлеуметтік бақылау адамдарды өз мәдениеті мен қоғамының нормалары мен құндылықтарын ұстануға ынталандыратын күштер мен процестерден тұрады. Біз нормалар мен құндылықтарды балалық шақтан бастап отбасынан, көршілерден және басқа балалардан үйренеміз.

Біраз уақыттан кейін осы нормалар әдетке айналғаны соншалық, біз басқа жолмен өмір сүруді елестете алмаймыз, олар біздің өміріміздің ажырамас бөлігіне айналады, сондықтан біз оларды шектеулер деп түсінбеуіміз мүмкін. «Тісімді тазалауым керек, әйтпесе достарым мен отбасым менен алыстап кетеді» деп ойламаймыз, оның орнына: «Тісімді тазаламасам жиіркенішті боламын», – деп ойлаймыз. Алайда мыңдаған жылдар бойы ешкім тісін тазаламаған адамды жиіркенішті деп санаған емес. АҚШ тұрғындарының көпшілігі үшін тіс тазалау адамның өзін жақсы сезінудің бір бөлігі болып табылады, мұны істемесе олар өздерін жиіркенішті сезінеді.

Тәрбиенің, оқу мен тәжірибенің арқасында қоғамның көп нормалары бізге табиғи болып көрінеді, сондықтан басқаша әрекет етуді ойламаймыз да.

Идеологиялық өңдеу, оқыту және тәжірибе арқылы қоғамның көптеген нормалары орынды болып көрінеді, сондықтан басқаша әрекет ете алмаймыз. Алайда бірде-бір қоғам осы нормалардың ерікті түрде сақталатынына толығымен сенбейді, сондықтан сәйкесінше шара қолданады: нормаға сай болғандарды сыйақымен ынталандырса, керісінше, нормаға сай болмағандарға жаза қолданады. Кейбір шаралар ресми сипатта болады, мәселен, кодекстер ресми заңды бұзғандар үшін айыппұл және жазалау шараларын белгілейді. Сонымен қатар көптеген ірі ұйымдарда сырқаттанған күндерге, киіну кодексі-

**Ғұрыптар** – неің дұрыс немесе дұрыс еместігі туралы идеялармен байланысты нормалар; олар моральдық құндылықтарға ие.

**Заңдар** – билік құзыретінің күші мен санкциясы арқылы бекітілген ережелер. Олар нормалар болуы да, болмауы да мүмкін.

**Әлеуметтік бақылау** – тәртіпке бағынуға ынталандыратын күштер мен процестер, бұл өзін-өзі бақылау, бейресми бақылау және ресми бақылауды қамтиды.



Билік құзыретінің күшімен және санкциясымен бекітілген ережелерді **заңдар** дейміз. Заңдардың барлығы халықтың нормалары мен құндылықтарына сәйкес келе бермейді. Мысалы, көлік жүргізіп келе жатып SMS жазу – заңға қайшы болғанымен, кең тараған норма.



## Ұғымдардың қорытындысы

### Құндылықтар, нормалар, заңдар

Ұғым	Анықтамасы	Неке тақырыбынан мысал	Құндылыққа қатысы
Құндылықтар	Қажетті мақсаттар туралы ортақ идеялар	Ерлі-зайыптылардың бірге, бақытты өмір сүруі, араларында жыныстық қатынастың болуы-жағымды.	
Нормалар	Жалпы мінез-құлық ережелері	Басқалармен емес, жұбайыңызбен үнемі жыныстық қатынаста болыңыз.	Жалпы қабылданған құндылыққа жету тәсілі
Дәстүрлер	Күнделікті немесе әдеттегі нормалар	Балаларыңызбен емес, жұбайыңызбен бір бөлмені, бір төсекті бөліссіз.	Құндылыққа жету үшін қосымша, бірақ әдеттегі тәсілі
Ғұрыштар	Жағымды және жағымсыз нәрселерді білдіретін нормалар	Некеге адалдықты бұзбайсыз.	Моральдық жағынан құндылыққа қол жеткізудің қажетті құралдары
Заңдар	Мемлекеттік органдардың күші бар ресми мінез-құлық нормалары	Біреудің жұбайын ұрып-соғу заңсыз.	Құқықтық құндылыққа қол жеткізудің қажетті құралдары (нормалар арқылы негізделуі міндетті емес)

не және т.б. байланысты ережелер түріндегі ресми шаралар енгізіледі. Алайда кейбір тиімді шаралардың ресми сипаты жоқ. Ықылас, мақұлдау және ниеттестік сияқты жағымды шаралар нормативтік мінез-құлықтың сақталуына көмектесе, суық қабылдау, жақтырмау және бөлектеу сияқты жағымсыз шаралар нормативтердің бұзылуына әкеліп соғады.

Осы шараларға қарамастан, нормалар әрдайым адамның іс-әрекеттеріне жақсы нұсқаулық бола алмайды, сондықтан нормативтік мінез-құлықты нақты мінез-құлықтан ажырата білу қажет. Мысалы, америкалық қоғамда некедегі адалдыққа байланысты ғұрыптар бар. Алайда жүргізілген зерттеулер нәтижесі Құрама Штаттардағы некедегі ерлер мен әйелдердің жартысына жуығы (Ламапп және т.б., 1994) отбасылық өмірде тұрақсыз (адюльтер) екендігін көрсеткен. Бұл жағдайда мәдениет күтілетін нәтижені білдіреді, сондай-ақ ол нақты мінез-құлықтан айтарлықтай өзгешеленеді. Бірақ бұл норманың маңыздылығын жоққа шығармайды. Кейбір адамдар көпшілік норманы тіптен ұстана алмайтын жағдайларда, ол – мінез-құлықтың маңызды бағыттарына айналады. Нақты мінез-құлық пен нормативтік мінез-құлықтың ауытқуы арасындағы сәйкессіздік – яғни девиантты мінез-құлық әлеуметтік ізденістер мен зерттеулердің басты тақырыптарының бірі болып табылады (6-тарауды қараңыз).

## Мәдени әркелкілік және өзгеріс

Анықтамаға сүйенсек, қоғамдастық мүшелері бір мәдениетті қолданады. Бірақ бұл мәдениет біртекті емес. Келесі бөлімдерде біз мәдениеттердегі әркелкіліктің екі көрінісін, субмәдениеттер мен контрмәдениетті және мәдениетті өзгертетін процестерді қарастырамыз.

### Субмәдениет және контрмәдениет

Бірде-бір қоғам біртекті емес. Әр қоғамда үстем мәдениет, сондай-ақ субмәдениеттер мен контрмәдениеттер болады.

Субмәдениеттер қоғамның жалпы мәдениетіне қатысады, алайда құндылықтардың, нормалардың, өмір салты мен дәстүрлердің, тіпті өзіндік тілдің ерекше жиынтығын сақтайды. Дәстүрлі (тұрмыстық) бауырластықтар мен әйелдер үйірмесіндегі «грек өмірі» субмәдениеттің керемет үлгісі бола алады. Бауырластықтың немесе әйелдер үйірмесінің болашақ мүшелері, ең алдымен, өздерінің сән үлгісі, көңіл көтеру түрлері немесе білім алу дағдылары, сондай-ақ жыныстық қатынасқа, ішімдікке, қоғамға қызмет көрсетуге және білімге қатысты көзқарастары сол ұйым мәдениетіне, яғни «грек өмірі» мәдениетіне сәйкес келетініне көз жеткізуі керек. Содан кейін «қосылған» адамдар белгілі бір рәсімді орындауы тиіс, ол кейде қалжың ретінде болса, кейде қауіпті болуы мүмкін, бұл рәсім бауырластыққа, әйелдер үйірмесіне және оның мәдениетіне қатысты байланыстарды нығайтады. Осы ұйымға қабылданғаннан кейін ұйым мүшелеріне белгілі бір әндер, құпия сөздер сияқты ұйымның дәстүрлерін үйрену керек болады.

Грек субмәдениетінің өз тілі жоқ, бірақ басқа үйдің мүшелеріне арналған өзіндік сленгті терминдері бар. Сондай-ақ өз мүшелері үшін адалдықтан басталатын құндылықтары да жетерлік. Кейбір бауырластықтарда, мысалы, өз мүшелерінен қажет болған жағдайда «бауырларының» оқуына көмектесуін талап етсе; басқа бауырластық мүшелері «бауырларына» емтиханда шпаргалка қолдануды үйрете-

**Шаралар (санкциялар)** – сәйкестікке орай сыйақылар және сәйкессіздіктерге қатысты жазалар.

**Субмәдениеттер** – қоғамның жалпы мәдениетіне қатысатын топтар, бірақ құндылықтардың, норманың, өмір салтының және тіпті ерекше тілдің айрықша жиынтығын сақтайды.

ді. Осындай бауырластық мүшелері ерекше өмір салтын қабылдайды: жыныстық ерекшелігіне сәйкес бөлінген үйлерде бірге тұру, тамақтану, басқа мүшелермен қарым-қатынас жасау дағдылары белгілі бір нормаға сәйкес болады. Осы субмәдениеттің белсенді өкілдері өздері оқитын оқу орнында күшті қолдауға ие болады және осы байланыс оқуын бітіргеннен кейін де жалғаса береді.

Субмәдениет үстем мәдениеттен ерекшеленеді, бірақ оған қарсы келмейді. Ал **контрмәдениет** құндылықтары, мүдделері мен наным-сенімдері және өмір салты бойынша үстем мәдениетпен сәйкес келмейтін топтарға қатысты. Бұл конфликтінің мәнін АҚШ-тың контрмәдени топтары – панктер арасынан анық көре аламыз. Кейбір жартылай панктер шашын қырып тастап, өлім туралы рок әндерін тыңдаса да мектепке баруға немесе жұмысқа орналасуға мүмкіндік табады. Ал хардрок панктер «тура» қоғаммен байланысын үзілді-кесілді үзеді. Олар жұмыс істеуден немесе қайырымдылық көмегін қабылдаудан бас тартады; көбінесе көшеде ашулы кейіпте, аш құрсақ жүріп өмір сүреді. Олар қолдарына тұтастырып татуировка салғызады, киімдеріне немесе қасына түйреуіш тағып алады, себебі басқа адамдарға негізгі құндылықтардан бас тартқанын білдіруі қажет.

## Ассимиляция ма, мультимәдениет пе?

Соңғы кезге дейін көптеген америкалықтар өз қоғамындағы әртүрлі этникалық және діни субмәдениет өкілдеріне басым көпшіліктің мәдениетін қабылдаған дұрыс деп санады. **Ассимиляция** адамдардың үстем топтың құндылықтары мен әлеуметтік тәжірибелерін үйреніп, қабылдау процесін білдіреді, бұл процесте олар өз құндылықтарын толығымен немесе жартылай жоғалтады. 12-тарауда ассимиляция білім беру мекемелерінің негізгі мақсаттарының бірі болып табылатындығы егжей-тегжейлі талқыланған (Spring, 2004). Мектепке баратын иммигрант балалар ағылшын тілінде оқып, жазуды ғана үйренбейді, сондай-ақ америкалық тағамдарды, идеяларды және әлеуметтік тәжірибені өз мәдениетінен артық көруді үйренеді. Мұғалімдер Хуан немесе Май Ли есімді балаларды Джон немесе Мэри деп атауға шақырады. Мектеп бағдарламаларында еуропалықтар мен америкалықтардың тарихына, өнеріне, әдебиетіне, сондай-ақ олардың ғылымға қосқан үлесіне баса назар аударылып, АҚШ-тағы үлес салмағы төмен топтар мен батыстық емес мәдениет өкілдерін елеусіз қалдыру бұрынғыға қарағанда бәсеңдегенмен әлі де жалғасуда.

Алайда соңғы ширек ғасырда АҚШ әртүрлі мәдениеттерді кіріктіретін емес, араластыратын орта бола алатындығына америкалықтардың көздері жетті. Көптеген адамдар бұл «араласу» елге пайдалы екенін және оны жоюдан гөрі дамыту керектігін түсінді. Мұндай көзқарастарды негізінен **мультимәдениеттілік** деп атайды. Осы идеяны басшылыққа алған көптеген мектептер мен университеттер енді америкалық мәдени әркелкілікті нақты көрсететін материалдарды қамтымақ.

## Case Study: кереңдікті субмәдениет ретінде тану

Есту қабілеті қалыпты адамдардың көпшілігі кереңдікті жағымсыз, тіпті сұмдық нәрсе деп есептейді (Dolnick, 1993). Жоқ дегенде емдеуді қажет ететін ауру ретінде қарайды. Дегенмен кейбір саңырау адамдар оны мүгедектік емес, мәдени тенденция деп есептейді (Dolnick, 1993; Padden & Humphries, 2006). Олар үшін кереңдік есту қабілетінің болма-

**Контрмәдениеттер** – құндылықтары, мүдделері, наным-сенімдері және өмір салты көпшілік мәдениетіне сәйкес келмейтін топтар.

**Ассимиляция** – адамдардың үстем топтың құндылықтары мен әлеуметтік тәжірибелерін үйреніп, қабылдау процесі. Бұл процесте олар өз құндылықтарын толығымен немесе жартылай жоғалтады.

**Мультикультурализм** – мәдениеттегі әртүрлі мәдени құндылықтарды бағалап, қолдау қажеттігіне деген сенім.



Саңырау студенттер мәдениетті ортақ деп біледі және кез келген азшылық мәдениетінің құқықтарына ұқсас құқықтарға ие болуымыз керек деп санайды.

уы емес, америкалық сигнал тіліне (АСТ), яғни ортақ тілге негізделген құнды мәдени тенденция болып табылады. АСТ – ағылшын тілінде екі қолының көмегімен сөйлеу ғана емес, сондай-ақ грамматика, сөз иірімдері және поэзиямен толықтырылған тіл. Сонымен қатар АСТ оқытылады және ортақ пайдаланылады. Ести алатын нәрестелер сөйлеуді былдырлаудан бастаса, ести алмайтын сәбилер саусақтарымен «былдырлайды» (Dolnick, 1993). Бұл ортақ тіл, өз кезегінде, ортақ құндылықтардың болуына және ұнамды топтық сәйкестікке жетелейді. Зерттеулер көрсеткендей, көптеген саңыраулар мүмкіндігі бола тұра «есту» тенденциясына қосылуды қаламайды.

Кереңдікті мәдени тенденция ретінде қабылдау, бұрыннан айтылып жүрген көптеген проблеманы қамтиды. Мәдениет проблеманы шешеді, сол сияқты саңыраулардың мәдени тенденциясы да адамдардың қарым-қатынас проблемасын шешуге мүмкіндік береді. АСТ-ны қолдану саңырау адамдардың ортақ құндылықтарын, нормаларын және белгілі бір мәдениетке сәйкестігін ұқтырып, өмірлік тәжірибелерін қалыптастырады. Сол себепті көптеген саңырау адамдар тыңдау құралдарының көбеюіне наразылық білдірді (Arapa-Ward, 1997). Кейбір адамдардың құлағына осы құрылғыларды хирургиялық жолмен енгізгенде дыбыстарды ести алу қабілетін қалпына келтіруге көмектеседі. Алайда дыбыстарды есту олардың мағынасын түсінуді білдірмейді: имплант қолданушылардың көбі әсіресе туғаннан керең балалар бұл дыбыстарды бірнеше ай немесе жылдар бойы жасалған жаттығулардан кейін де түсіне алмайды. Сондықтан құлаққа жағымсыз үндерден көңілі қалады. Кейбір белсенді саңыраулардың пікірінше, имплант қолданатын көптеген бала қалыптасу кезеңінде уақытын мағынасыз күреске, яғни есту әлеміне бейімделуге жұмсайды, ал оның орнына АСТ тілінде сөйлесушіге немесе кереңдер қоғамының лайықты мүшесіне айналуға болар еді. Осылайша, белсенділер есту импланттарын бейтарап медицина технологиясы ретінде емес, естін адамдардың этноцентризмнің үлгісі ретінде қарастырады.

Сонымен бірге саңырау америкалықтар америка мәдениетінде өмір сүретіндіктен (газет оқу, сауда орталығында киім сатып алу,



Күннен-күнге заманауи технологиялар тез таралуда. Жаңа құралдар адамзат қоғамының негізгі қажеттіліктерін қанағаттандыра алады және олар қазіргі заманауи мәдени үлгілерге сай келеді. Көшбасшылар уақыттың орналасқан мекенінің немесе өз билігінің мәдени негіздеріне қарамастан, өз ізбасарларымен тиімді қарым-қатынас орнатуға ұмтылады.

**Мәдени сіңісу (диффузия)** – бір мәдениеттің немесе субмәдениеттің құрамдас бөліктерін басқа мәдениетпен біріктіру процесі.

естітін адамдармен бірге жұмыс істеу), кереметті мәдениет емес, субмәдениет деп қарастырған жөн. Есту импланттарын қолданатын саңырау балалар АСТ тілін де оқуы керек деп ойлайтындар – балалардың кереметер әлемінде де, еститіндер әлемінде де өздерін ыңғайлы сезінуі үшін мультимәдениет үлгісі пайдалы деп біледі. Естімейтін балалар қазіргі заманда өмір сүруге бейімделе алады деп есептейтіндер – бұл балалар қол символдары арқылы сөйлесуді ешқашан үйренбей, тек импланттарды қолданып сөйлеуді, естуді үйренсе есту әлемінде толық ассимиляциялануына мүмкіндіктері бар деп пайымдайды.

## Мәдени әркелкілік пен өзгеріс бастаулары

Мәдениет ортақ және ортақ емес проблемалардың шешімдерін табады. Дайын шешімдердің өз айырмашылықтары болады. Бұл айырмашылыққа қоршаған орта, оқшаулану, мәдени араласу (диффузия), технология, бұқаралық ақпарат құралдарының әсері және басым мәдени тақырыптар себеп болады.

### Қоршаған орта

Неліктен француздар Аустралияның байырғы тұрғындарынан ерекшеленеді немесе финдер наваходан өзгеше? Мұның бір себебі – олардың өмір сүру ортасының жағдайы әртүрлі болуы. Бұл жағдайлар экономиканың қандай түрі өркендеуі мүмкін екенін, киім мен азық-түліктің қай түрлерінің қолайлы екендігін және олардың жетіспеушілік немесе молшылық шамасын анықтауға көмектеседі.

### Оқшаулану

Бір мәдениет басқа мәдениеттермен өзара әрекетке түсуден бас тартқан кезде бірегей нормалар мен құндылықтарды дамытуы ықтимал. Егер оқшаулану басқа адамдармен араласу мүмкіндігінен айырса (мысалы, осы уақытқа дейінгі Жаңа Гвинея тауларында), онда мәдениет еш өзгеріссіз өз жолымен жалғасуы мүмкін. Дегенмен ХІХ ғасырдан бері ешбір мәдениет басқа мәдениеттерден оқшауланып қала алмайтын болды.

### Мәдени сіңісу

Егер мәдениеттердің тұрақтылығы мен бір-бірінен өзгешеленуіне басты себеп – оқшаулану болса, мәдениеттің өзгеруі мен уақыт өте келе басқа мәдениетке ұқсас болып кетуінің негізгі себебі мәдени сіңісу (диффузия) болып табылады. Мәдени сіңісу – бір мәдениеттің немесе субмәдениеттің құрамдас бөліктері басқа мәдениеттің бір бөлігіне айналу процесі. Мысалы, Мехико қаласының көптеген тұрғындары McDonald's гамбургерлерінің тұрақты тұтынушылары болып қана қоймай, біртіндеп мексикалық отбасылық тағам құндылығына деген дәстүрлі сенімдерін тез тамақтану құндылығына деген сеніммен алмастырды. Сонымен қатар америкалықтар енді жыл сайын кетчуп соусымен қоса сальса соусын да сатып алады.

Кең ауқымда алғанда, мәдени сіңісу мәдениет жаһандануына айналады, яғни мәдениет элементтері (сән тенденциясы, музыкалық

Назар  
аударыңыз



## ЖАҒАНДЫҚ КӨЗҚАРАС

### Голланд мәдениетінің сабақтастығы мен өзгерістері

**Н**идерланды – Батыс Еуропадағы кішігірім мемлекет, шығысында Германиямен, оңтүстігінде Бельгиямен, солтүстігінде және батысында Солтүстік теңізбен шектеседі. Елдің дәстүрлі мәдениеті өз қоршаған ортасына байланысты маңызды фактіні қалыптастырды: елдің төрттен бір бөлігі теңіз деңгейінен төмен, ал үштен екісін су басу қаупі бар. («Нидерланд» сөзі голланд тілінде «төмен ел» дегенді білдіреді.) Нидерландты алапат су тасқынынан қорғайтын жалғыз нәрсе – бөгеттер мен жасанды құм төбелердің желісі.

Бірнеше ғасыр бұрын басталған осы желіні құру және сақтау қажеттілігі голланд қоғамының барлық құрылымын елдің жалпы қауіп-қатерін мойындауға мәжбүрледі және оларды су тасқынының алдын алу үшін үнемі бірлесіп жұмыс істеуге міндеттеді.

Көптеген адамдар осы жағдай голланд қоғамының барлық құрылымдары арасында толеранттылықты, консенсусты және өзара қолдауды бағалайтын мәдениеттің қалыптасуына мүмкіндік туғызды деп санайды (Shorto 2009; Mares & Robben, 2011). Мысалы, Нидерландта кәсіподақтар жұмысы жолға қойылған, сондықтан ереуілдер сирек кездеседі, себебі кәсіподақтар, жұмыс берушілер және мемлекет барлық тараптарға пайда әкелетін келісімдер жасау үшін бірлесіп жұмыс істейді (Fuller 2004, Mares & Robben 2011). Теңіз Нидерландқа қауіп төндірсе де, оның экономикасы мен мәдениетіне негіз болды. Елдің теңізге жақын орналасуы, сондай-ақ бірнеше экономикалық маңызы зор өзендер мен порттардың (әсіресе, Роттердамның) болуы көптеген голландтықтардың теңізші, бәлікші кәсібімен айналысуына мүмкіндік берді. Бұл, әрине, материалдық мәдениеттің көптеген қырларының (адамдардың тамақтануының, киінуінің және т.б.) негізін қалады. Сонымен қатар осы табиғат байлықтары голланд-

тықтардың фермерлер мен трейдерлер ретінде Еуропа мен бүкіл әлемге өз өнімдерін тасымалдауына және сату-дың арзан жолын табуына мүмкіндік берді. Халықаралық саудаға шығу Нидерланд халқын ұлт байлығына үлес қосатын кез келген адамды еліне, дініне немесе ұлтына қарамастан құшақ жайып қарсы алуға үйретті. Бұл Голланд мәдени құндылығы ретінде толеранттылықты нығайтты. Суық қыспен үйлескен су қорының болуы конькимен сырғанау мен хоккейдің танымал спорт түріне (бүкіл Еуропада өте танымал футболға қосымша) айналуына ықпал етті. Сол сияқты дымқыл, лас жерде жұмыс істейтін фермерлердің аяғынан сыз өткізбейтін, мықты құралдар мен сиырдың тұяқтарынан тамаша қорғайтын ағаштан жасалған шабата (сабо) аяқкиімі голландтықтардың күнделікті өмірінің бір бөлігіне айналды.

Бұл – табиғи ортаның голланд мәдениетін қалыптастыруына келтірілген кейбір мысалдар ғана.

талғамдар және мәдени құндылықтар) бүкіл әлемге таралады. Бүгінгі таңда Мумбай, Сенегал немесе Перудегі такси жүргізушілері өз радиосынан америкалық танымал музыканы тыңдайды, ал америкалықтар француз және қытай мейрамханаларында тамақтану мүмкіндігіне ие болды. Болашақта мәдениеттің жаһандануы интернеттің арқасында тез қарқын алмақ.

Мәдениеттің жаһандануы – осы тарауда талқыланатын ауқымды жаһандану тақырыбының бір бөлігі. «Жаһандық көзқарастар: Голланд мәдениетінің сабақтастығы мен өзгерістері» бөлімі табиғи ортаның ұлттық мәдениетке қалай әсер ете алатынын мысалмен дәлелдейді.

## Технология

Мәдениетке ықпал ететін құралдар, оның нормалары мен құндылықтарына, сондай-ақ экономикалық және әлеуметтік қатынастарына да әсер етеді. Мысалы, Facebook әсіресе жастар арасында құпиялыққа қатысты көзқарасты айтарлықтай өзгертті. Қазіргі кезде көптеген жастар ата-аналары көріп қалса қаншама жайсызданатынына қарамастан, желіде құпия ойларын, күнделікті жаңалықтарын бөлісуді, сондай-ақ ашық фотосуреттерін жариялауды қалыпты жағдай деп санайды. Сонымен қатар бұл жаңа технология тек құпиялылыққа қатысты көзқарасқа ғана емес, құпиялылыққа

Назар  
аударыңыз



## БҰҚАРАЛЫҚ АҚПАРАТ ҚҰРАЛДАРЫ ЖӘНЕ МӘДЕНИЕТ

### БАҚ және көңілден шығатын дене бітімі

Соңғы бірнеше онжылдықта америкалықтардың салмағы біршама ауырлады. Дегенмен журналдар, фильмдер, теледидар, тіпті видео ойындары әдепкі америкалық қыздар мен әйелдер арасында өте сирек кездесетін әйел дене бітімін жиі көрсетеді (Wykes & Gunter, 2005; Grogan, 2008). Сонымен қатар жігіттер мен ер адам денесінің медиалық бейнелері артық салмақсыз, бұлшық етті және сымбатты денені дәріптейді (Pore және т.б., 2000). Нәтижесінде, медиабейнелер және ерлер мен әйелдердің шынайы дене бітімдері арасындағы айырмашылық айтарлықтай алшақтап бара жатыр. Бұл америкалық мәдениетке, сондай-ақ жас жігіттер мен қыз-келіншектердің өз дене бітіміне қанағаттануына қалай әсер етуде? Бұл бұқаралық ақпарат құралдарында сирек көрсетілетін ақ нәсілді емес америкалықтар мен латынамерикалықтарға өзгеше әсер етті ме?

Көптеген ғалымдар бұқаралық ақпарат құралдарындағы жасанды бейнелер жастардың арасында тартымдылық туралы мәдени түсінікті өзгертіп, дене бітіміне қанағаттану сезімін төмендетті деп санайды. Нәтижесінде, жастар көбінесе артық салмақтан арылуға тырысады немесе ағзаға қауіпті тамақтану диеталары, стероидтар немесе жаттығу арқылы бұлшық етті өсіруге тырысады. (Wykes & Gunter 2005; Grogan 2008). Көптеген сауалнамалардан алынған нәтижелер адамдар қаншалықты бұқаралық ақпарат құралдарының ықпалына ұшыраса, соншалықты өз дене бітіміне қанағаттанбауы мүмкін екенін көрсет-

кен. Еркектер де, әйелдер де осыдан жапа шегеді, бірақ әйелдің келбетімен салыстырғанда еркектің сыртқы келбеті басқа адамдар үшін маңызды емес екенін түсінгендіктен болар, еркектер азырақ қиналады (Wykes & Gunter 2005; Grogan 2008). Сондай-ақ сауалнама нәтижелері ақ нәсілді емес америкалықтар мен латынамерикалықтар арасында дене бітіміне қанағаттану деңгейінің төмендегенін көрсеткен, оған себеп осы топтардың медиабейнелері және осы топтар мен ақ америкалықтар арасында әлеуметтік өзара әрекеттесудің жиі болатындығы (Grogan, 2008).

Басқа ғалымдар бұл тұрғыда мәдениет пен жастар әлдеқайда тұрақты екенін айтады. Кейбіреулер бұқаралық ақпарат құралдарын қарау мен дене бітіміне қанағаттанбаудың арасындағы байланыс жалған корреляция болуы мүмкін дейді және оған басқа бір нәрселер себеп болуы мүмкін деп пайымдайды. Кейбіреулердің пікірінше, адамдар бұқаралық ақпарат құралдарын автоматты түрде қабылдамай, БАҚ-тан көргендері мен оқығандарын сыни түрде бағалауы мүмкін.

Осы проблемаларды зерттеу үшін әлеуметтанушылар халықтың БАҚ-ты қалай қолданатыны туралы сұхбат жүргізді. Мелисса Милкидің жүргізген сауалнамасына сәйкес (1999), мысалы, афроамерикалық қыздар мен ақ нәсілді қыздар өз жауаптарында журналдардағы сән үлгісін көрсетуші қыздардың сымбатты дене бітімі шындыққа сәйкес келмейтінін айтқан. Алайда ақ нәсілді қыздар сол суреттерге сәйкес келуге тырысады екен, себебі достары мен жігіттері сол бейнелермен салыстырады деп ойлайды. Керісінше,



Бұқаралық ақпарат құралдары өте арық әйелдерді тұрақты бейнелеу мен дәріптеу арқылы жастардың өз дене бітіміне қанағаттанбауына теріс ықпалын тигізді.

афроамерикалық қыздар бұқаралық ақпарат құралдарының тек ақ нәсіл мәдениетін бейнелейтінін және достары мен жігіттерінің де дәл солай ойлайтынын айтқан. Алайда олар БАҚ стандарттарына сай болу жөнінде аса алаңдаушылық танытпаған.

Милкидің қол жеткізген нәтижелері: 1) жеке тұлғалар бұқаралық ақпарат құралдарының белсенді тұтынушысы болып табылады, (2) түрлі аудиториялар бірдей медиахабарларды әртүрлі қабылдайды және (3) бұқаралық ақпарат құралдары мәдениетті, жеке көзқарастарды, іс-әрекеттерді қалыптастыруға аздап болса да үлес қосады, себебі адамдар өздерін басқа адамдардың «бұқаралық ақпарат құралдарымен нақтыланған» көзқарастары арқылы бағалайды.

қол жеткізуге де (немесе тыйым салуға) әсер етті. Мәселен, достарына жіберілген ашық фотосуретті немесе сауық кешінің суреттерін кейінірек ата-аналары, мұғалімдері немесе болашақ жұмыс берушісі көріп қоюы мүмкін. Соңында, Facebook желісі әлеуметтік қарым-қатынасқа («желідегі достық») жол ашты және қарым-қатынасты басқарудың мәдени тәсілдері («достық») туралы жаңа проблемаларды көтерді.

## Бұқаралық ақпарат құралдары

Бұқаралық ақпарат құралдары бұқаралық мәдениеттің үлгісі, яғни қолжетімді және кең таралған мәдениеттің бір бөлшегі болып табылады. БАҚ-қа фильмдер, теледидар, романс немесе ғылыми фантастика сияқты жанрлық шығармалар, сондай-ақ интернеттен алынған танымал әндер кіреді (керісінше, жоғары мәдениет, ең алдымен, опера немесе қазіргі заманғы өнер секілді орта және жоғарғы деңгейлі мәдени құндылықтармен шектеледі).

БАҚ қолда бар мәдени құндылықтарды көрсете ме, әлде осы құндылықтарды өзгерте ме деген сұрақ зерттеушілер үшін маңызды проблемаға айналып отыр. Бұған «екеуі де дұрыс болуы мүмкін» деген жауап бар. Мысалы, ХХ ғасырдың басым бөлігінде фильмдер мен телевизия афроамерикалықтарды еріншек немесе ақымақ деп бейнеледі (Entman & Rojeski 2000). Бұл – сол кезеңдегі америкалықтардың мәдени нанымдарын көрсетеді. Дегенмен бұл күндері Уилл Смит фильмдерде романтикалық рөлдерді, атыс-шабыс фильмінің кейіпкерін немесе ақылды заңгер рөлін сомдай алады. Америкалық мәдениеттегі әлеуметтік өзгерістер актерге осы рөлдерді сомдауға мүмкіндік берді. Бұл фильмдер ақ нәсілді америкалықтарға афроамерикалықтардың тартымды, әдепті, ақылды және кәсіпқой бола алатындығын көрсетумен қатар, көп мәдени өзгерістер жасады. Сөйтіп, ақ нәсілді америкалықтар Уилл Смитті фильм кейіпкері ретінде қабылдады, сондай-ақ Барак Обаманың президент сайлауында жеңіске жетуіне көмектесті. Бұл бұқаралық ақпарат құралдарының әсері мәдени өзгерістердің көзі бола алатынын көрсетеді. «БАҚ пен мәдениет: БАҚ және көңілден шығатын дене бітімі» бөлімі медианың жас ерлер мен әйелдердің өз дене бітіміне қанағаттану деңгейіне әсер ететіндігін көрсетеді.

## Басымдыққа ие мәдени тақырыптар

Мәдениеттер әдетте өзгеше сипаттағы және бағыт-бағдар нұсқайтын салмақты тақырыптарды қамтиды. Бұл тақырыптар ішінара жабық жүйе түзеді. Жаңа идеялар, құндылықтар мен өнертабыстар қолданыстағы үлгілерді тым бұрмаламай, мәдениетке ене алған жағдайда ғана қабылданады. Мысалы, Сиу мәдениеті мылтық пен жылқыны тез қабылдады, өйткені бұл құралдар аң аулау мәдениетімен жақсы үйлеседі. Бірақ Сиу мәдениеті ағаштан салынған үйлер мен жекеменшік жер сияқты ағылшындар мен америкалықтарға тән мәдени артықшылықтарды қабылдай алмады, себебі бұл артықшылықтар Сиудың көшпелі және қауымдық өмір салтына сәйкес келмеді.

## Case Study: америкалық жұлдыздар мәдениеті

1980 жылдардан бастап танымалдық америкалық мәдениетте басым тақырыпқа айналды (Halpern, 2007; Marshall, 1997). Кабельді телеарнаның қарқынды дамуы көптеген адамдардың эфирге шығып, қоғамда белгілі болуына жол ашты. Содан кейін 1988 жылғы жазушылар ереуілі телехабар таратушыларын сценарий талап етпейтін телевизиялық шоуларды іске қосуға мәжбүр етті. Бұл шоу «қарапайым» белгісіз адамдарға талантсыз-ақ әйгілі болуға мүмкіндік берді. Содан бері YouTube және басқа интернет-сайттар адамдардың көпшілік арасында танымал болуына ықпал етуде, тіпті кейбір жағдайларда қысқа мерзімге атақ-даңқ әкелуде (Sternheimer, 2011). Даңққа тек музыканттар мен актерлер ғана емес, сонымен қатар

**Бұқаралық мәдениет** – қоғамның көптеген мүшелері арасында әсіресе орта, жұмысшы және төменгі тап өкілдері арасында кеңінен таралған мәдени құндылықтардан түзіледі.

**Жоғары мәдениет** – жоғары деңгеймен байланысты мәдени артықшылықтардан тұрады.



## әлеуметтану және сіз

Мәдениеттер айырмашылығының тағы бір көрінісі – бәсекені қалай бағалайтыны. Құрама Штаттардағы бастауыш мектепте оқыған болсаңыз, сізді мұғалімдеріңіз жоғары баға алу үшін көбірек хоум-ран (бейсбол ойынындағы жеңісті жүгіру) жасауға немесе «ең жақсы» киім үшін бәсекелесуге талпындырғаны есіңізде шығар. Егер сіз Африкада өскен болсаңыз мұғалімдер де, балалар да сізді бәсекелескеніңіз үшін жазалаған болар. Оның орнына мұғалімдеріңіз сізді сыныптастарыңызға көмектесуге және топтың игілігі үшін бірге жұмыс істеуге шақыруы ықтимал. Бұл айырмашылық Африкадан АҚШ-қа немесе АҚШ-тан Африкаға қоныс аударған балалар үшін мәдени соққы болуы мүмкін.

қарапайым адамдар да қол жеткізе алады. Мысалы, әкесі YouTube торабына баласының қызықты бейнесін орналастырғаннан кейін әлгі бала танымал болды, бейнебаянда баланың тіс дәрігерінен шығып, үйіне қайтып келе жатқанда анестезия әсерінен дүниені сезінуге тырысқан кезі көрсетілген еді.

Жұлдыздар мәдениетінің өрлеуін көрсету және нығайту үшін көптеген журналдар қазір әйгілі адамдарға ғана арналады: олардың кейбіреулері (Пэрис Хилтон және Ким Кардашян сияқты), ең алдымен, елге танымал болғандықтан әйгілі. Қазір веб-сайттар, блогтер, телевизиялық шоу-бағдарламалар және газеттер танымал адамдар туралы көбірек ақпарат таратып, сайлау қорытындысы мен жұмыссыздық деңгейінің өзгеруі сияқты жағымсыз жаңалықтарды аз қамтуда.

Жұлдыздар мәдениетін күлкі қылу, америкалық мәдениеттің танымалдыққа баса назар аударуы жас америкалықтарды алдына мақсат қоюдан алшақтатады деп санау оңай екені рас. Дегенмен жұлдыздар мәдениетінің жағымды жағы да бар. Мәселен, адамдар белгісіз әлдекімдердің Project Runway бағдарламасында сәнді киім үлгісін жасау арқылы немесе American Idol шоуында ән айту арқылы атақ пен табысқа қол жеткізгендерін көріп, өз таланттарын дамытуға шабыттанады. Сонымен қатар атақ-даңқ құндылығы туралы мәдени келісім америкалықтарды біріктіріп, олардың ортақ сөздік қоры мен талқылайтын тақырыптарын қалыптастырады («Леди Гаганың соңғы киім үлгісі ұнамады ма?» «American Idol әділ қазылары дұрыс таңдау жасады деп ойлайсыз ба?»).

## Мәдени әркелкілік пен өзгерістің салдары

Ешбір мәдениет мәңгілікке оқшауланбайды және олардың бірде-бірі өзгеріссіз қалмайды. Дегенмен мәдени әркелкілік пен өзгеріс қоғамдағы қазіргі қиындықтарды жеңуге көмектеседі, бірақ олар жаңа қиындықтар тудыруы мүмкін. Осындай екі проблема – мәдени артта қалу және мәдени соққы алу.

### Мәдени артта қалу

Мәдениеттің бір бөлігі басқа бөліктеріне қарағанда жылдамырақ өзгерсе, әлеуметтік қиындықтар туындауы мүмкін. Бұл жағдай мәдени артта қалу деп аталады (Brinkman & Brinkman, 1997). Мәдени артта қалу, көбінесе әлеуметтік тәжірибелер мен құндылықтар технологиялық өзгерістерге ұшырамаған кезде пайда болады.

«Секстингтің», яғни ұялы телефондар арқылы жыныстық қатынасқа шақыратын суреттер жіберудің көбеюі – заң, құндылықтар мен әлеуметтік тәжірибелер технологиялық өзгерістен артта қалғанда туындайтын проблемаларды суреттейді. Секстинг жастар үшін күнделікті өмірдің бір бөлігі ретінде қабылданады. Ауқымды бір зерттеуге сәйкес, жасөспірімдердің 20 пайызы және 26 жас аралығындағы жастардың 33 пайызы секстингпен айналысады (Hamill, 2009). Бірақ ересектер арасында мәдени құндылықтар да, заңдар да (ересек адамдар түсінігіндегі) осы өзгеріске ере алмады. Нәтижесінде, кейбір секстингпен айналысатындарға балалар порнографиясына қатысты айып тағылып, өз фотосуреттерін достарына жіберіп жатса да қамауға алынған.

**Мәдени артта қалу.** Мәдениеттің бір бөлігінің басқасына қарағанда жылдам өзгеруін – мәдени артта қалу дейміз.

Секстинг заңды санкциялар болмаған кезде де қауіп төндіреді: сол сауалнама барысында жасөспірімдердің үштен бірінен астамы және 20–26 жас аралығындағы адамдардың жартысы өзіне келген әдепсіз фотосуреттерді көбінесе басқа адамдарға жіберетінін айтқан. Нәтижесінде, әдепсіз суреттер жіберетін адамдар сол фотосуреттерді кім көретінін бақылай алмайды және бұл олардың беделіне ықпал етуі мүмкін.

Осы мысалда суреттелгендей, технологиялық өзгерістер қоғамға әлеуметтік құндылықтар, нақты құқықтық шешімдер немесе олардың қалай әрекет етуі керектігін анықтайтын стандартты әлеуметтік тәжірибелер арқылы келмесе елеулі әлеуметтік проблемалар туындауы мүмкін.

## Мәдени соққы

Сайып келгенде, мәдени әртүрлілік пен мәдени өзгерістер өмір сапасын жақсартады. Алайда қысқа мерзімді кезеңде адамдар әртүрлілікті де, өзгерісті де үреймен қабылдайды. Мәдени соққы адам басқа мәдениетке тап болған кезде пайда болуы мүмкін ыңғайсыз және жағымсыз әсерлерді білдіреді. Мысалы, Грекияда жұмыс істейтін америкалық азаматтар Грекия тұрғындарының таныстарын көрген кезде құшақтасатынына немесе кез келген бір адаммен сөйлескен кезде өте жақын (америкалық стандарттар бойынша) тұратынына таңғалады. Керісінше, Америка Құрама Штаттарында жұмыс істейтін гректер америкалықтардың жай ғана қол алысып сәлемдесуін және әңгімелесу кезінде біршама арақашықтықты сақтауын ыңғайсыз көреді. Нәтижесінде, америкалықтар гректерді тым арынды немесе жыныстық тұрғыдан тым еркін, озбыр деп қорытынды жасаса, гректер америкалықтарды маңғаз немесе суық деп сипаттайды.

## Жаһандану

Мәдени соққылар туралы пікірталастарға сүйенсек, мәдени өзгерістер тек бір қоғамның ішінде ғана емес, сонымен қатар қоғамдар арасында да болуы мүмкін. Кең мағынасында бұл мәдениет жаһандануы деп аталады. Жалпы алғанда, жаһандану процесі идеялардың, ресурстардың, тәжірибелер мен адамдардың көбіне жергілікті деңгейде емес, бүкіләлемдік деңгейде әрекет ету процесін білдіреді (Ritzer, 2011). Жаһандану жалпы әлем мен ондағы мәдениеттерге осындай әсерін тигізгендіктен, біз бұл бөлімді жаһандану көздері мен оның экономикалық, саяси және мәдени ықпалдарына арнаймыз.

## Жаһандану көздері

Жаһандану технологиялық және саяси күштердің бірігуінен туындайды (Ritzer, 2011). Интернет, электронды пошта, ұялы телефон және спутниктік телефондар және басқа құралдардың пайда болуы корпорациялар мен жеке адамдардың өз өнімдерін жеңіл, арзан әрі жылдам сатуына, халықаралық деңгейде инвестициялауына және жұмыс жасауына оң әсерін тигізді. Сөйтіп, жүк және әуе тасымалының шығындары уақыт өте келе арзандай бастады.

**Мәдени соққы** – басқа мәдениет ықпалына ұшыраудан туындайтын ыңғайсыздықты білдіреді.

**Мәдениет жаһандануы** – мәдениет элементтерінің (соның ішінде, музыкалық стильдер, сән тенденциялары мен мәдени құндылықтар) бүкіл әлемге тарау процесі.

**Жаһандану процесі** – идеялардың, ресурстардың, тәжірибелер мен адамдардың барған сайын жергілікті деңгейде емес, әлемдік деңгейде әрекет етуі.

Саяси өзгерістер жаһандануға да ықпал етті. 1991 жылы Кеңес Одағы ыдырағаннан кейін оның орнында пайда болған мемлекеттер (Белоруссия мен Эстония сияқты), сондай-ақ саяси билігі тарапынан (Польша мен Армения сияқты) шектеліп қалған елдер капиталистік экономикалық жүйеге ұмтылды. Шикізат көздерін тауып, өнім өндіру үшін басқа елдермен экономикалық, саяси және мәдени байланыстар орнату қажет болды.

Кеңес Одағының ыдырауы, сонымен бірге мемлекеттерге халықаралық сауда кедергілері тудыратын саяси шиеленісті төмендетті. Енді Еуропа елдері – Кеңес Одағынан құтылған кезде, олар Еуропалық Одақ (ЕО) түріндегі континенттік үкіметке бірікті. Осы одақ көлемінде тауарлар, жеке тұлғалар мен қызметтер арасындағы қатынастар бұрын-соңды болмаған еркіндікке ие болды. Польша дәрігерлері қазір Финляндиядан жоғары ақы төленетін жұмыс орындарын іздей алады, фин дәрігерлері Швецияда жұмыс істейді және швед дәрігерлері виза немесе иммиграциялық заңдарға алаңдамай, Ұлыбританиядан жұмыс іздей береді. Неміс зауыттары өз өнімдерін Испанияға тасымалдап, сата алады, ал испан зауыттары өз өнімдерін Грекияға аз құжаттармен немесе төлемақы тарифтерімен жібереді. Сол сияқты 1994 жылы Канада, АҚШ және Мексика арасындағы сауда кедергілерін азайту мақсатында – Солтүстік Американың еркін сауда туралы келісімі (NAFTA) қабылданды. Соңғы кездегі экономикалық құлдырау, кейбір елдерді өз фермерлері мен өндірушілерін қорғау үшін сауда кедергілерін күшейтуге мәжбүрлегенімен, жаһандану қуатты күш болып қала береді.

## Жаһанданудың ықпалы

Жаһандану – аса қуатты күш. Ол әлем мәдениетіне, экономикасы мен саясатына, сондай-ақ қоғам өмірінің барлық салаларына әсер етуде.

### Мәдени ықпал

Найробиде жастар америкалық хип-хоп музыканы тыңдап, «Pepsi» ішеді. Нью-Йорк қаласының жастары Ямайка регги концерттеріне барып, Гарри Поттер туралы кітаптарды оқиды. Үндістанда Голливуд фильмдері «Болливуд» (Бомбейде шығарылған) фильмдерімен бәсекеге түседі. Мұның бәрі – мәдениеттің ғаламдық таралуына мысалдар; себебі кинофильмдер, телевизиялық шоу, музыка, әдебиет және басқа өнер туындылары барған сайын бүкіл әлемге таралып, әлемдік қолданысқа түсуде.

Бұқаралық мәдениеттің осы элементтері көңіл көтеруді ғана емес, мәдени құндылықтарды да қамтиды. Үндістан жасөспірімдері америкалық фильмдерді көргенде, олар АҚШ-тағы соңғы сән үлгісімен, музыкамен танысып қана қоймай, сонымен қатар дәстүрлі үнділік тәжірибелерге, мысалы, ата-аналары келіскен некеге түру, әйелдердің бағынышты болуы, ата-аналар сөзіне мойынсұну және отбасы жеке адамнан маңыздырақ деген сенімдерге күмән келтіре бастайды. Осы себептен дүниежүзінде адамдардың көбі жаһанданудың адамдарға әсіресе балалардың мәдени құндылықтарына оң ықпал етеріне күмәнмен қарайды.

### Экономикалық ықпал

Жаһандану, сондай-ақ тауарларды сатуға да, шығаруға да экономикалық ықпалын тигізді. Әртүрлі елдерде өмір сүретін адамдар

арасында экономикалық белсенділік артуда. Бұл күндері орыстар Coca-Cola сатып алса, америкалықтар «Тойота» сатып алады. Жаһандану – тауарлар халықаралық ауқымда шығарылған кезде орын алады. Мысалы, «Тойота» сияқты ұлтаралық корпорация бір елден тауар шикізаттарын сатып алып, олардан екінші бір елде автомобиль бөлшектерін өндіреді, үшінші елде машиналарын жинайды, төртінші елде қалдықтарды өңдейді. Сөйтіп, бүкіл әлемге өз машиналарын сатады.

Байқаушылардың осындай халықаралық экономикалық кәсіпорындардың әсерін бағалауында айтарлықтай ерекшелік бар (Wade, 2001; Bordo et al., 2003). Олардың кейбірі халықаралық қаржы байланыстары экономикалық өсімді ынталандыра отырып, өмір сүрудің барлық деңгейін жақсартады және өзара тәуелді (бейбіт) әлем құруға себеп болады деп үміттенеді (Stiglitz, 2003). Басқалары ұлтаралық корпорациялар кедей елдерден шикізат өндіру арқылы жергілікті тұрғындарға мардымсыз жалақы төлеп, дамыған елдерде заңсыз болып табылатын зиянды жағдайларда жұмыс істету арқылы сол елдерге залал келтіріп жүргенін, ал барлық пайдасын бай елдер көріп отырғанын айтады (Petras & Veltmeyer, 2001; Wallerstein, 2004).

Сыншылар да дамыған елдердегі экономикалық жаһанданудың әсеріне күмәндана қарайды (Publicitizen, 2008). Мысалы, 2000–2010 жылдар аралығында Құрама Штаттардан 3 миллионға жуық жұмыс орны еңбекақысы төмен басқа елдерге ауыстырылды (Wessel, 2011). Сол себептен басқа америкалық қызметкерлер жұмыс орындарын шетелге көшірмес үшін жалақысы мен сыйақысын қысқартқанға көнді. Сол сияқты бастапқыда зауыттарын АҚШ-тан Мексикаға көшірген көптеген корпорациялар осы зауыттарын Қытайға немесе Вьетнамға көшірді. Мәселе мынада: бұл жаһандық жұмыс қозғалысы жұмыс орындарын бай елдерден кедей елдерге ауыстыра отырып жалпы табысты көтере ме, әлде табысты нарықтың ең төменгі қатысушыларының деңгейіне дейін төмендете ме? Деректерге ден қойсақ: «Жаһанданудың құрамдас бөліктерінің халықаралық деңгейде мақұлданбауы» бүкіл әлемдегі жаһандану жағдайына қатысты көзқарасты көрсетеді.

## Жаһанданудың ықпалы

Жаһандану ел ішіндегі және мемлекеттер арасындағы саяси биліктің теңгеріміне қалай әсер етті? Кейбір байқаушылар ұлтаралық корпорациялар ауқымы мен байлығы жағынан қазіргі уақытта көптеген мемлекеттерден асып түсетінін айтады. Корпорациялардың капиталды, жұмыс орындарын және әл-ауқатты бір елден екіншісіне көшіру мүмкіндігі кез келген елдің заңдарын басып өтуіне мүмкіндік береді (Sassen, 2001). Ел экономикасы ұлтаралық корпорацияға тәуелді болғанда, мемлекеттің ол корпорациядан бас тартуға мүмкіндігі болмайды. Мысалы, Гватемаланың АҚШ-қа тиесілі United Fruit компаниясының еңбек тәжірибесін бақылауда мүмкіндігі шектеулі, себебі корпорация қалаған жағдайда ел экономикасына кері әсерін тигізуі мүмкін (Amago et al., 2001).

Халықаралық ұйымдар (Дүниежүзілік банк, Халықаралық валюта қоры және Біріккен Ұлттар Ұйымының халықаралық қылмыстық соты) санының күрт өсуі – жаһандану процесінің тағы бір көрінісі. Бұл ұйымдардың негізгі алғышарты – ел үкіметінің ықпалын бәсеңдету, мемлекеттердің халықаралық мақсаттарға (мысалы, еркін нарықтарды ілгерілету, саяси тұтқындарды азаптауды тоқтату немесе сауда кедергілерін азайту) сай келуі үшін қысым



Жаһандану америкалық өнімдер мен америкалық мәдени құндылықтарды бүкіл әлемге таратып отырғандықтан, ол басқа қоғам мәдениеттеріне қарсы келуі мүмкін. Нәтижесінде, жаһандану мемлекет көлемінде де, АҚШ пен басқа мемлекеттер арасында да шиеленісті күрт арттыруы ықтимал.

## Деректерге ден қойсақ

### Жаһанданудың құрамдас бөліктерінің халықаралық деңгейде мақұлданбауы

#### Келісетіндер пайызы

	Басқа елдер мен біздің ел арасындағы сауда-саттық және іскерлік қарым-қатынастар біздің еліміз үшін тиімсіз	Басқа елдердің ірі компаниялары елімізге теріс ықпал етеді	Біздің өмір салтымызды сыртқы әсерден қорғау қажет
<b>Америка елдері</b>			
АҚШ	86%	45%	62%
Канада	15	44	62
Аргентина	19	47	70
Бразилия	25	25	77
Мексика	19	32	75
Перу	15	28	50
<b>Еуропа елдері</b>			
Ұлыбритания	15	41	54
Франция	21	55	52
Германия	13	48	53
Италия	20	49	80
Швеция	9	39	29
Польша	15	31	62
Словакия	15	24	69
<b>Таяу Шығыс және Азия елдері</b>			
Ливан	15	24	75
Пакистан	4	26	81
Малайзия	5	11	85
Қытай	5	22	70
Үндістан	8	24	92
Жапония	17	32	64
<b>Африка елдері</b>			
Гана	4	8	80
Сенегал	4	9	85
Оңтүстік Африка	9	18	85

ДЕРЕККӨЗ: Pew Research Center (2007).

**Деректерге түсінік:** қай елдің азаматтары басқа елдермен сауда байланыстарын мақұлдамайды: бай елдерде ме, әлде кедей елдерде ме? Қай елдің азаматтары басқа елдердің ірі компанияларының ықпал етуінен қорқады немесе өз өмір салтына шетелдің әсер етуінен сескенеді? Бұл үлгілер нені түсіндіреді?

**Деректерге сын:** зерттеушілер осы деректерді телефон арқылы және бетпе-бет сұхбаттар арқылы жинаған. Әрбір елдегі кедей адамдардың сұхбатқа қатысуға құлықсыздық танытуының себептері неде? Бұл алынған нәтижеге қалай әсер етуі мүмкін?

көрсету. Көптеген бай елдердің де, кедей елдердің де азаматтары осы ұйымдардың ықпалына күмәнмен қарайды. Кейбір деректерге қарағанда, кедей елдер өзінің саяси және экономикалық дербестігін жоғалтқан, тіпті айтарлықтай зардап шеккен деуге болады (Stiglitz, 2003; Khor, 2001; Wade, 2003; Rajagopal, 2003).

## Бұл бізге не береді?

Кейбір адамдар үйінің, екі қолының болуын қалай қалыпты нәрсе деп қабылдаса біз де мәдениетті көбінесе дәл солай қабылдаймыз. Алайда осы тарауда көрсетілгендей, мәдениет өзгермелі құндылық болып табылады: қоғам және қоғамдағы билік теңгерімі өзгерген сайын мәдениет те өзгеріп отырады. Тілдер, тамақтану дағдылары, сән және басқа мәдени элементтер эволюциялық жолмен дамиды, таралады немесе жоғалады: мысалы, ата-анаңыздан бала кезінде киген киімдері, жас кезінде сөйлеген сөздері туралы немесе бәліш, тортилья немесе вафлиді бірінші рет қашан жегенін сұрап көріңізші.

Мәдениет, сондай-ақ белсенді болады, ол – біз өмір сүретін әлемді өзгерте отырып, бізді де өзгертетін күш. АҚШ тұтынушылар мәдениетінің өсуі – мәдениеттің өзгеруінің және оның өміріміздің барлық салаларына қалай әсер ететінінің, мәселен, күнделікті қанша сағат жұмыс істейтінімізден бастап өзімізді жеке тұлға ретінде қалай қабылдайтынымыздың бір мысалы.

## Қорытынды

1. Мәдениет – қоғам өмірінің негізгі проблемаларын дайын шешімдермен қамтамасыз ететін өмір сүру жобасы. Кейбіреулер оны адамдардың өз жағдайларына бейімделуіне көмектесетін материалдық және материалдық емес құралдар ретінде түсіндіреді. Осыған орай, мәдениет салыстырмалылығы тұжырымдамасы көрсеткендей, мәдени ерекшеліктерді өз мәдениетінің тұрғысынан бағалау керек.
2. Құрылымдық-функционалды көзқарас мәдениеттің қалай қалыптасуын емес, мәдениеттің бізді қалай қалыптастыратынын қарастырады. Керісінше, конфликт теориясын қолдаушылар мәдениеттің белгілі бір жолмен дамитындығын және осы үлгілердің кімнің мүдделеріне қызмет ететінін зерттейді. Символдық интеракционистер бұқаралық ақпарат құралдары сияқты мәдени материалдардың қалай қабылданып, қолданылатынына баса назар аударады.
3. Көптеген әлеуметтанушылар мәдениеттің әлеуметтік тұрғыдан құрылғанын атап көрсетеді. Алайда социобиологтар адам мәдениеті мен мінез-құлқының биологиялық негізі бар екенін атап көрсетеді.
4. Тіл немесе символдық қарым-қатынас – мәдениеттің негізгі бөлігі. Тіл мәдениетті жүзеге асырады, әлеуметтік топтың ортақ байланыстарын бейнелейді және әлемді қабылдаудың негізі болып табылады.
5. Мәдени құндылықтар мәдениет лайықты деп тапқан мақсаттарды анықтайды, ал нормалар оларға қол жеткізудің тиісті құралдарын көрсетеді.
6. Әлеуметтік бақылау адамдардың өз мәдениетін, сондай-ақ қоғамның нормалары мен құндылықтарын ұстануға ынталандыратын күштер мен процестерден тұрады. Нормативтерге сәйкестік идеологиялық өңдеу, оқыту және басқа да шаралар арқылы күшейтіледі: нормаға сәйкестік үшін сыйақы, ал сәйкессіздіктер үшін жаза қолданылады.

7. Үлкен де күрделі қоғамдардың мәдениеті біртекті емес. Субмәдениеттер мен контрмәдениеттер айрықша өмір салты мен ұлттық дәстүрлер арқылы ерекшеленеді, бірегей аймақтық, таптық және этностық қажеттіліктерге сай келу үшін дамып отырады.
8. Соңғы ширек ғасырда америкалықтар ассимиляцияны (үстем топтың құндылықтары мен әлеуметтік тәжірибесін қабылдау процесі) бағалаудан мультимәдениеттілікті (Америка мәдениеті ішінде өзге мәдениеттер де болуы керек деген сенім) бағалауға ауысты.
9. Мәдени әртүрлілікті және өзгерісті ескеретін маңызды факторлар – физикалық және табиғи орта, басқа мәдениеттерден оқшаулану, мәдени сіңісу, технологиялық жетістіктер, бұқаралық ақпарат құралдары және басымдыққа ие мәдени тақырыптар. Әйгілі адамдар мәдениеті, танымалдықты әспеттейтін пәлсапа америкалық мәдениетте үлкен рөл атқарады.
10. Мәдени әртүрлілік пен өзгеріс мәдени соққы алуға және мәдени артта қалуға әкеліп соғуы мүмкін. Мәдени соққы мәдени өзгерістер тез болған кезде немесе басқа мәдениеттің ықпалына ұшыраған кезде пайда болатын ыңғайсыз тәжірибелерді білдіреді. Мәдени артта қалу мәдениеттің бір бөлігіндегі өзгерістер басқа бөлігінің өзгеруіне сай келмеген кезде пайда болады.
11. Жаһандану идеялары ресурстардың, тәжірибелер мен адамдардың көбінесе жергілікті деңгейде емес, әлемдік деңгейде әрекет ету процесін көрсетеді.

## Сыни ойлау

1. Үлкен әулетке қарағанда шағын отбасыларда балалардың көбірек тәрбиеленіп жатқанын АҚШ қоғамының қандай ерекшеліктері арқылы түсіндіруге болады?
2. Құндылықтары, нормалары мен заңдары бір-біріне сәйкес келмейтін АҚШ мәдениетінің үлгісіне мысал келтіре аласыз ба? Бұл сәйкессіздіктің салдары қандай?
3. Қоршаған орта, оқшаулану, технология және басымдыққа ие мәдени тақырыптар жастардың субмәдениетін сақтауға және таратуға қалай әсер етеді?
4. Протестанттық англо-саксон (WASP) дәстүріндегі америкалық ақ нәсілділердің этностық үш тағамын анықтаңыз. (Бұл проблеманы тұжырымдау қиын болса, неге қиын екенін зерделеңіз). Егер сіз WASP емес болсаңыз, өз мәдениетіңізге тән сүйікті этностық тағамдарды анықтаңыз. Бұл тағамдар сіз үшін нені білдіреді? Өзгелерге бұл тағамдар нені білдіреді? Бұл тағамдарды қашан және қай жерде жегенді, ол жайында қашан және қай жерде сөйлескенді жөн көресіз? Неліктен?



**3 - ТАРАУ**

## Әлеуметтену

### Тарау тағылымы

#### Осы тарауды оқығаннан кейін студенттер:

- алғашқы әлеуметтену, алдын ала әлеуметтену, кәсіби әлеуметтену және қайта әлеуметтену балаларды, жасөспірімдер мен ересектерді қалай қалыптастыратынын біледі;
- әлеуметтену мен тәрбиелеу қалыпты әлеуметтік мінез-құлықты дамыту үшін өте маңызды екенін түсінеді;
- құрылымдық функцияшылдар мен конфликт теориясын зерттеушілер әлеуметтенудің жеке адамдарға және қоғамға әсерін қалай тұжырымдайтынын сипаттайды;
- өзін-өзі тану мен рөл ойнау әлеуметтену мен өзін-өзі бағалауға қалай әсер ететінін түсінеді;
- отбасы, құрдастар, бұқаралық ақпарат құралдары, дін және қоғамдастықтың әлеуметтенуге қосатын үлесін сипаттайды.





Бұл бала маймыл – психолог Гарри Харлоудың зерттеулері үшін әлеуметтік қарым-қатынастан аластатылып, жеке-жеке торларда жабылған маймылдардың бірі. Нәтижесінде, олар жұптасуды немесе өздерінің балаларын тәрбиелеуді үйрене алмаған. Бұл тәжірибелер нәтижесінде тіпті туа біткен мінез-құлықты да өзара әрекетке түсу арқылы дамыту керек деген болжам жасалған.

**Әлеуметтену** – мәдениетке және қоғамға араласу үшін қажетті ережелерді, тәжірибелерді және құндылықтарды үйрену процесі.

**Рөлдер** – кез келген адамның белгілі бір әлеуметтік жағдайда көрсететін мінез-құлқы мен ойлау тәсілдері.

## Әлеуметтену деген не?

Соңғы екі тарауда әлеуметтік өмірдің «жалпы сипаттамасын» – қоғамдар мен мәдениеттерді қарастырдық. Бірақ әлеуметтанушыларды осы жалпы сипаттамаға адамдардың қалай сәйкес келетіні қызықтырады. Бұл тарауда адамдар өз мәдениеті мен қоғамында табысқа жету үшін қажетті ережелерді, тәжірибелерді және құндылықтарды қалай үйренетінін қарастырамыз. Бұл процесс **әлеуметтену** деп аталады.

Әлеуметтенудің басты сипаты әлеуметтік рөлдерді үйрену болып табылады. **Рөлдерге** белгілі бір әлеуметтік жағдайдағы кез келген адамнан күтілетін мінез-құлық пен ойлау тәсілдері жатады. Аналар, мұғалімдер, студенттер мен ғашықтар – бәрі де өз рөлдерін атқарады. Әрбір ұстаным тиісті қимылдарға, айтатын нәрселерге және басқа адамдармен өзара әрекетке түсу жолдарына қатысты белгілі бір сенімдерден тұрады.

## Адам болуды үйрену

Біз өз іс-әрекеттеріміз бен сенімдеріміздің қаншасын үйрендік, қаншасы тегіміз арқылы берілгенін білесіз бе? Бұл сұраққа түбегейлі толық жауап бере алмаймыз, себебі біз балаларды оқыту мен олардың генін өзгерту әсерлерін салыстыратын тәжірибе жүргізген емеспіз. Дегенмен әлеуметтанушылар ғасырлар бойы адамдар мен маймылдарды қалыпты әлеуметтенуден немесе тіпті негізгі тәрбиеден айырған кездегі жағдайлар туралы деректер жинады.

## Маймылды енесінен айырып, оқшау өсіру

Классикалық тәжірибелер сериясы бойынша психолог Гарри Харлоу мен оның серіктестері маймылдарды толық оқшаулап өсіргенде не болатынын зерттеген (Blum, 2002). Маймылдың балалары сүт беретін механикалық аналық мүсінмен бірге бөлек торларда тіршілік еткен. Бала маймылдардың қоректері жеткілікті болғанымен, әлеуметтік қажеттіліктері қанағаттандырылмаған. Нәтижесінде, олардың физикалық және әлеуметтік дамуы тежелген. Кейбірі аутизммен ауыратын балалар сияқты, мысалы, ойсыз көзқараспен қарау, өздерін тістеу, бұрыштарда жасырынып тұру сияқты оғаш мінез-құлық танытқан. Өсе келе бұл маймылдар жұптасудан бас тартқан; қолдан ұрықтандырылған кезде де ұрғашы маймыл баласын емізіп, қамқорлық жасамаған (Harlow & Harlow, 1966). Бұл тәжірибелер әлеуметтік байланыстың маңыздылығын айғақтайды; яғни жыныстық және аналық сезімдер сияқты туа біткен мінез-құлықты да әлеуметтік өзара әрекетке түсу арқылы дамытпаса болмайды.

Харлоудың алты ай бойғы оқшауланған маймылдарды басқалармен араластырмақ болған әрекеттері нәтиже беріпті. Соңында сол алты айлық маймылдарды үш айлық балалары бар ұрғашы маймылмен бірге орналастырған, сөйтіп, басқа маймылдармен бірге әлеуметтенуге мүмкіндік берген соң ғана тәжірибе жақсы нәтиже берген (Harlow & Suomi, 1971).

## Адамды бағып-қағудың қажеттігі

Алайда адам болуды үйрену – маймыл болуды үйренуден мүлдем өзгеше, сондықтан Харлоу тәжірибелері балалардың тәрбиесіз өсуінің



Қажетінше дұрыс тәрбие көрмеген мұндай балалар (мысалы, оңтүстікафрикалық жетімдер) қалыпты адами қарым-қатынасқа үйрене алмайды, олардың ойлау және қабылдау қабілеттері төмен деңгейде қалады.

салдары қандай болатынын жорамалдауға ғана мүмкіндік береді. Әрине, нәтижені анық білу үшін балаларды ересектерден оқшау ұстау адами тұрғыдан мүмкін емес. Солай бола тұра кейде бұл жағдайдың шынайы өмірде орын алып жататыны өкінішті-ақ.

Балаларға дұрыс тәрбие бермей өсірудің салдарына қатысты кейбір айқын дәлелдерді төмен дәрежелі балалар үйінде тәрбиеленетін балаларды зерттеуден көруге болады. Мұндай балалар үйінде балалардың қажеттіліктері қанағаттандырылғанмен оларға тиісті тәрбие беру жағы жетіспейді.

Ондағы балалардың көпшілігі рухы сөнгендей әсер қалдырады. Олардың кейбірі қоғамнан бас тартып, айналасына ешқандай қызығушылық танытпайды, басқалары өздеріне де, өзгелерге де еш аяушылық сезімі жоқ екенін көрсетті. Бұл балаларды кейінірек жақсы отбасылар өз қамқорлығына алған күннің өзінде басқа балаларға қарағанда олардың ойлауы мен қабылдауы төмен болатыны байқалды. Олардың арасында, сондай-ақ дос таңдай алмау немесе аутистік мінез-құлық таныту сияқты әлеуметтік қарым-қатынас қиындықтары да кездесуі мүмкін (Rutter et al, 1999).

Тәрбиелеудің маңыздылығы туралы басқа да дәлелдерді ата-ана тарапынан физикалық және эмоциялық қысым көріп өскен балалардың жағдайларынан көруге болады. Джин (лақап аты) туралы оқиға оның ауыр халін суреттейді (Newton, 2004). Оны 13 жасына дейін қатал әкесі орындыққа байлап, кішкене бөлмеде ұстаған. Соқыр, мүгедек анасы қатты қорқып қалғандықтан оған еш көмек көрсете алмаған. Джин ешқашан ешкіммен сөйлеспеген, араласпаған. Соңында анасы Джинді құтқармақ ниетпен алып қашып кеткенде де Джин сөйлей алмаған, өздігінен жүре алмаған, тіпті дәретхананы да қолдана алмаған. Арнайы терапиядан кейін жағдайы біршама жақсарғанмен ол өз бетімен өмір сүруге дайын болмай шықты.

Джиннің жағдайы ауыр. Бірақ ата-аналар жеткілікті әлеуметтік және эмоциялық қолдау көрсете алмайтын отбасыларда аталған проблеманың жеңілдеу түрлері де кездеседі. Тән қажеттіліктері қанағаттандырылғанмен басқа жағынан мұқтаждық көріп өскен балалар, көбінесе Джин сияқты жоғарыда аталған зерттеулердегі жетімдер мен маймылдар сияқты қиындықтарға кезігеді. Яғни балалардың да, маймылдардың да физикалық және әлеуметтік дамуы үшін өзара қа-

рым-қатынастың маңызы зор. Баламен серуендеу, сөйлесу, оған мейірлену, күлімсіреудің барлығы да тұрақты әрі тығыз қарым-қатынас орнату арқылы оны әлеуметтендіру болып табылады.

Дегенмен ерте әлеуметтену адамдармен қарым-қатынас кезінде ғана жүзеге асады. Балалар үйінде ұзақ уақыт тұрған балалардың көпшілігі адамзат қоғамына бейімделеді. Тіпті төтенше жағдайда оқшаулануды бастан кешіргендер де кейін қалыпты өмірге бейімделе алады. Мәселен, 1996 жылы төрт жасар Иван Мишуковты ата-анасы Мәскеу көшелерінің бірінде тастап кеткен (Newton, 2004). Ол көшеде тамақ сұрап күн көрген. Әу бастан-ақ ол тамағын иттермен бөліседі, есесіне иттер оған қыста жылынуға, жауыз адамдардан қорғануға көмектеседі. Екі жылдан кейін полиция оны ұстап алып, балалар үйіне жібереді. Бір қызығы, баланың ата-анасымен өткізген алғашқы төрт жылы оның жеткілікті деңгейде әлеуметтенуіне көмектескен, сөйтіп, бұл деңгей оның басқа адамдармен қарым-қатынас жасауына, қоғамда әлеуметтенуді жалғастыруына жеткілікті болды.

## Әлеуметтену жөніндегі теориялық көзқарастар

Қоғамның белсенді мүшесі болу үшін әрқайсысымыз да әлеуметтенуіміз керек. Бірақ әлеуметтену қалай жүзеге асады? Бала немесе ересек адам қоғамның ережелерін, құндылықтары мен тәртіптерін қандай процестер арқылы үйренеді? Келесі беттерде әлеуметтенудің әлеуметтік теорияларын қарастыратын боламыз.

### Құрылымдық-функциялық теория

Барлық құрылымдық-функциялық талдаудың алғышарты – функционалды қоғамда оның барлық элементтерінің ортақ игілік үшін үйлесімді жұмыс істеуі. Бұл әлеуметтенудің құрылымдық-функциялық талдауларына да қатысты.

Құрылымдық функцияшылдар мектеп тек оқуға және жазуға ғана емес, билікке мойынсұнуға және қоғамның талаптарына сай болуға үйретеді деп есептейді.



Кейінгі тараулардан көретініміздей, құрылымдық функцияшылар мектеп, діни мекемелер, отбасы және басқа да әлеуметтік мекемелер балаларды әлеуметтік өмірге еркін араласуы үшін әлеуметтендіреді деп санайды. Отбасында балалар өз-өзін ұстауды, мектепте уақытқа және ережелерге бағынуды, ғибадат ететін орындарда рәсім жасауды (намаз оқуды немесе дұға етуді), жақсы мен жаман, дұрыс пен бұрыс туралы дәстүрлі сенімдерді құрметтеуді үйренеді.

Құрылымдық функционализм тұрғысынан алғанда осылай әлеуметтену ортақ игілік үшін қызмет етеді. Әлеуметтенудің арқасында жастар қоғамның бақытты әрі айтулы мүшесі бола алады. Ең жақсы жағдайда әлеуметтену құрылымдық функцияшылардың сенімдеріне сай жұмыс істейді. Балалар ересектер әлеміне бейімделуді және болашақтағы өзгерістерге дайын болуды үйренеді. Алайда осы теорияның сыншылары балаларды қоршаған ортаға әлеуметтендіру кезінде оларды теңсіздікті қабылдауға үйрететінімізді, ал мұның кейін қоғамды жақсартуда қиындық тудыратынын айтады. Бұл – конфликт теориясы ғалымдарының көзқарасы.

## Конфликт теориясы

Конфликт теориясындағы әлеуметтенуге қатысты көзқарас құрылымдық функционализмге кереғар болып келеді. Құрылымдық функционализм әлеуметтену барлық адамдарға пайда әкеледі десе, конфликт теориясы тек билік өкілдеріне ғана пайдалы деген болжам жасайды.

Конфликт теориясы әлеуметтену теңсіздікті арттыратын механизмдерді үдететінін баса көрсетеді. Кейбір зерттеушілердің айтуынша, ата-аналар қыздарға қарағанда ұл баланы жоғары бағалап, балаларын соған сай тәрбиелейді, мысалы, қыздан кешкі астан кейін ыдыс-аяқты жууды талап етсе, ұлға ойнауға рұқсат береді. Ал келесі бір зерттеушілер мұғалімдердің жұмысшы тап балаларын жазалау, мойынсұнуға үйрету арқылы олардың шығармашылық қабілеттерін аяқасты етіп, жұмысшылар қатарын толтыруға мүдделі болуына көмектесетінін айтады. Сол сияқты тағы бір зерттеушілер шіркеу қызметкерлері, пасторлар, раввиндер және басқа дін өкілдері қарапайым халыққа бай да беделді этностық топтардың артықшылықтары Құдайдың қалауымен болғанын насихаттайды деп есептейді.

Әлеуметтенудің басқа пікірмен келіспеуі мүмкіндігін, әлеуметтік өзгерістерді жоя алатынын және теңсіздік тудыра алатынын түсіну үшін конфликт теориясы пайдалы. Ал тұрақты әлеуметтік жүйенің туындауы мен артықшылықтарын түсіндіру үшін бұл теорияның пайдасы аз.

## Символдық интеракционизм


1-тарауда айтылғандай, символдық интеракционизм теориясы адамдар мен топтардың адам мінез-құлқына және жағдайына қаншалықты ықпалы бар екенін қарастырады. Толықтыра түсетін болсақ, символдық интеракционизм теориясы әлеуметтенуді көбінесе жеке адамның өзін-өзі бағалауы мен әлеуметтік рөлдері тұрғысынан зерделейді. Символдық интеракционизм теориясы әлеуметтенуді талдауда екі негізгі ұғымға ден қояды, олар – «Мен» тұжырымдамасы мен рөлді қабылдау.



## Ұғымдардың қорытындысы

### «Мен» тұжырымдамасы

«Мен» тұжырымдамасы – басқалар бізді қалай қабылдайды деген ойдың негізінде өзімізді бағалауымыз және осы субъективті пайымдаудың нақты салдарлары. Бір мысалды екі түрлі сценариймен ұсынайық:



### «Мен» тұжырымдамасы

Чарльз Хортон Коули (1902) символдық интеракционизмді өзін-өзі бағалауды дамыту тұрғысынан сипаттады. **Өзін-өзі бағалау** – әрбір адамның өзін-өзі жеке тұлға ретінде тануы және қоғамдағы алатын орнына байланысты кім екендігін топшылауы. Коули бізді басқалар қалай деп қабылдаса біз де өзімізге солай қарауды үйреніп, өзімізді бағалауымызды дамытуды ұсынды. Ол мұны **«мен» тұжырымдамасы** деп атады (Ұғымдардың қорытындысынан «Мен» тұжырымдамасы бөлімін қараңыз). Коулидің көрсетуінше, «мен» тұжырымдамасын қалыптастыру үш қадамнан тұрады:

- 1) сізді өзгелердің қалай қабылдайтынын елестетіңіз;
- 2) тұлғаңызға қарап, басқалардың сіз туралы қандай ой түйетінін елестетіңіз;
- 3) сіз бұл пайымдауларды саралап, қабылдайсыз не қабылдамайсыз.

Мысалы, дәріс кезінде студенттері ұйықтап отырса, оқытушы студенттер мені нашар оқытушы деп санайды деген қорытындыға келуі мүмкін. Ол өзінің оқыту қабілетіне қатысты өзгелердің көзқа-

**Өзін-өзі бағалау** – адамның өзін-өзі жеке тұлға ретінде бағалауы.

**«Мен» тұжырымдамасы** – адамның өзгелердің көзқарастарына қарай өзін бағалауға үйрену тенденциясы.

расын қабылдап, басқа жұмыс іздеуге ұйғаруы ғажап емес. Алайда ол әріптестерінің өз оқыту әдістемесін мақтаған кезін немесе басқа студенттерінің дәрісті қалай бағалағанын есіне түсірсе болды. Сөйтіп, ол осы семестрде келген студенттердің оқытушы білімін бағалау деңгейі жеткіліксіз деген қорытынды жасай алады.

Сонымен біздің өзіміз туралы тұжырымдамамыз айналамыздағы адамдардың көзқарастарының механикалық көрінісі ғана емес; керісінше, өзгелердің пікіріне қатысты біздің пайымдауларымыз бен жауабымызға негізделген. Біз өзіміз туралы тұжырымдаманы анықтауға белсене араласамыз, кімнің пікірін қабылдау керектігін таңдай отырып, басқа адамдардың пікірлерін түсіну үшін басымыздан өткен тәжірибені қолданамыз.

Символдық интеракционизм теориясы субъективті пайымдауды «мен» тұжырымдамасының өте маңызды факторы ретінде қарастырады. В.И. Томастың классикалық тұжырымында символдық интеракционизмнің осы алғышарты анық көрінеді: «Адамдар жағдайды нақты деп анықтаса оның салдары да нақты болады» (Thomas & Thomas, 1928, 572). Адамдардың басқалармен өзара әрекетке түсуі, өзгелердің пікірі туралы субъективті пайымдауларына негізделген. Осылайша, басқалардың ой-пікірлерін дәл көрсете ме, жоқ па – субъективті пайымдаудан нақты нәтиже шығады.

## Рөлді қабылдау

Символдық интеракционизм теориясының өткен ғасырдағы ең ықпалды зерттеушісі Джордж Герберт Мид болды (Stryker, 2008). Мид (1934) өзім деген ұғым «мен» және «мені» деп аталатын екі компоненттен тұрады деп есептеді. Ағылшын тілінің грамматикасына сәйкес біз бірдеңе жасасақ, онда *мен* сөзін қолданамыз, біреу бізге бірдеңе жасағанда («Мен анамды тыңдамадым, сосын ол *мені* жазалады») *мені* сөзін қолданамыз. Сол себепті Мид *мен* сөзі «өзім» ұғымының өздігінен болатын бөлігін, жасампаз бөлігін білдіреді, ал *мені* сөзі өзгелердің пайымдауын растайтын өзгелік бөлікті білдіреді деп сипаттайды.

Мид қоғамда әрекет етуді және «меннің» қалауы мен «мені» деген қоғамдық сананы таразылап теңгеруді рөлді қабылдау арқылы үйренеміз деп сенді. Рөлді қабылдау дегеніміз – әлемді түсінуде өзгелердің маңыздылығын және біртіндеп өзге пікірлерді қабылдауды үйрену процесі.

Мидтің айтуынша, рөлді қабылдау бала кезде, отбасының құқықтары мен міндеттерін білу керек болғанда басталады. Баласы ретінде бізден не күтетінін түсіну үшін әке мен ананың көзқарасын білуіміз керек. Біз өзімізді ата-анамыздың көзқарасы арқылы көруді және солардың пікірі бойынша мінез-құлқымызды бағалауды үйренуіміз тиіс. Олардың ой-пікірлері мен өзіміздің қалауымызды білген кезде өз міндеттерімізді түсіне аламыз.

Мид балалар қоғамда қалай әрекет ету керектігін ойын арқылы дамытатынын айтады. Үйде анасы тамақ пісіріп, әкесі жөндеу жұмыстарын жасап жүрсе қыз ойыншық пешпен, ұл ойыншық балғамен ойнауды қалыпты деп есептейді. Ата-анасы жалғызбасты немесе ата-аналары күні бойы жұмыста жүретін балалар ойыншық машинаның ішіне ойыншық портфель немесе басқа да ойыншық аспаптарды салып жүруді ұнатуы мүмкін.

Бұл дегеніміз – балалардың ойыны көбінесе олар үшін маңызды адамдардың мінез-құлқына негізделеді деген сөз. Мысалы, ата-анасы мен бауырлары балалардың өзін-өзі бағалауына қатты әсер етеді. Балалар өскен соң отбасынан тыс басқа адамдармен көбірек араласқанда,

**Рөлді қабылдау** – әлемді түсінуде өзгелердің қаншалықты маңызды екенін және біртіндеп өзгелердің пікірлерін қабылдауды үйрену процесі.

**Маңызды тұлғалар** – тығыз қарым-қатынаста болатын жеке тұлғалар.

## Назар аударыңыз

### Қыздардың шашы – қыздардың даралығы

«Шашы қобыраған күн» қыздар мен әйелдер үшін неліктен соншалықты маңызды? Тіпті олардың кейбірі үйден шықпай қалады, кейбіреулер бұл күнді күйзеліспен, сенімсіздікпен өткізеді, ал басқалары осы проблеманы шешу үшін уақытын сарп етіп, ақша шашады. Осы оқулықтың авторларының бірі Роуз Вайтц жоғарыдағы сұрақтарға жауап іздеу барысында «Рапунцельдің қыздары: әйелдің шашы оның өмірі туралы қандай сыр шертеді?» атты кітап жазуға бел байлады (Weitz, 2004). Роуз тапқан жауаптардың оңтайлысы қыздардың әлеуметтенуіне байланысты болды.

Вайтцтың айтуынша, қыз балалардың ата-аналары мен тәлімгерлері, достары мен көршілері, тіпті көшеде келген адам олардың санасына шаш қыздың даралығын, өмірлік ұстанымын білдіретін күш екенін сіңіреді. Мәселен, ата-аналар қыздарының шашы тап-тұйнақтай болып жиналып не сәнді кейіпте тұрса ғана оларды шіркеуге, сауда орталығына және т.б. алып барады, ал керісінше жағдайда үйге тастап кетеді. Сондай-ақ қыздары қаламаса да оларды сұлулық салонына сүйрелейді. Мұғалімдер оқушы қыздардың шашы дұрыс сәнделмеген деп есептесе қолына тарақ алып, дұрыстауға кіріседі. Кез келген адам бейтаныс қыздың әдемі бұйра немесе иығына жібектей төгілген ұзын шашын көргенде бай жігітке тұрмысқа шығады екен деген болжам жасайды.

**Жалпы басқалар** – өзара қарым-қатынаста болатын барлық адамдардың пайымдауларын біріктіреді.

## БҰҚАРАЛЫҚ АҚПАРАТ ҚҰРАЛДАРЫ ЖӘНЕ МӘДЕНИЕТ

Сонымен қатар «шаш – тұлға ретінде қалыптасудағы басты нәрсе» деп дәріптеп, қыздарды материалдық мәдениет пен бұқаралық ақпарат құралдары арқылы әлеуметтендіреді. Ойыншықтар мен басқа да сыйлықтар арқылы қыздарды шашын жақсы көруге, бағалауға үйретеді. Барби қуыршақтары – осының айқын мысалы. Әдеттегі Барби мен қоса қыздарға сары, қара, қызыл түсті парик киген Fashion Queen Barbie қуыршағы ұсынылды. Сонымен қатар тартып ұзартуға болатын шашы бар Growin' Pretty Hair Barbie және аса танымал Totally Hair Barbie шығарылды, оның шашы аяғына дейін жетеді, сәндітін гелі, бірнеше шаш үлгілері және сән кітабы бар. Сәндеуге арналған басы ғана бар Styling Head Barbie қуыршағы да өте танымал. Мәселен, ұл балаларға шаш бұйралайтын құрал (плойка) немесе шаш кептіретін құрал (фен) сыйлау ешкімнің ойына келмейді, есесіне көптеген қыздардың ата-аналары мен аға-жеңгелері қыздарға осындай сыйлықтар беріп жатады, сөйтіп, қыздар үшін шаштың қаншалықты маңызды екенін ұқтырады.

Қыздар үшін шаштың маңыздылығын бұқаралық ақпарат құралдары да насихаттайды. Барлық фильмдерде «қарапайым» қыз шаш үлгісін өзгертсе, (және көзілдірігін тастағанда) ұнатқан жігітіне қол жеткізеді. Егер сіз фильмде шаш үлгісі нашар қызды немесе әйелді көрсеңіз, онда ол не жауыз рөлінде, не күлдіргі рөлде, болмаса жаңа шаш үлгісін жасап, болашақ жігітін күтіп жүрген болып шығады. Сол сияқты Seventeen немесе Vogue сияқты журналдар «қыздар



Көптеген ойыншықтар қыздарға шаш өмірдегі басты нәрсе деп қарауды және оған ерекше көңіл бөліп, күту қажет екендігін үйретеді.

үшін өз өмірін өзгертудің ең жақсы тәсілі – шашын немесе дене бітімін өзгерту» дегенді үнемі насихаттайды. Сонымен қатар теледидардан жиі көрсетілетін «керемет өзгеріс» туралы бағдарламаларда шаш үлгісін, макияжын, киім үлгісін, тіпті сүйек құрылымын өзгерткен ұсқынсыз қыз-келіншектер нағыз ханшайымға айналып шыға келеді.

Кейбір қыздарға бұқаралық ақпарат құралдарының әсері аз десек те мүлде ықпалы болмайды деп айта алмаймыз. Алдыңғы тарауда талдағанымыздай, қыздар адам сыртқы келбеті арқылы танылады деген ойдан бас тартса да осы идеяны қолдайтындарша әрекет етеді, себебі басқалар өзін сыртқы келбетіме қарап қабылдайды деп ойлайды (Milkie, 1999).

мәселен, мұғалімдері, көршілері және жұмыс берушілері сияқты өзге адамдардың өзінен не күтетініне болжам жасай бастайды.

Сөйтіп, олар өздерінің мінез-құлқын тек өзі үшін маңызды тұлғалардың көзқарастары арқылы ғана емес, сонымен қатар Мидше айтқанда, «жалпы басқалардың», яғни қарым-қатынас жасайтын барлық басқа адамдардың пікірлері арқылы бағалауды үйренеді. Жалпы, басқалардың пікірін түсіну мәдениет нормалары мен құндылықтарын білумен тең. Бұл процесс арқылы, мәселен, америкалық, нигериялық не поляк ретінде әрекет етуді үйренеміз.

Адамдардың барлығы мәдениет нормалары мен құндылықтарын үйренсе, бұл олардың бәрі бірдей әрекет етіп, бәрі бірдей ережелерге



бағынады дегенді білдірмейді. Әрбір адам өзінше дараланғанмен оған ықпал ететін маңызды тұлғалар болады, олар әртүрлі мәдениет пен субмәдениеттерде өседі, әркімнің білім алу және ақша сияқты әлеуметтік ресурстарға қол жеткізу деңгейі әртүрлі болады. Сондықтан адамдар қоғамның ережелеріне бағынуға бейімделеді немесе басқа жолды таңдай алады.

## Әлеуметтену агенттері

Әлеуметтену – білім алудың үздіксіз процесі. Өмірден алған әрбір жаңа сабақтан соң кім екенімізді және қоғамдағы орнымызды қайта қарастыруға тиіспіз. Бұл проблема маңызды өзгерістер болған кезде, мысалы, үйден алғаш кеткенде, әскер қатарына алынғанда, жұмысты өзгерткенде немесе ажырасқанда айқын көрінеді. Осы өзгерістер бізден дағдыларымызды арттыруды, көзқарасымызды түзетуді және жаңа талаптарға бейімделуді қажет етеді.

Әлеуметтену түрлі жағдайларда орын алады. Біз ата-анамыздың, мұғалімдеріміздің, бастықтарымыздың, дінбасыларының, достарымыз бен ұжымымыздың біз туралы пікірлерін, сондай-ақ теледидар, фильмдер мен комикстер арқылы қоғамдық пікірді білеміз. Әлеуметтенудің жеке адамдар, топтар мен бұқаралық ақпарат құралдары сияқты агенттері жеке тұлғаға, «Мен» тұжырымдамасына, құндылықтар мен мінез-құлыққа барынша әсер етеді және әлеуметтік нормаларды үйренуге көмектеседі (*Бұқаралық ақпарат құралдары және мәдениет. Қыздардың шашы – қыздардың даралығы* атты бөлімді қараңыз). Әлеуметтенудің агенттері кейінгі тарауларда толығырақ талқыланады. Бұл тарауда әлеуметтенудің агенттері әлеуметтік құрылымдарды оқытудың маңыздылығын айқындау үшін ұсынылды.

## Отбасы

Әлеуметтенудің ең маңызды агенті – отбасы. Қараусыз қалған балалардың қайғылы оқиғалары мен маймылдарға жасалған тәжірибелер соның дәлелі. Баланың отбасында мейірімге бөленуі мен тәрбие көруі оның ой-сана (когнитивті), эмоциялық және физикалық тұрғыдан қалыптасуы үшін өте маңызды. Сонымен қатар адамның алғашқы ұстазы – отбасы мүшелері, яғни ата-анасы, кей жағдайда ата-әжесі, өгей ата-анасы немесе басқа адамдар. Олардан бала аяқкиімнің бауын байлауды, қалам ұстауды ғана үйренбейді, сонымен бірге өмір сүру үшін аса қажет жайттарды – мақсат қоя білуді, сенім білдіруді т.б. үйренеді.

Жаңа туған нәрестенің физикалық қажеттіліктерін қанағаттандыратын іс-шаралар әлеуметтік өзара әрекеттесудің негізін қалайды. Мәселен, баланы тамақтандыру мен оның жаялығын ауыстыру кезінде анасы оны құшақтайды, күлімсіреді, сөйлеседі. Бұл тәрбиелеу шаралары аса маңызды, себебі бұлар болмаған жағдайда баланың әлеуметтік, эмоциялық және физикалық өсуі тежеледі (Handel, Cahill & Elkin, 2007; Blum, 2002; Rutter et al., 1999).

Бала қоғамның толық мүшесі болмай тұрып өзінің қалыптасуына қосымша көп нәрсе үйренуі тиіс. Ерте жастан білім алудың көп бөлігі күнделікті өзара әрекетке түсу нәтижесінде жүзеге асады: бала сөйлесуді, қарым-қатынас жасауды, үйде ойнауды және басқалармен танысуды үйренеді (Handel, Cahill, Elkin, 2007). Бала өскен кезде оқыту тікелей жүреді де ата-анасы негізгі дағдыларды үйретуге және баланы отбасынан тыс өмірге дайындауға тырысады. Алайда әр отба-

Әлеуметтену агенттері – әлеуметтік нормаларды үйрететін тұлғалар, топтар және БАҚ.



## Деректерге ден қойсақ

### Шапалақпен ұруға қатысты көзқарас

**Тақырып:** Білім америкалықтардың балаларды шапалақпен ұруға деген көзқарасын өзгертті:

Колледж бітіргендер басқаларға қарағанда шапалақпен ұруды онша қолдамайды.

**Сұрақ:** Балаңызды шапалақпен ұрып тәрбиелеу қажет деген пікірмен қаншалықты келісесіз: толық келісесіз бе, келіспейсіз бе әлде мүлде келіспейсіз бе?

ДЕРЕККӨЗ: жалпы әлеуметтік сауалнама (2011). [Http://sda.berkeley.edu](http://sda.berkeley.edu). 2011 ж. қыркүйек айында алынған.

	Мектеп бітіргендер	Колледж студенттері	Колледж бітіргендер
Толық келісемін	27%	21%	17%
Келісемін	46	45	45
Мүлде келіспеймін	23	24	25
Келіспеймін	5	10	13

**Деректерге түсінік:** колледжде оқып, сабақта шапалақтың маңызын талқыламасаңыз да оқуды бітіргеннен кейін шапалақпен ұруға толықтай келіспейтін болуыңыз мүмкін. Колледж сіздің отбасы және жеке қарым-қатынас туралы ойыңызды қалай өзгертті? Колледж сіздің дұрыс білім алу туралы ойыңызға қалай әсер етті? Сіздің өзін-өзі ұстаудың «дұрыс жолы» туралы ойыңызға не ықпал етті? Осы өзгерістер сіздің шапалаққа қатысты көзқарасыңызға әсер ете ме?

**Деректерге сын:** колледж бітірушілерінің басқалардан гөрі шапалақпен ұруға келіспеуінің басқа себептері бар ма?

Колледж түлектері басқалардан біршама ерекшеленеді. Ең бастысы – олар орта немесе жоғары деңгейлі отбасылардан шығады және өздері орта немесе жоғары деңгейдегі табыстарға қол жеткізуі мүмкін. Табысы жоғары адамдардың шапалақпен ұруға қарсы болу себебін түсіндіре аласыз ба? Колледж түлектерімен салыстырғанда табыстылардың қатынастарындағы айырмашылықтарды түсіндіре алар ма едіңіз?

сының осы құндылықтар мен дағдыларды қалыптастыру жолдары әртүрлі: кейбіреулер құшақтау, мақтау арқылы тәрбиелесе, басқалары шапалақты пайдалы әдіс деп есептейді, ал кейбіреулер тыңдамайтын баланы ұрады. **Деректерге ден қойсақ:** Шапалақпен ұруға қатысты көзқарас осы айырмашылықтарды зерттейді.

Отбасы – әлеуметтенудің ең маңызды агенті екенінің тағы бір себебі – бала кездегі қалыптасқан өзін-өзі бағалау ұзаққа созылатын нәтиже береді. Дамудың кейінгі кезеңдерінде біз бастапқы жылдарда қалыптасқан ұғымдармен үйлесетін және соларды дамытатын тәжірибе мен іс-әрекеттерге ұмтыламыз. Бала кезде біз жеке тұлға ретінде түпкілікті қалыптаспасақ та, өзіндік бағалауы-



Отбасы баланы әлеуметтендіруде, баланың нақты дағдыларды, тілдерді, құндылықтарды меңгеруінде маңызды рөл атқарады.

мыз жетілмесе де сол бала кездегі тәжірибелеріміз кейінгі дамуымызға негіз болады.

Ата-ананың діни ұстанымы, әлеуметтік деңгейі мен ұлты – баланың мінез-құлқына, нанымына, өзін-өзі бағалауына және қоғамда алатын орнына ықпал ететін әлеуметтенудің маңызды агенті болып табылады. Олар басқалардың бала жайындағы пікіріне әсер етеді және баланың отбасынан тысқары ортада әрекетке түсетін топтарын анықтайды. Осылайша, отбасының нәсілі, деңгейі және діни баланың аулада, мектепте және жұмыс барысында алғашқы тәжірибе жинауына ықпал етеді.

## Қатарластар

Өткен ғасырларда кейбір балалар оқшауланған шаруа қожалықтарында өмір сүрді, қазіргі кезде де сондай жағдай кездеседі. Мұндай балалардың отбасылары бала кезінен әлеуметтенудің жалғыз маңызды агенті болды. Алайда соңғы бірнеше онжылдықтағы міндетті білім беру, жұмыс істейтін жастар санының артуы қазіргі қоғамда жастар субмәдениетінің пайда болуына себеп болды. Ата-аналардың екеуі де жұмыс істеуі бұл жағдайды одан әрі жеделдетіп жіберді. Сөйтіп, қатарластар тобымен өзара әрекетке түсу арқылы вакуумның орны толтырылды (Osgood et al, 1996). Қатарластар тобы дегеніміз – жастары және әлеуметтік мәртебесі бірдей адамдар. Осы топтың әр мүшесі қатарлас деп аталады. Көптеген балалар осы топқа кіруге үлкен мән береді және сол топтың мәдениетін тез қабылдайды (Harris, 1998; Handel, Cahill, & Elkin, 2007).

Әлеуметтенуді және өзін-өзі бағалауды дамытуда қатарластардың өзара әрекеттесуінің ықпалы қандай? Бір-бірімен араласатын балалардың киім кию үлгісі мен іс-әрекеттері ұқсас болып келеді. Мейлі олар чирлидерлер, жақсы оқитын студенттер тобы немесе банды болсын, қатарластар топ мүшелеріне сол топқа сай болу жөнінде талап қояды. Ересектердің бақылауынсыз достарымен көбірек уақыт өткізген балаға достары міндетті түрде әсер етеді (Haunle & Osgood, 2005).

Нәтижесінде, қатарластардың құндылықтары мен өмір салтына сай болуға ұмтылу отбасында кикілжіңдердің туындауына әкеп соқ-

**Қатарластар тобы** – жасы мен әлеуметтік мәртебесі бірдей адамдар.

**Қатарлас** – қатарластар тобының мүшесі.

## Әлеуметтану және сіз

Сіз болашақ мамандығыңызды таңдасаңыз, онда кәсіби әлеуметтенуді бастаған боларсыз. Мамандығыңыз ағылшын тілінің мұғалімі болсын, мейірбике, инженер болсын, профессорларыңыз сіздерге болашақ мамандықтарыңыз туралы түсінік беріп, қажетті дағдыларды үйрете бастаған шығар. Олар, сондай-ақ жаратылыс туралы ойлаудың белгілі бір жолдарымен таныстырады, сандармен жұмыс істеу немесе сөзбен жұмыс істеу, екі қолмен жұмыс істеу немесе ақыл-оймен жұмыс істеу, бірлесіп жұмыс істеу немесе бәсекелесу сияқты ұғымдарға тоқталады.



Теледидар әлеуметтендіруде үлкен рөл атқарады. Өйткені кішкентай балалар үнемі теледидар көреді.

тырады, мысалы, баланы құрдастары тіліне сырға тағуға үгіттейді, ал ата-анасы бұған наразылық білдіреді. Керісінше, егер отбасы мен құрдастардың құндылықтары бірдей болса (мысалы, екеуі де консервативті христиандар немесе либералды музыкалық әуесқойлар болса), қатарластар арасындағы әлеуметтену отбасымен байланысты күшейе түседі.

Кейбір ғалымдардың айтуынша, қатарластардың ықпалы отбасының ықпалына қарағанда анағұрлым күшті (Corsaro, 2003, 2004). Әрине, жастарға мінез-құлық пен құндылықтарды үйретуде қатарластар тобы ата-аналарға қарағанда өзгеше жолды таңдайды. Мысалы, олар «шөп шегуді» немесе «жеңілтек» кездесулерге баруды үйретуі мүмкін. Дегенмен құрдастардың ықпалын асыра бағалау жиі кездеседі (Haunig & Osgood, 2005). Біріншіден, балалар бірге жүргендіктен олардың қарым-қатынасы мен тәртібінде ұқсастықтар пайда болмайды, керісінше, олар мінез-құлқы мен тәртібі ұқсас болғандықтан достасуы мүмкін, өйткені мормондар басқа мормондарды іздейді, рейверлер өзі сияқтыларды табады. Екіншіден, жасөспірімдер достарының да, ата-аналарының да пікіріне алаңдайды, тіпті достарымен бірге болған кезде ата-аналары қолдамайтын іспен айналысса да оны ата-анасы білмей қалар деген ойда болады.

## Мектептер

Әлемде мектеп жасындағы балалар үшін әлеуметтенудің маңызды агенті – мектеп. 5 жасқа дейін мектепке дейінгі мекемелерге баратын балалар – өмірде табысқа жету үшін қажетті негізгі мәдени, әлеуметтік және лингвистикалық дағдыларды меңгереді. Кейін олар мектепте тағы да бәрін басынан бастайды. 3.1-картада мектепке дейінгі мекемелерге баратын 5 жасқа дейінгі балалардың пайыздық үлесі көрсетілген. Сол сияқты, кедей елдерде көптеген балалар мектепке қысқа мерзімге ғана барады. Сол себепті өз мүмкіндіктерін азайтады. Дегенмен мектеп бірнеше жыл бойы балаларға оқу, жазу және арифметикалық дағдылардың негіздерін үйретеді. Сол арқылы олардың экономикалық келешектерін айтарлықтай жақсартуға болады.

АҚШ сияқты бай елдерде білім беру балалықтың қалыпты бөлігі ретінде қабылданады. Бұл елдердегі мектептердің басты қызметі – балалардың бойында жоғары технологиялық қоғамда өмір сүруі үшін қажетті дағдылар мен қабілеттерді қалыптастыру.

Кедей елдерде де, бай елдерде де мектептер негізгі дағдылар мен техникалық білімнен әлдеқайда көп нәрсе үйретеді. Олар, сондай-ақ қоғамның басым топтарының немесе мәдениетінің ортақ құндылықтарын береді (Rothstein, 2004; Spring, 2004; Handel, Cahill, & Elkin, 2007). Бұған қоса мұғалімдер балаларға (әсіресе кедей немесе жұмысшы тап балаларына) бір орында отыруды, тапсырмаларды орындауды және басқаларға сай болуды үйретеді (Gatto, 2002). Сонымен қатар мектептер балаларды басқалармен бәсекелесуге және өздерін де, өзгелерді де жеткен жетістіктеріне қарай бағалауға баулиды. Қорыта келгенде, мектеп – еңбекке, қызметке, әскерге және басқа да ұйымдарға дайындайтын жаттығу алаңы.

## Бұқаралық ақпарат құралдары

Өмірімізді теледидар, веб-сайттар, подкастар, журналдар, фильмдер, билбордтар және басқа да бұқаралық ақпарат құралдарының хабарла-



### 3.1-КАРТА. Мектепке дейінгі мекемелерге баратын балалардың пайыздық үлесі

Мектепке дейінгі мекемелер балаларды өз мәдениетіне әлеуметтендіруде маңызды рөл атқарады. Бұл мекемелерге бармайтын балалар бастауыш мектепке барғанға дейін өздерін басқалардан кем сезінуі мүмкін. Чад және Мали сияқты елдерде мектеп жасына дейінгі балалар мұндай мекемелерге бармайды, ал Испания мен Корея Республикасында барлық балалар барады.

ДЕРЕККӨЗ: ЮНЕСКО институтының статистикасы (2011).



рынсыз елестету мүмкін емес. **Бұқаралық ақпарат құралдары** – ауқымды аудиторияны қамтуға арналған қарым-қатынас формалары. (Медиа термині бұқаралық ақпарат құралдарының кез келген түрін білдіреді). 3.1-кестеде көрсетілгендей, 8-ден 18 жасқа дейінгі балалар қазір бұқаралық ақпарат құралдарына күніне шамамен 11 сағат жұмсайды – соңғы онжылдықта бұған 3 сағат қосылған (Kaiser Family Foundation, 2010).

Әлеуметтену үшін ең маңызды бұқаралық ақпарат құралы – теледидар екені сөзсіз. Әр үйде шамамен бір теледидар бар, ал АҚШ-та орта есеппен алғанда адам теледидар көруге аптасына бірнеше сағат жұмсайды екен.

Ғалымдар теледидар көрудің ықпалын жан-жақты талқылап келеді. Зерттеулерге қарағанда, бұқаралық ақпарат құралдары зорлық-зомбылық, тәнқұмарлық, нәсілшілдік және басқа проблемалық идеялар мен мінез-құлықтардың туындауына ықпал етеді екен. Алайда дәлелдер бұған қайшы келеді (Felson, 1996). Бұқаралық ақпарат құралдары өзіміз білетін нәрселерді қолдау мен растаудың маңызды құралы бола алады деген жалпыға ортақ қорытынды жасалды. Ақпаратты сұрыптап қабылдау арқылы біз өз нанымдарымыз бен өзіндік көзқарасымызды қолдайтын материалға ерекше назар аударамыз да бізді сынға алатын материалдарды елемейміз (Felson, 1996).

Десе де, теледидар біршама белсенді рөл атқарады. Кейбір зерттеулерге қарағанда теледидардан үнемі көретін кейіпкерлердің алдамшы көзқарастарына еліктеу арқылы өз көзқарастарымыз бен мінез-

**Бұқаралық ақпарат құралдары** – қарым-қатынастың ауқымды аудиторияны қамтуға арналған барлық формасы.

**3-КЕСТЕ 8–18 жастағылардың БАҚ-ты күнделікті қолдану уақыты мен минуттары**

Орташа алғанда, балалардың ояу жүрген уақытының жартысынан астамы бұқаралық ақпарат құралдарының құзырында болады.

БАҚ	Барлығы
ТВ	4:29
Фильмдер	0:25
Видеоойындар	1:13
Баспасөз құралдары	0:38
Музыка, аудио	2:31
Компьютерлер	1:29
Жалпы медианың ықпалы	10:45

ДЕРЕККӨЗ: Kaiser Family Foundation (2010).

құлқымызды жетілдіре аламыз (Felson, 1996). Мысалы, жасөспірімдер «Грей анатомиясы» сериалын қарсы жынысты адамдармен қалай қарым-қатынас жасауға болатынын білу үшін көруі мүмкін. Содан кейін олар осы көргендерін АҚШ-тағы нормалар туралы білімін толықтыру үшін пайдалана алады.

## Дін

Әрбір қоғамда дін – дербес бағыт-бағдар берудің маңызды құралы. Діни доктринаның құндылықтары мен адамгершілік ұстанымдары жалпы құндылықтар мен көзқарастарға бағыт-бағдар береді. Дін арқылы қалыптасқан құндылықтар әлеуметтенудің басқа агенттері арқылы құралған идеалдарға сәйкес келеді. Мысалы, діни білім беруде оқытылатын Алтын ереже («Өзгелер сізбен қалай қарым-қатынас жасағанын қаласаңыз, өзіңіз де солай жасаңыз») мен үйде немесе мектепте айтылатын ақыл-кеңестер бір мазмұнда деуге болады.

Алайда діннің рөлі қоғамның нормалары мен құндылықтарын нығайта алмайды. 12-тарауда айтылғандай, дінді ұстану адамның сенімін, өзіндік менін және әлеуметтік ұстанымдарын өзгертуі мүмкін. Сонымен қатар діни айырмашылықтарға негізделген саяси қозғалыстар қоғамды да өзгерте алады. Қазіргі америкалық қоғамдағы мормон, еврей және баптистік діндер мен осы діндердің консервативті және либералды тармақтары арасында маңызды өзгешеліктер бар. Бұлар әлеуметтендіруде де айтарлықтай айырмашылықтар тудырады.

**Қауымдастық** – ортақ кеңістік пен оған қосылған адамдарға, сондай-ақ ортақ кеңістіктегі әлеуметтік мекемелерге қатысты. Сондай-ақ географиялық жағынан болсын, жалпы сәйкестік сезімі бар адамдарды білдіреді.

## Қауымдастық

Дәстүр бойынша, қауымдастық термині ортақ кеңістікті және сол кеңістікте өмір сүретін адамдарды білдіреді, бұл – ортақ кеңістіктегі әлеуметтік ұйымдарға да қатысты (Delanty, 2003). Термин қазір географиялық тұрғыда немесе ортақ интернет «кеңістігіндегі» адамдарға қатысты да қолданылады.

Қауымдастық отбасы мен қатарластар тобындағы, сондай-ақ қоғамдағы байланыстарды қамтамасыз етеді. Адам балалық шағында отбасы мүшелерінен басқа адамдарды сирек көреді. Өскен сайын тұрғылықты жерін, жергілікті мектептерді, діни ұйымдарды және т.б. танып-білуге мүмкіндік алады. Көптеген адам біраз уақытқа дейін жергілікті қауымдастықтан басқа әлеммен тығыз байланысқа шықпайды.

Алайда қауымдастықтар әлеуметтік өмір үшін өте маңызды. Әрбір қауымдастық өзінің топтарын, ресурстарын, институттарын және нормаларын біріктіріп әлеуметтену агенті қызметін атқара алады (Bems, 2007; Amon, Shamaï & Ilatov, 2008; Sawyer, 2004). Кейбір қауымдастықтарда қуатты институттар – жақсы қаржыландырылған шіркеулер, скаут барлаушы әскерлері, үлкен қоғамдық кітапханалар бар. Ал кейбір қауымдастықтардың институттары әлсіз. Кейбір қауымдастық табысты адамдардың жолын ашады, мысалы, мұғалімдерге, көршілерге, шағын бизнес иелеріне және қауымдастық орталығының қызметкерлеріне қолдау көрсетеді, ал кейбір қауымдастықтарда балалар көбінесе қараусыз қалып жатады.

Ең бастысы, қуатты институттары мен тегеурінді ұстанымдары бар, құндылықтарын сақтап қалуға ұмтылатын қауымдастықтар өз мүдделерін қорғайтын, бағалайтын балаларды тәрбиелеп шығарады (Sawyer, 2004). Ересектер қауымдастық туралы мақтаншпен айтып, балаларды бүкіл қоғамның игілігі үшін жұмыс істеуге шақырады, сөйтіп, ержеткен соң сол балалар сайлауда дауыс беретін ұйымдарға қосылып, қауымдастықты құруға үлес қосатын ересек адамдарға айналады.

## Өмір жолындағы әлеуметтену

Әлеуметтену агенттері туралы бөлімде айтылғандай, әлеуметтену өмір бойы жалғасады: бала кезден басталып, ересек кезімізді толық қамтып, тіпті кәрілікке дейін созылады.

### Балалық шақ

Балалардың ерте жастан әлеуметтенуі алғашқы әлеуметтену деп аталады. Алғашқы деп аталуы екі нәрсеге байланысты: адамның тұлға ретінде қалыптасуы осыдан басталады және кейінгі дамуы үшін бұл өте маңызды. Осы кезеңде балалар жеке қасиеттері мен өзін-өзі бағалауын дамытады: моторикасын, ақыл-ой қабілетін және тілдік дағдыларын қалыптастырады; өз қоғамында қолайлы деп санайтын құндылықтар мен мінез-құлықтарды үйренеді.

*Ұғымдар қорытындысы:* *Әлеуметтену түрлері* әлеуметтендірудің алғашқы және басқа түрлерін сипаттайды.

Алғашқы әлеуметтену кезеңінде балалар қоғамның нормалары мен құндылықтарын үйреніп, қолданады. Көпшілігі қоғамдық ережелерге бағыну, алдымен өз отбасының, содан соң басқалардың қолдауы мен сүйіспеншілігіне ие болудың басты кілті екенін үйренеді.

Жас балалар өз отбасының сүйіспеншілігі мен қолдауына тәуелді болғаны соншалық, олардың көкейінде үнемі «отбасымың сенімін ақтауым керек» деген ой тұрады. Бұл – қоғам мүшелеріне сәйкестенудің маңызды қадамы. Егер бұл дағды балалық шақта қалыптаспаса оны кейін қалыптастыру мүмкін емес.

**Алғашқы әлеуметтену** – балалық шақта жеке тұлғаны дамыту мен оның рөлін үйрету.



*Жаһандық көзқарас: Жапония мен АҚШ-тағы мектепке дейінгі әлеуметтену.*

Бала кезімізде үйренген немесе үйренбеген нәрселердің өміріміздің соңына дейін әсері болары сөзсіз. Мысалы, 3 жасқа дейін қалыптасатын сөздік қорымыз (сөздер саны) оқуға деген қабілетімізге, жоғары оқу орнын бітіруімізге ықпал етеді (Farkas & Berger, 2003). Өкінішке қарай, байлармен және ақ нәсілді ата-аналармен салыстырғанда орта деңгейдегі, кедей, жұмысшы тап және афроамерикалық ата-аналар өз балаларымен едәуір аз сөйлеседі және сөйлескенде де қолданатын сөздік қоры тым жұтаң. Нәтижесінде, 3 жасқа келгенде кедей отбасынан шыққан балалар жұмысшы отбасы балаларына қарағанда 33 пайызға аз сөз біледі, ал сөздік қоры орта деңгейлі отбасы балаларынан 50 пайызға аз болады (Farkas & Berger, 2003). Кедей немесе афроамерикалық ата-аналар балаларымен көбірек сөйлесе, мұндай айырмашылық болмас еді. Қазір көптеген ұйымдар ата-аналардың көзқарасын өзгертуге немесе балаларын арнайы мектепке дейінгі бағдарламаларда оқытуға ықпал етіп келеді.

## Жастық шақ

Жастық шақ балалық пен ересектік арасындағы көпір іспеттес. Жастардың алдында тұрған басты мәселе – ата-анасынан тәуелсіздік алу.

Жас кезімізде біз көбінесе алдын ала әлеуметтенуді жүзеге асырамыз. Болашақта ұстанатын әлеуметтік сипатымызға қажетті сенімдер мен әрекеттерді үйренеміз. Мысалы, шамамен, 1980 жылға дейін америкалық қыздардың көбі «үй шаруасы» курстарын тәмәмдауға, яғни тамақ пісіріп, тігін тігуді үйренуі тиіс еді, ал ұлдар машина жөн-

## Ұғымдардың қорытындысы

### Әлеуметтену түрлері

Түрлері	Анықтамасы	Мысалы
Алғашқы әлеуметтену	Ерте бала кездегі әлеуметтену	Тиффанидің әкесі жоқ, анасы ғана бар. Анасы оны құшақтап, онымен жиі сөйлеседі, сөйтіп, оның бойында тілдік және әлеуметтік қарым-қатынастар негізін қалыптастырады, сондай-ақ ата-анасының біреуі ғана бар отбасын әдеттегі отбасы ретінде қабылдауға үйретеді.
Алдын ала әлеуметтену	Болашақтағы әлеуметтік жағдайларға дайындайтын әлеуметтену	Мануэльдің ата-анасы оған ойыншық медициналық құралдар жинағын сатып әперді, енді ол дәрігер болып ойнап жүр.
Кәсіби әлеуметтену	Кәсіби құндылықтарға, мінез-құлықтарға және дағдыларға әлеуметтендіру	Джодидің оқытушысы оған сот істерін талдауды үйретті, енді ол жұмыс орнында курстастарымен бәсекелесе алады.
Қайта әлеуметтену	Көбіне еріксіз түрде болатын, бұрын үйренген құндылықтар мен мінез-құлықты басқасына алмастыру арқылы әлеуметтену	Судья Маркке өз эмоцияларын басқару курсынан өтуді бұйырады.

## Назар аударыңыз



# ЖАҢАНДЫҚ КӨЗҚАРАС

## Жапония мен АҚШ-тағы мектепке дейінгі әлеуметтену

**Қ**ұндылықтары мен дәстүрлері әртүрлі әрбір мәдениет өз ұрпақтарын да түрліше әлеуметтендіреді. Мысалы, жапон және Америка балабақшаларын салыстырайық (Small, 2001: 129-132).

Жапон мәдениетінің басты құндылығы – ортақ мақсатты көздейтін, біртұтас, біртекті ұлтқа тән сана. Осыны ескере отырып, Жапония балабақшалары мемлекетке бағынады, ұқсас мүмкіндіктерге ие бола отырып, жылдар бойы өзгермеген бірыңғай оқу бағдарламаларын қолданады. Осылайша, мемлекет балалардың бәрі бірдей құндылықтарға ие болуын және олардың барлығы оңтайлы әлеуметтеніп, кейінгі өмірінде табысқа жету үшін қажет ресурстарға тең дәрежеде қол жеткізе алуын қамтамасыз етеді.

Керісінше, америкалық мәдениет жеке тұлғалардың штат алдындағы жеке құқықтарын бағалайды және

штаттың үкіметке қатысты құқықтарын сақтайды. Нәтижесінде, жас балаларды оқытудағы үлкен айырмашылықтар ескеріліп, тіпті балаларын өз бетімен оқытуды таңдаған ата-аналарға субсидия беріледі.

Жапон мәдениетінің тағы бір басты құндылығы – ынтымақтастыққа және жеке адамның жетістігіне қарағанда топтық жетістіктерге ерекше назар аударады. Ересек жапондардың өз жұмыс топтарының жеңісін мақтан тұтуы және кішіпейілдікпен өз жетістіктері мен үлестерін елеусіз қалдыруы үйреншікті нәрсеге айналған. Сол сияқты, Жапониядағы ұлттық мектепке дейінгі білім беру бағдарламалары жеке жетістіктерге қарағанда бірлесіп жұмыс жасауға ынталандырады. Тәрбиешілер балалармен «топтық сана» қалыптастыруды көздеп сөйлеседі. Тәрбиешілер балалардың топтық санасын қалыптастыратын ойындарды, әндерді және басқа әрекеттерді қолдану арқылы бірлесе жұмыс істеуге үйретеді. Балаларды әрқашан өз іс-әрекеттерінің басқаларға

қалай әсер ететінін естен шығармауға баулиды. Тәрбиешілер балалардың теріс қылықтары мен қателерін бетіне баспай, топқа, яғни қолайлы мінез-құлық ортасына қайта бейімдейді. Құрама Штаттарда, керісінше, балабақшалар әу бастан-ақ бүлдіршіндердің санасына өз қабілеті мен мүмкіндіктерінің арқасында жетістікке жете алатынын сіңіріп, жеке жетістіктерімен мақтануға ынталандырады. Тәрбиешілер балаларды табысқа жеткенде мақтау арқылы, ал теріс қылықтары үшін түзету жұмыстарын жүргізу не жазалау арқылы жетістіктерге жетелейді. Топта қиындық тудыратын балалардың бар екені анықталған жағдайда оларды тез арада топтан оқшаулау туралы шешім қабылдайды. Оларды топта қалдыруға тырыспайды, себебі оқшаулау жақсы шешім деп есептеледі.

Қорыта келгенде, Америка және жапон балабақшаларындағы әлеуметтену осы екі елдің мәдени құндылықтарын көрсете отырып, оны нығайтуды көздейді.

деу мен ағаш өңдеу құралдарын пайдалануды үйрену үшін арнайы курстарда оқуға мәжбүр болды. Қазір ұлдар аспаздық курстарда оқи алады, ал қыздар ағаш ұстасы болып істей береді. Алайда жастардың үй шаруашылығындағы жұмыстары, қосалқы жұмыс орындары мен еріктілер тобындағы жұмыстары әлі де болса дәстүрлі бағыт бойынша бөлініп келеді. Ұлдар үй шаруасына кейде септігін тигізсе де көбінесе тамақ пісіру, үй жинау және бауырларына қарау сияқты жұмыстар қыздардан талап етіледі (Lee, Schneider, & Waite, 2003). Егер ұл бала үй шаруасына араласса көгал қырқу немесе машина жуу сияқты «жігіттің» жұмыстарын жасауы мүмкін. Сол сияқты қыздар, көбінесе киім дүкендерінде, ал ұлдар техника дүкендерінде жұмыс істейді. Осылайша, қыздар мен ұлдар отбасылық өмірге және ересек адамдар ретінде болашақ жұмыс орындарына дайындалады.

## Ересек өмір

Алдын ала әлеуметтенудің арқасында көпшілігіміз жұбай, ата-ана, жұмысшы ретінде өз міндеттерімізге біршама дайын боламыз. Ересек болып саналатындардың отбасы мен қоршаған ортаны қабылдау дағдылары қалыптасқан, көзқарастары дамыған және мақсаттары да айқындалған. **Алдын ала әлеуметтену** ешқашан жеткілікті деңгейде болмайтындықтан белгілі бір кәсіппен айналысқысы келетін кез

**Алдын ала әлеуметтену** – болашақта қабылдайтын рөлдерімізге дайындайтын процесс.





Алдын ала әлеуметтену бізді болашақта атқаратын рөлдерімізге дайындайды. Балалар ана мен әкенің өзін қалай ұстау керектігін өз көздерімен көреді.

## әлеуметтану және сіз

Теледидар, интернет желісі, билбордтар және басқа жерлердегі жарнамалар әлеуметтендіруде маңызды рөл атқарады. Мысалы, Soda жарнамалары бір брендтің басқаларға қарағанда дәмді екенін көрсетіп қана қоймай, сол брендтің пайдаланушылары көңілді, бай, тартымды және басқаларға қарағанда танымал екендігіне көз жеткізуге тырысады. Сіздің сүйікті сусыныңыз қалай жарнамалануда?

**Кәсіби әлеуметтену** – белгілі бір кәсіпке сай білім алып, соған қажетті дағдылар мен мәдени құндылықтарды үйрену процесі.

келген адам алдымен кәсіби әлеуметтенуден өтуі тиіс. Кәсіби әлеуметтенудің мақсаты – белгілі бір кәсіпке сай білім алып, соған қажетті дағдылар мен мәдениетті үйрену. Полиция қызметкерлерін дайындау осы тенденцияның жақсы үлгісін ұсынады.

Полиция академиясына бірнеше ай бойы бақылау жүргізген әлеуметтанушы Норман Контидің (2009) айтуы бойынша, билікке (полиция басшысына) мойынсұну және сыйлау полиция мәдениетінің басты бағыты болып саналады және жаңадан қабылданғандар оқуды содан бастайды. Бұл жаттығулардың көпшілігі, мысалы, аяқкиімін мұқият жылтыратпағаны үшін немесе дене шынықтыру жаттығуларын нашар орындағаны үшін масқаралауға, мазақ қылуға немесе жаман сөздермен ұрсуға негізделген. Сонымен қатар жаңадан қабылданғандар түрлі кемсіту рәсімдерінен өтуі тиіс. Мысалы, Конти бақылаған академияда әскерге жаңа шақырылғандар азаматтық тұлғаны немесе офицерді көрген сәтте «пошта» деп айқайлап, содан кейін жақын қабырғаға жүгіріп барып, офицер оларды босатқанша сол қабырғаға сүйеніп тұруы керек екен.


Академиядағы оқыту құқықтық мәселелер мен мылтық ату сияқты жаттығуларды қамтитыны белгілі. Ал айлар бойғы жаттығу кемсіту рәсімін артықшылықпен (мысалы, полиция формасын кию құқығы) теңдестіреді, полиция қызметкерлері қатарына қабылданған жағдайда бұл үлкен мақтаныш. Дегенмен билікке мойынсұнбаған кез келген адам сөзсіз тез арада оқудан шығарылады (Conti, 2009). Масқаралау мен марапаттаудың бұл қосындысы түлектердің полиция дағдылары мен полиция мәдениетін толығымен қабылдауына кепілдік береді.

## 65 жас және одан жоғары

Осы күні америкалықтардың көбі 65 жастан артық өмір сүреді. Кейбіреулері жетпіс, сексен және тіпті одан үлкен жасқа дейін толық жұмыс істей береді. Ал кейбірі оқу орнына қайта оралып, жаңа мамандық алады. Бірақ көпшілігі қарттықты зейнеткер ретінде даралықтың жаңа сатысына өту деп түсінеді. Сол себепті олар алдын ала әлеуметтенуді жүзеге асыра алады: зейнетке шыққанға дейін еріктілер тобында жұмыс істеп көреді, зейнетке шыққаннан кейінгі жаңа ермегін немесе білім алу мүмкіндіктерін ойлайды немесе кейін өмір сүретін жерін, немен айналысатынын ойластыруды зейнеткерлік «ойын жоспары» арқылы жүзеге асырады.

Сондай-ақ олар өздеріне қажет болашақтың үлгісі ретінде зейнетке шыққан достарына және туыстарына қарайды. 65 жасқа толғанға дейін жұмыс істемей үйде отырған адамдар үшін қартаю түрлі жаңа проблемалар туындатады. Кейбіреулерге жұбайы үйде жүргенде үй шаруасымен айналысу қиынға соғады. Мұндай жағдайда екі адамға да өз сенімі мен мінез-құлқын бейімдеу қажет болуы мүмкін. Мысалы, алдын ала әлеуметтенуге қарамастан ерлі-зайыптылардың үй шаруасын қалай бөлісуге болатынын келісіп алуы – ұрсысудың алдын алудың жалғыз жолы деген қорытынды жасай алады.

Өкінішке қарай, егде жастағы адамдардың көбі жұбайы немесе ұзақ жылдар бойы бірге болған серігі қайтыс болғаннан кейін күйзеліске түсіп, «мен кіммін», «қалған өмірімді қалай өткізем» деген сияқты сұрақтарға жауап іздей бастайды. Кейбірі басқа адамды кездестіреді, ал кейбірі жалғыз өмір сүруге бекінеді. Өмірдің басқа кезеңдеріндегі тәрізді серігінен жақында айырылған адамға қатарластары жаңа жағдайға, ойлау мен әрекет етудің жаңа жолдарын үйренуге, жаңа дағдыларды (тамақ дайындау, шамды ауыстыру немесе



Кәсіби әлеуметтену арқылы жаңадан қабылданғандар – полиция қызметкерлерінен техникалық дағдылар мен мәдени құндылықтарды үйренеді.

жаңа жұбайымен жыныстық қатынасқа түсу) қалыптастыруға, сонымен қатар тәуелсіздік пен жалғыздықты қалай бағалауға болатынын айтып ақыл-кеңес береді.

Жасы 80-нен асқандардың көбі ұзақ мерзімді күтім жасайтын мекемеге көшуі керек. Мұндай жағдайда адамдар жаңа мінез-құлық ережелерін үйренуі тиіс (Wiersma & Dupuis, 2010). Бұл адамдар енді жеке өмірінде өзге нәрселермен қатар, құпиялықтың (мысалы, киінгенде немесе дәретхананы пайдаланғанда көмек қажет ететін жағдайларда) азаятынын мойындауға мәжбүр болады. Олар өздері білмейтін және таңдамаған адамдармен тамақтануға, жаңа күн тәртібі мен кестелерді қабылдауға дағдылануы керек.

## Қайта әлеуметтену

Әлеуметтену жайлы талдауларымызда айтылғандай, өмір бойы әлеуметтену – әдетте біртіндеп жүретін процесс. Бірақ кейде қоғамдағы орнымыз түбегейлі өзгереді, сөйтіп, басқаша өмір сүру үшін өзімізді бұрынғыша бағалаудан, өмірлік ұстанымдарымыздан бас тартуға мәжбүр боламыз. Жаңа өмір салтына тән сенім мен құндылықтарды үйрену процесі қайта әлеуметтену деп аталады. Әдетте бұл термин адамның өз өмір салтын тез және еріксіз түрде өзгертуіне мәжбүр болған жағдайларға қатысты қолданылады.

Қайта әлеуметтенуге мысал ретінде адамның өмір бойы мүгедек болып қалуын келтіруге болады. Мүгедектікке ұшыраған жандар өмірге бейімделу үшін қарқынды түрде қайта әлеуметтенеді. Олардың әлеуметтік жағдайы мен әлеуеті кенеттен өзгереді. Ал олардың бұрынғы өзіндік ұғымдары жаңа өмірімен мүлде үйлеспейді. Олар өз дәретін бақылаудан, жүріп-тұрудан немесе киінуден қалуы мүмкін, бұрынғыдай жыныстық қатынасқа түсе алмауы ықтимал. Егер жас адам болса отбасын құрып, бала сүйе аламын ба деген сұрақтар төңірегінде толғануы ғажап емес. Егер ересек адам болса, онда сүйікті жұбай немесе ата-ана ретінде өз орнын қайта бағалауы керек болады. Өміріндегі мұндай өзгерістер одан өзін-өзі бағалауын түбірімен қайта айқындауын талап етеді. Егер өзін-өзі бағалау деңгейін көтеру керек болса, онда басымдықтарды қайта анықтап, жаңа, физикалық белсенділігі төмен мінез-құлық қалыптастыруы тиіс.

**Қайта әлеуметтену** – өміріндегі өзгерістерге байланысты адамның өзін-өзі бағалауын өзгертіп, қалыптасқан өмір салтынан бас тартуы (көбінесе еріксіз).

Қоғам қайта әлеуметтенуді саналы түрде қолдануы мүмкін. Адамдардың мінез-құлқы әлеуметтік қиындықтар тудырған жағдайда (мысалы, қылмыскерлер, маскүнемдер немесе психикасы бұзылған адамдар) қоғам оларды бұрынғы өмірінен бас тартып, қалыпты шарттарды қабылдауға мәжбүрлеуі мүмкін.

## Арнайы мекемелер

Жалпы, адамның өзін-өзі бағалауын түбегейлі өзгерту үшін қоршаған ортаны түбегейлі өзгерту қажеттігі туындайды. Өмірі бос өтіп жатқан жолдастарының арасында уақыт өткізетін жасөспірімнің сенімдері мен әрекеттерін түбегейлі өзгерту үшін аптасына бір рет есірткінің зияны туралы әңгімелесу өте аз. Яғни қайта әлеуметтену процесінің алғашқы қадамы көбінесе адамды оның бұрынғы ортасынан алшақтатып, арнайы мекемелерде оқшаулауды талап етеді. Яғни өмірдің барлық саласын түбегейлі қайта әлеуметтендіру мақсатында ол арнайы мекемелерде қатал түрде бақылануы керек (Goffman, 1961a). Ондай мекемелерге монастырьлар, түрмелер, лагерлер мен психикалық ауруханалар жатады. Осындай мекемелерге қамалғандар өз мәртебесінен, әлеуметтік ұстанымдары мен өзін-өзі бағалауына негіз болған қарым-қатынастардан айырылады. Тіпті киім-кешегі униформамен алмастырылады. Сондай-ақ тұтқындар күнделікті күн тәртібін өз бетінше реттей алмайды. Оның орнына қатаң кестеге сай тәртіпті ұстануға мәжбүр болады. Сонымен қатар тұтқындардан өздерінің бұрынғы көзқарастарын, құрбы-құрдастарының құрамы мен мінез-құлқындағы кемшіліктерді анықтау үшін өзін-өзі сынға алу талап етіледі. **Арнайы мекемелердің күнделікті қоғамнан елеулі айырмашылығы** болатындықтан, олар қайта әлеуметтену кезінде көбінесе тиімді бола бермейді. Мысалы, 1980–1990 жылдары қылмыс жасағаны үшін сотталған көптеген жастар «түзету лагерлеріне» жіберілді. Осындай арнайы мекемелерде жастар кез келген сыртқы әсерден аластатылып, қатал кестеге сай күрделі жаттығулармен, ауыр физикалық еңбекпен айналысты, есірткінің зияны туралы кеңестер алып, білімдерін жетілдірді (Anderson, 1998). Оларды билікке құрметпен қаратып, өздерінің бұрынғы түсініктерінен арылту үшін шаштарын қырып тастады, қорлайтын есімдер берілді, тіпті олардың түрме қызметкерлерінің көзіне тік қарауына тыйым салынды.

Түзету лагерлерінде жүргізілген зерттеу көрсеткендей, онда жастарға лагерь ережелеріне бағынуды үйреткен, алайда оларға қарапайым өмірге қайта оралғаннан кейін қалай табысқа жетуге болатынын үйретпеген (MacKenzie, Wilson, Kider, 2001). Нәтижесінде, көптеген қоғамдар лагерьлерден бас тартып, жастарға адамдармен зорлық-зомбылықсыз қарым-қатынас жасау тәсілдерін үйрететін бағдарламалар ашты. Осы бағдарламаларға сәйкес жастар көбінесе өз үйлерінде немесе жетекшілік ететін ұғ'лерде бақылауда болады. Бұл бағдарлама жастарды қылмыстық өмірден алшақтатуға көмектесетінін жақсы дәлелдеп берді (Anne E. Casey Foundation, 2009; Moore, 2009).

## Бұл бізге не береді?

**Арнайы мекемелер** – түбірімен қайта әлеуметтендіру мақсатында өмірдің барлық саласы қатаң бақыланатын орындар.

Әрқайсысымыз бірегей, жеке биологиялық құрылымнан тұратын, қабілетіміз, тәжірибеміз және таңдауымыз бар жеке тұлға болып саналамыз. Сонымен бірге бәріміз де әлеуметтік тұлғамыз. Әлеуметтену арқылы біз талап етілетін мінез-құлық пен құндылықтарды

үйренеміз және көбінесе бұл мінез-құлық пен құндылықтарды өзіміздікі ретінде қабылдаймыз. Кейде әлеуметтену процесін анық байқауға болады: ата-анасы бәлішті рұқсатсыз алып жатқан баланың қолын қағып жібереді; дін қызметшісі күнәнің жазасы бар екенін уағыздайды; бір қыз басқа қызға қалай қылымсуды үйретеді. Басқа кездері әлеуметтену процесі айқын көрінбейді; жай ғана өміріміздің бір бөлігі ретінде қабылданады. Мысалы, қарапайым америкалықтар күн сайын бірнеше сағат теледидар көреді. Теледидар көру арқылы олар «Қылмыс орны (C.S.I.)» телесериалында осы аптадағы құрбандықты кім өлтіргенін немесе American Idol шоу бағдарламасының осы маусымдағы жеңімпазы кім екенін біліп қана қоймай, айналадағы дүниені түсінудің жолдарын меңгереді: осы арқылы зорлық-зомбылықтан қорқуды және полицияға сенім артуды, табыс, талант және атақты бағалай білуді, байлықты құрметтеуді және тағы басқа құндылықтарды қадірлеуді үйренеді.

## Қорытынды

1. Әлеуметтену – мәдениеттің ережелері мен құндылықтарын үйрену процесі.
2. Біз іс-әрекеттеріміз бен көрген-түйгендеріміздің қаншасы биологиядан, ал қаншасы әлеуметтенудің әсерінен екенін тап басып айта алмаймыз.
3. Дегенмен тәрбиелеу мен әлеуметтендіру болмаса адамдар (және маймылдар) қалыпты әлеуметтік мінез-құлықты дамыта алмайды.
4. Құрылымдық функцияшылдар әлеуметтену мектептерде, діни мекемелерде, отбасыларда және басқа жерлерде жастарды келіспеушіліктерден немесе ретсіз әлеуметтік өзгерістерден сақтай отырып, бір мәдениетке біріктіреді деп тұжырымдайды. Бұл тұрақты әлеуметтік жүйенің пайдасын түсіндіру үшін өте қолайлы.
5. Конфликт теориясы әлеуметтендіру биліктің теңдіксіз үстем құрылымын қалай күшейтетініне назар аударады. Бұл әлеуметтенудің келіспеушіліктер мен әлеуметтік өзгерістерге жол бермей, теңсіздікті қайта тудырып отыратынын түсіну үшін өте маңызды.
6. Символдық интеракционизм теориясы басқалармен қарым-қатынасымызды сипаттау арқылы және өзгелердің бізге берген сипаттамасы арқылы өзіміз жайлы түсінік қалыптастыруымызға жол ашады. Бұл теориямен байланысы бар ең маңызды екі тұжырымдама – «өзіңді айнадан көру» және «рөлге ену» тұжырымдамалары.
7. Әлеуметтенудің ең маңызды екі агенті – отбасы мен құрбы-құрдастар. Әлеуметтенудің басқа да маңызды агенттеріне мектеп, бұқаралық ақпарат құралдары, дін және қауымдастық жатады.
8. Әлеуметтену өмір бойы жүреді. Әлеуметтенудің маңызды төрт түрі – алғашқы әлеуметтену, алдын ала әлеуметтену, кәсіби әлеуметтену және қайта әлеуметтену.

## Сыни ойлау

1. Ұстаздардың студенттерден қандай мінез-құлықты күтетіні туралы ойланыңыз. Отбасындағы әлеуметтену осы талаптарға сай келе ме? Сізге қалай көмектеседі немесе қиындығы бар ма? Қатарластарыңыздың әлеуметтенуі туралы не айтасыз?
2. Баланың әлеуметтену барысында үйренетін нәрселеріне отбасының әлеуметтік деңгейі қалай әсер ететінін және әсер ету жолдарын көрсетіңіз. Қалада тұру мен ауылда тұрудың әлеуметтенуге қалай әсер етуі мүмкін екенін мысалдармен баяндаңыз.
3. Бала кезіңіздегі ең сүйікті екі телебағдарламаны есіңізге түсіріңіз, олар қандай құндылықтарды дәріптейтін еді? Осы бағдарламалар арқылы сол құндылықтарды үйрендіңіз бе? Неліктен үйрендіңіз немесе олардың сізге неліктен әсер етпегенін қалай түсіндіресіз?



4-ТАРАУ

## Қоғамдық құрылым және әлеуметтік қарым-қатынас

### Тарау тағылымы

#### Осы тарауды оқығаннан кейін студенттер:

- мәртебелердің, рөлдердің және институттардың сипаты мен маңыздылығын түсінеді;
- постиндустриялық қоғамның не екенін және бұл қоғамның аңшылық, терімшілік, бағбаншылық, егін шаруашылығы және индустриялық қоғамдардан қалай ерекшеленетінін түсіндіре алады;
- әлеуметтік институттар сәтсіздікке ұшыраған немесе қалыпты әлеуметтік нормалар қолданылмаған кезде болуы мүмкін жағдайларды сипаттай алады;
- күнделікті қарқынды басқару үшін адамдардың қалыптарды және икемді бірегейлікті қалай пайдаланатынын саралай алады;
- адамдардың әсерді меңгеру тәсілін, соның ішінде ақталу, негіздеу және сенімге кіру әдістерін қалай және не себепті пайдаланатынын талдай алады.

## Өзара тәуелді күштер: қоғамдық құрылым және әлеуметтік өзара әрекеттестік

Әлеуметтанушы мамандығын таңдаған адамдардың көбі үйсіздік, психикалық аурулар немесе нәсілдік теңсіздік секілді белгілі бір әлеуметтік проблемаларды зерттеуге қызығып, ғылым жолына түседі. Бұл проблемалар жалпы қоғамдық құрылымдарда да, күнделікті әлеуметтік өзара әрекеттестікте де молынан кездеседі. Мысалы, Америка Құрама Штаттарында нәсілдік теңсіздік, бір жағынан, ұлттық экономиканың және саяси институттардың табиғатынан туындайды. Ақ нәсілден басқа қауымдастықтар тұратын жерде жақсы жалақы төлейтін жұмыс орындары аз және бұл қауымдастықтардың жұмыс орнын апаратын корпорацияларға ықпал ететіндей саяси билігі жоқ. Нәсілдік теңсіздік күнделікті өмірде де жиі кездеседі, мұғалімдер ақ нәсілді оқушылармен салыстырғанда басқа нәсілді оқушыларға аз уақыт жұмсайды, ал полиция қызметкерлері ақ нәсілділерге қарағанда басқа нәсіл иелері қылмыс жасауға бейім тұрады деп есептейді. Осы мысалдар көрсеткендей, қоғам мен әлеуметтік проблемаларды толық түсіну үшін әлеуметтанушылар қоғамның құрылымы мен әлеуметтік өзара әрекеттестікті зерттеуі керек. Бұл тарау қоғамның осы екі негізгі ерекшелігін сипаттайды. Қоғамдық құрылымдар туралы зерттеу құрылымдық-функциялық теорияға немесе конфликт теориясына негізделеді. Ал әлеуметтік өзара әрекетке түсу төңірегіндегі зерттеу әдетте символдық интеракционизм теориясына негізделеді.

## Қоғамдық құрылымдар

1-тарауда сипатталғандай, қоғамдық құрылым – қатынастардың қайталанатын заңдылықтары. Қоғамның барлық деңгейінен қоғамдық құрылымдарды табуға болады. Бейсбол ойындары, достық байланыстар, отбасылар мен ірі корпорациялар – бұлардың барлығы күнделікті қайталанатын қарым-қатынас заңдылықтары. Бұл заңдылықтардың кейбірі ресми ережемен, яғни заңдармен орнықтырылса, көпшілігі әдет-ғұрыптардың күшімен орындалады.

Өмірдегі заңдылықтар, бір жағынан, шектесе, екінші жағынан, бізге мүмкіндік береді. 9-дан 5-ке дейін жұмыс істесеңіз күндіз доп ойнай алмауыңыз мүмкін. Алайда 5-те жұмыстан шығатыныңызды білетіндіктен, кешке достарыңызбен кездесуді жоспарлауға мүмкіндігіңіз бар. Қалыптасқан заңдылықтар өмірдің көп тұстарын реттеудің жайлы да ыңғайлы жолдарын ұсынады.

Сенбі күнгі ойынды алсақ та, отбасы немесе жұмыс туралы айтсақ та қоғамдық құрылымдар мәртебе, рөл және әлеуметтік институттар сияқты үш ұғым аясында түсіндіріледі.

## Мәртебе

Қоғамның негізгі іргетасы – **мәртебе**. Ол – адамның басқа топ мүшелеріне қатысты қоғамнан алатын орны. Мәртебе «қол жеткізген» және «туабітті» болып екі санатқа бөлінеді. **Қол жеткізген мәртебе** – адамның ғұмырында қол жеткізе алатын қоғамдағы орны (ол жақсы не жаман болуы мүмкін). Әке болу – қол жеткізген мәртебе; сотталу да сондай. **Туабітті мәртебе** – туғаннан немесе мұрагерлікпен берілген, өз-

---

**Мәртебе** – адамның топтағы басқаларға қатысты орны.

**Қол жеткізген мәртебе** – міндетті нәрсе емес, бұған қол жеткізу өмір бойы жалғаса береді.

**Туабітті мәртебе** – туа біткен немесе мұрагерлікпен берілген және өзгермейді деп саналатын мәртебе.



**Мәртебелер жиынтығы** – адамның барлық мәртебелерінің қосындысы.

#### 4.1-КАРТА. АҚШ-тағы аралас нәсілді адамдар

АҚШ тұрғындарының шамамен 2 пайызы, ал америкалық балалардың 4 пайызы екі немесе одан да көп нәсілді болып келеді. Аралас нәсілді тұрғындардың мың адамға шаққандағы үлесі әр штатта әркелкі. АҚШ Санақ комитеті және әлеуметтанушылар испантектілерді бөлек нәсіл деп санамайды, сондықтан бұл картаға жартылай испантектілердің мәліметі енбей қалған.

ДЕРЕККӨЗ: Humes, Jones & Ramirez (2011).

гермейтін деп танылған мәртебе. Мысалы, кей адамдар операция арқылы жынысын өзгертсе де, енді біреулер бір нәсілден екінші нәсілге «ауысып» жатса да біз жыныс пен нәсіл өзгермейді деп есептейміз. Сондықтан әлеуметтанушылар жыныс пен нәсілді туа бітті мәртебе деп қарастырады.

Әр адам бір мезгілде сан мәртебенің иесі болады. Сіз біреудің қызы немесе ұлы, спортшы, христиан, даяшы және тағы басқа болуыңыз мүмкін. Мәртебелердің осындай қосындысы **мәртебелер жиынтығы** деп аталады.


Әлеуметтанушылар әдетте қоғамның мәртебелік құрылымын төрт мәселеге қатысты талдайды: 1) қоғамда бар мәртебелердің саны мен түрлері; 2) осы мәртебелердің адамдар арасында таралуы; 3) түрлі мәртебелерге ие болудың салдары, ресурстары және мүмкіндіктері; 4) белгілі бір қоғамдағы мәртебелердің ықтимал комбинациясы.

### Case study: нәсілдің мәртебелік сипаты

Біздің мәртебеміз өмірімізді қалай реттейтінін көрсету үшін АҚШ-та афроамерикалық болып ғұмыр кешудің қарым-қатынасқа және жалпы тіршілік барысына қалай әсер ететінін зерттейміз.

Алдымен анықтап алайық, АҚШ-та қанша нәсілдік мәртебе бар деп ойлайсыз? XX ғасырдағы санақтардың барлығында АҚШ Халық санақ бюросы америкалықтардан өз мәртебесін анықтағанда «ақ нәсілді», «афроамерикалық», «жергілікті америкалық», «азиялық» немесе «басқалар» деген санаттардың біреуін таңдауды сұраған. Тек 2000 жылдан бастап қана халық санағы кезінде бірнеше нәсілді таңдауға мүмкіндік берілді, сөйтіп, аралас нәсілді адамдар санаты енгізілді.

4.1-карта АҚШ-та 2010 жылғы санақ бойынша аралас нәсілді адамдардың таралуын көрсетеді. Бүкіл әлемде нәсілдік мәртебеге



## Деректерге ден қойсақ

### Америкадағы әралуандық

Кейбір сауалнамалар адамдардан өзіне ең жақын деген нақты бір нәсілдік топты таңдауды сұрайды. Енді бір сауалнамалар бірнеше нәсілдік топты таңдауға мүмкіндік береді, тіпті испантектілердің де өздерін белгілеуін сұрайды (испантектілер нәсілдік топ болып саналмайды). АҚШ-тағы халық санағының нәтижелері әрқелкі сұрақтарға жұрттың қалай әртүрлі жауап бергенін көрсетеді.

Қысқа жауап	Пайыздық көрсеткіш	Толық жауап	Пайыздық көрсеткіш
Ақ нәсілді	72.4 %	Испантекті емес ақ нәсілді	63.7 %
		Испантекті	16.3
Афроамерикалық	12.3	Испантекті емес афроамерикалық	12.6
Жергілікті америкалық (үндіс)	0.9	Жергілікті америкалық (үндіс)	0.7
Америкалық азиат	3.6	Америкалық азиат	3.6
Басқа	8.0	Басқа	0.3
		Аралас нәсілді	2.9

**Деректерді түсіндіру:** Барак Обама сияқты анасы ақ нәсілді, әкесі африкалық азаматтың «афроамерикалық» деп аталуына қатарластарының ықпалы, отбасылық байланыстар, әлеуметтену, мәдени нормалар сияқты әлеуметтік факторлардың қайсысы көбірек әсер етті деп ойлайсыз?

**Деректерді сынау:** адамдардың бірнеше нәсілді таңдауына мүмкіндік беру Америкадағы нәсілдің бейнесін түсінуімізге қалай әсер етеді? Нәсілі туралы деректерді испантектілердің бірегейлігі туралы деректермен біріктіру Америкадағы әралуандықты сезінуімізге қалай әсер етеді?

ДЕРЕККӨЗ: Humes, Jones, & Ramirez (2011).

қатысты алаңдаушылық бар, осының өзі күнделікті өмірде нәсілдік мәртебенің алатын орнының қаншалықты маңызды екенін аңғартады. Ал «аралас нәсіл» санатының енгізілуі нәсілдік мәртебелердің және ол туралы пікірдің өзгеріп келе жатқанын көрсетеді.

«Деректерге ден қойсақ: Америкадағы әралуандық» бөлімінде бұл туралы кеңінен айтылады.

Халықтың нәсілдік мәртебелерге бөлінуі әлеуметтік өмірге де әсер етеді. Мысалы, Индиана штатындағы Гэри қаласы тұрғындарының 84 пайызы афроамерикалық болса, Солтүстік Дакотадағы Бисмарк қаласында олардың үлесі 0,3 пайыз ғана (АҚШ Халық санағы бюросы, 2011). Демек, Бисмарк тұрғынымен салыстырғанда Гэри қаласындағы ақ нәсілді тұрғын афроамерикалықпен кездесуден қашып құтыла



Нәсілдік кемсітушілік афроамерикалықтардың өміріне әлі де кері әсерін тигізіп жатқанымен, олардың көбі қазір медицинада, заң, бизнес және басқа да салаларда жетістікке жетіп келеді.



## әлеуметтану және сіз

Әртүрлі рөл ойнап жүргендіктен, көп студент рөлдер қақтығысынан зардап шегеді. Оқытушылар үй жұмысын уақытында тапсыруды сұраса, бастығыңыз көбірек жұмыс істегеніңізді қалайды. Егер спорт командасында болсаңыз бапкер сіздің дұрыс демалғаныңызды жөн көреді, ал достарыңыз «бас қосып, көңіл көтерейік, кештерге барайық» деп өтініш білдіреді. Егер кейде бір тәуліктің 24 сағаты жетпейтініне кейітін болсаңыз, рөлдер қақтығысын бастан кешіп жүрген болуыңыз мүмкін.

алмайды және статистикалық тұрғыдан оның афроамерикалыққа үйлену ықтималдығы әлдеқайда жоғары.

Бұған қоса, нәсілдік мәртебе адамдардың өмір салтына да көп жағынан әсер етеді. Афроамерикалықтармен салыстырғанда америкалық ақ нәсілділердің мүмкіндіктері көбірек. Әрине, афроамерикалықтар да табысқа жете алады. Барак Обаманың президент болып сайлануы – осыған дәлел. Алайда ақ нәсілділермен салыстырғанда афроамерикалықтар арасында нәресте өлімі де, жұмыссыздық та екі есе көп, ал қара нәсілді америкалықтың кісі қолынан қаза табу ықтималдығы сегіз есе жоғары (АҚШ Халық санағы бюросы, 2011). Бұл нәсілдік мәртебенің кесірі көп тиетінін дәлелдейді.

Нәсілдік теңсіздік әлі де сақталып тұрғанымен нәсілдік мәртебе бұрынғыдай кәсіп және білім мәртебелерімен тікелей байланысты болмай қалды, сондықтан әр адамның мәртебесі әрқелкі болуы мүмкін. Бұдан қырық жыл бұрын афроамерикалық болу деген сөз білімі аз, ақ нәсілділермен салыстырғанда нашар жұмыста істейтін адам дегенді білдіретін.

Бүгінде адамның туа бітті мәртебесі (нәсілі) оның қол жеткізген мәртебесі (білімі, қызметі) жайлы дұрыс ақпарат бермеуі мүмкін. Алайда афроамерикалықтар АҚШ-тағы барлық медбикелердің 34 пайызын құраса, дәрігерлердің тек 6 пайызын ғана құрайды (АҚШ Халық санағы бюросы, 2011). Бір-бірімен тығыз байланыстағы нәсілдік, саяси және экономикалық мәртебелерді сақтап тұратын процестер туралы толығырақ 8-тарауда айтылады.

## Рөлдер

Қоғамның мәртебелік құрылымы адамдардың күнделікті бетпе-бет кездесуінің сипаттарын көрсететін әлеуметтік интеракция шеңберін қалыптастырады. Бұл шеңбер рөлдерге толған. 3-тарауда сипатталғандай, рөлдер – белгілі бір әлеуметтік жағдайға ие адамдардан күтілетін әрекет және ойлау тәсілдері. Театр метафорасын пайдалансақ, мәртебе құрылымы дегеніміз – рөлдерді ойнайтын кейіпкерлер (Мәселен, «жас қыз, оның әкесі және олардың үй күтушісі» деген сияқты) болса, ал рөлдер – кейіпкерлердің қалай сөйлеп, қалай жүріп-тұратынын, бір-бірімен қалай байланысатынын нақтылайтын сценарий. Театрмен салыстыру арқылы мәртебе мен рөл арасындағы байланыс кезінде «адамдар мәртебеге ие болады, рөлдерді ойнайды» деген нық тұжырым жасаймыз. Бұл салыстырма құрылымдардың іс жүзінде қалай жұмыс істейтінін, ал кейде неге жұмыс істемей қалатынын талдау да пайдалы.

Кейде адамдардың ниеті түзу болса да өздерінің рөлдік міндеттерін орындай алмай жатады. Мысалы, жұмыс жоқ болса жақсы провайдер болу қиын. Әсіресе рөлдер көбейіп кетсе немесе бір мезетте бірнеше рөл орындалса, рөлдік міндеттер арасында үйлесім болмай қалуы ғажап емес. Әлеуметтанушылар бір-бірімен үйлеспейтін рөлдік міндеттердің екі түрін ажыратады: бір мәртебенің аясында үйлесімсіз рөлдік міндеттер қалыптасса, мұны рөлдердің шиеленісі деп атаймыз да, оны рөлдік шиеленіс ретінде қарастырамыз; ал егер бірнеше мәртебенің нәтижесінде әрқелкі рөлдік міндеттер туындаса мұны рөлдер қақтығысы дейміз. Мысалы, ата-ананың бір кештің ішінде балаларының киімін жуып, ас даярлауға, үй тапсырмасын бірге орындап, ойын ойнауға уақыты жетпесе рөлдердің шиеленісі орын алады. Баласы ауырған ата-ана жұмыстан сұрануға мәжбүр болса, ал оның жұмыс берушісі жұмыстағы міндеттерін отбасындағы міндеттерінен жоғары қоюды талап етсе, онда бұл рөлдер қақтығысы болады.

**Әлеуметтік интеракция** – адамдардың күнделікті, бетпе-бет кездесіп, өзара әрекеттесуі.

**Рөлдік шиеленіс** – бір мәртебенің ішінде өзара үйлесімсіз бірнеше рөлдің болуы.

**Рөлдік қақтығыс** – бір адамның бойында бір-бірімен үйлеспейтін рөлдік міндеттері бар бірнеше мәртебенің болуы.

Бұдан шығатын қорытынды – әлеуметтік рөлдер үнемі өзгеріп, жағдайға қарай бейімделіп отырады. Біз мәшине емеспіз, әркім өз рөлін қалтқысыз орындап тұрмайды. Керісінше, біз басқа әлеуметтік мәртебелеріміз бен рөлдерімізге, ресурстарымызға және сол рөлдерді атқарудан көрген марапаттарымыз бен алған жазамызға байланысты өз рөлімізді әртүрлі деңгейде атқарамыз.

## Институттар

Әлеуметтік құрылымдар ауқымы мен маңызы жағынан әртүрлі болады. Егер жұманың кешінде покер ойнау мекемесіне бару керек болса оның жарасы жеңіл. Ойыншылар ойынды сенбіге ауыстырса да, төлейтін ақшаны өсірсе де бұл осы топтың мүшелерінен басқа адамдардың өміріне әсер ете қоймайды. Егер еңбек өтілінің көптігіне төлем жасау немесе отбасы мәселелері бойынша демалыс алу саясатын өзгертетін болса, онда бұл фирманың қызметкерлеріне ғана емес, басқаларға да әсерін тигізуі мүмкін, оның үстіне бұл басқа фирмаларға үлгі болуы ықтимал. Дегенмен бір корпорациядағы (немесе әлеуметтік құрылымдағы) өзгеріс тек белгілі бір кәсіп түріне ғана әсер етуі мүмкін. Ал басқа әлеуметтік құрылымдағы өзгерістер біздің өміріміздің түп негізін қалыптастыра алады. Біз бұл құрылымдарды әлеуметтік институттар деп атаймыз.

Институт – адамның негізгі қажеттіліктеріне лайық, тұрақты және күрделі әлеуметтік құрылым. Оның басты ерекшелігі – бірнеше буынның өмірін қамтиды, әрі құндылықтардың, нормалар мен мәртебелердің және рөлдердің күрделі жиынтығын құрайды және адамның негізгі қажеттіліктерін қанағаттандырады. Мәселен, отбасы институтының өзіне тән тұрақты ерекшеліктері – өмірлік серігіңді табу және бала тәрбиелеу. *«Ұғымдардың қорытындысы: институттар, рөлдер және мәртебелер»* кестесінде денсаулық сақтау саласының мысалында негізгі әлеуметтік ұғымдардың өзара қалай байланысатыны дәлелденеді.

## Негізгі институттар

Адамзат қоғамдары әрқелкі болғанымен, олардың әрқайсысының міндеттерінің тізімі ұқсас. Сондықтан әр қоғамда бірдей типтегі институттар бар. Негізгі әлеуметтік бес институт мыналар:

- Бала-шағаға қамқорлық жасау, бала өсіру міндетін атқаратын отбасы институты.  
Тауар шығарып, оны тарату міндетін атқаратын экономика институты.  
Қоғамды үйлестіріп, оған қызмет көрсетіп, әрі оны қорғап отыратын үкімет институты.  
Жас ұрпақты оқытумен айналысатын білім институты.  
Дерексіз және жауабы жоқ сұрақтарға жауап беру міндетін атқаратын дін институты.

Бұл институттар маңызды әлеуметтік қажеттіліктерді орындау мақсатында әр қоғамға тұрақты әлеуметтік шешімдер жиынтығын ұсынады. Бұл шешімдер әр қоғамда әртүрлі болады, тіпті кейде бір-біріне мүлде кереғар болып жатады. Үкімет институттары монархия, демократия, диктатура немесе тайпалық кеңестер болуы мүмкін. Дегенмен барлық дені сау қоғамдарда осы қажеттіліктерді қанағаттандыруға жауапты әлеуметтік құрылымдар бірдей болып келеді.

**Институт** – адамның негізгі қажеттіліктеріне жауап беретін тұрақты әлеуметтік құрылым.

## Ұғымдардың қорытындысы

### Институттар, рөлдер және мәртебелер

Әр қоғам денсаулық сақтау құрылымын өз бетінше қалыптастырады, дегенмен олардың әрқайсысында денсаулық пен ауруға қатысты әлеуметтік келісімдер мен мәдени ой-пікірлердің қалыптасқан жиынтығы бар. Соңдықтан әр қоғамдағы денсаулық сақтау саласын институт ретінде қарастыруға болады.

Ұғымы	Анықтамасы	Мысалы
<b>Институт</b>	Адамның негізгі қажеттіліктеріне лайық, тұрақты әлеуметтік құрылым	Денсаулық сақтау <i>институтына</i> докторлар, медбикелер, науқастар, медициналық сақтандыру жүйесі, денсаулық және ауру туралы мәдени ойлар кіреді.
<b>Рөлдер</b>	Белгілі бір әлеуметтік дәрежеге қол жеткізген кез келген адамнан күтілетін мінез-құлықтар мен құндылықтар	Біз: «Дәрігер науқасқа ең дұрыс емді қолданады», – деп үміттенеміз. Дәрігердің <i>рөліне</i> осы жатады.
<b>Мәртебе</b>	Басқалармен салыстырғанда топтағы дәрежесі	Медбике көмекшілеріне қарағанда медбикенің <i>мәртебесі</i> жоғары.
<b>Қол жеткізген мәртебе</b>	Кісінің өз күшімен жеткен мәртебесі.	«Фармацевтика» мамандығы бойынша медициналық оқу орнын бітірген адам «фармацевт» <i>мәртебесіне қол жеткізеді</i> .
<b>Туабітті мәртебе</b>	Атадан балаға мұраға қалатын мәртебе	«Қыздарға қарағанда ұлдар ақылды» деп саналатын мәдениеттерде ұл баланың <i>туабітті мәртебесі</i> қыз баланікінен жоғары болады.

Қарабайыр қоғамдарда саясат пен экономика, білім мен дін сияқты маңызды әлеуметтік қажеттіліктердің барлығын бір ірі әлеуметтік институт – отбасы немесе туыстық институт қанағаттандырады. Туыстық міндеттерге негізделген әлеуметтік қатынастар – өндірісті ұйымдастыру, көбею, білім беру және қорғау үшін негіз болып табылады.

Қоғам ұлғайып, күрделене түскен сайын қордаланған барлық мәселелерді шешуге отбасының шамасы жетпей қалады. Соның нәтижесінде кейбір істер біртіндеп білім беру, дін және үкімет сияқты арнайы мамандандырылған институттарға ауыса бастайды.

Қоғамның әлеуметтік және физикалық ортасы өзгеріп, сол орталарда жұмыс істейтін технологиялар қарыштап дамып жатқандықтан адам алдында туындайтын проблемалар да өзгеру үстінде. Яғни институттық құрылымдар бір орында тұрмайды, жаңа проблемаларды шешу үшін жаңа құрылымдар пайда болады немесе қоғамдар хаосқа ұшырайды (Diamond, 2005). Мысалы, СПИД эпидемиясы басталғанда Африкадағы Уганда елі қоғамға қауіпсіз жыныстық қатынас туралы білім беріп, тегін мүшеқаптар таратып, дерт жұқтырғандарды тегін емдеп, індетке белсене тойтарыс берді. Соның нәтижесінде

ел экономикасы тұрақтылығын сақтап қалды. Ал Оңтүстік Африка Республикасының үкіметі бұл дертке заманауи тұрғыда баға беруден, оның алдын алудан бас тартты. Соның кесірінен, СПИД инфекциясын жұқтырғандар көбейіп, отбасылар, мектептер және экономика құрдымға кетіп жатыр.

## Институттардың өзара тәуелділігі

Қоғамның әрбір институтын тәуелсіз әлеуметтік құрылым деуге болады, бірақ олардың ешқайсысы жалғыз тұра алмайды. Керісінше, институттар бір-біріне тәуелді, олардың әрқайсысы басқаларына әсер етеді және басқа институттар да оларға әсер етеді.

Әдетте тұрақты қоғамда бір институттың рөліне кіретін нормалар мен құндылықтар басқа институттармен үйлесімде болады. Мысалға, еркектердің үстемдігін мойындайтын, отбасында үлкендердің айтқанына бағынатын қоғамның діни, экономикалық және саяси жүйелерінде де осы нормалар жұмыс істейді. Олай болса, өзара тәуелділік нормалар мен құндылықтарды орнықтырады және әлеуметтік тұрақтылықты арттырады.


Алайда, кейде өзара тәуелділік әлеуметтік өзгерістерге септесетін маңызды механизм бола алады. Әрбір мекеме бір-біріне әсер ететіндіктен біреуінің өзгерісі басқалардың да өзгеруіне әкеледі. Экономикадағы өзгерістер отбасының өзгеруіне, діндегі өзгерістер үкіметтің өзгеруіне әкеледі. Мысалы, ерлер жұмыс табу үшін басқа елге көшуге мәжбүр болса, мұның өзі елде қалған отбасының құрылымына көп әсерін тигізеді.

## Институттардың тұрақтылық немесе теңсіздік агенттері ретіндегі сипаты

Әлеуметтанушылар әлеуметтік құрылымдарды зерттеу үшін құрылымдық функционализм және конфликтология сияқты екі негізгі теорияны қолданады. Біріншісі, институттардың әлеуметтік және жеке тұрақтылықты қалыптастырудағы рөлін қарастырса, екіншісі, институттардың теңсіздікті заңдастырудағы рөліне назар аударады. Әрбір жүйе тұрақтылық пен тәртіпті әртүрлі құндылықтар негізінде бағалайтындықтан, әрқайсысы әлеуметтік құрылымдар туралы әркелкі сұрақтар қоюға итермелейді.

Құрылымдық-функциялық теорияны жақтаушылар институттардың қоғамды тұрақтандыруға қалай көмектесетінін сұраудан бастайды. Бұл сұраққа жауап беру үшін олар күнделікті мәселелерді шешу мақсатында институттар ұсынатын заңдылықтарға баса назар аударады. Әр жаңа оқиға сайын немесе әр буын өсіп-жетілген сайын дөңгелектің жаңа баламасын ойлап таппас үшін құрылымдық функцияшылдар «бұларға негіз болып тұрған әрбір заңдылық пен институт қоғам өмірінің біртіндеп дамуына мүмкіндік береді» деп қарайды. Оның үстіне, дәстүрдің арқасында бұл заңдылықтар қасиетті болып саналатындықтан, біз оларды моральдық тұрғыдан дұрыс деп есептеуге бейімбіз. Соның арқасында, әлеуметтік институттар біздің қажеттілігімізді қанағаттандырып, қауіпсіздігімізді қамтамасыз етеді.

Конфликт теориясы құрылымдық функцияшылдардың «институттар адамның негізгі қажеттіліктерін қанағаттандыруға көмектеседі» дейтін пікірімен келіседі. Бірақ олар: «Қоғам институттары неге бұл заңдылықтардың негізінде құрылды?» «Бұл заңдылықтарды кім қалыптастырды?», «Бұлардан ең көп пайда көретін кім?» деген сауал-



Дін – негізгі әлеуметтік институттардың бірі. Ілімдері мен әдет-ғұрыптары әртүрлі болғанымен, барлық мәдениеттер мен қоғамдарда өздерінің басқаруынан тыс оқиғалар мен құбылыстарды түсіндіруге мүмкіндік беретін наным-сенімдер бар.

дарға көбірек көңіл бөледі. Олардың жауаптарынан институттардың әдетте биліктегілердің мүдделерін қорғайтынын байқаймыз.

Институттар ертеден келе жатқандықтан біз отбасылық, діни және саяси жүйелерді тек белгілі бір қажеттіліктерді қамтамасыз етудің тәсілі ретінде ғана емес, жалғыз қолайлы жол ретінде қарастырамыз. Он бірінші ғасырдағы христиан «Сиқыршыларды, әрине, өртеу керек» деп ойлайтын болса, біз «Әрине, әйелдер бала тәрбиесі жолында мансаптарын құрбан етуі тиіс» деп ойлауға бейімбіз. Екі жағдайда да конфликт теориясы дәстүрлі формадағы теңсіздікті қалыптасты, тіпті болуы тиіс жағдай етіп көрсетеді және соның арқасында, қажетті әлеуметтік өзгерістерді кідіртін қояды.

## Әлеуметтік эволюция және ыдырау

Институттар қоғамға ерекше сипат береді. Кейбір қоғамдарда шіркеу, басқаларында отбасы немесе экономика басым институт болып табылады. Қандай жағдай болмасын, қоғамның қалай жұмыс істейтінін түсінуден бұрын оның институттық негізін танып алуымыз керек.

Мұның алдында да айтқанымыздай, қазіргі қоғамдарда көптеген күрделі институттар бар. Ал салыстырып қарайтын болсақ, ежелгі қауымдарда жалғыз әлеуметтік институт – отбасы ғана болған. Қазіргі замандағы күрделі қоғамдарда оңға тарта институт бар. Институттардың бұлайша ұлғаюына не себеп болды? Бұған қозғау салған басты оқиға экономикалық өзгерістер сияқты. Технологиядағы, физикалық ортадағы, ресурстарға қол жеткізудегі және әлеуметтік тәртіптегі өзгерістер экономиканы қарқынды дамытады, сөйтіп, институттар да кеңейе түседі (Diamond 1997). Бұл тарауда біз институттардың өндіріс-тегі төрт революциямен бірге жүрген эволюциясына шолу жасаймыз.

### Аңшылық-терімшілік қоғамдар

Аңшылық-терімшілік қоғамдар – жабайы аңдарды аулап, жеуге жарамды жемістерді, көкөністер мен дәндерді т.с.с. теріп жеп қана тамақ табатын қоғамдар (Lee & Daly, 2005). Бұл қоғамдар қарын тойдыру экономикасына негізделген, яғни адамдар өздері жей алатын тағамнан артық азық таппаған әрі оны сақтамаған. Анда-санда аң-құс аулап, жеміс мол шығып тұрғанымен олар көбінесе жоқшылықта, ашқұрсақ ғұмыр кешкен.

Аңшылық-терімшілік қоғамда әлеуметтік ұйымдасудың негізгі формасы туыстыққа негізделген отбасылық және жергілікті топтар болған. Аңшылық-терімшілік қоғамдардың көбі осы формада ұйымдасқан. Бұлардағы адам саны 50 кісіден аспаған және олар көшпелі я жартылай көшпелі ғұмыр кешкен. Үнемі көшіп-қонып жүретіндіктен қоғам мүшелерінің жекеменшігінде аз-маз заттан басқа мүлкі болмаған.

Еңбек бөлінісі жасына және жынысына қарай өте қарапайым негізде қалыптасқан (Lee & Daly, 1999). Ер жеткен ұлдар мен ерлер (қарттардан басқа) аң аулап, теңіз тереңінен балық ауласа, бойжеткен қыздар мен әйелдер жеміс-жидек теріп, жағалауда балық аулауға және оларды сақтауға қатысқан. Қарын тойдыру экономикасында жас пен жыныс негізіндегі мәртебе теңсіздігінен басқа аз-маз құрылымдық теңсіздік те кездескен. Топ мүшелерінің азғантай байлығы болған, анда-санда кездесетін артықшылықтар мұрагерлікпен кейінгі ұр-

**Аңшылық-терімшілік қоғамдарда** – адамдар көбіне жабайы аңдарды өлтіріп, етін жеген және тағамдық өсімдіктерді теріп жеу арқылы күнелткен.



Кунг Бушмен сияқты аңшылық-терімшілік қоғамдарда міндеттер гендерлік принцип бойынша бөлінеді. Жеке адамдар дүние-мүлкті өте аз жинайды, себебі табыс аз-әрі оларды тасып жүру қиын.

паққа берілген. Шын мәнінде, қарын тойдыру экономикасының ең басты ерекшелігі – бұл қоғам мүшелерінің жас және жыныс ерекшеліктерінен басқа айырмашылықтары болмаған.

Адамзаттың барлық қоғамдары аңшылық-терімшілік қоғамдар ретінде пайда болды, бірақ бүгінгі уақытта мұндай қоғамдар аз. Мұндай адамдар Аустралияның Үлкен Виктория шөлі, Амазон ормандары сияқты жерлерде кездеседі. Бұлардың аман қалған себебі – осы тұмса табиғаттың барлық ресурстарын пайдалану жолдарын ғасырлар бойы меңгерген, оның үстіне адам аяғы жетпейтін жерлерді басып алуға сырттағылардың да онша ықыласы болмаған.

## Бағбаншылық қоғамдар

Бүкіл әлемде аңшылық-терімшілік қоғам сатысынан жоғары көтерілу процесі ауыл шаруашылығын дамытудан басталды. Ауыл шаруашылығындағы «бірінші революция» кезінде адамдар табиғаттың бергенін жай теріп алудың орнына өсімдік өсіріп, оны баптауды меңгерді. Бұл соқасыз, жер жыртатын жануарсыз, кішігірім фермалардан тұратын бағбаншылық қауымдардың қалыптасуына ықпал етті. **Бағбаншылық қоғамдар** тек таяқтың, кетпеннің көмегімен көп тағам өсіре алмады. Бірақ аңшылық-терімшілік қоғамдардан айырмашылығы – олар артық азық жинайтындай көбірек өнім өндіре бастады.

Қауымдар күнкөріс қажеттігін өтеумен шектелмей, онан жоғары деңгейде дамыған соң түбірімен өзгерді. Шаруалар азық өндіру үшін әлі де күні бойы жұмыс істеуге мәжбүр болды, ал жаңа пайда болған таптық иерархияның жоғары бөлігіндегілер шаруалар өндірген артық азықты пайдаланды. Артықшылыққа ие бұл топ енді күнкөріс жұмыстарынан босап өнер, дін, жазу және андасанда соғыс сияқты басқа мақсаттарға көңіл бөле бастады.

Біршама молшылыққа кенеліп, тұрмысы реттелгендіктен бағбаншылық қоғамдарда отбасынан өзге күрделі де тұрақты институттар дами бастады. Кейбір экономикалық іс-әрекеттер отбасынан тыс жерде жүретін болғандықтан, бар уақытын осы салаға арнайтын діндарлары бар діни құрылымдар қалыптасты, оның үстіне бюрократиясы, салық жинаушылары және мұрагерлікпен берілетін билеушісі бар басқару жүйесі пайда болды. Кейде мұндай қоғамдар өте үлкен болған. Мәселен, Инк империясында шамамен 4 миллионнан астам адам тұрған.

## Егіншілік қоғамдар

Шамамен 5-6 мың жыл бұрын екінші ауылшаруашылық революциясы болып, жаңа технологияның арқасында азық-түлік өндірісінің өнімділігі еселеп артты (Diamond, 1997). Соқа мен ірі жануарларды пайдалану арқылы экономикасы азық өндіруге негізделген қоғамдарды **егіншілік қоғамдар** деп атаймыз.

Егіншілік қоғамға өту кезінде металл құралдары мен дөңгелекті пайдалану технологиясы жетіліп, суарудың, ұрықтандырудың үздік әдістері қолданылды. Бұл өзгерістер әлеуметтік институттарды түбегейлі өзгертті. Ең бастысы, бұл өзгерістердің арқасында азық-түлік өндіруге аз ғана адам қажет болды. Нәтижесінде, басқалар қалаларға қоныс аударып, саны артып келе жатқан жаңа кәсіп түрлерімен айналыса бастады. Адамдар күннен-күнге бір салаға толық бейімделе бастағандықтан технология, сауда, оқу, жазу, ғылым және өнер салалары жылдам дамыды.

**Бағбаншылық қоғамдар** – соқа сияқты өңдеу құралдары жоқ, кішігірім, қарапайым шаруа қожалықтары.

**Егіншілік қоғамдар** – соқаның және ірі жануарлардың көмегімен ауылшаруашылық өнімін өндіруге негізделген.

Сонымен бірге түрлі кәсіптердің пайда болуы теңсіздікті ұлғайтты. Бағбаншылық қоғамдағы қарапайым жүйенің орнына саудагерлер мен сарбаздардан, ғалымдар мен патшалардан және еңбек күші басқа барша жұртты асырайтын, халықтың қомақты бөлігін құрайтын кедей шаруалардан тұратын күрделі таптық жүйе қалыптасты.

Қауымдарда бос уақыт пен технологияны қолданатын жаңа бір сала – соғыс саласы болды. Жылқыны қолға үйретіп (атты әскер), дөңгелекті (әскери арба) игерудің арқасында әскери техника әлдеқайда озық және тиімді бола бастады. Әскери әлеует басқа халықтарды жаулап алу арқылы артық табыс табудың құралы ретінде пайдаланылды. Бұл салада римдіктердің жетістікке жеткені сондай, олар Жерорта теңізі маңындағы бүкіл халықты Италиядағы билеуші элитаға бағынышты шаруа табына айналдырды.

## Индустриялық қоғамдар

200 жыл бұрын Батыс Еуропада өндірістегі үшінші ірі төңкеріс жүзеге асырылып, индустрияландыру өмірге келді. **Индустриялық қоғам** – экономикасы механикалық, электр қуатын немесе қазба отын энергиясын пайдалана отырып, ауыл шаруашылығына емес, тауарлардың жаппай өндірісіне негізделген қоғам. Жануарлар мен адам еңбегінен жаппай өндіріске ойысу қалаларды өркендетіп, саяси, әлеуметтік және экономикалық институттарды өзгертті. Білім беру сияқты ескі институттар қанат жайып, ғылым, медицина және заң сияқты жаңа институттар пайда болды.

Индустриялық қоғамға ауысу *gemeinschaft*-тан *gesellschaft*-қа ойысу процесімен қатар жүрді (Brint, 2001). *Gemeinschaft* – адамдар айналасындағы жұрттың көпшілігімен тығыз жеке байланыс орнататын қоғам. Ал *gesellschaft* кезінде жұрт бір-бірімен адами тұрғыда емес, тек қажеттілік тұрғысынан байланыс орнатады. Бұл бетбұрыс ауылшаруашылық қоғамдарынан бастау алған; фермалардан фабрикаға, қалаларға ауысу қарқыны артқан сайын бұл тенденция да кең қанат жая түсті.

## Постиндустриялық қоғамдар

Соңғы бірер жылдың көлемінде АҚШ сияқты бақуатты мемлекеттер постиндустриялық қоғамға жылдам ауысты. Индустриялық қоғам киім-кешек, көлік, компьютер сияқты заттарды жаппай өндірумен әйгілі болса, постиндустриялық қоғамдар ақпарат шығару мен қызмет көрсетуге баса назар аударады. Постиндустриялық жұмыстарға ғалым, дәрігер, бағдарлама жасаушы, сондай-ақ үй қызметшісі, Walmart дүкенінің кіреберісіндегі қарсы алушы жатады. Ал индустриялық өнім өндіру (киім тігу және компьютер өндірісі) біртіндеп Бангладеш, Перу сияқты кедей елдерге көшті.

Постиндустриялық қоғамға көшу әлеуметтік институттардың салыстырмалы түрде ықпалын өзгертті. Постиндустриалдық әлемде жұмыс орындары көп жалақы төленетін жұмыс (төрт немесе одан да көпжылдық жоғары білімі барларды алатын) пен аз жалақы төленетін жұмыс (жоғары білімі жоқтарды алатын) болып екіге бөлінді. Сондықтан білімнің маңызы артты. Сонымен қатар қазір ақпараттық технологиялар барлық әлеуметтік институттарға зор ықпал етеді. Ол біздің отбасымызбен арадағы байланысымызға, дінді ұстануымызға, білім алуымызға және т.б. көп өзгеріс енгізіп жатыр.

**Индустриялық қоғамдар** – ауылшаруашылық өнімдеріне жатпайтын тауарларды жаппай өндірумен сипатталады.

**Gemeinschaft** – адамдар өзара тығыз жеке байланыс орнататын қоғам.

**Gesellschaft** – адамдар өзара адами тұрғыда емес, қажеттілік тұрғысынан байланыс орнататын қоғам.

**Постиндустриялық қоғамда** ақпарат шығару мен қызмет көрсетуге баса назар аударылады.

## Case study: институттар жоғалған кез

Жалпы, тарихқа қарасақ өндірістегі, қайта өндірудегі, білім саласындағы, адамзат қоғамының басқа да негізгі элементтеріндегі өзгерістер өте баяу жүрген. Бұл өзгерістер біртіндеп әрі үйлесімді түрде жүріп жатқандықтан институттар бір-бірін қолдап, адамдардың қажеттіліктеріне жауап бере алатындай әрекет етіп отырды. Ал кей жағдайларда, керісінше, жаңа институттар пайда болмай жатып ескі институттар, ескі рөлдер мен тұғырлар жойылып кетіп отырды. Мұндай кездерде қауымдар мен ондағы адамдардың жаны жараланып, бір-бірінен ажырап қалады.

Анастасия Шкилник 1985 жылы шыққан «Адам махаббатынан күшті у» атты кітабында адамзаттың осындай бір қайғылы оқиғасының жылнамасын жасады. Онтарионың солтүстік-батысындағы оджибуей үндістерінің ауыр тағдырына басты назар аударылған бұл кітап жылдам әлеуметтік өзгеріске ұшыраған дәстүрлі қоғамдардың ахуалын түсіну үшін өте пайдалы.

### Бұзылған қоғам

1976 жылы Канада үкіметінің Үндістер проблемалары жөніндегі департаменті Шкилникті оджибуей қауымдастығының 520 адамнан тұратын Grassy Narrows резервациясына жіберді. Жақын маңдағы өзен-көлдер сынап қалдықтарынан уланып, бұл қауымдастық соның экономикалық зардаптарын тартып жатқан. Шкилникке үндістерге осы қиындықты жеңу жөнінде кеңес беру тапсырылды.

Grassy narrows – қожыраған қоғам болатын. Мұнда 40 градус қақаған аязда 6 жасар балалар көшеде мас болып жүретін. Канаданың басқа аймақтарымен салыстырғанда мұнда балалар мен ересектердің өлім деңгейі өте жоғары болды. Осы өлімнің шамамен төрттен үшті спирттік ішімдіктер мен есірткінің салдары. Шкилниктің журналға шыққан мақаласынан алынған мына үзінді Grassy narrows тұрғындарының басындағы қасіреттен хабар береді:

**Жұма.** Көршім кеше түн ортасында 4 жасар Долоресті үйінен шамамен 3 шақырым жердегі қорықтың маңында жалғыз жүрген жерінен тауып алғанын айтты. Ол полицияға хабарласқан, әлгілер істі тергеу үшін қыздың үйіне барыпты. Олар Долорестің 3 жасар сіңлісі Дианының бұрышта бүктетіліп жылап жатқанын көреді. Үй қаңырап тұр, ішерге тамақ жоқ, барлық терезелер сынған. Полиция қыздардың ата-анасы содан бір күн бұрын Кенораға кетіп, сол жақта арақ ішіп жүргенін анықтады.

Бұл балалардың ата-аналары сияқты Grassy narrows резервациясындағы ересектердің көпшілігі маскүнемдікке шалдыққан. Көп адам жалақысын не жәрдемақысын ала сала ақша таусылып, есінен адасқанша арақ ішеді. Балалар көбіне ата-аналарының есінен айрылғанын күтіп, сосын олардан қалған ішімдікті өздері ішіп қояды. Ішімдік таппаса, олар желім я жанармай иіскейді.

Бұдан 20 жыл бұрын ғана оджибуей гүлденген халық болған еді. Бұл қоғам қалайша толықтай күйреді?

### 1963 жылға дейінгі оджибуей қоғамы

Оджибуейлер екі ғасыр бойы ақ адамдармен араласып тұрды. 1873 жылы олар Канада үкіметімен арадағы қарым-қатынасты анықтап, шекараны нақтылайтын шартқа қол қойды.

Бұдан соң оджибуей қауымы ондаған жыл аңшылық-терімшілік дәстүрін сақтап өмір сүре берді. Олардың басты институты – отбасы



Постиндустриялық қоғам ақпарат шығару және қызмет көрсету түрлерінің артуына негізделген. Құрама Штаттарда халық түгелдей телефон қызметімен қамтылуы соның айғағы.



болатын. Әулетке бауырлар мен олардың әйелдері және балалары немесе ерлі-зайыптылар, олардың үйленбеген ұл-қыздары, үйленген келін-балалары және немерелері кіретін. Олардың үйлері не шатырлары бір-бірімен жапсарластырылып, басқа әулеттің үйлерінен кемінде 800 метрдей қашықтыққа салынатын.

Барлық экономикалық шаруаларды әулет атқарды. Олардың жұмысы жыл мезгіліне қарай әркелкі болып келетін. Жаздың соңы, күздің басында әулеттер қарақат теріп, жабайы күріш жинады, ал қыста аңшылықпен айналысты. Осы шаруаның бәріне бүкіл әулет қатысты, олар үнемі бірге жиналып, жұмыс қайда болса сонда көшіп-қонып жүрді. Ерлер аң аулады, әйелдер теріні өңдеп, ет дайындады, ал қарттар мүмкіндігінше көмектесті, жастар да олардың қажетіне жарап отырды. Осылайша, әулет жаздың соңынан көктемнің соңына дейін көшіп-қонып жүрді.

Басты экономикалық және білім беру ұйымы болумен қатар, әулет әлеуметтік бақылаудың басты құралы болды. Әулет ақсақалдары ережелерді енгізіп, оны бұзғандарды жазалап отырды. Бұған қоса, діни рәсімдердің көпшілігін ақсақалдар өткізді. Оджибуей қоғамындағы әулеттердің арасы шашыраңқы болғанымен әр әулет, негізінен, өзін қамтамасыз ететін еді, олар басқа әулеттермен тек қыз алысып, қыз берісу кезінде не рәсімдік іс-шараларда ғана араласып отыратын.

Ақ адамдар мәдениеті әкелген бастапқы өзгерістер бұл өмір салтын бұза қоймады. Тіпті үндістердің көп балаларын қыс айларында оқуға алып кететін мектеп-интернаттардың ашылуы да оджибуей қоғамына бәлендей әсер етпеді. Мектеп-интернаттар оджибуейлердің басты әлеуметтік институттарын бұзған жоқ. Балалар жазда үйлеріне қайтып келгенде, әулет адамдары оларға оджибуей мәдениеті мен әлеуметтік құрылымын үйретіп жіберетін.

## Өзгеріс

Алайда 1963 жылы үкімет «оджибуейлер заманауи қоғамға айналуы керек» деген шешім қабылдады. Осы мақсатта бүкіл оджибуей қауымдастығын ескі резервациядан 6 шақырымдай қашықтықтағы үкімет салған жаңа үйлерге көшірді. Жаңа жерде дәретхана да, жол да, мектеп те, қысқасы «өркениеттің» бәрі болды. Ескі мен жаңа қауымдастықтың арасындағы айырмашылық байырғы оджибуей институттарының арасын жалғап тұрған нәзік байланысты күлпарша етті.

Біріншіден, ескі қауымда үйлер әулеттегі орнына қарамастан туыстық тәртіппен жақындастырып салынатын. Жаңа тәртіп салдарынан туыстық топтар физикалық бірлік ретінде өміршең болмай қалды. Екіншіден, интернаттардың орнына жергілікті мектеп салынғандықтан әйелдер күйеулерімен бірге ұзақ жорыққа шығып, аң аулауға бармай, балаларына қарап үйде қалуға мәжбүр болды. Соның кесірінен ересек әйелдер бір түннің ішінде өндірушіден тұтынушыға айналып шыға келді, бұл олардың күйеулерімен және қоғамдастықпен арадағы дәстүрлі байланысты бұзды. Әйелдер мен балалар үйден кете алмайтындықтан еркектер ұзақ жолға жалғыз шығуға мәжбүр болды. Ерлер бала-шағасын қалдырып кетуді қаламағандықтан аңшылық жорықтары бірнеше аптадан бірнеше күнге дейін қысқарды. Сөйтіп, аңшылық жорық бүкіл отбасының өмір салты болудан қалды. Трансұлттық корпорацияға қарайтын қағаз зауыты резервация маңындағы өзен-көлдерді улап, ондағы сынаптың мөлшері қауіпті деңгейге жеткендіктен үкімет 1970 жылғы мамыр айында бұл маңайда балық аулауға мүлде тыйым салды.

Сөйтіп, мұндағы өндіріс көлемі тіпті құлдырады. Осы өзгерістердің кесірінен бұл қауым өздерін асырап, бір-біріне тәуелді болудың орнына түгелімен үкіметтен келетін көмекке қарап қалды.

Соның салдарынан шаруашылықты ұйымдастырудың бүкіл тәртібі, әлеуметтік рөлдер, мәртебелер, институттар бұзылды. Ерлі-зайыптылар арасындағы қарым-қатынас бұрынғыдай айқын болмай қалды. Екеуара бірлескен экономикалық өнім өндіру жойылған соң олардың ендігі құқықтары мен міндеттері не болмақ? Ешкім ертеңін ойламайтын күн туды, енді олардың балалар алдындағы құқықтары мен жауапкершіліктері қандай болуы керек?

### Оджибуейдің болашағы

1985 жылы үкіметтің саясаты мен қағаз фабрикасының кесірінен өмір салты өзгеруінің өтемі ретінде оджибуей қауымдастығы 16,7 миллион доллар өтемақы алу жөнінде соттан тыс келісімге келген. Алайда арада 20 жыл өтсе де әлі күнге табиғаттың ластануы – денсаулық сақтау мен экономика салаларының басты проблемасы болып отыр (Envirowatch, 2006). Оның үстіне, сырттағы корпорациялардың кен өндіру, ағаш кесу әрекеттері тайпа өміріне және қоршаған ортаға жаңа қауіп-қатер төндірді. Соған қарамастан оджибуей қауымдастығы бас көтеріп, жарақаттарын жаза бастады. Олар балаларға оджибуей тілін үйрететін мектеп бағдарламаларын әзірледі, резервацияның ақшасын пайдаланып, өнімділікті арттыруға мүмкіндік беретін жаңа өнеркәсіп орындарын ашты, оған қоса олар табиғатқа төнген жаңа қатерлерге төтеп беру үшін саяси тұрғыда жұмылып келеді (Envirowatch, 2006). Олар ескі қоғамдық институттарды қалпына келтіріп, жаңаларын қалыптастырып жатыр.

### Әлеуметтану ғылымының жауабы

Өкінішке қарай, Оджибуей қасіреті – сирек кездесетін жағдай емес. Солтүстік Америкадағы тайпалардың барлығы осы тағдырды бастан кешірді. Байырғы америкалықтар арасында алкоголь не есірткіге тәуелділік әдеттен тыс көп кездеседі. Соның кесірінен, олардың арасында бауыр ауруынан, бүйрек циррозынан, төтенше оқиғалардан, кісі қолынан, суицидтен қаза табатындар саны әлдеқайда көп. (Денсаулық сақтау статистикасының 2011 жылғы Ұлттық орталығы, Wagner, 2006).

Байырғы америкалықтардың алкоголь мен есірткіге тәуелділігін азайтуға әлеуметтанулық тұрғыдан үлес қосу ісі «алкогольді шамадан тыс ішуге қандай қоғамдық құрылымдар итермелейді? Қоғамдық құрылымдар салынып ішпейтіндерді неге ішімдікті қоюға ынталандырмайды?» деген сұрақтардан басталады.

Мұның жауабы теориялық жұмыс ауқымына байланысты. Құрылымдық функцияшылдар үндістердің институттарының жойылуына, олардың қалған институттары мен ақ нәсілді қоғамның арасындағы үйлесімсіздіктерге назар аударуы мүмкін. Конфликт теориясының өкілдері ақ нәсілділердің үндістерді зорлықтың күшімен, жүйелі түрде мәдениеттерінен, тіршілік етіп, нәпақа табу мүмкіндіктерінен айырып, олардың қоғамын қалай күл-талқан еткеніне баса көңіл бөледі. Дегенмен екі тарап та үндістердің кедейлік салдарынан қырылғанын мойындайды. Нәтижесінде, екі жақ өкілдері үндістерді жұмыспен толық қамту үшін олардың экономикалық және қоғамдық институттарына өзгеріс енгізіп, екінші жағынан, олардың мәдениетін дамытып, қадір-қасиетін арттыру керек деген тоқтамға келген.

Алкоголь не есірткіні шектен тыс пайдалануға қарсы күрес көбінесе қызылша дертімен күреске ұқсайды. Дертке шалдыққан адамды емдеу арқылы проблеманы түбірімен жоя алмаймыз, әу бастағы себептерге тосқауыл қою керек. Араққа салыну тегіс қоғамға індет болып жайылса бүкіл қоғам деңгейінде алдын алған жөн. Адамдарды арақ пен есірткіге үйір болудан тыятын себептер болуы үшін мәртебелер, рөлдер және институттар қайта қалпына келтірілуі тиіс.

## Әлеуметтік қарым-қатынас және күнделікті өмір

Адамдар іс-әрекетті не үшін істейді? Мұның жауабы тек олардың әлеуметтік рөлдеріне ғана емес, сондай-ақ жалпы жағдайға, олардың қоғамдық мәртебесіне, ресурстарына, жеке қасиеттеріне және өмір тәжірибесіне байланысты болады. Дәрігер рөлін ойнап жүрген екі адам екі түрлі әрекет етуі мүмкін, тіпті бір дәрігердің өзі әр науқаспен арадағы рөлдерін әр жағдайда әртүрлі ойнайды. Әлеуметтік құрылым біздің өзіміз істеп жүрген іс-әрекетті не себепті жасайтынымызды жалпы түрде түсіндіреді, бірақ жекелеген жағдайларды нақты қарастырмайды. Күнделікті өмір әлеуметтануын зерттейтін ғалымдар біздің қарапайым жүзбе-жүз байланыстарымызды қалыптастыратын әлеуметтік процестерге назар салады.

### Күнделікті өмірді басқару

Күнделікті өміріміздің көп бөлігі күйбең тіршіліктен тұрады. Мысалы, күн сайын жұртпен әңгімелесу арқылы түрлі қарапайым нәрселерді үйренеміз және сол үйренгендерді орын-орнымен пайдаланамыз. Біреу «Сәлем, халің қалай?» деп сұраса, оған «Жақсы, өз халің қалай?» деп жауап беретін қарапайым рәсімдерді күніне сан қайтара орындаймыз. Бұл рәсімдерге «Рақмет/ Шүкіршілік» немесе «Кешіріңіз/ Ештеңе етпейді» деген сияқты біреу стандартты жауаптарды қосыңыз.

Дегенмен әр кездесу проблема тудыруы ықтимал. Мәселен, қарапайым қоғамдық рәсімді орындап, әлдекімен: «Сәлем, хал қалай», – деп сұрасаңыз ол сізге 20 минут бойы басындағы тауқыметін айтып тұрып алса қайтер едіңіз? Әкеңіз «көліктің кілті қайда» деп сұраса, ал оны ағаңыз рұқсатсыз алып кеткен болса не істейсіз? Екінші тарауда әр мәдениеттің бізге күнделікті рәсімдерге қажетті құралдар жиынтығын ұсынатынын айттық, олардың қайсысын қалай, қашан, қайда қолдану керектігін өзіңіз шешесіз.

Әр кездесудің алдында адам екі проблеманы шешіп алуы керек: 1) қазір не болып жатыр, бұл әрекеттің сипаты қандай? 2) болмыстарымыз қандай, яғни актерлар кімдер? Барлық әрекеттеріміз осы сұрақтарға берілетін жауаптарға байланысты болмақ. Тіпті дәлізде кетіп бара жатқан бейтаныс адамды елемеу туралы шешімнің де осы сұрақтарға қатысы бар. Мұны қалай орындаймыз?

**Күнделікті өмірдің әлеуметтануы** біздің қарапайым, бетпе-бет байланыстарымызды қалыптастыратын процестерге назар аударады.

### Қалыптар

Біреумен кездескендегі ең алғашқы әрекетіміз – «Мұнда не болып жатыр?» деген сұраққа жауап іздейміз. Осы жауаптың арқасында бұл

2013



## БҰҚАРАЛЫҚ АҚПАРАТ ҚҰРАЛДАРЫ ЖӘНЕ МӘДЕНИЕТ

### Көктемгі демалыс әлеуметтануы

**К**өктемгі демалыс әртүрлі жағдайда өтеді. Кей студенттер туыстарымен саяхатқа шықса, біреулері қызмет көрсету жобаларында жұмыс істейді, енді біреулері қосымша табыс табу үшін не сабаққа дайындалу үшін үйлерінде қалады, достарымен сауық құру үшін жағажайға кететіндері де бар. Жастардың көбі сауық-сайраннан ең аз дегенде денесін күнге күйдіріп қайтады. Азғантай бөлігі алкогольді не есірткіні шамадан тыс пайдаланғанның кесірінен жол апатына ұшырап, суға батып я балконнан құлап мерт болады. Кейбірі өмір бойына мүгедек болып немесе жыныстық ауру жұқтырып, жыныстық зорлықтың кесірінен психологиялық жарақат алып оралады.

Көктемде «жағадағы сауық кештеріне» кететін студенттер жылдың басқа мезгілдерімен салыстырғанда әдетте көбірек ішімдік ішеді, бей-берекет жыныстық қатынасқа түседі, сақтықты ұмытады (Grekin, Sher, & Krull, 2007; Sonmez et al., 2006; Lee, Maggs, & Rankin, 2006). Көктемгі демалыстың белсенділікті бұлайша арттырып жіберуінің себебі неде?

Студенттер көктемгі демалысқа шыққанда әдетте өздерін бақылап отыратын отбасы, білім ордасы және жұмыс орны сияқты институттардан аулақ кетеді. Олар профессорлар, жатақханадағы кеңесші, бастық я ата-ана сияқты институттық ережелерді қолданатын адамдардан еркіндік алады. Көктемгі демалысқа

кеткен студенттер өздерінің әлеуметтік рөлдерінен талап етілетін нормаларға сай келуге міндетті болмайды, сондай-ақ олар студент, қызметкер я отбасы мүшесі ретіндегі мәртебесін сақтап тұруға да міндетті емес. Олардың іс-әрекеттерін бақылап, төрелік айтып отыратын беделді адам жоқ. Маңайындағы студенттер басқа кампустан не штаттан келуі мүмкін, бұл олардың бейтаныс болып қалуына мүмкіндік береді.

Оның үстіне, қалыпты рөлдер, мәртебелер мен институттар болмағандықтан олардың орнын жаңа рөлдер, мәртебелер мен институттар басады. Өз аймағындағы қауым бұларды мүлде қабылдамаған болар еді. Мәселен, Америка медицина қауымдастығы жүргізген сауалнама нәтижесіне қарасақ, көктемгі демалыста сауық құруға барған колледж студенттерінің жартысынан астамы «сол ортаның талаптарына сай болу үшін онда кездейсоқ жыныстық қатынасқа бару керек» дегенді айтқан (Robert Wood Johnson Foundation, 2006).

Бұл жаңа нормаларды осы арқылы табыс тауып отырған корпорациялар қалыптастырған. Мәселен, «Қыздар еркін сайрандады» (Girls gone wild) деген сияқты видеоларды түсіретін компаниялар жағажайдағы «жынойнақты» түсіріп, оңай жерден ақша жасайды. Мұндай компаниялар көктемгі демалыстың «жабайы» жағын көрсетіп қана қоймай, мектеп оқушыларына да «ертең колледжге барғанда осындай болады» дегенді үйретеді. Сол сияқты алкоголь өнімдерін шығара-



Оқушылар мен студенттер көктемгі демалыс кезінде үлкендердің бақылауынан тыс қалып, ойына келгенін істеуге мүмкіндік алады және соны еркін пайдаланады.

тын компаниялар да, туроператорлар да өнімдерін көбірек өткізу үшін көктемгі демалыстың «жабайы» жағын көбірек насихаттауға тырысады. Мәселен, Dos Equis Girls компаниясының қыздары бикини киіп жүріп тегін сусын таратады, ал бір туроператордың веб-сайтында: «(Мексикадағы) суды ойлап қобалжымай-ақ қой, себебі сен ол кезде сыраға мас боласың» деп жазып қойған. Қорыта айтсақ, көктемгі демалыс студенттердің Жаңа Орлеандағы Mardi Grass, Бразилиядағы карнавал кезіндегідей күнделікті рөлдерден, мәртебелер мен институттардан сытылып шығып, еркін сайрандауына мүмкіндік береді.

кездесуді санамыздағы бір қалыпқа саламыз. Яғни қарапайым түрде айтсақ, қалып дегеніміз – жағдайға баға беру, болып жатқан қарым-қатынастан не күтерімізді анықтау.

Жүзбе-жүз кездесулердің барлығында біз күтетін нәрселердің қалыбы жасалады: адамдар қалай әрекет етеді, бұл әрекеттерімен нені меңзейді және т.б. Тіпті сатушыдан бір қорап сағыз сатып алған сәттің өзінде біз одан ондаған нәрсені күтеміз. Американың көп жерінде біз оның ағылшынша сөйлегенін, кассаның жанына барғанын, тауардың бағасын айтып саудаласпауын, тым артық салмағыңды айтып кемсітпеуін күтеміз. Бұл күткендеріміз – біздің жасаған қалыбымыз, сол қалыптың арқасында біз әлгі кездесуге баға беріп, оған жауап қайтамыз.

Көбіне сөйлесетін серігіміздің де қалыбы біздікіндей болады, бірақ кейде өзгешеленуі мүмкін. Кейде ол адамның қалыбы басқаша

**Қалып** – жағдайды бағалау, болып жатқан қарым-қатынастан не күтетінімізді анықтау.



Іскерлік салада кездескен екі адам бірдей кадрларға ие болғандықтан, екеуі де не істеу керектігін және қол алысу нені меңзейтінін біледі.

болады немесе ұшырасқан адам қалыпты өзінше түсініп қалады. Жағдайға анықтама беру үшін қалыптасқан соңғы қалып екі тарап арасындағы келіссөздің нәтижесі болып шығады.

## Болмыс туралы келісу

Кездесуді қалыпқа салған соң «Қандай болмысты мойындаймын?» деген екінші сұраққа жауап беру қажет. Бұл – қатысушылардың аты-жөнін білуден әлдеқайда күрделі шаруа. Әрқайсысымыздың бойымызда түрлі рөлдер мен болмыстардың жиынтығы болғандықтан, біздің жағдайда актордың (әрекет етушінің) қай болмысты пайдаланып тұрғанын анықтау қиын болып жатады.

Белгілі бір деңгейде болмыс, біз құйған қалыптың ішінен табылады. Егер студент профессордың кабинетіне дәріс алу үшін кірсе, онда профессордың ғылыми болмысы орынды болады. Егер профессор студенттің ата-анасының досы болса, онда студенттің кабинетке кіруі әлеуметтік кездесу қалыбына кіреді, бұл жағдайда профессор болмысының басқа бір қыры (хоббиі, отбасылық өмірі, т.с.с.) пайдаланылады.

Болмысты анықтау көп мәселе туғызбайтындықтан кейде ол келіспеушілікке себеп болуы мүмкін. Мұны көбіне әңгімелесу кезінде байқаймыз. Мәселен, «Бұл – компьютердің майын ішкен Мэри» деп таныстыру мен «Бұл – сауық десе алдына жан салмайтын Мэри» деп таныстыру мүлде бөлек. Әрине, басқалар сіз жасаған қалыппен келіспеуі мүмкін. Мэри сіз ұсынғаннан мүлде басқа болмысын көрсеткісі келуі ықтимал. Мұндай жағдайда ол сізбен келісуге мәжбүр болады.

Болмыс проблемасы қарым-қатынастың жасырын бөлігі болуы мүмкін. Мәселен, оқуын жаңа бітірген заңгер жігіттің тәжірибелі әйел заңгермен сөйлесіп тұрғанын елестетіңіз. Егер жігіт бұл кездесуден қысылатын болса, онда оны жас заңгер мен тәжірибелі заңгердің кездесуі емес, ер мен әйелдің кездесуі деп түсіндіруге тырысуы мүмкін. Ол әйелдің иіссуы туралы еркіндеу әңгіме бастап, сосын «мына іске әйел ретіндегі көзқарасыңыз қандай» деп сауал тастауы ықтимал. Ол тіпті әйел заңгердің орындығының арқалығына қолын қойып немесе оның иығынан ұстап сұхбаттасушының алдындағы өктемдігін көрсеткісі келуі ғажап емес. Акторлар осындай стратегиялардың көмегімен келісе отырып, өзінің және айналасындағылардың болмысын анықтайды.

## Драматургия

Күнделікті өмірді біз драматургия деп аталатын әлеуметтану бағыты арқылы басқарып отырамыз. **Драматургия** – қоғамдағы жағдайларды актерлардың аудиторияға өзі көздегендей әсер ету үшін жасайтын манипуляциялық іс-әрекетінің көріністері деп қарайтын әлеуметтік өзара әрекеттесу түрі.

Драматургиялық бағыттың негізін салған – Ирвинг Гоффман (1959, 1963). Гоффман бүкіл әлемді театр деп сипаттады. Күнде таңертең: «Қандай киім киемін?», «Шашымды қалай қайырамын?», «Бүгін денемдегі суретті көрсетуге болатын күн бе?» – деп өз-өзімізге сұрақ қоятынымыз сияқты әрқайсымыз көңігі әртістей-ақ бет-бейнемізді өз кейіпкерімізді сомдау үшін қолданамыз (қараңыз Pitts-Taylor, 2003). Айтып тұрған сөзімізді қуаттай түсу үшін немесе оған қарсы шығу үшін әртістер секілді бет әлпетімізді, қимыл-қозғалысымызды, көзбен ұғысуды және дене тілінің басқа да әдістерін пайдаланамыз. Мәселен, құрбыңызға: «Көйлегің жарасып тұр» де-

**Драматургия** – қоғамдағы жағдайларды әр адамның өзгелерге өзі көздегендей әсер ету үшін жасайтын іс-әрекетінің көрінісі деп қарайтын әлеуметтік өзара әрекеттесу.

генді бетіне қарап айту мен телефоннан көз алмай тұрып айтудың арасы жер мен көктей.

Драматургияны қолданатын әлеуметтанушылар өмірде де театр сияқты шымылдықтың алдыңғы жағы (сахна) мен артқы жағы болады деп санайды. Шымылдықтың алдында біз спектакль қойсақ, сахнаның артында дайындық жасаймыз және түрлі мінез-құлық нормаларын қолданамыз. Мәселен, бір-біріне айқайлап жатқан ерлі-зайыптылар есік қағылып, үйге қонақтар келген кезде бір-бірін «жаным», «күнім» деп еркелете қалады. Мұндағы қонақтар – аудитория, олар да өз рөлдерін ойнап жүр.

## Әсерлерді басқару

Біз жоғарыда адамдардың күнделікті кездесулерде не істейтініне көп назар аудардық. Бірақ бұл әрекеттерді адамдардың не үшін істейтінін сұраудың да маңызы зор. Әлеуметтанушылар көбіне бұған: «Адамдар қоғамдағы орнын нығайтып, өзіне деген сенімді қалыптастыру үшін істейді», – деп жауап береді (Owens, Stryker, & Goodman, 2001; Guadagno, Cialdini, 2007).

Басқалардың біз туралы көзқарастарын басқару үшін жасайтын іс-әрекетімізді әсерді басқару деп атаймыз (Goffman, 1959). Біз көбіне басқалардың қоғамдық қолдауына ие болу үшін әсерді басқаруға тырысамыз. Сәнді киініп, шашымызды әдемілеп тарап, өзгелермен сыпайы да сырбаз қарым-қатынас жасауға күш саламыз. Дегенмен кейде әсерді басқару, керісінше, әлеуметке ұнамсыз болып көріну үшін пайдаланылады. Мәселен, панктер, готтар, «эмолар» немесе бұзақы топтар басқалар өздерінен қорқып, жиіркенуі үшін ерекше шаш және киім үлгісін таңдайды (Willkins, 2008; Pytts-Taylor, 2003). Бұл тақырып «Америкадағы әркелкілік: Готтар» деген бөлімде көбірек талқыланады.

Қазіргі күндері біз онлайн өмірде де, жүзбе-жүз кездесуде де әсерді басқару әдісін қолданамыз. Facebook-тегі профилімізді өзгертіп, Second Life-тағы аватарымызды жаңартқан сайын өзгелердің алдындағы имиджімізді қалыптастырамыз (Turkle, 2011).

Оның үстіне, өзіміздің іс-әрекетіміз бен таңдауымызды түсіндіру үшін де әсерді басқару тәсілін қолданамыз. Мұндағы басты екі стратегия – айыпты болмау және ықыласқа бөлену.

**АЙЫПТЫ БОЛМАУ ҮШІН СЕБЕПТІ ҚОЛДАНУ.** Күнделікті өмірде біздің қоғамдық болмысымыз бен қадір-қасиетімізге кері әсер ететін жайттар жиі болып тұрады. Жұмыстан шығып қалуымыз я емтиханнан құлауымыз немесе аңдамай сөйлеп, өкінуіміз мүмкін. Бізді жаман етіп көрсететін бір әрекет жасап қойсақ өзіміздің қоғамдық бейнемізді сақтап, қадір-қасиетімізді қорғаудың жолдарын іздеуіміз керек.

Біз өзімізді көбіне сұхбаттасу арқылы қорғаймыз. Егер ережеден ауытқығанымыздың себебін дұрыс түсіндіре алсақ, онда жұрттың көз алдында жалпы нормаларға бағынатын адам болып көрінеміз. Біз мұны басқалар күтпеген я қаламаған істі неге істегенімізді түсіндіретін себеп келтіру жолымен жүзеге асырамыз.

Себеп *ақталу* және *негіздеу* деген екі санатқа бөлінеді (Scott & Lyman, 1968). Ақталу кезінде адам істеген ісінің қате, қоғамға қайшы екенін мойындап, оны болдырмау үшін ештеңе істей алмағанын түсіндіреді. Ал негіздеу кезінде ережені бұзу себебін одан да жоғары тұрған басқа ережеге сүйеніп сипаттайды (Scott & Lyman, 1968).

Әсіресе студенттер – ақталу мен негіздеудің хас шеберлері. Мә-



Бұл баланың бет әлпеті оның әлденеге наразылығын білдіреді.

**Әсерді басқару** – басқалардың бізге көзқарасын басқару үшін жасайтын іс-әрекетіміз.

**Ақталу** – істеген әрекеті теріс екенін мойындау, бірақ оны бақылау қолынан келмегенін айту.

**Негіздеу** – істеген әрекеті теріс болса да оны биік моральдық игілік үшін жасағанын түсіндіруге тырысу.



## АМЕРИКАДАҒЫ ӨРКЕЛКІЛІК

### Готтар

Әсіресе жастар үшін әсерді басқару тым қиын болғанымен, өте маңызды. Балалық кезеңнен өткен, бірақ әлі ересектер қатарына кірмеген жастар өз болмыстарын қалыптастырып, басқаларды сол болмысқа сендіру жолында күреседі. Бірақ кейбіреулер қоғам сыртқа тебетін болмысты не үшін әдейі таңдайды? Бұл сұраққа жауап табу үшін әлеуметтанушы Эмми Уилкинс (2008) өздерін «готпыз» деп атайтындарды бірнеше ай бойы бақылап, олармен сұхбаттасқан.

Готтар әдетте үстеріне жыртқық қара киім киіп, денесіне адамның бас сүйегіне ұқсас сурет салып алады. Оған қоса, ерлері де, әйелдері де қап-қара опа-далап жағып, шаштарын қалыптасқан нормадан бөлек қара я қызғылт түске бояйды. Таққан стикерлері, киген футболкалары олардың айқай-шулы орталарды, вампирлер мен бейіттерді, қорқынышты фильмдерді, өліммен қатысы бар басқа да нәрселерді ұнататынын паш етіп тұрады.

Бұл сипаттамадан байқағанымыздай, гот ретінде әсер қалдыру үшін біраз тер төгуге тура келеді. Сонда, олар мұны не үшін істейді?

Уилкинспен сұхбаттасқан готтар бұрыннан іштей гот болып жүргенін, жүрек қалауындағы қауымды кездестірген соң соған барып қосылғанын айтқан. Сөйтсе де, Уилкинстің тұжырымы басқа. Оның айтуынша, готтардың барлығы – ақ нәсілді орта тап өкілдері. Олар спортқа қызықпайды, бірақ математикаға, компьютер ғылымдарына және ғылыми фантастикаға қатты қызығады. Бір сөзбен



Готтың сыртқы көрінісін қабылдау жастарды ақтауға көмектеседі, олардың іс-әрекеттері мен көзқарастарын қабылдауды жеңілдетеді және оларды бүлікшілер деп санайтын құрбыларының құрметіне ие болуға жағдай жасайды.

айтқанда олар – «қуып кеткендер». Гот болғанға дейін оларды қатарластары командаға алмай, дәліздерде келемеждеп, әлімжеттік жасаған. Олардың спортта жолы болғыш ақ нәсілді жігіттер мен әдемі киініп, шаштарын сәндеп, бұраңдап жүрген ақ нәсілді қыздардікі сияқты қоғамдық мәртебелері болмаған. Олар хип-хоп мәдениетін қолдайтындар жақсы көретін афроамерикалықтар немесе испантектілер сияқты да қоғамдық мәртебеге ие бола алмады.

Гот образына кіріп, өзгелерге әсер қалдыру арқылы олар бірнеше мақсатқа жеткен. Олар басқаларды әдейі қорқытқан, сол арқылы өзгелерден зорлық

көру азабынан құтылған. Екіншіден, готтарды «бұзақылар» деп мойындаған қатарластарының құрметіне ие болған. Үшіншіден, олар өздерінің образдарын, іс-әрекеттерін және хоббиларын түсіндірудің жаңа әдісін тапты, әрі олар өздерімен келіспейтіндердің пікіріне құлақ аспауды үйренді. Сол сияқты басқа да ақ нәсілді жастар – суретке, өлеңге не театрға қызығатын ер балалар, күлгенді ұнатпайтын ақылды қыздар мәдени нормаларға орайласа қоймайтын панк немесе эмо болмысы мен образын таңдай алады. Осы арқылы олар «ортадан қуылған адамнан» «бұзақыға» айналады.

селен, бір студент жазба жұмысын кеш тапсыру себебін мектептің талисманы болып рөл ойнағанымен түсіндіреді. Оның айтуынша, үй жұмысы талисман киімінің жеңінде қалып қойыпты, ал костюм спортзалдың киіну бөлмесінде ілулі тұр, демалыс күндері бөлменің есігі құлыптаулы болған (Тгоор, 2007). Енді бірі сабаққа келмеген себебін электронды поштамен мынадай хат жолдау арқылы негіздеуге тырысқан:

Бүгін сабаққа келе алмаймын. Себебі жыл сайын корпуста Jell-O желе күресін ұйымдастырамыз. Қазір ғана жарысқа арнап әзірлеген 185 литр желенің бұзылып кеткенін байқадым. Енді кешкі сағат 9-ға дейін

## Ұғымдардың қорытындысы

### Себептің екі түрі

Әлемде саяси идеологияның оңшыл және солшыл экстремистері өз мақсаттарына жету үшін терроризмді пайдаланып келеді. Қолға түскен жағдайда олар жалпы қоғамда дұрыс емес деп саналатын әрекеттерге не үшін барғанын айтып, түсіндіреді. Бұл себептер ақталу және негіздеу деген екі формада болады.

Стратегия	Анықтамасы	Мысалы
Ақталу	Әрекеттің дұрыс еместігін мойындау, бірақ оны бақылау қолыңыздан келмегенін айтып ақталу.	«Психикалық дертке шалдыққанмын, сондықтан істеген ісімнің дұрыс еместігін түсінбедім.» «Осыған қатыс деп санамды улап тастады (немесе бопсалады).»
Негіздеу	Істеген әрекетім теріс болып көрінуі мүмкін, бірақ мұны бұдан да жоғары моральдық игілік үшін жасадым.	«Кісі өлтіру – күнә, бірақ елді қорғау үшін оны өлтіруге мәжбүр болдым, себебі мен – нағыз патриотпын.»

қайтадан 185 литр желе дайындауым керек... Мұның тым оғаш жағдай екенін түсінемін, бірақ Jell-O болмаса бізде жарыс өтпей қалады, жарыс болмаса ақша да жиналмайды (Тгоор, 2007).

Бұл сияқты ақталу мен негіздеулер – болған оқиға мен болмақ оқиғаның арасындағы айырмашылықтың тігісін жатқызу үшін сөз арқылы жасайтын іс-әрекеттер. Жұрт біз айтқан себептерді қабылдаса, онда біздің қоғамдық мәртебеміз де, қадір-қасиетіміз де сол қалпы қалады, басқалармен қарым-қатынасымызды әрі қарай жалғастыра береміз. «Концепцияның тұжырымы: себептің екі түрі» деген бөлімде екі вербалды (ауызша айтылатын) стратегияны салыстырамыз.

**ЫҚЫЛАСҚА БӨЛЕНУ.** Қадір-қасиетімізді сақтау үшін өзгелердің айыптауына ұшырамау өз алдына, әрбір жасаған жақсы ісіміз үшін өзгелердің ықыласына бөленіп отыруды қалаймыз (Guadagno, Cialdini, 2007). Оның бір жолы – өзімізді мәртебесі жоғары адамдармен, іс-шаралармен байланыстыру. Бұл – өзіміз танысқан атақты студенттің атын сөз арасында қыстырып қалудан бастап жеңімпаз команданың бейсболкасын киіп жүру, президенттің қолы қойылған суретіналып, оны қабырғаға іліп қою, саяси шараға көмек ақша жинаған кезде 1 мың доллар қосу сияқты түрлі әдістерді қамтиды.

Біреудің ықыласына бөлену үшін орынды әрекет ету қажет. Мақтану – орынсыз қылық болып саналады әрі адамның абыройын арттырудың орнына одан сайын төмендетіп жіберуі мүмкін. Мұндағы басты қулық – басқалардан мақтау күтпеген сияқтанып өзіңнің артықшылықтарыңды бипаздап жеткізу. Мәселен, егер емтиханда үздік нәтиже көрсетсеңіз: «Жолым болып, бестік баға алдым», – деп өзіңізді төмендетуге тырысасыз.



## Әсерді басқару және үйсіз балалар

Әсерді басқаруды түсінудің ең жақсы тәсілдерінің бірі – мәртебесі өте төмен, Гоффмин (1961) «болмысы бұзылғандар» деп атаған адамдардың бет-әлпетіне көз салу. Бұлардың қатарына кісі зорлағандар, сатқындар, жарадан бет-аузы бұжырланған адамдар жатады. Болмысы бүлінген адамдар қадір-қасиетін қалай сақтайды? Басқалардың бағалауына қаншалық әсер етеді?

Сан-Францискода қаңғыбас балалар арасында жүргізілген зерттеу осы жалғыз сұраққа жауап іздеді. Энн Рошель есімді ғалым қаңғыбас балаларды апарып тастайтын орталықтарда ерікті ретінде жұмыс істеп, төрт жыл бойы олардың іс-әрекеттерін бақылап, әңгімелерін тыңдаған, балалармен ресми және бейресми жағдайда сөйлескен (Roschelle & Kaufmann, 2004).

Рошель сөйлескен балалар өздерінің бұзылған болмыстары туралы жақсы білетін болып шықты. Олар жергілікті басылымдардың «қаңғыбас балалар» мәселесін жиі көтеріп тұратынынан да, саясаткерлердің «қаланы қаңғыбастардан тазартамын» деп уәде беріп, дауыс жинайтынынан да хабардар екен. Балалардың бірі: «Бізді жұрттың бәрі жек көреді, себебі қаңғыбастар қоғамды кері тартады. Егер бұл ел шынымен керемет болса, мұнда біз сияқты балалар болмас еді», – деп жауап берген (Roschelle & Kaufmann, 2004, 30). Сонда бұл балалар қадір-қасиетін қалай сақтайды, басқалардың өздері туралы көзқарасына қалай әсер етуге тырысады?

Рошель мен оның әріптесі, екінші автор Питер Кауфман балалардың бейімделу және қарсы тұру сияқты екі стратегияны қолданатынын аңғарады. Бейімделу түрлі формада жүруі мүмкін. Балалар өздерінің адам ретінде қадірі бар екенін сезіну үшін еріктілермен және

Өзгелер сияқты, панасыз жастар да басқалардың әсерін басқаруға тырысады. Мына жігіт сүйкімді ит тауып алып, оған қамқорлық көрсету арқылы басқаларды да оны жақсы көруге шақырады.



басқа қаңғыбас балалармен достасады. Олар сондай-ақ мүмкіндігінше қалыпты балаларға ұқсап бағуға, солар сияқты киім киіп, солар сияқты сөйлеуге, жүріп-тұруға тырысқан. Мәселен, олар қайырымдылық көмек ретінде келген киімдердің арасынан жылы пальтоны емес, ең сәнді пальтоны таңдаған. Өздерінің қаңғыбастығын жасыру үшін сөздерін де ойланып сөйлеген. Олар қаңғыбастарға қарайтын әлеуметтік қызметкерлерді «тәтем» деп, ал үйсіздер жиналатын орталық қызметкерлерін «достарым» деп атаған. Үш төсектен кейін жатқан достарын «үш үйден кейін тұратын көршім» деп сипаттаған.

Сондай-ақ қаңғыбас балалар, қарсы күресу жолымен де өз болмыстарын қорғаған. Біріншіден, олар басқа балаларды қорқыту үшін «гангстер» киімдерін киіп, солар сияқты әрекет еткен. Екіншіден, олар жыныстық мінез-құлық пен көзқарас жағынан өз жастарынан тым ересек болып көрінуге тырысқан және сол саладағы «жеңістерін» айтып мақтануға құмар болған. Сонымен бірге олар өздерінен де көп құқай көретін көше кезбелерін қатты сынап, өздерінің қоғамдық мәртебесін көтеріп қалуға күш салған.

*Розита:* Ана сасық қаңғыбасқа қараңыз. Қандай жиіркенішті. Неге душқа түспеген?

*Джалиса:* Ия, оларды бізбен бірге Хамилтонның ішіне кіргізбегеніне қуанып тұрмын.

*Розита:* Шынымен де, олар біздің затымызды ұрлап, маңайды сасытып жіберер еді!

*Джалиса:* Әлде үнемі мас болып жүрер ме еді? (Roschelle & Kaufman, 2004, 37)

Розита, Джалиса және басқа балалар көп кемсітілетіндердің қасында өздерін зор санап, мақтанып қалды.

Жалпы алғанда, әсерді басқару стратегиясының арқасында қаңғыбас балалар өзгелердің алдында өздерін аз да болса жақсы сезінді.

## Бұл бізге не береді?

1950 жылдары құрылымдық-функциялық теория әлеуметтанудағы басым бағыт болды. Ол мінез-құлықты анықтайтын институттық нормалардың күшіне баса назар аударды. Алайда 1960 жылдардан бастап әлеуметтанушылар құрылымдық-функциялық теория өмірге келмей тұрғанда адамдар өздерінің іс-әрекетін жақсырақ бақылайтын дегенді айта бастады.

Содан бері ғалымдар әлеуметтік мінез-құлықтың тәртіпке сүйенудің емес, өзара келісімнің арқасында қалыптасатынын және адамдардың қоғамдық қысымға бағынудың орнына оған қарсы тұруға бейім екенін көбірек қарастыруға көшті (Weitz, 2001). Бұл өзгеріс күнделікті өмірдегі әлеуметтануда ғана емес, сонымен қатар аурухана, кәсіпкерлік, мектеп және тағы басқа үлкен ұжымдардың күнделікті өмірінде де байқала бастады (мәселен, Jurik, Cavender, & Cowgill, 2009; Bettie, 2003). Дегенмен бұл – ереженің ешқандай салмағы жоқ дегенді білдірмейді. Шындығында, ережелердің ықпалы өте күшті, әрі келісімге келудің де өз шегі бар. Әр актордың келісімге келу қабілеті оның ресурстар мен билікке қол жеткізе алуына байланысты. Ал бұл екеуі де әлеуметтік құрылымға тікелей тәуелді. Қорыта айтсақ, біздің мінез-құлқымыз, бір жағынан, өзгелермен келісу арқылы, екінші жағынан, сыртқы күштердің ықпалының нәтижесінде қалыптасады.

## Қорытынды

1. Әлеуметтік қарым-қатынастың қайталанатын үлгілерін, яғни қоғамның құрылымын сараптау мәртебе, рөл және институт деген үш ұғымның айналасында жүреді. Мәртебе дегеніміз – топ ішіндегі арнайы дәреже, ол туа бітті болуы мүмкін немесе бұл мәртебеге өмір жолында қол жеткізуге болады. Рөлдер белгілі мәртебесі бар адамның қалай әрекет етуі керектігін анықтайды.
2. Адамның қоғамдағы жалпы қажеттіліктері ортақ болғандықтан негізгі қажеттіліктерді көрсететін әлеуметтік құрылымдар да ортақ. Мұндай ортақ институттарға отбасы, экономика, үкімет, білім және дін институттары жатады.
3. Институттар өзара тәуелді: олар жалғыз әрекет ете алмайды, біреуі өзгерсе, екіншісінде де өзгеріс болады. Құрылымдық функцияшылдардың пайымдауынша, институттар мінез-құлықты реттеп, қоғам өмірінің тұрақтылығын сақтайды әрі оны ұрпақтан-ұрпаққа қалдырып отырады. Конфликт теориясының мамандары бұл ерекшеліктер кейбір топтарға басқаларынан көбірек игілік әпереді деп санайды.
4. Институциялық дамуды анықтайтын маңызды фактор – қоғамның экономикалық пайда табу мүмкіндігі. Өндірістегі әрбір маңызды жетістік қоғамдық институттардың жетілуіне әкеледі. Институттар құлдыраған жағдайда қоғам бей-берекеттік (хаос) пен үмітсіздікке тап болуы мүмкін.
5. Күнделікті өмір әлеуметтануы қоғамдық мінез-құлық белгілері адамның күнделікті өмірдегі іс-әрекеттерінен қалай көрініс табатынын зерттейді.
6. Белгілі бір жағдайда қалай әрекет ететінімізді шешу үшін «Мұнда не болып жатыр?» және «Қандай болмысты мойындаймын?» деген сұрақтарға жауап беру керек. Болған жайтты қалыпқа салып, бірегейлікті үйлестіру үшін акторлар мен топтар арасында бәсеке мен келіссөз қатар жүреді.
7. Драматургия – символдық интеракционизм теориясының Эрвин Гоффман негіздеген көзқарасы.
8. Кісіден қолдау іздеу – адамның мінез-құлқы жайлы мағлұмат беретін маңызды фактор. Өзіне деген ықыласты арттыру мақсатында адам өзінің қадір-қасиетін арттырып, сол биікте тұру үшін әсерді басқару әдісін қолданады. Бұл әрекет айыпты болудан қашу және адамның ықыласына бөлену деген екі формада жүзеге асады.

## Сыни ойлау

1. Әлеуметтік тап туа бітті мәртебе ме, әлде қол жеткізген мәртебе ме? Бұған қатысты құрылымдық функционалист не дейді? Конфликтология теоретигі ше? Символдық интеракционистің ойы қандай?
2. Дінді институт ретінде қарастырыңыз. Конфликт теориясының маманы бұған қалай қарайды? Құрылымдық функционалист не айта алады? Сізге осылардың қайсысы жақын және не үшін?
3. Маскүнемдік, жұмыссыздық, нәсілшілдік, сексизм немесе заңсыз көші-қон сияқты әлеуметтік проблемалардың арасынан жеке-басыңызға әсер еткен біреуін таңдап алыңыз. Мұның қоғамдық құрылым тұрғысынан қандай шешімі болуы мүмкін? Адамдардың қиындықтарын бір-бірлеп шешудің орнына проблеманың тереңде жатқан құрылымдық себептерін шешуге күш салыңыз.
4. Біреудің жеке болмысына қатысты әлдекіммен келіспей қалған кезіңізді айтып беріңіз. Жағдай қалай болып еді? Онда неге адамның болмысы проблемаға айналды? Соңында болмысқа қатысты кімнің анықтамасы қабылданды? Неге?



## 5-ТАРАУ

# Топтар, желілер және ұйымдар

### Тарау тағылымы

#### Осы тарауды оқығаннан кейін студенттер:

- топтарда кездесетін төрт негізгі қоғамдық процесті, яғни айырбас пен ынтымақтасуды, бәсеке мен қақтығысты сипаттай алады;
- эталон топтарды және мұндай эталон топтардың ықпалын адамдар қалай қолданатынына қатысты мысал келтіре алады;
- негізгі және қосалқы топтардың табиғатын түсінеді;
- топтар ауқымының бір-біріне жақындығының, өзара байланысу ерекшеліктерінің ықпалын және топтардың өзара әрекетке түсуіне әсерін сипаттайды және топтар арасындағы әрекеттестіктің бірауыздылыққа қаншалықты әсер ететінін айтып бере алады.

## Адами қарым-қатынастар

Әлеуметтануда қарым-қатынас ғылымы, оның қалай басталғаны, функциясы, өзгерістері және бізге қалай әсер ететіндігі өте маңызды. Бұл бөлімде біз шағын, туыс топтардан бастап үлкен ресми ұйымдарға дейінгі аралықтағы адами қарым-қатынастардың негізгі түрлерін қарастырамыз әрі бұл қарым-қатынастардың салдарына тоқталамыз.

## Әлеуметтік процестер

Кейбір қарым-қатынас бірқалыпты жүрсе, енді бірі бәсекеге ұласады және шиеленіске әкеледі. Қарым-қатынас кезінде болатын әрекеттестікті сипаттау үшін **әлеуметтік процестер** деген терминді қолданамыз. Бұл бөлімде жиі кездесетін әлеуметтік процестің төрт түрі – *айырбас, ынтымақтасу, бәсеке және конфликт* сөз болады.

## Айырбас

Айырбас дегеніміз – материалдық немесе материалдық емес игіліктерді ерікті түрде саудаға салу (Stolte, Fine & Cook, 2001). Қоғамдық қарым-қатынастардың көп түрі айырбас элементтерін қамтиды. Достасу, үйлену сияқты қарым-қатынас түрлерінде бірлесу, қолдау көрсету, бір-бірінің мәселесіне құлақ асуға деген құлшыныс сияқты материалдық емес айырбас жүзеге асады. Бизнес пен саясатта айырбас тіке жүруі мүмкін. Мәселен, саясаткер өзіне берілген дауыстарды заңға айырбастайтынын ашық мойындайды. Яғни: «Сендер маған дауыс берсеңдер мен сендерге тиімді заңдарды қабылдау үшін дауыс беремін», – дейді.

Адамдар өздері алған нәрсеге лайықты жауап қайтарып, беріс пен алыстың арасында тең әрекет ете алса айырбас жақсы жұмыс істейді (Molm, Schaefer, & Kollet, 2007; Molm, Peterson & Takahashi, 2001). Адамдар осы теңдікке сүйенеді деген түсінік өзара алмасу нормасы деп аталады (Bonacich & Bienenstock, 2009). Жақыныңа жәрдемдессең ол да оның қайтарымын жасауы тиіс. Егер жасаған жақсылықтың қайтарымы болмаса, онда араларың суи бастауы мүмкін. Сол сияқты, егер біреумен қарым-қатынасты қаламасаң, оның қамқорлығынан бас тартатының анық. Мәселен, сіз онша танымайтын біреу курс жұмысыңызды жазып берем десе «бұған менен не керек?» деп ойлайсыз. Оның алдында қарыздар болып қалғыңыз келмесе, курс жұмысыңызды өзіңіз жазасыз.

Өзара алмасу нормасының күштілігі сондай, ол тіпті героинге тәуелділік қатты қысқан нашақорларға да ықпал етеді. Сан-Францискода он жыл бойы нашақорларды зерттеген Филипп Бургоис пен Джефф Шонберг мұны былай сипаттайды:

«Қара героин суық кезінде сынғыш, ал ыстық кезінде жабысқақ болып келеді, сондықтан оны пышақпен не ұстарамен дұрыстап бөлу қиын. Қара героинді бөлудің жалғыз жолы – оны белгілі бір мөлшердегі суға ерітіп алып, калибрленген шприцке құю. Екі не одан да көп адам бір қорап героин сатып алу үшін ақша жинаса, олар есірткіні қосқан ақшаларына қарай әділетті түрде бөлудің жолдарын табады. Егер біреу өзі алған үлестен көбірек ақша берсе, болашақта қайтарымын алатынын барлығы түсінеді».

Бір қызығы, Бургоис пен Шонберг зерттеген нашақорлар героиннің бағасы әркім өзі сатып ала алатындай деңгейге дейін арзандап

**Әлеуметтік процестер** дегеніміз – өзара әрекетке түсудің адамдарды жақындастыратын формалары.

**Айырбас** дегеніміз – материалдық немесе материалдық емес игіліктерді ерікті саудалау.

**Өзара алмасу нормасы** – жасаған жақсылығыңа басқа адам жақсылықпен жауап береді деп күту, яғни қоғамдық қарым-қатынаста міндеттемелердің тепе-теңдігін сақтауға ұмтылу.

кетсе де оны бірлесіп алып отырған. Демек, героинді бөлісу тек экономикалық шешім болған жоқ, олар сол арқылы достық пен әлеуметтік байланыс орнатуды көздеген.

Қатысушы тараптар бірдеңе алып қала алатын айырбас қарым-қатынас қана өміршең болады. Дегенмен оның өтемі бірдей болуы міндетті емес, бірдей бола да бермейді. Оның үстіне, қатысушы тараптардың ықпал-күші де әркелкі. Бағалы ресурстарға көбірек бақылау орнататын адамның билігі де үнемі күшті болады. Айталық, футбол командасының капитаны (немесе бандының басшысы) үміті тым аз болса да «қыздар менімен жақсы қарым-қатынаста болғысы келеді» деп ойлайды, яғни басқа балама мүлде жоқ болған кезде ғана тең емес қарым-қатынас орнауы мүмкін (Molm 2003; Stolte, Fine & Cook, 2001).

## Ынтымақтасу

Ортақ мақсаттарға қол жеткізу үшін бірлесе жұмыс істеуді ынтымақтасу дейміз. Айырбас деген – алыс-беріс, яғни «мен саған бердім, енді сен маған бер» деген қағидаға сүйенеді. Ал ынтымақтасу – ортақ мақсатқа жету үшін бірлесе жұмыс істейтін адамдар тобының бірлесуі, яғни командалық жұмыс. Мәселен, көше қиылысындағы «жол бер» деген белгіні алайық. Біз мұндай белгіні көргенде жылдам өтіп кетуге тырыспаймыз, себебі кезекпен өтсек қана жылдам әрі қауіпсіз болатынын түсінеміз. Ұзаққа созылатын қарым-қатынастардың көбінде ынтымақтасу элементтері болады. Ерлі-зайыптылар балаларды өсіру мақсатында, ал оқушылар мұғалімді алдау үшін ынтымақтасады.

Сондай-ақ ынтымақтасу бұдан да кеңірек қоғамдық деңгейде жұмыс істейді. Көршілер үйдің жанынан биік ғимарат салғызбау үшін күресте ынтымақтасады, ал бүкіл ел тұрғындары мұқтаж жан-дар медициналық қызмет ала алуы үшін салықты көтеруге келіседі. Адамдар ортақ қатер төнгенде, өздерінің жеке экономикалық мүдделерін қорғау керек болғанда немесе сол қауыммен арадағы байланысты сезінгенде ынтымақтасуға бейім тұрады (Van Vugt & Snyder, 2002).

## Бәсеке

Кейде адамдар айырбас немесе ынтымақтасу арқылы мақсаттарына жете алмайды. Егер менің ұйықтағым келсе, ал сіз даңғырлатып музыка ойнағыңыз келсе немесе екеуіміз бірдей жұмыс істегіміз келсе біреуіміз мақсатымызға жете алмаймыз. Мұндай жағдайда *бәсеке* не *конфликт* туындайды.

**Бәсеке** – ортақ ережелермен реттелетін қат ресурстар үшін күрестің кез келген түрі. Ережеде әдетте қандай жағдайда жеңістің әділ болатыны, жеңіліске көну керектігі айтылады. Нормалар сақталмай, ережелердің бұзылғаны анықталғанда бәсеке конфликтіге ұласады.

Бәсекенің оң нәтижелерінің бірі – адамдарды жетістікке жетуге ынталандырып, шабытын арттыруы. Бұл, сонымен қатар кісіні күйзеліске душар етіп, ынтымақты әлсіретіп, әлеуметтік теңсіздік тудырады (бұл туралы 7–9-бөлімдерде айтылады).

Бәсеке көбіне өзгеріске алып келетіндіктен тұрақтылықты қалайтын топтар бәсекені болдырмайтындай күрделі ережелер ойлап табады. Әсіресе достар мен ерлі-зайыптылар сияқты бейресми топтардағы бәсеке қиын жағдайда жүреді. Жолдастығын сақтап қалғысы келетін достар құны жоғары нәрселер үшін бәсекеге түспейді. Олар компьютер ойынындағы ұпай үшін жарысқанымен бір-бірінің

## әлеуметтану және сіз

Қыз беп жігіттің кездесуі кезінде де өзара алмасу нормасы жұмыс істейді. Егер сіз жігіт ретінде қызды мейрамханаға шақырсаңыз я киноға анарсаңыз ол да сізге ілтипат білдіріп, ерніңізден сүйюі немесе басқа бір жақсы әрекет жасауы керек деп ойлайсыз. Егер сіз қыздың орнында болсаңыз жігітке қарыздар болып қалғандай сезініп, өзіңізге ұнамайтын әрекеттер жасап, оған алғыс айта бастауыңыз мүмкін. Кімнің кімге, не үшін қарыздар екендігіне келіспеген жағдайда жігіт пен қыздың арасына сызат түсіп, бір-біріне ренжіп, ұрсысуы, тіпті зорлауға дейін баруы ықтимал.

**Ынтымақтасу** – адамдардың ортақ мақсаттарға жету үшін бірлесе жұмыс істеуі.

**Бәсеке** – қат ресурстар жолындағы ортақ ережелермен реттелетін күрес.

Қат ресурстар үшін күрес (мәселен, балалар арасындағы ойыншық үшін талас), әділ ойынның ережелерін айқындайтын нормаларға сүйенбеген жағдайда конфликт туындайды.



әйелдері үшін бәсекелеспейді. Сол сияқты ерлі-зайыптылар да баланың өзіне деген махаббаты үшін бәсекелеспейді, себебі мұндай бәсекенің некеге кесірі тиетінін біледі.

## Конфликт

Қат ресурстар үшін күрес ортақ ережелермен реттелмеген болса, онда конфликт шығады. Ешқандай тактикаға тыйым салынбағандықтан кез келген жағдай болуы мүмкін, яғни бір тарап екінші тарапты жарақаттауға, бейтараптандыруға тіпті жойып жіберуге тырысуы ықтимал. Бұл шиеленіс ынтымаққа емес, бөлшектенуге жетелейді.

Солай бола тұра бөтен адамдармен келіспеушілік топтың бірлігін нығайтады. Ұлы державалардың я бандылардың арасында шиеленіс болып тұрса да «ортақ жауға қарсы жұмылу» топ мүшелерін өз араларындағы қызғаныш пен дүрдараздықты ұмытып, бірлесе жұмыс істеуге жұмылдырады. Ұлттан бастап мектепке дейінгі аралықтағы топтарда «сыртқы жаумен» соғыс ішкі қақтығыстарды азайтуға мүмкіндік береді.

## Топтар

Әлеуметтік әрекеттестіктің көп түрі топтар арасында жүреді. Топ дегеніміз – екі немесе одан да көп адамдардың қосындысы. Топтың екі ерекшелігі бар:

1) оның мүшелері мәртебелердің, рөлдердің және нормалардың ортақ әлеуметтік құрылымында өзара әрекетке түседі; 2) оның мүшелері бір-біріне тәуелді екенін мойындайды. Топтар үлкен немесе кіші, ресми немесе бейресми болуы мүмкін. Қос ғашықты да, студенттік клуб мүшелерін де, Toyota компаниясы қызметкерлерін де топтарға жатқызуға болады.

Топтың ерекшелігі басқа топпен салыстырғанда білінеді. Бір жатақхана тұрғындары, таз кісілер, венгерлер деген сияқты бірдей ерекшелігі бар адамдарды топтардың қатарына жатқыза алмаймыз, себебі олар бірін-бірі үнемі көрмейді, бір-бірімен жиі араласпайды. Автобустың ішінде, яки кинотеатрда уақытша жинала қалған халықты да топқа жатқыза алмаймыз, себебі олар бір-біріне тәуелді емес. Оларда ортақ нормалар бар болғанымен (мәселен, «қасындағы адамға тесіліп

**Конфликт** – қат ресурстар жолындағы ортақ ережелермен реттелмейтін күрес; мұнда бір тарап екіншісіні жойып жіберуді, жарақаттауды не бейтараптандыруды көздеуі мүмкін.

**Топ** – ортақ әлеуметтік құрылым негізінде әрекеттесетін және бір-біріне тәуелділігін мойындайтын екі немесе одан көп адамдардың қосындысы.

қарауға болмайды» деген норма), бұл нормалар, керісінше, олардың өзара әрекетке түсуін *азайтуға* арналған.

Топ жақсы әрекет еткен жағдайда оның мүшелері жеке және эмоционалдық қажеттіктерін қанағаттандыратын мәселелерді шешу және жәрдемдесу сияқты жетістіктерге жетеді. Ал, керісінше, топтар нашар жұмыс істесе, бұл топтың ішінде қобалжу, келіспеушілік немесе әлеуметтік күйзеліс болады.

## Топтың ауқымы

Топтың ықпалы бір жағынан оның ауқымына байланысты. Екі адам революцияны жоспарлай алады, 200 адам жеткілікті партизан шабуылдарын ұйымдастырып, үкіметті үрейлендіреді, ал 2 мың адам әскердің негізін құрады. Сондай-ақ 5 адам әр бейсенбі сайын сыра ішіп тұрамыз деп келісу арқылы көңіл көтереді, ал 5 мың адам Джастин Бибердің концертіне бірге қатысып, концерттен бірге әсер алып, Бибердің фанаты ретінде ортақ сезімге бөленеді.

Осының барлығы топтың ауқымы оның мүшелері арасындағы әрекеттестіктің формасына да әсер ететінін аңғартады. Бұл тақырып көп жылдан бері әлеуметтік зерттеуге арқау болып келеді. Бұл зерттеулер алғаш болып диадалар мен триадалар туралы жазған Джордж Зиммелден (1950) басталады.

## Диадалар

Диадалар – тек екі мүшесі бар топтар. Яғни күйеуі мен әйелінің, бастық пен қызметкердің, дос пен достың, яғни екі адамның жұп құрып, әрекеттесуі. Диада өте шағын болғандықтан, мұнда екі адамның өзара қарым-қатынасы бір-біріне ерекше ынтызарлыққа құрылуы қажет. Сондықтан диадалық байланыстар өте берік болады.

Дегенмен шағын болғандықтан, диадалар тым нәзік болып келеді. Егер екі адамның біреуі топтан шығамын десе, онда диаданың күні бітеді (Simmel, 1950; Miller, 2007). Бірақ диадалар өзінше оқшау өмір сүрмейді. Достықтан шығу ортақ балалары бар ерлі-зайыптылардың ажырасуына қарағанда оңайырақ. Ажырасқанда балалар аңырап, ата-аналар қиналып, шым-шытырық қаржылық мәселелер мезі етеді. Сондықтан қоғамның дайындығы мен құрылымдары диадаларды өздері қалағаннан да ұзақ мерзім жұп болып тұруға мәжбүр етеді.

## Триадалар

Триада – үш мүшесі бар топ. Триада диададан мүлде өзгеше әрекет етеді. Бұл топ үш адамнан тұратындықтан олардың бірі кетіп қалған не қуылған күннің өзінде қалған екеуі топ ретінде әрекет ете береді. Сондықтан триадада барлық мүшені қанағаттандырудың көп қажеттігі жоқ. Оның үстіне, мұнда диададағыдай өте жақын қарым-қатынас бола бермейді, себебі жаңалықтар мен көзқарастарды үшеуі бөлісіп отыруы да мүмкін (бұл оның құпиялылығын және ерекшелігін кемітеді) немесе біреуінен жасырып қалуы да ғажап емес, ал бұл триададағы байланысты нашарлатады.

Триаданың табиғаты ерекше әрекеттесу формасын қажет етеді (Simmel, 1950; Miller, 2007). Бір адам қалған екі адамның арасындағы шиеленістің пайдасын көруі мүмкін немесе өзінің жеке мақсаты үшін оларды жанжалға итермелеуі ықтимал. Айталық, Джон, Мануэль және Эми үшеуі бір жобаны бірге жасауы керек болды делік. Джонның Эмимен көбірек бірге болғысы келеді. Сондықтан ол Эмиге: «Мануэль-

**Диада** – екі мүшесі бар топ.

**Триада** – үш мүшесі бар топ.



дің қыздарға қырындайтыны бар», – деп өтірік айтады. Немесе ол Эми мен Мануэльдің әлденеге келіспей қалғанын күтіп, сол сәт туғанда оны өзіне қаратып алуы ықтимал. Екіншіден, триадалар көбіне асимметриялы болып келеді. Олардың арасында екеуі өте тығыз араласады да үшіншісі үнемі шеттетіліп жүреді. Үш адамнан тұратын кез келген достар тобында екеуі үшіншісіне қарағанда, бір-біріне өте жақын болады, үшіншісі осыны біліп, ренжіп жүруі ықтимал.

## Топтың түрлері

Біздің әрқайсысымыз әулет, әйелдер клубы, спорттық команда, «Әлеуметтану» тобының студенттері, Библияны оқу сыныбы, жұмыс тобы сияқты түрлі топтарға мүшесіміз. Бұл тарауда біз *эталон топ*, *негізгі топ*, *қосымша топ* деген үш түрлі топ туралы айтамыз.

### Эталон топтар

Егер Демарио студенттердің бауырластық тобының (АҚШ-тағы жастар бас қосатын өзара бауырластыққа негізделген құпия топтар – ред.) мүшесі болса, онда жүріс-тұрысы, алған бағасы және спорттық шеберлігі топтағы достарының қалауына сай болуын қадағалайды. Егер Нэнси үшін өзі қатысатын діни ұйымның маңызы өте зор болса, онда ол өзін сол ұйымға барып жүрген басқа құрбы-құрдастарымен салыстырады. Яғни студенттердің бауырластық тобы – Демарионың, ал діни ұйым – Нэнсидің эталон тобы. *Эталон топ* – адамдар өздерін үнемі салыстырып отыратын топ. Әдетте адамдар өздеріне ұқсас адамдар кіретін топтарды эталон топ ретінде таңдайды. Сөйте тұра, кейде олар өздері қосылғысы келетін топтарды да эталон топ етіп алады. Мәселен, Демарио бауырластық тобына кірерден бұрын сол топтың мүшелері қалай киінетініне көз салып жүреді, содан соң толығымен оларға ұқсас болу үшін киіміне аз-маз өзгеріс енгізеді.

Эталон топ біздің өмірізге үлкен ықпал етеді. Мәселен, ондаған жылдар бойғы зерттеу нәтижелері дәлелдегендей, өзімізді жақсырақ өмір сүретін басқалармен салыстыра берсек, онда біздің бақыттылық деңгейіміз төмендейді екен. Бұл құбылыс салыстырмалы депривация (әлеуметтік мұқтажын өтеу мүмкіндігінен айырылу) деп аталады.

**Эталон топтар** – адамдар өздерін үнемі салыстырып жүретін топтар.

Пәнктер, спортшылар әлде жағажайда қыздырынуды ұнататындар сияқты топ болсын, әйтеуір қандай топтың мүшесі болсақ та, біз топтың басқа мүшелері секілді киініп, солар секілді әрекет етуге бейім тұрамыз, сол арқылы бір-бірімізбен жақындығымызды арттыра түсеміз.



Керісінше, өзімізді өзімізден төмен адамдармен салыстырсақ, бақыттырақ сезіне бастаймыз.

Дженнифер Хикес Лундквист (2008) әскери өмірге қанағаттану сезімін зерттей отырып салыстырмалы депривацияның ықпалына көз жеткізді. Бір қызығы, шынайы өмірде бәрі керісінше болса да Лундквисттің зерттеуі бойынша, афроамерикалық әйелдер ең бақытты, ал ақ нәсілді ерлер ең бақытсыз адамдар болып шыққан. Мұны қалай түсінеміз? Мұның себебі, афроамерикалық әйелдер армияға қарағанда азаматтық өмірде көбірек кемсітілетіндіктен өздерінің әскерде қызмет еткеніне қуанады. Ал ақ нәсілді ерлер азаматтық өмірде жүрген өздері сияқты адамдар көбірек жетістікке жетті деп санап, өздерін бақытсыз сезінеді.

## Негізгі топтар

Негізгі топтар өте жақын, бетпе-бет әрекеттесетіндігімен ерекшеленеді, сондықтан олар әдетте бейресми, кішігірім топ болады әрі жеке тұлғалар арасында қалыптасады (Cooley, [1909] 1967). Достар тобы, қызметтестер, бандылар сияқты отбасы да негізгі топқа жатады. Бұл топтардағы қарым-қатынас ұзаққа созылады әрі бір-біріне деген адалдық, жақындық сезімін туғызады. Ол – адам болмысының ең маңызды бөлігі, сол арқылы біз қоғаммен әлеуметтік интеграцияға түсеміз.

Негізгі топтардың басты міндеті – адамның *экспрессивті қажеттіліктерін* өтеу, яғни адамға эмоциялық қолдау көрсетіп, оның әлеуметтік топқа қатысы бар екенін сезіндіру. Біреумен араздасып, соған қайғырып отырсаңыз я туған күніңізді тойлағыңыз келсе достарыңызға не отбасы мүшелеріне айтасыз. Сонымен бірге негізгі топтар біздің *инструменталдық қажеттіліктерімізді* де өтейді. Көлігіңіз бұзылып, көмек қажет болғанда негізгі топ мүшелерінің біреуіне хабарласасыз. Науқастанып қалғанда сіздің орныңызға жұмыс істеп беретін де, жарым түнде көлігіңіз бұзылып, далада қалғанда көмекке келетін де осы топтың мүшелері.

Адам негізгі топқа қатты мұқтаж. Сондықтан ол өзінің құндылықтарын қабылдауымызға үлкен ықпал етеді. Негізгі топтар қоғамдық бақылаудың ең маңызды агенті ролін де атқарып жатады. Мәселен, көп жігіттер жолдастарына ілесіп әскерге барады. Көп адам «ата-анам, достарым я қызметтестерім біліп қойса ұят болады» деп дүкенге ұрлыққа түсуден бойтартып, заңға бағынады. Біз негізгі топтарымыздың қолайына жағатындай етіп киім киеміз, әрекет етеміз, дауыс береміз, дінге сенеміз, т.с.с. Яғни біз топтың дегеніне көнеміз. Егер бізді негізгі тобымыздың ықыласына бөлену мақсатында оның тәртібіне бағыну қажеттілігі тоқтата алмаса, онда бізді бағындыруға заңның күші жете бермейді. Бірақ, егер біздің негізгі тобымыз дүкенде ұрлық жасау, салық төлеуден жалтару дұрыс деп санайтын болса, онда олар бізді заңға бағынудың орнына, керісінше, құқық бұзуға итермелейді.

### CASE STUDY: КӨГЕРШІН ҰШЫРУШЫЛАР ЖӘНЕ НЕГІЗГІ ТОПТАР

Негізгі топтардың көбі отбасылық немесе этностық байланыстар негізінде бірігеді, мұның өзі топтық бірегейлік пен бауырластықты арттырады. Ал мұндай бауырластық топ мүшелері мен бөтен адамдар арасындағы жағдайды шиеленістіріп жібереді (мәселен, бандылық топтардың бір аудан үшін төбелесуі).

Алайда кейбір негізгі топтар бір-біріне ұқсамайтын адамдардың да басын қосуы мүмкін. Әлеуметтанушы Колин Джеролмактың (2009) Нью-Йорктегі үйдің шатырынан көгершін ұшыратын топты зерттеген жұмысы осының айқын дәлелі бола алады.

**Салыстырмалы депривация** – өзін жақсырақ өмір сүретін басқалармен салыстыру.

**Негізгі топтар** – жақын, бетпе-бет әрекеттесетін топтар.

Көпшілігі Нью-Йорктің италиялық орамында тұратын жұмысшы табынан шыққан италиялық америкалықтар ондаған жылдар бойы үйдің шатырында көгершін асырау, оларды жарыстыру, ұшыру сияқты әрекеттерді бірге істеп келген. Алайда кейіннен денсаулық сақтау мекемесінің жаңа ережесі «көгершін ұшырушылардың» шаруасын қиындатып жіберді. Оның үстіне, бұл ауданға испантекті америкалықтар мен афроамерикалықтар көптеп көшіп келген соң, әрі италиялық америкалықтардың көпшілігі қала сыртына көшіп кеткендіктен, олардың қатары сиреп қалды. Қазіргі италиялық «көгершін ұшырушылардың» жастары 70-тен асып кеткен. Есесіне, 40-тардағы испантектілер мен афроамерикалықтардан құралған «кептер ұшырушылардың» жаңа тобы қалыптасып келеді.

Бір қызығы, Нью-Йорктегі италиялықтардың, испантектілердің және афроамерикалықтардың (Jergolmask, 2009) арасындағы тарихи өшпенділікке қарамастан, кептер ұшырушылар этнос және жас айырмашылықтарын назарға алмайтын жаңа негізгі топ қалыптастырды. Кептер ұшыру – уақытты көп алатын өте қиын жұмыс. Уақыт өте келе қартайған италиялықтар өздеріне қолғабыс ететін италиялықтарды таба алмай, испантектілер мен афроамерикалық жастарды көмекке шақырды. Олардың кейбірі кептер ұшыруға қажетті дағды мен тәжірибені үйреніп, бұл істі ермегіне айналдырды, енді бірі италиялық ұстаздарының кептерлерін өздеріне алып қала бастады. Бүгінде үш этностық топтың өкілдерінен құралған «кептер ұшырушылар» зоодүкенге арнайы жиналып, қауқылдасып, білгендерін бөлісіп, проблемаларын талқылайды әсіресе ұшатын кептерлерді «жарқанат» деп санайтын көршілерінің қылықтарын көп сөз етеді. Сондай-ақ кептер ұшырушыларды бәрі бірге тұратын ауданның мәселелері және қара жұмыс пен бәсекені қош көретін жұмысшы табының өмір салты ортақтастырады. Осылардың барлығы «кептер ұшырушыларды» этностық және жастық кедергілерден аттап өтіп, бір негізгі топқа жұмылдырып тұр.

## Қосалқы топтар

Қосалқы топтың негізгі топтан айырмашылығы – олар ресми әрі ауқымды болып келеді және олар жеке адамға негізделмеген. Негізгі топтың басты мақсаты – адамның экспрессивті қажеттіліктерін қанағаттандыру болса, қосалқы топ инструменталдық қажеттіліктерді өтейді, яғни белгілі бір шаруаны орындауға қызмет етеді. Қосалқы топтардың табиғаты рационалды әрі келісімшартқа негізделген болып келеді, оның мүшелері белгілі бір мақсатқа жетуді ғана көздейді (мәселен, жұмыс істеп, қосымша ақша табу, аяқкиім алу, жалақы алу, т.с.с.). Олардың бір-біріне деген қызығушылығы осы келісімшарттардың шеңберінен аса алмайды. Бұл екі топтың арасындағы айырмашылық «Тұжырымдама қорытындысы: негізгі және қосалқы топтар» деген бөлімде кеңінен талқыланады.

Қосалқы топтың негізгі мақсаты – нақты міндетті орындау. Егер ұшақ жасағыңыз келсе, әлеуметтік жобаға ақша жинауды қаласаңыз не 2 мың адамға әлеуметтануды оқытқыңыз келсе, онда сіз қосалқы топтың көмегіне жүгінесіз. Үйімізді тұрғызуға, азық-түлігімізді жеткізуге, балаларымызды оқытып, ауруымызды емдеуге солар жауапты. Яғни оларсыз біз ештеңе істей алмаймыз.

Қоғамның ауқымы кеңейген сайын қосалқы топтардың маңызы артып келеді. Индустриялануға дейінгі қоғамдарда адамдар өз отбасы мүшелерінен немесе маңайындағы шағын топтан басқалармен өте сирек әрекетке түсетін. Бүгінде біз түрлі топтарға мүше болып, қиюласқан қоғамда өмір сүреміз, оның үстіне біздің негізгі топпен байланысымыз да нашарлап барады. Адамдар жұмысын, тұратын

**Қосалқы топ** – ресми, үлкен және әділ болып табылады.

## Ұғымдардың қорытындысы

### Негізгі және қосалқы топтар

Ерекшелік	Негізгі топтар	Қосалқы топтар
Көлемі	Шағын	Үлкен.
Қарым-қатынас	Жеке, жақын	Жеке емес, әлсіз.
Байланыс	Бетпе-бет	Тікелей емес: хабарламалар.
Ұзақтығы	Ұзақ мерзімді	Қысқа мерзімді.
Өзара жақындық	Өте күшті, бір-біріне беріледі	Әлсіз, бір адамға бағытталған.
Шешімдер	Дәстүр мен адами сезімге негізделген	Ережелер мен рационалды ойлауға негізделген.
Әлеуметтік құрылымы	Бейресми	Ресми: қызмет дәрежесі, кеңселер, жиналыстар, т.с.с.
Негізгі мақсат	Экспрессивті қажеттіктерді қанағаттандыру: эмоционалдық қолдау көрсету және әлеуметтік интеграциялау	Инструменталдық мақсаттарды орындау: белгілі бір тапсырмаларды жүзеге асыру.

жерін ауыстырады, басқа адамға үйленеді немесе отбасынан жыраққа көшіп кетіп жатады. Дәстүрлі негізгі топтардың рөлі төмендеуінің салдарынан адамдар қазір қосалқы топтарға көбірек сенім арта бастады.

## Топтағы өзара әрекет


Біздің өміріміздің көп бөлігі әртүрлі топтарда өтеді. Оларға жұмыс топтарын, отбасылық топтарды және қатарластар тобын жатқызуға болады. Сонымен бірге білім беру мекемелеріндегі пікірталас топтары мен комитеттерді әр жерден кездестіре аламыз. Бірақ біз сол топтар-




Біз қатысатын топтардың көбінде негізгі және қосалқы топтардың сипаттамалары аралас болып келеді. Бастауыш сынып қосалқы топ болып саналады, дегенмен мұнда қалыптасқан достық 6, 12 жәйне 40 жылға дейін созылады.

### 5.1-СЫЗБА. Коммуникация үлгілері


Коммуникация үлгісі дербес қатысушылар мен басқа да факторларға әсер етуі мүмкін. Әрбір фигурадағы шеңберлер жеке тұлғаларды, ал сызықтар коммуникация бағытын білдіреді. Желінің барлық арнасының үлгісі өзара әрекетке түсуге үлкен мүмкіндік береді және қатысушылар мәртебесінде айтарлықтай айырмашылықтар болмаған кезде жиі кездеседі. Керісінше, дөңгелектің үлгісі, мысалы, бір адамның басқаларға қарағанда мәртебесі мен әлеуеті жоғары болған жағдайда жиі кездеседі.



Барлық арна



Шеңбер



Дөңгелек

**Топтағы ынтымақтастық** – топ мүшелерінің өзара қарым-қатынасының жоғары деңгейімен, өзара күшті сезімімен және бір-біріне тәуелділігімен сипатталады.

дың қайсысына жататынымызға қарамастан, олардың қызметі сол топ мүшелері арасындағы қарым-қатынастың сапасына байланысты. Бұл бөлімде шағын топтардағы өзара әрекеттерге әсер ететін кейбір маңызды факторлар қарастырылады. Өзара әрекеттесуге топтың көлемі, адамдардың физикалық жақындығы, коммуникация үлгілері және топ мүшелерінің ынтымағы әсер етеді.

### Топтың көлемі

Көлемі жағынан ең шағын топ екі адамнан тұрады. Топтағы адамдар саны үш, төртке жетіп және одан да көбейген сайын оның сипаты да өзгереді. Топтың әрбір мүшесі өз пікірін бөлісіп, шешім қабылдауға үлес қосады: 15 студенттен тұратын топ пен 500-ден астам студенттен тұратын топтың арасындағы айырмашылықты ойлап көріңіз. Көп жағдайда үлкен топ үлкен мәселелерді шешіп, жауабын таба алады. Үлкен топ көп идеяларды іске асырғанмен әрбір адамның топқа әсер ету мүмкіндігі төмендейді. Топтың көлемі артқан сайын топ мүшелері арасындағы өзара іс-әрекет дербестігі, сондай-ақ олардың даралығы мен жеке қанағаттанушылығы төмендей түседі.

### Топ мүшелерінің физикалық жақындығы

Топ мүшелері физикалық тұрғыдан бір-біріне жақын болған сайын олардың өзара әрекетке түсуі жиірек болады. Бұл зертханадан тыс жерде де орын алады. Мәселен, дәрісханада сіз отырған қатардың шетінде отыратын немесе сіз тұратын дәліздің аяғындағы бөлмеде тұратын студенттен гөрі өзіңіздің жаныңызда отыратын немесе көрші бөлмеде тұратын студентпен жақынырақ болуыңыз ықтимал.

### Коммуникация үлгілері

Топтағы коммуникация үлгісі өзара әрекеттесуді жеңілдетуі немесе, керісінше, оған кедергі келтіруі мүмкін. 5.1-сызбада бес адамнан тұратын топтарға тән жалпы коммуникация үлгісі көрсетілген. Қатысушылардың тең дәрежеде әрекет етуін қамтамасыз ететін коммуникация үлгісі – желінің барлық арнасы. Коммуникацияның бұл үлгісінде әрбір адам топтың әр мүшесімен бірдей қарым-қатынаста болады және олардың әрқайсысы топтың назарын өзіне аудара алады. Шеңбер бойына орналасқан қарым-қатынас үлгісінде адамдардың тек екі жағындағы көршілерімен ғана сөйлесуге мүмкіндігі бар. Байланыстың бұл үлгісі өзара әрекетке түсуді төмендетеді. Топтың жеке мүшесіне басқалардан артық мүмкіндік берілмейді. Байланыстың соңғы дөңгелектік үлгісінде басымдық тек бір адамға беріледі. Мысалы, дәстүрлі дәрісханада студенттер бірінші кезекте басқа студенттермен емес, оқытушымен қатынаста болады.

### Ынтымақтастық

Топтар өз мүшелерінің арасындағы ынтымақ, ауызбірлік деңгейімен де ерекшеленеді. Біріктірілген топ осы топқа қосылудың күшті сезімдерімен және топты бірге ұстайтын қарым-қатынас желісімен сипатталады (Moody and White, 2003). Шағын топ мүшелері басқа шағын топ мүшелерімен жақсы байланыста болған жағдайда **ынтымақтастық** күшті болады. Егер топ мүшелері бір-бірімен емес, топ басшысымен көбірек қарым-қатынаста болса, онда ынтымақтастық әлсірей түседі. Топ мүшелері өздерінің жетістікке жетуі топқа байланысты екенін түсінген жағдайда топ өз мүшелеріне үлкен талап қоюы мүмкін. Мәселен, ынтымағы күшті кейбір топтар өз мүшелерінің киім киісін

өзгерту үшін қысым жасай алады, біреуді ұрып-соғуға немесе тіпті кісі өлтіруге итермелеуі мүмкін. Некелік қатынастағы, шіркеулік және достық қарым-қатынастағы топтардың тұтастығының өзіндік ерекшелігі бар. Бір некенің немесе бір шіркеудің келесі бір некеге немесе шіркеуге қарағанда ауызбіршілігі жоғары болуының себебі неде? Оған әсер ететін факторлар ретінде топ көлемінің шағындығын, мүшелерінің бір-біріне ұқсастығын, өзара әрекеттесудің жиілігі мен ұзақтығын, топ мүшелері мен бөгде адамдар арасындағы нақты айырмашылықтарды, сырт адамдармен сирек қарым-қатынаста болуын және т.б. атап көрсетуге болады (McPherson & Smith-Lovin, 2002). АҚШ-тағы барлық заңды отбасы мүшелерінің саны бірдей (екі мүшеден тұратын) болса да әдетте мінезі бір-біріне сай келмейтін жұбайлар немесе бірнеше күн яки апта лап бір-бірінен жырақта жүретін отбасыларына қарағанда мінезі ұқсас және көп уақытын бірге өткізетін ерлі-зайыптылардан құралған отбасының тұтастығы жоғарырақ болып келеді.

## Топтық конформизм

Ер адам әйел адамға есік ашқанда сіз бұдан дәстүрлі сыпайылықты немесе әйел затына деген сыйластықты көресіз бе? Сіз Лил Уэйн, Келли Кларксон немесе Coldplay тобын тыңдаған кезде оны жанға жайлы музыка ретінде қабылдайсыз ба, әлде жағымсыз қатты шу деп танысыз ба? Музыкадағы талғам сияқты біз көріп жүрген және сенетін көптеген нәрселер абсолютті мағынада дұрыс немесе бұрыс бола алмайды; олар біздің топтарымыздың дұрыс деп қабылдаған нәрселері ғана. Топта шешім қабылдауды қарастырған зерттеушілердің айтуынша, топ мүшелерінің өзара әрекеті олардың бойсұнуын арттырады (Wilier, Kuwabara & Masu, 2009). Бұл факт Стенли Милгрэмнің (Stanley Milgram, 1974) классикалық экспериментінде анықталды және сол уақыттан бергі көптеген зерттеулер нәтижесінде дәлелденді.

## Милгрэм эксперименті

Милгрэм (1974) өз экспериментінің нәтижесінде адам бойсұнуына топтардың тигізер ықпалы туралы жантүршігерлік тұжырымдар жасады. Бұл экспериментке қатысушылар оқытушы және оқушы



Милгрэм эксперименттеріндегі адамдарға серіктесіне өмірге қауіпті деп есептелетін электр тогының соққыларын беру тапсырылды. Мына суреттегі субъектінің жүдырығы түйіліп тұрғанына назар аударыңыз. Бұл экспериментке қатысушы тәжірибені ауыр деп таныса да, көнбістік танытып отырғанын көрсетеді.

ретінде алынады. Эксперимент талабы бойынша оқытушы екі сөзден тұратын сөз тіркесін оқып береді, оқушы соны есінде сақтауы тиіс. Содан кейін оқытушы оқушыға әлгі сөздерді екінші рет оқып береді, тек бұл кезде әрбір сөз тіркесінің алғашқы сөзі мен төрт жауабы берілуі керек. Егер оқушы дұрыс жауап бермесе оқытушы дұрыс жауапты өзі айтып, оқушыны электр тоғымен (басқа бөлмеде орналасқан) соқтырады. Оқушы қателескен сайын электр тоғының кернеуі жоғарылатылады. Эксперимент жүргізуші оқытушыға оқушы барлық сұрақтарға дұрыс жауап бергенше сөз тіркестерін көрсетілгендей әдіспен оқытуды жалғастыра беруді тапсырады.

Шындығында, эксперимент барысында оқытушы да, оқушы да Милгрэмнің өзімен жұмыс істеген және жалған «электрлік соққы» қолданылған. Мәселе оқытушының не істейтіндігінде болатын. Эксперимент нәтижелері жантүршігерлік болып шықты: оқытушылардың үштен екісі тіпті электр соққысы құрылғысындағы «қауіпті: ауыр соққы» деп көрсетілген (үш қызыл түсті X әріптері) нүктеге жеткеннен кейін де тоқ жіберуді тоқтатпаған. Эксперимент барысында оқушылар алғашқыда өздерін сабақтан босатуды сұрайды, кейін қатты ауырсынып тіпті шыңғырып, соңында үнсіз қалған жағдайлар да болған.

Өкінішке қарай, кейінірек АҚШ пен басқа елдердегі осындай эксперименттер барысында адамдардың 61–66 пайызы басқаларға ауыртпалық әкелетінін біле тұра экспериментатордың нұсқауларын орындауға дайын екендіктерін көрсеткен (Blass, 1999; Burger, 2009). Бұл нәтижелер бойсұну мен топтық ынтымақтастыққа үйретілген америкалық жауынгерлердің не себепті Абу-Грейбте, Гуантанамода және басқа жерлерде бұйрық берілген жағдайда тұтқындарды қорлауға дайын болғандығын түсіндіріп береді.

## Конформизмге жүргізілген соңғы зерттеулер

Кейбір зерттеушілер адамдардың белгілі бір топқа мүше болуы, олардың сол топтың өлшемдеріне сәйкес келуіне ықпал етеді деп көрсетеді. Мысалы, жақында жүргізілген бір зерттеуде (Wilier, Kuwabara & Masu, 2009) ерікті алты студенттен үш алкогольсіз шараптың сапасына баға беру сұралған. Шын мәнінде, алынған шараптардың үшеуі де бірдей болатын, тек біреуіне ғана сірке суы араластырылған. Эксперимент жүргізуші бес студентпен алдын ала келісіп алған. Эксперимент шынайы қатысушыларға дейін шарапты аталған бес студент татып көріп бағалайтындай етіп ұйымдастырылды. Эксперимент барысында студенттердің бесеуі де екінші шараптың сапасы басқа шараптардан айтарлықтай төмен деп бағалайды. Эксперименттің екінші бөлігінде студенттердің бірі шараптарға дұрыс баға береді. Нәтижесінде, қатысушылардың 53 пайызы студенттердің жалған бағалауын басылыққа алған, ал 6 пайызы сірке суы бар шарапқа қарағанда екінші шараптың сапасы төмен деген шешімге келген! Бұл эксперимент бөгде топ мүшелерінің адамдары бейтаныс болса да, адамдар топтың ықпалына түсуге бейім болып келетінін көрсетті.

## Шағын топтардағы конформизмді түсіндіру

Адамдар топтың мәжбүрлеуінсіз-ақ сол топтың пікірімен неліктен жиі келіседі? Біріншіден, адамдардың бәріне айналасында болып жатқан нәрсені түсінемін деп ойлау ұнайды. Бірақ бұл әрдайым оңайға түсе бермейді. Қарапайым термометрдің температураны 90 градустан жоғары не төмен деп көрсеткеніне сену оңай. Ал, мысалы, келесі жылы Ливияның әскери күші үкіметті құлататыны туралы біле алмаймыз. Адамдар әсіресе өздерінің біліміне сенбейтін кезде топ-

тың көзқарасын қабылдауға бейім болып келеді (Levine, 2007; Wilier, Kuwabara & Masu, 2009).

Екіншіден, адамдар топтың көзқарасын оның әжуа қылуынан не одан қол үзіп қалудан қорыққан кезде қабылдайды (Levine, 200; Wilier, Kuwabara & Masu, 2009). Мұндай қорқыныш ауызбірлігі жоғары топтар үшін тиімді. Бірақ, өзіміз көргендей, бұл тіпті бөтен адамдар арасында да орын алуы мүмкін.

## Топтық шешімдер қабылдау

Әлеуметтанудағы шағын топтарды зерттеу бағыты топтың сипаты шешім қабылдауға қалай әсер ететінін жіті қарастыруда. Мұндай зерттеулер әртүрлі топтарда, атап айтқанда, ұшақ экипажында, сүңгуір қайықтың экипажында, наразылық білдіруші топтарда, іскерлік кездесулерде және қазылар алқасы арасында жүргізілген (Gas til, Burkhalter & Black, 2007; Ghaziani & Fine, 2008).

Әдетте, топтар келісімге келуге ұмтылады. Олар өздерінің барлық шешімдері топтың әрбір мүшесіне қолайлы болғанын қалайды. Дегенмен топтың ауқымы кеңейген сайын келісімге келу қиындай түседі, алайда топ мүшелері түгелдей бірлесе наразылық білдіруге айтарлықтай уақыт не күш жұмсағанымен олардың өзара әрекеті түсініксіз болады, әрі бір жерден шықпайды. Мәселен, топ көлемі артқан сайын топ мүшелері көбінесе басым бөлігінің саясатын қабылдайды. Бұл саясат тез шешім қабылдауға мүмкіндік береді. Алайда, мұндай мүмкіндік көбінесе топтың кейбір мүшелерін қанағаттандырмайды. Сондықтан топтың тұтастығына сызат түседі.

## Таңдауды өзгерту

Шағын топтарға жүргізілген зерттеулер нәтижесінде «топ мүшелерінің пікірлері уақыт өте келе бір-біріне ұқсас болып кетеді» деген дәйекті тұжырым жасалған. Бұл процесс таңдауды өзгерту деп аталады. Мысалы, достарыңызбен қай фильмдегі актер «ең үздік» деп талқылағанда ең үздік деген бір немесе екі жұлдызға тоқталар едіңіздер.

Топ мүшелері әдетте конвергенцияға (өзара жақындау) ұшырауына қарамастан, қалыпты жағдайда еш уақытта ортақ байламға келмейді. Оның орнына, топтар тәуекелді нұсқа (қатерлі шешімге келу) немесе консервативті нұсқа (конверсиялық ауысым) бойынша келісімге жетуі мүмкін. Кейде таңдауды өзгерту бір немесе бірнеше топ мүшесінің сендіре білетін дәлелдеріне байланысты болады. Бірақ олар топтағы жалпы нормалардан ауытқып консерватизмге немесе тәуекелге жиі барады (Jackson, 2007). Мысалы, шіркеу басшылығы комитет шешімінің ең қауіпсіз нұсқасын, ал террористік топ ең қауіпті нұсқасын таңдауға шақырады.

Таңдау жасаудың өзгеруінің бірден бір себебі – топтық ойлауда бірліктің, яғни жеке бір пікірдің болмауы (Street, 1997; Jackson, 2007). Топтық ой топ мүшелеріне жоғарыдан қысым көрсетілгенде, сыни тұрғыдан ойлау жойылғанда пайда болады.

Мәселен, 1986 жылы жарылысқа ұшыраған Чэлленджер ғарыш кемесінде жұмыс істейтін инженерлер ұшу кезінде ұшақтың О іспеттес сақинасына зақым келуі мүмкін екенін білген болатын.

Алайда қауіпті екеніне қарамастан, тәуекелге баруды талап ететін НАСА-дағы саясаттың ықпалымен ғарыш кемесін жіберуге көрсетілген саяси қысым салдарынан инженерлер, шын мәнінде, О іспеттес сақинаға зақым келу ықтималдығы өте төмен деп бірін-бірі жұбатқан (Vaughan, 19%). Келтірілген мысалдан топтық ойлаудың келеңсіз шешімдерге жиі әкеп соқтыратынын көреміз.



## Әлеуметтік тораптар

Біздің әрқайсысымыз әртүрлі негізгі және қосымша желілерге кіреміз. Осы топтық байланыстар арқылы әлеуметтік тораптарды дамытамыз. Әлеуметтік торап – біздің қарым-қатынасымыздың жиынтығы. Ол біздің отбасымызды, сақтандыру агентімізді, көршілерімізді, сыныптастарымыз бен кейбір әріптестерімізді және біз араласатын ортаның адамдарын қамтиды. Әлеуметтік тораптар бізді қоғамдастықтардағы жүздеген адамдармен және бүкіл елмен тіпті бүкіл әлеммен байланыстырады.

Әлеуметтік тораптар жеке адамдар үшін және қоғам үшін маңызды қызмет атқарады. Күшті әлеуметтік тораптар адамдар арасындағы өзіне-өзі қол жұмсау мен депрессия деңгейін төмендетеді. Денсаулықты жақсартуға және өмірді ұзартуға оң ықпал ете алады (Beegman & Moody, 2004; Smith & Christakis, 2008). Олар, сондай-ақ адамдардың саяси және азаматтық проблемаларға қызығуын күшейтеді. (Putnam, 2000; Wellman, 1999). Сонымен әлеуметтік тораптар әлеуметтанудың маңызды саласы болып саналады.

## Тораптағы ортаға тартылыс

Торапқа мүше болудың жеке тұлғаларға тигізетін әсері сол торап мүшесінің тораптан қандай орын алатынына байланысты. Тораптан орын алудың маңызды шарты – ортаға тартылыс.

Ортаға тартылыс тораптағы бір адамның басқалармен тура немесе жанама байланыстарының санын білдіреді; байланыс саны неғұрлым көп болса жеке адамның ортаға тартылысы соғұрлым жоғары болады (Faris, Robert & Felmler, 2011).

Адамдар тораптағы орталық орынға қалай және не себепті ие болғанына қарамастан, сол орнын ұстап тұру олардың әлеуетін көтереді. Егер Падма өз тобындағы ең танымал қыз болса ол курстастарының кейбірін мүлде елемей мүмкін, себебі оның басқа достары көп. Оның тораптан орталық орынды иемденуі онымен дос болғысы келетіндердің қатарын көбейтеді. Падмаға онымен дос болғысы келетіндер әңгіме-дүкен құру, алдағы емтихандарға көмектесу, концерт билеттерін беру сияқты ұсыныстар жасайды. Сөйтіп, ол өз әлеуетін арттыруға көмектесетін түрлі ресурстармен жарақтануға мүмкіндік алады.

Тораптағы орта ұғымы, әсіресе білім беру мекемесінде болатын қорлаудың және физикалық агрессияның себептерін түсінуде пайдалы (Faris, Robert & Felmler, 2011). БАҚ көбінесе зорлық-зомбылық жасайтын маргиналданған тұлғаларды жиі көрсетсе де әлеуметтік зерттеулер бұларда басқа адамдарды қорлауға қажетті ресурстардың аздығын, қолжетімділік деңгейі төмендігін, сондықтан айтарлықтай қауіпті еместігін түсіндіреді. Керісінше, тораптан орталық орынды иемденген тұлғалардың басқаларға зорлық-зомбылық жасауға айтарлықтай мүмкіндіктері бар, өйткені бұл адамдар өздері қалаған нәрселерінің көпшілігіне қол жеткізе алады, алайда олар ондай іс-әрекетке мұқтаж емес. Қорыта келгенде, физикалық агрессия тораптан орталық орынды иемденушілер арасында жиі кездеседі және жеке тұлғалар ең басты ұстанымдарға (және бәсекелестікке) ұмтылған сайын арта түседі (Faris, Robert & Felmler, 2011; Gould, 2003).

**Әлеуметтік желі** – жеке адамдардың арасындағы қатынастардың жиынтығы.

**Ортаға тартылыс** – адамның басқалармен тікелей немесе жанама байланыстарының санын білдіреді.

## Қуатты және әлсіз байланыстар

Сақтандыру агентіміз бен анамыз – екеуі де әлеуметтік тораптың бір бөлігі болып саналғанымен, олардың әрқайсысының бізбен байланы-

сында айтарлықтай айырмашылық бар. Біз өзіміздің әлеуметтік топтарымызды байланыс сипатына қарай *қуатты байланыстар* және *әлсіз байланыстар* деген екі санатқа бөле аламыз.

## Қуатты байланыстар

Қуатты байланыстар – тығыз қарым-қатынаспен, эмоциялардың қарқындылығымен және оларды өзара бөлісумен сипатталатын қарым-қатынас. Мұндай байланыстар қоғам өмірі үшін өте маңызды. Мәселен, науқастанып қалсаңыз немесе емтихан тапсыруға бара жатқанда машинаңыз бұзылып қалса өзіңізбен тығыз байланыстағы жандарды, яғни қуатты байланыстарыңызды көмекке шақыратыныңыз сөзсіз. Бұл адамдар сізге ең көп қамқорлық жасайтын адамдар және сіз де оларға барынша көңіл бөлуге тырысасыз. Қуатты байланыстар бізге эмоциялық қолдау, қаржылай көмек және тағы басқа әртүрлі көмек көрсетеді.

Сауалнама нәтижесі соңғы отыз жылда америкалықтардың қуатты байланыстары күрт төмендегенін көрсетті (McPherson, Smith-Lovin & Brashears, 2006). Қазір америкалықтардың көпшілігі маңызды мәселелерді талқылай алатын бірде-бір адамды атай алмайды, олардың көпшілігі тек жұбайын ғана атайды. Бұл адамның білімі неғұрлым жоғары болған сайын соғұрлым тұрақты байланыста болатынын көрсетеді. Оның үстіне, білім деңгейі жоғары адамдар супервайзерлер мен механиктерден гөрі ықпалды адамдармен – адвокаттармен, дәрігерлермен тығыз байланыс орната алады.

«Деректерге ден қойсақ: Қуатты байланыстар» бөлімі осы проблемаларды әрі қарай нақтылайды.

## Әлсіз байланыстар

Әлсіз байланыстар эмоцияларды білдіруде арақашықтық сақталуымен, қарым-қатынастардың төмен қарқындылығымен сипатталатын байланыстар болып табылады (Granovetter, 1973). Әріптестер, көршілер, клуб мүшелері, қашықтағы жиен-бауырлар мен тума-туыстар осы санатқа жатады. Егер сіз дәрісханада жаныңызда отыратын адаммен

**Қуатты байланыстар** – тығыз қарым-қатынаспен, эмоционалдық қарқындылықпен және оларды ортақ пайдаланумен сипатталатын қатынастар.

**Әлсіз байланыстар** – қарқындылығы төмендігімен, тығыз қарым-қатынас болмауымен сипатталатын қатынастар.



Адамның отбасы мүшелерімен, достарымен тығыз байланыста болуы оның әлеуметтік өмірі үшін аса маңызды. Адамдардың барлығы жағдайы жақсы кезде де, қиын қыстау кезде де өздері тығыз байланыста болған адамдарға тәуелді болады.

## Деректерге ден қойсақ

### Қуатты байланыстар

1985 және 2004 жылдары жүргізілген Жалпы әлеуметтік сауалнама барысында америкалықтардан соңғы алты жылда маңызды проблемаларды талқылаған адамдардың саны туралы сұралды. Аталған сұраққа «жоқ» деп жауап бергендер саны уақыт өте келе айтарлықтай артқан және кейбір топтар арасында басқалардан гөрі жиі кездескен.

ДЕРЕККӨЗ: жалпы әлеуметтік зерттеу. <http://sda.berkeley.edu>. 2009 жылдың мамыр айында алынды.

#### Маңызды проблемаларын ешкіммен талқыламаған адамдар пайызы

##### Нәсілдері:

Ақ нәсілділер	19,9 %
Афроамерикалықтар	37,6 %

##### Білім алған жылдары:

0-8	30,6 %
9-12	26,0 %
13+	20,1 %

##### Жынысы:

Ерлер	24,2 %
Әйелдер	21,4 %

##### Сауалнама алынған жылдары:

1984	8,3 %
2004	22,6 %

**Деректерді түсіндіру:** афроамерикалықтар ақ нәсілділерге қарағанда маңызды проблемаларын ешкіммен талқыламауының қандай да бір әлеуметтік себебін айта аласыз ба? Білімі жоғарылардың сенім артатын адамдары неғұрлым көп болатынын немен түсіндірер едіңіз? Неліктен ер адамдардың әйел адамдарға қарағанда сенім артатын адамдары аз? 1985 және 2004 жылдар аралығында отбасылық өмір, жұмыс және қоғамдық өмір қалай өзгерді? Бұл өзгерістер сенім артатын адамдар саны азайып кетуіне қалай әсер етеді?

**Деректерді сыни тұрғыдан талдау:** маңызды проблемаларды басқалармен талқылау қуатты байланыстарды бағалауға арналған жақсы тәсіл болып санала ма? Афроамерикалықтар, ерлер немесе білімі төмен адамдар арасындағы қуатты байланыстардың сипатын жақсартатын кез келген басқа шараны атай аласыз ба? Егер сізден маңызды проблемаларды талқылайтын адамдарыңыздың тізімін беруді сұраған жағдайда, осы сұрақ төңірегінде өміріңіздегі барлық маңызды қатынастарды анықтай аласыз ба? Толығырақ тізім жасау үшін сұрақ басқа формада қойылуы керек пе?

демалыс күндеріңізді қалай өткізгендеріңіз жайында әңгімелесіп, бірақ оқудан тыс жерде онымен ешқашан қарым-қатынасқа түспесеңіз, сіздердің араларыңызда байланыс әлсіз болғаны. Қуатты байланыстар бізді жақын адамдарымызбен байланыстырады, ал әлсіз байланыстар болымсыз қарым-қатынасқа түскен тұлғалармен арамыздағы алшақтықты арттырады. Жаңа жұмыс орнын немесе тұратын жер табу сияқты ауқымды байланысты талап ететін ақпараттарды алу қажет болған жағдайда әлсіз байланыстар өте маңызды рөл атқарады (Granovetter, 1974; Newman, 1999b). Сол сияқты Microsoft Word сияқты танымал бағдарлама туралы сұрағыңыз болса жауабын сенімді байланыстарыңыз арқылы таба аласыз. Бірақ Linux сияқты жалпыға ортақ бағдарлама жайында ақпарат алғыңыз келсе, сізге әлсіз байланыстардың үлкен желісіне шығуға тура келеді. Осы сияқты басқа жағдайларда да сіз білетін адамдардың саны қаншалықты көбірек болса бұл сіз үшін соғұрлым тиімді.

Әлсіз байланыстардың оңтайлы көздерінің бірі – интернет: егер сіз сирек кездесетін аурумен ауырсаңыз немесе қатты қызығатын ерекше ермегіңіз болса, не жасырын топтарды жақсы көрсеңіз қажеттіліктеріңіз бен мүдделеріңіз ортақ не ұқсас басқа адамдармен оңай байланыс жасай аласыз. Өкінішке қарай, әлсіз байланыс адамдарға жаңа жұмыс орындарын табу, хоббимен айналысуға мүмкіндік беру секілді пайда келтірумен қатар зиянын тигізетін жағдайлар да кездеседі: мысалы, соңғы кездегі зерттеулердің көрсетуінше, ересектердің өзіне-өзі қол жұмсамақ болғанына достарының сол тәріздес әрекеті ғана емес, сонымен қатар досының досы өзіне-өзі қол жұмсамақ болғаны да себеп болған (Bailer & Richardson, 2009). Дәл осылай, 12 мыңнан астам америкалыққа 32 жыл бойы жүргізілген үлкен зерттеу нәтижелері бойынша адамның семіздікке ұшырау мүмкіндігі досы семіздікке ұшыраған болса – 45 пайызға, досының досы семіздікке ұшыраған болса – 20 пайызға, егер досының досының тағы бір досы ұшыраған болса 10 пайызға өскенін көрсеткен (Christakis & Fowler, 2007).

Қуатты байланыстар әлсіз байланыстардан әлдеқайда маңызды. Алайда әлсіз байланыстардың да пайдалы жақтары бар (5.2-сурет). Авторлар, шын мәнінде, семіздіктің «жұқпалы» екенін айтады. Ал оларды сынға алушылар, өз кезегінде, адамдар уақыт өте келе салмағы өздерінің салмағына сәйкес келетін адамдармен дос болып қалуға тырысады дейді (Kolata, 2011). Бұл әлеуметтік тораптардың қалай жұмыс істейтіні туралы қызықты жағдайларды көрсетеді.

*Жаһандық перспективаға назар аударатын болсақ*, Мозамбиктегі СПИД туралы әңгімелесу әлеуметтік тораптардағы күшті және әлсіз байланыстардың бірден-бір үлгісі болып табылады, себебі онда көптеген азаматтар үшін ресурстар мен маңызды ақпаратқа қолжетімділік шектеулі.

## Байланыстар мен топтар


Қуатты және әлсіз байланыстардың арасындағы айырмашылық негізгі және қосымша топтардың арасындағы айырмашылыққа ұқсас болып келеді. Бұл екі тұжырымдаманың арасындағы айырмашылық сол: қуатты және әлсіз байланыстар жеке адамдардың бір-бірімен қарым-қатынасына қатысты болады, ал негізгі және қосымша топ деген атау тұтас топқа байланысты қолданылады.

Негізгі және қосымша топта қуатты және әлсіз байланыстар қатар болуы мүмкін (5.3-сурет). Мысалы, отбасы – негізгі топ; бұл адалдық пен үлкен сүйіспеншілік сезімдеріне негізделеді, салыстырмалы түрде тұрақты топ болып саналады. Алайда отбасы мүшелерінің арасындағы қарым-қатынас бірдей бола бермейді. Мысалы, біреу анасына өте

**5.2-СУРЕТ. Семіздік және әлеуметтік желілер**


Бұл сандар әлеуметтік тораптар арқылы семірудің таралуын көрсетеді. Әрбір шеңбер – адам. Әрбір дөңгелектің өлшемі адам салмағының индексінің (салмағы мен бойын біріктіретін өлшемді) білдіреді және шеңберлер арасындағы байланыстар әлеуметтік байланыстарды көрсетеді. Сары дөңгелек – семіз адамдар. Сары «секторлардың» кластерленуі әлеуметтік желілердегі семірудің таралуын көрсетеді.

ДЕРЕККӨЗ: (Nicholas Christakis, James Fowler «32 жылдан асқан ірі SodaJ тораптарындағы семіздіктің таралуы». Жаңа Англияның медицина журналы 357 (4). Авторлық құқық 2007 Массачусетс Медицина қоғамының рұқсатымен басылып шықты.



**5.3-СУРЕТ. Джиллдің байланыстары мен тораптары**

Әр адам негізгі және қосымша топтардың мүшесі болып табылады. Осы топтардың әрқайсысында онша араласпайтын және жақын қарым-қатынастағы байланыстар бар. Джилл университеттегі төрт құрбысымен, үш курстасымен, жігітімен, әкесімен, сондай-ақ ағасымен қуатты байланыста. Алайда оның анасымен, сіңлісімен, университеттегі басқа құрбыларымен және басқа да курстастарымен байланысы әлсіз.



Назар  
аударыңыз



## ЖАҒАНДЫҚ КӨЗҚАРАС

### Мозамбиктегі СПИД туралы

Әлеуметтік желілер бізге дос табуға, жұмысқа тұруға, емтихан тапсыруға көмектесумен қатар, біздің өмірімізді сақтап қалуда да оң ықпал ете алады. Бұл – әлеуметтанушылар Виктор Аджаджаниян мен Сесилия Мендживардың Оңтүстік Африкадағы Мозамбик мемлекетінде СПИД жөнінде жүргізген зерттеулерінің тақырыбы болатын. Мозамбик әлемдегі ең кедей елдердің қатарына кіреді және СПИД тудыратын ВИЧ вирусын жұқтырудың ең жоғары көрсеткіштерінің біріне ие (Agadjanian and Menjivar, 2008).

Мозамбиктегі кедейліктің салдарынан тұрғындардың көбісінің кез келген ақпаратқа қол жеткізу мүмкіншілігі өте төмен. Көптеген адамдар шашыраңқы отбасылық шаруашылықтарда тұрады. Онда олар газеттің өзін сирек көреді, тіпті көршілерімен де сирек араласады. Теледидарды немесе компьютерді айтпағанда, радионың өзін табу қиын. Виктор Аджаджаниян мен Сесилия Мендживардың зерттеулері тұрғындардың СПИД туралы ақпаратқа қол жеткізуіне шіркеу мүшелері қалай әсер еткенін көрсетті.

Бір қызығы, олар діни көзқарастар мен шіркеудің іс-тәжірибесіне сүйенбей-ақ өз мақсаттарына қол жеткізу үшін шіркеу қауымдарын әлеуметтік торап ретінде қолданды. Аджаджаниян мен Мендживар Мозамбик шіркеулерінің екі негізгі түрге бөлінетінін анықтады: бірі – қарамағында ірі шаруалар бар «Методист» сияқты автономды шіркеулер; екіншісі – Африкада жиі кездесетін шалғайдағы кішігірім шіркеулер. Үлкен шіркеулер әлсіз байланыстардың үлкен торабы қызметін атқарса, шалғайдағы шіркеулерде қуатты байланыстағы шағын тораптар болды.

Зерттеушілер осы екі түрлі шіркеуге мүше болу мен ондағы әлеуметтік байланыстың екі түрлі жолы тұрғындардың СПИД туралы ақпаратқа қол жеткізуін жақсартқанын айқындады. Себебі негізгі шіркеулерде дәрігерлер, медбикелер және басқа да білімді адамдар болғандықтан шіркеу мүшелері арасындағы әлсіз байланыстар арқылы адамдардың бәрі СПИД туралы ақпаратқа қол жеткізуге мүмкіндік алды. Сонымен қатар шіркеу мүшелерінің либералды діни көзқарастарының арқасында негізгі шіркеулер тұрғындардың СПИД жайындағы білімдерін жетілдіру мақсатында ара-тұра іс-шаралар өткізуге ниет білдіріп отырды.

Шалғайдағы кішігірім шіркеулердің мүшелері арасындағы қуатты байланыстар олармен індеттің алдын алу туралы талқылаулар өткізуді жеңілдетті. Мысалы, шалғайдағы шіркеудің бір мүшесі бұл жайында: «Діни сенімі жоқ адамдарға ВИЧ жұқтырып алу қатері жиірек төнеді, себебі оларға «СПИД-тен сақ болыңдар» деп кеңес беретін ешкім жоқ. Біз өз арамызда бір нәрсенің қате екенін көргенде, мәселен, «түнде жыныстық қатынасқа түссең, әйелдермен қарым-қатынаста болып келсең – бұзыласың. Сондай жағдайларды көріп жүрген жоқсың ба? Анау СПИД-тің салдарынан қаза тапты ғой» деп айтамыз», – дейді (Agadjanian & Menjivar, 2008: 316).

Сонымен негізгі және шалғайдағы шіркеулер тек ұстамдылық немесе ерлі-зайыптылар арасындағы адалдықты уағыздау арқылы ғана СПИД жұқтырмауға ресми түрде жәрдемдеседі десек те, кез келген шіркеудің мүшесі болу адамдарға сақтық шараларын қабылдау (презерватив қолдану) ауру жұқтыру қаупін төмендететіндігі туралы ұқтыруға септігін тигізген.

жақын, бірақ бауырларымен қарым-қатынасы онша емес. Сол сияқты, білім беру мекемелері қосымша топтар қатарына жатса да студент ондағы бір-екі құрбысымен тығыз байланыс жасауы ықтимал. Қуатты және әлсіз байланыстар – екі адамның арасындағы қарым-қатынасты сипаттайтын терминдер. Ал негізгі және қосымша топтар – топтың сипаттамалары.

## Еріктілер қауымдастықтары

Жеке адамдармен қарым-қатынасқа түсумен қатар, көбіміз футбол командасы, Элкс немесе Сьерра клубы сияқты топтар мен қауымдастықтарға еріктілер (волонтер) ретінде кіреміз. Еріктілер қауымдастықтары деп аталатын бұл топтар коммерциялық емес ұйымдар қатарына жатады. Олар адамдардың ортақ мүдделерін ұжым болып іске асыруға мүмкіндік береді. Олар көлемі мен ресмилігі жағынан бір-бірінен айтарлықтай ерекшеленеді. Мысалы, кейбіреулерінің, атап айтқанда, Элкс және Сьерра сияқты клубтардың өте үлкен ұлттық штабы, сайланған офицерлері, ресми атақтары, жарғылары, мүшелік жарналары, ұлттық конвенциялары бар және де тұрақты түрде

**Еріктілер қауымдастықтары** деп аталатын бұл топтар коммерциялық емес ұйымдар қатарына жатады.

Еріктілер қауымдастығына қосылу әлсіз байланыстар торабын ұлғайтуға кепілдік береді. Егер адам қауымдастықтың кез келген басқа мүшелерімен жақын дос бола берсе қуатты байланыс торабын кеңейте алады.



кездесулер өткізіп тұрады. Басқалары, мысалы, өзге футбол командалары, тоқымашылар топтары, т.б. – жергілікті қауымдастықтан немесе тату көршілерден құралған шағын, бейресми топтар.

Кейбір әлеуметтік сыншылар АҚШ-та еріктілер қауымдастықтарына мүше болудың саябырсығанын айтады (мысалы, Путнам, 2000). Керісінше, шағын жергілікті қауымдастықтарға, этникалық топтарға, балама діни ұйымдарға және интернет-топтардың қатарына енушілер саны өсуде дейді (Rich, 1999).

Еріктілер қауымдастықтары жеке адамдар үшін маңызды қызмет атқарады. Олар қуатты және әлсіз байланысқа қол жеткізуге мүмкіндік беретіндіктен адамдардың жеке бастарының бақытына, ұзақ өмір сүруіне, саяси жігерлілік танытуына және қауымдастықтың үлкен сеніміне ие болуына көмектеседі (Stalr, Radina & Lync 2008; Boronovi, 2008; Walker, 2008, McFarland & Томас, 2006). Саяси тұрғыдан тиімді және өз қауымдастықтарына сенім білдіретін адамдар басқаларға қарағанда еріктілер қауымдастығына қосылуға әлдеқайда ынталы келеді. Сонымен қатар көптеген қауымдастықтарға мүше болу интеграция мен қанағаттану сезімін тудыруы мүмкін.

## Қауымдастық

3-тараудан көргеніміздей, «қауымдастық» термині ортақ кеңістікті және оған қосылу сезімін бөлісетін адамдарға (сондай-ақ ортақ кеңістіктегі әлеуметтік мекемелерге) қатысты қолданылады. Басқаша айтқанда, қауымдастық күшті әлеуметтік тораптарды білдіреді (Wellman, 1999). Қауымдастық барлық мүшелерінің арасында бір-бірімен үйлескен күрделі байланыстар болған кезде күшейе түседі.

Бірақ әлсіз тораптық байланыстар жеке адамдар мен қауымдастықтар үшін маңызды болып табылады. Жүргізілген зерттеулерге қарағанда, көршілер бір-бірімен әлсіз байланыста болғанмен қажет болған жағдайда бір-біріне әртүрлі көмек көрсете алады, мысалы, керекті құралдарды уақытша пайдалана тұруға береді, көршісі үйінде жоқта келген поштасын жинап қояды және т.б. (Wellman & Wortley, 1990). Сонымен қатар әлсіз байланыстар дұрыс жолға қойылған жағдайда олар қамтитын аумақта қылмыс пен құқық бұзушылықтың

айтарлықтай төмендегені байқалған. Сондықтан олар қоқыс тастаған, қоқан-лоққы көрсеткен немесе басқа да теріс жолға түскен жасөспірімдерге ықпал ететін шаралар ұйымдастыруға өздерінің құқығы бар әрі міндеттіміз деп есептейді (Sampson & Raudenbush, 1999; Sampson, Morenoff & Earls, 1999; Sampson, Morenoff & Gannon-Rowley, 2002).

## Компьютерлік тораптар мен қауымдастықтар

Интернетті пайдалану көрсеткішінің өсуі көптеген адамдардың онлайн тораптар мен қауымдастықтарға қосылуын жиілетті (DiMaggio және т.б., 2001; Wellman, 1999; Wellman және т.б., 1996; Turkle, 2011). Интернеттің қуатты және әлсіз байланыстарды дамытудағы әлеуетін Twitter мен Facebook секілді әлеуметтік тораптардың керемет көтерілуінен көруге болады.

Оның үстіне онлайн пікірталас форумдары мен чаттар кез келген адамның қалаған пікірі мен сұрағын кең аудиторияға, түрлі адамдарға жылдам жіберуіне мүмкіндік береді. Интернет арқылы алған ақпарат пен ондағы байланыстың сапасы әрқелкі болғанымен интернет көп адамның арасында әлсіз байланыс орнататын желі ұсына алады. Ғаламтор болмаса олар өз бетінше оқшау қалар еді. Оның үстіне, белгілі бір пікір мен өтінішті қабылдаған адамдар оны басқаларға таратады, сөйтіп, әлсіз байланыстар желісі жылдам әрі кең ауқымда ұлғая береді.

Онша жиі кездеспегенімен кейде онлайн желілерде тығыз байланыс орнатып, қоғамның мүшесі сияқты сезіндіруі мүмкін. Тіпті кейбіреулер онлайн топтарға белгілі бір ақпаратты алу үшін ғана кіргенімен кейіннен одан әлеуметтік қолдауды, бауырмалдықты көріп өзін сол қоғамның мүшесі ретінде сезіне бастайды да сонда қалып қояды (Turkle, 2011). Саяси көзқарастан бастап салмақ тастауға дейінгі әртүрлі проблема бойынша онлайн қауымдастық құруға болады және әр топ алуан түрлі пікір білдіру құралы міндетін де атқарады. Ең әйгілі онлайн топтар ұқсас аурулармен ауыратын адамдардың басын қосады. Бұл топтарда адамдар қалай емделіп жатқанын ғана айтып қоймай, үрейлері мен қиындықтарын, жеңістері мен жеңілістерін ортаға салып отырады.

Бір қызығы, адамдар тек жеке ойнайтындай болып көрінетін компьютер және видеоойындар да олардың әлеуметтік байланыстарын арттырады. Бұл тақырып «Медиа мен мәдениет: компьютерлік ойындар және әлеуметтік өмір» бөлімінде кеңінен қарастырылады.

## Кешенді ұйымдар

Бүгінгі заманда аса ауқымды ұйымдармен байланыспайтын адам кемде-кем. Егер жалпы қоғамнан баз кешіп кетпеген болсақ, біздің өміріміздің басым бөлігі ұйымдармен байланысты болады. Тіпті дүниеге келгенде және қайтыс болғанда да үлкен **кешенді ұйымдарға** (ауруханалар, АХАТ бөлімдері) керек боламыз. Ал туу мен өлу аралығындағы өміріміздің өн бойында ұйымдардың талаптарына тұрақты түрде бейімделіп отырамыз.

Аса ауқымды, заңды мекемелерді сипаттағанда әлеуметтанушылар кешенді ұйымдар деген терминді қолданады. Кешенді ұйымдарға: университеттер, үкіметтер, корпорациялар, шіркеулер немесе студенттердің бауырластық ұйымы, «Киванис» клубы сияқты ерікті бірлестіктер жатады.

Бұл күрделі ұйымдар қоғам өмірінің жалпы сапасына үлкен әсер етеді. Көлемі ауқымды әрі кешенді болғандықтан, олар шағын топтар сияқты тығыз байланыс орнатып, адамдарды қанағаттандыра алмайды.

---

**Кешенді ұйымдар** – күрделі мәртебелік тармақтары бар кешенді әрі заңды мекеме.



Компьютерлік ойындарды бірлесе ойнау – адамның жаңа достар тауып, бұрыннан бар достық қарым-қатынастарды нығайтуына көмектеседі, сол арқылы әлеуметтік тораптарды күшейтеді.



Іс жүзінде адамдар өздерін қоғамның маңызды бөлігі ретінде емес, машинаның бір тетігі ретінде сезінеді. Бұл әсіресе бюрократияда анық байқалады.

**Бюрократия** – жұмыс тиімділігін арттыру үшін құрылған, нақты ережелерге бағынатын, иерархиялық басқару құрылымы бар кешенді ұйым түрі.

### Бюрократияның «кемел түрі»: Вебер теориясы

ІВМ, федералдық үкімет, U.S. Steel корпорациясы, католик шіркеуі, колледждер мен ауруханалар сияқты ірі, кешенді ұйымдардың барлығы – бюрократия. Бюрократияның мінсіз түрінің сипаттамасын осыдан бір ғасыр бұрын Макс Вебер ([1910] 1970) жасаған. Ол «кемел түр» деп бюрократияның ең үздік формасын емес, тек бюрократияның қандай болуы керектігін ғана сипаттаған. Вебердің айтуынша, бюрократияға мыналар кіруі керек:

1. *Еңбек бөлінісі.* Бюрократиялық мекемелер әр қызметке жеке маман алады, олар өздеріне тиесілі қызметтік міндеттерін атқарады. Қызметтің атауы мен оның сипаттамасында бұл жұмысты кімнің атқаруы керектігі айтылады.
2. *Иерархиялық билік.* Қызметтер иерархиялық негізде бекітіледі, әр қызметкердің үстінен қарап, оның жұмысына басшылық жасайтын бастығы болады. Биліктің иерархиясы қызметтер схемасында пирамида күйінде салынады.
3. *Ереже мен тәртіп.* Бюрократияның барлық іс-әрекеті мен операциялары стандартталған ережелер мен процедуралар негізінде жүзеге асырылады. Бұл ережелер ықтимал жағдаяттардың барлығын (мәселен, жұмысқа алу, жұмыстан шығару, кеңсенің күнделікті жұмыстары) қамтиды.
4. *Адами емес қарым-қатынас.* Тамыр-таныстық пен бұра тартуды болдырмау үшін бюрократиядағы әрекеттестіктің барлығы жеке адамдардың сезімдеріне емес, ережелерге негізделеді.
5. *Карьера, қызмет және біліктілік.* Бюрократиядағы қызметтерге кандидаттар тек біліктілігіне қарай таңдалады және жұмыс нәтижесіне қарай жоғарылатылады.

**Бюрократия** – жұмыс тиімділігін арттыру үшін құрылған, нақты ережелерге бағынатын, иерархиялық басқару құрылымы бар кешенді ұйым түрі.

6. *Тиімділік.* Бюрократиялық ұйымдар ұжымдық мақсатқа жету үшін көп адамнан құралатын топтың іс-әрекетін үйлестіру арқылы тиімділікті арттыруға тырысады. Жүйе жеке адамның қалауын орындауға, тамыр-таныстыққа және белден басуға жол бермеуі керек.

Вебердің айтуынша, бұл сипаттамаға сай келетін бюрократия жоқтың қасы, себебі қызметкерлер көбінесе өздеріне тиесілі жұмыстан бөлек шаруаларды атқарады; билік иерархиясы дұрыс емес; жұмыс жағдайы тез өзгереді, ал ережелерді жаңа жағдайға сәйкестендіріп өзгерткенше көп уақыт өтіп кетеді; сексизм, нәсілшілдік сияқты бұра тартулардың кесірінен жұмысқа білігі төмен адамдарды алады; ұйымдар өте тиімсіз жұмыс істейді, т.с.с. Оның үстіне, соңғы жиырма бес жылдың ішінде Америкадағы бюрократияның ең ірі формасы саналатын корпорациялардың көлемі кішірейді, себебі олар жұмыстың көбін мердігер компанияларға тапсырды. Мұндай жағдайда қызметкерлердің жұмыс орнын сақтауға кепілдік аз, ал корпорациялар иерархия түрінде әрекет ете алмайды, себебі келісімшартпен сырттай қызмет ететін қызметкерлерді бақылау қиын, әсіресе, олар жердің басқа бір түкпірінде тұратын болса тіпті қиын болады (Scott, 2004). Сонда да, Вебердің бюрократияға берген сипаттамалары оның рөлі мен табиғатын түсінуге көмектеседі.

## Шынайы бюрократия: ұжым мәдениеті

Ұжым мәдениетінің Вебердің «кемел түрінен» айырмашылығы оның белгілі бір ұйымдардың негізі саналатын нормалар мен құндылықтарды қамтитындығында (Kunda, 1993; Martin, 2001). Ұжым мәдениетінің ең негізгі кілті – бірлік, сондықтан көп ұйым мүшелерінің арасында бірлік орнатуға тырысады. Олар мұны қызметкерлердің арасында өзара әрекеттестік пен жақындықты насихаттау арқылы қалыптастырады. Сол үшін олар түсте тегін тамақ беріп, жұмыстан кейінгі спорттық секцияларды қаржыландырады, сейілдеуге шығарады, компанияның символдарын насихаттайды. Мысалы, Google компаниясы тегін массаж, тегін тамақ және волейбол алаңдарын қолдану сияқты жағымды жағдай жасайтыны белгілі. Бірақ басқа көп ұйым мұндай стратегиялардың арзан түрлерін пайдаланады. Ұйым басшылығы қызметкерлердің компанияға деген ризашылығын тудырған соң қызметкерлер демалыстан бас тартып, кесімді мерзімнен ұзақ жұмыс істеп, достары мен отбасына бөлінген уақытын жұмыста өткізіп жатады. Google сияқты қызықты компанияларда жұмысты мерзімінде бітіру үшін тәулігіне 12, 15, тіпті кейде 24 сағат жұмыс істеу оқиғалары жиі болып тұрады.

«Крайслер Мотор» компаниясымен салыстырғанда Google сияқты компаниялар жұмыстың еркіндігімен және бейресми шешім қабылдау дәстүрімен ерекшеленеді. Олар мұны не үшін істейді? Компьютерлік бағдарламалар жасайтын компаниялар қызметкерлерден креативтілікті талап етеді әрі олар сол ортаның және бәсекелестерінің енгізген өзгерістеріне тез бейімделіп отыру үшін стратегияларын өзгертуі керек. Ал «Крайслер», керісінше, өзгеріске онша ден қоймады, содан да болар бұл компания 2009 жылы өзін банкрот деп тану туралы өтініш берді. Ұжымдағы бюрократияландыру деңгейі ондағы жұмыстың түсініктілігіне әсер етеді. Жұмыс бірқалыпты әрі болжалды болса ұжым ережелерге, орталықтан нақты жоспарлауға, иерархиялық билікке сүйене алады. Мәселен, «неге дәріс өтетін аудиторияларда бюрократия аз, ал зауыттарда бюрократия көп» деген сауалға осы жағдай жауап бола алады.

---

**Ұжым мәдениеті – ұйымда жұмыстың жүзеге асырылу тәртібін анықтайтын нормалар мен құндылықтар.**

## Бюрократияға сын

Бюрократия – қазіргі әлемдегі стандартты ұжымдық форма. Шіркеуден бастап үкімет ұйымдарына дейін бюрократиялық жолдармен құрылған. Алайда осы ұжымдық форманың кеңінен қолданылуына қарамастан оның негізгі деп саналатын бірнеше кемшілігі бар. Олардың ішінде үшеуі аса маңызды:

1. *Дәстүршілдік*. Ережені қатаң ұстану дегеніміз – сол ереже қабылдаған мақсатты орындауға көмектессе де, көмектеспесе де оған бағыну дегенді білдіреді. Ереже ақырғы нәтижеге жету құралы емес, ақырғы нәтиженің өзі. Мысалы, қызметкер таңертеңгі сағат 10-нан кешкі 6-ға дейін өнімді жұмыс істейтінін біле тұра ережеге бағынып, таңғы 8-де келеді де, кешкі 4-те қайтуға мәжбүр болады. Шектен тыс бюрократия қызметкерлердің бастамаларын тұншықтырып, тиімдірек жұмыс әдістерінің қалыптасуына кедергі жасауы мүмкін.
1. *Бөлектену*. Ережеге, иерархияға және адамгершіліктен ада қарым-қатынасқа ерекше көңіл аудару ұжымдағы бірлікке нұқсан келтіреді. Бірліктің ыдырауының азаюының бірнеше салдары болуы мүмкін: бұл әлеуметтік бақылауды кемітеді, ұжым мүшелерінің қанағаттану сезімін, мекемеге деген адалдығын азайтады және қызметкерлердің тұрақтамауына алып келеді.
1. *Құрылымдық теңсіздік*. Сыншылар қазір бюрократияның иерархияға тым көп көңіл бөлетінін айтады. Бюрократияда билік тек бірнеше адамның қолында болады және олардың шешімдері төмендегілерге бұйрық күйінде түседі.

Осы қауіптерге қоса соңғы кездері мамандар макдональдтандырудың (Ritzer, 1996) қатеріне назар аудара бастады. **Макдональдтандыру** – бюрократиялардың көп түрінің жылдам тамақтану дәмханаларын үлгі етіп, менеджмент әдістерін солардан көшіріп алу процесі.

«Макдональдс» дәмханалар желісі макдональдтандырудың басты мақсаттарының мысалы болады. Оның басты мақсаттары: тиімділік, есептей алу, болжамдылық және бақылау. «Макдональдс» тұтынушыларға өте жылдам (тиімді) қызмет көрсету амалдарын қалыптастырды және бургерлерінің қаншалықты дәмді екенін жарнамалаудың орнына (мұны өлшеу мүмкін емес), бір бургерде қанша ет бар екендігін (есептей алу) жарнамалауға көшті. «Макдональдс» Нью-Йорктегі «Үлкен Мак»-тің дәмі дәл Дес-Мойнестегі «Үлкен Мак»-тің дәміндей екеніне кепілдік береді (болжамдылық). «Макдональдстің» әр мейрамханасы қызметкерлерінің белгілі бір рәсімге қатаң бағынуын қатты қадағалап отырады (бақылау) және шектеулі мәзір мен ыңғайсыз орындарды ұсына отырып, клиенттерді тез арада тапсырыс беруге және орындарын босатуға (басқару және тиімділік) мәжбүр етеді. Бұл қағидалар қазір бүкіл әлем бойынша бюрократияның барлық түрлерінде: кір жуу қызметтерінен бастап телефон байланысы бизнесіне дейін қолданылады.

Бір таңғаларлығы, макдональдтандыру арқылы бюрократиялық құрылымдарды оңтайландыру әрекетінің салдары жалпы қоғам үшін ақылға сыйымсыз болып отыр. Макдональдтандырудың кемшіліктері оның әрбір артықшылығынан тікелей туындайды.

Мысалы, операторлармен сөйлесудің орнына дауыстық пошта жүйелерін пайдалану тиімдірек болғанымен тұтынушылар үшін ыңғайсыз, өйткені олар алдымен мәзірді тыңдап, содан соң қажетті бөліммен қосуын күтіп тұрғанда байланыс ажырап кетеді. Оның үстіне, дауыстық поштаның «шытырманьнан» басы қатқан тұтынушы тапсырыс беруден мүлде бас тартады, ал бұл клиенттердің азайып ке-

---

**Макдональдтандыру** – тез тамақтану дәмханаларының тиімділік, есептей алу, болжамдылық және бақылау сияқты ұстанымдары Америка қоғамының көп салаларына үстемдік ететін процесс.



McDonald's сияқты бюрократиялар иерархиялық (жоғарыдан төмен) бақылауға, қызметкерлердің арасындағы нақты еңбек бөлінісіне және әр қызметкердің өз жұмысын қалай атқаруы керектігі туралы қатаң ережелерге негізделеді.

туіне әкеп соқтырады. Осылайша, «Макдональдс» сияқты бизнес-компаниялар пайда табудың тиімді әдістеріне негізделген шешімдер қабылдайды. Бірақ олар бизнес шешімдерінің қоршаған ортаға немесе тұтынушылар мен жұмысшылардың өмір сапасына әсерін есепке алмайды. Ұлттық деңгейдегі бизнес жергілікті бизнестерді ығыстырып жатқан тұста дүкендер мен дәмханалар ұсынатын болжамдылық әлемге көп қызығы жоқ қарапайым тамақтану орындарын ұсынады.

«Макдональдтанған» ұйымдардағы бақылау түрі адами қасиеттерінен де айырылып бара жатыр. Егер сіз тез тамақтану дәмханасында жұмыс істеген болсаңыз, онда мұны басыңыздан өткерген боларсыз. Яғни тіпті қатаң бақыланатын ұйымдарда жұмыс істейтін қызметкерлердің өздері ұжымдағы тәртіпке наразылық білдірудің айналасын табады (Wharton, 2009). Мысалы, «Макдональдс» кассирлері клиенттерге міндеттелген сәлемдесуді айтып тұрып көздерін ақшитуы мүмкін немесе кейбірі жаттанды сәлемдесу мәтіндеріне басқа сөздер қосып, сол арқылы тұтынушымен арадағы диалогті адами қарым-қатынасқа бейімдеуі ықтимал (Leidner, 1993).

## Бұл бізге не береді?

Адамдар – әлеуметтік тіршілік иесі. Біз қарым-қатынастарда, топтарда, желілерде және бізге ұнаса да, ұнамаса да үлкен кешенді ұйымдарда күнделікті тірлігімізді жасап жатырмыз. Осындай адами байланыстар болмаса өмір сүре алмаймыз және өркендей алмаймыз. Топтар, тораптар және ұйымдар бізге тамақ, киім, жұмыс, баспана, қарым-қатынас, махаббат сияқты өмірдің өзегі саналатын нәрселерді табуға көмектеседі. Олар, сондай-ақ бізге отбасында бала тәрбиелеу, ерікті қауымдастықтар арқылы жақсы қоғам қалыптастыру, мектептен бастап үлкен корпорацияларға дейін күрделі ұйымдарда табысқа ұмтылу және т.б. сияқты өмірде өз ізімізді қалдыруға мүмкіндік береді. Дегенмен басқалармен жұмыс істеудің қатері де бар. Себебі ақпарат алмасу мен серіктестік бәсекеге және шиеленіске әкелуі мүмкін. Ал топтар біздің идеяларымыз бен мінез-құлқымызға өзімізге байқатпастан әсер етеді. Топтар, тораптар мен ұйымдар туралы әлеуметтік түсінік бізге осы әсерлерді түсінуге, олардың алдын алуға және қажет болған жағдайда қарсы күресуге көмектесе алады.

## - Қорытынды

1. Өзара қарым-қатынастар айырбас, ынтымақтасу, бәсеке және конфликт деген төрт негізгі әлеуметтік процеспен сипатталады.
2. Топтың тобырдан ерекшелігі – топ мүшелері бір-бірін есепке алады және олардың өзара әрекеттестігі ортақ мүдде мен өзара тәуелділікке негізделеді.
3. Эталон топ – адамдар өздерін үнемі салыстырып отыратын топтар. Өзімізді жақсырақ адамдармен салыстырып, салыстырмалы депривацияға жол береміз, бұл біздің өзімізді бақытты сезінуімізге кері әсер етеді.
4. Негізгі топтарға өзара тығыз және бетпе-бет әрекеттер тән. Бұлар жекелей қанағаттану мен бірлесу үшін маңызды. Бұлар – қоғамдағы әлеуметтік бақылаудың негізгі агенттері. Қосалқы топтар үлкен, ресми және жеке адамға негізделмеген болып келеді. Бұлар әдетте алға қойылған міндеттерді атқаруға бағытталған және қоғам мен жеке тұлға үшін қажетті құрал қызметін атқарады.
5. Топтың көлемі, басқа топтармен жақындығы, ондағы байланыс түрлері және бірлігі топтың өзара әрекетке түсуіне әсер етеді. Топтағы өзара әрекеттестік топ мүшелерінің арасындағы бірлік пен келісімге жетелейді, бұл кейде теріс шешімдерді қолдауға мүмкіндік береді.
6. Әр адамның қуатты және әлсіз байланыстардан тұратын әлеуметтік торабы бар. Әдетте біз көмекке қатты мұқтаж болғанда өзіміз сенім арта алатын адамдармен тығыз байланыс орнатамыз. Әлсіз байланыстар жұмыс іздеу сияқты кең ауқымды әлеуметтік торапқа шығу керек болған кезде пайдалы. Әдетте ұзақ жыл бойы білім алған адамдардың жалпы тығыз байланысы да, ықпалды адамдармен тығыз байланысы да күшті болады.
7. Еріктілер қауымдастықтары – мүдделері ортақ адамдардың басын қосатын, табыс таппайтын топтар. Олар негізгі топтардың кейбір экспрессивті функцияларын қосымша топтардың құралдық функцияларымен біріктіреді.
8. Адамдар тығыз, өзара мүдделес тораптарға қосылып қауымдастық құрады. Қауымдастықтың ішіндегі әлеуметтік байланыстар салыстырмалы түрде әлсіз болған күннің өзінде де өз мүшелеріне көп әсер етеді.
9. Кешенді ұйымдар – қалыптасқан мәртебелік тармақтары бар үлкен ресми ұйымдар. Бюрократия – тиімділікті барынша арттыру мақсатында құрылған күрделі ұйымдар. Бюрократия әдетте еңбекті бөлу; иерархиялық билік; ережелер мен қағидалар; адамгершіліктен ада әлеуметтік қатынастар; карьераға, қызметтің уақытшалығына, біліктілікке назар аудару; тиімділікке баса назар аудару сияқты ерекшеліктерімен сипатталады.
10. Қазіргі заманғы ұйымдардың көбі бюрократиялық үлгіге негізделгеніне қарамастан, біразы классикалық үлгіден әлдеқайда алшақ. Макдональдтандыруды сынаушылар: «Бюрократияның ұтымдылыққа баса мән беруінің иррационал зардаптары болуы мүмкін», – дейді. Оның үстіне, тиімді бюрократиялардың барлығы қызметкерлерді беріле жұмыс істеуге ынталандырып, ұжымдық мақсаттарға жету үшін ұйымның негізі болатын нормалар мен құндылықтарға, яғни ұжым мәдениетіне сүйенуі керек.

## - Сыни ойлау

1. Facebook сияқты әлеуметтік тораптар негізгі топтар ма, әлде қосымша топтар ма? Олар топтық бірлікке бастай ма? Мысалдармен түсіндіріңіз.
2. Өз мінез-құлқыңыздың негізгі топтан гөрі қосымша топтың әсеріне ұшыраған кезін көрсете аласыз ба?
3. Ішкілікке (нашақорлыққа) салынған отбасыңыздың мүшесіне көмектесуге тырысып жүрсіз делік. Мұнда қуатты және әлсіз байланыстарыңыздың қандай пайдасы тиюі мүмкін? ♥
4. Өз тәжірибеңізде бюрократияның қандай функцияларын қолдандыңыз? Онда қандай түйткілдер бар?



## 6-ТАРАУ

# Девиантты (қалыптан ауытқыған) мінез-құлық, қылмыс және қоғамдық бақылау

### Тарау тағылымы

#### Осы тарауды оқығаннан кейін студентгер:

- нормалар мен құндылықтарды интернализациялаудың, ресми және бейресми әлеуметтік бақылаудың қасақана қылмыс жасау мүмкіндігін төмендететінін түсіндіріп, көрсете алады;
- девиантты мінез-құлық және қылмыс терминдерін, осы екі түсініктің өзара байланысын және әлеуметтанушылардың қайшылықты белгілі бір жағдаятқа қатысты сипаттайтын себептерін анықтай алады;
- мінез-құлық пен өзін-өзі бағалаудың нормадан ауытқыған жағдайларын түсіндіру үшін шиеленіс теориясын, ұжымдық тиімділік теориясын, дифференциалды ассоциация, тежеу және ұялту теорияларын қолдануды біледі;
- жынысы, нәсілі және әлеуметтік табы қылмыс жасау ықтималдығына, қылмысы үшін тұтқындалып, сотталуына қаншалықты ықпал ететінін біледі;
- соңғы 30 жылда қылмыс пен қылмыс қаупінің қалай өзгергенін, шағым айтылмайтын қылмыстар мен «кеңседегі» қылмыстарды тергеуге байланысты қандай қиындықтардың туындағанын біледі;
- қылмыскерлерді тәрбиелеудің орнына оларды жазалауға баса назар аударудың артықшылықтары мен кемшіліктерін таразылай алады.

## Конформизм және девианттылық

Әлемдегі әрбір мәдениет нормалар мен құндылықтар жиынтығын ұсынады және әрбір қоғам сол мәдениетке бағындыру үшін әр мүшесін әлеуметтендіреді. Соның нәтижесінде біз көбіне қоғам талап еткен істерді істеп, қоғамның дегенімен жүреміз. Бірақ үнемі барлық ережеге толық мойынсұнатындар кемде-кем. Бұл бөлімде адамдардың әлеуметтік нормаларды қалай және не себепті бұзатынын талдаймыз.

### Конформизмді түсіну

Адамдардың неліктен ережені бұзатынын түсіну үшін, алдымен көпшіліктің неліктен көбінесе ережеге бағынатынын түсінуіміз қажет. 2-тарауда айтылғандай, ережеге бағынуға ынталандыратын күштер мен процестер әлеуметтік бақылау деп аталады. Әлеуметтік бақылау үш форма арқылы жүзеге асады:

- өз-өзімізді іштей бақылау арқылы;
- бейресми бақылау арқылы: достарымыз бен жақындарымыз ережеге бағынғанымызды құптап, ереже бұзғанымыз үшін жазалайды;
- ресми бақылау арқылы: мемлекет немесе басқа органдар ереже бұзушылықты тыйып отырады.

Адамдар өз топтарының нормаларын қабылдап, оларды өз сенім жүйесі мен бірегейлігінің бір бөлігіне айналдырғанда өз-өздерін іштей бақылай бастайды. Біз дүкен тонаудан, сыныпта қатты кекіруден өз-өзімізді тыйғанда полиция тұтқындайды, я сыныптан шығарып жібереді деп қорыққаннан емес, ішкі құндылықтарымыз бен адами болмысымызға қайшы келетіндіктен ондайға бармаймыз.

Өз-өзімізді бақылауға бейресми қоғамдық бақылау қосылады. Достарымыз, қызметтестеріміз және айналадағы басқа адамдар бізді орынсыз әрекет жасаудан бейресми түрде тыйып отырады. Сондықтан ішкі құндылықтарыңыз шашыңызды тықырлап алып тастауға (егер әйел адам болсаңыз) немесе тырнағыңызды қызғылт лакпен бояуға (егер ер адам болсаңыз) рұқсат бергенімен, достарыңыз безіп, ата-анаңыз сыртқа теппеуі үшін және көршілеріңіз күлмеуі үшін олай істемейсіз.

Ал егер сізді бұлардың ешқайсысы тоқтата алмаса, онда сіз ресми қоғамдық бақылаудан қорыққаннан айылыңызды жиясыз. Мұнда айыппұл салу, жұмыстан не топтан шығару, қамау сияқты әкімшілік жазалар қолданылуы мүмкін. Мектептегі киіну тәртібін бұзған адам мектептен шығарылады, дінбасының айтқанына мойынсұнбаған адам діннен аласталады, ал дүкен тонаған адам түрмеге қамалады.

Әлеуметтік бақылау емтиханда көшіруден бастап кісі өлтіруге дейінгі аралықта, негізінен, өзін-өзі бақылау мен бейресми қоғамдық бақылауға негізделеді. Жеке адамдар мен топтың құндылықтарына қайшы келетін әрекеттің алдын алуға қауқары жететін мекеме кемде-кем. Мәселен, көп елде жыныстық азғындыққа бару заңсыз болып саналады және заң бойынша ондай адамдар қамауға алынады не айыппұл арқалайды. Полиция оны түп-тамырымен жоюға қанша тырысқанымен, жоя алмайды. Бүгінде жыныстық азғындықпен айналысуды ұят деп санайтындар азайып барады, кинофильмдер мен кітаптарда ондай азғындық төсек қатынасының қалыпты бір бөлігі

**Бейресми қоғамдық бақылау** – достарымыз, қызметтестеріміз және айналадағы басқа адамдардың бізді орынсыз әрекет жасаудан бейресми түрде тыйып отыруы.

**Ресми қоғамдық бақылау** – айыппұл салу, жұмыстан не топтан шығару, қамау сияқты әкімшілік жазалар қолдану әдісі ресми қоғамдық бақылауға жатады.

ретінде сипатталады. Мұндай жағдайда ресми жазалау шараларымен халықты күштеу қиын. Жезөкшелік, марихуана шегу, кәмелетке толмағандардың ішімдік ішуі – осының барлығы, егер халық жұмыла қолдамаса, тек заңның күшімен көндіру мүмкін еместігін дәлелдейді.

Яғни жалған мәжбүрлеу болғанда халыққа ұнамайтын нормалардың өзі күшін сақтайды (Willer, Kuwabara & Masu, 2009). Жалған мәжбүрлеу адамдар қаламайтын нормаларды орындауға міндеттейді. Мәселен, көп мектептерде гомосексуалдарды басқа бозбалалар үнемі мазақтап, қорлайды, тіпті ұрып-соғады. Алайда бозбалалардың кейбірі гомосексуалдықтан ешбір сөкеттік көрмеуі де мүмкін. Бірақ оларды мазақтамасақ, өзіміз де құқай көреміз деп қорқады. Бір қызығы, осы жалған мәжбүрлеу нормалардың күшеюіне ықпал етіп, тұйық шеңбер түзеді. Мойынсұнуды талап еткен әлеуметтік қысым жалған мәжбүрлеуге алып келеді, ал бұл мойынсұнуды талап еткен әлеуметтік қысымды одан сайын күшейтеді.

## Девиянттылықты анықтау

Адамдар мәдени қалыпты әртүрлі себептермен және әртүрлі жолмен бұзуы мүмкін. Сіздің «шектен шығуыңызға» басқалардың қалай жауап беруі әдетте бұзылған ереженің салмағына байланысты. Егер сіз шіркеуге алжапқыш тағып, жаман киіммен барсаңыз я әрдайым құмыраға отырғызылған пальманы көтеріп жүрсеңіз, әдеттегі мінез-құлық ережелерін бұзасыз. Дегенмен бұған көп адам назар аудара қоймас, себебі сіз жеңіл-желпі ережелерге ғана қайшы келіп тұрсыз. Әлеуметтанушылар норманы өрескел бұзатын, қоғамның төзімінің шегінен асып кететін әрі белгілі бір формада жазалауға әкеп соқтыратын әрекеттерді девианттылық деп атайды. Басқаша айтсақ, девианттылық – белгілі бір қоғамның наразылығын тудыратын не тіпті жазалауға әкеп соқтыратын, нормаға қайшы келетін іс-әрекет.

Девиянттылықты басқалардың реакциясына қарай анықтай отырып, әлеуметтанушылар табиғатынан толықтай девиантты әрекеттің болмайтынын айтады. Бір әрекет біреулерге ереже бұзушылық болуы мүмкін, ал басқаларға мүлдем олай көрінбейді. Соғыс кезінде, полиция қызметінде немесе өзін-өзі қорғауда басқа адамды өмірінен айыру заң бұзушылық деп есептелмейді. Белгілі бір әрекет девианттылыққа жата ма, жоқ па – ол көбіне тарихи жағдайға, оқиға болған жерге, жеке адамға және айналадағыларға байланысты. Мысалы, он тоғызыншы ғасырда әйелдердің төсекте ләззат алуы девианттылық деп қарастырылған. Ал қазір олай емес. Екі әйел алу Америка Құрама Штаттарында заң бұзушылық болып есептелсе, Сенегалда – әдеттегі жағдай. Америкада әйел адам юбка кесе – қалыпты жағдай, ал ер адам кесе – девианттылық. Қанша арақ ішкеніңді айтып ата-анаңа мақтансаң – девианттылық болуы ықтимал, ал мұны барда отырып айтсаң – қалыпты жағдай. Сол себепті әлеуметтанушылар девианттылықтың салыстырмалы нәрсе екенін айтады.

Девиянттылықтың қылмыстық және қылмысқа жатпайтын екі түрі бар. Девиянтты мінез-құлықтың көпшілігі бейресми әлеуметтік бақылаудың ғана аясына кіреді. Егер іс-әрекет заң тұрғысынан жазалауға жататындай қоғамға жат әрекет болса, онда оны қылмыс деп атаймыз.

Бірақ девианттылықтың көп түрі заңға қайшы келмейді. Мысалы, бір ай бойы жуынудан бас тарту немесе көпшіліктің алдында өзін атеистіпін деп жариялау заңға қарсы емес. «Медиа мен мәдениет: денені ерекше түрлендіру» деген тарауда біз адамдардың неліктен қылмысқа жатпайтын девиантты әрекеттерге барағышының бір мысалын көреміз.

**Жалған мәжбүрлеу** – адамдар қаламайтын нормаларды орындауға мәжбүр етеді.

**Девиянттылық** – белгілі бір қоғамның наразылығын тудыратын не тіпті жазалауға әкеп соқтыратын, нормаға қарсы іс-әрекет.

**Қылмыс** – заң тұрғысынан жазалауға жататын, қоғамға жат әрекет.



Девианттылық әлеуметтануы екі маңызды проблеманы қарастырады: 1) құқықтық және әлеуметтік ережелер қалай қалыптасады? 2) адамдар неге өз заманының және тұрғылықты жерінің заңы мен қоғамдық ережелерін бұзады? Келесі тарауда осы сұрақтарға жауап беретін бірнеше негізгі теорияны қарастырамыз.

## Девианттылыққа теориялық көзқарастар

Девианттылыққа (соның ішінде, қылмысқа) қатысты биологиялық және психологиялық түсініктер әдетте адамның ішіндегі процестердің қалайша девианттылыққа алып келетініне бағытталады.

Мұндай теориялар девианттылықтың себебін, көбінесе бала кездегі генетикадан, нейрохимиялық теңсіздіктен немесе лайықты мінез-құлық пен ұстанымды қалыптастыруда кеткен қателіктерден іздейді. Көптеген әлеуметтанушылар биология мен психологияның ауытқушылық тудырудағы рөлімен келіседі, бірақ қоғамдық күштерді әлдеқайда маңызды деп есептейді. Әлеуметтану теориялары ауытқушылықтың себептерін адамның өзінен емес, әлеуметтік құрылымнан іздейді («Ереже бұзушылық теориясы туралы тұжырымдамалық қорытынды» бөлімін қараңыз).

## Құрылымдық-функциялық теория

1-тарауда айтылғандай, құрылымдық-функциялық теория қоғамның бөліктері дене мүшелері сияқты бірлесе жұмыс істейді деп болжайды. Осы тұрғыдан алғанда, девианттылық белгілі бір шекке дейін қоғам үшін пайдалы болуы мүмкін. Көктемгі демалысты ойлап көріңізші: наурыз айында жұмыстан үзіліс алсаңыз, мамыр айындағы қорытынды емтихандарға дайындалу үшін көбірек күш-жігер жинайсыз. Сонымен бірге құрылымдық функцияшылдар пікірінше, девианттылық қоғамды қажетті, сатылы әлеуметтік өзгерістерге итермелеп отырады. Алайда девианттылық шектен шығып кетсе, қоғам үшін дисфункциялы (бүлдіргіш) рөл атқарады.

Бұл тұжырымды девианттылыққа қатысты, алдымен Эмиль Дюркгейм қолданған. Дюркгейм кішігірім девианттылықтың артықшылықтарын мойындағанымен, қазіргі қоғамдағы дисфункциялы девианттылықтың себептерін талдаған маңызды зерттеулерінің бірінде жиілеп кеткен суицидті қарастырған (Durkheim [1897] 1951). Ол дәстүрлі қоғамдарда ережелер әдетте жақсы танымал болып, кеңінен қолдау тауып отырған дейді. Қоғамның ауқымы өсіп, түрлері көбейіп, әлеуметтік өзгеріс жылдамдаған сайын қоғам нормалары пайдалануға жарамай, түсініксіз бола бастады. Дюркгейм бұл жағдайды *аномия* деп атап, қазіргі замандағы суицидтің басты себебі сол деген тұжырым жасады.

Ең бастысы – Дюркгейм де, одан кейінгі құрылымдық функцияшылдар да девианттылықты жеке адамның ауытқуы емес, әлеуметтік мәселе ретінде сипаттады, яғни, «Бұл – жеке адамның емес, әлеуметтік құрылымның проблемасы», – деді олар. Сондықтан девианттылық проблемасын шешу үшін жеке адамды түзетуге тырысудың орнына қоғамдық дисфункциялықты жою керек деген пікір айтты.

**Аномия** – қоғамның нормалары айқындығының жоғалуы немесе қолданыстан шығып қалуы.

165



## МЕДИА ЖӘНЕ МӘДЕНИЕТ

### Денені ерекше түрлендіру

Соңғы жылдары «денені ерекше түрлендіру» айрықша сұранысқа ие болып жатыр. Бұлардың арасында «бүкіл денеге салынатын тату-суреттер, ірі пирсингтер, теріге ыстық металлмен басылған белгілер, ұстараның не пышақтың көмегімен соғылған сәндік тыртықтар бар. Сонымен қатар бұл суреттерді бетке, мойынға, сондай-ақ дененің көрінетін басқа да бөліктеріне салғызады.

Әйелдің мойнындағы нәзік көбелектің, ер адамның білегіндегі айдаһардың тату-суреті көп сәкеттік тудырмайтын қалыпты көрініске айналған. Алайда денені шектен шыға безендіру әдістері девианттылық деп есептеледі. Америкалықтардың көбі мұндай түрлендіруді тек жағымсыз ғана емес, тіпті жиіркенішті деп санайды. Батыс мәдениетінде денедегі сұйықтықтар лас болып саналады және теріні тесіп, қанның не іріңнің сыртқа шығуына мүмкіндік беретін кез келген (медициналық емес) әрекет айыпталды (Pitts-Taylor, 2003). Қоғам әсіресе әйелдің денесін түрлендіруге қарсы. Өйткені біздің мәдени нормаларымызда әйелдің

тегіс денесі сұлулықтың белгісі болып танылған.

Сонда адамдар неге денелерін бұлайша өзгертеді? Бұл дәстүр әсіресе «замауни примитивтер», скейтерлер мен скинхэдтер сияқты субмәдениеттерде жиі кездеседі (Atkinson 2003; Pitts 2003).

Осы субмәдениеттердің аясында денені түрлендіру тартымдылықтың және топқа мүше болудың нышаны саналады. «Заманауи примитивтер» тобының бір мүшесі бұл туралы: «Бұл – мақтанштың, ешкім тартып ала алмас ересектіктің белгісі. Татуды сол үшін жақсы көремін. Өзімді осы тайпаның, осы үйірдің өкілі ретінде сезінемін», – деген пікір білдірген (Atkinson & Young, 2001 129-30).

Кейбір адамдар науқастанып, химиотерапиядан өтіп, операция жасатқан соң өзін қайта қолға алып, рухын көтеру үшін денесін түрлендірудің ауыр процедурасын басынан өткізеді. Мәселен, бір жас әйел зорлыққа ұшырағаннан кейін тату-сурет салдырғаны денесін қайта «қалпына келтіруге» көмектескенін айтады: «Татуировка салып жатқанда үнемі айқайлаумен болдым. Бойымдағы үрей мен жек көру, қасіреттің бәрі сыртқа шықты. Тәнімді инемен піскілеген сайын сол зорлықтың дертінен айыққандай болдым. Біреумен



қаншама ұзақ сөйлесем де денемді осылайша өзіме қайтаруыма мүмкіндік бере алмас еді. Сол күнді екінші туған күнім және қайта өмір сүруді бастаған күнім деп есептеймін» (Atkinson & Young, 2001. 129-30).

Сондай-ақ адамдар денені түрлендіру әдісін саяси мәлімдеменің бір түрі ретінде пайдалана алады. Мәселен, «заманауи примитивтер» полинезиялық және маорилік татуларды қолдану арқылы қазіргі заман мәдениетін қабылдамайтынын, өздерінің бастапқы, табиғи өмір сүру қалпын ұстанатынын дәлелдегісі келеді.

### Жағымсыз мінез-құлық: шиеленіс теориясы

Девианттылықтың классикалық құрылымдық-функциялық теориясы – Роберт Мертонның (1957) шиеленіс теориясы. Шиеленіс теориясы бойынша көпшілігіміз конформистпіз, яғни біз Америка қоғамының мәдениеті қабылдаған мақсаттарына мәдениетке сәйкес құралдардың көмегімен жетуге болатынын түсінеміз. Шиеленіс теориясының тұжырымы бойынша, осылайша адамдар осы мәдени тұрғыдан мақұлданған мақсаттарға дәл солай (мәселен, университетте оқу немесе жалақысы жоғары жұмысқа түру) мақұлданған құралдардың көмегімен (мәселен, сабақты жақсы оқу, жұмысқа уақытында бару деген сияқты) жете алмағанда девианттылық туындайды.

Шиеленіс теориясы көбінесе төменгі әлеуметтік сатыдағы қылмысты түсіндіру үшін қолданылады. Бұл теорияда америкалықтардың экономикалық табысқа қол жеткізу мақсатын көздейтіндері жайлы айтылады. Дегенмен төменгі таптағы америкалықтардың арасында осы мақсаттарға мәдениет мақұлдайтын әдістермен – мысалы, заңгер болу үшін білім алу жолымен, кәсіби спортшы болу үшін күнделікті жаттығу жасау жолымен – қол жеткізетіндер жоқтың қасы. Мертонның пікірінше, төменгі әлеуметтік сатыдағы адамдар америкалық құндылықтарды жоққа шығарғандықтан емес,

**Шиеленіс теориясы** бойынша мәдени тұрғыдан мақұлданған мақсаттарға дәл солай мақұлданған құралдар арқылы жете алмаудан девианттылық туындайды.

## Ұғымдардың қорытындысы

### Девианттылық теориялары

	Негізгі сұрақ	Негізгі тұжырым	Девианттылықтың себебі	Девианттылық осы топтарда болатынын түсіндіру оңай
	Алғашқы әлеуметтену	Ерте бала кездегі әлеуметтену	Анасы Тиффаниді құшақтап, онымен жиі сөйлесу арқылы оның бойына тілдік және әлеуметтік қарым-қатынастарды сіңіреді	Ерте бала кездегі әлеуметтену
<b>Құрылымдық-функциялық теория</b>				
	Шиеленіс теориясы	Неліктен адамдар девианттылыққа барады	Девианттылық – әлеуметтік құрылымның нормадан ауытқуының сипаты	Қоғамның мақсаттары мен оларға қол жеткізу құралы арасындағы сәйкессіздік
<b>Конфликт теориясы</b>				
	Дағдарыс теориясы	Қат ресурстарға қол жеткізудің теңсіздігі қалайша девианттылыққа әкеледі?	Девианттылық – қат ресурстар үшін бәсеке мен конфликтіге қатысты қалыпты реакция	Теңсіздік және бәсеке
				Барлық әлеуметтік сатылар: төменгі сатыдағылар негізгі қажеттіліктерді қанағаттандыруға және наразылықтарын білдіру мақсатында ереже бұзуға мәжбүр. Жоғарғы сатыдағылар девианттылықты өз артықшылықтарын көрсету мақсатында қолданады
<b>Символдық интеракционизм теориясы</b>				
	Символдық интеракционизм теориясы	Неліктен бір топ екінші топқа қарағанда девианттылыққа бейім?	Басқа әлеуметтік мінез-құлықтар секілді, девианттылықты да үйренуге болады	Кейбір субмәдениеттер әлеуметтену жолымен үйренген, девианттылықты тудыратын құндылықтарға ие
	Қорқытып-үркіту теориясы	Мойынсұнуға қарағанда девианттылық қандай жағдайда жақсы болып көрінеді?	Девианттылық – шығын мен пайданы есептеу негізінде жасалған таңдау	Жазалау жүйесінің әлсіздігі (шығынына қарағанда девианттылықтың пайдасы көп)
	Ат таңу теориясы	Іс-әрекеттер мен адамдар қалай девиант болып шығады?	Девианттылық – салыстырмалы нәрсе, ол басқалардың іс-әрекетті немесе оны істеушіге қандай ат қоятынына байланысты	Іс-әрекеттері девиантты деп танылған және бұл атау мансаптық девиантқа айналдырады деп мойындайтындар
				Күші көп адамдар күші аз адамдарға девиантты деп айдар тағады

оларды қабылдағандықтан қылмысқа барады. Олар ортақ мәдени мақсат – экономикалық табысқа тек қылмыс арқылы қол жеткізе аламыз деп сенеді. Мертонның сөзімен айтсақ, қоғамның мақсаттарын қолдайтын, бірақ сол мақсаттарға жету жолында «институтталған» (мақұлданған) әдістерді жоққа шығаратын адамдардың іс-әрекетін инновация деп атайды. Оның орнына инноваторлар қоғам қабылдаған мақсаттарға заңсыз жолмен жетуді көздейді. Мұның классикалық мысалы – экономикалық табысқа жету үшін кісі тонауға көшкен кедей адам.

Алайда инновация тек қылмыстық әрекетпен шектелмейді. Қылмысқа жатпайтын инновация деп диплом алу үшін тест кезінде шпаргалкадан көшіру, бейсбол ойындарына қатысу үшін стероид ішу сияқты әдістерді айтады.

Бұл екі жағдайда да адамдар қабылданған мәдени мақсаттарға қол жеткізу үшін институтталған әдістердің орнына заңсыз әдістерді пайдаланады.

Мертон, сонымен қатар адамдардың аномияға бейімделуінің ритуализм, ретритизм және бүлікшілік деген тағы үш жолын анықтайды. Бұл стратегиялар (инновациямен қатар) «Тұжырымдама қорытындысы: Мертонның бейімделу әдістері» атты тарауда көрсетілген.

*Ритуализм* – өздерінің мақсатқа жетуден бас тартқанына қарамастан, қоғам мақұлдаған мақсаттарға жету үшін мәдениетке сәйкес құралдарды пайдалануды жалғастырып жүрген адамдардың іс-әрекеті. Мертонның ритуализміне классикалық мысал – алға қарай қадам басуды мақсат етпейтін, алайда жұмысын сақтап қалу үшін барлық бюрократиялық процедураларға сай әрекет ететін қызметкер. Ритуалистер – ереже бұзушы да, қылмыскер де емес.

*Ретритизм* – қоғамның мақсаттарынан және оның мақұлданған құралдарынан бас тартқан адамдардың мінез-құлқын сипаттайды. Олар – қоғамнан оқшауланып қалған, есірткісін тауып қана өмір сүріп жүрген нашақорлар мен үйсіз қаңғыбастар. Нашақорлық немесе қаңғыбастық заңсыздыққа жатпайды, алайда көбіне ретритизм жолын ұстанатын адамның өмір салты (мысалы, кокаин сатып алу немесе көшеде ұйықтау) мен іс-әрекеті заңға қайшы келеді.

*Бүлікшілдік* – қоғамның мақсаттары мен құралдарынан бас тартып қана қоймай, мақсаттар мен құралдардың балама түрлерін ұстанатындардың іс-әрекеті. Олар өздері үшін, ал кейбір жағдайларда революционерлер, хакер-анархистер және буддист монахтарына айналған америкалық христиандар сияқты адамдар үшін балама қоғам құрудан үміттенетін адамдар. Мертонның бүлікшілдік туралы сипаттамасына сай келетін іс-әрекет әдетте девианттылық болып, кейде заңсыз болып саналады.

Шиеленіс теориясы біраздан бері танымалдығын жоғалтты. Себебі ол аз ғана адамдар тобындағы шағын девианттылық әдістерін сипаттайды. Әрі адамдардың мәдени тұрғыда мақұлданған мақсаттар мен қолда бар құралдардың арасындағы келіспеушілікке не себепті әрқелкі жауап беретінін түсіндіре алмайды. Сөйтіп, олар мәдениет тұрғысынан мақұлданған мақсаттар мен құралдардың бір ғана жиынтығы бар деп қорытындылайды.

## **Девианттылықтың аудандық сипаттамаларын түсіндіру: ұжымдық тиімділік теориясы**

Шиеленіс теориясы кейбір адамдардың девианттылыққа неге баратынына көз жеткізуге тырысса, ұжымдық тиімділік теориясы басқа жерлерге қарағанда, белгілі бір аймақтарда девианттылықтың неліктен

## **әлеуметтану және сіз**

Сіз, колледж студенті ретінде, болашақта «жақсы қызметкер боламын» деген мақсатқа жету үшін, сабаққа тұрақты түрде қатысасыз. Мертонның көзқарасы бойынша, сіз конформист болып саналасыз. Егер сіз өз мақсатыңызға жету үшін емтиханда біреудің көмегін пайдалансаңыз және Мертон сізге «жаңашыл» деп баға берсе, оқытушылар сізді (олардың мәдени нормаларын бұзғаныңыз үшін) алаяқ деп қабылдайды. Ал егер сіздің қатарластарыңыз алаяқтықты қалыпты дүние деп қабылдайтын болса, онда сіз замандастарыңыздың мәдениеті тұрғысынан қағанда алаяқ болып саналмайсыз.

## Ұғымдардың қорытындысы

### Мертонның бейімделу әдістері

Мертонның девианттылықтың шиеленіс теориясы – мәдени тұрғыдан мақұлданған мақсаттар мен оларға қол жеткізу үшін ресми түрде институтталған (яғни мәдениет тұрғысынан қабылданған) тәсілдердің арасындағы сәйкессіздіктен девианттылық қалыптасады деп қарайды. Осындай таңдау жасауға мәжбүр болған адамдар мақсаттарды, құралдарды немесе екеуін де қабылдамауы мүмкін. Бұл жағдайда олар девиантқа, кейде қылмыскерге айналады.

Бейімделу әдістері	Мәдени мақсаттар	Институтталған құралдар	Мысал
Инновациялар	Мақұлданған	Мақұлданбаған	Қылмыс: сатып алуға мүмкіндігі болмаған жағдайда, студент оқулықты ұрлап алады.  <i>Қылмысқа жатпайтын девианттылық:</i> әйелдің тұрмысқа шығу үшін бұрынғы жыныстық қатынастары туралы өтірік айтуы.
Ритуализм	Мақұлданбаған	Мақұлданбаған	Қылмыс: қолданылмайды.  <i>Қылмысқа жатпайтын девианттылық:</i> адам жұмаққа сенбейді, бірақ сонда да шіркеуге барады.
Ретритизм (мақсаттардан және оған жетуге арналған әлеуметтік қағидалардан бас тарту)	Мақұлданбаған	Мақұлданбаған	Қылмыс: қаңғыбас адамның заңның көшеде ұйықтауға тыйым салатын талаптарын бұзуы.  <i>Қылмысқа жатпайтын девианттылық:</i> дәруіштің (адаммен араласпай, саяқ тұратын адам) орманды мекендеуі.
Бүлікшілдік	Мақұлданбаған / ауыстырылған	Мақұлданбаған / ауыстырылған	Қылмыс: үкіметке қарсы қарулы бүлікке шыққан адам.  <i>Қылмысқа жатпайтын девианттылық:</i> Америка азаматының жан тыныштығын табу үшін бүкіл мал-мүлкін таратып беріп, жоқшылықта өмір сүруі.

**Ұжымдық тиімділік теориясы** бойынша бір ауданда тұратын адамдар әлеуметтік тәртіпті сақтау үшін өзара араласып, бірге әрекет етеміз деп ниеттенеді.

көбірек орын алатынын түсіндіруге тырысады (Sampson & Raudenbush, 1999; Sampson, Morenoff & Earls, 1999; Sampson, Morenoff, & Gannon-Rowley, 2002). Ұжымдық тиімділік теориясы құрылымдық-функциялық теорияға жатады. Себебі ол қоғамның бөліктері бір-бірімен келісіп жұмыс істей алмаған жағдайда пайда болады.

**Ұжымдық тиімділік теориясы** бойынша бір ауданда тұратын адамдар әлеуметтік тәртіпті сақтау үшін өзара араласып, бірге әрекет етеміз деп ниеттенеді. Егер сіздің көршілеріңіз қылмыстық және қылмысқа жатпайтын девианттылықты бақылау үшін бірігіп күресу

маңызды деп есептесе немесе көшенің бұрышында әлдебіреудің есірткі сататынын көріп, дереу полицияға қоңырау шалса; психикалық ауру адамның саябақта тұрғанын немесе жасөспірімді әлдекімнің жазықсыз жазалап жатқанын көріп, бірден әлеуметтік қызмет өкілдерін шақырса, онда сіз тұратын ауданның ұжымдық тиімділігі жоғары деп есептеледі. Ұжымдық тиімділік құрылымдық ахуалы жақсы аудандарда жиі кездеседі: олардың жұмыспен қамтылуы мен үй сатып алу мүмкіндігі жоғары, ал жұмысы мен табысы олардың өз өмірін бақылауға деген ұмтылысын оята алады. Сондай-ақ олар қажет кезінде полиция мен коммуналдық қызметтердің көмегінен де үміттенеді. Ұжымдық тиімділік теориясына сүйенер болсақ, шамадан тыс құрылымдық кемшіліктерге ұшырайтын аудандарда девианттылық болу мүмкіндігі жоғары. Соның кесірінен мұндай аудандарда ұжымдық тиімділік төмен болады. Бұл теорияның эмпирикалық дәлелдері көп және девианттылықтың заңсыз түрі жөніндегі проблемада ықпалы айрықша артып келеді.

## Конфликт теориясы

Құрылымдық-функциялық теорияның пайымдауынша, девианттылық әлеуметтік құрылым бөліктерінің (нормалар, мақсаттар мен ресурстар) арасында интеграция жоқтығынан болады. Осы тұрғыдан алғанда, девианттылық – қалыптан тыс жағдайлардан туындайтын жалпы нормадан ауытқыған құбылыс. Алайда конфликт теориясы девианттылықты кейбір топтардың қат ресурстарға басқалардан гөрі қолжетімділігі жоғарырақ болатын қоғамдағы бәсекенің табиғи теорияне қашып құтыла алмайтын өнімі ретінде қарастырады. Бұл теорияны жақтайтындар әділетсіз бәсеке девианттылықты зерттеуде көңіл аударатын басты жайт болуы керек деп есептейді (Lemert, 1981; Reiman, 2005).

Конфликт теориясының болжауы бойынша, девианттылықтың анықталу жайы мен сол девианттылыққа кімдердің қатысты болуына әлеуметтік топтардың арасындағы бәсеке мен қақтығыс әсер етеді. Конфликт теориясын девианттылыққа қатысты қолдануға болады, дегенмен ол көбінесе қылмыстың өзін және қылмыстық заңды түсіндіруде қолданылады. Тарихи тұрғыда ол таптық қайшылықтардың әсерін зерттейді. Сонымен қатар бұл теория нәсілдік, этностық және гендерлік конфликтілерді талдау үшін де жиі қолданылады.

## Қылмысқа анықтама

Конфликт теориясын қолдайтындар қолында заңды билігі бар топтардың саяси және экономикалық мәртебесін жоғарылату үшін пайдаланатын қаруы деп есептейді (Arrigo, 1998; Liska, Chamlin, Reed, 1985; Reiman, 2005). Осы позицияны қолдаушылар кейде қылмыстың анықтамасының өзі бай адамдардың мүддесіне қарай жасалған дейді. Мысалы, корпорациялар қауіпті машиналарды сатқанда немесе улы химиялық заттарды суға тастағанда мыңдаған адамды өлтіруі немесе оларға залал келтіруі мүмкін. Бірақ бұл әрекеттер соттарда сирек қарастырылады.

Сонымен қатар конфликт теориясын қолдаушылар қылмыстық сот жүйесінің «қылмыстық» деп аталған іс-әрекетке жауабы билік-тетілердің мүдделерін қорғайды деп санайды (Reiman, 2005). Біздің жүйе ақша жымқырушылардан гөрі көше ұрыларын жауапқа тартуға, клиенттерінен гөрі жезөкшелердің өзін жауапқа тартуға көбірек шы-



Мертон инновация терминін әлеуметтік тұрғыда мақұлданған мақсаттарға жету үшін (мысалы, жарыста жеңу) мәдениет мақұлдамайтын (мысалы, стероид қолдану) әдістерді қолданатын адамдарға қатысты пайдаланады



Дифференциалды ассоциация теориясы – бандылар жайлаған аймақта туып-өскен адамдардың өздері де, көбіне бұзақы болып шығатынын түсіндіреді.

ғынданады. Сол сияқты, анаша қолданудың қаупі қоғам үшін де, анаша қолданатындар үшін де бірдей болғанмен (көбіне қара нәсілділер қолданатын), крэк-кокаинге қарсы заң (көбіне ақ нәсілділер қолданатын) «әдеттегі» кокаинге қарсы заңнан әлдеқайда қатал. Яғни басқалармен бірдей қылмыс жасаса да, кедейлер мен қара нәсілділер тұтқындауға, қудалауға және соттауға жиірек ұшырап отырады (Reiman, 2005).

### Қылмысқа қатысу

Конфликт теориясын қолдаушылардың көбі құрылымдық функционализмнің «көбіне кедей және ақ нәсілге жатпайтындар қылмыс жасайды» деген болжамымен келіспейді. Конфликтология теорияшыларының айтуынша, мұндай адамдар өз мақсаттарын төмендететіні соншалық – бұл мақсаттарға заңды жолдармен-ақ қол жеткізеді, ал ақ нәсілді байлардың көбі мақсаттарын жоғарылатып жіберетіні сондай – бұл мақсаттарға құнды қағаздарға байланысты биржадағы құпия ақпаратты сатып алу, тендерлерді ұту үшін билік өкілдеріне пара беру сияқты, қылмыстық әдістерді пайдалану арқылы ғана қол жеткізеді.

Көп ғалымның айтуынша, ақ нәсілділер мен бай адамдар қылмысты сирек жасайтындай болып көрінеді, себебі мемлекет, мектептер мен соттар ондай адамдарға «қылмыскер» деген атты сирек береді (Reiman, 2005).

Яғни конфликт теориясын қолдаушылардың кейбірі кедей адамдар (этносина қарамастан) көбірек қылмыс жасайды деп санайды. Бұл теорияшылар, негізінде, Мертонның «мақұлданған мақсаттарға қол жеткізуге мүмкіндіктің жоқтығы кедейлерді қылмысқа итермелейді» деген болжамымен келіседі. Бірақ олар мұны әділетсіз қоғамда өмір сүрудің табиғи және ақылға қонымды әдісі ретінде қарастырады (Reiman, 2005).

## Символдық интеракционизм теориялары

Символдық интеракционизм теориясы бойынша, девианттылық басқалармен әрекеттесудің нәтижесінде беріледі, соның салдарынан адамдар өздерінің девиантты болмысын қалыптастырады. Девианттылық үлкен қоғамдық құрылымнан емес, бетпе-бет өзара әрекеттердің нәтижесінде қалыптасады деп саналады. Бұл *дифференциалдық ассоциация* теориясы, *тартыну* теориясы және *ат таңу* теориясы деген үш түрлі формада болады.

### Дифференциалды ассоциация теориясы

Зерттеушілердің пікірінше, девианттылыққа бейім досы бар адамдардың өздері де көбінесе девиантты болады (Hajnie & Osgood, 2005). Ең алғаш Эдвин Сазерленд ұсынған (1974) дифференциалды ассоциация теориясы адамдар девианттылықты басқалармен ықпалдасу арқылы үйренеді деп түсіндірді (Pratt et al., 2010).

Дифференциалды ассоциация неліктен ереже бұзуға итермелейді? Бір қызығы, адамдарды әлеуметтік нормаларды ұстануға немесе бұзуға бірдей механизмдер үйретеді. Егер біз негізінен конформистермен аралассақ, онда әлеуметтік нормалардың стандартты жиынтығын үйренеміз («ұрлық жасама», «әйеліңнің көзіне шөп салма» деген сияқты). Ал егер, көбіне ереже бұзушылармен қарым-қатынаста

болсақ, онда басқа адамдар туралы көзқарасымыз өзгеше болады. Біз «елдің бәрі ұрлық жасайды», «ерніңе бірнеше сақина салғаннан ештеңе болмайды» деп өсуіміз мүмкін. Біз қабылдаған нормалар басқа дәстүрлі қоғамның нормаларынан әлдеқайда өзгеше болуы ықтимал. Ал егер әдеттегі нормаларға сай келетін қауымдастықпен араласатын болсақ, онда олар бізді осы нормаларға сай болғанымыз үшін марапаттайды: қызметіміз өсіп, басқалардың құрметіне бөленеміз және т.б. Егер оның орнына ережеден ауытқыған субмәдениетпен қарым-қатынасқа түсетін болсақ, онда бұл субмәдениет бізді дәстүрлі нормаларды сақтағанымыз үшін емес, оларды бұзғанымыз үшін сыйлайды. Осы механизмдер арқылы девианттылыққа қолдау көрсетілетінін және бұл олар үшін пайдалы екенін білеміз.

### Қорқытып-үркіту теориясы

Дифференциалды ассоциация теориясы девианттылықты қолдайтын топтар мен орталарда ғана девианттылықты түсіндіріп бере алады. Ал қорқытып-үркіту теориясы девианттылықты мұнан кең ауқымда түсіндіреді. Бұл теорияның айтуынша, адамдар конформизмнен гөрі девианттылық көбірек пайда келтіреді әрі девианттылықтың қатері мен залалы әлдеқайда аз деп сенгендіктен ереже бұзуға барады.

Тартыну теориясы құрылымдық-функциялық және символдық интеракционизм теориясының элементтерін біріктіреді. Девианттылықты ынталандыру және жазалау жүйесінің лайықсыздығы (дисфункциялығы) үшін кінәлайды. Алайда адамдардың девианттылыққа барар алдында оның зияны мен пайдасын асықпай таразылайтынын да айтады (McCarthy, 2002; Jacobs, 2010; Pratt және т.б., 2006). Яғни символдық интеракционизмнің басқа теориялары сияқты, бұл теория да өздерін қоршаған ортаның мән-мағынасын айналасындағылармен әрекетке түсу арқылы түсінеді.

Тартыну теориясының айтуынша, әлеуметтік құрылымдар конформизм үшін лайықты сыйақы бермеген жағдайда адамдар девианттылықты таңдауы мүмкін. Мәселен, ешқандай болашағы жоқ жұмыста істейтіндер әсіресе оны тұтқындау я әлеуметтік тұрғыдан айыптау ықтималдығы төмен болса, «ұрлық жасасам не арақты салынып ішсем жоғалтатыным шамалы, ал табатыным көп» деп ойлайды (Uggen, 2000; Sampson & Laub, 2005; McCarthy, 2002). Сондықтан 2011 жылы Англияның түкпір-түкпірінде үйлерді тонап, қиратып, өрт қою оқиғалары көбейгенде, ғалымдар жастардың (әсіресе азшылық өкілдерінің) арасында «бұл жүйе бізге қарсы» деген пікір орнығып қалған деген ой білдірді (Kulich, 2011). Ал, керісінше, ата-аналарымен тығыз байланыста болып, мектепте жақсы оқыған, өздерін сол мектептің бір бөлігі ретінде сезінген және жақсы жұмыс істеп жүрміз (жақсы жұмысқа тұрамыз) деп сенген адамдардың девианттылыққа баруы екіталай, себебі олардың бұдан жоғалтатыны көп (Hauzie & Osgood, 2005).

### Ат таңу теориясы

Девианттылықтың символдық интеракционизм мен конфликт теорияларын біріктіретін үшінші теориясы – ат таңу теориясы. Бұл теория қандай адамдар мен іс-әрекетке қалай және неліктен «девиант» деген ат қойылатынын зерттейді. Ат таңу теориясының негізін қалаушы ғалым айтқандай, «девиантты мінез-құлық – халықтың таңған аты» (Becker, 1963: 90).



Тартыну теориясына сәйкес «Мектеп аруы», «Жігіт сұлтаны» атанған адамдар девианттылыққа сирек барады. Себебі бұдан жоғалтатыны көп.

### Дифференциалды ассоциация теориясы

– айналасындағы адамдардың көпшілігі конформизмге қарағанда девиантты мінез-құлыққа жақын болса, ол адам да девианттылыққа бейімделеді деп санайды.

**Тартыну теориясы** – әлеуметтік құрылымдар конформизм үшін лайықты марапат болмаған жағдайда адамдар девианттылыққа ойысады деп есептейді.

**Ат таңу теориясы** – белгілі бір адамдарға және іс-әрекетке «девиантты» деген ат жапсыру процесін зерттейтін теория.



## элеуметтану және сіз

Сіз оқитын колледждің немесе университеттің ғимаратында темекі шегуге тыйым салынған ба? Олай болса, сіз моральдық кәсіпкердің жұмысына куә болып отырсыз. Темекіге қарсы белсенділер бүкіл ел аумағындағы қоғамдық мекемелерде, жеке мейрамханалар мен барларда тіпті көшеде темекі шегуді заңсыз деп тануға күш салды.

## Адамның девианттылығын түсіндіру

Адамға «девиант» деген атты таңу басқалардың ережеге сай келмейтін әрекетке қатысты реакциясына байланысты болмақ. Бала алғаш рет сыныпта тәртіп бұзса, мұны қатты қуанғаннан не көңіл қошы болмағаннан жасайды. Бұл импульсивті әрекет бастапқы девианттылық деп аталады. Әрі қарай не болатыны басқалардың бұл әрекетті қалай бағалайтынына байланысты. Егер мұғалімдер, психологтар және басқа балалар оған «бұзық» деген ат таңса және бала да мұны қабылдаса, онда ол «бұзық бала» рөліне кіреді. Әрі қарай тәртіп бұзуын жалғастыра берсе, өзінің девиантты болмысы туралы түсінік қалыптасып, екінші дәрежелі девианттылыққа қадам басады.

Ат таңу теориясының басты кемшіліктері мынада: (1) ол бастапқы девианттылықтың неден болатынын түсіндірмейді; (2) қолға түспеген, яғни «бұзақы» деген ат таңылмағандардың неліктен екінші дәрежелі девианттылыққа бас ұратынын түсіндіре алмайды.

## «Девиант» атының таңылуының түсіндірмесі

Ат таңу теориясы іс-әрекетке «девиант» деген аттың қалай таңылатынын түсіну үшін қажет. Бұл теория өкілдерінің көбі девианттылыққа баға бергенде, конфликтологиялық пікірді ұстанады. Олардың айтуынша, кейбір топтар өз билігі мен мәртебесін арттыру мақсатында басқалардың іс-әрекетін «бұзақылық» деп айыптауға тырысады. Кәсіпкерлердің жаңа бизнес үшін өз идеяларын сатқаны сияқты, топтар да өздерінің кімді «девиантты» деп атауға болатынына қатысты моральдық идеяларын «сатуға» тырысады. Сондықтан элеуметтанушылар девианттылықтың жаңа анықтамаларын қалыптастыруға тырысатын адамдарды моральдық кәсіпкер деп атайды. Әдетте топтың ықпалы неғұрлым жоғары болса, олардың басқаларды «девиант» деп атау әрекеті соғұрлым сәтті болады. Ат таңу теориясын қолдаушылар неліктен жоғары таптағы девианттылықтан гөрі төменгі таптағы девианттылық адамгершілікке жат, қатыгездік немесе қылмыс деп есептелетінін түсіндіреді.

Бірақ топтар өздерін «девиант» деп атағандарға қарсы күресуі мүмкін. Мысалы, «Ата-аналардың телевидение кеңесі» (АТК) – өздерінің консервативтік моральне нұқсан келтіретін телевизиялық шоу бағдарламаларға қарсы әрекет ететін коммерциялық емес ұйым. Олардың жұмысы «Дүниежүзілік күрес федерациясына» (қазір «Дүниежүзілік күрес сауық кеші» деп аталады) қарсы бағытталған. АТК бұл ұйымды зорлық-зомбылық пен жүгенсіз жыныстық қатынасты насихаттағаны үшін сынға алған (Lowney, 2003). Бұған ұйым екі жолмен жауап берді. Алдымен 2000 жылдың ортасынан 2001 жылдың басына дейін «Цензура құқығы» деп аталатын күрес командасын құрып, әзіл-оспақпен шабуыл жасады. Олар күрес кезінде ережені өрескел бұзып, АТК-ның моральдық құндылықтарын насихаттаған сыңай танытты. Екіншіден, олар жала жапқаны үшін АТК-ні сотқа берді. Ұйым осы стратегиялардың екеуінде де өзінің қоғамдық келбетін қорғап, жұртшылықтың көз алдында АТК-нің «девиантты» деп ат қоюға бағытталған әрекеттерін тойтарып тастады.

## Case study: девианттылықты медицина тұрғысынан түсіндіру

**Моральдық кәсіпкер** – моральдың жаңа анықтамасын беріп, оны енгізуге тырысатын адамдар.

Соңғы жылдары бұрып «девиантты» деп аталған мінез-құлықтың көп түрі психикалық ауру қатарына жатқызылып жүр. Жағдайға анықта-

ма беру үшін ат таңу теориясының субъективті мағынаға баса мән беруі және конфликт теориясының күшке көбірек көңіл бөлуі – бұл өзгерістің неден болғанын түсінуге мүмкіндік туғызады.

Батыс қоғамының еңықпалды қоғамдық институты бес жүз жыл бұрын шіркеу болған. Ол заманда ішімдік ішкен адамдар күнәһар деп есептеліп, оларды министрлер (сол уақыттың моральдық кәсіпкерлері) халық алдында масқаралап отырды. 1800 жылдарға қарай мемлекет пен қылмыстық сот төрелігі шіркеуден гөрі күштірек рөлге ие болды. Министрлер ішімдік ішкендермен күресін жалғастыра бергенімен, олар енді қылмыскер ретінде қарастырылып, түрмеге қамалды.

Бұл күндері шіркеулер мен соттар дәрігерлермен және фармацевтикалық компаниялармен билік үшін бәсекеге түсіп жатыр. Біреулер қоғамдық орындарда ішімдік ішкендерді қылмыскер ретінде қарастырса, өзгелер үшін олар әлі де күнәһарлар болып есептеледі. Ал басқалары бұл адамдар алкогольизм дертіне шалдыққан деп есептейді. Мінез-құлық өзгерген жоқ және ол әлі де девианттылық болып саналады. Ал және бір топ (дәрігерлер) девианттылыққа анықтама беріп жатыр.

Салынып ішумен қатар, балаларды ұру, құмар ойын ойнау, кісі өлтіру және зорлау секілді басқа да қылмыстық әрекеттерді кейбіреулер полициядан гөрі дәрігердің көмегімен емделетін психикалық ауру ретінде қарастырады (Conrad, 2007). Бұған қоса, адамның мінез-құлқы, сырт келбеті мен басқа да көп ерекшеліктері ауру қатарына жатқызылған. Дәрігерлер енді кеудесі кішкене әйелдердің өзін-өзі төмен бағалау «сырқатын» емдеу үшін косметикалық хирургияны ұсынса, фармацевтикалық компаниялар ұялшақ адамдарды «қоғамдық үрейлену дертінен» жазу үшін дәрілер ұсына бастады (Conrad, 2007; Lane, 2007; Sullivan, 2001)

Сонымен қатар қазір фармацевтикалық компаниялар дәрігерлерді жұмыссыз қалған немесе отбасы мүшесі қайтыс болған адамдарға «ауыр күйзеліске шалдыққан» деген диагноз қоюға және оларды күшті препараттармен (Horwitz & Wakefield, 2007) емдеуге шақырады. Адамның жаман әдетін, оғаш қылығын немесе мінездегі түрлі ауытқуларды ауруға жатқызу медицинализация деп аталады (10-тарауда бұл тақырып кеңірек талқыланады).

Адамның мінез-құлқы медицинализацияға ұшыраса не болады? Бұрын «нашар кісі» немесе «дөрекі адам» деп аталғандар енді «сырқат» деп танылып, оларды жазалау-кінәлауды тоқтатып, жанашырлық танытып, емдей бастайды (Conrad, 2007). Ат таңу және конфликт теориялары дұрыс болжағанындай, билікке жақын адамдар мұндайда «ауру» деген атты оңайырақ иеленеді. Дүкендерде ұрлық жасауға құмар жоғарғы таптың әйелдері «жүйкенің обсессивті-компульсивті бұзылуы» деген дерттен емделеді, дәл сондай жымқырмасы бар төменгі тап өкілі ұрлық жасағаны үшін тұтқындалып, сотталады. Мектепте тәртіп бұзған орта әлеуметтік тап баласының іс-әрекеті гиперактивтілік деп саналса, төменгі әлеуметтік сатыдағы бала кәметке толмаған құқық бұзушы ретінде жазалануы ықтимал.

## ҚЫЛМЫС

Жоғарыда айтылғандай, қылмыс – қоғамға жат болғандықтан, заң арқылы тыйым салынған девиантты әрекет. Бұл бөлімде біз қылмыстың түрлерін қысқаша талқылаймыз. АҚШ-тағы қылмыс деңгейін қарастыра отырып, осы қылмыстардың барлығын кімдер жасауы ықтимал екенін талдаймыз.

**Медицинализация** – бір мәселені медициналық мәселе ретінде қарастыру процесі.

## Мүліктік қылмыстар және зорлық-зомбылық

Федералдық үкімет ірі қылмыстар үшін полицияға белгілі қылмыстық оқиғалардың санын жинақтайтын «Бірыңғай қылмыстық есепті» (БҚЕ) жыл сайын жариялайды (2010 жыл, Федералдық бюро). 6.1-сызбада 1980 жылдан бергі мүліктік қылмыстар (тонау сияқты) санының динамикасы көрсетілген. 1980 жылдан бері жылжымайтын мүлік қылмыстарының саны біршама азайған, АҚШ-тағы кедейліктің артуына қарамастан, қылмыстың азаюы әлі де жалғасып келеді (АҚШ Әділет министрлігі, 2010 ж.). Мұның себептері туралы пікірлер алуан түрлі. Сарапшылардың көпшілігі қылмысты, көбінесе жастар жасайтынын, ал жастардың саны жылдан-жылға азайып бара жатқанын айтады. Қылмыстың азаюының бір себебі – осы.

6.1-сызбада көрсетілгендей, қазіргі кездегі экономикалық құлдырауға қарамастан, зорлық-зомбылық қылмыстары (мысалы кісі өлтіру және зорлау), әлдеқайда төмендеген және бұл әлі де жалғасып отыр.

Алайда басқа бақуатты демократиялық елдерге қарағанда, АҚШ-та кісі өлтіру әлі де көп. Мысалы, АҚШ-та бұл көрсеткіш Ұлыбританиядан 5 есе, Германиядан 10 есе жоғары (Біріккен Ұлттар Ұйымының Есірткі және қылмыс басқармасы, 2011). Бұл айырмашылықтың себептері әзірге түсініксіз, бірақ қару-жараққа қолжетімділік, тұрғындар ішіндегі жас жігіттердің саны және үкіметтік мекемелерге сенімсіздік бұл проблеманы шиеленістіре түсуі мүмкін (Roth 2009). 6.1-картада көрсетілгендей, кісі өлтіру көрсеткіші АҚШ-қа қарағанда басқа көп елде әлдеқайда жоғары.

## Шағым жасалмайтын қылмыстар

### Шағым жасалмайтын қылмыс


– есірткі шегу, жезөкшелік, құмар ойын ойнау және порнография сияқты заңсыз тауарлар мен қызметтерді сатып алғысы келетін адамдар мен оны сатушылар арасында ерікті түрде жасалған іс-әрекет.

Есірткі шегу, жезөкшелік, құмар ойын ойнау және порнография сияқты заңсыз тауарлар мен қызметтерді сатып алғысы келетін адамдар мен оны сатушылар арасында ерікті түрде жасалған іс-әрекет шағым жасалмайтын қылмыс деп аталады. Әдетте бұған қатысушылар өздерін жәбір көргендер деп санамайды, керісінше, өз еркімен кәсіп етіп, еркін таңдау жасап жүрміз деп ойлайды (Gould, 2001; Gray, 2000). Осы себепті көп адам бұларға қарсы заңдардың пайдалы жағынан гөрі зияны әлдеқайда көп деп болжайды және ол заңдарды алып тастау керек деп есептейді.

### 6.1-СЫЗБА. Қылмыс деңгейі өзгеруінің пайыздық көрсеткіштері

Тонау, ұрлық, автокөлік ұрлау, зорлау және өлім-жітім 1990 жылдардан бері айтарлықтай төмендеген және мұндай қылмыс саны қазір 1980 жылдарға қарағанда, әлдеқайда аз.


ДЕРЕККӨЗ: АҚШ Әділет министрлігі (2010).





**6.1-КАРТА. 100 мың адамға шаққандағы кісі өлтіру көрсеткіштері**

Кісі өлтіру деңгейі Оңтүстік Африка (100 000 адамға 68 адам өлтіру) және Сальвадор (100 мың адамға 64) сияқты қантегісті бастан кешкен кедей елдерде өте жоғары. 100 000 адамға 6 кісі өлтіруден келетін АҚШ-тың кісі өлтіру коэффициенті Оңтүстік Африка мен Сальвадордан 10 есе төмен, дегенмен Австрия, Франция немесе Данияға қарағанда 10 есе жоғары.



Алайда ғалымдардың бір тобы «есірткі сатып алатындар, жезөкше немесе порномодель болып жұмыс істейтіндер – физикалық және эмоциялық жағынан зиянды әрекеттермен айналысатын жәбірленушілер, себебі олардың бұдан басқа амалы жоқ» деп санайды (мысалы, Weizer, 2007). Олардың айтуынша, бұл әрекеттерге қарсы заң қабылдау арқылы жұртты мұндай істерден тыйып, қоғамды игілік жолына бастауға болады.

Осындай шағым жасалмайтын қылмыс жасайтындар бұл әрекетке ықтиярымен барғандықтан, ондай қылмыстарды бақылау қиындық тудырады. Есірткі тұтынушы есірткі сатушысын полицияға ұстап бермейді, ал заңсыз ставка қойған адам букмекерлік кеңсені сотқа беруге ниетті емес. Шағымданған жәбірленуші болмағандықтан, полиция қылмыскерді ғана емес, қылмысты да өзі табуы керек. Бұл тым қымбатқа түседі және басқа қылмыстар назардан тыс қалады. Сондықтан шағым жасалмайтын қылмыстар туралы заңдар жүйелі әрі қатаң түрде орындалмайды. Олар көбінесе уақытша қысым көрсетіп, анда-санда қудалаумен шектеледі. Шағым жасалмайтын қылмыс тақырыбы “Деректерді түсіндіру: марихуананы заңдастыру” атты тарауда кеңінен қарастырылады.

**Ақ жағалылар арасындағы қылмыс**

Жоғары әлеуметтік мәртебесі бар адамдардың өз қызметін пайдаланып жасаған қылмыстары **ақ жағалылар арасындағы** қылмыс деп

**Ақ жағалылар арасындағы қылмыс** – жоғары әлеуметтік мәртебесі бар адамдардың өз қызметін пайдаланып жасаған қылмыстары.



## Деректерге ден қойсақ


### Марихуананы заңдастыру

Gallup агенттігі кездейсоқтық әдісімен жүргізген ұлттық сауалнамаға сәйкес, америкалықтардың тең жартысы марихуананы заңдастыруды қолдайды. Заңдастыруды қолдайтындар саны 1995 жылдан бері екі есе өскен. Оның үстіне, 70 пайызы «дәрігерлердің ауру мен азапты азайту үшін ем ретінде марихуана тағайындауына мүмкіндік беру керек» деп санайды. 2011 жылы марихуана ұстау федералдық қылмыс болып есептелген, содан бері 12 штат «оны адамның өзі қолданса – бұл қылмыс емес» деп ұйғарды, ал 17 штат оны дәрігерлердің емдік дәрі ретінде тағайындауына рұқсат берген.

**Деректерді түсіндіру:** әйелдермен салыстырғанда ерлердің мәдениеті, әлеуметтенуі, әлеуметтік жағдайы немесе әлеуметтік тәжірибесі марихуананы заңдастыруға көбірек әсер ете ме? Жастардың марихуананы көбірек қалауының себебін қалай түсіндіруге болады? Неліктен демократтар марихуананы заңдастыруға көбірек қолдау көрсетеді? Оны заңдастыруды қолдайтындардың демократқа айналу ықтималдығы жоғары ма?

**Деректерді сынау:** сауалнамадағы сұрақты заңды жұмсартуды қолдайтындардың үлесін көбейтетіндей етіп қалай жазуға болады? (Мысалы, «медициналық себептерге байланысты қажеттілік болғанда марихуананы заңдастыруға бола ма?» деп сұраса...). Сауалнамадағы сұрақты заңды жұмсартуды қолдайтындардың үлесін азайтатындай етіп қалай жазуға болады?

«Марихуананы қолдану заңдастырылуы керек деп ойлайсыз ба?»





Есірткі сатушылар мен ұрылар сияқты ақ жағалылардың қылмысы да жеке адамдарға және қоғамға зиянын тигізуі мүмкін.

аталады (Sutherland, 1961; Shover, 2006). Мұндай қылмыстарды жеке адамдар немесе компаниялар жасауы мүмкін. Мысалы, жеке тұлғалар өз фирмаларынан ақша ұрлау немесе клиенттерді алдау сияқты қылмыстарға бара алады. 2009 жылы NASDAQ қор биржасының бұрынғы төрағасы және Bernard L. Madoff Investment Securities компаниясының негізін қалаушы Берн Мэдофф өзінің инвестициялық клиенттерін 65 миллиард долларға алдағаны үшін кінәлі деп танылды. Бұл жағдай қызмет бабындағы қылмыстардың шығыны көше қылмысынан әлдеқайда жоғары екенін көрсетеді (Hagan, 2002).

Ақ жағалылар қылмысын компаниялар жасаса, оларды кейде корпоративтік қылмыс деп атайды. Корпоративтік қылмыстар бағаны келісу, ақаулы өнімді сату, корпоративтік салықтардан бас тарту немесе қоршаған ортаны ластау сияқты салаларды қамтиды. Корпоративтік қылмыстар қоғамға үлкен әсер етуі мүмкін. Жоғарыда атап өткеніміздей, корпорациялар қауіпті әрекеттермен айналысқан кезде корпоративтік қылмыс кісі өліміне әкеп соқтыруы кәдік. Бұған қоса, корпоративтік қылмыстың орасан зор экономикалық ықпалы болуы мүмкін. Мәселен, Enron компаниясының есепшілері мен аудиторлары және атқарушы басшылары қарыздарын жасырып, табысын асырып көрсетіп, инвесторларды алдап, оны қымбат бағаға сатып жіберді. Жалған бухгалтерлік әрекеттері әшкере болған соң, компания банкроттығын жариялады. Enron-ның зейнеткерлері зейнетақыларын жоғалтса, 4 мыңға тарта қызметкер жұмыстан босап, мыңдаған шағын инвестор жиған-терген ақшасынан айырылды.

АҚШ-тағы «ақ жағалылар» қылмысының ауқымды болғаны сондай – бұл «қылмыс – тек төменгі тап өкілдерінің жұмысы» деген түсінікті өзгертіп жіберді. Керісінше, мәртебесі әрқелкі адамдардың қылмыс жасау мүмкіндігі де әртүрлі болып шықты. Төменгі таптың адамдары көлік моторын кілтсіз-ақ оталдыруды үйрететін әккі ұрыларды қажетсінесе, жоғарғы таптың адамдары құнды қағаздар нарығындағы алаяқтыққа баулитындарды іздейді (Shover 2006; Reiman 2005).

Сотталған ақ жағалыларға жақсы жағдайдың жасалуы әділет жүйесінің теңдігі принципін жоққа шығарады. Көше қылмыскерлеріне қарағанда ақ жағалы қылмыскерлердің сотқа тартылу, түрме-

ге қамалу және ұзақ жылға жазаға кесілу ықтималдығы әлдеқайда төмен (Shover, 2006). Яғни Берни Мэдофф пен Enron-ның басқа да басшыларының ұзақ жылға сотталуы прокурорларға «ең болмаса өте үлкен оқиғаларда ақ жағалыларды жазалау керек» дегенді ескерткен сияқты.

## Қылмыстың корреляциясы: жас, жыныс, тап және нәсіл

АҚШ Қылмыстық статистикасында жыл сайын тіркелген зорлық-зомбылық қылмыстарының жартысынан азы, мүлдіктік қылмыстардың бестен бірі күдіктілерді тұтқындаумен аяқталады (Федералдық тергеу бюросы, 2010). Қылмыстық статистикаға тек сол қылмыстарды жасаған адамдардың үлгілері енгізіледі және бұлар – кездейсоқ алынған үлгілер емес. Сонымен қатар бұл статистикаға ақ жағалылардың қылмыстары кірмейді. Демек, тұтқындалғандар туралы мәліметтерді жалпы халық ішіндегі қылмыстарға шаққанда абай болуымыз керек.


Осы ескертуді назарда ұстай отырып, біз қылмысы үшін тұтқындалғандардың арасында жастардың, ер адамдардың және азшылық топтарының шамадан тыс көптігін байқаймыз. 6.2-сызбада тұтқындалғандардың жыныс және жас ерекшеліктері көрсетілген. Көріп отырғаныңыздай, ерлер мен әйелдер арасында ең көп қылмыс 15–24 жас аралығында жасалады, дегенмен мұндағы ерлердің үлесі 3-4 есе жоғары. Жасы мен жынысы бойынша азшылық топтарына қатысты деректер жоқ, дегенмен жалпы мәліметтерге қарасақ, ақ нәсілділерге қарағанда қара нәсілділер мен испантектілердің тұтқындалу ықтималдығы 3 есе жоғары екен.

Мұндай айырмашылықтың себебі неде? Жоғарыда айтқан теориялар бұл ерекшеліктің мәнін түсіндіре ала ма?

### Жас ерекшелігі

Бүкіл әлемде жастардың арасында қылмыс деңгейі үнемі жоғары (Cook және Laub, 1998) болған. Бәлкім, тежеу теориясы мұны жақсы түсіндіретін шығар. Шындығында, басқалармен салыстырғанда жастардың жоғалтары аз. Олардың көпшілігінің тұрақты жұмысы жоқ, болса да «айырылып қалмайын» дейтіндей, қызықты жұмыс емес. Оның үстіне олардың арасында үйленген, несие алған адамдар да көп емес. Жақсы жұмыс орны бар, үйленген, әсіресе ата-анасымен, мектебімен өте

**Жас ерекшелігі және жынысы бойынша 1000 адамға шаққандағы қамауға алу көрсеткіші**  
Жасы мен жыныс ерекшеліктеріне байланысты сотталған адамдар құрама Штаттардағы және басқа елдердегі жасы мен жыныс ерекшеліктеріне қатысты сотталушылар санының өсуі байқалады. 15 пен 24 жас аралығындағы сотталушылар жас ерекшеліктері бойынша жастар арасында саналады, ер адамдардың тұтқындалуы әйелдерге қарағанда жоғары.  
Федералдық тергеу бюросы





тығыз қарым-қатынастағы жастар қылмысқа сирек барады (Sampson & Laub, 2005; Uggen, 2000).

Қылмыс көбінесе қол бос кезде жасалады. Әдетте бұл ешкімнің қадағалаусыз көп уақытты дос-жаранның ортасында өткізуге байланысты. «Қызықтайтын сауық-сайран қалмады» деп сенделген жастардың көбі қызық үшін түрлі әрекетке барады. Жасөспірім шақтың өзіне тән проблемалары мұны одан сайын ушықтырып жібереді. Жастар жаңа достар тауып, жаңа идеяларға бас ұрып жатады әрі ересек өмірдегі бостандыққа ұмтылып, оның дәмін тата бастайды, бір жағынан, ата-анасының, мектебінің және заңның тәртібі аясында шектеледі, сондықтан бұған қарсылық білдіреді (Agnew, 2003).

## Жыныстық айырмашылықтар

Тежеу теориясы ерлердің неліктен әйелдерден көп қылмыс жасайтынын біршама түсіндіріп бере алады. Жалпы, ұлдарға қарағанда қыздарға тыйым көп, әсіресе орташа дәулетті әулеттерде қыздарға қоғамдық бақылау күшті (Chesney-Lind & Shelden, 2004). Ата-аналар ұлдарының жарым түнде көшеде қыдыруына рұқсат бергенімен, қыздарының қайда, кіммен жүргенін сұрап, біліп отырады. Қатаң бақылау қыздардың отбасымен және дәстүрлі институттармен тығыздық қарым-қатынаста болуына мүмкіндік береді әрі олардың бапдыға, девиантты топтарға қосылу мүмкіндігін азайтады.

Қылмысты феминизм теориясын талдаушылар да қылмыстағы гендерлік айырманы өздерінше түсіндіреді. Феминист-әлеуметтанушылардың пікірінше, ерлердің көбірек қылмыс жасауының бір себебі – олар билікке қарсы шығып, озбырлық әрекеттерге баруды «еркектік» деп санайды. Сондай-ақ феминистер ерлерден жыныстық не физикалық зәбір көрген әйелдер үйінен қашып, нашақорлыққа, жезөкшелікке салынып, күйзеліске қарсы зорлық-зомбылық жолымен жауап беруге бейім тұрады деп есептейді (Chesney-Lind & Shelden, 2004).

## Әлеуметтік және таптық айырмашылықтар

Жоғарыда айтылғандай, төменгі тап өкілдерінің АҚШ ұлттық статистикасында аталатын қылмыс түрлерін жасау және тұтқындалу ықтималдығы әлдеқайда жоғары. Шиеленіс теориясын қолдаушылар мен конфликт теориясын жақтаушылардың кейбірі «төменгі тап өкілдерінің жетістікке жету мүмкіндігі болмағандықтан, жиі қылмыс жасайды» деп тұжырымдайды. Жұмыссыздық деңгейі өскенде қылмыстың да артатынын осымен түсіндіруге болады. Ал тежеу теориясы мамандарының айтуынша, төменгі тап өкілдері мектеп не еңбек нарығы сияқты дәстүрлі институттардан жақсылық көрмегендіктен қылмысқа барады.

Екінші жағынан, ат қою және конфликт теорияларының өкілдері төменгі таптың көбірек қылмыс жасайтын болып көрінуіне заңдағы және заңды орындаудағы біржақтылық себепкер дейді. Байқағанымыздай, ақша жымқыру, баға демпингі және құнды қағаздардағы алаяқтық статистикаға енгізілетін болса, қылмыстың әлеуметтік таптар арасында таралу картинасы мүлде өзгеше болар еді.

## Нәсілдік айырмашылықтар

АҚШ тұрғындарының 13 пайызы ғана афроамерикалықтар. Соған қарамастан, кісі зорлап, ұрып-соққаны үшін тұтқындалғандардың үштен бірі, кісі өлтіргені үшін тұтқындалғандардың жартысы – солар.





Ақ нәсілділер мен басқа нәсіл өкілдері бірдей қылмыс жасаған күннің өзінде басқа нәсілділерді тұтқындау, айыптау және соттау ықтималдығы жоғарырақ.

Жалпы халықтың 16 пайызы болатын испантектілер ауыр қылмысы үшін тұтқындалғандардың 28 пайызын құрайды. Тұтқындау және түрмеге жабу статистикаларында мұндай үлкен айырманың болу себебі – азшылық пен ақ нәсілділер арасында әлеуметтік тап ерекшеліктері бар. Бұл жайтты есепке алған күннің өзінде, испантектілер мен афроамерикалықтардың қылмыс жасағаны үшін тұтқындалу ықтималдығы әлдеқайда жоғары.

Қылмыс деңгейінің жоғары болуын кедейлік, сегрегация (басқа нәсілділерді ақ нәсілділерден бөліп тастау) және жұмысқа тұру мүмкіндігінің аздығы сияқты себептермен түсіндіреміз. Афроамерикалықтар мен испантекті америкалықтар көбіне дәстүрлі жолдармен жетістікке жету мүмкіндігіне шектеу қоятын, ресурстары аз аудандарда тұрады, сондықтан түрлі қиындықтарға тап болу олардың өмір салтына айналған (Newman, 1999b; Sampson & Raudenbush, 1999; Sampson, Morenoff & Earls, 1999). Дифференциалдық ассоциация теориясы да, тежеу теориясы да мұндай жағдаяттардың қылмысқа алып келуі мүмкін екенін айтады.

Бірақ азшылық пен көпшіліктің қылмыс деңгейі арасындағы алшақтық шындыққа онша жанаспайды. Орташа алғанда азшылықтың ақ нәсілділерге қарағанда көбірек қылмыс жасайтыны рас. Бірақ олардың (мектепте тентектік жасаудан бастап кісі өлтіруге дейін) бірдей әрекеттерді жасау ерекшеліктерін салыстырар болсақ, азшылық өкілдерінің сотқа көбірек шақырылып, қамауға жиі алынатынын және сотталатынын байқаймыз (Austin & Allen, 2000; Cureton, 2000). Нәтижесінде, АҚШ статистикасында азшылық өкілдері жасайтын қылмыс саны тым көбейтіліп көрсетіледі.

## Ағым үрейі

1990 жылдардан бастап қылмыс деңгейі күрт төмендеді. Сонда да Gallup жыл сайын жүргізетін сауалнамада америкалықтардың үштен екісі елдегі қылмыс саны (Gallup.com 2010a) артып отыр деп санайды. Бұл «үрей мәдениеті» қайдан пайда болды?

Көптеген топтар мен адамдар үрей таратудан пайда көреді (Glassner, 2004). Саясаткерлер үрей шақыру арқылы дауыс жинайды, бизнесмендер қорқыту арқылы өз тауарларын сатады (қару, дабыл жүйелері, фишингке қарсы бағдарлама және т.б.), адвокаттар өз ұсыныстарына қолдау табу үшін үрейді пайдаланады (мысалы, арақ ішіп көлік айдауды қылмыс қатарына жатқызу, нашақорларды емдеуге жағдай жасау, т.с.с.). Ал ақпарат құралдары қылмыстың азайғанына емес, ауыр қылмыстарға көбірек назар аудару арқылы оқырман-көрсерменін еселей алады (Altheide, 2002, 2006). Ешқандай жаңа тенденция байқалмаса да, БАҚ-тар жалғыз-жарым оқиғаларды (мәселен, 2008 жылғы Солтүстік Иллинойс университетіндегі қантөгісті) жаңа ағым ретінде көрсетуге тырысады.

Қылмыстан шамадан тыс қорқу, шынында, көп шығын келтіреді. Оның бір салдары – түрме жүйесіне өте көп қаржы жұмсалады (бұл туралы келесі тарауларда жан-жақты баяндалады). Тағы бір салдары – қоғам өмірінің нашарлауы. Кейде егде адамдар қылмыстан қорыққаны социалық – үйлерінен шығудан қалып, әлеуметтік тұрғыда оқшауланады, қимыл-қозғалысты азайтады, сойтіп, физикалық және психикалық денсаулығы нашарлайды. Ата-аналар да балаларының көшеде ойнауына, қоғамдық көлікке мінуіне, қоршаған ортаны өз бетінше танып-білуіне мүмкіндік беретін басқа да әрекеттер жасауына тыйым салады (Skenazy, 2009).

## Қылмыстық сот төрелігі жүйесі

Қылмыспен күресу жауапкершілігі қылмыстық сот төрелігі жүйесіне жүктеледі. Бұл тарауда осы жүйенің негізгі элементтерін талқылаймыз. Бірақ, алдымен, ең басты сұраққа жауап беруіміз керек: «Қылмыс жасағандарды неліктен жазалаймыз?»

### Неге жазалаймыз?

Қылмыскерлерді жазалаудың төрт негізгі себебі бар:

*Кек алу.* Қылмыскерді жәбірленушінің және жалпы қоғамның кегін алу үшін жазалайды.

*Алдын алу.* Қылмыскерлерді соттау, түрмеге қамау және басқа жолдармен бақылауға алу арқылы олардың қылмысты қайта жасауына тосқауыл қойылады.

*Тежеу.* Жазалау шарасы қылмыс жасағандарды және жасағысы келетіндерді бұл жолға түсуден сақтандырады.

*Түзету.* Жазалау шарасы ойдағыдай орындалған жағдайда қылмыскердің мінез-құлқын түзетеді және оны жақсы институтқа бейімдейді, сол жерде қоғамның заңға мойынсұнған бір азаматы ретінде жұмыс істейтіндей білім-білік алады.

АҚШ-тың қазіргі қоғамдық бақылау органдары осы тәжірибелер мен философияларды аралас пайдаланады. Дегенмен АҚШ-тың қылмыстық сот жүйесі түзетуден гөрі жазалау, алдын алу және тежеу әдістеріне көбірек бейімделген. АҚШ-тың қамау орындары мен түрмелерінде қылмыскердің білім алуына, оған кеңес беруге, оны ішімдік пен нашақорлықтан емдеуге, оның мінез-құлқын түзетуге қажет басқа да шаралар өте сирек қолданылады. Ол – олама, АҚШ штаттары 1970 жылдардан бастап кей жағдайларда өте ұзақ мерзімге бас бостандығынан айыруға (кейде өмір бойына түрмеге жабуға) рұқсат беретін заңдар қабылдады. Мәселен, «үшкө дейін» тәртібі бойынша, үш реттен артық ауыр қылмыс жасаған адам (мейлі, ол кісі өлтіру болсын, дүкенде ұрлық жасау болсын), шартты жаза алу мүмкіндігі берілместен, 25 жылға дейін бас бостандығынан айырылады. Мұндай заңдар «бұл адамдарды түзету мүмкін емес, оны қоғамнан аластау керек» дегенді білдіреді. Ал зерттеулерге қарасақ, қылмысты азайтудың ең тиімді жолы – жазаның қатаңдығы не түрме мерзімінің ұзақтығы емес, міндетті түрде жазалануы (McCarthy, 2002).

Келесі тарауларда қылмыс жасағандарға, күдікке іліккендерге қарсы әрекет етудегі полицияның, соттың, түрменің және түрмеге балама мекемелердің ролін талқылаймыз.

### ПОЛИЦИЯ

Қылмыстық сот жүйесінде полицейлер ерекше әрі шешуші орын алады. Олар ешкім арыз жазбаса да, әрекеттерін ешкім бақылап тұрмаса да, кез келген адамды тұтқындай алады. Заңның толық әрі біркелкі орындалуы тиіс болғанымен, олардың мұны жүзеге асыруы мүмкін емес. 2010 жылғы мәлімет бойынша, АҚШ-та әр мың адамға 3,5 полиция қызметкерінен келеді (Federal Bureau of Investigation, 2010). Яғни полиция ірі қылмыстарға көбірек көңіл бөлуі тиіс. Ал ұсақ құқықбұзушылықтар көбіне назардан тыс қалады.

Полиция қызметкері заңды қалай қолданамын десе де өз еркі. Мас не дәрежелік танытқан адамды үйіне жіберу керек пе, әлде айыппұл салған жөн бе? Тәртіп бұзған жасөспірімге айып салған дұрыс па, әлде ата-анасына хабарлау жете ме? Басқа жағынан еш міні жоқ топтан марихуананың иісі шығып тұрса, елемей қоя сала ма, әлде тергей ме? Сот залдарындағы ресми шешімнен айырмашылығы – полицияның көшеде қабылдаған шешімі көпшілікке байқала бермейді әрі оған баға беру қиын.

## Соттар

Тұтқындалған адамның қылмыстық сот жүйесіндегі қым-қуыт өмірі басталады. Бұл процесс бірнеше кезеңнен тұрады, осы кезеңдердің әрқайсысында оны жазалауы не жазадан босатуы мүмкін.


Мемлекет біреуге айып тағу керек деп шешсе, бұл – қылмыстық сот жүйесінің ең маңызды бөлігі болмақ. Бұған қатысты шешім қабылдау құзыреті штаттың, аймақтың және басқа әкімшілік құрылым прокурорының мойнында болады.

Прокурор біреуге айып тағу туралы шешім қабылдағанда айыбын мойындау туралы мәмілеге келуді балама ретінде ұсынады. Мұндай мәмілеге келген айыпкердің жазасы жеңіл болмақ. Айыбын мойындау туралы мәміле прокурордың жазалау статистикасын жақсартады әрі штатты сот өткізіп, шығынданудан құтқарады.

Ал судьялар мен адвокаттардың айтуынша, ұзақ мерзімге бас бостандығынан айыратын заңдар мен кінәсін мойындау туралы мәміле тәртібі прокурордың адам тағдырын өз бетімен шешуіне кеңінен мүмкіндік береді. Прокурор айыпкерге: «Кінәнді мойындап, мәмілеге келсең, жеңіл жаза алып, аз уақытта түрмеден шығасың, ал кінәнді мойындамасаң, онда айыбың дәлелденген жағдайда 25 жылға сотталасың», – деп шарт қойғанда, кінәсіз адамның өзі айыбын мойындай салуы мүмкін (Orrel, 2011). Олардың адвокаттары тым тәуекелшіл болмайық деп, мәмілеге көндіруге тырысады, судьялар мәмілеге бармаған адамның қылмысы соншалық ауыр болмаса да, қысқа мерзім кесуге бата алмайды. Соның кесірінен қазіргі айыптау өкімдерінің көбі сот шешіміне емес, сотқа дейінгі келіссөздер нәтижесіне негізделген (АҚШ Әділет департаменті, 2010).

Әсіресе есірткіге қатысты салаларда жазаны қатаңдату нәтижесінде құқық қорғаушылардың жұмысы күрт көбейді. 2007 жылы түрмедегілердің саны 1970 жылмен салыстырғанда бес есе өскен (Western, 2006; Savage, 2011). Қазіргі уақытта АҚШ-та 2 миллионнан астам адам федералдық және штаттық түрмелерде, 7 миллионнан астам адам сотқа дейінгі қамау изоляторларында, уақытша абақтыларда отыр (Glaze, 2010). 6.3-сызбада көрсетілгендей, АҚШ-та түрмеге қамау деңгейі қазір басқа елдердегіден әлдеқайда жоғары (Халықаралық түрмелерді зерттеу орталығы, 2011).

Қамалғандардың көбеюі түрмелер мен тергеу изоляторларындағы жағдайды нашарлатып жіберді. Қызметкерлердің жұмысы өте көп, ал қамалғандар өте тар абақтыларға тоғытылған. Мәселен, Аризонада қамалғандардың көптігі сондай оларды шатырларға жатқызуға мәжбүр болған, жаз айларында мұндағы ауа температура-



### 100 мың адамға шаққанда сотталушылардың саны

Түрмеге қамалғандардың саны жөнінен АҚШ бәрінен алда тұр. Бұл тұрғыда АҚШ Канада сияқты өзіне ұқсас елдерден ғана емес, Ливия, Қытай сияқты диктатуралық елдерден де озып кеткен.

турасы 62 градусқа дейін ысиды (Hensley, 2011). Калифорния түрмелеріндегі жағдай адам төзгісіз, 2011 жылы АҚШ Жоғарғы соты мұны сотталғандарды заңсыз «қатал әрі шектен тыс жазалау шарасы» деп атады. Түрмедегі бүлік пен зорлық-зомбылыққа, негізінен, осы факторлар әсер етеді (Useem & Goldstone, 2002; Hensley, 2011). Штаттар 2008 жылдан бері, бюджет тапшылығына байланысты қылмыскерлерді қамаудан басқа, шығыны аз амалдар іздестіре бастады, сондықтан қамалғандар саны аздап кеміді (Savage, 2011). Осы себептен кейбір штаттар белгілі бір мерзімге міндетті түрде бас бостандығынан айыру ережесінен бас тартып отыр (Steinhauer, 2009).

Дегенмен АҚШ түрмелеріне әлі де миллиондаған адам қойша тоғытылып жатыр. Бұлардың арасында жас, білімсіз әрі кедей афроамерикалықтар өте көп (Western, 2006). Түрмеге қамалғандардың 40 пайызы – афроамерикалық ер адамдар (Әділет министрлігі, 2010). Егер осылай жалғаса берсе, үш афроамерикалықтың біреуі түрмеге түседі деген сөз (Lyons & Pettit, 2011).

## Түрме баламалары

Американың сот жүйесі түрме мен жазалауға көп көңіл бөлгенімен түрмеге баламаның да түр-түрі бар. Соншама адамды түрмеге жабудың шығыны өте көп болғандықтан, қалалар мен штаттар әсіресе жастар мен жеңіл қылмыс жасағандарға қатысты балама бағдарламаларды қолдануға ден қойып келеді (Steinhauer, 2009). Бұл бағдарлама бойынша қамалғандар сотқа барып, түрмеге қамалудың орнына қоғамдық жұмыстарға тартылады, маскүнемдіктен не на-

Бірдей киім киізіп, ығы-жығы адамдарды атымен емес, нөмірімен анықтайтын түрмелер сотталушылардың ашуын туғызып, мәңгілік жібереді. Осыдан девианттылық одан сайын өршиді.



шақорлықтан емделеді немесе жәбірленушінің алдындағы айыбын өтейді.

Сотталғандарды шартты түрде босату кезінде оларға ерекше бақылау орнату бағдарламасы да елдің көп аймақтарында жұмыс істеп жатыр. Оның ішінде коменданттық сағат, нашақорлыққа міндетті тексеру, жақын жердегі үйде тұру, электронды бақылау сияқты әдістер бар. АҚШ Әділет институтына арнап әзірленген зерттеу қорытындысы көрсеткеніндей, нашақорларды емдеу және басқа да қолдау шаралары қылмыскерлердің адам қатарына қосылу мүмкіндігін арттырып, қылмыстық жүйенің шығынын азайтады (Petersilia, 1999).

АҚШ аймақтарының көбінде түрмеден шартты түрде шыққандарды полиция бөлімшесіне уақытында бармағаны үшін қайта түрмеге тығудың орнына, оларға психологиялық қолдау көрсетіп, жұмыс беруді алға қоятып қайта бейімдеу бағдарламалары да жұмыс істей бастады, бұл саясат сотталғандардың түрмеге қайтуына тосқауыл қояды (Savage, 2011).

## Бұл бізге не береді?

Девианттылық пен қылмысқа қатысты консервативтік ұстаным көбіне девианттылықты заңға қайшы әрекет қатарына жатқызып, қылмыс жасағандарды жазалауды ұсынады. Бұл ұстаным 1970 жылдардан бері басым болды, соның кесірінен түрмеге қамал-



## АМЕРИКАДАҒЫ ӘРКЕЛКІЛІК

### Өлім жазасы және нәсілшілдік

**1972** жылы афроамерикалық үш айыпталушы өздерінің өлім жазасына кесілуіне наразылық білдіріп, АҚШ Жоғарғы сотына арызданды. «Фурман Джорджияға қарсы» сот ісінде айыпкерлер жазаны тым ауыр әрі шектен шыққан жаза деп атады. Олардың айтуынша, дәл бұлардікіндей немесе одан да ауыр қылмыс жасаған ақ нәсілді америкалықтар өлім жазасына кесілмеген. Мәліметтерді зерттеген Жоғарғы сот айыпкерлердің пікірімен келісті. Олардың айтуынша, бұл істер судьялар мен алқабилердің жеке құзырына берілгендіктен, олар нәсілдік бұрмалауға жол берген әрі айыпкерлерді конституциялық теңдік құқығынан айырған.

«Фурман ісі» бойынша қабылданған шешім негізінде өлім жазасына уақытша тыйым салынды, сонымен бірге өлім жазасын тағайындауда судьялар мен алқабилердің еркіндігі шектелді. Соған қарамастан, 1999 жылға дейін өлім жазасы үкімінің

орындалу мөлшері арта берді. Бертін келе нәсілдік теңдікке қағысты сын күшейіп, «өлім жазасы – қылмысты тежеудің тиімді әдісі емес» деген зерттеулер көбейген соң ғана өлім жазасына кесілгендер саны азайды (Fagan, 2006; Weisberg, 2005). Бірақ бұл өлім жазасына қатысты нәсілдік бұрмалауды тоқтата алды ма?

Өкінішке қарай, тоқтата алмады. Зерттеулерге қарағанда, әлі күнге дейін адамның нәсіліне қарай оның өлім жазасына кесілу ықтималдығын болжауға болады. Өлім жазасының орындалуын күтіп отырғандардың 53 пайызы – афроамерикалықтар мен испантектілер (Өлім жазасы туралы ақпарат орталығы, 2009b). Бұл көрсеткіш афроамерикалықтар мен испантектілердің жалпы санының үлесінен немесе сотталған кісі өлтірушілер санының үлесінен әлдеқайда жоғары. Сондай-ақ басқа афроамерикалықтарға қарағанда, стереотип бойынша «қара нәсілдіге» жататын афроамерикалықтардың кісі өліміне қатысты айыпталу ықтималдығы екі есе жоғары (Eberhardt et al, 2006).

Өлім жазасына кесу үкімінің ықтималдығына жәбірленушінің нәсілі де әсер етеді. Афроамерикалықтарды өлтіргендерге қарағанда, ақ нәсілділерді өлтіргендер өлім жазасына әлдеқайда көп кесіледі. Бұл статистика қылмыстық сот жүйесінің ақ нәсілділердің өмірі қара нәсілділердің өмірінен құнды деп санайтынын көрсетеді.

Өлім жазасы ісінен нәсілшілдікті (және басқа да бұрмалаушылықты) алып тастау проблемасының көтерілуі «кінәсіз адамдардың да жазаланып жатуы мүмкін» деген күдікті ұлғайтты. 2000–2009 жылдар аралығында ДНК тестісінің қорытындысы бойынша 170 адам ақталды. Қате үкім шығаруға басты себеп – куәлердің кінәсіз адамдарды айыптауы. Әсіресе куәгер ақ нәсілді, ал күдікті қара нәсілді адам болған жағдайда қате үкім шығарылып жатады. Бұған қоса, бұл істердегі айыпкерлердің көбі кедей болған, оларға тиісті құқықтық көмек көрсетілмеген немесе полицейлер оларды кінәсін мойындауына мәжбүрлеген.

ғандар саны еселеп артты. Ал балама ұстанымдар әсіресе шағым жасалмаған және зардабы аздау қылмыс жасаушыларға кеңпейілдікпен қарауға шақырады. Ал девианттылық пен қылмыстың ауырлау түрлеріне келсек, қылмыстың артуына жол ашып отырған әлеуметтік проблемаларды реттеп, теңсіздікті азайтып, жұмыс істеуге тең мүмкіндік бере алады.

Бірақ мұны жүзеге асыру үшін көп күш-жігер, ақша және саяси капитал жұмсалуы тиіс. Құқықтық сот жүйесіне бөлінетін ақшаны білім беру, тұрғын үй салу, жұмыс орындарын ашу сияқты шараларға бұру керек әрі күш-жігер мен ақшаны бай аудандардан гөрі кедей аудандарға бағыттау қажет.

Әлеуметтанудың барлық салалары да, саяси партиялар да қоғамдық бақылаудың қажеттігін мойындайды. Олар зорлау, зорлық-зомбылық және есірткімен байланысты қылмыстарды, ізін суытпай шешуді қажет ететін күрделі мәселе ретінде қарастырады. Проблема сол шешімнің жолдарына байланысты. Әлеуметтану ғылымы жеке адамды қылмыс жасағаннан кейін түзетуге тырысулың орнына, қылмыстың өршуіне себепкер болып отырған әлеуметтік институттарды өзгерту қажет деп санайды.

## Қорытынды

1. Көпшілігіміз көбінесе тәртіпке бағынамыз. Қоғамдық бақылаудың үш түрі конформизмге жетелейді. Олар: 1) нормалар мен құндылықтарды бойымызға сіңіру арқылы өз-өзімізді тежеу; 2) бейресми қоғамдық бақылау; 3) ресми қоғамдық бақылау.
2. Адам белгілі бір қарекет нормаларын бұзған кезде тәртіпсіздікке барады. Оғаштық шегінен шығып, маңызды нормаларды бұзуды және осы үшін қоғамдық шектеуге ұшырауды девианттылық деп атаймыз. Қылмыс – заңға қайшы девианттық әрекет.
3. Девианттылық салыстырмалы түрде қарастырылады. Ол қоғамның берген анықтамасына, болған жайттың төңірегіндегі жалпы ахуалға және адамның мәдениеті мен субмәдениетіне байланысты болады.
4. Құрылымдық функцияшылдар адамның девианттық әрекетінің қоғамдық тәртіпсіздікке қатысын анықтау үшін шиеленіс теориясын қолданады. Бір ауданмен салыстырғанда басқа ауданда қылмыс деңгейінің неге жоғарылығын анықтау үшін, олар ұжымдық тиімділік теориясына жүгінеді. Символдық интеракционистер дифференциалды ассоциация, тежеу және ат қою теорияларын пайдаланады. Олар девианттылықты девиантты іс-әрекет пен девиантты болмыс қалыптастыратын әрекеттесу нәтижелері деп қарастырады. Конфликт теориясының мамандары девианттылықтың себебін іздейді және гендерлік, нәсілдік және таптық теңсіздік кезінде девианттылыққа жетелейтін заңдылықтарды талдайды.
5. 1960–1990 жылдар аралығында ауыр және мүлкітік қылмыстар саны артты, дегенмен 1990 жылдан бері тұрақты түрде төмендеп келеді.
6. Қамаудағылардың көбі – жәбірленушісі жоқ, яғни шағым жасалмайтын қылмыс жасағандар. Мұндай қылмыстарға қатысты заңдар – ең қиын әрі орындалуы қымбатқа түсетін заңдар.
7. Кеңсе қызметкерлері, яғни ақ жағалылар жасаған қылмыс санының артуы қылмыстың тек төменгі тапқа тән құбылыс емес екенін айғақтайды.
8. Ер адамдардың, азшылық және төменгі тап өкілдерінің, жастардың қылмыс үшін тұтқындалу ықтималдығы жоғары. Бұл теңсіздіктің бір себебі олардың қылмысқа көбірек баратынында болса, екінші бір себебі қылмыстық сот жүйесінің оларға әрқелжі қарайтынында.
9. Қылмыстық сот төрелігі жүйесіне полиция, сот және түзету жүйесі кіреді. Бұлардың әрқайсысында құзырлы органдарға әділдікті жүзеге асыруда көп еркіндік беріледі. Дегенмен «міндетті түрде ең төменгі шекті мерзімге жазалау» заңы билік тізгінін судьялар мен адвокаттардан алып, прокурорлардың қолына береді.
10. «Қылмыскерді қатаң жазалау» ұстанымының кесірінен АҚШ түрмелері адамға толып кетті. Зерттеулерге қарасақ, ұзақ мерзімге бас босқандығынан айырудың көп қажеттігі жоқ. Қоғамның ішінде түзету және қылмысқа негіз болған әлеуметтік мәселелерді шешу түрмеге балама ретінде ұсынылады.

## Сыни ойлау

1. Нашар ауданда өскен балалардың неліктен кейбіреулері басбұзар, ал кейбіреулері тәртіпті болатынын дифференциалды ассоциация теориясы түсіндіре ала ма, әлде түсіндіре алмай ма?
2. Америкалықтардың көпшілігі неліктен корпоративтік қылмысқа қарағанда көшедегі қылмысқа көбірек көңіл бөледі деп ойлайсыз? Бұл туралы конфликт теориясы не дейді? Құрылымдық-функцияшылдық теория ше?
3. Өзіңіз жақсы білетін, заң органдарының назарына ілінген (не ілінуі мүмкін) девиант адамды сипаттаңыз. Бір адамның мысалында девианттылық теорияларын салыстырыңыз. Сіздің танысыңыздың тәртіпке бағынудың орнына девианттылыққа неліктен барып жүргенін қай теория жақсы түсіндіре алады? Танысыңыздың неліктен өз әрекеті үшін тұтқындалғанын я түрмеге түскенін қай теория жақсырақ түсіндіреді?
4. Осы тарауда оқығандарыңызды ескере отырып, «ақ жағалылар» қылмысын, яки корпоративтік қылмысты болдырмау стратегиясын жасаңыз.
5. Кісі өлтірушінің өлім жазасын алу ықтималдығын әлеуметтану ғылымы тұрғысынан анықтауда неліктен айыпкердің нәсілімен бірге жәбірленушінің нәсілі де маңызды рөл атқаратынын түсіндіріңіз. Бұл АҚШ-тағы нәсілдік қарым-қатынас туралы қандай мағлұмат береді? Өлім жазасына кесуде нәсілдік кемсіту бар екені анық болса, онда неге ең ауыр жаза үкімін мүлде тоқтатпасқа? Мұнымен келісесіз бе, жоқ па?



7-ТАРАУ

## Стратификация (қоғамдағы топтарды жіктеу)

### Тарау тағылымы

#### Осы тарауды оқығаннан кейін студенттер:

- стратификацияның анықтамасын беріп, таптық жүйелермен салыстырғанда касталық жүйеде өмір сүру айырмашылықтарын сипаттай алады және Карл Маркс пен Макс Вебер тұжырымдаған тап мағынасының ерекшеліктерін түсінеді;
- Халықаралық деңгейдегі теңсіздік ұғымының мағынасы мен оның салдарын, сондай-ақ модернизация теориясы мен әлемдік жүйелер теориясы тұрғысынан халықаралық теңсіздікті саралап, топта талқылай алады;
- Соғыс пен терроризмнің әлеуметтік себептерін анықтап, басқа елдерге қарағанда кейбір елдерге қауіп-қатер төну деңгейі

неліктен жоғары екенін түсіндіре алады;

- Табыс теңсіздігіне қатысты құрылымдық-функционалдық және конфликт теорияларын сыни тұрғыдан саралай алады;
- АҚШ-та табыс пен байлық теңсіздігінің өсу себептерін және америкалықтардың, әдеттегідей, теңсіздікпен келісу себептерін танып, теңсіздік деңгейін төмендетуге бағытталған бағдарламалар жөнінде баяндай алады;
- АҚШ-тағы әлеуметтік таптарға сипат беріп, біреулердің кедейлікке, төменге құлдырауына түрткі болатын, басқаларына ұтқырлықпен жоғарылауға мүмкіндік беретін әлеуметтік күштерге талдау жасай алады.



## Әлеуметтану және сіз

Әр адамның туа біткен табиғи (аскриптивті) және қол жеткізген мәртебелері болады. Мүмкін, қазір сіз мектеп түлегі және колледж студенті деген мәртебеге иесіз. Сонымен бірге жоғары оқу орны түлегі мәртебесіне қол жеткізуді армандайсыз. Егер ата-анаңыз жоғары білімді болса, сіздің «сауатты отбасынан шыққан» деген аскриптивті мәртебеңіз болады. Ол мәртебе білім алған немесе алмағаныңызға қарамастан беріледі. Басқалардың сізге деген қарым-қатынасы сол екі – аскриптивті және қол жеткізген мәртебеге байланысты.

**Стратификация** – әлеуметтік мәртебелерді шектеулі ресурстарға қолжетімділік тұрғысынан анықтайтын теңсіздіктің институттық құрылымы.

**Бедел** – бір адамға немесе топқа ерекше әлеуметтік ізет-құрмет білдіру, мәртебе деп те аталады.

**Билік** – басқалардың қалауына қарамастан, оларға ықпал ету немесе үстемдік көрсету арқылы өз еркін жүзеге асыру.

**Касталық жүйелер** шектеулі ресурстарды аскриптивті мәртебеге сәйкес үлестіреді.

**Таптық жүйелер** шектеулі ресурстарды қол жеткізген мәртебеге сәйкес үлестіреді.

## Стратификация құрылымының түрлері

**Стратификация** – кез келген қоғамға тән құбылыс. Барлық қоғамдарда байлыққа, беделге немесе билікке ие болуға лайық адамдар санатын анықтайтын қағидалар болады. Алайда теңсіздік құрылымы жағынан қоғамдардың бір-бірінен айырмашылығы көп.

Теңсіздік екі жағдайда:

теңсіздік әлеуметтік құрылымдар мен ұзақ мерзімді әлеуметтік нормаларға сүйеніп, институттандырылса; теңсіздік адамның жеке қасиеттерінен гөрі топ мүшелігіне негізделсе (мысалы, үйдің үлкендері немесе «көк жағалы жұмысшылар» деп) – стратификацияға айналады.

Теңсіздікті талқылау барысында назар аударатын шектеулі ресурстар әдетте үшке бөлінеді: бедел, билік және байлық. Бедел де мәртебе сияқты, яғни ол бір адамға немесе топқа ерекше әлеуметтік ізет-құрмет білдіру. Билік – басқалардың қалауына қарамастан, оларға ықпал ету немесе үстемдік көрсету арқылы өз еркін жүзеге асыру. Егер бедел, билік немесе байлық теңсіздігі әлеуметтік құрылымдар мен ұзақ мерзімді әлеуметтік нормаларға сүйеніп, топтық мүшелікке негізделген болса – стратификация бар деген сөз.

## Стратификация құрылымының түрлері

**Стратификация** – кез келген қоғамға тән құбылыс. Барлық қоғамда байлыққа, беделге немесе билікке ие болуға лайық адамдар санатын анықтайтын қағидалар болады. Алайда теңсіздік құрылымы жағынан қоғамдардың бір-бірінен айырмашылығы көп.

Қоғамдар арасындағы басты айырмашылық теңсіздіктің белгіленген және қол жеткен мәртебелеріне негізделу деңгейінен туындайды. 4-бөлімде айтылғандай, аскриптивті (белгіленген) мәртебе – туа біткен табиғи және мирас жолымен берілетін, өзгермейтін мәртебе.

Қол жеткізген мәртебе – адамның өмір жолында иеленетін мәртебелері. Мысалы, афроамерикалық болу немесе ер адам болу – белгіленген мәртебе, ал сотталған, бұрын сотталған адам болу немесе дәрігер болу – қол жеткізген мәртебе.

Әрбір қоғам шектеулі ресурстарды кейбір белгіленген, кейбір қол жеткізген мәртебелерге қарай үлестіреді, бірақ олардың арасындағы тепе-теңдіктен айырмашылық басым. Шектеулі ресурстардың бөлінуі жоғары аскриптивті мәртебеге негізделген стратификацияның құрылымы **касталық жүйелер** деп аталады; қол жеткізген статуска негізделген құрылым **таптық жүйелер** деп аталады.

### Касталық жүйелер

Касталық жүйелерде адамның бай немесе кедей болуы, билік басында немесе қарапайым болуы ата-анасының мәртебесіне байланысты (Spaје, 2000). Егер сіз ер адам болсаңыз, онда әкеңіздің кәсібін меңгеру талап етіледі (егер әкесі болмаса, адам пақыр болып қалуға мәжбүр). Егер әйел адам болсаңыз, анаңыздың жолымен үй шаруасымен айналысу керек, әйтпесе кедей немесе қара жұмысшы болуы тиіс деп саналады. Ал адам жалқау ма, ақымақ па не еңбекқор және білімді ме – бұл маңызды емес. Сонымен қатар касталық жүйеде әлеуметтік жағдайы өзіңіздің жағ-



Үндістандағы көптеген далиттер («сот жоқ каста») кедейлікпен, кемсітушілікпен күресуде.

дайыңызбен тең адамға ғана үйлене аласыз, осылайша, балаңызға сіздің және жұбайыңыздың мәртебесі беріледі.

Үндістан – касталық жүйенің қалыптасуының ең танымал үлгісі. Барлық үнділер (көпшілік діні) бедел, билік және байлықпен ерекшеленетін топ жетістіктеріне қарай салыстырмалы түрде касталарға бөлінеді. Касталық жүйелер қазір Үндістанның кейбір мұсылман және христиан қауымдарында да кездеседі.

Кастадағы мүшелік тұрақты, яғни атадан балаға беріліп, өзгермей, өмір бойы сақталады. Үндістан тәуелсіздікке ие болғаннан кейін, 1950 жылы, касталық жүйені ресми түрде заңсыз деп жариялады. Содан бері елдегі 200 миллион далиттердің, яғни «сот жоқ кастаның» мәртебесі арта түсті. Алайда олар әлі күнге дейін кемсітуден, аса кедейліктен тіпті кейде оларға қарсы жасалатын этностық зорлық-зомбылықтан зардап шегуде (Sengupta, 2008).

## Таптық жүйелер

Таптық жүйелерде ресурстардың тең бөлінбеуіне басты себеп болатын – қол жеткізген мәртебе. Түрлі үстемдіктерге ие болу мүмкіндігін анықтайтын басты факторлардың бірі – кәсіби мамандану, бірақ ол туа қалыптаспайды. Адам кәсіпті ата-анасына қарағанда әлдеқайда жоғары немесе, керісінше, төмен деңгейде меңгеруі мүмкін. Жетістіктерге жету көбінесе адамның дарынына, ынтасына және мамандығына байланысты.

Касталық және таптық жүйелердің арасындағы негізгі айырмашылық теңсіздіктің деңгейінде емес, жетістікке жету мүмкіндігінде. Таптық жүйелердің айрықша ерекшелігі – әлеуметтік ұтқырлық, яғни әлеуметтік таптағы орынның өзгеруі жоғары өрлеу немесе төмен құлдырау бағытында болады. Мұндай ұтқырлық ұрпақтар арасында кездесуі мүмкін. Егер сіз жоғары білім алсаңыз, ал ата-анаңыздың білімі болмаса, сіз бәрібір әлеуметтік ұтқырлықпен жоғарылай аласыз. Адамның әлеуметтік таптағы орны ауыспалы болуы ықтимал. Мысалы, орташа жастағы инженер жұмысынан «қысқартылып», «Wal-Mart» дүкенде жарнамалаушы қызметшіге айналса – әлеуметтік ұтқырлықтың төмендеу бағытына ұшырағаны.

**Әлеуметтік шұғылдық** – адамның әлеуметтік таптағы орнының жоғары немесе төмен ауысуы.

Алайда кейде таптық жүйелерде де аскриптивті мәртебенің кейбір белгілері маңызды болады. Азаматтың діні, жасы, жынысы, ұлты басқа да факторлармен қатар, оның жолында қандай мүмкіндіктер ашылып, қандай тосқауылдарға тап болуына әсер етеді. Дегенмен бұл факторлардың касталық қоғаммен салыстырғанда таптық қоғамда ықпалы әлдеқайда аз. Қазіргі заманда таптық жүйелер басым, сондықтан бұл бөлімді сол жөнінде жалғастырамыз.

## Таптар нешеу?

Таптық жүйелер – реттелген мәртебелер жиыны. Оған қандай мәртебелер кіреді және олар қалай жіктеледі? Бұл тарауда осы сұрақтарға екі теориялық және екі практикалық жауап беріледі.

### Маркс: буржуазия және пролетариат

Карл Маркс (1818–1883) әлеуметтік құрылым екі таптан тұратынына сенімді болған. Оларды дәулеттілер және кедейлер деп атауға болады, Маркс оларды буржуазия және пролетариат деп атаған. **Буржуазия** – жұмыс үшін қажетті құралдар мен материалдарды, яғни өндіріс құрал-жабдықтарын иеленген тап. **Пролетариат** онымен қамтамасыз етілмеген. Сондықтан олар үстемдік етуші тапқа жалданып өмір сүреді. Маркстің пікірінше, тапқа жіктеу, ең алдымен, өндірістік құрал-жабдықтарды игеруге байланысты.

Әлбетте, өндіріс құралдарының еңбекке қатысы бар, бірақ бұл екеуі бір мәнге ие емес. Маркстың айтуынша, колледж оқытушысы, жергілікті Sears дүкенінің менеджері және қоқыс жинайтын қала қызметкері – барлығы бірдей пролетариат болып саналады, себебі олар басқа біреуге қызмет етеді. Алайда қоқыс жинаушы жұмысын өз көлігімен орындайтын болса, Маркс оны буржуазияның мүшесі деп санайды. Оның пікірінше, басты фактор – адамның қанша ақшасы болуы немесе қандай жұмыс атқаратыны ғана емес, өндіріс құрал-жабдықтарын меншіктенуі мен еңбектің өз бақылауында болуы да.

Әрине, Маркс «жекеменшік көлігімен қоқыс жинайтын адамдарға қарағанда дүкен менеджерлері табысты» деген қалыптасқан ортақ пікірді елеусіз қалдырмаған. Алайда менеджерлер мен көше сыпырушылар таптық сананы дамытып – өздерінің таптық түбірін түсініп, таптық жүйелермен күресу үшін бірігеді деп үміттенген.

**Буржуазия** – жұмыс жасауға қажетті құралдар мен материалдарды, яғни өндіріс құрал-жабдықтарын иеленген тап.

**Пролетариат** – өндіріс құралдарына ие емес тап. Олар өндіріс құралдарын иеленген адамдарға жалданып өмір сүреді.

**Тап** – маркстік теория бойынша, адамдарды өндіріс құралдарына деген меншіктік қатынасы арқылы жіктеу.


**Таптық сана** – адамдардың өндіріс құралдарына өздерінің қатынасын түсініп, нақты таптық ерекшеліктерін мойындауы.

### Вебер: тап, мәртебе және билік

Маркстың жазбалары жарық көргеніне ондаған жылдар өткен соң, Макс Вебер (1864–1920) таптарға жіктеудің біршама кеңейтілген жүйесін ұсынды. Маркс тұжырымдаған, қоғамды тапқа жіктеудің екі өлшемді жүйесінің орнына, Вебер стратификация жүйесін адамдардың орнын анықтайтын үш тәуелсіз өлшеммен толықтырды (7.1-сызба). Олардың біреуі – Маркс мәлім еткен тап өлшемі. Екіншісі – билік, ал үшіншісі – әлеуметтік беделді немесе әлеуметтік ерекшелікті білдіретін мәртебе. Оның айтуынша, мәртебесі тең адамдар өз қоғамдастықтарын құрады. Олардың ортақ белгілері бар, сондай-ақ мүдделері, құндылық бағдарлары ұқсас болғандықтан, бірін-бірі жиі асқа шақырады, бір-бірімен тұрмыс құрады және ұқсас қарекетпен айналысады.

Вебер «жоғары мәртебе мен билікке қол жеткізудің экономикалық негіздері бар» деген оймен келіседі. Алайда олардың әлеуметтік теңсіздікке әсері тәуелсіз деген. Атап айтқанда, Вебердің пікірінше, мәртебе экономикалық билікке жиі қарама-қайшы келіп, «тек қана» байлығы бар





### 7.1-СЫЗБА. Әлеуметтік таптың жіктелуінің Вебер ұсынған үлгісі

Вебер стратификация жүйесінде адамдардың орнын анықтайтын үш маңызды тәуелсіз өлшемді ұсынды. Бұл өлшемдерді біріктіріп, кейде әлеуметтік тап дейді.

адамдардың талаптарына тосқауыл болады. Мәселен, мафия мүшесі көп қаражатқа және өндіріс құралдарына (бордель, героин өндіретін зауыт немесе казино) ие болса да кең қоғамдастықта абыройлы болмайды.

## Әлеуметтік таптың нақты өлшемдері

Маркс және Вебер таптық жүйелерге түсінік беретін тұжырымдамалар қалдырды. Алайда қазіргі заманғы зерттеушілер таптарға жіктеудің тек теориялық анықтамаларын ғана емес, тапты анықтайтын практикалық тәсілдерді де керек қылып отыр. Зерттеушілердің көпшілігі қазір Маркстың теориясындағы тапқа емес, әлеуметтік тапқа баса назар аударады. **Әлеуметтік тап** – жік, мәртебе және билік белгілері ұқсас, өзара теңдікті сезінетін адамдар санаты (Вебердің пікірінше). Жоғарғы тап немесе қарапайым жұмысшы табы тақырыбын көтерсек, әлеуметтік тап жөнінде сөз қозғағанымыз болып шығады.

Әлеуметтік таптағы орынды тікелей анықтаудың ең қарапайым әдісі – адамдардың өздерінен қай әлеуметтік тап мүшесімін деп санайтынын сұрау. 2010 жылғы жалпы әлеуметтану зерттеуінің нәтижелері (кездейсоқ таңдау әдісі арқылы халық арасында өткізілген кең ауқымды, танымал зерттеу) 7.2-сызбада келтірілген. Көріп отырғаныңыздай, аз ғана адамдар өздерін жоғарғы және төменгі таптарға, ал қалғандары жұмысшы табына немесе орта тапқа жатқызған. Батыс Еуропада да солай. Ал Шығыс Еуропаның кедей елдерінің тұрғындары өздерін төменгі тап мүшелері деп санайды (Evans & Kelley, 2004). Алайда қай жердің тұрғыны болғанына қарамастан, адамның жұмысшы табы мен орта тапқа жатуы оның таңдауына елеулі ықпал етеді. Мысалы, қай шіркеуге баратыны, қалай дауыс беретіні және баласына қандай тәрбие беретіні нақ осыған байланысты.

Әлеуметтік таптарды жіктеудегі тағы бір дәстүрлі жол бар. Бірқатар өлшемге сүйеніп, мысалы, білім деңгейі, мамандықтың мәртебесі, табыс көлемі немесе басқа да әлеуметтік-экономикалық мәртебе сияқты құрамдас сипаттар арқылы анықтау. **Әлеуметтік-экономикалық мәртебе** адамдардың таптық орнын өзі белгілеуі арқылы өлшенбейді. Керісінше, адамдардың мектеп бітірген жылы, отбасылық табысы немесе беделді жұмыспен қамтылуы сияқты өлшемдерін (халықтық сауалнамада) белгілеу арқылы, халықтың жағдайына баға

**Әлеуметтік тап** – жік, мәртебе және билік белгілері ұқсас, өзара теңдікті сезінетін адамдар санаты.

**Әлеуметтік-экономикалық мәртебе** – табыс, білім, кәсіп немесе олардың комбинациясына байланысты адамдарды әлеуметтік таптарға жіктеу өлшемі.



### 7.2-СЫЗБА. АҚШ-та әлеуметтік тапты анықтау

Әлеуметтанушылар халықты табыс пен білім берудегі үлкен айырмашылықтарына қарай әлеуметтік таптарға бөледі. Алайда өзінің таптағы орнын белгілеу жөніндегі сауалға америкалықтардың басым көпшілігі өздерін жұмысшы табына немесе орта тапқа жатқызатынын айтты.

ДЕРЕККӨЗ: Ұлттық пікірді зерттеу орталығы (2012).



**Даму** – қоғамның еңбек өнімділігін жетілдіру және өмір сүру сапасын жоғарылату процесі, яғни өмір жасының ұзаруы, жақсы тамақтану, сапалы білім, жақсы тұрғын үй және тұтыну тауарларының көпшілігіне қолжетімділік.

**Қарқынды дамыған елдер** – елеулі экономикасымен және саяси тәуелсіздігімен белгілі, бай мемлекеттер.

**Орташа дамыған елдер** – қарқынды дамыған елдерден гөрі деңгейі әлдеқайда төмен, бірақ дамуы төмен елдерге қарағанда жағдайы жақсы мемлекеттер.

**Дамуы төмен елдер** – кедейлігімен және саяси әлсіздігімен белгілі, көптеген даму көрсеткіштері төмен деңгейдегі елдер.

беріледі. Бір тапты басқа таптан айыратын абсолюттік шектеу жоқ. Сондықтан әрбір зерттеуші немесе мемлекеттік орган жеке шешім қабылдайды.

## Халықаралық деңгейдегі теңсіздік

Теңсіздік мемлекеттер арасында, сондай-ақ мемлекеттердің ішінде де кездеседі. Алдағы тарауда дүниежүзі аймақтарындағы теңсіздіктің табиғатын, себептерін және зардабын қарастырамыз. Мұнда АҚШ-та орнаған теңсіздік мәселесіне баса назар аударылған.

Халықаралық деңгейдегі теңсіздіктің ұдайы өсуі – әлемдік шеңберде танылған жайт. Мысалы, АҚШ-та жан басына шаққандағы жалпы ұлттық табыс 47 094 АҚШ долларын құрайды, ал Сьерра-Леонеде – 809 АҚШ доллары ғана (БҰҰ-ның даму бағдарламасы, 2011). Америка Құрама Штаттарында орташа өмір сүру ұзақтығы шамамен 80 жыл, Сьерра-Леонеде – 48 жыл ғана. Жаппай теңсіздік құбылысы табыс пен денсаулыққа ғана емес, сонымен қатар қауіпсіздік пен әділеттілікке де тән болып, қазіргі халықаралық қатынастардың қозғаушы күшіне айналды.

Жаппай теңсіздік саяси тұрақсыздыққа, салауатты және бақытты өмір сүру мүмкіндігін әділетсіз теңсіздікке әкеп соқтырады. Сондықтан әр мемлекет бай болсын, кедей болсын, халықаралық деңгейде теңсіздікті бәсеңдетуді қолдайды. Олай болса, ең тиімді де түбегейлі өзгерістер әкелетін жол – даму жолы. **Даму** – қоғамның еңбек өнімділігін жетілдіру және өмір сүру сапасын жоғарылату процесі; ол өмір сүру ұзақтығына, өмір сүруге қажетті материалдық игіліктердің болуына, білім алу саласының кеңеюіне, тұрғын үй құрылысының жақсаруына және тұтыну тауарларының сапасы артуына септігін тигізеді. Бірақ даму нақты болжамды, бір бағытты процесс емес. Мәселен, Корея Республикасы (көбінесе Оңтүстік Корея деп аталады) сияқты кейбір елдер басқаларымен салыстырғанда қарқынды дамып келеді. Ресей мен Аргентина секілді мемлекеттер уақыт өте келе дамуы төмендеген немесе көп жылдар бойы өзгермеген мемлекеттерге айналды.

## Үш түрлі әлем: қарқынды дамыған елдер мен дамуы төмен елдердің арақатынасы

АҚШ халқын үш әлеуметтік тапқа жіктегендей, әлемдегі басқа елдерді де солай жіктеп қарастыруға болады. **Қарқынды дамыған елдер** – әлеуметті экономикасымен және саяси тәуелсіздігімен белгілі Құрама Штаттар, Жапония және Аустралия секілді мемлекеттер. Бұл елдердің жалпы халық саны әлем халқының шамамен 20 пайызын құраса да, әлемдік жалпы өнімнің 80 пайызын өндіреді және әлемдегі автомобильдердің 90 пайызын иеленеді (Халықтық анықтамалық бюросы, 2011а).

Сальвадор мен Қытай сияқты **орташа дамыған елдер** әлемдік саяси экономикадағы орта шептен орын алады. Олардың өмір сүру деңгейі ең дамыған елдерден әлдеқайда төмен, бірақ дамуы төмен мемлекеттермен салыстырғанда әлдеқайда жоғары.

Әлемдегі халықтың қалған 75 пайызы **төмен дамыған елдерде** тұрады. Гаити және Сьерра-Леоне сияқты елдердің ерекше сипаттары – кедейлік пен саяси әлсіздік. Олардың халқының саны, саяси идеологиялары мен ресурстары бойынша айырмашылықтары ай-



тарлықтай болса да, дамуға бағытталған шараларды іске асыруға ын-таланбауы бірдей.

7.1-картада әлемдегі дамуы ең төмен елдер мен қарқынды дамыған елдер көрсетілген, ал 7.1-кестеде түрлі елдер үшін өмір сүру сапасының бірнеше маңызды көрсеткіші салыстырылады және адами даму индексі (дамудың жалпы өлшемі) мен гендерлік мәселеге қатысты даму индексі (елдегі ерлер мен әйелдердің даму деңгейінің айырмашылығын анықтау өлшемі) бойынша бағалау келтірілген.

Дамуы төмен елдерде әсіресе әйелдер мен балалар қауіпті жағдайда. Мысалы, ондай елдерде босану үстінде өлім-жітімге душар болған әйелдердің саны дамыған елдердегімен салыстырғанда 100 есе жоғары. Сол сияқты, Сьерра-Леонедегі бір жасқа толмай қайтыс болған сәбилер саны Норвегиямен салыстырғанда (БҰҰ-ның 2011 жылғы даму бағдарламасы) 40 есе басым.


Бірақ ең бай елдерде өмір сүру сапасы міндетті түрде ең жоғары деңгейде деп айтуға болмайды. Мәселен, АҚШ-та жан басына шаққандағы жалпы ішкі табыс Канадаға қарағанда 22 пайызға жоғары. Ал Канада адами даму индексі рейтингінде бірінші орында, себебі бұл елдегі азаматтар денсаулық сақтау, білім алу және қажетінше тамақпен америкалықтарға қарағанда жақсы қамтылған (БҰҰ-ның 2011 жылға арналған даму бағдарламасы).

Неліктен кейбір мемлекеттердің дамуы басқаларға қарағанда тым төмен? Біз дамудың негізгі екі теориясын – модернизация және

#### 7.1-КАРТА. Қарқынды дамыған елдер мен дамуы төмен елдердің арасы

Қарқынды дамыған елдер – Еуропа, Солтүстік Америка және Азияның кейбір бөліктерінде орналасқан. Дамуы төмен елдер – Африка мен Азияның басқа бөліктерін қамтиды.

ДЕРЕККӨЗ: Біріккен Ұлттар статистикасы (2009).





7.1-КЕСТЕ. Халықаралық деңгейдегі теңсіздіктің көрсеткіштері

Мемлекет	Бір адамға шаққандағы жалпы ұлттық табыс	Өмір сүру ұзақтығы	Нәресте өлімі / туған 1000 тірі сәбиге шаққанда	Адами даму рейтингі	Гендерге байланысты даму рейтингі
<i>Қарқынды дамыған елдер</i>					
Норвегия	\$58,810	81	3	1	5
АҚШ	47,094	79,6	7	4	37
Канада	38,668	81	6	8	16
Жапония	34,692	83,2	3	11	12
Корея Республикасы (Оңтүстік Корея)	29,518	79,8	5	12	20
<i>Орташа дамыған елдер</i>					
Сауд Арабиясы	24,726	73,3	18	55	128
Ресей Федерациясы	15,258	67,2	11	65	41
Бразилия	10,607	72,9	18	73	80
Қытай	7,258	73,5	18	89	38
Эль Сальвадор	6,498	72	16	90	89
<i>Дамуы төмен елдер</i>					
Руанда	1,190	51,1	72	152	83
Гаити	949	61,7	54	145	119
Сьерра Леоне	809	48,2	123	158	125
Конго демократиялық республикасы	291	48	126	168	137
Зимбабве	176	47	62	169	105

әлемдік жүйелер теориясын қарастырамыз және бұлардың жаһандық теңсіздікпен күресудегі әсерін анықтаймыз.

## Құрылымдық-функциялық талдау: модернизация теориясы

**Модернизация теориясы** бойынша, даму дегеніміз – эволюциялық процесс барысында қарапайым қоғамдардың күрделі экономикаға айналуы және институттық құрылымдар деңгейіне жетуі (Wimmer & Feinstein, 2010). Қоғамға бейімделу – әлеуметтік құрылымның басты детерминанты екені туралы құрылымдық-функциялық теорияның пікірі негізінде қалыптасқан. Осы жағынан жоғары дамыған мемлекеттер табиғи эволюциялық процеске сай дамып келе жатқан мемлекеттерден озып шығады.

Модернизация теориясы дамуды қарапайым немесе күрделі экономикадан және институттық құрылымдардан шыққан эволюциялық процестің табиғи дамуы ретінде қарастырады.

Модернизация теориясы 1950 және 1960 жылдары көптеген ғалымға белгілі болды. Бұл «дамыған мемлекеттердің ізімен алға түсу керек» деген пікірден пайда болды. Индустрияландыру арқылы өнімділікті арттыру денсаулық сақтау, білім беру салаларын дамы-

**Модернизация теориясы** даму деп қарапайым қоғамдардың эволюциялық процесс барысында күрделі экономикаға айналуын және институттық құрылымдар деңгейіне жетуін пайымдайды.

туға және технологияларды жақсартуға септігін тигізетін көп артықшылық береді. Ал индустрияландырудың өрістеуінің бастапқы кезеңі өмір сүру стандарты мен өнімділіктің өсуіне алып келеді.

Алайда даму белгілі бір шек қойылған процесс емес. Жоғарыда айтылғандай, біраз елдер заманауилану арқылы қарқынды дамыса, басқалары замандану процесінде қиындықтарға тап болады. Кейбір мемлекеттердің басқа елдермен салыстырғанда әлі күнге дейін даму деңгейі төмен болуының негізгі себептері – олардың ауыр, тоқырау кезеңдерден өтуі, дамыған державалардың қанауында болып, зардап шегуі және әлемдік нарыққа кеш кіруі. Осындай күрделі кедергілер әлемнің жаңғыруы жөніндегі баламалы көзқарастар қалыптасуына себеп болған.


## Конфликтті талдау: әлемдік жүйелер теориясы

Конфликтология теорияшылары «200 жылдан бері капитализм үстемдік етіп келе жатқан әлем жалғыз экономикалық жүйе ретінде әрекет етеді» деген пікір айтады. Сонымен қатар теорияшылар бұл жаһандық еркін нарық жүйесінде ауқатты мемлекеттер мен трансұлттық корпорациялар (тауарларын бір емес, бірнеше елдерде өндіріп шығаратын корпорациялар) тауар өндіруді, қызмет көрсетуді және еңбек етуді өздерінің қажеттілігі үшін жете бақылайтынын айғақтады (Wallerstein, 2004).

Ұлттық мемлекеттер өзінің пайдасын арттыру үшін түрлі стратегияларды қолданады. Олар мұнай сияқты ресурстарды және нарықты басып алуды көздейді. Сонымен қатар олар Солтүстік Америка Тегін Сауда келісімшарты (NAFTA) сияқты шарттар арқылы нарықты ұстап тұрады немесе қалаған тауарларды шығару үшін қажетті ресурстарды пайдаланады. Ұялы телефонның әлемдік нарығында Финляндияның үстем болуы (Nokia корпорациясы арқылы) – стратегия қолданудың үлгісі.

**Трансұлттық корпорациялар** – халықаралық деңгейдегі тауарлар өндіретін және сататын аса ірі корпорациялар.

Экономикалық және саяси күшіне байланысты трансұлттық корпорациялар жоғары дамыған мемлекеттерде шоғырлана отырып, орташа дамыған елдердің нарығын жаулап алуды көздейді. Мысалы, қазіргі таңда FedEx Вьетнам нарығында басым.





## Әлемдік жүйелер теориясы және елдер арасындағы қатынастар

Егер нашар дамыған елдерге саяхаттаған болсаңыз, экономикалық дағдарыстың салдарын көрген боларсыз. Бұл елдерде тіпті су ішуге болмайды деген ескертулер енгізілген, себебі экономикалық ресурстар тапшылығынан халық ішуге жарамды ауыз сумен қамтамасыз етілмеген. Бұл елдерде еңбекақы деңгейі өте төмен болғандықтан тамақ, киім және кәдесыйларды арзанға сатып алуға болады. Такси сияқты қызметтер кең таралған. Еңбекақы төмен болғанымен, жұмыссыздық деңгейі өте жоғары, сондықтан көшелерде қайыр сұрап жүрген адамдар, жезөкшелер мен ұрылар жиі кездесуі мүмкін.

**Әлемдік жүйелер теориясы** – іргелі және шеткері қоғамдар ретінде белгілі бай және кедей елдер арасындағы экономикалық қатынастар туралы тұжырымдама.

**Іргелі елдер** – экономикалық тұрғыда әртарап таңдырылған және сыртқы бақылаудан тәуелсіз, бай-қуатты елдер.

**Шеткері елдер** – аластық экономикадан өзін басқаруға мүмкіндігі жеткіліксіз, кедей және қуатсыз елдер.

**Соғыс** – елдер арасындағы қарулы қатынастардан қарулы

кедей және бай елдер арасындағы экономикалық қатынастар конфликтісіне талдау жасайды (Wallerstein, 2004). Бұл теория әлемді екі топқа бөлуге болады деп пайымдайды. Біріншісі – маңызы басым, экономикасы дамыған (іргелі) елдер. Олар өзін-өзі басқарады әрі кедей елдерден пайда көруге де шамасы жетеді. Ал екінші топқа аз ғана дақылдар негізінде (банан немесе какао өндіру сияқты) құрылған әлсіз экономикасымен белгілі, дамыған мемлекеттердің «қол астындағы» (шеткері) елдер кіреді (Wallerstein, 2004) жатады.

Әлемдік жүйелер теориясы бойынша, үстем қоғамдардың бай болуы шеткері қоғамдардың кедей болуына байланысты. Басқаша айтқанда, бағасы төмен аяқкиім, теледидар, банан не басқа өнімдері бар нашар дамыған елдерде орналасқан дамыған елдердің компаниясында жұмыс істеп, төмен еңбекақы алатындармен байланысты. Егер олардың еңбекақысы көтерілсе, онда бағалар да көтеріліп, шығындар көбейе түседі, ал қоғамның өмір сүру деңгейі төмендейді.

Әлемдегі кедейлік пен байлық арасындағы өзара байланыс одан әрі «Ғаламдық перспектива: Су және жаһандық теңсіздік» тарауында қарастырылады.

## Жаһандық теңсіздік және қарулы қақтығыстар

Кез келген теңсіздік қарулы қақтығыстарға әкеп соқтыруы мүмкін. Егер билік басында тұрғандар өз ресурстары арқылы одан көп ресурстарды қолға алуды көздесе, жоғары дамыған елдер мұнай, газ немесе басқа да шектеулі ресурстарды арзанға алу үшін нашар дамыған елдерді басып алады, салдарынан биліктен тыс қарапайым халық оларға қарсы көтеріледі.

## Жаһандық теңсіздік және соғыстар

Чикагодағы екі көшеден жиналған топтардың арасындағы немесе Үндістандағы мұсылмандар мен үнділер арасындағы шайқастарда адам өлімі көп болуы мүмкін, бірақ ол соғыс деп аталмайды. Соғыс – кем дегенде бір жағы тікелей үкімет тарапынан құрылған әскердің қатысуымен болатын қарулы қақтығыс (Kestnbaum, 2009). Кейбір жағдайларда шиеленістер өрбіп, екі ел арасындағы соғыс, басқалары ел ішіндегі көтеріліс (азаматтық соғыстар) сияқты кең көлемді қоғамдық оқиғаларға ұласуы мүмкін.

Әрдайым үш топтың – үкіметтің, қарулы күштердің және қарапайым халықтың арасындағы қарым-қатынастардың өзгеруіне әкеледі (Kestnbaum, 2009; Paret, 1992; Geyer, 2002). Үкімет қарулы күштердің қолдауымен немесе халық өз отанын жаудан қорғау үшін қарулануға дайын болуын білдірген жағдайда ғана әскерін жинап, соғысқа қатысуы мүмкін. Қарулы күштер үкіметтің және халықтың қолдауымен немесе жауды жеңуге өкілеті жеткілікті болған жағдайда ғана соғысқа шыға алады. Халық үкіметтің және әскердің елге қамқорлық жасап, жаудан қорғауына сенімді болған жағдайда ғана олардың соғысқа қатысуын қолдайды. Сондай-ақ халық өз үкіметін және әскерін жау ретінде қабылдаса және күресуге тұрарлық деп санаса, көтеріліске шығады. Елдердің арасындағы теңсіздіктің артуы бүкіл әлем бойынша зорлық-зомбылық, этностық немесе саяси күрестің орын алуына себеп болады (Kerbo, 2005). Соңғы онжылдықта мұндай конфликтілер Израильде, Македонияда, Мексикада, Луганстанда және басқа жерлерде орын алды.



## ЖАҒАНДЫҚ ПІКТР

### Су және жаһандық теңсіздік

**А**дамның сусыз өмір сүруі мүмкін емес. Таза (адамның іс-әрекетінен ластанбаған) ауыз су болмаса, тырысқақ, іш сүзегі және дизентерия сияқты аурулар тез өршиді. Судың жетіспеушілігінен жыл сайын 1,8 миллион бала диареяға шалдығатыны анықталған (Pruss-Ustun, Bos, Gore & Bartram, 2008).

Дүниежүзіндегі жалпы халықтың шамамен үштен бірі таза су тапшы болатын орташа және нашар дамыған елдерде өмір сүреді. Әрине, мұндай елдерде жағдайы жақсы адамдар бөтелкедегі таза суды сатып алады. Олар үшін қауіпсіз коммуналдық су жүйелері де қол жетімді. Ал ауылдық немесе қалалық жерлердегі кедей адамдарға үкіметтің немқұрайдылығына байланысты мұндай мүмкіндік берілмеген (Watkins, 2006).

Қазіргі заманғы соғыс, соның ішінде азаматтық соғыс – елдегі қарым-қатынастардың өзгеруімен қатар, елдер арасындағы қарым-қатынастардың өзгергенін де көрсетеді (Kestnbaum, 2009; Hironaka, 2005). Кейде бір ел басқа елдің ресурстарын тартып алуға тырысады. Мысалы, 1930 жылдары Германия Чехословакияға басып кірді, ал Жапония минералдарды, құнарлы жерлерді және басқа да ресурстарды иелену мақсатында Манчжурияны басып алды. Сонымен қатар жоғары дамыған елдердің үкіметтері мен мүдделі іскер топтарының өз ресурстарын пайдаланып нашар немесе орташа дамыған елдердегі сыбайлас жемқорлыққа батқан әлсіз үкіметтерді қолдауына байланысты жанжалдар туындайды. Мұндай жағдайлар Вьетнамда, Иранда, Иракта және басқа жерлерде қарулы бүлік шығуына себеп болған.

### Жаһандық теңсіздік және лаңкестік (терроризм)

2001 жылы 11 қыркүйекте лаңкестердің екі ұшағы Нью-Йорк қаласындағы әлемдік сауда орталығына және бір ұшағы Вашингтон қаласындағы Пентагонға шабуыл жасауынан 3000-ға жуық адам қаза тапты. Сол уақыттан бері террористер қаптаған топтардың атынан Үндістанда, Сингапурда, Ресейде және тағы басқа елдерде адам шығынына ұшыратқан шабуылдар жасаған. Лаңкестік деген не? Ғалымдар лаңкестік ( ) деп саяси мақсатта адамдарға қарсы қасақана жасалатын зорлық-зомбылықты айтады. Солай бола тұра лаңкестік – қоғамдық құрылысқа тән құбылыс. Мәселен, бір топ үшін олар «террористер» болса, екінші топ үшін – «бостандық жолындағы күрескерлер», яғни «шахидтер» (Turk, 2004). Америкалық революция британдық революциямен салыстырғанда (оны

Өкінішке қарай, нашар дамыған елдерде су теңсіздігі артып келеді. Оның себебінің бірі – бай корпорациялар мен аймақтар өз фабрикалары мен үйлерін сумен қамтамасыз ету үшін үкіметке қысым көрсетіп, жағдайы нашар ауылдық жерлерден өздеріне су тартып алады (Watkins, 2006).

Ерлер мен әйелдердің арасындағы теңсіздік су теңсіздігіне де әсерін тигізді. Әйелдер мен қыздар күн сайын өзеннен немесе су тартқыштардан су тасыса, ер адамдар мен ұлдар әдетте әкелінген суды ішуді біледі. (Watkins, 2006). Мұндай жағдай теңсіздіктің мысалын да, оның күшеюін де көрсетеді. Мәселен, күн сайын бірнеше сағатын су іздеумен өткізетіндіктен, қыздардың ойнауға немесе демалуға мүмкіндігі болмайды.

АҚШ азаматтары үшін таза ауыз су үйлерінен құбырдан қамтамасыз етілсе, миллиондаған адамдар бөтел

кедегі суды сатып алуға мәжбүр. Бұл жағдайдың жаһандық тұрақсыздыққа әсер ететіні байқалады. Тек бай мемлекеттердің мүшелері ғана бір затты сатып алу арқылы мемлекеттің қорғалуына қалады (Ұлттық ресурстық қорғаныс кеңесі, 2008).

Бөтелкелерді өндіру, жеткізу және жою орасан зор мұнай өнімдерін қажет етеді. Сонымен ауаға, жерге және суға зиянды химикаттардың зым көп таралуына себеп болып, ғаламдық жылынуды арттырады. Осы процестердің көбі су талшылығынан зардап шегіп отырған, дәл осы бөтелкелерді шығаратын нашар дамыған елдерде жүріп жатыр (Ұлттық ресурстық қорғаныс кеңесі, 2008).

Қорыта келсек, су теңсіздігі кедей және қарқынды дамыған мемлекеттер арасында теңсіздіктің бір сәлемі көрсетеді, әрі оны теңсіздік пен алаңды етуге

**Терроризм** – саяси әлеуметтік себептерге байланысты адамдарға қарсы қасақана жасалатын зорлық-зомбылық.

«көтеріліс» деп атады) мүлде басқаша. Біреудің қандай да бір атаққа ие болуы жеңіске жеткен кім және тарихи кітаптарды жазған кім соған байланысты. АҚШ үкіметі әдетте лаңкестер деп тек шетелдіктерді атап, АҚШ-та америкалық азаматтар жасаған зорлық-зомбылықты (түсік жасаушылардың өлімі және 1995 жылы Оклахомадағы бомбалау сияқты) лаңкестік емес, жекелеген бұзақылық қылмыс деп сараптаған (Turk, 2004).

Неліктен адамдар лаңкестікті өз ісіне айналдырады? Таңғаларлығы, жеке теңсіздік бұған да әсерін тигізеді, кедей топтардың мүшелері басқа топтарға қарағанда лаңкестікпен әлдеқайда аз айналысатыны анықталды. Керісінше, лаңкестік ұлттық немесе мәдени қауіп-қатерден қорғау ұстанымына негізделген (Turk, 2004). Кедей елдердегі адамдар көбіне халықаралық терроризмді екі жағдайда қолдайды: біріншіден, өздерінің мәдениетіне, экономикасына, үкіметіне батыс елдер тарапынан қауіп төнеді деп немесе олардың бақылауына ұшырайды деп сенеді; екіншіден, олар терроризмді осындай әділетсіздікпен күресудің тиісті әдісі ретінде қарастырады (Turk, 2004).

### Case study: ислам терроризмі

Әлем бойынша христиан, еврей және үнді лаңкестері саяси және діни көзқарастарын бетке ұстап, зұлым әрекеттермен айналысады. Мәселен, 2011 жылы шілде айында өзін «христиан крест жорықшысы» деп атаған Андерс Беринг Брейвик 70-тен астам адамды өлтірген. Олардың көбі жасөспірімдер болатын. Ол ислам дініне қарсылығын осылай білдірген. Батыстағылар кейінгі кезде ислам терроризмінің өршуінен қауіптенуде.

Исламдық терроризмнің пайда болуына басты себептердің бірі – кейбір мұсылмандардың ойынша, мұсылман елдері мен дініне саяси қысым жасалады деген пікір.

Бұл пікірді әлемдегі түрлі оқиғалар растай түседі: АҚШ палестиндықтарға қарағанда Израильге бір жақты көмек көрсетіп жүр; батыс елдері Ирактың ішкі істеріне араласып отыр. Осы сияқты әрекеттер көптеген мұсылманның намысына тиіп, мұсылман елдері мен жалпы исламға қауіп төнуде деген пікір қалыптасқан.

Ислам терроршылдығының өршуіне мұсылман елдеріндегі күрделі мәселелер де әсер еткен. Соғыс, кедейлік, теңсіздік және үкімет жемқорлығы – мұсылман елдеріне ортақ мәселе. Сонымен байланысты кедей балалар ислам діні негіздерін оқытатын тегін мектептерге (медреселерге) ғана бара алады. Мәселен, көптеген мұсылмандар жиһадты «нәпсіге, күнә жасауға қарсы күрес» деп түсінсе, кейбір медреселерде балаларға «кәпірлерге қарсы діни соғыс» деп үйретеді (Aslan, 2008). Мұндай мектептер «Әл-Қайда» мен басқа топ басшыларына соғысқа жауынгер жинауға мүмкіндік жасайды. Сонымен бірге мұсылман елдеріндегі жоғарғы тап өкілдері көптеген зұлым әрекеттерден қорғалатынлығына қарамастан, наразылыққа, өкінішке толы, намысы осалдық көрсеткен адамдардың арасында өмір сүруде. Соңдай адамдардың бірі – 2011 жылы 19 лаңкесті АҚШ-қа шабуыл жасауға жұмсаған – Осам бин Ладен.

Қорыта келсек, дүниежүзі бойынша мұсылмандар бұқаралық ақпарат құралдары мен ақпараттық технология әсерінен Америка мәдениетінің көлеңкесінде қалды. АҚШ телеарналары әйелдер шапталары мен денелерін жауып жүретін елдерде жалаңаш әйелдерді көрсетеді. Хип-хоп әндер өздерінің жыныстық қатынасқа шақырған әрекеттерімен көзге түседі және Голливуд романдары мұсылман құндылықтарына қайшы келетін, еркін өмір сүру салтын ұнататын әйелдер мен еркектерді бейнелейді. АҚШ дүниежүзі



Басқалардың Америкаға қарсы пікірлері – АҚШ-тың мәдени, экономикалық саясат және әлеуметтік үстемдігіне деген үрей мен рашың бейнесі саналады.

бойынша жақсы өмірдің бейнесіне айналды, сонымен қатар материализм, зұлымдық, пропорционалдылық сияқты әрекеттердің де символына айналған. Ислам терроршылдығы АҚШ-тың мұсылман қауымына жайсыз әсер етіп отырған істеріне қарсы тұру мақсатында пайда болған.

## АҚШ-тағы теңсіздік

Әрине, Америкадағы ең кедей азаматтардың жағдайы Эфиопия мен Гаитидегі кедейлерден жақсырақ. Әйтсе де АҚШ-тағы теңсіздік – көкейкесті мәселе. Келесі тарауда АҚШ-тағы стратификация құбылысына талдау жасаймыз.

## Экономикалық теңсіздік

Теңсіздіктің маңызды түрлерінің бірі – табыс теңсіздігі. деп адамның немесе отбасының белгілі бір уақыт аралығында алатын ақшасын айтамыз. Табыстың ішіне еңбекақы, зейнетақы, дивидендтер және үкіметтен алатын жәрдемақы (мысалы, әлеуметтік қамсыздандыру) кіреді. – белгілі бір ел ішіндегі табыс көлемінің айырмашылығы.

Табыс теңсіздігі таптық жүйелердің барлығына тән, ал АҚШ-та ерекше жиі кездеседі. Экономикалық корпорация мен Даму ұйымына (2011) кіретін 30 елдің ішінде Түркия мен Мексикада ғана АҚШ-қа қарағанда табыс теңсіздігі кең тараған. АҚШ-тағы табыс теңсіздігі 1970 жылдан бері артып келеді (DeNavas-Walt & Cleveland, 2002; Isaacs, Sawhill & Haskins, 2008).

Егер АҚШ халқын 5 топқа бөлсек, ең кедей үй қожалықтарының 20%-ы табыстың 3,4%-на ие, ал ең байлардың 20%-ы табыстың 50%-на ие, яғни 14 есе артық (7,3-сызба). Қазіргі экономикалық жағдайда бұл ең түйткілді мәселеге айналғаны енді ғана мәлім болды. 2011 жылы АҚШ-тағы ең үлкен компаниялардың басшыларына төлеуімен орташа

**Табыс** – белгілі бір уақыт аралығында алынатын ақша көлемі.

**Табыс теңсіздігі** – белгілі бір ел ішіндегі табыс көлемінің айырмашылығы.

жылдық сома 10,8 млн доллар болған; ал табысы ең жоғары Виакомның басқарушысы Филипп Дауманның жылдық табысы 84,5 млн доллар (Joshi, 2011).

Табыс теңсіздігінің өсуі АҚШ-тың экономикалық құрылымындағы өзгерістерге және АҚШ үкіметі саясатының өзгеруіне байланысты (Massey, 2007; Morris and Western, 1999). 13-бөлімде тереңірек талқылағанымыздай, америкалықтардың 80%-ы қазіргі уақытта атқарушы қызмет көрсету саласында немесе сауда орындарында жұмыс істейді. Бұл жұмыс орындарындағы еңбекақы Америка экономикасында үстемдік ететін өндіріс орындарына қарағанда әлдеқайда төмен. Экономиканың барлық секторында жұмыс берушілер тұрақты қызметкерлердің орнына төмен еңбекақыға келісетін уақытша немесе жартылай жұмыспен қамтылу негізінде істейтін жұмысшыларды алады. Жұмыс берушілердің енді бірі еңбекақыны аз төлеу үшін америкалық қызметкерлердің орнына шетелдік жұмысшыларды қабылдайды. Сонымен қатар үкімет кәсіподақта мүшелік етуді күрделендіріп, оның ықпалын төмендетті; ауқаттыларға салықты қысқартты, кедейлерге арналған жеңілдіктер санын азайтты, осының салдарынан ең төменгі еңбекақы мөлшері одан әрі төмендеп кетті. Осы саясаттың нәтижесінде кедейлер мен жұмысшы табының табыс мөлшері азайып, ауқатты америкалықтардың табыс мөлшері арта түсті (Massey, 2007).


Табыс теңсіздігі неғұрлым жоғары болса, АҚШ-тағы экономикалық теңсіздік мөлшері соғұрлым төмендей түседі. Теңсіздік мөлшерін дәл анықтау үшін байлық мөлшерін қарастыруға тура келеді. Байлық – белгілі бір уақытқа жеке тұлға немесе үй қожалығы иеленген ақша мен материалдық игіліктер құны (қорлар, инвестициялар, үйлер, жер, автокөліктер мен басқа мүліктерді қоса алғанда). Ең ауқаттылардың 20%-ы болатын үй қожалықтары (табыс бойынша) – барлық байлықтың 80%-ына, ал 1% болатын ең ауқатты адамдар барлық байлықтың 35%-на ие (Rampell, 2011). Соңғы 25 және одан көп жылдар аралығында АҚШ-та байлық теңсіздігі өзге дамыған елдермен салыстырғанда тез қарқынмен өсті.

**Байлық** – жеке тұлға немесе үй қожалығының иелігіндегі ақша мен материалдық игіліктер құны.

Табыс теңсіздігі басқа халықтарға қарағанда АҚШ-та жоғары.







### 7.3-СЫЗБА. АҚШ-тағы табыс көлемінің айырмашылықтары

Барлық АҚШ тұрғындарын тең 5 топқа (квинтильдерге) бөлсе және сол елдегі барлық табыс мөлшері тең бөлінсе, әрбір квинтиль (20%) барлық табыстың 20%-на ие болуы тиіс еді. Іс жүзінде 20%-ды құрайтын ең ауқатты америкалықтар (квинтиль) табыстың жартысына ие, ал кедейлерден тұратын 20% табыстың 4%-ға жетпейтін бөлігін ғана иемденеді.

## Әлеуметтік тап мәселелерінің салдары

Әрқайсысымыздың мінез-құлқымыз бен қарым-қатынасымыз ең болмағанда бір себеппен қай әлеуметтік тапқа жататынымызды білдіреді. Сіз боулинг немесе теннис ойнауды қалайсыз ба? Шетелдік немесе америкалық фильмдерді таңдайсыз ба? Сыра ішесіз бе, әлде шерри ме? Осы және өзге де таңдауларыңыз әлеуметтік табыңызға байланысты жасалады. Адамның әлеуметтік табын білу басқа кез келген ақпаратқа қарағанда көп мәлімет береді. Сондықтан «Сізді көргеніме қуаныштымын!» деген сөз тіркесі көбінесе «Сіз немен айналысасыз?» деген сұрақтан кейін айтылады.

Әлеуметтік таптар арасындағы айырмашылық қарапайым талғамға ғана қатысты емес, оның нәтижесіне де әсер етеді. Кедей адамдардың зорлық-зомбылық құрбаны болу, оқудан шығып қалу немесе созылмалы ауруға, не мүгедектікке шалдығу ықтималдығы өте басым (U.S Bureau of the Census, 2011). Осы мысалдардан байқалғанындай, қалталы азаматтардың өмір сүру сапасы жоғары.

## Теңсіздік жөніндегі теориялық көзқарастар

«Forbes» (2008) журналына сүйенсек, Стивен Спилбергтің қазіргі табысы \$3.0 миллиард шамасында және ол жылына миллиондап табыс табады. Онымен салыстырғанда, орта буындағы полиция қызмет-

керінің табысы \$51 000, ал америкалық отбасылардың 20%-ының жылдық табыс мөлшері \$20 813 (U.S Bureau of Labor Statistic, 2011c; U.S Bureau of the Census, 2011c).

Табыстар арасындағы осындай үлкен айырмашылықты қалай түсіндіруге болады? Бұл сұраққа жауап беру үшін стратификацияның әлеуметтік құрылымына көз жүгіртуіміз керек. Миллиардер немесе полиция қызметкерінің табысы туралы сұрамастан бұрын шектеулі ресурстарға нәліктен кейбір топтар ғана ие болатыны туралы сөз қозғаймыз. Құрылымдық-функциялық және конфликтология теорияшылары ұсынған стратификация жөніндегі теорияларды қарастырып, аннан кейін адамдардың осындай әртүрлі топтарға қалай жіктелетіні туралы теориялық түсініктемелерге тоқталамыз.

## Құрылымдық-функциялық теория

Стратификацияның құрылымдық-функциялық теориясы (басқа да құрылымдық-функциялық теориялардың пайымдауы сияқты) бойынша әлеуметтік стратификация кез келген әлеуметтік элементтей әлеуметтік тұрақтылыққа ықпал етпесе, жалғастық таппайды. Бұл ұстанымның классикалық тұжырымдамасын берген Кингслей Дэвис пен Уиллберт Мур (1945): «Стратификация қоғамға маңызды қызметтер атқаруға көмектеседі, біз оның бар екенін білеміз», – деді. Егер әрбір адамның қалауы ескеріліп, орындалып отырса, жұрттың бәрі бастық болып, дәнді-дақыл өсіретін немесе қоқыс шығаратын, балаларға күтім көрсететін ешкім қалмас еді. Немесе әркім өз балаларымен үйде отырғысы келсе, полиция қызметін немесе медициналық қызмет көрсететін ешкім табылмас еді. Демек, Дэвис пен Мур айтқандай, әрбір қоғамда қызметтің кейбір маңызды, бірақ жағымсыз түрлерімен айналысатын адамдардың немесе сирек кездесетін таланттар мен кәсіби шеберлікті қажет ететін қызметтегі адамдардың еңбектері жеткілікті мөлшерде бағалануы тиіс.

Осы тұрғыдан алғанда, бала күтімімен айналысатын қызметшілерге қарағанда, дәрігерлердің еңбекақысы жоғары болуы керек. Екеуі де қажетті болғанына қарамастан, медициналық оқуға түсу үшін көптеген адамдарға білімі, машығы, таланты жетпей жатады. Сонымен бірге бұл мамандық көп жыл оқу мен ұзақ уақыт дайындықты талап етеді. Олар кейбір кездерде жұмысын қолайсыз және стресс жағдайларында орындайды. Дэвис пен Мур: «Осындай үлкен талаптар қойылатын әрі күрделі міндеттерді атқаратын адамдарды ынталандыру үшін, олардың еңбегін жоғары құрметтеп, марапат көрсетіп, табыстарын жақсартуымыз керек», – деген. Мұны қоғам өзі анықтай жатар, алайда қай кезде болсын еңбекақы мөлшері аз болса да, балалар күтімімен айналысуды қалайтындар саны азаймайды. Құрылымдық-функциялық теория бойынша, бала күтімімен айналысатындарға қарағанда дәрігерлердің еңбекақысы жоғары болуы – әлеуметтік қажеттілікке байланысты орнаған жағдай.

## Сыни ескертулер

Құрылымдық-функциялық теория маңызды сыни тұжырымдар шығарды. Олардың ішіндегі ең негізгілері мыналар:

- 1) сұраныстың жоғары болуы (тапшылық) жақсы жұмыс орындарына қол жеткізу мүмкіндігінің шектелуіне байланысты қалыптасуы мүмкін. Мысалы, медициналық оқу орындарының жеткіліксіз болуы және негізсіз қатаң талаптар қойылуы





Қоқыс шығару – қазіргі заманғы өмір үшін жағымсыз болғанымен, өте маңызды іс, алайда қоқыс жинаушылардың еңбекақысы өте төмен. Құрылымдық-функциялық теория олардың еңбекақысының төмендігін кәсіби шеберлігінің болмауымен байланыстырса, конфликт теориясы олардың билікке қолы жетпеуін көлденең тартады.

- 2) дәрігерлерге деген ұсынысы азайтып, сұранысты арттырады; әлеуметтік таптағы орын, жыныс, нәсіл немесе ұлт, таланттар мен қабілеттілерге қарағанда жоғары мәртебеге жетуде маңызды рөл атқарады;
- 3) мәртебесі жоғары адамдардың көпшілігі (рок жұлдыздар, кәсіби спортшылар, косметикалық оташылар) қоғам тұрақтылығын сақтауға ықпал ете алмайды.

Әлеуметтанушылар осы мәселені зерттеуде және теңсіздікті түсіну үшін құрылымдық-функциялық теорияның пайдасын талқылауда.

## Конфликт теориясы

Конфликтология теорияшыларының теңсіздікке деген көзқарасы мүлде басқаша. Олардың ойынша, теңсіздік әлеуметтік қажеттіліктерді қанағаттандыруға қатысты ымыраға келуден емес, таптар арасындағы шиеленістен туындайды.

Карл Маркс теңсіздіктің классикалық конфликт теориясын ұсынды. Оның ойынша, теңсіздік адамның жеке өндіріс құралдарына иелік етіп, меншіктенуінен табиғи түрде пайда болған. Өндіріс құралдарына иелік ететіндер өздерінің жеке пайдасын барынша арттыруға тырысып, еңбектерін соларға сатудан басқа амалы жоқ пролетарийлерге беретін ақы мөлшерін азайтуды көздейді. Осы тұрғыдан алғанда стратификация қажетсіз де, әділетсіз де болып көрінеді. Теңсіздік қоғамға пайда әкелмейді, пайдаға кенелетіндер – байлар ғана.

Классикалық марксистік теория сияқты, қазіргі заманауи конфликт теориясы да биліктегілер өзіне жұмыс жасайтындардың қысым көріп, қажитынын мойындайды деп санайды (Sears, 2008). Бұл, Маркстің пікірінше, шектен шығып, беделді адамдар мен топтардың шектеулі ресурстарға таласының әсерін және таптық айқастардың саясатқа ықпалын көрсетеді (Sears, 2008; Massey, 2007). Сондай-ақ заманауи конфликт теориясы экономикалық емес билікті, көбінесе гендерлік және нәсілдік тұрғыдан қарастырады. Теорияшылардың

айтуы бойынша, мысалы, капиталистер жұмысшылардың еңбек өнімділігінен пайда көретініндей, ерлер әйелдердің репродуктивті еңбегінен пайда көреді. «Репродуктивті еңбек» термині әйелдердің дәстүрлі міндеттерін, яғни тамақ әзірлеу, үй шаруашылығын жүргізу және бала тәрбиелеу қызметтерін сипаттайды. Қазіргі конфликтология ғалымдарының пікірінше, көптеген отбасында әйелдердің дәрежесі төмен болғандықтан, олар репродуктивті еңбекпен айналысуға мәжбүр. Соның нәтижесінде, әйелдердің жақсы табысқа қол жеткізуіне мүмкіндік жоқтың қасы, оның есесіне олардың үй ішінде билігі артуы ықтимал.

### Сыни ескертулер

Басқаны бақылап үйренгендер өз мүмкіндігін кеңейтуі және артыруы үшін өз билігін пайдаланатынына (иелік ету және басқару арқылы) ешкім күмән келтірмейді. Алайда сыншылар «теңсіздікте әділетсіздік пен қажетсіздік бар» деген пікірмен келіспейді. Біріншіден, адамдардың барлығы бірдей емес. Кейбір адамдар өзгелерге қарағанда еңбекқор, сауатты және талантты. Олар ешқандай күрделі кедергілерге кезікпесе, қиналмай, алдау-арбаусыз алға шығады. Екіншіден, басшылық пен бедел функцияға ие. Жүйелі жұмыс атқара алушылар басшылық етсе, басқарған ұйымы да жақсы жұмыс атқарады.

Ұғымдардың қорытындысы: стратификацияның екі түрлі үлгісі әлеуметтік стратификацияның құрылымдық-функциялық үлгісін конфликт теориясының үлгісімен салыстырып қорытындылайды.

### Символдық интеракционизм

Құрылымдық-функциялық және конфликт теорияларымен салыстырғанда символдық интеракционизм теориясы кейбір әлеуметтік топтардың басқаларға қарағанда нәліктен жақсы жетістіктерге жететінін түсіндіруді мақсат етпейді. Оның орнына теңсіздіктің күнделікті өмірде сақталуына не себеп болатынын зерттейді.

Символдық интеракционизм теориясының маңызды үлесінің бірі – маңыздылығын анықтау. Өздігінен орындалатын болжам – күтілген нәрсенің жүзеге асатынына сенім білдіру және опың іс жүзінде орындалуы. Бұл – әлеуметтік динамика – әлеуметтік топтар мәртебесінің қалыптасуына әсер ететін себептердің бірі.

Мысалы, мұғалімдер бастауыш сынып оқушыларын математика пәніне немесе жазуға қабілетсіз санап, оқушыларға осы пәндер бойынша көмектесуге аз уақыт бөледі. Осы оқушылардың мұғалімдер қойған талаптарды орындауы, математикалық және жазу дағдыларын өздігінен дамытуы екіталай.

Символдық интеракционизм теориясы әлеуметтік тәртіптегі орнымызды әрдайым еске түсіріп, күнделікті қарым-қатынастар теңсіздікті қалай нығайтатынын түсінуге көмектеседі. Мысалы, мейрамхананың көбінде даяшылар артқы есіктен кіруі тиіс. Олар жуыну үшін жайсыз бөлмелерді пайдалануға, өз үзілістерін терезесіз бөлмеде өткізуге мәжбүр болады және жұмыс киімін киюі тиіс. Клиенттер өздеріне ілтипат көрсететін қызмет көрсетушілермен дәрекі сөйлеседі. Даяшының кештің соңында шайпұл алуға лайықты немесе лайықты емес екенін клиент шешеді. Осылай мейрамханалардағы күнделікті қарым-қатынастар әлеуметтік жағынан клиенттердің – басым, ал қызмет көрсетушілердің төмен болуын танытады.

**Репродуктивті еңбек** – әйелдердің тамақ әзірлеу, үй шаруашылығын жүргізу, балаға қарау сияқты әдеттегі міндеттері; бұл еңбек қоғам үшін ұрпақ жалғастыруға, басқалардың жұмыс істеуіне және демалуына мүмкіндік береді.

**Өздігінен орындалатын болжам** – артылған үміттің жүзеге асатынына сенім білдіру және опың іс жүзінде орындалуы.

## Ұғымдардың қорытындысы

### Стратификацияның екі түрлі үлгісі

Салыстыру негізі	Құрылымдық-функциональдық теория	Конфликт теориясы
Қоғам табиғаты	Жалпы қажеттіліктерді қанағаттандыруға ұмтылған топтар бірлестігі	Шектеулі ресурстарға бәсекелес топтар
Әлеуметтік құрылым мақсаты	Мәселелерді шешу және қоғамға бейімделуге көмектесу	Теңсіздіктің қазіргі түрлерін қолдау
Стратификацияның себептері	Күрделі міндеттерді атқаратыны үшін құрметке бөлену, марапаттау қажеттігі, әсіресе сирек кездесетін таланты мен машығы болуын талап ететін кәсіп болса	Өндіріс құралдарының күш қолдану, алаяқтық, қулық кесірінен тең бақылауда болмауы
Стратификацияның негізі	Қажетті және қалаулы	Қажетсіз және қалаусыз, жоюға келмейтін
Теорияның тиімділігі	Машықтанған және талантты қызметкерлердің өзгелермен тең болмауын қарастыру және адамдарды жұмысқа ынталандыру қажеттігін көрсету	Мүдделер қайшылығын қарастыру және биліктегі адамдардың жүйені өз үстемдіктері үшін пайдалануын көрсету
Теорияның әлсіздігі	Бағалауда билік пен әулет мәртебесінің маңыздылығын елемей және жоғары бағалаудың функциялық маңыздылығын арттыру	Теңсіздіктің функцияларын және жеке қасиеттердің маңыздылығын елемей


## Әлеуметтік тап деңгейінің детерминанттары

Әрбір ұрпақ ауысқан сайын белгілі бір қоғамдағы әлеуметтік деңгей де ауысуы тиіс. Кейбір адамдар жоғары деңгейде, ал кейбірі төмен деңгейде болады: кейбіреулері шектелген ресурстарға көптеп иелік етеді, ал кейбірінде мүлде болмайды. Таптық жүйелерде осындай бөліну процесі екі түрлі себепке байланысты: мүмкіндіктер нақты адамдарға қолжетімді, ал ортақ мүмкіндіктер қоғам және еңбек нарығында қолжетімді. Біз оларды жетістікке әсер ететін микро және макродеңгейлі факторлар деп атаймыз.

### Микроқұрылым. Америкалық тап

АҚШ-тағы әлеуметтік тап жүйесінің касталық жүйелерден айырмашылығы – ол тікелей немесе толықтай мирас жолымен берілмейді. Дегенмен салыстырмалы түрде аз ғана америкалық өз ата-аналарының әлеуметтік таптағы орнынан өзгеріс орыпта не болады. Бұл қалай болғаны? Бұл жүйеге берілген ең дұрыс анықта-

Академиялық тұрғыдан алғанда, кедей отбасындағы компьютері жоқ, өз іні-қарындастарының ортасында шулы бөлмеде сабақ оқитын балаларға қарағанда, өз ноутбуктері бар, тыныш жатын бөлмеде сабақ оқитын ауқатты отбасындағы балалардың жетістікке жету мүмкіндігі көбірек.



ма – немденудің жанама үлгісі. Ата-ана өз баласының әлеуметтік мәртебесін толық қалыптастыра алмайды, әйтсе де баланың жоғары әлеуметтік мәртебеге қол жеткізуіне қажетті жағдай жасау ата-ананың парызы.

Сіздің әлеуметтік таптағы орныңызды анықтайтын бірден-бір болжамды фактор – ата-анаңыздың табыс мөлшері (Corcoran, 1995; Isaacs, Sawhill&Haskins, 2008). Егер ата-анаңыз орта немесе жоғары әлеуметтік тап өкілдері болса, жасыңыздан жақсы күтім көріп, дұрыс тамақтанасыз, жоғары деңгейдегі медициналық жәрдемге жүгінесіз. Әлеуетті табыстың төмен болуына себепші жағымсыз жағдайлардан аулақ жүресіз (Weitz, 2010). Ата-анаңыз сізді ынталандырып, сабақ оқуға арнайы қолайлы орын дайындап, «жоғары білім материалдары» бойынша оқытатын мұғалімдері бар үздік мектепке бере алады. Және туыстарға көмек көрсету үшін сізді жұмыс істеуге мәжбүрлемейді (Newman and Chen, 2008). Сол сияқты, 2-бөлімде талқылағанымыздай, ата-анаңыз сізді орта немесе жоғары таптағы орынға жеткізетін мәдени, рухани капиталдармен қамтамасыз етеді.

Сонымен бірге егер ата-анаңыздың жоғары немесе орта кәсіптік білімі болса, орта тап өкілдеріне тән жұмыс істесе, жоғары білім алуыңызға мүмкіндігіңіз артады. Ата-анаңыз сізге SAT немесе ACT емтихандарына дайындық курстарымен елдегі оқу орындарының – сіздің таңдауыңыздың барлығының сұраныс ақысын төлеуге тырысады.

Оқуды аяқтаған соң, ата-анаңыз таныстары арқылы сізді жақсы жұмысқа орналастырып, тіпті киіміңізді алып беруге дайын. Бәлкім, үй алуға немесе жаңа кәсіп ашуға ақша берер. Ал ата-анаңыздың жоғары білімі болмаса, онда, керісінше, сіздің білім алғаныңызды емес, бірден жұмыс іздеп, табыс табуыңызды қалайды. Сіз оқитын орта мектептегі кеңесші де, жоғары білім алу үшін қажет алгебра сияқты курстарға емес, сауда-саттық немесе тігін курстарына қатысуға үгіттейді (Betty, 2003). Егер оқуды жалғастырғыңыз келсе, онда осы кедергілерден өтуге тура келеді.

**Немденудің жанама үлгісі** – ересектердің әлеуметтік таптағы мәртебесі олардың ата-анасының әлеуметтік таптағы мәртебесіне сай болады деген пікірмен үйлеспейді. Себебі балалардың талабы мен мүмкіндігіне әсер ететін отбасылық мәртебе мен оның табыс мөлшері.

### ЖАҚСЫ ЖЕРДЕ ЖҰМЫСТЫ ТАБИСТЫ АТҚАРУҒА ҚАЛАЙ ДАЙЫН БОЛАТЫН

Біреулерге машық пен құзыреттілік жетіспеген жағдайда, басқалардың жақсы жерде жұмысты табысты атқаруға қалай дайын болаты-

нын түсіндіреді. Алайда машық пен құзыреттілік міндетті түрде тапқа, мәртебеге немесе билікке жетуге кепілдік бермейді. Ірі экономикалық құлдырау немесе рецессия жағдайында еңбек нарығы теңдіктің ауытқуына әкелсе, білімге, уәждемеге (мотивация), ынтаға қарамастан, жақсы жұмыс табу қиынға соғады. Әрине, көптеген зерттеушілердің пікірінше, мемлекеттің экономикалық құрылымындағы және еңбек нарығындағы өзгерістер келесі ұрпаққа ұтқырлықпен жоғарылауға болмашы ғана мүмкіндіктер береді.

АҚШ-тың кәсіби құрылымының жоғары деңгейдегі қызметкерлерінің саны соңғы ғасырда арта түсті. Алайда барлығы тең дәрежеде ұтқырлықпен жоғарылау мүмкіндігіне ие болған жоқ. Қазір әйелдер мен азшылық өкілдері үшін еңбекақысы жоғары жұмыс табу қиын емес, бірақ олардың орны әлі де төмен деңгейде. Олардың ішінде корпоративтік заңгер емес, мемлекеттік қорғаушы қызметіндегілер; оташы емес, балалар дәрігері қызметіндегілер жиі кездеседі.

Еңбек нарығы теорияшыларының айтуынша, АҚШ-та еңбек нарығының сегменттелген түрі қалыптасқан: еңбек нарығының бірі – жоғары қызметтер үшін (әдетте үлкен компанияларда), ал еңбек нарығының екіншісі – төменгі қызметтер үшін (әдетте шағын компанияларда). Әйелдер мен азшылық өкілдері еңбекақысы төмен, жеңілдіктері аз, қауіпсіздігі қамтамасыз етілмеген және қызметте жоғарылау мүмкіндіктері болымсыз компанияларда жұмыс істейді.

## Америкалық арман: идеология және шындық

Кез келген стратификациялық жүйеде ұтатындар мен ұтылатындар болады. Неліктен ұтылғандар өз жағдайына көнуі тиіс?


Мұның жауабы идеологияда жатыр. Идеология – әлеуметтік, саяси, экономикалық немесе мәдени ұстанымды қолдап, маңызын арттыратын кез келген идеялар мен көзқарастар жүйесі. Әрбір стратификациялық жүйеге елдегі әлеуметтік құрылымды тиімді ететін және оны адамдардың қабылдауына бағытталған идеология бар. Мысалы, Үндістандағы үнді діні “қазір адам төменгі бір кастаның мүшесі болса, бұл – өткен өмірінде оның мінез-құлқы дұрыс болмағандықтан” деген уағыз айтады. Бірақ «егер осы ғұмырында иманды өмір сүрсе, онда келесі өмірде жоғары кастада туады» дейді. Бұл идеология адамдарды өз өмірінен барынша сабақ алуға бейімдейді.

АҚШ-та теңсіздікті ақтайтын негізгі идеология «Америкалық арман» деп аталады. Демек, АҚШ-та әрбір адамның мәртебелі де табысты болуға мүмкіндіктері тең. Яғни талмай еңбек еткен адам үлкен жетістіктерге жетеді. Керісінше, табысқа жете алмаған адам өз сәтсіздігінің себебін өзінен іздеуі тиіс. Мұндай идеологияға деген сенім әлемнің басқа елдеріне қарағанда АҚШ-та жоғары (Kohut and Stokes, 2006; Isaacs, Sawhill and Haskins, 2008). Осыған қарамастан, Батыс елдерімен салыстырғанда, АҚШ-тағы әлеуметтік ұтқырлық дәрежесі төмен (7,4-сызбағы қараңыз). АҚШ-пен салыстырғанда, Германияда әлеуметтік ұтқырлық – 1,4 есе, Канадада – 2,5 есе, Данияда 3 есе басым (Isaacs, Sawhill, & Haskins, 2008). Зерттеу нәтижелері бойынша, америкалықтардың жеке табысының 50%-ы ата-аналарының табысымен байланысты (Isaacs, Sawhill, & Haskins, 2008). Мысалы, аз қамтылған отбасыларын күрайтын 20%-дың ішіндегі 2/5 бөлігі өз ата-анасының әлеуметтік таптағы орнына сай орын табады (Isaacs, Sawhill, & Haskins, 2008).

**Идеология** - әлеуметтік құрылымды жетілдіруді көздейтін нормалар мен құндылықтар жүйесі.

#### 7.4-СЫЗБА. Табыс теңсіздігі және әлеуметтік ұтқырлықтың жеткіліксіздігі

Табыс теңсіздігі де, әлеуметтік ұтқырлықтың жеткіліксіз болуы да өзге елдерге қарағанда, АҚШ-та жоғары. Қызыл жолақ – табыс теңсіздігін, көк жолақ – ерлердің табысының әкелерінің табысымен салыстырғандағы деңгейін көрсетеді (яғни қай елде әлеуметтік ұтқырлық жетіспейтінін көрсетеді).



\* Әкелер мен олардың ересек ұлдарының кіріс көзінің сәйкестік деңгейі.

\*\* Шкала деңгейі 0-дан (табыс теңсіздігі жоқ) 0.6-ға (теңсіздік деңгейі жоғары) дейін.

Дегенмен кейбіреулер үшін «Америкалық арман» – қолжетімді арман. Америкалықтардың 1/3 бөлігі ұтқырлықпен жоғарылаған (Isaacs, Sawhill and Haskins, 2008). Басқа елдерден қоныс аударған адамдар үшін АҚШ көптеген «мүмкіндіктер ошағы» болып көрінеді. Білімді, сауатты қоныс аударушының қарапайым америкалықтарға қарағанда еңбекақысы жоғары болуы ғажап емес. Ал білім-біліктілігі нашар қоныс аударушының өз елінде табатын табысына қарағанда, АҚШ-тағы табысы көбірек болады. Бірақ америкалықтардың өзге 1/3 бөлігінің ұтқырлық жағынан алатын орны төмендеуде, қалғандары өз ата-аналарының әлеуметтік таптағы орнына сай.

## Жоғары ұтқырлықты түсіндіру

«Америкалық арман» идеологиясының өміршеңдігі жоғары ұтқырлыққа негізделген. Ұтқырлыққа кедергі келтіретін күштердің бар екенін ескерсек, кейбір адамдардың ата-анасының әлеуметтік таптағы орнынан жоғары көтерілуін қалай түсіндіруге болады?

Әрине, ақыл, еңбекқорлық және білімділік маңызды (Isaacs, Sawhill and Haskins, 2008). Дегенмен кедей отбасыларынан шыққан көптеген зерек балалардың жоғары білім алуға мүмкіндігі жоқ. Ал кейбір адамдар еңбекқор болғанымен, табыс мөлшері өте аз.

Жоғары ұтқырлық құбылысын түсінуде әлеуметтанушы Джули Беттидің этнографиялық зерттеуінің пайдасы зор. Бетти орта тапқа жататын мектепте тоғыз ай бойы (2003) сұхбат өткізіп, зерттеу жүргізген. Оның байқауынша, көбінесе мұғалімдер мен мектеп ұжымы оқушыларды мәртебесін көтеруге жігерлендірген: орта буын оқушылары алдыңғы қатарлы сыныптарға көшіп, оқу жетістіктері атап өтіліп, мадақталған. Жұмысшы отбасынан шыққан оқушыларға кәсіби даярлық дәрістеріне қатысу ұсынылған; ал аз қамтылған отбасынан шыққан оқушылар назардан тыс қалып, оларға үміт артылмаған. Осылайша, барлық әлеуметтік таптар оқушыларының аз бөлігі нәсілдік кемсітуден, мұғалімдердің үміт артпауынан зардап шеккен.

Солай бола тұра, кейбір қарапайым отбасынан шыққан оқушылар ұтқырлықты арттыру бағытын ұстанады. Олардың барлығы ақылды және еңбекқор екені анықталды. Бірақ жұмысшы және төменгі тап оқушылары үшін қол жетпейтін ресурстар бар. Кейбірі орта буынның спорттық командаларына немесе мұғалімдер мен кеңесшілер құрған үйірмелерге қатысқан. Кейбіреулерінің жоғары оқу орнын аяқтаған және қаржылай әрі рухани тұрғыдан қолдайтын (мысалы, жоғары оқу орнынан білім алудың маңызын түсіндіретін және үлгі көрсететін) туыстары бар. Жоғары оқу орнына түсуге қосымша даярлықтар қарастырылған мектепті бітіру барлығына тиімді болды. Кейбір оқушылар қоныс аударған орта тап отбасыларынан шыққан. Бұл оқушылардың оқуға қажет қаржылай ресурстары болмаса да, сауатты ата-аналарынан бойына сіңген рухани қоры жеткілікті екені анықталды.

Сол сияқты, Далтон Конлей (2004) «ресурстарға дифференциалды жолмен қол жеткізу отбасылар ішіндегі әлеуметтік ұтқырлыққа байланысты» деп түсіндірген. Колледжде оқып жүрген баланың ата-анасы ажырасып немесе әкесі жұмыссыз қалған жағдайда, оның мектепте оқитын кіші інісіне қарағанда колледжді аяқтауға мүмкіндігі көбірек. Керісінше, ата-анасының табысы уақыт өте келе өссе, олар өздерінің бірінші баласынан гөрі кіші баласына әлдеқайда көбірек көмектесе алады. Ата-аналардың барлық баласын оқытуға қаражаты жеткіліксіз болса, қыздарын емес, ұлдарын оқытуға ұмтылады, ең болмағанда, тұңғыш баласының оқуын төлеуге тырысады немесе қай баласына үміт артса, сол балаға, яғни бейімі бар баласына білім беруді ұйғарады. Ата-аналар тарапынан көмек, қолдауды неғұрлым көбірек көрген балаларға әлеуметтік ұтқырлықпен алға басу жеңілдеу болады. Джули Бетти зерттеген оқушылар сияқты, әлеуметтік ұтқырлықпен жоғарылау ресурстарға қол жеткізу мүмкіндігіне байланысты.

## Әлеуметтік тап пен қоғамдағы өмір

Жалпы, сіздің әлеуметтік таптағы орныңыз өмір сүру салтыңызды анықтайды. Бұл тарауда АҚШ-тағы әрбір тапқа тән тұрмыс-тіршілік қысқаша сипатталады.

### Кедейлік

АҚШ үкіметі жыл сайын кедейліктің ресми деңгейін немесе кедейліктің шегін, яғни лайықты деңгейде өмір сүру үшін отбасына қажет ең аз деген ақша сомасын белгілейді. 2011 жылғы көрсеткіш бойынша, 2 ересек адам және 2 баласы бар отбасы үшін кедейлік деңгейі \$22,113 құрады (АҚШ денсаулық сақтау және халыққа қызмет көрсету департаменті, 2011). 2010 жылы 46 миллион адам, яғни америкалықтардың 15.1%-ы ресми кедейлік деңгейінен төмен үй қожалықтарында өмір сүрген (DeNeveWalt, Proctor&Smith 2010). Бұл – үкіметтің 50 жыл бойы жүргізген статистикасындағы байлар мен кедейлер арасындағы алшақтықтың ең жоғары шегіндегі көрсеткіш.

### Халықтың кедей топтары

Кедейлік қоғамның бірнеше саласына әсер етеді. Кедейлік ақ нәсілді америкалықтардың да, басқа нәсілді америкалықтардың да, кішкен-




тай қалалар мен үлкен қалаларда да, жұмыс істейтіндер мен істемейтіндердің арасында да, толық және толық емес отбасыларда да бар. Бірақ басқаларға қарағанда кейбір топтарға көбірек әсер етеді. Алайда кедей ақ америкалықтардың саны көп; жоқшылық афроамерикалықтар мен латынамерикалықтарға ортақ. Оған қоса, 7.2-кестеде көрсетілгендей, кедейлікке жастар, азаматтығы жоқ адамдар және толық емес отбасылар жиірек душар болады (U.S. Bureau of the Census, 2011).

Кедейлік шегінде өмір сүріп жатқан адамдар күнделікті ауыр күйзеліс үстінде. Балалары тоя тамақ ішпейді, ата-аналары мүлде аш, өсе келе балаларға киім табу олар үшін мұңға айналады. Уайымы көп, шешімі жоқ болған соң, кәдімгі салқын тиюден ауруға шалдықса да, дәрігерге қаралуға шамасы жетпейді.

Жоқшылықта күн кешкен кедейлерде үй деп атайтын баспана да болмайды. 2008 жылы 3.5 миллион америкалық, оның 40%-ға жуығы балалар, баспанасыз болған (National Coalition for the Homeless, 2008).

#### 7.2-КЕСТЕ. Кедейлік деңгейінен төмен өмір сүретін америкалықтар

	Миллион адам	Кедей топтардың пайыздық үлесі
<b>Барлығы</b>	<b>46,1</b>	<b>15,1%</b>
<i>Этнос</i>		
Испантекті емес ақ америкалықтар	19,6	9,9
Афроамерикалықтар	10,7	27,4
Оңтүстік испантектілер	13,2	26,6
Азиялық/тынықмұхиттық америкалықтар	1,7	12,1
<i>Жасы</i>		
18-ге толмаған	16,4	22,0
18–24 жаста	6,5	21,9
25–34 жаста	6,3	15,2
35–44 жаста	5,0	12,6
45–54 жаста	4,6	10,6
55–59 жаста	2,0	10,1
60–64 жаста	1,8	10,1
65 жас және одан асқан	3,5	9,0
<i>Азаматтық/жергілікті</i>		
Жергілікті (сонда туған) азамат	38,6	14,4
Азаматтық алған тұрғын	1,9	11,3
Азаматтығы жоқ	5,7	26,7
<i>Отбасылық жағдайы</i>		
Үйленген, жұп	3,5	6,2
Толық емес отбасы (күйеуі жоқ)	4,7	31,6
Толық емес отбасы (әйелі жоқ)	0,8	15,8



Біз кедейлікті азшылық топтармен байланыстырамыз, бірақ кедейлікте өмір сүретіндердің көбі – ақ америкалықтар.

Дағдарысқа байланысты қазіргі саны одан жоғары болуы мүмкін. Демек, 2012 жылға дейін жаңа мәліметтер жиналмаған. Кедей америкалықтар жеке басы кедей болғандықтан ғана емес, сондай-ақ кедейлер шоғырланған өңірлерде, яғни тұрмысы өте нашар халықтың арасында тұрғандықтан да зардап шегеді. Осы өңірлерде – ауылда болсын, қалада болсын – мектептер, қоғамға қызмет көрсету орындары аз болғандықтан, жұмыс та жетіспейді, яки мүлде жоқ. Нәтижесінде, жастар жұмыссыз жүруге көндігіп, мұндай жағдайды қалыпты, яғни өзгертуді қажет етпейді деп санайды. Кедейлік шоғырланған жерде зорлық, қылмыс, нашақорлық, ішімдік өзекті мәселеге айналады. Сондықтан ата-аналар балаларын үйге қамап, қастарынан шығармауға тырысады. Мұндай мәселе қоғамның арақатынас жүйесін тығырыққа тірейді.

### Кедейліктің себептері

Осы тараудың басында макро және микродеңгейлі әлеуметтік факторлар туралы айтып өткенбіз. Кедейліктің себептері осындай ірі процестерде жиі кездеседі. Біреулер кедейлікті микродеңгейде «кедейлік санасы» арқылы түсіндіруге болады деп есептейді; ал өзгелер кедейлікті парапар мүмкіндіктердің жетіспеушілігі арқылы макродеңгейде түсіндірген жөн деп санайды.

### Кедейлік сана-сезім

Кедейлік сана-сезім теориясы – кедей адамдар ұстанатын құндылықтар жүйесі. Үнемдеу, тұрмыс құру, болашаққа қор жинақтау, ерінбей еңбек ету тәрізді ізгі мұраттарды көздемей, өмірдің қазіргі сәтін бағалап, бір күндік өмір сүрумен шектелуді «кедейлік сана» деп анықтайды (Lewis, 1969). Олар қаншалықты ауыр еңбек етсе де жетістікке жетпейтінін түсініп, ертеңін ойламай, «бір күніне мәз» болуды жөн көреді. Бұл теория бойынша кейбіреулер (әсіресе азшылық арасындағы еркектер) баршылыққа қарсы мәдениетті ұстанады. Олар «жұмыс, білім, неке – орта таптың, яғни өздері жек көретін ақ нәсілділер мәдениетінің белгілері» деп санайды (Mide, 1992).

**Кедейлер шоғырланған өңір** – халықтың басым бөлігін кедейлер құрайтын аудандар.

**Кедейлік сана-сезім** – бір күндік өмір сүруді бағалаумен шектелу.

Кедейлік мәселесін шешуге арнап отыз жыл бойы жүргізілген жан-жақты зерттеулер нәтижесінде «кедейлікке жетелейтін – кедейлік сана-сезім» деген пікірге аз ғана дәлел табылды (Corcoran, 1995; Small and Newman).

Зерттеушілердің айтуынша, кедей адамдар орта тап өкілдеріндей, жұмыс, білім және тұрмыс құру құндылықтарына көп мән бермейді. Сондай-ақ олар жасөспірім қыздардың жүкті болуы, кең тараған сауатсыздық және жұмыссыздық – кедейлікке ұшырататын себептер емес, керісінше, кедейліктің салдары деп пайымдайды (Edin&Kefalas, 2006; Newman & Massengill, 2006; Haggis, 2011).

Жаңа зерттеулердің болжауынша, кедейлікті жою үшін мәдени құндылықтар мен қоғамдық құрылымдар бірлесе (Small, Harding & Lamont, 2010) ықпал етуі керек. Сондай-ақ егер жеке табыс деңгейіне қарамастан, көршілік құрылымда адамдар өзара қарым-қатынас құруға талпынса (мысалы, мектептер үнемі ата-аналарға арналған іс-шаралар ұйымдастырса), көршілер бір-біріне көмектесіп, топтасқан бұзақылар мен граффити бейнелеушілері сияқтылардың т.б. істеріне қарсы наразылығын ашық білдіруге дайын болатын еді (Small, 2009). Мұндай мәдени және құрылымдық өзгерістер жастарға білім алу, жұмысқа орналасу, тұрмыс құру және кедейлікті жеңу тұрғысынан барынша ықпалын тигізуі мүмкін.

### Өзгермелі жұмыс нарығы

Кедейлік сана теориясы кедейлерді өз жағдайына қанағат ететіні үшін жасырын түрде айыптайды. Бұл теорияның сыншылары микродеңгейдегі процестер негізінде кедейлікті түсіндіруге болмайды деп есептейді. Олар ең дұрысы, «біз өзгеріс үстіндегі еңбек нарығына баса назар аударуымыз керек» дейді. Егер еңбекақысы жоғары жұмыс орындары болмаса, адамдардың неліктен кедей екенін түсіну үшін психоанализ жасаудың қажеті жоқ.

Қазіргі замандағы кедейлік құбылысын тануда, өзгермелі еңбек нарығының орны бөлек. XX ғасырдың алғашқы онжылдықтарында ауыл шаруашылығынан өнеркәсіптік қоғамға көшу көптеген адамдарға әлеуметтік сатымен жоғарылауға мүмкіндік берді. Алайда соңғы онжылдықта АҚШ-тағы деиндустриализация барысында білімі төмен адамдарға жоғары еңбекақы төленген біраз жұмыс орындары жойылды (Newman, 1999a, 1999b; Newman & Chen, 2008). Кезінде ата-аналар мен ата-әжелеріміз істеген жақсы кәсіподақтық жұмыстардың есесіне бүгінгі мектеп түлектері мен университет бітірушілер еңбекақысы төмен, жеңілдіктер қарастырылмаған, кәсіби дамуға және кедейліктен арылуға мүмкіндік бермейтін жұмыстарда істеуге мәжбүр. Қысқаша айтқанда, кедейліктің басты себебі – жақсы жұмыс орындарының жеткіліксіз болуы.

### Кедейлік шегінде өмір сүретін топтар / Халықтың табысы төмен жіктері

Кедейлік шегіндегі топтар деп шаруашылығы бар және кедейліктің ресми федералдық деңгейінен екі есеге дейін жоғары табыс табатындарды (яғни \$22,000-дан \$44,000-ға дейін) айтады. Америкалықтардың шамамен 19%-ы осы санатқа жатады (АҚШ Санақ бюросы, 2011). Сонымен қатар өмір сүруге қажетті шығындар мен үкімет тарапынан берілетін жәрдемақының нақты мөлшерін қоса алғанда, кедейліктің жаңа өлшемдері тұрғысынан америкалықтардың үштен бір бөлігі, яғни 98 млн астам адам кедейлік шегінде өмір сүруде. Көптеген зерттеушінің пікі-

**Кедейлік шегіндегі топтар** – баспанасы бар және кедейліктің ресми федералдық деңгейінен екі есеге дейін жоғары ақша табатындар.



Жақсы жұмыс орындарынан айырылу кедейлікке ұшыраған америкалықтардың санын арттырды.

рінше, «кедейлік шегіндегілер» шын мәнінде «кедейлер» деп есептелуі тиіс, өйткені екі топ үшін де лайықты деңгейде өмір сүру қиынға соғады. Алайда кедейлік шегіндегі адамдардың жағдайы кедейлік деңгейінен де төмен табысқа өмір сүретіндерден өзгеше (Newman & Chen, 2008).

Жоқшылықты бастан кешкен кедейлермен салыстырғанда жағдайы кедейлікке жақын тұлғалар әдетте жақсы мектебі бар қауіпсіз (бірақ жақын маңдағы кедей аудандардан қауіп төнетін) аудандарда өмір сүреді. Тым кедейлерге қарағанда, кедейлікке жақындар толық күн (тіпті екі жұмыс орнында) жұмыс істейді, бастарында баспанасы бар және тамақтары да жеткілікті. Дегенмен олардың еңбекақысы жоғары емес, жеңілдіктер аз немесе мүлдем жоқ, еңбек қауіпсіздігі төмен (Newman & Chen, 2008). Олар көп ақша жинақтай алмайды. Ал жұмыстан шығарылса немесе ауруға байланысты бір апта жұмысқа шыға алмай қалса, шоттарын төлеу қиынға соғады. Медициналық сақтандыру аз немесе жоқ болғандықтан, дәрігерге бармас бұрын ұзақ және көп ойлануға мәжбүр. Тісін емдетуге жағдайлары келмегендіктен, кейде тістерінен де айырылады. Үкімет оларды кедей деп санамаса да, зерттеушілердің көпшілігі олар өмір сүрудің жеткілікті деңгейіне жете алмайды деген қорытынды жасайды.

Кедейлікке жақындар ағымдағы қаржы дағдарысының (Newman & Chen, 2008) ортасында қалды. Себебі кедейлік шегіндегілердің кейбірі табысы жоғары адамдармен бірге жұмыс істейді. Олардың қасында жүргенде өздерін басқалармен салыстырады да, мүлде қамтамасыз етілмегенін түсінеді (5-бөлімде талқыланған). Әдетте бірнеше беделді банк немесе несиелік қызмет көрсететін мекемелер жақын орналасатыны мәлім. Соның нәтижесінде кедей америкалықтар соларға жүгініп, несие беру қызметтерін пайдаланады немесе «өз пайдасын ғана ойлайтын» несиелендіру компанияларына душар болып, жоғары пайызбен несие алады, сөйтіп, ипотека брокерлерінің нысанасына айналады. Өкінішке қарай, кейде үйлерінен де айырылады (Newman & Chen, 2008).

## Жұмысшы табы

Жұмысшы табының өкілдері кім? Бұл сұрақтың жауабы табыс деңгейіне, әсіресе адамның мамандығына, біліміне, өзін-өзі тануына және өмір салтына қатысты анықталады. Жалпы алғанда, жұмысшы





## БАҚ ЖӘНЕ МӘДЕНИЕТ

### Музыка мен әлеуметтік таптар арасындағы байланыс

**Б**ір қарағанда, өзіміз тыңдайтын музыка біздің жеке таңдауымыз бен қалауымыз болып көрінеді. Дегенмен біздің музыкалық талғамымыз әлеуметтік деңгейімізді, кейде әлеуметтік деңгейді өзгертуге деген ниетімізді көрсетеді. Сол себепті әлеуметтанушылар музыканы адамдар тыңдап қана қоймай, қолданатын дүние ретінде қарастырады.

Әрине, адамдар музыканы ләззат алу үшін пайдаланады. Бірақ музыканы қолдану мұнымен шектелмейді. Алғашқы махаббатыңызды еске салатын сүйікті әніңіз немесе біреуге не бүкіл әлемге ашулы болғанда тыңдайтын әуеніңіз бар ма? Кез келген

жағдайда өзіңізге, кейде басқаларға эмоцияңызды жеткізу үшін немесе бөлісу үшін музыканы пайдаланасыз. Салмақ тастау үшін панк-рок музыкасын қосып жаттығулар жасайсыз, регги музыкасын тыңдап отырып сабақ оқуды ұнатасыз, себебі бұл сіздің көңіл күйіңізді көтереді. Осындай белгілі бір жанрдағы музыканы (саналы немесе бейсаналы, христиандық рок немесе хип-хоп) таңдауыңыз әлеуметтік табыңызды білдіретін белгі екен (мысалы, Gardner, 2004; Roy & Dowd, 2010). Мұндай белгілерді клубтарда, концерттерде, Facebook парақшаларында немесе бір музыка жанрларына арналған интернет-сайттарда көруге болады.

Сол сияқты, адамдар оны түсінсе де, түсінбесе де, музыка оларды әлеу-

меттік таптар ретінде байланыстыруы мүмкін (Roy & Dowd, 2010). Мысалы, төменгі сынып оқушыларымен салыстырғанда, жоғары сынып оқушылары көбінесе үйде джаз және классикалық музыка тыңдайды, ал кантри немесе хип-хоп музыкасын тыңдауы сирек кездеседі. Егер олар өсе келе де джазды және классикалық музыканы ұнататын болса, онда осы музыканы қалауы олардың әлеуметтік таптарының сипаты ретінде қабылданады. Сонымен қатар кезінде зауыт жұмысшылары болған ата-анасынан кантри музыкасына үйренген заңгер өзі еңбек ететін заң фирмасына сай болғысы келсе, музыкалық талғамын өзгертуге (немесе жасыруға) мәжбүр болады.

табына өнеркәсіптегі «көк жағалы» жұмысшылар мен олардың отбасылары, яғни халықтың 30–40%-ы жатады. Олар – фабрикаларда, кеме жөндеу докторында және сұлулық салондарында жұмыс істейтін ерлер мен әйелдер. Арасында жүк машиналарын жүргізетін, хатшы ретінде жұмыс істейтін, үй салатын және қызмет көрсету саласында еңбек ететін қызметкерлер де бар. Олардың еңбекақысы кейде өте жақсы әрі жеңілдіктер алатын болса да, жұмысшы табы болып қала береді. Ал экономикалық дағдарыс пен құлдырау кезінде мұндай жұмысшылардың жұмыссыздыққа ұшырағандарының саны 10-нан 30 пайызға дейінгі мөлшерді құрайды. Бұл адамдардың көбі орта мектеп бітіргенмен, арасында жоғары білім алғандары аз.

Жұмысшы табының аз ғана өкілдері орта таптың төменгі топтарымен тең немесе оларға қарағанда мол табысқа ие. Мысалы, жүк машинасын жүргізушілердің табысы медбикелер мен мемлекеттік мектеп мұғалімдерінің табысымен салыстырғанда көбірек. Жұмысшы тап отбасылары орташа деңгейдегі отбасылар сияқты, бірдей аудандарда тұруы мүмкін. Алайда экономикалық тұрғыдан олардың жағдайының үш ерекшелігі бар.

1. Жұмысшы тап өкілдерінің қызметте өсуіне мүмкіндік өте аз немесе мүлде жоқ; ал олардың табысының көтерілуі өте сирек.
2. Жұмысшы табының жұмыс орындары қауіпсіз болуы да сирек, әсіресе америкалық экономика өндірістік түрінен қызмет көрсету саласына қадам жасағаннан бері қауіп артты.
3. Жұмысшы табындағы адамдардың орта тап мүшелеріне қарағанда зейнетақы, денсаулықты сақтандыру және басқа жеңілдіктерге қол жеткізуі әлдеқайда сирек.

Осы себептерге байланысты жұмысшы табы өкілдерінің ақша жинақтауға немесе басқа активтерге иелік етуге мүмкіндіктері жоқ. Ал жұмыстан шығын қалу, ауруға шалдығу немесе жарақат алу

жұмысшы табындағы отбасыларды бір сәтте-ақ кедейлікке ұшыратуы ықтимал (Newman, 1999a).

Болашақтың бұлдырлығы мен экономикалық сенімсіздік салдарынан жұмысшы табының мүшелері басқаларға қарағанда қауіпсіздікті жоғары бағалайды. Әдетте орташа және жоғарғы тап өкілдері өздерінің еркіндігі мен басқару мүмкіндігін ескеріп, жұмысты таңдайтын болса жұмысшы табындағы адамдар өз таңдауын сенімсіздік, күмән және қорқыныш арқылы жасайды (Schwartz, Markus & Snibbe, 2006). Мысалы, орта таптағы америкалықтар рок-музыканы және жеке еркіндікті көтеретін әндерді ұнатса, жұмысшы табындағы америкалықтар көбіне «таңдау жасау қауіпті» деп ескертетін кантри музыкасын (Джордж Джонс: «Мен өзім жасаған таңдауларыммен бірге өмір сүріп, өлемін») тыңдайды. Адамдардың жеке музыкалық талғамы мен олардың әлеуметтік таптық байланысы әрі қарай «БАҚ және мәдениет: Музыка мен әлеуметтік таптар арасындағы байланыс» тарауында қарастырылады.

## Орта тап

Орта тап үлкен және түрлі топтардан тұрады және шамамен халықтың 30–40%-ын құрайды. Орта топтағы көпшіліктің жоғары білімі немесе орта кәсіптік білімі болғанымен, еңбекақысы жұмысшы тап өкілдерінің ақысынан төмен болуы мүмкін. Шкаланың қарама-қарсы жағында кейбіреулер жылына \$200 000-нан астам табыс табады, сөйтіп, америкалықтардың ең бай 5%-ының қатарына кіреді (АҚШ Санақ бюросы, 2011). Алайда бұлар әлі де орта тапқа жатады деп саналады. Ал егер отбасы мүшесі бірнеше ай жұмысқа шыға алмаса, ипотекалық төлемге байланысты жағдайы қиындайды. Сонымен олардың ағымдағы табысы жоғары болса да, байлығы – инвестициялары, жинақтаған қоры және активтері оңай сатылса да, қарыздарынан құтыла алмайды.

Орта тап мүшелерінің табысы жоғары немесе төмен болғанына қарамастан, олар жұмыс орнының қауіпсіздігіне баса назар аударады және жұмысшы табына қарағанда қызметте өсуге мүмкіндіктері көбірек болады. Орта тапқа жататын қызметкерлер әдетте медициналық сақтандыру және науқастануға байланысты демалыс секілді маңызды жеңілдіктермен қамтамасыз етілген. Бірақ ондай жеңілдіктер саны соңғы 20 жылда азайып кетті.

Орта таптың мәдениеті жоғарғы таппен жұмысшы табы мәдениетінен ерекше. Жұмысшы табындағы адамдармен салыстырғанда, орта таптағы адамдар үйлерін діни иконалармен толтырмайды немесе боулинг командасының мүшесі болмайды, олар білімді және жыныстар арасындағы тең құқықтылықты бағалайды. Ал жоғары таптағы адамдармен салыстырғанда үйлерін заманауи өнер туындыларымен безендірмейді, гольф лигаларына мүше болмайды (Halle, 1993). Сонымен қатар жұмысшы табындағы ата-ана балаларынан айтқандарына бағынуды және оңаша көңіл көтеруін күтсе, орта таптағы ата-аналар балаларымен бірге көңіл көтеріп, өздеріне бағынудың маңыздылығын түсіндіреді (Lareau, 2003).

## Жоғарғы тап

Жоғарғы тап халықтың шамамен 1%-ын құрайтын екі топтап тұрады. Біріншісі – отбасыларының табысы мен мәртебесі ұрпақтап-ұрпаққа беріліп келген адамдар. Бұл адамдар Жаңа Англиядағы кішігірім Andover, Exeter және Choate сияқты дайындық мектептерінде оқыған (Higley, 1995). Бұл мектептердің көптеген түлектері Гарвард, Йель және

Нью-Йорктің бай тұрғындарына арналған әйгілі қымбат «Хамптонс» жазғы клубында демалатын осы поло жанкүйерлері сияқты жоғарғы тап мүшелері, табысы бойынша халықтың 1 пайызын қамтиды.



Принстон секілді Ivy League оқу орындарына түседі. Олар оқуын бітірген соң елдің таңдаулы клубтарына қосылып, жоғары мәртебелі епископтық немесе пресвитерлік шіркеулерге барады. Олар көркем мұражайлар, симфониялар, опера және т.б. «жоғары мәдени» ұйымдарға қызмет көрсетуі мүмкін.

Екінші топ миллиондаған немесе миллиардтаған доллар табысының кем дегенде бір бөлігін өз еңбегімен (мұраға емес) тапқан адамдардан тұрады. Құрама Штаттарда шамамен 500 000 миллионер тұрады. Кедейліктен байлыққа жеткендері де бар. Олардың көпшілігі – орта таптағы немесе жоғарғы таптағы ата-аналары жақсы мектептерде оқытып, қаржылай көмек көрсетілгендер (7.3-кесте).

## Әлеуметтік тап және қоғамдық саясат

Көптеген америкалықтардың айтуынша, бәсекелестік әділ болса, таптар нәтиженің теңсіз болуымен келісуге дайын. «Үстемдіктердің әділетсіз болмауын қалай қамтамасыз ету керек?», – деген сұрақ туындайды. Саясатшылар, қоғам белсенділері мен әлеуметтанушылар теңдікті нығайтуға бағытталған әртүрлі тәсілдерді ұсынады. Олардың негізгі екеуі – әділ еңбекақы қозғалысы және білім алу мүмкіндіктерін арттыру.

### Лайықты еңбекақы талап ету қозғалыстары

Табыс теңдігін көтермелеудің бірден-бір жолы – әлеуметтік жүйенің төменгі топтағыларының табыс мөлшерін көбейту. XIX ғасырдан бері кәсіподақтар америкалық жұмысшылардың еңбекақы мөлшерін көбейтуге тырысты (Lichtenstein, 2003). Кәсіподақтардың лайықты еңбекақыға қол жеткізу мақсатында қойған талаптарын жұмыс берушілердің қабылдауы үшін бойкоттар, ереуілдер және ұжымдық келіссөздер сияқты тактикалар қолданылды. Кәсіподақтар XX ғасыр-



**7.3-КЕСТЕ. АҚШ-тағы ең бай он адам**

Төмендегі ең бай адамдардың төртеуі мұрагерлікпен байыған. Бес адам үлкен байлыққа жетуде өздері үлкен рөл атқарды. Сонымен қатар бұлар мансаптарын едәуір үстемдікпен бастаған. Тек Ларри Эллисон, шын мәнінде, өзін-өзі жетілдіріп, табысқа өз еңбегімен жеткен.

Есімі мен орны	Таза құн	Байлық көзі
1. Билл Гейтс	54 млрд доллар	Microsoft, ата-анасы бай
2. Уоррен Баффетт	45 миллиард долларға жуық	Беркшир Хэтэуэй, ата-анасы бай
3. Ларри Эллисон	27 миллиард доллар	Oracle Corporation
4. Кристи Уолтон	24 миллиард доллар	Wal-Mart мұрасы
5. Чарльз Кох	21,5 миллиард доллар	Мұрагерлік және айтарлықтай кеңейтілген Koch Industries
6. Дэвид Кох	21,5 миллиард Доллар	Мұрагерлік және айтарлықтай кеңейтілген Koch Industries
7. Джим Уолтон	20,1 миллиард доллар	Wal-Mart мұрасы
8. Алиса Уолтон	20 миллиард доллар	Wal-Mart мұрасы
9. Робсон Уолтон	19,7 миллиард доллар	Wal-Mart мұрасы
10. Майкл Блумберг	18 миллиард доллар	Bloomberg медиа компаниялары, ата-анасы бай

ДЕРЕККӨЗ: Forbes (2011).

дың жартысында жұмысшылардың еңбек және тұрмыс жағдайларын жақсартуда маңызды рөл атқарды. Алайда өңдеу өнеркәсібі қысқаруына байланысты 1970 жылдан бері кәсіподақтардың саны азайып кетті.

Қазіргі уақытта табыс теңдігіне мүдделі адамдар ең төменгі еңбек ақы деңгейін көтеруге баса назар аударады. Инфляцияның әсерінен ең төменгі еңбекақы мөлшері 1968 жылға қарағанда 13%-ға төмендеді (2011 жылы сағатына \$ 7,25 болды).

Толық күн жұмыс істейтін адамдардың жылдық еңбекақысы ең төменгі деңгейде болса, бұл кедейліктен арылуға жеткілікті қаржыдан әлдеқайда аз, шағын отбасылардың қажеттіліктеріне ғана жетеді. Ең төмен айлық еңбекақыны көтеру, тым болмағанда, олардың жағдайын жеңілдетер еді.

## Білім алу мүмкіндіктерін арттыру

Білім алу табыс теңсіздігін төмендету үшін маңызды екені анық (Isaacs, Sawhill & Haskins, 2008). Зерттеулерге сүйенсек, төменгі таптарға жататын оқушылардың жақсы білім алуына жағдай жасайтын бағдарламалардың саны артуда. Осындай бағдарламалар балаларды интеллектуалдық жағынан ынталандыруға бағытталған. Олар ағылшын тілін білмейтін балалар үшін арнайы курстарды ұсынады. Сондай-ақ отбасылық жағдайы төмен балалардың оқуға түсуіне демеушілік жасайтын несие-лік және гранттық бағдарламалар да бар. Бұл бағдарламалар бұрынғы-

мен салыстырғанда біршама жетістіктерге жетті; қазір төменгі таптың колледждер мен университеттерде оқитын студенттері басым.

Алайда балалар мектепте аптасына 35 сағат, ал отбасыларымен аптасына 130 сағат уақытын бірге өткізеді. Зерттеушілердің айтуынша, бұл кедей балалардың өздеріне кедергі келтіретін көп мәселелерді жеңе алмауына әсер етеді. Мысалы, олар бастауыш сыныптағы математика пәнін кедей балалар да, жағдайы жақсы отбасылардан шыққан балалар да бір деңгейде меңгеретінін анықтаған. Алайда кедей балаларда жазғы демалыста білімін бекітуге мүмкіндік жоқ, бай балалары үшін мүмкіндіктер алуан түрлі (Entwisle & Alexander, 1992). Кедей балалар оқуға ынтасын көтеретін түрлі және қызықты істермен үй жағдайына байланысты айналыса алмайды. Сондықтан қазір көптеген ғалымдар мен қоғам белсенділері кедей отбасынан шыққан оқушыларға арналған жыл бойы оқытатын мектептер мен жазғы бағдарламаларға қолдау көрсетеді.

## Бұл бізге не береді?

Стратификацияны зерттеу мынадай басты бір тұжырымды қалыптастырды: өздері оқу бітірмеген, балаларын интеллектуалды ынталандыруға уақыты да, ақшасы да жетпейтін және мәдени-рухани дамуы төмен ата-аналардың отбасынан шыққан балалар болады; сонымен қатар байлығы, байыпты байланыстары және «жоғары мәдениетті» ата-аналардың отбасынан шыққан балалар бар. Іс жүзінде олардың мүмкіндіктері тең болуы мүмкін емес. Сол сияқты, кейбір елдер ақша, мұнай, беделді БАҚ, танымал оқу орындары сияқты ресурстарға ие, ал басқаларында мұндай ресурстар тапшы. Нашар дамыған елдерде өмір сүру ұзақтығы төмен, көптеген панасыз адамдар азық-түлік тапшылығынан тіпті аштықтан зардап шегеді. Яғни тең мүмкіндіктерді орнатудың жалғыз жолы – осы мәселелермен ел ішінде күресу немесе елдердің бірігіп күресуі. Осыған орай, америкалықтарға қойылар сұрақ: «Бізге мұның қатысы бар ма?».

Бұл сұраққа моральдық тұрғыдан жауап беру үшін кедей және бай америкалықтардың, сондай-ақ кедей және бай мемлекеттердің өмірінің сапасы бір-бірімен тікелей байланысты екенін ұмытпағанымыз жөн. Бай америкалықтар өміріне риза, себебі олардың өздеріне көмекші алуға, такси жүргізушісін жалдауға мүмкіндігі жеткілікті. Олар еңбекақысы төмен жұмысшылар салған үйлерді және өндірген тауарларды сатып ала алады. Сол сияқты, АҚШ және басқа бай елдердің азаматтары адамның бір сағат еңбегі қара бақырмен есептелетін елдерден шикізат пен өнімдерді арзанға сатып алады. АҚШ-тың әскери және экономикалық қуатына басқа елдердің қарсы тұра алмайтынын сезу үстемдікті білдіреді. Сонымен бірге америкалық мәдениетке қарсы тұруға басқа мәдениеттердің күші жетпегендіктен, АҚШ-тың экономикалық және саяси билігі бүкіл әлемге таралуда.

Алайда бұл – этика оқулығы емес, әлеуметтану оқулығы. Әлеуметтік тұрғыдан алғанда, ең маңызды мәселе – теңсіздіктің деңгейін төмендету арқылы жеке адамдар мен жалпы қоғамға пайда тигізу. Теңсіздік деңгейі жоғары елдерде әрбір адам, сондай-ақ ауқатты азаматтар да стресске түседі. Олар қылмыс көбейіп, халықтың денсаулығы нашарлап, өмір сүру ұзақтығы қысқаруынан зардап шегеді (Marmot, 2004; Wilkinson, 1996, 2005). Егер қылмыскерлерден қорғану, есікті құлыптап отыру немесе жұмыстан шығарылу сияқты жағдайлар тұрақты түрде үнемі болып тұратын болса, бай болудан да, орта тап өкілі болудан да рақат жоқ. Сол себепті бай елдер өз сақшыларының үнемі дайын тұруын талап етеді, басқа елдер өздерінің экономикалық және мәдени ұстанымдарын қорғауға ұмтылады.



## Қорытынды

1. Стратификация қарапайым теңсіздік ұғымынан ерекше, өйткені ол тұлғаның жеке қасиеттеріне емес, оның әлеуметтік санаттағы мүшелігіне негізделеді. Әдетте теңсіз бағаларды ақтайтын нормалар мен құндылықтар қамтылады.
2. Стратификациялық жүйелердің екі түрі бар. Касталық жүйелерде сіздің әлеуметтік деңгейіңіз толығымен ата-анаңыздың мәртебесіне байланысты. Таптық жүйелерде әлеуметтік деңгейіңіз толығымен біліміңіз бен кәсіптік білігіңізге байланысты болады. Сондықтан ата-анаңыздан жоғары немесе төмен деңгейге болуыңыз мүмкін.
3. Маркстың пайымдауынша, стратификацияның бір ғана маңызды өлшемі бар – ол таптық қатынастар өлшемі. Вебер екі қосымша өлшемді ұсынған, ал әлеуметтану ғалымдарының көбі қазір стратификацияның үш бағытына сүйенеді: тап, мәртебе және билік.
4. Халықаралық теңсіздік – бүгінгі әлемде танылған шындық. Орташа дамыған және дамуы төмен елдердің өркендеуі арқылы теңсіздіктің деңгейін төмендету – барлық елдерге ортақ проблема. Даму – барынша «батыстандыру» емес. Бұл – өнімділікті арттыру және өмір сүру деңгейін көтеру.
5. Дүниежүзіндегі мемлекеттерді бай, әртараптандырылған, тәуелсіз, жоғары дамыған іргелі елдер, орташа дамыған шеткері елдер және дамуы төмен елдер деп бөлуге болады.
6. Адами даму индексі және гендерлік даму индексі жалпы өмір сапасын бағалау үшін сауаттылық пен білім сапасының, өмір сүру ұзақтығы мен экономикалық өнімділіктің көрсеткіштерін қолданады. Сонымен бірге гендерлік теңсіздікке ықпал ететін өмір сүру сапасы да зерттеледі.
7. Модернизация теориясының әлеуметтік өзгеріс жөніндегі функциялық пайымдауы нашар дамыған елдер жоғары дамыған елдердің технологияларын және әлеуметтік институттарын қабылдау арқылы индустриялануға серпінді қадам жасайтынын дәлелдейді.
8. Әлемдік жүйелер теориясындағы конфликтологиялық көзқарас әлемді біртұтас экономикалық жүйе ретінде қарастырады. Негізгі қоғамдар болып танылатын индустрияланған белгілі елдер аз дамыған перифериялық қоғамдардың есебінен әлемдік ресурстарды басқарады.
9. Ел ішіндегі теңсіздік ұлттық көтерілістерге, зорлық-зомбылыққа немесе ұлтаралық конфликтілерге әкелуі мүмкін.
10. Соғыс әрқашан елдегі үш топтың – үкімет, қарулы күштер және қоғамның арасындағы, сондай-ақ елдер арасындағы қарым-қатынастардың өзгеруіне әкеледі.
11. Лаңкестік (терроршылдық) – зорлық-зомбылықты саяси мақсаттарда қасақана және заңсыз пайдаланушы азаматтарға қатысты құбылыс. Сонымен бірге бұл – әлеуметтік құрылыс. Әдетте кімнің лаңкес екенін жеңімпаздар шешеді. Терроршылдық – ұлттық немесе мәдени қауіп-қатерден қорғау ұстанымынан туындайды.
12. Табыс пен байлықтың тең болмауы АҚШ-та анық байқалады және 1970 жылдан бері тұрақты түрде артып келеді. АҚШ-та табыс теңсіздігі кез келген дамыған ұлтқа қарағанда жоғары. Ал байлық теңсіздігі АҚШ-тағы табыс теңсіздігінен әлдеқайда көп.
13. Құрылымдық-функциялық теория бойынша, теңсіздік – адамдарды әлеуметтік позицияға жіктеудің қажетті және әділетті тәсілі. Конфликтология теорияшылары теңсіздік шектеулі ресурстар үшін туындаған шиеленістерден пайда болады деп санайды. Себебі билік басындағылар өз үстемдігін сақтау үшін және пайдасын көру үшін түрлі іс-әрекеттерге барады. Символдық интеракционизм теориясы өздігінен орындалатын істер туралы болжам арқылы әлеуметтік мәртебенің нығайтылуына баса назар аударады.
14. Адамдарды мәртебеге жіктеу макро және микро процестерді қамтиды. Еңбек нарығы макродеңгейде белгілі бір мәртебеге деген суранысты қалыптастыру арқылы әлеуметтік сатыларға негізделеді. Ал микродеңгейде мәртебеге жету процесі, негізінен, жанама мәртебеге сүйенеді.
15. Теңсіздік деңгейі жоғары болғанына қарамастан, кез келген қоғамдағы адамдардың көпшілігі теңсіздік құрылымын табиғи қалыптасқан немесе әділ деп қабылдайды. АҚШ-та теңсіздікпен келісуді үгіттейтін идеология – америкалық арман. Бұл идеология жетістіктерге жету немесе жетпеу адамның жеке жауапкершілігінде дейді.
16. Жоғары ұтқырлық, туыстармен немесе басқа отбасылармен салыстырғанда, экономикалық, білім саласындағы және мәдени ресурстарға қол жеткізе алатын адамдар арасында жиі кездеседі.

17. Қазіргі уақытта АҚШ халқының 15,1 пайызы кедейлік деңгейінен төмендеген. Кейбіреулер адамдардың кедей болуына «кедейлік сана» себепкер дейді; бірақ, зерттеулер бойынша, кедейлік қазіргі еңбек нарығымен тікелей байланысты.
18. Кедейлік деңгейін төмендету үшін ұсынылған әдістердің арасында лайықты еңбекақы талап ету қозғалыстары мен білім алу мүмкіндіктерін арттыру маңызды.

## Сыни ойлау

1. АҚШ-тың стратификация жүйелерінің қандай да бір тәсілі, касталық жүйелерді еске сала ма?
2. Сіз қандай әлеуметтік тапқа жатасыз? Оны қалай анықтайсыз? Сіздің әлеуметтік таптағы орныңыздың әсері қандай?
3. Отбасыңыз үшін байлық деген не? Сіздің отбасыңыздың қандай мәдени капиталы бар? Сіздің отбасылық байлығыңыз немесе мәдени капиталыңыз және олардың жетіспеушілігі сізге қалай әсер етеді?
4. Сіздің жағдайыңыз Гаитидегі орташа адамға қарағанда жүз есе артық. Бұл сіздің қоғам дамуына қосқан үлкен үлесіңіздің заңды нәтижесі ме? Мұндай теңсіздіктің қандай пайдасы бар? Ол сізге қандай зиян келтіреді?



## 8 - ТАРАУ

# Нәсілдік және ЭТНОСТЫҚ ТЕҢСІЗДІК

### Тарау тағылымы

#### Осы тарауды оқығаннан кейін студенттер:

- әлеуметтанушылар нәсіл мен этносты неге әлеуметтік құрылымға жатқызатынын түсініп, әртүрлі нәсілдік және этностық топтар жөніндегі идеялардың уақыт өте қалай өзгергенін мысал арқылы түсіндіре алады;
- әлеуметтанудағы азшылық топ, плюрализм және ассимиляция деген ұғымдардың мағынасын түсініп, қолдана алады;
- нәсілдік теңсіздіктің орнауына нәсілшілдік, дискриминация, сегрегация және заңдастырылған нәсілшілдік себеп болуын дәлелдей алады;
- ақ нәсілділердің ерекше құқықтарын анықтап, нәсілдік теңсіздікті төмендету үшін экономикалық теңсіздікті жоюдың маңыздылығын түсінеді;
- түрлі нәсілдік және этностық топтар тап болатын мәселелерге кең көлемде сипаттама бере алады.

## Нәсіл және этнос

Нәсіл мен этнос – адамзаттың санаттарын анықтайтын аскриптивті ерекшеліктер. Бұлар әрдайым стратификацияның негізіне алынады. Қоғамның санасында басқа адамдарға қарағанда өзге санатқа жататын адамдардың шектеулі ресурстарға оңай қол жеткізуін «дұрыс» дейтін көзқарас қалыптасқан. Бұл тарауда АҚШ-тағы жағдайды талдамас бұрын жалпы нәсілдік және этностық теңсіздік ұғымдарына назар аударамыз.

## Нәсілдік және этностық теңсіздіктерді түсіну

Топтар қоғамда күн сайын өзара әрекетке түсіп отырған кезде жіктелу мен теңсіздік қалай шығады? Бұл тарауды нәсілдік және этностық теңсіздікті түсінуге қажетті мына тұжырымдамаларды қарастырудан бастаймыз: нәсіл мен этностың әлеуметтік құрылымы, дискриминацияның артуы, көпшілік пен азшылық топтар ұғымдары және олардың өзара әрекеттесуінің негізгі үлгілері.

## Нәсіл мен этностың әлеуметтік құрылымы

Нәсіл – сыртқы физикалық ерекшеліктеріне қарай жіктелген әлеуметтік маңызы бар адамдар тобы (Winant, 2000). Афроамерикалықтар жататын нәсілді айтсақ, олардың кейбірінің түсі ақшыл, ал өзгелерінің түсі қара болса да, олар маңызды биологиялық ерекшеліктермен біріктірілгені анық.

Этностық топ – тіл мен дін сияқты ортақ мәдениеттің маңызды элементтері арқылы біріктірілген адамдар тобы (Марджер, 2003). Латынамерикалықтарды этностық топ есебінде қарастырсақ, олардың бір-бірімен биологиялық тұрғыдан бірегей еместігіне, араларында тығыз мәдени байланыс орнағанына көзіміз жетеді.

Нәсіл мен ұлт генетикалық ерекшеліктерге байланысты деген пікір айтылса да, нәсіліне және ұлтына қарамастан, барлық адамдардың гендік қоры бірдей. Нәсіл мен этнос терінің түсі сияқты физикалық сипаттарға ғана негізделмеген. Сол себепті әлеуметтанушылар нәсіл мен этностың әлеуметтік құрылымы деген ұғымды енгізді. Бұл – мәдениет арқылы нәсілдік немесе этностық топ ұғымдарының мағынасын анықтау процесі. Бұл процесс биологиялық айғақтардан гөрі қоғамның көзқарасына негізделген. Шынымен, биологтардың бәрі бірауыздан нәсіл идеясының биологиялық негізі жоқ деп есептейді.

Нәсілге және этносқа тәндік әлеуметтік құрылым тұрғысында қалай қалыптасқан? 1930 жылдары пайда болған «нәсіл» анықтамасы ұшыраған өзгерістерге қарасақ, оған дейін қазіргі заманғы «ақ нәсіл» тұжырымдамасы әлі болмаған. Оның орнына ағылшын-саксондық нәсіл, Жерорта теңізі нәсілі (италиялықтар мен гректер), еврейлер және славяндық нәсілдер (Джекобсон, 1998), сондай-ақ басқа да нәсілдер бар деген пікірлер туған. Сол жылдары дәрігерлер, саясаткерлер, адвокаттар, иммигранттарға қарсы белсенді топтар, журналистер және басқалар мұндай айырмашылықтарға мән беруден бас тартып, «денесі ақ түсті адамдарды теңдесі жоқ жалғыз нәсіл» деп

---

**Нәсіл** – физикалық ерекшеліктері бойынша жіктелген әлеуметтік маңызы бар адамдар санаты.

**Этностық топ** – шығу тегі бірдей, мәдениеті ортақ адамдардан түзілген қауым.

**Нәсіл мен этностық топтың әлеуметтік құрылымы** – мәдениет арқылы (биологиялық фактілерден гөрі қоғамдық көзқарасқа негізделген) нәсілдік немесе этностық топтың ерекшеліктерін анықтау процесі.

сипаттай бастады. Әлеуметтанушылардың айтуынша, сол кездегі мамандар мен қоғам белсенділері осы мәселені түсінсе де, түсінбесе де ақ нәсілділерді «нәсілдік санат» ретінде анықтау арқылы әлеуметтік құрылымның негізін қалауға үлес қосты. Сонымен қатар АҚШ санақ бюросы америкалық мексикалықтарды «ақ нәсілді емес» деп жариялады. Оған Мексика үкіметі наразылық білдіріп, қарсылық танытты. Содан кейін бюро құрамы ауыстырылды. Қазіргі уақытта санақ бюросы латынамерикалықтарды кез келген нәсілге жататын этностық топ ретінде белгілейді. Сол сияқты «қара тәнді» термині «афроамерикалық» терминімен алмастырылуы осы топтың биологиялық шығу тегі жөнінде жаңа мәліметтер қосқан жоқ. Керісінше, нәсіл мен этносқа катысты қоғамдық көзқарастың өзгеруіне әкелді. Осы мысалдардың әрқайсысы нәсіл мен этностың құрылымына ықпалын тигізген саяси және әлеуметтік процестерді сипаттайды.

Жер бетінде жаңа этностық топтардың пайда болуы ұлттық шекаралардың өзгеруіне байланысты. Мәселен, XX ғасырдан бері сицилиялықтар, неаполитандықтар, миландықтар және тағы басқалар бірігіп ортақ италия тілін, мәдениетін және этностық ерекшелігін дамыта бастады. Керісінше, Кеңес Одағы ыдырағаннан бері литвалықтар, латвиялықтар, қазақтар, абхаздар және басқалары кеңестік кезеңде қағажу көріп, шеттетіліп қалған немесе ұмытыла бастаған ұлттық ұстанымдары мен мәдени салт-дәстүрлерін қайта жаңғыртуда. Осындай мысалдар нәсілдік және этностық мәртебелердің құбылмалы болатынын көрсетеді. Уақыт өте келе адамдар өздерінің нәсілдік және этностық ерекшеліктерін өзгерте алады. Осыған орай қоғам да танылған мәртебелерді өзгертуі мүмкін.

## Көпшілік және азшылық топтар

Ақ нәсілді адамдар мен афроамерикалықтар немесе еврейлер мен арабтар туралы тақырыптарды талқылаумен қатар, нәсіл мен этносты зерттейтін әлеуметтанушылар көпшілік және азшылық топтар



Кеңес Одағы ыдырағаннан кейін Одақ құрамында болған Литва және өзге де елдер өздерінің ұлттық ерекшелігін насихаттай бастады.



жөнінде кеңінен пікір алмасады. Көпшілік топ деп мәдени, экономикалық және саяси тұрғыдан үстем, адам саны көп топты атайды. Азшылық топ – мәдени, экономикалық, саяси тұрғыдан төмен деңгейдегі, адам саны аз топ.

Азшылық топтардың саны көпшілік топтарынан кем болады десек те, үнемі олай емес. Мысалы, XX ғасырдың соңында ақ нәсілділердің саны Оңтүстік Африка халқының 15 пайызын ғана құраған. Алайда ақ нәсілділер 1994 жылға дейін, яғни апартеид (заңды сегрегация) жойылғанша, барлық негізгі саяси және әлеуметтік институттарды өз қолдарында ұстап басқарған. Әлеуметтану тұрғысынан апартеид кезеңіндегі көпшілік топты ақ нәсілділер құрған. Сондай-ақ кейбір ғалымдар әйелдерді азшылық топ ретінде қарастырады. Өйткені жыныстық айырмашылықтар негізінде олар экономикалық, саяси және мәдени тұрғыдан ерлерге бағынады.

## Өзара әрекетке түсу үлгілері

Нәсілдік және этностық топтардың арасындағы қарым-қатынас мынадай үш негізгі форманың бір түрі арқылы жүзеге асады: олар – плюрализм, ассимиляция, конфликт.

### Плюрализм

Әрқайсысының өз дара мәдениеті бар екі немесе бірнеше топтың бір қоғамда теңдік сақтап, бейбіт қатар өмір сүруін плюрализм деп атаймыз. Шынайы плюралистік қоғамда алуан түрлі мәдениеттердің әрқайсысы бағаланады. Әрбірінің тең дәрежеде дәріптелетін салт-дәстүрлері бар. Айырмашылықтарына қарамастан, бір-бірінің мәдениетін танып, біліп, ықпалдасу адамдардың әлеуметтік тұрғысына кері әсерін тигізбейді. Сонымен бірге қоғам мүшелерінің барлығы бірлік пен ынтымақтастықты мақтан тұтады.

«Жеке-дара», шын мәнінде, үнемі «тең» деген мағынаны білдірмейді. Мұны «ақ» америкалықтар мен афроамерикалықтар, ағылшын және француз тілдерінде сөйлейтін канадалықтар немесе Ирактағы шиит және суннит мұсылмандар арасындағы қарым-қатынастарға

**Көпшілік топ** – мәдени, экономикалық және саяси үстем топ.

**Азшылық топ** – мәдени, экономикалық және саяси тұрғыдан бағынышты топ.

**Плюрализм** – әрқайсысы өзінің дара мәдениетіне ие екі немесе бірнеше топтың бір қоғамда теңдікті сақтап, бейбіт қатар өмір сүруі.

Құрама Штаттар толығымен плюралистік болмағанымен, әртүрлі нәсілге және этностық топтарға жататын балалар оңай тіл табысады.



қарасақ түсінеміз. Солай дегенмен, өздерін плюралистік деп санайтын елдер теңдік идеясын сырттай қолдайды.

АҚШ-та шынайы плюрализм орнамаса да, бұл тұрғыдан көптеген басқа қоғамдарға қарағанда едәуір жетістікке қол жеткізілді (Alba & Nee, 2003). Ақ нәсілді және басқа америкалықтар бір мектепте оқиды, бір-бірімен көрші тұрады, тең әлеуметтік топтарға жатады және өзара отбасын құра береді.

## Ассимиляция

2-тарауда айтылғандай, ассимиляция – азшылық топ мүшелері көпшіліктің мәдениетін, салт-дәстүрін меңгеру барысында өзінің мәдени, рухани ерекшеліктерін жоғалту процесі. Ассимиляция нәтижесінде азшылық топтар біржола жоғалуы мүмкін. Мысалы, көптеген «ақ» америкалықтар өздерінің түп атасы бөтен ұлттың өкілі болғанына сенімді. Демек, олар ата-бабасының мәдениетінен бейхабар.

Тарихи тұрғыдан алғанда, АҚШ-қа қоныс аударғандардың көбі өздерінің ұлттық киімдерін киюден бас тартып, тез арада ағылшын тілін үйрене бастайды. Көшіп келген балалардың көпшілігі ана тілінде сөйлемей, ағылшын тілінде сөйлескенді ұнатады; сөйтіп, америкалық әдет-ғұрыптар олардың санасына тез сіңеді. Сол сияқты қазір көптеген америкалық еврейлер Рождествоны тойлайды (кем дегенде, рождестволық шырша қойып, безендіреді). Көптеген америкалық ирландтар түздалған ет пен қырыққабатты тек Әулие Патрик күні жейді.

АҚШ-қа жақында келген иммигранттар мен олардың балалары да солай істейді. АҚШ-қа көшіп келушілердің (әсіресе Оңтүстік Азиядан) біразының ғана кәсіби шеберлігі жоғары. Олардың өздері де, балалары да АҚШ-тағы орта және жоғары таптарға тез сіңісіп кетеді. Ал басқа иммигранттар (әсіресе латынамерикалық) кедейлер қатарын толтырады. Бірақ орташа есеппен алғанда, олардың балалары ата-аналарындай емес, кейде америкалық азаматтардың балаларынан да жақсы жұмысқа орналасады (Kasinitz et al, 2008; Park & Myers, 2010). Бұл отбасылардың ассимиляциялану деңгейі жиырмасыншы ғасырдың басында көшіп келген халықтың деңгейіне сай (Alba, Kasinitz & Waters, 2011).

Кейбір латынамерикалық иммигранттардың балалары төмендеуші ассимиляция құбылысына тап болады (Haller, Portes & Lynch, 2011). Төмендеуші ассимиляция иммигранттар ұрпақтарының америкалықтардың негізгі тобына емес, АҚШ-та туған азшылықтардың «жасырын» әлеміне сіңу процесін білдіреді. Төмендеуші ассимиляция АҚШ азаматтығын алмаған, білімі төмен, кедей мигранттардың балалары арасында жиі кездеседі. Әсіресе балалар өмір сүретін ортада тұрғылықты азаматтар тарапынан қолдау көрсетілмесе және қоныс аударғандардың бір-біріне көмектесуге жағдайы болмаса, бұл кеңінен орын алады (Haller, Portes & Lynch, 2011)

## Конфликт

Азшылық пен көпшілік топтар арасындағы қарым-қатынастар конфликтіге айналып кетуі жиі кездеседі. АҚШ-та ХХ ғасырда туындаған нәсілдік және ұлтаралық шиеленістердің себебі – азшылық топтардың әлеуметтік, саяси және экономикалық істерге қатысуына шектеу қоятын заңдардың қабылдануы. Басқа уақытта, басқа жерде болған нәсілдік және ұлтаралық қақтығыстар зардабынан құлиеленушілік пайда болған, ұлттық азшылық топтар концентрациялық лагерьлерге мәжбүрлеп жөнелтілген, өз елінен күштеп көшірілген. Конфликт шектен тыс асқынған кезде геноцид, яғни

**Төмендеуші ассимиляция** – иммигранттар ұрпақтарының негізгі топқа емес, АҚШ-та туған азшылықтардың «жасырын» әлеміне қосылып, сіңу процесі.

**Геноцид** – халықты жоюға бағытталған жаппай қыру.

халықты жаппай қырып-жоюға бағытталған әрекет жасалуы мүмкін (Jones, 2006). Тарихта геноцидтер болғаны мәлім. Қазір де Ауғанстанда, Пәкістанда, Дарфурда және басқа жерлерде геноцидтік шабуылдар жасалып тұрады. Дарфурдағы қырғын туралы мәселе алдағы «Жаһандық көзқарас»: Дарфурдағы геноцид» тарауында талқыланады.

## Нәсілдік және этностық теңсіздіктерге теориялық көзқарастар

### Құрылымдық-функциялық теория

Құрылымдық-функциялық теория әлеуметтік құрылымдарды қоғамның қалыпты әрекет етуіне тиімді ететін әдістерді және сол құрылымның тиімсіздігіне әкелетін, жалпы қоғамның мүдделеріне қайшы келетін себептерге баса назар аударатынын білдік. Құрылымдық-функциялық теория қоғамдағы немесе кейбір топтардағы нәсілдік және этносаралық теңсіздіктің қалыптасу жолдарын анықтауға көмектеседі. Мысалы, оңтүстік плантациялардың иелері афроамерикалықтарды қоғамда толық құқылы адам қатарына санамай, Киелі кітапқа құлдық жайлы жазылғанын өз пайдасына икемдеп ақталуы арқылы құлиеленушілікті қолдап шықты. Құлдар үшін бұл өте қиын кезең болды, ал «ақ» америкалықтар құлдардың арқасында оңтүстік штаттардың экономикасын көтеріп, мәдени және әлеуметтік заңдарды дамыта бастады.

Сонымен қатар құрылымдық-функциялық теорияшылар бұл жүйенің кемшіліктеріне баса назар аударады: құл иеленген қоғамның қайырымсыздығы ақыр соңында құлиеленушілік құрылысты жойып қана қоймай, АҚШ-ты азаматтық соғысқа әкеп тіреді, соның зардабынан оңтүстіктің экономикасы құлдырады. Сол сияқты, нәсілдік және этностық теңсіздікті қолдайтын кез келген қоғамда әлеуметтік конфликт туындайтыны күмәнсіз. Ал нәсілдік және этностық теңсіздіктің себебінен кейбір адамдардың қабілеті мен әлеуетін іске асыруға деген ынтасы шектелсе, ондай қоғам жаһандық нарықтан зиян шегеді. Себебі қоғам ол жағдайда адамдардың келешек дамуға қосатын маңызды үлесінен айырылады.

Нәсілдік және этностық қатынастарды зерттейтін құрылымдық-функциялық теория ғалымдары қоғамдағы теңсіздікті бәсеңдету жолдарын анықтап, жағдайды өзгертіп, сол арқылы азаматтық соғыс сияқты конфликтілерге жол бермей (Winant, 2000), қарекетті жалғастыру мүмкіндіктерін қарастырады. Нәсілдік және этностық қатынастар тұрғысынан ассимиляция процесіне баса назар аударылады. Құрылымдық-функциялық теорияшылар әртүрлі этностық және нәсілдік топтардың америкалық мәдениетке сіңуін (ассимиляция) және кейбір топтардың сіңуіне тосқауыл болған (мысалы, әділетсіз заңдар) себептерді зерттейді.

Кейбір құрылымдық-функциялық әлеуметтанушылар «егер азшылық қоғамдар үстем мәдениетті ғана қабылдайтын болса, нәсілдік және этностық теңсіздік жойылады» деп санайды. Бұл көзқарас әлеуметтану ғылымынан қолдау таппады. Сондықтан нәсілдік қарым-қатынастарға қатысты құрылымдық-функциялық зерттеулер айтарлықтай дамыған жоқ.

Назар  
аударыңыз

## ЖАҢАНДЫҚ КӨЗҚАРАС

## Дарфурдағы геноцид

**Н**әсілдік теңсіздік – Америкаға ғана тән мәселе емес. Азшылық топтарына тең құқықтар мен мүмкіндіктерді беруден бас тартатын басқа елдер де бар. Дарфурдағы геноцид – соның мысалы (Hagan & Raymond-Richmond, 2008). Дарфурда ұлтаралық қақтығыстарды тудыратын саяси процесс осы бірегейлігімен ерекшеленуі мүмкін. Дарфурдағы ұлтаралық қақтығыстарды туындатқан саяси процесс сол қоғам үшін қалыпты жағдай болғанымен, ұлтаралық қақтығыстар зардабынан экономикалық процестер өзгеріске ұшырайтынын тарихтан білеміз. Экономикалық ресурстарға қауіп төнген жағдайда және экономиканы жаулап алу көзделгенде ұлт немесе этностар арасында қарулы қақтығыстар шығады.

Дарфур – Африканың ең үлкен елі, Африканың көптеген елдеріндей, Суданның батысында орналасқан аймақ. Суданды XIX ғ. Британ отаршылдық күші біріктірді. Араб тілін лингвафранк ретінде қолданатын суннит мұсылмандары елдің басым бөлігін құрайды. Солтүстіктегі Суданның көп бөлігі арабтар болғанымен, халықтың қалғаны қара африкалықтарға жатады. Бұл екі топ арасындағы физикалық айырмашылықтар шамалы болғандықтан, әдетте Судан арабтарын судандық африкалықтардан айыра алмайды. Шынында, бұл жанжалға этностық сәйкестік негіз болды, алайда «араб» пен «африка» арасындағы айырмашылық өте сирек қолданылады.

Судан 1956 жылы тәуелсіздікке қол жеткізгендіктен, Солтүстік Суданнан келген арабтар ел экономикасы мен үкіметіне үстемдік етті. Алайда олар тұратын аймақта Суданның ауылшаруашылық жерлерінің, мұнай-кен орындарының немесе басқа да табиғи ресурстардың саны аз. Сонымен қатар жаһандық жылыну, өсіп келе жатқан адам саны және мал басы, сондай-ақ ауыл шаруашылығының күйреуі Сол-



Соңғы бейбітшілік келісімдеріне қарамастан, Судан мен Оңтүстік Судандағы судандық африкалықтар (бүлікшілер) мен Судан арабтары арасында ұлтаралық араздық пен зорлық-зомбылық жалғасуда.

түстік Суданның «шөлейттенуіне» әкеліп соқтырды.

Ел үкіметін басқаратын Судан арабтары елге және оның табиғи байлығына үстемдік құру үшін әскери қудалау шараларын қолданды. Судандық африкалықтар саяси қуғын-сүргінге ұшырап, өздерінің қарсыластарына қарсы экономикалық дағдарыс тудырды. 1980 жылдан бері Оңтүстік және Батыс Судан орталық үкімет тарапынан қысым көргендіктен, судандық африкалықтардың қарулы қарсылықтары күшейді.

Алайда 2003 жылдан бастап Судан үкіметі қуғын-сүргіннен геноцидке көшті. Осы саясатты жеңілдету үшін үкімет Судан арабтарының (Hagan & Raymond-Richmond, 2008) судан африкалықтарын дегуманизациялауы жөніндегі науқанға кірісті. Содан кейін олар «Janjaweed» деп аталатын жергілікті қаруланған араб жасақтарын құрды. Оның мүшелері тонаумен айналысқан қылмыскерлер ғана емес, сондай-ақ шектеулі ресурстарға, құнарлы-шұрайлы жерлерге (Human Rights Watch,

2011) қол жеткізуді көздеген көшпелілер мен жартылай көшпелі араб тайпаларынан жиналған.

Жалпы алғанда, 2 миллионнан астам судан тұрғыны қаза тапты, 4 миллион адам баспанасынан айрылды (АҚШ Мемлекеттік департаменті, 2011). Сонымен қатар Janjaweed жүйелі түрде азаптаумен, жалпай зорлық-зомбылықпен және жаппай зорлаумен айналысады – мұның барлығы қарсыластардан гөрі двиландықтарға бағытталған. Осы әрекеттерді ақтау үшін үкімет пен Янжавид африкалық судандықтардың нәсілдік стереотиптерін төмендетуге шақырды. Нәтижесінде, Суданның бейбіт тұрғындары өзін судандықтар немесе белгілі бір тайпаның мүшелері ретінде емес, араб немесе африкалық деп атайды.

2010 жылдың ақпан айында екі тарап ресми түрде қақтығыстан бас тартты. Ал 2011 жылы шілде айында Оңтүстік Судан тәуелсіздігін жариялады. Бірақ Жанжаид пен Суданның әскерлері шабуылдарын жалғастырып отыр (Human Rights Watch, 2011).

## Конфликт теориясы

Қазіргі ғалымдардың көбі нәсілдік және этностық теңсіздікті, әсіресе көпшілік пен азшылық топтар арасындағы теңсіздікті талдау үшін конфликт теориясын пайдаланады. Бұл теория бойынша шектеулі ресурстарға қатысты бәсекелестік барысында технологияға қолжетімділік пен құлиеленушілік сияқты тарихи жағдайлар кейбір топтардың үстемдігін күшейтті, ал басқа топтарды төмендетті. Артықшылықтары бар топтар өз билігін сақтау үшін басқа топтардың үстемдік етуіне жол бермейді (Tilly, 1998).

Конфликт теориясының нәсілдік және этностық теңсіздікке көзқарасы әлеуметтік теңсіздікке көзқарасымен бірдей деген пікір бар. Бір жағынан қарағанда, бұл теория «билік басындағылар мұнан пайда көреді және қолдағы билігі арқылы қалғандарды төмендетуге тырысады, сондықтан теңсіздік сақталады» деп пайымдайды.

Конфликтті зерттеушілер басқа мәселелермен қатар, адамдардың әділетсіздік салдарынан жақсы оқу орны, лайықты жұмыс, тұрғын үй сияқты басқа да игіліктерге қол жеткізе алмау себептерін қарастырады.

## Символдық интеракционизм

Символдық интеракционизм теориясы күнделікті қарым-қатынаста нәсілдік және этностық теңсіздіктің күшеюін (немесе бәсеңдеуін) түсінуге көмектеседі. Мысалы, соңғы жылдары афроамерикалықтар арасында үйін тартып алып, баспанасыз қалғандар саны күрт өсті. Конфликт теориясы тұрғысынан қарағанда, «ірі банктерге (жоғары тап өкілдері басқаратын) қарызын төлеуге мүмкіндіктері жетпейтін адамдарға, әсіресе афроамерикалықтарға заң бойынша ұзақ мерзімге (көбін жоғары таптағы ақ нәсілді саясаткерлер шығарған) ипотекалық несиелер беру қалай жеңілдетілген» деген сұрақ туындайды. Керісінше, символдық интеракционизм зерттеушілері банкирлерді осындай ипотекалық несиелер ұсыну тиімді болатынына, ал афроамерикалықтарды осындай ипотеканы алу тиімді болатынына қалай көндірген деп таң қалады.

Соңғы жылдары афроамерикалықтардың үйін тартып алу оқиғалары жиілеп кетті. Себебі банкирлер оларды төлеуге шамасы жетпейтін ипотекалық несиелер алуға көндірген. Мұндай жағдай афроамерикалықтар арасында көп кездеседі.



Сонымен бірге символдық интеракционизм теориясы нәсіл мен этнос ұғымдарының өзгеру себептерін түсінуге ықпал етеді. Символдық интеракционизм бізді қоғамдағы негізгі түсініктерінің (мысалы, «ақ нәсілді» және «нәсіл» мағыналары) уақыт өте келе әлеуметтік әрекеттесу арқылы қалай өзгергенін зерттеуге шақырады. Мұндай зерттеулер сондай-ақ конфликт теориясына да негізделеді. Өйткені әртүрлі топтардың осы ұғымдарының мағынасынан қалай және неге алыстағанын зерттейді.

## Нәсілдік және этностық теңсіздіктің орнауы

Бұл тарауда нәсілдік және этностық теңсіздіктің күшеюіне дискриминация (стереотиптермен бірге), сегрегация және заңдастырылған нәсілшілдік қалай әсер ететіні қарастырылады. Сонымен қатар нәсіл мен этносқа негізделген дискриминацияның өршуіне әлеуметтік тапқа негізделген дискриминацияның себеп болуы талқыланады («Ұғымдардың қорытындысы», «Нәсілдік және этностық теңсіздіктің құрылымдық блоктары»).

### Бұрмаланған пікір

**Бұрмаланған пікір** – белгілі бір адамдардың тобы жөнінде дәлелсіз теріс пікірде болу.

Ондай пікір фактілердің негізінде емес, оған қарсы пайда болады. Мысалы, Джейн Америкадағы италиялықтардың бәрі мафиямен байланысты деп санаса, заңға бағынатын миллиондаған америкалық италиялықтардан аулақ жүруге тырысады. Егер италиялық адал адам болса, америкалық оны ілуде бір кездесетін ерекше жайт деп шешеді. Сол сияқты, Барак Обаманың АҚШ президенті болып сайлануына кейбір «ақ» америкалықтар қарсылық білдірген. Демек, бұл афроамерикалықтарға қарсы пікір бар екенінің дәлелі. (Бұл тақырып «Америкадағы әралуандық: нәсіл және Обаманың президенттігі» бөлімінде талқыланады.)

Бұрмаланған көзқарастың ерекше және басты түрлерінің бірі – нәсілшілдік. Нәсілшілдік – жеке тұлғаның қабілеттері нәсілге тән физикалық айырмашылықтарға байланысты және бұл – теңсіздік үшін заңды негіздеме деп санау.

Бүгінгі күні нақты нәсілшілдік бұрынғымен салыстырғанда азайған. Оның орнына нәсілшілдік дальтонизмге жиі куә боламыз. Нәсілшілдік дальтонизм барлық нәсілдер бірдей, нәсілдер арасында теңдік орнаған деген пікірді басшылыққа алады. Сондықтан азшылық топтың табысқа жете алмауын өз кінәсі деп пайымдайды. Бұл ұстаным көптеген «ақ» америкалықтардың нәсілшілдікпен күресуіне немесе азшылықтардың мүмкіндіктерін жақсартуға бағытталған саясатқа қарсы шығуына себеп (Bobillo & Kluegel, 1993; Quillian, 1996; Herring, 2003; Bonilla-Silva, 2006; Bonilla-Silva & Dietrich, 2011) болды. Адамдардың мұндай саясатқа қарсылық білдіруі нәсілшіл болуымен байланысты ма, әлде мемлекеттің кез келген тұлғаның атынан мәселеге араласуына қарсы болғаны ма – оны айту қиын (Quillian, 2006).

Бұрмаланған пікірдің негізгі құрылымдық бөлігі – стереотиптер. **Стереотип** – топ мүшелеріне қатысты алдын ала ұйғарылған, күмәнсіз, қарапайым пікір. Мысалы, барлық денелі, күшті адамдар дөрекі

**Бұрмаланған пікір** – бұл адамдарды белгілі бір санатқа жатқызуда иррационалды, бұрыс пікірде болу.

**Нәсілшілдік** – жеке тұлғаның қабілеттері мен нәсілге тән физикалық айырмашылықтарына байланысты және бұл – теңсіздік үшін заңды негіздеме деп санау.

**Нәсілшілдік дальтонизм** барлық нәсілдер бірдей, нәсілдер арасында теңдік орнаған деген пікірді басшылыққа алады.

**Стереотип** – топ мүшелеріне қатысты алдын ала ұйғарылған, күмәнсіз, қарапайым идея.



## Ұғымдардың қорытындысы

### Нәсілдік және этностық теңсіздіктің негізін қалайтын элементтер

Нәсілдік және этностық теңсіздіктің шығуына себепкер төрт негізгі элемент: бұрмаланған пікір, стереотиптер, дискриминация және заңдастырылған нәсілшілдік.

Тұжырымдама	Анықтама	Мысал
<b>Бұрмаланған пікір</b>	Адамдар тобына қатысты жоқ теріс көзқарас, бұрыс пікір.	«Арабтарға сенім артуға болмайды».
<b>Стереотиптер</b>	Топ мүшелеріне қатысты алдын ала қалыптасқан, қарапайым ойлар.	«Араб ерлерінің барлығы өздерінің әйелдерін меншік ретінде көреді».
<b>Дискриминация</b>	Адамдардың топқа жіктелуіне байланысты оларға деген көзқарас бірдей емес.	«Мен арабты ешқашан жұмысқа алмас едім».
<b>Заңдастырылған нәсілшілдік</b>	Әділ деп саналса да, нәсілдік немесе этностық теңсіздікті жүйелі түрде тудыратын күнделікті әлеуметтік әрекеттер.	«Әрине, егер көнсе арабты жалдауға дайынбыз, бірақ біз әр жұма сайын жұмыстан кейін сыра ішіп, шошқа етінен барбекю жасап жейміз» (Алкоголь мен шошқа етіне исламда тыйым салынған).

деп ойлау немесе Пуэрто-риколықтардың барлығы жақсы бишілер екеніне сену т.с.с.

Стереотиптердің өз орны бар. Бәлкім, қару ұстап, түсініксіз сөйлеп жүрген адамнан сақ болғаныңыз жөн деген жақсы идея болар. Сол сияқты «Гуччи» дүкенін таба алмай жүрсеңіз, оның қайда екенін сәнді киінген әйелден сұрау да дұрыс. Егер әрбір әлеуметтік қарым-қатынасты жаңадан бастау керек болса, бұрынғы тәжірибе (көргеніміз немесе естігеніміз) нәтижесі есепке алынбаса, адамдардың ұқсас немесе ерекше болуын айыра алмасак, өмір қиын болар еді.

Екінші жағынан, стереотиптер әлеуметтік ықпалдасуда кедергі келтіреді, себебі басқа адамдарға қатысты жалған болжамдар жасауға әкеледі. Сондай-ақ мылтық ұстап тұрған адам актер болуы да мүмкін немесе сәнді киінген әйел әпкесінің киімін киген шығар. Шын мәнінде, азиялықтардың арасында математиканың білгірі де, пәнді түсінбейтіндер де болады. Кейбір ер адамдар спортпен шұғылданады, ал басқаларын бұл мүлдем қызықтырмайды. Кейбір компьютерлік данышпандар панк-рокты таңдайды, ал кейбір панк-рокерлер тоқығанды ұнатады.

### Бұрмаланған пікірдің себептері

Бұрмаланған пікірдің қалыптасуының себебі неде? Осы мәселені зерттеуде әлеуметтанушылар үш факторға сүйенеді: әлеуметтену, кінәліні іздеу және шектеулі ресурстар үшін бәсекелестік.



## Назар аударыңыз



### Нәсіл және Обаманың президенттігі

**2008** жылғы 4 қарашада Барак Обама АҚШ президенті болып сайланды. Обаманың афроамерикалық екені мәлім. Оның анасы – ақ нәсілді америкалық, әкесі – кениялық қара нәсілді кісі болған.

Афроамерикалықтарға қарсы қалыптасқан бұрмаланған пікірге қарамастан, Барак Обама қалай сайланды? Бір жағынан сәттілік: президент Джордж Буштың басқару мерзімі аяқталғанда, ол танымалдығы жөнінен тарихтағы ең төмен деңгейдегі президент болғаны анықталды. Республикалық партия атынан вице-президенттікке кандидат болған Сара Пэйлин саяси консервативті көзқарастарына байланысты және саяси тәжірибесінің жетіспеушілігінен көп қолдаушысынан айырылды. Соғыс жүргізуді қолдамау мен экономикалық қиындықтар себебінен сайлаушылар биліктегі Республикалық партияға қарсы болды (Todd & Gawiser, 2009). Обаманың «жартылай ақ нәсілді» болуы және жоғарғы-орта тап өкілі болуын сайлаушылардың көбі «қаралығы аздау» (және жағымды) деп қабылдады.

Айта кетейік, Обаманың президенттігіне қоғам көрсеткен наразылықтар «ақ» америкалық ортадағы афроамерикалықтарға қарсы бұрмаланған пікірлердің кеңінен тарағанын көрсетті. Біріншіден, қоғамдық сауалнамаларда Обамаға қатысты берген жауаптар нәсілдер арасында елеулі айырмашылық бар екенін көрсетті. 2011 жылы тамыз айында афроамерикалықтардың 81 пайызы Барак Обаманың президент болуын қолдаса, латынамерикалықтардың 49 пайызы, ақ америкалықтардың 33 пайызы ғана жақтады. Оған дейін басқа бірде-бір президентке қатысты соншалықты әрқилы пікір болмаған (Gallup.com, 2011a).

Екіншіден, әу бастан-ақ Обаманың президенттігіне қарсы тұрақты түрде нәсілдік айыптаулардың кейбірі теле-

## АМЕРИКАДАҒЫ ӘРАЛУАНДЫҚ



Америка Құрама Штаттарының алғашқы афроамерикалық президенті Барак Обаманың қарсыластары нәсілшілдікке бой алдырып, оның президент болып сайлануына қарсы наразылық шараларын ұйымдастырды.

дидар арқылы және ашық қоғамдық форумдарда, басқалары мәтіндік хабарламалар, электронды пошта және интернет арқылы (Edge, 2010) тараған. Тіпті сайлау қарсаңында өткен Обаманың үгіт-насихат науқанына қарсы наразылықтар болды. Себебі оны Гавайда емес Кенияда туған, христиан емес мұсылман деп сынаған. Оның көп жылдар бойы шіркеу мүшесі болғанына қарамастан, Гавайдың ресми өкілдері оның Гавайда туғаны туралы куәлігінің жалған еместігін растаса да, христиан дінін ұстанатыны туралы және басқа көптеген құжат-куәліктерін ұсынса да сайлаудан соң наразылықтар азаймады (президенттікке үміткер Панамада туған Джон Маккейнге де азаматтығы жөнінде осы сияқты наразылықтар білдірілген). Ең бастысы, колледж студенттері арасында жүргізілген зерттеуде Обама туралы сұрақ қойылғанда оның «таза америкалық» екеніне және оның президенттік міндеттерді атқара алатынына күмәнданған «ақ» америкалық студенттердің саны басқа студент-

терге қарағанда әлдеқайда көп болған (Nehman, Gaertner & Dovidio, 2011).

Обамаға қарсы басқа да наразылықтар ұзақтан бері қалыптасқан, бұрмаланған пікірлерге сүйенді. Көбі оны ашық түрде «жағымды істің президенті» деп атаған. Тағы басқалары Обаманы ата-анасымен, әйелі және балаларымен бірге шимпанзе түрінде бейнеленген мультфильмдер шығарған, бұл – ғасырлар бойғы қалыптасқан афроамерикалықтарға қатысты стереотип (Los Angeles Times, 2011). Кейбірі Obamabucks жасанды тамақ үлгілерінің суретін таратты: онда Обаманың басы есектің денесіне қондырылып, жан-жағында қуырылған тауық, қарбыз және қабырғалар (барлығы афроамерикалық тағамдар деген стереотип) түрінде бейнеленген. Сөйтіп, Барак Обаманың сайлануы мен президенттігі АҚШ-та бұрмаланған, бұрыс пікірлер әлі де бар екенін және ел ішіне қаншалықты жайылғанын көрсетті.

ЭЛЕУМЕТТЕНУ. Сүйіспеншілікті, яғни жақсы көруді қалай үйренсек, жек көру мен қорқуды да солай үйренеміз. Бұрмаланған пікір өзгелермен қарым-қатынас арқылы дамиды. Көзқарасы бұрмаланған адамдардың көбі жас кезінде бұрыс пікірлерді басқа да әлеуметтік нормалармен қатар қабылдаған. Есейгенде кездескен топтар мен институттар осы сенімдерін күшейткен (Wilson, 1986; Feagin & Van Ausdale, 2001).

Сонымен қатар бұрмаланған пікір мен көзқарасты айналамыздағы қоғамнан үйренеміз. Егер біз теңсіз қоғамда өмір сүрсек және топтық бірліктің ешкімге маңызды емес екенін байқасақ немесе «біз сияқты» ешкім де «олар сияқтыларға» жолағысы келмесе, сол топ мүшелері үшін де мұның еш маңызы жоқ екеніне көзіміз жетер еді. Мұндай процесс барысында азшылық топ мүшелері, сондай-ақ көпшілік топтар да азшылық топты бағаламауға әдеттенеді (Wilson 1992; Feagin & Van Ausdale 2001).

КІНӘЛІНІ ІЗДЕУ. Барлығымыз қоғамда өмір сүргеннен кейін әрбірімізде бұрмаланған пікірлер қалыптасады, ал кездейсоқ бір жағдай олардың өршуіне түрткі болады. Олардың бірі – көңілі қалу, түңілу. Адамдар өз мақсаттарына қол жеткізу қиынға соқса, кінәні басқалардан іздей бастайды. Мұндай әрекет кінәліні іздеу деп аталады, бұл – уақыт өте қайталанып отырады. Мысалы, 1930 жылдары болған Үлкен торығу кезінде нацистік Германияда экономика құлдырап, көптеген немістер жұмыссыз қалып, кедейлікке ұшыраған кезде антисемитизм өрши бастады.

ШЕКТЕУЛІ РЕСУРСТАР ҮШІН БӘСЕКЕЛЕСТІК. Шектеулі ресурстар үшін бәсекелестік (мысалы, лайықты жұмыс, жақсы үй, белгілі жоғары оқу орнында оқу) бұрмаланған пікірді күшейтеді. Барлық нәсілдік және этностық топтарға қатысты бұрмаланған пікірлер бір нәсілдік және этностық топқа тиетін пайданың басқа бір топқа зияны тиеті деген сенімге негізделеді (Bobo & Hutchings, 1996). Мәселен, соңғы бірнеше жылда жұмыс нарығында қиындықтар басталғалы имигранттарға қарсы көзқарас көбейді.

## Бұрмаланған пікірге бейімделу: өздігінен орындалатын болжам

7-бөлімде өздігінен орындалатын болжам жайлы айтылған. Бұл – күткен жағдай іс жүзінде орындалады деген сенім. Өздігінен орындалатын болжам – бұрмаланған пікірлердің сақталуына көп әсер ететін механизм. Мысалы, егер ақ нәсілді америкалық мұғалімдер афроамерикалық студенттердің математиканы меңгере алмайтынына сенсе, студенттерге оны үйрету үшін көп уақыт жұмсамауы мүмкін. Нәтижесінде, афроамерикалық студенттер басқа студенттерге қарағанда, математикадан жоғары нәтижелерге жетпейтін болады. Егер христиандар, яһудилер өздерін басқалардан жоғары санайды деген сенімде болса, онда олар яһудилермен араласудан аулақ болар еді. Христиандар кейін яһудилердің басқа яһудилермен ғана араласатынын көргенде, олар мұны яһудилер өздерін жоғары санайтынының дәлелі ретінде қабылдады.

## Дискриминация

Адамдарды санатына байланысты кемсіту, өзіне тең емес деп санау дискриминация деп аталады. Бұрмаланған пікір – қалыптасқан ой, көзқарас; дискриминация – жасалатын іс-әрекет. Әдетте екеуі қатар кездеседі. Мысалы, егер бастық афроамерикалықтардың білімі «ақ»

**Кінәліні іздеу** – адамдардың немесе топтардың мақсатқа қол жеткізуі қиынға соққанда өз сәтсіздігіне басқаларды кінәлау.

**Дискриминация** – адамдарды санаттардағы мүшелігіне қарай кемсіту.

## Деректерге ден қойсақ

### Нәсілі/ұлты, сотталғандығы туралы дерек және жұмысқа тұру үшін сұхбат

Төмендегі деректер (Pager, Western & Bonikowski 2009) екі эксперимент жүргізу барысында жиналған. Бірінші экспериментте ақ нәсілді америкалық, латынамерикалық және афроамерикалық ерлер топтары хабарландыруда жазылған бос жұмыс орынға тұруға өтініш берді. Олардың арасынан «ақ» америкалықтарды телефон арқылы жұмысқа жиі шақырды немесе бос орындар ұсынды. Екінші экспериментте «ақ» америкалықтардың түйіндемесінде олар бұрын сотталған деп көрсетілді, ал қалғандарында ондай мәлімет көрсетілген жоқ. Алайда «ақ» америкалықтар бұл жолы да жұмысқа қабылданды.

**Телефон арқылы шақырылды немесе жұмыс орнынан ұсыныс алды, пайызы**

	«Ақ» америкалықтар	Латынамерикалықтар	Афроамерикалықтар
Эксперимент 1	31%	25%	15%
Эксперимент 2	17% (сотталған деген мәлімет көрсетілді.)	15% (сотталған деген мәлімет жоқ.)	13% (сотталған деген мәлімет жоқ.)

**Деректерді түсіндіру:** осы тарауда оқығандарыңызға сүйеніп, ақ америкалықтардың басқа латынамерикалық үміткерлерден көп ұсыныс алғанын қалай түсіндірер едіңіз? Және неге латынамерикалықтар афроамерикалықтарға қарағанда көп ұсыныс алған? Сотталғаны туралы мәлімет жоқ басқа үміткерлер шақырылмай, сотталғаны туралы мәліметтер көрсетілген «ақ» америкалықтардың жұмысқа шақырылғаны қалай?

**Деректерді сынау:** бұл үміткерлердің нәсіл мен этностан басқа маңызды ерекшеліктері бар ма? Бұл деректерді нәсіл мен этностан басқа ешқандай фактор түсіндіре алмай ма? Көптеген үміткерлердің жоғары білімі болғанымен, орта білім дәрежесін талап ететін жұмысқа өтініш жасаған. Бұл қалай әсер етті? Үміткерлерде орта білім болған жағдайда дискриминация қатты я әлсіз болар еді деп ойлайсыз ба? Неліктен?

ДЕРЕККӨЗ: Pager, Western & Bonikowski, 2009

америкалықтарға қарағанда әлдеқайда төмен деп ойласа (бұрмаланған пікір), ол афроамерикалық қызметкерлеріне еңбекақысын қысқартуы (дискриминация) мүмкін. Алайда кейбір адамдар тұрақсыз болады, себебі олардың құндылықтары айналадағы адамдардың құндылықтарынан ерекшеленеді. Олар бұрмаланған пікірде болса да мүмкіндігінше дискриминацияға жол бермеуі мүмкін. Себебі олар әділетсіз пайымы үшін сынға түсіп, айыпталғысы келмейді. Керісінше, адам бұрмаланған пікірде болмаса да дискриминация көрсетуі мүмкін. Мысалы, бастығы азшылық топ өкіліні жалдауға қарсы қыз-

## элеуметтану және сіз

Бұрмалаулар мен стереотиптер этникалық топтардағы қатынастармен шектелмейді. Егер сіз егде адамдар жыныстық қатынасқа қарағанда, карта ойнауға көбірек қызығады деп санасаңыз, стереотипке бой алдырғансыз. Егер мұндай стереотиптер сізді егде адамдардың жастарға қарағанда, қабілеті төмен деген қорытынды жасауға түрткі болса, онда сіз бұрмаланған пікірді ұстанасыз. Осы бұрмаланған пікір сізді егде адамды жұмысқа алудан бас тартуға мәжбүр етсе, онда сіз кемсітумен айналысасыз.

меткер болса немесе ата-анасы ұлтаралас қарым-қатынасты қолдамайтын болса, баласы амалсыздан дискриминацияға барады.

Дискриминация жасырын түрде болуы да (афроамерикалық оқушыға ақ нәсілді оқушыдан гөрі аз назар аудару), ашық түрде болуы да мүмкін (нәсіліне немесе ұлтына байланысты біреумен кездесуден бас тарту). Мысалы, бір эксперименттік зерттеуде тартымдылығына, қарым-қатынастар құру қабілетіне, бойшаңдығы мен талғаммен киінуіне қарай жас жігіттер іріктелген. Оларға жалған түйіндемелер берілді. Олар мұны алып хабарландыруда ұсынылған бос жұмыс орындарына орналасуға барды (Pager, Western & Bonikowski, 2009). Басқа да ұқсас зерттеулердегідей (Bertrand & Sendhil, 2004), сұхбаттасуға барған ақ нәсілділерге латынамерикалықтардан гөрі көбірек ұсыныс жасалды. Ал латынамерикалықтарға деген ұсыныстар афроамерикалықтарға қарағанда көп болған. Мысалы, афроамерикалық үміткер барған бір киім дүкеніндегі қызметші оған «бос орынға басқа адам алып қойдық» деп қайтарды. Дәл сол қызметші латынамерикалықпен сұхбаттасуда оған бос орынға адам алынғанын айтты, бірақ түйіндемесін қалдыруын сұрады. Ақ нәсілді америкалық үміткер сұхбатқа олардан кейін барды. Ол сұхбаттың мынадай мағынада болғанын айтып берді:

«Мен жұмысқа қабылдау процесінің қалай өтетінін сұрадым: – Алдымен, өтініш толтыруым керек пе, әлде сұхбатқа қатысуға бола ма?» – дедім. Ол – менің өтінішіме қарап: – Сіз дереу жұмысқа кірісе аласыз ба?» – деп сұрады. – Иә, – дедім. – Ертең бастай аласыз ба? – Иә. – Таңертең сағат 10-нан, – деді» (Pager, Western & Bonikowski, 2009: 788).

Жұмыс жөнінде көптеген ұсыныстар алумен бірге ақ нәсілді америкалықтарға кейде өздері күткен деңгейден жоғары жұмыс ұсынылады. Ал, афроамерикалықтарға күтілген деңгейден төмен жұмыс қана ұсынылған. (толығырақ «Деректерді зерделеу: нәсіл, сотталғаны туралы дерек және жұмысқа тұру алдындағы сұхбаттасу» тақырыпты тарауда талқыланған). Өзге тәжірибелік зерттеулер де осыған ұқсас жауаптар тапты.

Дискриминация кейде үдемелі түрде қолданылады. Лакиша есімді жұмыс іздеп жүрген қара нәсілді, жас әйелді елестетіп көріңіз. Біріншіден, есімінен-ақ афроамерикалық екенін түсініп, жұмысқа қабылдаушы оның түйіндемесін басқа құжат-қағаздардың ең астына қоюы мүмкін. Келесі жолы сұхбаттасу өткізетін адам да Лакишаны жұмысқа алуы екіталай, себебі ол – афроамерикалық. Лакиша жұмысқа қабылданған күннің өзінде біліктілігі өзінікімен бірдей ақ нәсілді америкалыққа қарағанда еңбегі аса бағаланбайды, еңбекақысы төмен болады, мансабы сирек жоғарылайды және біліктілігін арттыруға, басқа дағдыларды меңгеруге, қабілеттілігін көрсетуге берілетін мүмкіндік мардымсыз болады. Қадам сайын қарсы жасалатын дискриминация – оның табысын, жұмысқа тұру мүмкіндігін, элеуметтік мәртебесін төмендетеді.

## Сегрегация

Қоғамдық теңсіздікті сақтау мақсатында, билік басындағылар қолданатын стратегия – сегрегация деп аталады. Бұл күш немесе қысым көрсету арқылы азшылық топты көпшіліктен айыру, оқшаулау.

Нәсілдік және этностық топтардың арасы қатаң жіктелетін бар көптеген қоғамда азшылық топтар әртүрлі қысымдарға ұшырайды. Олар заңды түрде немесе дәстүрлі түрде геттолар, қытай орамдары, сол сияқты тағы басқа аудандарда өмір сүруге мәжбүр. Егер олар басқа

**Сегрегация** — азшылық және көпшілік топ мүшелерін күштеп айыру, оқшаулау.

жерге көшуді жоспарласа пәтер иелері пәтерді жалға беруден бас тартады. Оған қоса жылжымайтын мүлік агенттіктері олардың телефон қоңыраулары мен хабарламаларына мән бермейді. Ал басқа орынға көшіп-қонуы сәтті өткен күнде де жаңа көршілері үйлерінің қабырғасына нәсілдік кемсіту сөздер жазып, жағымсыз суреттер салуы мүмкін. Тіпті оларға қарсы небір жауыздықтар жасалуы таңғаларлық емес.

Тұрғын үйге қатысты дискриминациялау (азшылық топтарға пәтерді жалға бермеу немесе олар шалған қоңырауды елемеу) 1960 жылы заңсыз деп жарияланды. Алайда сегрегация басты екі себепке байланысты әлі де орын алып отыр. Бұл себептер – нәсілдік/этностық және ұлттық топтардың экономикалық айырмашылықтары мен сол топтарға деген теріс көзқарас (Iceland & Wilkes 2000).

Әрине, экономикалық айырмашылық маңызды рөл атқарады. Табысы төмен азшылық топтар тіпті өз топ мүшелерінің ауқаттыларынан бөлек шеттетіліп өмір сүруі мүмкін. Бұл азшылық топтардың әлеуметтік жағдайы оңалса, сегрегация азаятынын көрсетеді.

Бірақ сегрегацияның негізінде тек қана экономикалық айырмашылықтар жатқан жоқ. Бір жағынан, өсіп келе жатқан әлеуметтік тап – азшылықтың оқшауландырылған ауданда тұру мүмкіндіктерін жақсартып жатса да афроамерикалықтар мен латынамерикалықтар арасында мұндай жағдай сирек кездеседі. Сол сияқты тіпті афроамерикалық білім алып, жетістікке жетіп, басқа қалаға көшкен күнде де олар «ақ» америкалықтармен салыстырғанда жайсыз аудандарда өмір сүреді. Бұған ең басты себеп – табыс көлемі басқалармен бірдей болғанына қарамастан, жылжымайтын мүлік агенттіктерінің афроамерикалықтарға жақсы-жайлы үй көрсетуі сирек кездеседі. Оларға ипотекалық кредит бермеуі мүмкін және болашақ көршілері тарапынан наразылық білдірілуі ықтимал.

## **Case Study: нәсіл/ этнос / ұлт және сатып алу құқығынан айыру**

2007 жылы Құрама Штаттарда қоғамды ойран қылған оқиға – сатып алу құқығынан айыру орын алды, бұл афроамерикалықтар мен латынамерикалықтарға қатты соққы болып тиді. 1990 жылдың басында ипотека беруден бас тартатын банкирлер оларға үсті-үстіне көбейтіп, ипотекалық несиелерді алуды оңайлатты. Бірақ мұндай несиелерге әдепкі ақ нәсілді арызданушыға берілгендей ұзақ мерзімді салымдар мен пайыздық мөлшерлемелер қосылды. Сонымен қоса банкирлер азаматтарға, әсіресе афроамерикалықтар мен латынамерикалықтарға ақ нәсілді америкалықтармен бірдей ипотекалардың субстандартты мүмкіндіктерін берудің дұрыс екенін дәлелдеді. Банкирлер жобаланған үйдің иесі тұрақты түрде төлем жасауға мүмкіндігі болмай үйінен айырылып қалуы ықтимал болғанда ғана несиелер субстандартты түрде берілуі керек деп есептеді (банктер мұндай үлкен көлемде қарыз беруге қуана келіседі). Себебі пайданың басым бөлігін жоғары салымдар мен ипотекалық пакеттерді сатудан тауып жатты. Соңында азшылық топ өкілдері тұрғын үй жағдайын жақсартуға немесе басқа шоттарды төлеуге қаржы қажетсінгенде қарыз берушілер оларға тек қана ерекше жоғары салымдар мен пайыздық мөлшердегі «азулы несиелерді» ұсынды.

Сегрегация құбылысы осы факторлар әсерінен еселеп молайды. Іргелі мүлік агенттіктері мен банкирлер оқшауланған аудандарда тұратын, жұмыссыз қалу мүмкіндігі көп афро-латынамерикалықтарға үйлер мен ипотекалық несиелерді ұсынуды жалғастыра берді. Экономика дағдарысы тереңдеген сайын халықтың жағдайы ауырлай түсті: пайыздық өсімі еселеп көбейген қарызды төлеу қиындап кетті. Сегрега-

цияға қоса енді жоғары субстандартты ипотекалар мен қанаушы несиелердің пайыздық мөлшерлемелері басқа жерлерден гөрі осы аудандарда тұрғынжай сатып алу қымбаттауына әкеп соқтырды. Бұл үй алушыларды күннен-күнге дағдарысқа тірей берді. Пайызды уақытында төлей алмаған үй иелері үйді иемдену құқығынан айырылды, жергілікті бизнес тұтынушыларын жоғалтып тақырға отырды. Қалғандардың арасында жұмыстан айырылу бұрынғыдан да жиіледі.

## Заңдастырылған нәсілшілдік

Қорыта айтсақ, заңдастырылған нәсілшілдіктің салдары ретінде нәсілдік пен этностық теңсіздік әлі де сақталып отыр. Заңдастырылған нәсілшілдік күнделікті әрекеттер мен әлеуметтік келісімдер жүйелі түрде нәсілдік-этностық теңсіздік тудыратынына көз жұма қарап, әділдік деп санаудан пайда болады. Мысалы, сығандарға қатысты (басқаша рома деп аталады) бұрмаланған пікір мен дискриминация – Чехияда қалыпты жағдай. Сыған балаларының түгелге жуығы ойлау қабілеті төмен, мүгедектерге арналған мектептерде оқиды. Чехия билігі сыған балалары стандартты көрсеткіштерге қарай осындай мектептерге орналастырылған деп дәлелдейді. Бірақ мұндай саясат балалардың келешекте чех қоғамында табысқа жету мүмкіндігін шектейді. АҚШ-та мектепаралық сегрегация мен бақылау нұсқалары нәсілдік теңсіздікті күшейтеді.

## Дискриминацияның артуы

Нәсілдік және этностық теңсіздікті құрайтын – бұрмаланған пікір, дискриминация, сегрегация және заңдастырылған нәсілшілдік. Бұл теңсіздік жүйесі әлеуметтік таптар арасындағы теңсіздік себебінен одан сайын өршиді. Мұны 8.1-кесте арқылы түсінуге болады. Кестеде көрсетілгендей, әртүрлі нәсілдік-этностық топтардың өзара теңсіздік көрсеткіштері бір-біріне жақын: әр үш топта да бай отбасылардың

**Заңдастырылған нәсілшілдік** – бейтарап процестердегі қалыпты әрекеттер нәтижесінде көпшілік пен азшылық топтар арасында жүйелі түрде теңсіздіктің орнауы.

Сығандарға (немесе ромаларға) қатысты бұрмаланған пікір мен дискриминация Европада жиі кездеседі. Мұнда оларды күштеп көшіру, тұрғын үй жағдайының өте нашарлығы және стандартқа сай емес білім беру қалыпты жағдайға айналған.





20%-ы табыстың тең жартысына ие. Екінші жағынан, үш топты салыстырсақ, латын және афроамерикалық отбасыларға қарағанда, ақ нәсілді америкалықтардың орташа табысы 1,5 есе көп екенін байқаймыз.

Егер табысқа емес, байлық мөлшеріне қарасақ, ондағы айырмашылық тіптен алшақ. 8.1-кестеде көрсетілгендей, ақ нәсілді америкалық отбасылардың орташа меншік капиталы \$113,149 құраған. Бұл көрсеткіш латынамерикалық отбасылардың табысынан 18 есе, ал афроамерикалық отбасыларынан 20 есе жоғары. Этностық топтар арасындағы табыс теңсіздігі әрқашан жоғары болған, бұл көрсеткіш 2008 жылы басталған экономикалық құлдырау кезінде одан сайын артты. АҚШ-та нәсілдік және этностық теңсіздіктің жалғасу себебі – табыстағы нәсілдер арасындағы айырмашылығында емес, байлықтағы нәсілдік және этностық айырмашылықта.

## АҚШ-тағы нәсілдік және этностық теңсіздік

Нәсілдік және этностық теңсіздіктің болуы жаңалық емес. Бұл таурада АҚШ-тағы іріктелген нәсілдік, ұлттық және этностық топтардың ертедегі, қазіргі және болашақтағы әлеуметтік жағдайын талқылаймыз.

### 8.1-КЕСТЕ. Табыс және этностық топтар бойынша отбасы әл-ауқаты

АҚШ-та нәсіл/ ұлтаралық және тапаралық стратификация қалыптасқан. Әрбір нәсілдік немесе этностық топ ішінде ең бай 20%-ы өз тобындағылар табатын пайданың тең жартысын иеленеді. Бұл әлеуметтік топтар арасындағы шынайы айырмашылықты көрсетеді. Сонымен қатар ақ нәсілді америкалықтардың топ ретінде афроамерикалықтар мен латынамерикалықтарға қарағанда, табыс мөлшері мен байлық көлемі жоғары. Бұл нәсіл және ұлттар арасындағы шынайы айырмашылықты көрсетеді.

Этностық топтар бойынша жалпы табыс, пайыздық көрсеткіші			
Табыс квинтилі	Афро-америкалықтар	Латын-америкалықтар	Ақ нәсілді америкалықтар
Ең кедей бестік	3%	4%	4%
Екінші бестік	8	9	9
Үшінші бестік	14	15	15
Төртінші бестік	24	23	23
Ең бай бестік	51	50	49
Орта көрсеткіштер			
Орташа кіріс	\$32.584	\$38.039	\$51.861
Байлықтың орташа көрсеткіші	\$5.677	\$6.235	\$113.149



## Ақ нәсілді америкалықтар

Солтүстік Америкаға ең бірінші келген ерікті иммигранттар – ағылшын, неміс, француз және испан халықтарының өкілдері болған. Дегенмен 1700 жылға дейін ағылшындар бүкіл Шығыс жағалауда үстемдік құрды. Ағылшындар көпшілік топқа айналды, ал қалғандары азшылық топтарды құрады. 1840 жылдары жұмыс берушілер «Ирландықтар жұмысқа қабылданбасын» деген жазулы белгілер орнатқан. 1860 жылдары мұндай дискриминация қытайлар мен жапондарға, 1890 жылдары еврейлер мен италиялықтарға қарсы қолданылды. Бұрмаланған пікір мен дискриминация осы күнге дейін ақ нәсілді америкалықтардың арасында (сирек болса да) француз-канадалықтарға және америкалық арабтарға қарсы қолданылуы кездесіп қалады.

## Ақ нәсілділер

Бұрмаланған көзқарас пен дискриминацияның тарихына қарамастан, көптеген ақ нәсілді америкалықтар өздерінің этностық тамырына деген тығыз, сенімді байланыстарын жоғалтпай жалғастырып келеді. Олар италиян, грек, поляк, норвег болғанын мақтан тұтады және төл мерекелерін тойлайды, ұлттық тағамдарын жеп, өз халқының әндерін айтып шаттанады. Дегенмен иммиграция басталғаннан кейінгі үшінші немесе төртінші ұрпақта ұлттық ерекшілік негізінен символдық және таңдау мәселесіне айналды. Бұл таңдауда еш қатар жоқ болатын. Өйткені ақ нәсілділердің әлеуметтік интеграция мен жеке ілгерілеуге тосқауыл еткені сирек.

Ақ нәсілді америкалықтар енді этносқа тән болуға қатысты жағымсыз сын айта алмайды. Көбісінің ата-бабалары алғашқы иммигранттар. Басқаларының арғы аталары ұлттық тұрғыдан араласып кеткені соншалықты, олар өздерін белгілі бір этностық топқа жатқыза алмайды. Олар этносқа тәнділігі бойынша ақ нәсілді америкалық деп қана анықталады.

Мұндай өзгерістер америкалық италиян, америкалық поляк және басқа этносқа тән сипаттан «белгісіз ұлтты америкалық» болуға алып келген. Зерттеушілер мұны Американың «балқыту қазанына» айналып, оның ішінде этностық топтар (ақ нәсілді) басқа көптеген этностық топ-

Ирландтықтар америкалық ирландтардың өміріне көп әсер етпесе де, көптеген адамдар әлі күнге дейін Сент-Патрик күнінің шеруінде өздерінің мәдени мұраларын тойлайды.



пен араласып, жаңа америкалық ұлт пайда болды деп қарайды. Алайда шындық анағұрлым күрделі. Әрине, америкалық ағылшын тілінде басқа тілдерден алынған көптеген кірме сөздер бар (омбудсмен, франк-футер секілді), адамдардың бойында бірнеше ұлттың қаны ағып тұр, сондықтан бір ұлтқа тән сипаттар бойынша адамның шыққан тегін анықтау қиын болады. Оның орнына, түрлі мәдениеттердің араласып бітісуі АҚШ-тың тілі мен мәдениетіне ассимиляциялануға әкелді. АҚШ қоғамына сіңу және әлеуметтік ұтқырлықпен ілгерілеуді көздеген тұлға «дұрыс» ағылшын тілінде сөйлей білуі керек – «дұрыс» акцентпен, ым-ишараны артық пайдаланбай сөйлесіп, сенбі күндері жұмыс істеп, жексенбіде ғибадатханаға барып, жалпы алғанда, АҚШ үшін үстем болған Солтүстік және Батыс еуропалықтар мәдениетін қабылдауы қажет.

### Ақ нәсілдің бірегейлігі

Ақ америкалықтардың этностық бірегейлікпен байланысы азайған сайын әлеуметтанушылар ақ нәсілдік бірегейлік туралы айта бастады. Өкінішке қарай, қазір ақ нәсілдік бірегейлікті түсіндіретін маңызды ештеңе болмай қалды. Ерекше ғана жағдайларда, мысалы, ақ нәсілді емес адамдардың арасында болмаса өздерінің нәсілі, ұлты ақ нәсілді америкалықтардың ойына келмейтін болды. Ақ нәсілді америкалықтар соккер емес – футболды тамашалағанда, сальса емес – рокты тыңдағанда, картоп емес – алма бәлішін жеп тамсанғанда өздерінің осындай таңдау жасайтыны ақ нәсілге тәндігімен байланысты екенін түсіне бермейді.

### Ақ нәсілдің артықшылығы

Ақ нәсілді америкалықтар өздерінің нәсілдік санатына көп мән бермей, бір жағынан, алаңсыз өмір сүріп, яғни қауіпсіз ауданда тұруының, жақсы жұмыс істеп, беделді оқу орындарында білім алуының арқасында, нәсілдің іргесі өздері тумастан бұрын құрылған теңсіздік жүйесі негізінде қаланғанын ескере бермейді. Мысалы, афроамерикалықтар нәсілдік себеппен жұмысқа қабылданбай жатқан сәтте, жұмыс іздеген ақ нәсілді америкалықтардың көбінің мүмкіндіктері күн сайын артқан. «Ақ нәсілдің артықшылығы» термині ақ нәсілді америкалықтарға терісінің түсі ақ нәсілді болғанына ғана байланысты берілетін ерекше мүмкіндіктер мен жеңілдіктерден туындаған (Rothenberg 2002). «Ақ нәсілдің артықшылығы» білінсе де, білінбесе де, тілесе де, тілемесе де барлық ақ нәсілді америкалыққа пайда келтірді.

## Афроамерикалықтар

### Тарихи шолу

Афроамерикалықтардың әлеуметтік жағдайы олардың көпшілігі құлдардан шыққан деген басты айғаққа негізделген. Құлдардың мүлік иеленуге, білім алуға, үйленуге құқықтары болмады және қайта қауыша алмайтынын біле тұра балаларын плантация иелеріне сатудан қорғай алмады. Құлдық жүйе күйреген соң олар мүліксіз қалды. Өзгелерге тойтарыс беруге мәжбүр болды. Көптеген жағдайда ауыр жұмыс істеуден басқа қабілеттері болмаған. Сол себепті бұрынғы құлдардың басым көпшілігі және олардың ұрпақтары ұзақ уақыт кедейшілікте өмір сүрді. Сонымен бірге заңды (афроамерикалықтарды нашар қамтамасыз етілген мектептерге бөлу; олардың дауыс беру құқықтарын шектеу мақсатында әділетсіз «сауаттылық тестін» жасау және дауыс беру салықтарын бекіту) және заңсыз кедергілер (афроамерикалықтарды

### әлеуметтану және сіз

Сіз сауда орталығына барғанда, ешкім сізді қарапайым жұмысшы деп ойламауы үшін жақсы киінесіңіз бе? Егер жоқ деп жауап берсеңіз, онда ақ нәсілді болғаныңыз. Көптеген адамдар ақ адамдарды заңға мойынсұнатын азаматтар деп есептейтіні басқаша дәлелденгенге дейін бұл ақ нәсілдің артықшылығының үлгісі болып табылады. Бұл артықшылықтар әдетте көрінбейді: Афроамерикалықтарды күзетшілер жиі тоқтатады. «Ақтардың» кейбіреулері ғана нәсілдік ерекшелігі оларды қорғайтынын мойындайды.

«Ақ нәсілдің артықшылығы» – терісінің түсі ақ болғанына ғана байланысты ақ нәсілді америкалықтарға берілген ерекше мүмкіндіктер мен жеңілдіктер.

«ақтардың» билігіне қандай да бір жолмен тап болғандығы үшін қинау) афроамерикалықтардың қоғамдық және экономикалық құрылымда көтерілуіне жол бермеген. 1964 жылы Азаматтық құқықтық акт қабылданғанша, 1960 жылдардың соңында азаматтардың құқықтары үшін қозғалыс басталғанша олардың өмірінде ешқандай өзгеріс болмаған. Афроамерикалықтарға қарсы дискриминация жұмыс орындарында, білім, қоныс, денсаулық сияқты салаларда әлі де кездеседі.

### Қазіргі жағдай

2010 жылғы санақ бойынша афроамерикалықтар АҚШ халқының 12,6 пайызын құрайды. Пайыздық көрсеткіші осы шамалас афроамерикалық тұрғындар қазір орта тапқа енді. Осы орайда ескере кетер жайт – АҚШ тұрғындарының басым бөлігінің (43%-ы, ақ нәсілді америкалықтарды қоса) афроамерикалық Барак Обамаға дауыс беріп президенттікке сайлауы, оған билік берілуі нәсілшілдіктің азайғанын көрсетті. Кейбір афроамерикалықтар орта не жоғары тапқа да жатады және АҚШ қоғамына бірден сіңісіп кеткен. Алайда басқаларының жағдайы төмен, жұмыс орындарымен аз қамтылған және оқшауланған аудандарда өмір сүреді.

Екінші дүниежүзілік соғыстан бері афроамерикалықтарға деген көзқарас күрт өзгере бастады. Ақ нәсілділердің басым бөлігі қазір шынымен бірлестікті қолдайды. Олар азшылық топтарға жататын афроамерикалықтармен көршілес тұрып, нәсіл аралық некелерді де мойындайтын болды. Осы сияқты маңызды жаңалықтар афроамерикалықтардың өмірінен орын алуда. Алайда аудандық сегрегация әлі де сақталған.

Осы орайда афроамерикалықтар білім саласындағы жетістіктермен ақ нәсілділерге жылдам жетуге тырысты, бірақ сонда да артта қалып отыр. Тіпті ақ нәсілді мен қара нәсілдінің білім деңгейі бірдей болса да «ақтардың» табысы көп. Афроамерикалық отбасылардың төрттен бір бөлігі кедейлік шегінен төмен деңгейде өмір сүруде. Олардың орташа табыс мөлшері ақ нәсілді отбасыларының 59%-ын ғана құрады. (АҚШ санақ бюросы, 2011) Одан да өкініштісі, 40 жас шамасындағы афроамерикалық отбасылардың көбінің қазіргі табысы ата-анасының тапқан табыстарынан да төмен.

Осындай таңғаларлық кемшіліктің пайда болуына әкелген екі фактор бар: афроамерикалықтардың табыс мөлшері ақ нәсілді америкалықтардікіне қарағанда төмен және афроамерикалық отбасында екі табыскер болуы сирек кездеседі.


**ТӨМЕН ТАБЫС.** Егер толық күндік жұмыспен жыл бойы қамтылған афроамерикалықтарды алсақ, олардың орташа табысы ақ нәсілді америкалықтардан 20% төмен. 8.1-картасында көрсетілгендей, жағдайдың осындай қалыпта болуының себебі – афроамерикалықтардың көбі еңбекақы көлемі ең төмен деңгейдегі оңтүстік аймақтарда тұратындығынан болуы мүмкін. Сонымен бірге ақ нәсілді америкалықтармен салыстырғанда білімі нашар афроамерикалықтарға төлемі төмен егістіктерде ауыр жағдайларда еңбек етуге тура келеді. Нәтижесінде нәсілшілдік салдарынан жұмыссыз қалу және төмен еңбекақы алу кең жайылған. Қандай кәсіп болмасын көптеген афроамерикалықтар ақ нәсілді америкалықтармен салыстырғанда кем айлық алып, төменгі деңгейде тұр.

**МАТРИАРХАТТЫҚ ОТБАСЫ.** Ақ нәсілді америкалықтар мен афроамерикалық отбасылардың жартысының табысындағы айырмашылық – 14%, ақ америкалықтар отбасылармен салыстырғанда 46%. Мұның себебі – афроамерикалық отбасыларында ересек ер адамның болмауынан, яғни табыс табушы жалғыз басты әйел болуынан бастау алады. Зерттеушілердің ойынша, кедейлік афроамерикалық әйелдер мен ерлердің



**8.1-КАРТА. АҚШ-тағы афроамерикалықтар**

Афроамерикалықтар АҚШ-тың барлық жерінде өмір сүргенімен, оңтүстікте әсіресе жағдайы төмен аймақтарда аса шоғырланған. Ал солтүстіктегі Жаңа Англия мен батыста (Калифорния мен Неваданы қоспағанда) саны көп емес.



дұрыс таңдау жасай білмеуінен келіп шығады. Негізінде, зерттеулер әйел басқаратын отбасылар кедейліктің себебі емес, салдары екенін көрсетеді; афроамерикалық әйелдер тұрмысқа сирек шығады, себебі олардың қоғамында жеткілікті табыс тауып отбасын қамтамасыз етуге шамасы жететін ер азаматтар өте аз (Luker 1996; Newman 1999b). Көптеген афроамерикалықтардың табысы төмен болуы дискриминацияға байланысты. Біреулері қылмыс жасап түрмеге қамалған, тағы басқаларына түрмеден шыққан соң жұмыс табу оңай емес. Тіпті түрмеден босаған ақ нәсілді америкалықтармен салыстырғанда, олардың жұмысқа қабылдануы – өте сирек оқиға (Lyons&Pettit 2011; Western & Pettit 2006).

**Латынамерикалықтар**

**Тарихи шолу**

Латынамерикалықтарды, яғни испантекті америкалықтарды («латинос» деп те танылады), нәсілдік санаттан гөрі этностық топқа жатқызған дұрыс. Латынамерикалық топқа Пуэрто-Рико, Мексика, Куба және басқа Орталық және Оңтүстік Америка елдерінен келген испантілді иммигранттар мен олардың ұрпақтары кіреді.

АҚШ-тағы латынамерикалықтар саны алғаш рет Мексика-Аме-

Қазіргі латынамерикалық иммигранттардың көбінің жағдайы нашар болғанымен, бұрын келгендерінің ұрпақтары орта, тіпті кейде жоғары топтың жұмыс орындарында істейді.



рика соғысынан кейін едәуір өсті. 1845 жылдың басында АҚШ қарулы күштері Мексиканың құнарлы жерлерін, табиғи ресурстарын және билікті басып алды (Vargas 2010). 1848 жылы Мексика үкіметі елдің солтүстік аумағындағы аймақтарды беруге мәжбүр болды. Сол аймақтарда өмір сүрген латынамерикалықтардың көбі кейін көшіп кетті.

Мексика мен Американың арасындағы соғыстан кейін ақ нәсілділер АҚШ-тың жаңа жерлерін заңды түрде (дискриминация осы заң жүйесінің негізінде құрылған) пайдалануға құқық алды. Олар заңды өз пайдасына қарай қолданып, тұрғылықты мексикалықтардың фермалары мен егістіктерін тартып алды. Шаруашылықсыз қалғандардың көбі кедейлікке ұшырады. Бұдан соңғы жылдары латынамерикалықтар, олардың ұрпақтары бұрмалау мен дискриминациядан көп қиналған. 1960 жылы афроамерикалықтарға мүмкіндіктер ашқан азаматтық құқық қозғалысы оларға да жетті. Сол кезден бері латынамерикалықтардың жетістіктері артып келеді.

### Ағымдағы жағдаят


Латынамерикалықтар АҚШ халқының 16,3%-ын құрап, мемлекетте кең тараған азшылық топқа айналды. Оларды барлық штаттан, әсіресе Флорида және Мексика, Техас, Аризона сияқты шекаралас жерлерден кездестіруге болады (8.2-қарта). АҚШ-тағы латынамерикалықтардың 2/3 бөлігі Мексикадан шыққан, қалғандары Орталық және Оңтүстік Америкадан, Кариб аралдарынан келген. Латынамерикалықтар ұлт болып саналмайды, олардың бәрі испан тілді болғанымен бірнеше этностық немесе нәсілдік топқа жатады.

Сондықтан АҚШ-тағы латынамерикалық топтардың сипаты АҚШ-та өзгермелі болды, әлі де өзгеруде. Мысалы, 1960 жылы Куба революциясы аяқтала салысымен көшіп келген кубалықтар әдетте бекзат ортадан шыққан, қанаушы коммунистік режимнен қашқан адамдар деген ой тараған. Сонымен қоса ақ нәсілді болуына байланысты олар АҚШ-та латынамерикалықтардан гөрі жақсы қабылданды.



**8.2-КАРТА. АҚШ-тағы латынамерикалықтар**

Латынамерикалықтар Мексика мен Флориданың шекаралас штаттарында өте көп, себебі Орталық және Оңтүстік Америкадан жылдар бойы ағылған иммигранттар сол жерлерге қоныстанған. Көптеген латынамерикалықтар Нью-Йорк, Нью-Джерси, Иллинойс қалаларында тұрақтанды.



8.1-кестеде көрсетілгендей, түрлі латынамерикалық топтарды бір-бірімен және испан тілді емес ақ нәсілді америкалық топтармен, азиялық, афроамерикалықтармен үш өлшем негізінде салыстырады: білім, кедейлік деңгейі және отбасы құрылымы. Мұның екі өлшемі бойынша латынамерикалық топ басқалардан тым төмен орында, яғни америкалық мексикалықтар – ең нашар білімді этностық топ, ал пуэрто-риколықтар (оларды көбі қара нәсілді деп санайды) ең кедей өмір сүретіндер қатарында. Сонымен бірге пуэрто-риколықтар афроамерикалық топтан кейін үй қожалықтарын әйел басқаратын екінші топ болып табылады.

**Өзекті мәселелер**

1990–2010 жылдар аралығында латынамерикалық халық саны АҚШ-тағы жалпы халық санынан төрт есе тез өскен (U.S. Census Bureau 2011b). Бұл сан көбінесе АҚШ-та бұрыннан тұрып жатқан халықтың туу деңгейі есебінен және біраз бөлігі жаңа қоныстанғандар есебінен артып отыр.

Жаңа иммигранттардың басым көпшілігі жас, білімі нашар, (әсіресе құжатсыз иммигранттар) ең төмен еңбекақыға да келісіп, жұмыс істейді. Сол себепті кейбір АҚШ азаматтары арасында еңбекақы көлемі баршаға төмендетіледі деген алаңдаушылық туды. Зерттеулер нәтижесінде жоғары білімі жоқ америкалықтардың еңбекақысы

төмендетілгені анықталды. Дегенмен басқа зерттеулердің қорытындысы бойынша, иммигранттар барша америкалықтардың пайдасына экономиканың дамуына ықпал етуде (Сфкв 2005).

Тағы бір ортақ мәселе – латынамерикалық мәдениет АҚШ мәдениетін «жаулап» алады немесе олар өздерін ассимиляцияланудан сақтайды деген қауіп. Латынамерикалықтардың саны жақын жылдарда артатыны жасырын емес. Сонымен қоса Латын Америкасынан ұзаққа созылған иммиграциядан соң АҚШ-та дүниеге келген латынамерикалықтар қазір сальса биін билеп, Густамалан ресторандарын, латынамерикалық мәдениеттің басқа да элементтерін қалыпты қабылдап, қызықтап жүр. Көптеген испантілді иммигранттардың балалары мен немерелері АҚШ мәдениетіне оңай сіңісіп, жұмыс тапты. Олардың латынамерикалық емес көршілері аздап болса да латынша сөйлей алады.

## Америкалық азиаттар

### Тарихи шолу

Алғаш рет азиялықтар АҚШ-қа 1848 жылы Калифорнияда болған алтын іздеушілер қозғалысы кезінде көптеп келе бастады. Әуел бастан олар ерекше жаулық әрекеттер мен дискриминацияға тап болды. Оларға қарсы жауыздық әдепкі жайт болып саналды. Заң жүзінде, Калифорниядағы қытайлықтарды ақ нәсілді америкалықтарға қарсы сотта куәлік беру құқықтарынан айырған соң, оларға ешқандай көмек көрсетілмеді.

1880 жылдан бастап федералдық заңдарға байланысты Азиядан иммигранттардың келуіне кедергілер пайда бола бастады (Okimoto 2005). Сонымен қатар заңға сәйкес азиялық иммигранттар мен олардың АҚШ-та дүниеге келген балалары азаматтық алу құқығынан айрылды. Америкалық қытайлар ІІ Дүниежүзілік соғыс кезінде ғана Америка азаматтығын алуға құқылы болды (Қытай мен АҚШ одақтас болған кезеңде), ал америкалық жапондар 1952 жылы ғана осындай құқыққа ие болды.

ІІ Дүниежүзілік соғыс кезінде 100.000-ға жуық америкалық жапондар (олардың көбі АҚШ азаматтығын алғандар және кішкене балалар) өз дүние мүлкін тез арада сатуға мәжбүр болып, арнайы оқшауланған лагерьлерге жөнелтілді (Okimoto 2005). АҚШ билігі жапондарды лагерьге қамаған себебі – олар Жапон елінің атынан бүлік ұйымдастырады деп сенген. Бұның өзі дәлелдерге емес, бұрмаланған пікірге негізделген. Алайда 1988 жылы АҚШ Конгресі бұл саясатты әділетсіздік деп мойындап, америкалық жапондар алдында ресми түрде кешірім сұрады.

1965 жылдан бастап жаңа заң бойынша азиялықтар үшін әсіресе мұнда олардың отбасы болса немесе жоғары оқу орындарында білім алуды жоспарласа, АҚШ-қа қоныс аудару ережесі жеңілдетілді. Нәтижесінде америкалық азиаттардың саны біршама өсті.

### Ағымдағы жағдаят


АҚШ-та өмір сүретін Азия халықтарының саны (жапондар, қытайлар, филиппиндер, кәрістер, лаостар және вьетнамдар) 1980 жылдар мен қазіргі уақыт аралығында екі еселенді. Бірақ жалпы АҚШ халқы санының 3,6 пайызын ғана құрайды (Humes, Jones & Ramirez 2011). Америкадағы азиялықтарды үш сегментке бөлуге болады: 1) XIX ғасырдағы иммигранттардың ұрпақтары (қытайлар мен жапондар); 2) ІІ Дүниежүзілік соғыстан кейін қоныс аударған иммигранттар (филиппиндер, азиялық үнділер және кәрістер); 3) соңғы кезде Оңтүстік-Шығыс Азиядан келген босқындар (камбоджалықтар, лаостар және вьетнамдар).



**8.1-СЫЗБА. Латынамерикалықтардың пайда болуы, кедейлігі және отбасылық құрылымы**

Басқа топтармен салыстырғанда, испантілділер әсіресе мексикалықтар мектепте білім ала алмауы мүмкін, бұл ішінара олардың көпшілігі жақында көшіп келушілер болғандықтан. Латынамерикалықтар мен афроамерикалықтар көбінесе «ақтар» мен азиялықтардан төмен деңгейде өмір сүреді. Афроамерикалықтар көбінесе әйелдер басқаратын үй шаруашылықтарында өмір сүреді, пуэрториналықтардың жағдайы одан да нашар (олардың да көпшілігі Африкадан шыққан).

ДЕРЕККӨЗ: АҚШ Санақ бюросы (2009)



Бір ғасыр бұрын Азиядан қоныс аударған иммигранттар үшін нәсілшілдік мәселесі көкейкесті болған. Қазір азиялық ұлттарға қатысты зорлық-зомбылық көрсету мәселесі азайса да, кейде мұндай жағдай болып жатады. Кейбір ақ нәсілді америкалықтармен салыстырғанда, америкалық азиаттар арасында жоғары білім алған, медициналық және құқықтану саласында ғылыми дәрежесі бар адамдар санының пайызы жоғары (Le, 2006). Білімі жоғары америкалық азиаттарға қытайлықтар мен жапондықтар жатады. Бұлар – ұзақ жылдар бойы АҚШ-та бірнеше буын ұрпағы өмір сүріп келе жатқан америкалық азиаттар. Сонымен қатар Азияның жоғары білімді халықтарының қатарына азиялық үнділер мен филипиндер де кіреді. Бұлар – АҚШ-қа жоғары білім алу үшін келген немесе қолдарында жоғары білімін растайтын құжаттарымен келген иммигранттар. Мәліметтерге сүйенсек, Оңтүстік-Шығыс Азиядан келетін иммигранттар ағымы дәл осы жолмен іске асырылады. Мысалы, 1975–1984 жылдар аралығында Оңтүстік-Шығыс Азиядан қоныс аударған босқындар алғашқы кезде жәрдемақы көмегімен өмір сүрген. Ал 20–24 жас аралығындағы екі есе көп вьетнамдық жастар ақ нәсілді америкалық жастармен бірге оқу орындарына түскен.

## Өзекті мәселелер

Америкалық азиаттардың жоғары білімі олардың жақсы маман болуына, жоғары басқарушы орындарында қызмет етуіне және ақ нәсілділерге қарағанда қомақты қаржы табуына мүмкіндік береді. Бірақ дискриминация әлі де бар. Бейресми саясат америкалық азиаттардың жоғары дәрежелі колледждер мен университеттерде оқуға жолдама алуын қиындатып жіберген. Америкалық азиаттардың білімі, біліктілігі және еңбек өтілі ақ америкалықтармен бірдей бола тұра еңбек ақысы аз, басқарушы орындарға жетуі сирек.

Америкалық азиаттар әдетте қызметтік мансапта көтеріле алмайды. Өйткені ақ нәсілді жұмыс берушілердің ойынша олардың даралығы, әлеуметтік білімі жеткіліксіз, тіпті «келбеті келіспеген». Сонымен қатар азиялық америкалықтар бос жоғары жұмыс орындары туралы біле алмайды, себебі кәсіби тәлімгерлік ететін «бұрыннан істеп, барлығын білетін қызметкерлер қатарына» жіберілмейді.

Ақыр аяғы, америкалық азиаттардың арғы аталары иммигрант болып келіп, осы жерде ұрпағын өрбітсе де оларды «таза америкалықтар» деп қабылдамайды. Осыған қатысты америкалық жапондардың үшінші ұрпағы болып саналатын бір адам былай дейді:

«Кейде біреулер маған жақындап: «Сіздің ағылшын тілінде сөйлегеніңіз неткен тамаша» дегенде ашуым келеді. Олар: «Сізде ешбір акцент жоқ. Ағылшын тілін қайдан үйрендіңіз?» деп таңғалады. «Қайдан үйрендім? Әрине, осында, Америкада. Мен солар секілді осы жерде дүниеге келдім. Бірақ адамдар мені көре сала иммигрант деп қабылдайды» (Zhou & Gatewood 2000, 18).

## Байырғы америкалықтар

### Тарихи шолу

Байырғы америкалықтар («Америкалық үндістер») Солтүстік Американы мекендеген жергілікті тұрғындардан тараған. Олардың ата-бабалары АҚШ қоғамының құрамы болуды өз еркімен шешкен жоқ. Ғасырлар бойы оларға күш көрсетіліп, бағындыру көзделген. Жанжал,

конфликтілер аяқталған соң да АҚШ үкіметі байырғы америкалықтардың еш құқығы жоқ деп кедейліктен шығармау саясатын ұстанған (Wilson, 2000). Мысалы, 1838 жылы үкімет байырғы Америка халқын Миссисипи өзенінің шығыс жағалауынан күштеп көшірген. Олардың көбі фермерлер болған, ешқайсысы АҚШ үкіметіне қарсылық көрсеткен емес. Олар АҚШ-тың оңтүстік бөлігінен жаңа «Үндістер территориясы» – Оклахомаға көшірілді. Бұл «мұңлы сапарда» мыңдаған ер адам, әйелдер мен балалар аштықтан, әлсіздіктен және түрлі аурулардан қайтыс болған. Өнімсіз өңірлерде қоныстанған соң да көбі өмірден кетті.

Бір ғасыр өтпестен АҚШ үкіметі басқа да байырғы америкалықтарды шөлейтті жерлерге мәжбүрлеп көшірді. Олар тұрып жатқан жерлерді ақ нәсілді америкалық ұнатып қалса жерін тартып алған. Жергілікті топ мүшелерінің дауыс беру құқығы болмаған, ал балаларының сана-сезімдерін «тазарту» үшін бірнеше жылға интернатта оқуға мәжбүрлеп жіберген (Wilson, 2000). Ұлттық сайлауда дауыс беруге 1924 жылға дейін, ал жергілікті сайлауда дауыс беруге 1960 жылға дейін тыйым салынған (Wilson, 2000). Бұдан кейін де дискриминация сақталып, 1968 жылғы америкалық үндістердің көтерілісіне әкеп соқтырды.

## Қазіргі жағдай

Байырғы америкалықтар (америкалық үндістер) АҚШ-ты құрайтын азшылық топтардың бірі болып есептеледі (жалпы халықтың 1 пайызын ғана құрайды). Жартысына жуығы төрт штатта ғана өмір сүреді: Оклахома, Аризона, Калифорния және Нью-Мексико. Бәлкім, байырғы америкалықтар қоғамның ең көп зардап шеккен азшылық тобы шығар. АҚШ-тағы нәсілдік және этностық топтардың арасында олардың білім көрсеткіші ең төмен, ал ішімдік ішу мен мезгілсіз қаза болу көрсеткіші ең жоғары деңгейде (Kao & Thompson 2003). Ақ нәсілді америкалықтарда жергілікті америкалық тайпалар казинолар арқылы жетістікке жетті деген ой қалыптасқан. Казинолар үлкен қалаларға жақын орналасса ғана көп пайда келтірген. Казинолар, шынымен, тайпалық үкіметке қажетті табыс әкеліп, мектептер мен үй мәселесін шешуге, сонымен қатар өз топтары ішіндегі кедейлікпен күресуге ықпал етті (Conner & Taggart, 2009; Evans & Topoleski, 2002). Алайда казинолар санының өсуі қылмыс пен тәуелділіктің көбеюіне әкеп соқтырды (Evans & Topoleski, 2002).

8.2-кестеде оңтүстік Дакотада орналасқан Пайн Ридж аумағындағы 30.000 халқы бар Оглало Сию тайпасының жағдайы сипатталады. Байырғы америкалықтардың мәртебесі әр алуан. Олар 200-ге жуық тайпалық топтардан тұрады, өздеріне тән мәдениеті мен тілі бар. Кейбіреулері біршама жетістіктерге жеткен: солтүстік батыста – балықшы фермерлер; Вайомингте – мал шаруашылығымен айналысатындар, Майнде – көпір салушылар. Қала аймақтары мен Миссиссипидің шығыс жағалауында ақ нәсілді америкалық қоғамның әсері басым болғандықтан көптеген жергілікті америкалықтар бір мәдени ағымға тоғысып, жеке экономикалық жүйе құрған. Солай бола тұра Пайн Ридж сияқты ресурстары шектеулі оқшауланған (және казиноларға көпшілікті тарту мүмкіндігі жоқ) аймақтарда өмір сүретін тұрғылықты америкалықтардың әлеуметтік-экономикалық жағдайы төмен және тұрмыстары нашар. Сонымен қатар байырғы америкалықтар оқшау тұратын аймақтарға жақын қалалардағы ақ нәсілді америкалықтар арасында тараған бұрмаланған пікір мен дискриминация кесірінен көп түйткіл шығып тұрады.

## 8.2-КЕСТЕ. Пайн Ридж резервациясындағы тұрмыс

Мектеп бітірген (25 жаста немесе одан жоғары)	33,5%
Жоғары білім алған (25 жаста немесе одан жоғары)	11,4%
Әйел басқаратын отбасылар	32,2%
Кедейлік деңгейінен төмен жағдайда өмір сүретіндер	48,6%
Телефон құралдары жоқтар	11,7%
Жеке көлігі жоқтар	10,9%
Үйлері су және кәріз жүйесімен қамтылмағандар	6,3%
Орташа отбасылық табыс	\$31,517

ДЕРЕККӨЗ: U.S. Bureau of the Census 2011b, 2011c.

## Америкалық арабтар

### Тарихи шолу

Америкалық арабтардың АҚШ-қа үлкен иммиграциясы 1800 жылдардың соңында басталды. Басқа да Оңтүстік және Шығыс Еуропадан қоныс аударған иммигранттар секілді араб иммигранттары да бұл елге экономикалық жағдайларын жақсарту мақсатында көшіп келді. Олар еврейлер мен италиялықтар сияқты «ақ нәсілділер» деп қабылданған жоқ, бірақ афроамерикалықтар байырғы америкалық немесе латына-америкалық халықтар секілді заң және басқа жағынан қысым не дискриминация көрген емес.

Араб иммигранттарының саны 1965 жылдан бастап көбейе бастады. Сол уақытта федералдық құқықтық өзгерістерге байланысты еуропалық емес ұлттарға да АҚШ-қа қоныс аударуға рұқсат берілді. Одан кейінгі уақытта біршамасы Таяу Шығыстағы соғыстан қашып келсе, басқалары жоғары білім мен жақсы табыс үшін келген. 11 қыркүйектегі оқиғадан кейін америкалық арабтарға қарсы көзқарас пен дискриминацияға байланысты мәселе көтерілді.

### Қазіргі жағдай

Америкалық арабтар АҚШ халқының 1%-дан төмен бөлігін құраса да әлемде орын алып жатқан оқиғаларға байланысты олардың мәртебелеріне ерекше мән беріле бастады.

Барлық араб ұлтты америкалықтар иммигранттар немесе Солтүстік Африка мен Таяу Шығыстан қоныс аударған иммигранттардың ұрпақтары деп саналады. Олардың қатарына Марокко, Алжир, Сауд Арабиясы мен Ирактан келген иммигранттар да кіреді (ирандықтар



Басқа америкалықтар сияқты америкалық арабтар АҚШ мәдениетін де, өздерінің айрықша мәдени ерекшелігін де мақтан етеді.

араб ұлтты болып есептелмейді). Америкалық арабтардың үлкен де жалғыз тобын Ливаннан қоныс аударған иммигранттар құрайды (Arab American Institute 2011). Бұл мемлекеттердің әрбірінің өзіндік дәстүрі бар, алайда олардың тілі, мәдениеті және тарихи дәстүрлері ортақ. Кейбір америкалықтар барлық арабтарды мұсылмандар деп таниды. Бірақ, шын мәнінде, америкалық арабтардың үштен екі бөлігі христиандар.

Америкалық арабтар – өте оқымысты халық (Arab American Institute, 2011). Ақ нәсілді америкалықтар секілді мектеп және жоғары оқу орындарын бітірген. Сондықтан көбінесе жоғары лауазымды орындарда қызмет етіп, табысы жоғары адамдардың қатарына жатады.

## Өзекті мәселелер

11 қыркүйекте болған оқиғадан кейін АҚШ-та арабтарға қарсы пікір ұлғая бастады. 2010 жылы өткізілген сауалнама нәтижесінде, Америка халқының 41%-ы арабтарға деген көзқарасының нашар екендігін, ал 46%-ы «Ислам діні – жек көруді үйретеді» деген қағиданы ұстануына сенгені анықталды (сауалнамада жалпы арабтар мен америкалық арабтар деп бөлініп көрсетілмеген) (Arab American Institute 2010a). Мұндай сенім жалпы республикашылардың, Инжіл христиандарының және ақпарат құралдарына толықтай сүйенетін адамдардың арасында да қалыптасқан (Arab American Institute 2010a; Saad 2006; Pew Research Center 2007). Өкінішке қарай, ақпарат құралдарында, мысалы, телешоуларда, фильмдер мен мақалаларда араб халқын Америкаға қарсы лаңкестік әрекет ұйымдастырушылар ретінде көрсетіп, бұрмаланған көзқарас тудыруда.

11 қыркүйектегі оқиғаға дейінгі жылдармен салыстырғанда, америкалық арабтарға қарсы қылмыстық іс-әрекеттер белең алуда, бірақ одан кейінгі бірінші жылдармен салыстырғанда азайған. Христиан дінін ұстанушы арабтардың 35 пайызы мен мұсылман дінін ұстанушы арабтардың 62 пайызы этностық тегіне қатысты арабтарға қарсы дискриминация болғаны жөнінде баяндаған (Semmerling 2006; Byng, 2008).

## Аралас нәсілді америкалықтар

Өздерін екі не одан да көп нәсіл өкілі деп санайтын тұлғалар АҚШ халқының 2,9 пайызын құрайды (Humes, Jones & Ramirez, 2011). Бұл көрсеткіш төмен болғанымен, екі себептен елеулі өзгеріс болғанын байқатады. Біріншіден, аралас ұлтты америкалықтар саны соңғы жарты ғасырда 20 есе өсті. Екіншіден, ата-анасының нәсілі/ұлты әртүрлі балалар бір ұлтты емес, аралас ұлтты деп анықталғаны – Америка тарихында бірінші рет орын алған жағдай.

Өздерін аралас ұлтты деп санайтын америкалықтардың саны неге өсіп келеді? Бұрынғы уақыттарда аралас ұлтты балалар көптеген жағдайда зорлық зардабынан дүниеге келген, олар туған әкесінің ұлтын анықтауға ынталы болмаған. Өткен он жыл шамасында адам өз ұлтынан басқа ұлт өкілімен тұрмыс құрса, отбасы олардан бас тартқан. Сондықтан олардан туған балалар бір ата-анасының туыстарымен ғана тұрып, өзін сол ұлттанмын деп өскен. Қазір бір отбасында әртүрлі ұлтты ана-анасынан туған балалардың көпшілігі сүйіспеншілікпен дүниеге келіп, оларды екі жақтың туыстары да қабылдайтын болды. Осының нәтижесінде бір ұлтын ғана көрсету, отбасының толық еместігінің белгісі болып саналады. Сондықтан америкалықтар өздерінің ұлтын белгілеп көрсетуі үшін көптеген құжаттарды толтыруы қажет. Бұл адамдардың өздерін аралас ұлтты деп ашық түрде белгілеуіне алып келеді (Da Costa, 2007).

Аралас ұлтты қоғамның өсуіне қарамастан, америкалықтардың көпшілігі өздерін белгілі бір ұлтқа жатқыза алмай, ыңғайсыз жағдайға қалады. Мысалы, гольф спортының жұлдызы Эльдрик «Тайгер» Вудс оны афроамерикалық деп атаған журналистерге өзінің арғы аталарының екеуі байырғы америкалық, төртеуі азиялық, біреуі еуропалық болғанын әрдайым айтып түсіндіреді.

## АҚШ-тағы нәсілдік және этностық теңсіздіктің болашағы

Соңғы онжылдықта аз ұлт топтарының әлеуметтік мәртебесі біршама жақсарғаны байқалады. Оның дәлелі – афроамерикалықтың АҚШ президенті болып сайлануы. Сөйтсе де теңсіздік әлі сақталып отыр. Бұл қорытынды тарауда нәсілдік және топтық жіктеуге қатысты ой-пікірлер келтіріледі және теңсіздікті жою стратегиялары сипатталады.

### Теңсіздікпен күрес: нәсіл ме әлде тап па?

Осы және 7-бөлімде адамның бір жағынан, әлеуметтік таптағы орны, екінші жағынан, нәсілі мен ұлты оның өміріне қалай әсер ететінін көрсеттік. Егер адамның мәртебесі екеуінде де төмен болса оған қосарланған жаза қауіп төнеді. Мысалы, кедей афроамерикалық, латынамерикалық және байырғы америкалық жасөспірімдер ақ нәсілді жасөспірімдермен салыстырғанда жиі жұмыссыз жүреді немесе өмірін түрмеде өткізеді.

Әлеуметтанушылар АҚШ-тағы теңсіздікке нәсілдік және таптық жіктеу ықпалының артуын қызу талқылауда. Зерттеушілер «афроамерикалықтардың мәселесі нәсілдік және таптық топтарға жіктелуге байланысты ма» деген сұрақ қояды. Белгілі афроамерикалық әлеуметтанушы Уильям Дж. Уильсон өзінің бірнеше кітабы мен мақаласында (1978,

Қосарланған жаза қауіпі – стратификация жүйесінің екі өлшемі бойынша адам мәртебесінің төмен болуы.

1987, 1996, 2009) таптар арасындағы стратификация қоғамдағы маңызды факторлардың бірі деп қарайды. Оның айтуынша, еңбекақысы жоғары зауыттар мен фабрикалардың жабылуы, басқа жұмыс орындарының қала сыртына көшірілуі себебінен кедейлікке үйренісіп кеткен афроамерикалықтар, өз мүмкіндіктері шектелуін сезінген. Және дискриминация мен оларға қатысты бұрмаланған көзқарастарға қарсы тұра алмаған. Сол себепті барлық америкалық үшін жақсы, жаңа жұмыс орындарын ашуға бағытталған стратегияларды қолданып, оларды іске асыру афроамерикалықтарға ең дұрыс көмек болар еді (7 тарауда айтылған «лайықты еңбек-ақы талап ету қозғалыстары» және «білім алу мүмкіндіктерін ұлғайту»).

Көптеген әлеуметтанушылар мұнымен келіспейді. Олар АҚШ-тағы нәсілдік теңсіздік мәселесін тек таптық жіктеуге негізделген саясат арқылы ғана шешуге болатынына күмән білдіреді. Алайда афроамерикалықтардың әлеуметтік жағдайы орташа немесе жоғары деңгейге жетсе де дискриминация мен теріс көзқарас әлі кездеседі. Мысалы, орта таптағы афроамерикалықтар ақ нәсілділермен салыстырғанда, кедей өңірлерге жақын жерде өмір сүреді (Alba, Logan & Stults 2000). Осылайша, көптеген әлеуметтанушылардың пайымдауынша, теңсіздік мәселесін оңтайлы шешу үшін болашақта нәсілдік, этностық және әлеуметтік таптар мәселелерін шешуге бағдар алу қажет.

## Теңсіздікті жеңу стратегиялары

АҚШ-та нәсілдік және этностық теңсіздікті жоюдың басты стратегиясы – дискриминацияға қарсы күрес жүргізу және заңды іс-шаралар қолдану. 1964 жылдан бастап АҚШ ресми түрде нәсіліне, түсіне, дініне, жынысына және шыққан тегіне байланысты дискриминацияға қарсы заңдар қабылдап келеді. Мұндай заңдар маңызды рөл атқарады. Мемлекет әртүрлі нәсілдер мен ұлттар арасындағы некені заңды деп мойындап, афроамерикалықтарға дауыс беру және мемлекеттік мектептерде білім алу құқығын берді. Сонымен қатар газет беттерінде жұмысқа ақ нәсілділерді ғана қабылдау туралы хабарландырулар беруге тыйым салынды.

Дискриминацияға қарсы қабылданған заңдар кемсітуді заңсыз деп жариялады. Бұл заңдар жұмыс берушілерден, мектептерден және тағы басқа белсенді қызмет атқаратын топ өкілдерінен дискриминацияға душар болған тұлғаларға көмек көрсетуін талап етеді. Бірақ тең мүмкіндіктер саясатын іске асыру заң шығару секілді оңай болмай тұр.

## Жаңа нәсілдік / этностық бөлініс пе?

Тиімді іс-шаралар бағдарламасы аясында афроамерикалықтармен аралас америкалық азиаттар, латынамерикалық және байырғы америкалықтар «аралас нәсілді» деп аталды (Lee & Bean, 2007). Мұндай жіктеу АҚШ қоғамында бұрыннан қалыптасқан «ақ нәсілді / ақ нәсілді емес» деп бөлінуді күшейте түседі. Америка тарихында адамның арғы атасының бірі африкалық екені белгілі болса, онда ол адам афроамерикалық деп саналған (мысалы, оларға ақ нәсілділермен неке құруға тыйым салынған). Сондай-ақ ХХ ғасырға дейін «ақ нәсілді емес» деп есептегендіктен азиялықтардың, латындардың байырғы америкалықтардың азаматтық алу құқығы, басқа да құқықтары болмаған (Lee & Bean, 2007).

Мұндай «ақ нәсілді / ақ нәсілді емес» деп бөліну азайып келе жатыр. Кейбір деректерге сүйенсек, АҚШ үш топқа бөлінеді (ақ нәсілді, афроамерикалық, латынамерикалық). Басқа деректерге қарасақ, америкалықтар арасында афроамерикалықтар мен «қара нәсілді /



қара нәсілді еместер» деп бөліну басталды. Еврейлер мен италиялықтар сияқты америкалық азиаттардың, байырғы америкалықтардың және латынамерикалықтардың терісінің түсі қоңырқай болуына байланысты, әсіресе орта тап өкілдері болса ақ нәсілдіге жатқызылды (Frank, Redstone&Lu 2010; Gans 2005; Gallagher 2004; Lee&Bean 2007). Афроамерикалықтармен салыстырғанда, азиялықтар, латынамерикалықтар және байырғы америкалықтар мен ақ нәсілділер арасында отбасын құру жиі кездеседі. Сонымен қатар ата-анасының бірі – ақ нәсілді, екіншісі афроамерикалық болса, бала өзін афроамерикалық деп таниды. Өйткені оны айналасындағы адамдар солай қабылдайды. Ал жартылай азиялық немесе жартылай латынамерикалық болса оған аса мән берілмейді (Lee & Bean2007; Tafoya et al, 2005).

## Бұл бізге не береді?

Нәсілшілдік және ұлтаралық қақтығыстар әлемдік мәселеге айналған. Бұл мәселе кез келген мектеп ауласында, көше бұрыштарында және сот орындарында белең алуда. Бірақ бұл ондай қақтығыстарды азайту немесе мүлдем жою мүмкін емес деген сөз емес. Қазіргі уақытта, XIX ғасырдағыдай, ирландтарды жұмысқа алудан ешкім бас тартпайды. 1960 жылға дейін болғандай, еврейлерге бөлек аудандарда тұруға немесе арнайы клуб мүшесі болуға тыйым салынбайды. Нәсілдер мен этностар туралы пайымдар – қоғам дамыған сайын өзгеріп отыратын әлеуметтік түзілім. Дискриминация мен бұрмаланған пікірге қарсы күресте біз жасырын және заңдастырылған нәсілшілдікпен күресуіміз қажет. Сонымен қатар нәсілшілдік пен этностық теңсіздікке түрткі болатын әлеуметтік таптар арасындағы теңсіздік мәселесін шешумен айналысуымыз керек. АҚШ-та экономикалық дағдарыс жалғаса берсе, бұл жұмысты іске асыру қиынға соғады, солай бола тұра мұның маңызы зор.

## Қорытынды

1. Нәсіл – сыртқы физикалық ерекшеліктеріне қарай жіктелген әлеуметтік маңызы бар адамдар тобы. Этностық топ – мүшелерінің шығу тегі бір, мәдениеті ұқсас санат. Нәсіл де, этнос та әлеуметтік-құрылымдар ретінде қарастырылады.
2. АҚШ халқы нәсіл мен тапқа жіктеледі. Бұл екі фактор әртүрлі топтардың артықшылықтары мен кемшіліктерін айқындау үшін бірге қолданылады.
3. Көпшілік және азшылық топтар тұжырымдамасы аскриптивті (белгіленген) мәртебеге негізделген жүйелі теңсіздікті зерттеу аясын қамтиды. Көпшілік және азшылық топтар арасындағы байланыстар плюрализм, ассимиляция немесе қақтығыс формасында жүзеге асады.
4. Бұрмаланған пікір, дискриминация, сегрегация және заңдастырылған нәсілшілдік – барлығы нәсілдік және этностық теңсіздіктің орнауына себеп болады. Нәсілшілдік дальтонизм әсерінен тіпті көпшілік топ өкілдері бұрмаланған пікір негізсіз деп тапса да теңсіздік одан ары жалғаса береді.
5. АҚШ-та ақ нәсілді деген этносқа тән сипат қазір символдық ерекшелікке айналды. Осының нәтижесінде басқа белгілі топтардың есебінен «стандартты» америкалық деген этносқа тән сипат пайда болды. Дегенмен «ақ нәсілді» деп ерекшелену мақсатында болмаса, бұл күнделікті өмірде ескеріле бермейді.
6. Қай жағынан болмасын, АҚШ қоғамында афроамерикалықтардың орны жоғарылады. Солай бола тұра афроамерикалық отбасылардың та-

быс мөлшері орташа, ақ нәсілді америкалық отбасылармен салыстырғанда әлі де төмен. Олардың негізгі мәселелері – төмен деңгейдегі еңбекақы және әйелдер басқаратын отбасылар санының артуы.

7. АҚШ-тағы латынамерикалықтар көбейіп және тез дамып келе жатқан азшылық топқа айналды. Олардың жалпы білімі орташа және табыс мөлшері басқа америкалықтарға қарағанда төменірек. Дегенмен латынамерикалықтар Америка мәдениеті мен өміріне тез сіңісіп кетеді. Испан тілді топтардың иммиграциясы жалпы экономиканың дамуына көп септігін тигізеді, бірақ АҚШ-тың кейбір білімі таяз азаматтарының табысы төмендеуіне әсер етеді.
8. Байырғы америкалықтар – АҚШ-тағы жағдайы ең төмен деңгейдегі азшылық топтардың бірі. Оқшауланған елді мекендерде тұратын олардың өмір сүру деңгейі мен экономикалық жағдайы өте қиын.
9. Америкалық азиаттар әлеуметтік ұтқырлықпен жоғарылау мақсатында білім алуға аса көңіл бөледі. Ақ нәсілді америкалықтармен салыстырғанда соңғы уақытта келген иммигранттардың жоғары білім алуға деген құштарлығы зор. Дискриминацияға қарамастан, көптеген америкалық азиаттардың табысы ақ нәсілді америкалықтарға қарағанда жоғары.
10. Америкалық арабтар қарапайым орта тапқа жатады: жоғары білімді, жақсы жұмыс орындарында қызмет етеді. Көптеген америкалықтар бұл арабтар туралы жақсы көзқараста болғанымен – олар туралы пікір көп бұрмаланған.
11. Ата-анасының нәсілі/ұлтты әртүрлі америкалықтардың өздерін аралас ұлтты деп тану тенденциясы кейінгі кезде көбейіп келеді. Кейбір америкалықтар өздерін белгілі бір ұлтқа жатқыза алмай, ыңғайсыз жағдайға қалады.
12. Нәсілдік және этностық теңсіздікті жоюға бағытталған әрекеттерді қолға алғанда бұрмаланған пікір мен дискриминацияны азайтуды ғана көздемей, кең көлемді экономикалық теңсіздік мәселесін шешуді де ойластыру керек.

## • Сыни ойлау

1. Келесі елу жыл шамасында испан тілді емес ақ нәсілді америкалықтар саны жағынан АҚШ-тағы азшылық топты құрайды. Сіздің ойыңызша, әлеуметтік тұрғыда олар азшылық топ болуы мүмкін бе? АҚШ-та әртүрлі нәсілдік және этностық топтар санының өзгеруінен қандай әлеуметтік, экономикалық және саяси өзгерістер күтесіз?
2. Көптеген адамдар бұрмаланған көзқарас дискриминацияға себеп болады деген пікірде. Керісінше, дискриминация бұрмаланған пікірдің қалыптасуына себеп болған жағдай есіңізде ме?
3. Сіз танытын адамдар америкалық арабтар туралы қандай пікірде екендігін ойлаңыз және ақпарат құралдары арқылы олар жөнінде қандай пікір қалыптасады? Осы бөлімдегі тұжырымдамаларды қолдана отырып, «қазіргі кезде америкалық арабтар ақ нәсілді болып санала ма» деген сұрақты талқылаңыз (Ескерту: «олар ақ нәсілді деп саналуы тиіс пе» деген сұрақ емес, «санала ма» деген сұрақ).
4. Бір апталық курс барысында жасайтын бес іс-әрекетіңізден тұратын тізім жасаңыз. Мысалы, дүкен аралау немесе достармен кездесу. Егер бір күні таңертең ұйқыдан оянғанда, сіздің нәсіліңіз афроамерикалыққа немесе ақ нәсілді америкалыққа ауысса не өзгерер еді?
5. Кейбір ғалымдар бүгінгі АҚШ-тағы нәсілдік/этностық теңсіздіктің басты себебі жеке нәсілшілдікке емес, заңдастырылған нәсілшілдікке негізделген деп пайымдайды. Егер онда өмір сүру деңгейіне қатысты нәсілдік және этностық айырмашылықты азайту үшін саясаткерлерге қандай кеңес берер едіңіз?
6. АҚШ-тағы афроамерикалықтардың жағдайы мен Дарфурдағы жағдайдың арасында қандай ұқсастық пен айырмашылықтар бар?



9-ТАРАУ

## Жыныс, гендер және жыныстық қатынас

### Тарау тағылымы

#### Осы тарауды оқығаннан кейін студенттер:

- жыныс пен гендер арасындағы айырмашылықты, жыныс пен гендердің әйел және ер адамдардың денсаулығына әсерін, мәдени тұрғыдан гендерлік айырмашылықты айқындайтын әдістерді түсінеді;
- әйелдер мен ер адамдардың қоғамдағы орнын анықтайтын әлеуметтану теорияларын түсініп қолдана біледі;
- әлеуметтенуге, медицина әлеміне, әлеуметтік құрылымға және күнделікті іс-әрекеттерге гендер ұғымының енуі арқылы гендерлік айырмашылықтар рөлінің арту себептерін саралай алады;
- ер адамдар мен әйелдердің өмірін уақыт өте келе теңдестіретін себептерді айқындап, әйелдердің еңбекақысы төмен болу негізін түсіндіре алады;
- жыныстық қатынас сценарийлері тұжырымдамаларын түсіне білуі және АҚШ-та соңғы онжылдықтарда жыныстық қатынас сценарийлерінің өзгеруіне, соның ішінде гейлер мен лесбияндарға деген көзқарастың өзгеруіне көмектескен кейбір тәсілдерді анықтай білуі керек.



## Жыныс пен гендерді түсіну

Әйелдер мен ерлер арасында айырмашылықтан гөрі ұқсастық көп. Қазіргі таңда кейбір әйелдер футбол ойнауға немесе математикаға икемді келсе, кейбір ер адамдар тоқу мен биге жақын. Бұл біздің санамыздағы әйелдер мен ер адамдарға қатысты күтілімдер мен әр топ үшін қолжетімді мүмкіндіктер арасында айтарлықтай айырмашылық бар екенін көрсетеді. Бұл бөлімде ер адамдар мен әйелдер арасындағы басты айырмашылықтар мен теңсіздік мәселелерін қарастырамыз.

### Жыныс пен гендер

Ерлер мен әйелдердің әлеуметтік рөлін түсіну үшін **жыныс** пен гендер арасындағы айырмашылықты анықтай алу қажет. Батыс елдерінде жыныс ұғымы әйел мен ер адамдардың биологиялық ерекшеліктерін сипаттайды. (Кейбір ағымдар екі жыныстан басқа жыныстар бар деген ойда болуын алда қарастырамыз). Жыныстық қатынас, яғни секс термині жыныстық қатынас белсенділігі дегенді де білдіреді. **Гендер** – әр жынысқа тән мәдениетпен байланысты көзқарас, мінез-құлық және рөлдер жүйесі.

Сонымен қатар биология жыныстың белгілі екі түрі бар десе, мәдениет түрлі де шексіз **гендерлік рөлдер** туралы айтады. Жынысына қарай әрбір адам әлеуметтік таптағы позициясына қарамастан, мейлі ол афроамерикалық немесе ақ нәсілді, қытай немесе байырғы америкалық болсын, ерекше сымбатты. Ал гендер, ол – басқа мәселе. Мысалы, қытайлық ер адам мен апачи ер адамының гендерлік тұрғыдан алғанда құқықтары, міндеттері, қарым-қатынасы мен іс-әрекеттерінде айырмашылық көп. Гендер-

### Ұғымдардың қорытындысы

#### Жыныс пен гендер

	Жынысы	Гендер
Халықтың бөлінуі	Ер адам және әйел адам (немесе аралас жынысты).	Еркек және әйел.
Негізделуі	Биологиялық сипаттамасы (хромосомалар, жыныстық гормондар, жыныстық мүшелері).	Әрбір жынысқа мәдени тұрғыдан тән ұстаным мен мінез-құлық
Себеп-салдары	Гормондар ерекшелігіне байланысты әйелдерге қарағанда, ер адамдардың күші көбірек.  Гендерлік тұрғыдан әйелдерге қарағанда, ер адамдардың бойы ұзын.	Еркектердің күші көбірек, себебі әйелдер ауыр заттарды жиі көтергенде, «еркектей денелі» болып кететінін уайымдайды.  Нашар дамыған елдерде қыздардың бойы жеткілікті мөлшерде тамақ іспеуінен де аласа болады.

**Жыныс** – әйел мен ер адамдардың арасындағы биологиялық ерекшеліктердің сипаты.

**Гендер** – әр жынысқа тән мәдениетпен байланысты көзқарас, мінез-құлық және рөлдер жүйесі.

**Гендерлік рөлдер** – белгілі бір мәдениеттегі ерлер мен әйелдер үшін норма болып табылатын құқықтар мен міндеттер.

лік рөлдер тап, нәсіл және субмәдениет арқылы да айқындалады. Сонымен бірге кейбір тұлғалар өздерін басқа бір күтпеген қырынан көрсетуі мүмкін. Мысалы, біреулер Брэд Питке, ал кейбіреулері Джонни Дэпп пен Уилл Смитке еліктейді.

Ер мен әйел арасындағы айырмашылықтардың мәдениетке қатысы мен биологияға қатысының арасалмағы қандай? Осы сауалға жауап іздей келе кейбір биология ғалымдары басқа түрлерге назар аударды.

Жалпы алғанда, адам мен жануар әлеміндегі ұрғашының жыныстық айырмашылықтары биологиялық деңгейде енген деген тұжырым басым. Алайда сол айырмашылықтарды зерттеудің нәтижелері араласып кеткен. Балықтардың арасында ұрғашысы еркегінің күйін келтіру үшін жарқырайтын ашық түсті болып келеді, бірақ құстардың арасында бұл, әдетте еркектеріне тән. Еркек бабуиндар ұрғашы бабуиндарды басқарады, бірақ еркек мармоздар (кішкентай маймылдар) серіктеріне қамқорлық жасайды, ал арлан арыстандардың барлығы аң аулауда ұрғашы арыстанға тәуелді. Сонымен қатар киттер мен пілдер ұрғашысы басқаратын жұп құрады.

Әлеуметтік ғалымдар көбінесе адамның жынысына қарағанда гендерге қызығушылық танытады. Олар әйелдер мен ерлерге тағайындалған рөлдердің алуан түрлілігі әсіресе осы өзгерістің себептері мен салдарының қыр-сырын білгісі келеді. Әр жыныстың билік пен беделге ие бола алуына не себеп? Үстемдіктің көптігі мен аздығы әйелдер мен еркектердің күнделікті өміріне қалай әсер етеді? Америкалық қоғамда гендерлік рөлдердегі соңғы өзгерістерге не жатады?

## Түрлі мәдениеттердегі гендерлік рөлдер

National Geographic компаниясының кез-келген бағдарламасы гендерлік рөлдердің арасында мәдениетке байланысты айырмашылық көп екенін растайды. Батыс Африканың көшпенді Wodaabe тайпасында ер балалар ержеткен кезден өздерімен бірге айна алып жүреді (Bovin, 2001). Тіпті бұқаларды бағып, күн сайын жалғыз күн астында жүргенде, олар шаштарын бекітіп, зергерлік бұйымдарын тағып, ерніне далап, бетіне сүрме жағады. Керісінше, қыздар, ең алдымен, денсаулығы мен жұмыс істеу қабілетіне қарай бағаланады. Олар ер балаларға қарағанда,

Батыс Африкадағы Wodaabe тайпасында қыздар емес, ерлер боянады.



келбетіне аз көңіл бөледі. Wodaabe кездесулері кезінде көбінесе ерлер арасында би жарыстары өткізіледі. Онда әйелдер төрешілік етеді. Ерлердің тән сұлулығы мен сымбаттылығы негізінде жеңімпаздар таңдалады. Содан кейін әйелдер еркектер арасынан романтикалық серіктес ретінде ең тартымдысын таңдайды.

Осы сияқты мәдениетаралық айырмашылықтарға және барлық қоғамда әйелдер көп жұмыс атқаратынына қарамастан (көбінесе үй шаруашылығын жүргізіп, азық-түлік өнімдерімен қамтамасыз ету), ерлерге қарағанда әйелдердің мәртебесі әлдеқайда төмен (Kimmel 2000). Оған қарапайым дәлел – әлемдегі көптеген ата-аналар ер балаларын ерекше ілтипатқа бөлейді. Бұл қыздардың өмірі үшін қауіпті болуы мүмкін. Қазіргі уақытта Үндістанда 6 жасқа дейінгі әрбір 100 ұл балаға 91 ғана қыз бар, бұл – жыныстар арақатынасының табиғи көрсеткіші емес. Себебі жыл сайын дүниеге келетін қыздардың саны 600 мыңға аз болатыны байқалады (Economist 2011). Қытайда жыныстар арақатынасының көрсеткіші одан да жоғары. Екі елде де жыныстар арақатынасындағы айырмашылық, көбінесе әйел жынысты ретінде анықталған ұрықтарды өлтіріп, жүктілікті тоқтатудан туындаған. Басқа қыз нәрестелердің өмірі туған кезде үзіледі немесе олар тамақ жетіспеушілігінен және медициналық көмек көрсетілмегендіктен жиі қайтыс болады.

Қыздар мен әйелдердің әлеуметтік жағдайы төмен болуының тағы бір зардабы – оларға қарсы көрсетілетін зорлық-зомбылық. «Human Rights Watch» белгілі халықаралық ұйымының мәліметіне сүйенсек, «Әйелдерге қатысты зорлық-зомбылық қатал, жүйелі түрде жасалады және қоғам оған төзімділікпен қарайды. Әйелдерге қатысты зорлық-зомбылық пен дискриминация жаһандық әлеуметтік эпидемияға айналған» (Human Rights Watch, 2004). Мысалы, жыл сайын 1,5 миллионға жуық америкалық әйелге жыныстық қатынасқа түскен серіктестері (Tjaden & Thoennes, 2000) қоқан-лоққы көрсетеді немесе күш қолданады. Кейде ер адамдар да өз серіктестерінен зардап шегеді. Бірақ олардың қорғанып соққы беруі мүмкін, одан айтарлықтай зиян келмейді немесе өлім болатындай оқиғаға әкеп соқтырмайды (Fox & Zawitz 2004). (11-бөлімде жақын адамдарынан зорлық-зомбылық көру жайында айтылған). Сонымен қатар дүниежүзі тарихында әскердің халықты бағындыруының жүйелі тәсілі ретінде, сондай-ақ сарбаздардың «спортпен айналысып, «тынығуы» үшін әйелдерге зорлық жасағаны туралы деректер бар.

Ел ішінде де, басқа елдерде де әйелдерге қатысты зорлық-зомбылық олардың мәртебесі төмен болуына байланысты. Дүниежүзінде әйелдердің саны өсе келе олар тең құқықты талап етуде. Әйелдер – күйеуінің немесе әкелерінің мүлкі ретінде есептелетін дамуы төмен елдердің кейбірінде бұл мәдени және құқықтық құндылықтарды өзгерту қажет екенін байқатады. Құрама Штаттарда және басқа дамыған елдерде мұндай қиындықтар әлдеқайда аз ұшырасады. Бұл мәселелер әлеуметтанушыларды мынадай сұрақтарды зерттеуге әкеледі: «Гендерлік ерекшеліктер қалай дамыды? Зорлық-зомбылық пен дискриминацияға айналған теңсіздіктің сақталуына ықпал ететін заңды себеп бар ма?»

## Гендерлік теңсіздікке теориялық көзқарастар

Әрине, биология ерлер мен әйелдер арасындағы айырмашылықтарды түсіндіреді. Бірақ ерлер мен әйелдердің өміріндегі көптеген



айырмашылықтар биологиядан гөрі әлеуметтік көзқарастар мен құрылымдарға байланысты. Мысалы, тек әйелдер ғана бала көтеріп, туа алады; әкелердің балаларын тәрбиелемеуіне ешқандай биологиялық негіз жоқ. Көп адамдар осыны пайдаланады. Бұл бөлімде әлеуметтанушылар гендерлік айырмашылықтардың әсіресе гендерлік теңсіздіктің сақталуын түсіндіретін түрлі теориялар талқыланады.

## Құрылымдық-функциялық теория: еңбек бөлінісі

Гендерлік теңсіздіктің құрылымдық-функциялық түсіндірмесі жынысқа негізделген еңбек бөлінісі, қоғамның қарекетіне тиімді болғаннан туындайды дейді. Дәстүрлі еңбек бөлінісінде ер адам жұмыс істейді, әйел үйдегі шаруамен айналысады. Құрылымдық функцияшылдардың пікірінше, гендерлік еңбек бөлінісі функционалды болып саналады. Өйткені (1) әрбір жыныс өкілі өз міндеттеріне жақсы бейімделген және барлық қажетті іс-әрекеттердің дұрыс орындалуын қамтамасыз етеді, (2) ерлер мен әйелдердің арасындағы бәсекелестіктің өршуіне жол бермейді және (3) ерлер мен әйелдердің бір-біріне тәуелді болуы арқылы отбасылық байланыстарды нығайтады, яғни отбасы бірлігіне септігін тигізеді.

Әрине, Карл Маркс пен Фридрих Энгельс айтқандай, кез-келген еңбек бөлінісінде үстемдік пен бақылауға жетуді көздейтіндер болады. Бұл жағдайда әйелдерге еңбек бөлінісінің кемшіліктері ашылады: үй шаруашылығына маманданғандықтан әйелдерде қарым-қатынас байланыстар аз, ақпаратқа қолжетімділігі шектеулі және ерлерге қарағанда дербес ресурстары жеткіліксіз.

## Конфликт теориясы: сексизм және дискриминация

Конфликтология теорияшыларының пікірінше, әйелдер бұрынғысынша таңдаудың салыстырмалы түрде мардымсыз мүмкіндігімен шектеліп отырады, өйткені ерлерге сол тиімді. Конфликтология теорияшылары мұның қалай орын алатынын түсіндіретін негізгі екі құбылыс – сексизм мен дискриминация дейді. Сексизм – бұрмалаудың бір түрі. Атап айтқанда, сексизм – әйелдер биологиялық тұрғыдан ер адамдардан төмен болмаса да ерлермен тең я бірдей емес деген ұстаным. Колледж студенттері, мысалы, әйелдерге қарағанда ерлер жоғары деңгейде деп санайды. Олар «қолданымдық» ерекшеліктер тізбесіндегі бәсекеге қабілеттілігі мен үстемдік қасиеттер – ер адамға тән, «экспрессивті» ерекшеліктер тізбесіндегі «жылулық және мейірімділік» – әйелдерге тән (Ridgeway, 2011) деп белгілеген. Конфликтология теорияшылары «әйелдердің шектеулі ресурстарға қолжетімділігін төмендетіп, билік басында ерлер қалуына байланысты сексизм өз жалғасын табады» деген пікірмен келіспейді.

Дискриминация сексизмнің себеп-салдарынан пайда болған. Егер әйелдерді балалармен жұмыс істеуге ғана қабілетті, ал ерлер зияткерлік жұмысқа барынша бейімді деп санасақ, медициналық оқу орындарына әйелдерді емес, көбінесе ер адамдарды қабылдай едік. Дәрігерлік жұмыс орнына ерлер я әйелдер педиатр ретінде, ал еркектер нейрохирург ретінде жұмысқа қабылдана еді.

**Сексизм** – әйелдер биологиялық тұрғыдан ер адамдардан төмен болмаса да ерлермен тең емес, бірдей емес деген ұстаным.



## Символдық интеракционизм: күнделікті өмірдегі гендерлік теңсіздік

Символдық интеракционизм теориясы күнделікті қарым-қатынаста орын алатын сексизмнің себеп-салдарын түсінуге ықпал етеді. Мысалы, әлеуметтанушы Карин Мартин (1998) ұлдар мен қыздардың өзара қарым-қатынасындағы гендерлік-нормативтік реттіліктерді үйренуін, ара кеңістігін пайдалануды, өздерін-өзі ұстауды үйренуін түсінуге тырысты. Осы сұрақтарға жауап табу үшін ол мектепке дейінгі жастағы 112 баланың арасында зерттеу жүргізді. Оған бес түрлі топ, мектепке дейінгі екі мекеме, 14 мұғалім қатысты. Мұғалімдер балалардың ойнауын жүйелі түрде бақылап, гендерлік айырмашылықтарды нығайтатын тәртіпті қалыптастыратыны анықталды. Мысалы, олар кішкентай ұлдардың қуыршақты киіндіріп ойнағанынан жиіркеніп (тіпті олардың көпшілігі мұны ұнатса да), оларға алысып, шулы ойын ойнауға рұқсат еткен. Қыздардан тәртіппен қол көтеруді, даусын бәсеңдетіп сөйлеуді талап етіп, жүгіріп-секіріп, жерде жатып аунауға тыйым салған. Мектепке баратын кезде ұлдар мен қыздар сөйлесуден басқа да қарым-қатынас түрлерін үйренеді, олар үлкендерге тиесілі қасиеттер болса да табиғи болып көрінеді. Бұл гендерлік ерекшеліктерді біз осы тараудың соңында тереңірек талқылаймыз.

Символдық интеракционизм теориясы арқылы ерлер мен әйелдердің өмір салты күрт өзгерістерге ұшырауына қарамастан, гендерлік стереотиптердің неге сақталатынын түсінеміз. Жылдар бойы зерттеулермен айналысқан әлеуметтанушы Сесилия Риджвей (2011 ж.) гендерлік теңсіздіктің гендерлік мәртебеге сену себебінен сақталатынын дәлелдеген. **Гендерлік мәртебеге сену** – бір жыныс (әсіресе еркектер) басқаға (әйелдерге) қарағанда сыйлы, лайықты және құзыретті деген кеңінен таралған көзқарас. Бұл сенім әлеуметтік қарым-қатынаста үнемі күшейе береді. Ерлер билік құрылымдарын жиі басқарғандықтан және олардың біліктілігі арта түседі деген ойға байланысты жұмыс берушілер, мұғалімдер және басқалар әдетте ер адамдарды әйелдерге қарағанда, құзыретті және лайықты деп санап, жоғары бағалайды. Нәтижесінде, ер адамдар өздерін сенімді және еркін сезінеді. Керісінше, әйелдердің құзыреттілігі жеткіліксіз, жұмысты нашар атқарады деп саналғаннан төмен бағаланады, айналадағылардың сенімінен айрылады. Осылайша, гендерлік мәртебеге деген сенім үнемі жаңаланып, қайталанып отырады.

## Гендер қоғамдық құрылыс және әлеуметтік құрылым ретінде

Әлеуметтанушылардың айтуынша, гендер жеке тұлғаларға тән, биологиялық тұрғыдан берілетін нәрсе емес, керісінше, әлеуметтену, медицина мен мәдениет әсерінен, қоғамдағы өзара әрекеттестікте тұрақты түрде жаңғыртылып отыратын нәрсе. Сол сияқты әлеуметтанушылар гендерді тек жеке тұлғалардың ғана емес, әлеуметтік құрылымдардың да атрибуты ретінде сипаттайды.

**Гендерлік статусқа деген сенім** – бір жыныс (әсіресе еркектер) басқаға (әйелдерге) қарағанда сыйлы, лайықты және құзыретті деп санайтын, кеңінен таралған көзқарас.

## Гендерлік бірегейлік

Бала дүниеге келген кезден бастап қоғам қыздарға басқаша, ұлдарға басқаша қарайды; қызғылт немесе қоңырқай көрпеге орайды, бірін спортқа үйретсе, екіншісіне тігін тігуді үйретеді. Шын мәнінде, жеке тұлға ретінде толық қалыптасқанға дейін бірін күшті, екіншісін әдемі болуға талпындырады. Осылайша, символдық интеракционизм зерттеулері анықтағандай, балалар өздерінің жынысын және гендерлік рөлдерін таниды.

Жас балалардың гендер жөніндегі ойлары әдетте тұрақты болады. Олардың мұндай ойлары екі себептен елеулі стереотиптердің дамуына алып келеді. Бірінші себеп – әлем тек қана жыныс бойынша бөлінеді. Балалардың ойынша, әйелдер көпір салмайды, ал еркектер тігін тігумен айналыспайды. Стереотиптің қалыптасуына әсер ететін екінші себеп, тағы бір маңызды фактор – олардың өздеріне деген көзқарасы. Зерттеулер көрсеткендей, ата-аналар ұл баласы мен қыз баласын әр басқа қабылдайды. Олар өз балаларына «жынысына сәйкес келетін» ойыншықтарды береді, ұлдары қыздардың, не қыздары ұлдардың ойыншықтарымен ойнаса алаңдаушылық пайда болады. Ата-аналар ұлдарға белсенді және агрессивті болуға ерік береді, ал қыздарының тыныш ойнауын және үлкендермен бірге жүруін (Ogenstein, 1994) қолдайды. Ата-аналар гендерлік стереотипке сай мінез-құлықты қолдамаса, балалары гендерлік стереотиптерді қатаң ұстанбас еді.

Осы процестің нәтижесінде ұлдар мен қыздардың өз жыныстарына тән әрекеттер туралы тұрақты пікірлері дамиды. Мысалы, ұлдар қыздарға тән қасиеттер көрсеткені үшін сынға алынады. Сол себепті кішкентай ұлдар мен қыздардың жынысқа тән әрекеттер жөніндегі ойлары ерекше қатаң. Қыздар ұлға тән мінез-құлық көрсете алады. Сонымен қатар көптеген ата-аналар қазір қыздарының спортпен шұғылдануын, компьютерде ойнауын және басқа ұл балаларға тән іс-әрекеттермен айналысуын қолдайды. (Керісінше, ұл балалардың қыздарға тән әрекеттерімен айналысуын қолдау сирек кездеседі). Сонымен, қыздар бұрын ұлдарға ғана тән деп саналатын іс-әрекеттер қолайлы екенін сезінуі ықтимал (England 2010).

АҚШ-тағы гендерлік рөлдердің өзгергеніне қарамастан, қыздар мен ұл балалар әлі де дәстүрлі гендерлік әлеуметтенудің ықпалында.



## Биологиялық айырмашылықтарды арттыру

Гендерлік әлеуметтену арқылы қыздар мен ұлдар, ерлер мен әйелдер «нағыз ер азамат немесе әйел қандай болуы керек» екенін жақсы түсінеді. Бұл идеялар өздігінен орындалатын болжамға айналуы мүмкін, себебі ерлер мен әйелдердің биологиялық тұрғыдан әр басқа екеніне деген сенімнің өзінен-ақ өздерін әртүрлі етіп ұстайды (Lorber, 1994). Бұл қалай жұмыс істейтінін түсіну үшін Шари Дворкин (2003) спорттық жаттығу залындағы қатысушыларды бақылап, екі жыл зерттеу жүргізген. Екі жаттығу залындағы бапкерлер ер адамның ғана «бұлшық еттері өсуі» мүмкін деп, әйелдерге қауіптенбей ауыр затты көтере беруді кеңес етеді. Бірақ әйелдердің 25 пайызы «еркектік» бұлшық еттердің пайда болуынан қауіптеніп, ауыр көтеруден мүлде бас тартты. Олардың 65 пайызының бұлшық еттері өсе бастаған соң, ауыр көтеруді қысқа мерзімге немесе жеңіл салмаққа ауыстырды. Екі жыл жаттығулар нәтижесінде бұл әйелдердің бұлшық еттері салыстырмалы қалыпты күйде болды. Олардың бұлшық еттерінің жетілмеген себебі – жетілдіруге қабілеті болса да ерлер мен әйелдерге тән ерекшеліктерді, айырмашылықтарды ескере отырып, одан бас тартуды жөн көрген.

Биологиялық жыныстық айырмашылықтарды медицина тәжірибелері де күшейте алады. Дәрігерлер кейде қыздардың бойы «тым биік» және ұлдардың бойы «тым аласа» болуына жол бермеу үшін гормондар қабылдауды ұсынады (Weitz, 2010) Дәрігерлер кішкентай кеуделі әйелдерге және пекторалды бұлшық еттері дамымаған ерлерге пластикалық хирургия ұсынады. Осылайша, ерлер мен әйелдердің айырмашылықтары жөніндегі әлеуметтік идеяларды нығайтуға айналамыздан көріп жүрген «денелердің» өздері көмектеседі.

Биологиялық айырмашылықтар – табиғаттан екендігі туралы сенім, шын мәнінде, ерлер мен әйелдердің ұқсас болуын ескермегенде күшейеді. Теледидардан ер чирлидер мен әйел футболшыларды емес, әйел чирлидер мен еркек футболшыларды жиі көрсетеді. Бұл – әйелдердің ауыр спорт түрлерімен шұғылданбайтынын және «шынайы еркектердің» чирлидинге қатысуы қоғамда қабылданбайтынын дәлелдейді. Олимпиадалық ойындарда мәнерлеп сырғанаушы әйелдер грация бойынша, ал ерлер жылдамдығы мен күшіне қарай бағаланады. Көрермендер де әртүрлі дағдыларды дамытатын әйел спортшылар мен ер спортшылар әртүрлі қабілеттерге ие деген сенімде қалады. Сондай-ақ атлетикалық ережелер бойынша қыздар ойнайтын баскетбол алаңы арнайы өлшемде шектеулі, ал ерлер мен әйел спортшылардың жарыстарда бәсекелес болуына тыйым салынады.

## «Гендерді қалыптастыру»

Гендерлік айырмашылықтар «гендерді қалыптастыру, гендерлену» барысында күшейеді. Әлеуметтанушылар әйелдер мен ерлердің гендерлік рөліне қатысты өздерінің міндеттерін көрсететін күнделікті іс-әрекеттерді орындауын «гендерлену» деп атайды (West & Zimmerman, 1987; Fenstermaker & West, 2002). Кәсіби бодибилдер әйелдердің бұлшық еттеріне қарамастан, ешкім олардың әйел екеніне күмәнданбауы үшін шаштарын ұзын және сарғыш (қажет болса бояғыш пайдаланып) етіп сәндейді. Ал мейіргерлер кейде басқаларға өзінің «нағыз еркек» екенін білдіру үшін атлетикамен айналысатынын немесе гетеросексуалды жетістіктерін айтады. Әрқайсысымыз

## әлеуметтану және сіз

Сіз қазіргі сәтте өз гендеріңізді қалай қалыптастырасыз? Аяғыңызды алшайтып отырасыз ба, жоқ аяқастырып отырасыз ба? Боянасыз ба? Қалай және қандай мақсатпен? Қандай түсті киім киюді қалайсыз? (Ер адам болсаңыз, қызғылт киім емес шығар.) Осы кітапты оқығанда кекс жеп отырсаңыз диетаны бұзғаныңыз үшін өзіңізден кешірім сұрадыңыз ба? Мұның барлығы – гендерді жасау мысалдары.

гендерлік істерді күн сайын атқарамыз. Мысалы, киім таңдап, (ерлер де, әйелдер де) не юбка немесе джинсы киеміз, сыпайы немесе батыл сөйлейміз. Осылайша, гендерлік әлеуметтік құрылымға қатысамыз. Бұл туралы ойлануға тағы бір себеп – гендердің біз иелік еткен нәрсе емес, біз жасайтын нәрсе екендігі.

Жасөспірімдік кезең адамның өзін-өзі белсенді түрде танытын уақыты болғандықтан сол жылдары гендерді қалыптастыру аса маңызды. Біз гендер туралы айтқан кезде қыздар мен әйелдерге назар аударамыз, алайда ұлдар үшін де гендерді қалыптастыру маңызды. Бұны асыра талап ету ұл баланы компульсивті гетеросексуалдылыққа жеткізуі мүмкін. Компульсивті гетеросексуализм – адамның ер адамға тән мінезі мен қасиеттерін үнемі көрсетуі (үстем мәдениеттерде гетеросексуалдылығын көрсетуі де). Калифорниялық жоғары мектеп оқушылары арасында зерттеу жүргізген әлеуметтанушы С.Дж.Паско (2007) ер балалардың бір-біріне сексуалдық жетістіктері туралы әңгімелейтінін анықтады. Олар қыздарды физикалық қатерге душар ету немесе қыздарға шабуыл жасау, жыныстық қатынасқа көндіру қаупін төндіріп, қыздарға шабуылдауды ойлаған. Бәрінен де шошытатыны – қыздар күштеу қаупіне ұшыраған жағдайда да мұғалімдер бұл әрекеттерге кедергі жасамаған. Ұл балалардың әрекеттері мен мұғалімдердің әрекетсіздігінің ұштасуы, мұндай қылық ерлерге тән табиғи нәрсе деген сенімдері ұлдардың өзді-өздеріне және басқаларға осы сенімдерін дәлелдеуге ықпал еткен.

## Гендер – әлеуметтік құрылым

Гендер – әлеуметтік құрылым, қоғамның құрамына енеді (Risman 1998). Жұмыс орны күндізгі күтімді қамтамасыз етпеген жағдайда гендер әлеуметтік құрылымға айналады. Әйелдер бірдей еңбекақы алмайды; әкелер бала тууына байланысты демалысқа шықпайды. Баскетбол доптары, басшылыққа арналған орынтақтар, электр құралдары орташа ер адам үшін ыңғайлы болатын өлшемде жасалады. Үй шаруашылығына әйелмен бірдей қатысатын күйеулер достарының күлкісіне қалады. Маңыздысы, гендерлік рөлдер мен көзқарастардағы өзгерістер бір жағдайда – егер гендердің әлеуметтік құрылымында қатарласқан өзгерістер болса ғана қоғамның өзгеруіне алып келеді. Сондай-ақ әлеуметтік құрылым өзгерсе, гендерлік рөлдер мен көзқарастар да өзгереді. Мысалы, Барбара Рисман анықтағандай (1998), әйелі қайтыс болған немесе тастап кеткен ер адамдар өздерінің балаларына күтім көрсетуді тез арада үйреніп кетеді.

## Гендерлік негіздегі денсаулық, білім және табыс теңсіздіктері

Сексизм мен дискриминацияның ұштасуы қыздар мен ұлдарды, ерлер мен әйелдерді түрлі траекторияларға орналастырады. Бұл әртүрлі тәсілдермен адамдардың келешегіне әсер етеді. Алдағы тарауда біз гендерлік теңсіздіктің денсаулыққа, білімге және табысқа қалай әсер ететінін қарастырамыз. Әйелдердің салыстырмалы түрдегі төмен әлеуметтік дәрежесі немесе билікке қолжетімділігі оларға жиі кері әсерін тигізеді. Алайда кейде гендерден дәмелену ерлердің де тәуекелін арттырады.

**Компульсивті гетеросексуализм** – адамның еркекке тән мінезін және гетеросексуалдылығын үнемі көрсетуі.

## Денсаулық

Ерлер әдеттегі жоғары әлеуметтік деңгейіне қарамастан орта есеппен алғанда, әйелдерден қысқа өмір сүреді. 2020 жылы дүниеге келетін ер балалар болжам бойынша 77,1 жыл өмір сүруі мүмкін, ал қыздар 81,9 жасқа дейін өмір сүреді деген болжам бар: ерлерге қарағанда, әйелдің жасы шамамен 5 жылға артық (АҚШ халық санағы бюросы 2017). Бұл айырмашылықтың бір себебі әрине, биологиялық ерекшелік: ғалымдардың айтуынша, гормондарының өзі-ақ әйелдердің денсаулығы үшін кейбір артықшылықтар (қылықтарындағы айырмашылық) береді. Ал ерлердің өмір сүру ұзақтығына олардың гендерлік рөлдері әсер етеді (Bird & Rieker, 2008).

Ерлердің гендерлік рөлінің негізгі әдісі – өздеріне қауіп төндіретін әрекеттер арқылы «еркек екенін дәлелдеу». Соның салдарынан ер азаматтар әйелдермен салыстырғанда жол апаттарынан, атыс-шабыстан мерт болады немесе жартастан суға секірем деп мерт ігеді. Сонымен бірге ер адамдар әйелдерге қарағанда әлдеқайда қауіпті еңбек жағдайларында – мысалы, балық шаруашылығында я орман шаруашылығында жұмыс істейді.

Бірақ ерлер мен әйелдердің өмір сүру ұзақтығы арасындағы айырмашылықты тәуекелмен ғана түсіндіруге болмайды. Мысалға, зерттеу барысында анықталғандай, ерлердің тамақтану және эмоционалдық қарым-қатынастар мәселесіне гендерлік рөліне орай аз көңіл бөлуіне байланысты жүрек ауруларынан қайтыс болуы қауіпті арта түседі. Отбасылық және әлеуметтік қарым-қатынастарды сақтау әдетте әйелдерге тән деп саналады. Ал ажырасқан немесе жалғыз қалған ер адамдар көбінесе ақырына дейін жалғыздікті ғұмыр кешеді. Нәтижесінде, әлеуметтік қолдау көрмей, стрестік ауруларға осал болады. Бұл ер адамдардың өздеріне қол жұмсауы әйелдерге қарағанда төрт есе көп болуының себебін айқындайды (Minino 2002, Nardi, 1992).

Кедей елдерде, керісінше, қоғамдағы орнына қарай әйелдерге қайтыс болу, ауыру және мүгедек болып қалу сияқты қауіптер елеулі әсер етеді. Бұл жөнінде «Жаһандық көзқарас: Дамуы төмен елдердегі жүктілік және өлім көрсеткіштері» тарауында айтылған.

## Білім

### Білім алу

Елу жыл бұрын жоғары білім алатын әйелдердің саны өте аз болған. Олар тек бакалавр дәрежесін емес, «MRS» (яғни некеге тұрғаны туралы куәлік) мәртебесін алуды да қолдаған. Қазіргі уақытта әйелдер мен еркектердің орта мектепті бітіріп, бакалавриат, магистратура және докторантурада білім алу мүмкіндіктері бірдей. Нәтижесінде, оқуды аяқтайтын кезде бағаларына қатысты әйелдер емес, еркектер көбірек мазасызданатын болды.

Соңғы жылдары көптеген сарапшылар арасында қазіргі уақыттағы білім беру жүйесі қыздарға бағытталған деген «дәлелсіз пікір» талқылануда. Сонымен қатар қыздар ынталы және ережелерді ұстануға тырысады дейді. Ал ер балалар оқудан жиі шаршап, оқуды өз еркімен тастайды не оқу орнынан шығарылады. Деректерге сүйенсек, ұлдардың да көбі оқуға бар ынта-ықыласын салады. Алайда кедей афроамерикалық ұлдар мен еркектер арасында орта мектепті немесе колледжді бітіргендері аз.

Гендердің рөлі маңызды болғанымен, бұл тек ғана «гендерлік

Назар  
аударыңыз

## ЖАҢАНДЫҚ КӨЗҚАРАС

## Дамуы төмен елдердегі жүктілік және өлім көрсеткіштері

**К**едей елдерде әйелдер денсаулығына қатты қауіп төнуде. Мұндай елдерде әйел үшін ең қауіптісі – жүкті болу. Жоғары дамыған елдерде 3600 жүкті әйел арасында бір ана өлімі тіркелсе, нашар дамыған елдерде әрбір 90 әйелдің бірі (АҚШ халық санағы бюросы, 2011b) жүктілік кезінде немесе босану кезінде қайтыс болады. 9.1 картасында бүкіл әлем бойынша жүктілік пен босану кезіндегі өлім-жітім қаупінің деңгейі көрсетілген.

Дамуы төмен елдерде жүктілікке байланысты өлімдердің жоғары көрсеткіштері әлеуметтік жағдайдың себеп-салдарына байланысты (2010 ж.). Біріншіден, жүктілік пен бала туу әдетте қауіпсіз болып саналса да жүкті әйелдердің 10-ға жуық пайызы дер кезінде медициналық көмек көрсетілмегеннен қайтыс болады. Мұндай жағдай ең да-

мыған елдерде сирек, нашар дамыған елдерде жиі кездеседі.

Екіншіден, әйелдердің қоғамдағы мәртебесі төмен кедей елдерде олар тамақ жетіспеушілігінен зардап шегеді. Іште өсіп келе жатқан баласы үшін қосымша тамақтануды қажет еткен жүкті әйел үшін бұл – өлімге әкелер жағдай. Тамақтың жеткіліксіз болуынан әйелдер жүктілік кезінде ауруға шалдығады, босану кезінде қан кету сияқты басқа да зардабы тиеді.

Үшіншіден, әйелдердің қоғамдағы мәртебесі төмен елдерде денесі әлі де толық дамымаған қыздарды некеге тұруға мәжбүрлейді. Нәтижесінде, олар нәрестені тууға шамасы келмей, бұл – ана мен баланың өліміне әкеледі. Сондай-ақ әйелдің қадірі мен ер адамның күші олардың ұлдарының санымен өлшенгенде әйелдердің тағы бірнеше рет жүкті болуына тура келеді. Биологиялық негізінен, үшінші жүктіліктен кейінгісі ананың алдыңғы жүктіліктеріне қарағанда үлкен қауіп тудырады.

Соңғысы, әйелдің денсаулығына көңіл бөлмейтін елдерде көптеген әйелдер қауіпті жасанды түсіктерден қайтыс болады (Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы, 2010). Жасанды түсік – егер оны стерильді жағдайда тиісті құралдармен жұмыс істейтін мамандар (Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы, 2010) жасаса қауіпсіз, күрделі әдіс емес. Түсік жасату заңсыз немесе қымбат болса көптеген әйелдер басқа амалын іздейді. Себебі олардың көбінесе қалған балаларын тамақтандыруға мүмкіндігі жоқ. Мұндай әйелдердің кейбіреуі түсік тастаудан үміттеніп, улы химикаттарды ішіп қайтыс болады. Кейбірі тәжірибесіз мамандардың салғыртығынан лас құралдардан жұққан инфекциядан немесе күрделі жарақат алғаннан, қан кетуінен көз жұмады (Sedgh et al 2007).

Қыздар мен әйелдердің жүктілік пен босану кезіндегі өлім-жітімін тоқтатудың ең дұрыс жолы – олардың әлеуметтік жағдайын жақсарту.

мәселе» емес. Біз (7 және 8-бөлімдерде) нәсіліне немесе тап мүшелігіне негізделген дискриминацияның, сондай-ақ ресурстар жетіспеушілігінің жағдайы төмен оқушыларға және азшылық топтардан шыққан студенттердің оқуда табысты болуына қалай тосқауыл қоятынын қарастырдық. Афроамерикалық ұлдар мен ерлер, афроамерикалық қыздар мен әйелдерге қарағанда неге нашар оқиды? Бұған жауап әлі

Мұғалімдері қыздарға сенім артып, оларды талпындырса, қыздар математикадан елеулі жетістіктерге жетуі мүмкін.






**9.1-КАРТА: Жүктілік пен босану кезіндегі өлім-жітім қаупі**

Солтүстік Америкада жүктілік және босану кезінде қайтыс болған әйелдер саны 2 200 әйел арасынан бір өлім тіркелген. Бұл көрсеткіш Австралия, Жаңа Зеландия мен Еуропа үшін ортақ. Ал Оңтүстік Африкада 540 әйелден біреуі, Азияда 230 әйелден біреуі, Африкада 36 әйелден біреуі жүктілік немесе босану кезінде қайтыс болған.

ДЕРЕККӨЗ: Халықтың анықтамалық бюросы (2011b).



анықталмаған, бірақ екі фактор аса маңызды болып көрінеді. Біріншіден, мұғалімдер афроамерикалық балалардан, әсіресе олар кедей болса үміттенбеуі мүмкін және бұл балалар кез келген ереже бұзушылық үшін айыпталады. Сонымен, жетістікке жетуге көмектесетін қажетті тәлімгері мен өз жігері болмағандықтан, бұл балалар мектепке деген қызығушылығын жоғалтады (Brunn & Kao, 2008). Екіншіден, осы кезге дейін ерлер жоғары кәсіптік білімі болмаса да кәсіподақ фабрикаларында немесе мамандандырылған салаларда жұмыс істей алады. Нәтижесінде, кедей немесе жұмысшылар табына жақын аудандарда өмір сүретін ұлдардың санасында «нағыз еркектер» күш қажет ететін жұмыстарда істейді, ал «жұмсақ мінезді еркектер» мектепте білім алады деген пікір қалыптасқан. Керісінше, афроамерикалық қыздардың көбі білім алмаса, озық болу мүмкіндігі аз болатынын ерте жастан түсініп талпынады.

### Сала таңдау

Қазір жоғары білім алған әйелдердің саны ерлерден асқанымен, сексизм олардың мүмкіндіктерін әлі де шектеп отыр. Бәлкім, осыған себеп болатын – бесінші сыныптан бастап ер балалар көбінесе ғылым мен математика пәндері бойынша сабақ алып, ал қыздар жиі тіл мен әдебиетке назар аударатыны шығар. Көптеген жағдайда мұндай жыныстық айырмашылықтар әлеуметтік бейімделу мен мүдделерге орай қалыптасады (Sadker & Sadker, 1994). Барлық пән бойынша



әсіресе математика және ғылымда мұғалімдер әдетте ұлдардың жетістікке жету мүмкіндігі мол деп есептейді. Сондықтан мұғалімдер қарапайым фактілер туралы сұрақтарды қыздарға, аналитикалық дағдыларды қажет ететін сұрақтарды ұлдарға қояды. Ұлдар жауап беруге қиналса, мұғалімдер олардың жағдайын тіпті қиындатады. Оқуға түсетін кезде қыздар сол пәндерге қызығушылық танытса да физикалық ғылымдар немесе инженерлік мамандықтар бойынша машығы немесе дайындығы көбінесе жеткіліксіз болады (Sadker & Sadker, 1994). Нәтижесінде, әйелдер білім беру саласы мен гуманитарлық ғылымдарды тәмамдайды, ер балалар айтарлықтай жоғары еңбекақы төленетін инженерлік және физикалық ғылымдар саласын игереді.

9.1-кестеде 1971 жылы және 2009 жылы оқудың әртүрлі бағыттары бойынша әйелдер алған бакалавр дәрежесінің үлесі көрсетілген. Кестеден осы кезеңде өзгерістер болғанын көруге болады. Ерлер үшін дәстүрлі салаларда 1971 жылдан бері және 2009 жылы түлектердің басым бөлігін әйелдер құрады. Қазіргі уақытта бизнес, заң, математика, әлеуметтік ғылымдар мен тарих бағыттарында барлық түлектердің жартысын әйелдер құрайды. Дегенмен бұл өзгерістер біржақты: дәстүр бойынша ерлерге тән салаларға енген әйелдер саны көбейсе де әйелдер үшін дәстүрлі салаларға келген ерлер өте аз (England, 2010).

Сөйтсе де ерлер мен әйелдердің арасындағы айырмашылықтар сақталған. 2009 жылы инженерлік бағыттағы түлектердің 16 пайызы және компьютерлік ғылымдардағы түлектердің 18 пайызы әйел-

#### **9.1-КЕСТЕ. Бакалавр дәрежесін алған әйелдер, бағыттар бойынша, % 1971 жыл және 2009 жыл**

1971 жыл мен 2009 жыл аралығында дәстүрлі ерлер кәсібі бағытында білім алған әйелдердің саны айтарлықтай артты. Дегенмен инженерлік салада, ерлер санының басымдығы сақталуда, ал білім беру әсіресе үй экономикасы бойынша білім беру сияқты салаларда әйелдер көбірек. Инженерлердің табыс мөлшері мұғалімдерге қарағанда үш есе артық, мамандықтар арасындағы бұл айырмашылық – әйелдердің табысы еркек адамдардың табысынан аз екендігінің бір дәлелі.

<b>Мамандық, оқу бағдары</b>	<b>1971</b>	<b>2009</b>
Бизнес	9%	49%
Компьютерлік және ақпараттық ғылымдар	14	18
Білім беру	75	79
Инженерия	1	16
Денсаулық сақтау	77	85
Экономикалық білім беру	97	97
Кітапханалық іс және мұрағат	92	90
Заң	6	53
Математика	38	43
Әлеуметтік ғылымдар және тарих	37	49

дер болды. Сонымен қатар білім беру, денсаулық сақтау (көбінесе медбике), үй шаруашылығын жүргізу және кітапхана ғылымдары бойынша түлектер арасында әйелдер басым (Білім статистикасы ұлттық орталығы, 2010). Инженерлер мен компьютерлік мамандардың еңбекақысы мұғалімдердің, кітапханашылар мен медбикелердің еңбекақысымен салыстырғанда әлдеқайда жоғары болғандықтан, жоғары оқу орындарындағы мамандықтар арасындағы мұндай айырмашылықтар келешектегі экономикалық әл-ахуалға әсерін тигізетін болады.

## Жұмыс және табыс

16 жастан асқан америкалықтардың арасында ерлердің 72 пайызы, әйелдердің 59 пайызы жұмыс істейді (АҚШ халық санағы бюросы, 2011 ж.). Бұл алшақтық бұрынғыға қарағанда әлдеқайда азайды, бәлкім әлі де азая түсер. Көптеген әйелдер тұрмыс құрып, отбасына қызмет етуден үміттенсе, жұмыс істеуді қалайтын әйелдердің саны одан да көп. Сонымен қатар соңғы бірнеше жылда жұмыс орындарынан айырылған ерлер саны әйелдерге қарағанда көбірек. Себебі ер адамдар көбінесе экономикалық дағдарысқа ұшыраған экономика секторында – өндіріс пен құрылыс саласында жұмыс істейді.

Алайда еңбек күштерін тартуда теңсіздік өсіп келе жатқанына қарамастан, ерлер мен әйелдер табысының арасындағы айырмашылық сақталып отыр. Жыл бойы толық уақыт жұмыс істейтін әйелдердің табыс мөлшері ерлер табысының 80%- на тең (АҚШ халық санағы бюросы, 2011с). Бұл пайыз 1950 жылдан бері біршама өзгерді.

Неліктен әйелдердің табысы ерлердің табысынан төмен? Бұл сұраққа жауап беру үшін мамандықтар бойынша жыныстық айырмашылықтарды қарастыруымыз керек.

## Түрлі кәсіп, әртүрлі табыс

Әйелдердің табысы төмен болуының негізгі себебі – әйелдердің көбі еркектермен салыстырғанда сан алуан мамандықтар бойынша жұмыс істейді, әдетте әйелдердің кәсіптерінде ерлерге қарағанда аз төленеді. 9.1-сызбада көрсетілгендей, негізгі жыныстық айырмашылықтарға орай әйелдер сатуда, кеңсе және қызмет көрсету салаларында басым, ал ерлер «ақ жағалы» мамандықтар бойынша жұмыс істейді. Ерлер мен әйелдердің кәсіби және басқару салаларындағы үлесі бірдей.


Осылай бола тұра білікті ер мамандар дәрігер, ал білікті әйел мамандар медбике болады; ерлер болат зауыттарын, ал әйелдер тазалау орталықтарын басқарады.

Ерлер мен әйелдердің мамандық айырмашылығының үш негізгі себебі бар: гендерлік кәсіптер, әртүрлі біліктілік және дискриминация.

1. *Гендерлік кәсіптер.* Көптеген кәсіптер бұрынғыдай «әйелдердің ісі» немесе «ерлердің ісі» деп бөлінеді. Яғни құрылыс – тек қана ерлерге тән жұмыс, бастауыш сыныптарда оқыту, күндізгі күтім көрсету – көбінесе әйелдердің жұмысы. «Әйелдердің еңбегі» деп саналатын жұмыстарда ерлер өте аз істейді, себебі онда еңбекақы төмен. Сонымен бірге жұмыс берушілердің барлығы осындай жұмыс орындарына ерлерді ала бермейді (England 2010, Levanon, England & Allison, 2009). Әйелдер көбінесе ерлерге арналған жұмыс орындарына көшті (England, 2010), бірақ еңбекақысы төмен және еңбек жағдайлары нашар болуына байланысты еркектер бас тартқан

## 9.1-СЫЗБА. Жұмыс орындарындағы жыныстық айырмашылықтар

ДЕРЕККӨЗ: АҚШ халық санағы бюросы 2011с.



салаларда (мысалы, алғашқы медициналық-санитарлық көмек) әйелдер саны көбейді.

2. *Әртүрлі біліктілік.* Әдеттегідей айырмашылығы бұрынғыдан аз болғанымен, әйелдер білім беру саласы сияқты төмен еңбек-ақы төленетін салаларға барады, ал ерлер табысы елеулі салаларды таңдауда (England, 2010). Білімдік-біліктіліктердегі айырмашылықтардан гөрі жұмыс тәжірибесі мен кәсіби даярлық маңызды. Жұмыс берушілер әйелдің тұрмыс құрып немесе балалы болғаннан кейін қайта жұмысқа шығуына сенімді болмаса, оның оқуы мен даярлығына уақыт пен ақшаны аз бөледі (Tomaskovic-Devey & Skaggs, 2002). Әйелдер, тіпті балалары бар немесе тұрмыс құру ниеті жоқ болса да басшылық лауазымдарға ие бола алмайды.
3. *Дискриминация.* Ерлер мен әйелдердің кәсіби даярлық жағынан өзгешелігі болса да қәсіптік айырмашылықтардың үлкен бөлігі жұмыс берушілер тарапынан байқалатын дискриминацияға байланысты (Hesse-Biber & Carter, 2000). Жұмыс берушілер еркектерге арналған кейбір жұмыс орындарын сақтап отырады, себебі әйелдер арасында өзін гендерлік-рөлдік стереотиптерге негіздейтіндер болады. Осының нәтижесінде, әйелдер менеджер емес, дүкеннің меңгерушісі емес, медбике немесе қарапайым сатушы болып қалады. Жұмыс берушілер тарапынан болатын дискриминация балалары бар әйелдерге ерекше болуы мүмкін. Олардың ойынша, балалы әйел өз міндеттерін басқа қызметкерлер сияқты атқара алмайды (Benard & Correll, 2010).

## Бірдей кәсіп, әртүрлі табыс

Кәсіптердің барлығы жыныстық айырмашылыққа байланысты бөлінбейді. Мысалы, жолсерік, мұғалім және зерттеуші сияқты мамандықтар бойынша істейтін ерлер мен әйелдердің үлесі айтарлықтай. Алайда айтылған мамандықтар бойынша да ер адамдардың табысы жоғары болады (9.2-кесте). Мұның негізгі екі себебі – әртүрлі атаулар мен дискриминация.

1. *Әртүрлі атаулар.* Көптеген жағдайларда ерлер мен әйелдер міндеттері бірдей, атауы әртүрлі қызметтерді атқарады: әйелдер «атқарушы көмекшілер» болса, сол жұмысты атқаратын еркектер «кіші меңгеруші» болады. Жұмыс «ерлердің ісі» деп саналатын бір ғана санат бойынша анықталып, онымен ерлер айналысуы тиіс делініп, оларға жоғары еңбекақы төленеді.
2. *Дискриминация.* Әйелдер мен еркектер бірдей лауазымға ие болса да әйелдерге аз төленеді. Мұның бір себебі – белгілі мамандық бойынша ерлердің неғұрлым беделді, жақсы төленетін санатта болуы (Hesse-Biber & Carter 2000, McBrier, 2003). Ер заңгерлер беделді салаларда біліктілігін арттыру үшін ірі, жоғары еңбекақы төлейтін компанияларға орналасады, ал әйелдер беделі төмен салаларда, еңбекақысы аз, шағын фирмаларға жұмысқа тұрады. Ерлер сатылым жүйесінде жақсы еңбекақы немесе жоғары комиссия ұсынатын дүкендер мен бөлімшелерге жұмысқа тұрса, әйелдер еңбекақысы төмен орындарда сатушы ретінде жұмыс істейді.

Әйелдер мен еркектерді жұмысқа қабылдаған бір жер болып, олар бір кәсіпте тең лауазымда жұмыс істесе де, жұмысқа қабілеттіліктері және білім деңгейі тең болса да тәжірибелері мен басқа біліктіліктері ұқсас болғанына қарамастан, әйелдердің табысы төмен болатыны анық. Табыс айырмашылығына ешбір түсінікті негіздеменің болмауы, бұл дискриминацияның маңызды рөл атқаруына байланысты деп болжауға негіз болған (Maume, 2004).

Әйелдер де, еркектер де басым салаларда дискриминация болады. Әйелдер басым ұжымдарда ерлер «әйнекті жеделсатыға» кіргендей ахуал жиі болады. Ол арқылы жоғары лауазымға және беделді

### 9.2-КЕСТЕ. Орташа апталық еңбекақысынан байқалатын жыныстық айырмашылықтар

Әйелдер төмен табысты кәсіптерде шоғырланған. Бірақ әйелдер мен ерлер бірдей кәсіппен айналысса да, бәрібір олардың табыс мөлшері төмен болатыны анық. Әйелдер еңбекақы аз төлейтін фирмалар мен бөлімшелерде жұмыс істейді және жұмысқа орналасу, мансапта жоғарылау жөнінен оларға дискриминация, қысым жиі көрсетіледі.

Кәсіп	Ерлердің табысы	Әйелдердің табысы	Жұмысшы әйелдер
Бас директорлар	\$2.360	\$1.759	19.7%
Заңгерлер	2.346	1.795	31.7
Бағдарламашылар	1.430	1.325	23.3
Бастауыш және орта мектеп мұғалімдері	966	870	77.8
Сатушылар	704	472	40.3



Сексизмнің әсері әлі де жалғасқанымен, бұрын тек ер адамдар жұмыс істеген салаларда қазір көптеген әйелдер қызмет етуде.

қызметке жылдам жетеді (Williams, 1992, Hultin, 2003) (Ridgeway, 2011; Elliot & Smith 2004, Maume, 2004; Cotter et al, 2001). Көбінесе, ер адамдар басым ұжымдардағы әйелдер «шыны шектеуішке» кезігеді. Бұл – әйелдің жоғары қызметке жетуіне жол бермейді, кейбір жағдайларда оның жұмыстан шығуына себеп болады. Әйелдерге құзыретсіздігіне қарай жыныстық қатынасқа итермелеу жасалады деген сылтаумен бейресми көшбасшылықтан және шешімдер қабылдау жүйесінен шеттетіледі. Мұндай жағдайларда «шыны шектеуіші» нығаяды.

## Гендер және билік

Макс Вебер айтқандай, бедел мен биліктегі айырмашылықтардың маңызы экономикалық жетістіктегі айырмашылықтардың маңызынан кем емес. Бұл жетістіктерге жүгінсек, біз әйелдер үшін жүйелі түрде қолайсыздық туып отыратынына тағы куә боламыз. Отбасында, бизнесте, діни қауымдарда және басқа жерлерде әйелдер көбінесе билік басына келе алмайды.

## Әлеуметтік институттардағы билік теңсіздігі

Әйелдерді бағынышты етіп ұстау әлеуметтік институттардың көбінде бар. Кейбір шіркеулерде қызметшілер Жаңа Өсиеттегі «Әйелдер, күйеулеріңе мойынсұныңдар» деген сөзді келтіреді (Ефестіктерге 5:22). Колледждерде баскетболдан жаттықтырушы әйелдердің еңбегі, ер жаттықтырушыларға қарағанда әлдеқайда төмен бағаланатыны сирек жайт емес. Саясатта ер лидерлер басым, ал әйелдер әлі күнге дейін АҚШ-та және бүкіл әлемде сайланған ірі лауазымды шенеуніктердің аз ғана бөлігін құрайды.

## Қарым-қатынастардағы билік теңсіздігі

4-бөлімде айтылғандай, күнделікті тұрмыстағы бейресми алмасулар да нормалармен реттеліп, қайталанып отырады. Ерлер мен әйелдердің өзара бейресми қарым-қатынастағы рөлдеріне мұқият назар аударсақ, айқын айырмашылықтарды көруге болады: айырмашылықтардың барлығы балалық шақтағы әлеуметтендіруге, сондай-ақ әйелдердің төмен мәртебесі және билігіне байланысты. Мысалы, әлеуметтанушы Паола Енгланның айтуынша (2010):

«Адамдардың өзара қарым-қатынас әлемінен көретініміз – әйелдерді кездесуге әлі де ерлер шақырады және жыныстық мінез-құлық ерлер тарапынан (England, Shafer & Fogarty, 2008) көрсетіледі. Жыныстық қатынас еркіндігі бел алып кеткендіктен, гетеросексуалды ерлер мен әйелдер үшін кездейсоқ жыныстық қатынас жасау оңайға түседі. Бірақ оның гендерлік бөлігі, қосарланған стандарттар өзгермей сақталуда. Еркектерге қарағанда әйелдер кездейсоқ жыныстық қатынастарға барудан жиі бас тартады деп саналады (Hamilton & Armstrong 2009, England, Shafer & Fogarty, 2008). ... Қартаюға қатысты қосарланған стандарттар одан да көп. Ер адамдарға қарағанда әйелдердің едәуір жасқа жеткенде тұрмыс құру мүмкіндігі аз деп саналады (Англия мен McClintock, 2009). Ал еркектер мұндай жаста неке құруды ұсынса (Sassler & Miller, 2007) қалыпты болып есептеледі. Сонымен қатар үйленгеннен кейін әйелдердің басым көпшілігі күйеуінің тегін қабылдайды.

Бұл гендерлік айырмашылықтар күнделікті сөйлесу сәттерінен де байқалады және алшақ тарта түседі (Tannen, 2001). Ерлер көбірек сөйлейді; әйелдердің сөзін жиі үзеді және, ең бастысы, өзіне қолайлы тұста үзеді. Сонымен қатар ерлерге қарағанда әйелдер әңгімелескенде жиі сыпайы сөйлеп, жөнсіз қасарыспайды. Әйелдер өздерінің пікірін сұрақпен жеткізеді («Сіз көгілдір түстен қызыл түс жақсы деп ойлайсыз ба?»). Осындай сөйлеу мәнері жиналыстар мен іскерлік кездесулерде де болады. Бұл – іскер әйелдердің, ерлерге қарағанда өз идеяларына сенімінің аз болуы себебінен (Tannen, 2001).

Зертханалық және басқа зерттеулер көрсеткендей, ерлер мен әйелдер арасындағы айырмашылықтар көбінесе олардың мәртебесінің айырмашылықтарына негізделеді (Kollock, Blumstein & Schwartz 1985; Ridgeway & Smith-Lovin 1999; Tannen 2001). Әйелдердің мәртебесі ер адамдікінен жоғары болса, мысалы, әйел профессор студент жігітпен сөйлескенде студенттің мәртебесінің төмендігіне ерекше көңіл аудармайды.

## Case-study: жыныстық қатынасқа итермелеу

Әйелдердің ер адамдармен салыстырғанда, әлсіз болуының зардабы **жыныстық харассмент** тақырыбында түсіндіріледі. Бұл – жыныстық қатынасқа итермелеу, сөзбен немесе ерсі қимылмен жыныстық қатынасқа шақыру сипатында емеурін жасау, жағымсыз қылық көрсету. Мұның анықтамасына және оқиғаларына байланысты түрлі пікірлер болғанымен, жұмыс істейтін әйелдердің тең жартысы өмірінде жыныстық харассментке тап болатыны анық (Welsh 1998). Ер адамдарға әйелдер тарапынан да сондай әрекет жасалуы мүмкін, бірақ бұл өте сирек кездеседі.

Жыныстық харассменттің екі түрі бар (АҚШ-та жұмыспен қамтудың тең мүмкіндіктеріне арналған комиссия). Заңға сәйкес жұмыс беруші, мұғалім немесе басқа жоғары лауазымды басшының жұмыстан шығармау, қызметте жоғарылату, ұсыныс хат беру т.с.с түрлі амалдарды қолданып, жыныстық әрекетке мәжбүрлеуі (ерсі қылықтан жыныстық қатынасқа дейін) жыныстық харассмент деп танылады. Басшы немесе мұғалім барынша мейірімді болу үшін, жыныстық харассмент – сыйақы туралы емеуріннен басталып, зорлаумен аяқталған оқиғалар да болады. Сондай-ақ кеңседе порнографиялық фотосуреттер орнатылса немесе әріптестер сексистік әлде жыныстық мазмұндағы әзіл-қалжыңды жиі айтып, жеке тұлғаға жұмысын атқаруға кедергі ететін жағымсыз ұжым ахуалы қалыптасса, бұл жыныстық харассмент болып саналады.

Әйелдердің ерлерге қарағанда күші аз, әлсіз болуына байланысты оларға қарсы жыныстық харассмент жиі жасалады. Алайда жыныстық харассмент әйелдердің әлеуметтік әлсіз жағдайын ашып қана қоймай, сол жағдайдан құтылудың жолын таба алмай күйзелуіне де әкеп соқтырады. Мысалы, инженерлік мамандығы бойынша оқып жүрген немесе сондай компанияда іс-тәжірибеден өтіп жатқан қыздар жыныстық харассмент мәселесіне тап болған жағдайда мансаптарын инженерлік салада жалғастырудан бас тартады. Сондай-ақ өздерінің қабілеті мен ұстанымдарына деген сенімін жоғалтуы мүмкін, тіпті созылмалы психологиялық қиындықтарға ұшырауы ықтимал (Sadker & Sadker, 1994).

## Сексизмге қарсы күрес

Алдағы тарауда жыныстық харассмент, әйелдерді қорлау, жұмысқа қатысты дискриминация және басқа мәселелерге қарсы күресу үшін



Заңсыз болғанына қарамастан, жыныстық харассмент жұмыс орындарында жиі кездеседі.

**Жыныстық харассмент** – жыныстық қатынасқа итермелеу, сөзбен яки ерсі қимылмен жыныстық қатынасқа шақыру сипатында емеурін жасау, жағымсыз қылық көрсету.

## Әлеуметтану және сіз

Сіз орта мектепте спорт командасында ойнадыңыз ба немесе әлі де ойнайсыз ба? Егер солай болса және сіз әйел болсаңыз спорттық мансабыңыз үшін 1972 жылғы Білім беру саласындағы өзгерістер туралы федералдық заңның 9-тарауына ішінара қарыздарсыз. 9-тарау – либералдық феминистік белсенділіктің жемісі. Бұл кез келген білім беру мекемесінде жынысы бойынша кемсітуге тыйым салады, және федералдық деңгейде қаржыландырылады. 9-шы тарау қаржылай көмек пен спорт түрлерінен бастап медициналық сақтандыруға дейін қамтиды және бала бақшадан мектепті бітіргенге дейін қолданылады. Бұл әйелдердің білім алу деңгейіне және спорттағы жетістіктеріне сындарлы әсер етті.

Әйелдер мен ерлердің феминистік қозғалысқа қосылуы талқыланған (Evans 2003, Freedman 2002). Феминистік қозғалыс негізінде әйелдер мен еркектердің құқықтары тең және әйелдердің өмірі, мәдениеті мен құндылықтары ерлердікіндей маңызды деген ұстаным жатыр. Бұл бөлімде феминистік қозғалыстың жетістікке жетуі сипатталған. 1970 жылға дейін әлеуметтануға арналған оқу құралдарында жыныстық қатынас пен гендер туралы ешқандай бөлім болған жоқ.

Бұл тарауда феминистік қозғалыстың тарихына және ақ нәсілді емес әйелдерге қатысты нақты мәселелер қарастырылады.

### Феминистік қозғалыс

Америкадағы феминистік қозғалыстың бірінші толқыны он тоғызыншы ғасырдың ортасында пайда болды. Ол кезде әйелдердің заңды мәртебесі, негізінен, мүлікпен бірдей болатын. Құлдар тәрізді (ерлер де, әйелдер де) әйелдердің де нәсіліне қарамастан мүлікке ие болуға хақысы болмады. Оларға дауыс беруге, келісімшарт жасауға немесе сот алдында куәгер болуға тыйым салынды. Әйелдерді оқуға қабылдайтын екі ғана шағын колледж болды. Құлдықты жою жолындағы қозғалыста белсенділік көрсеткен көптеген әйелдің (афроамерикалық және ақ нәсілді) тәжірибелері теңдікке деген сенім орнауына және феминистік қозғалысты бастауға қажетті ұйымдастырушылық дағдылар қалыптасқанын көрсетті.

Феминистік наразылықтар арқасында XIX ғасырдың аяғында әйелдер өміріне қатысты заңдық шектеулердің тым қатаңдығы жөнінде мәселе көтерілді. Сол кезден бастап оқу орындарында әйелдердің саны (әлі күнге дейін) өсіп келе жатқаны анық. Сол кезде феминистер әйелдердің дауыс беру (сайлау құқығы) құқығына қол жеткізуі үшін бар күшін салды. 1920 жылы Конгресс әйелдерге сайлау құқығын беретін Он тоғызыншы түзетуді қабылдады.

Он тоғызыншы түзету қабылданғаннан кейін феминистік белсенділік бәсеңдеді. Алайда 60-шы жылдары әйелдердің екі тобы одан әрі өзгерістер жасау мақсатында істерін жалғастырды. Бұл – феминизмнің екінші толқыны деп аталды. Бірінші топ (либералдық феминистер) саяси және кәсіби ұйымдарға қатысу жолымен құрылды және әйелдердің тең құқықтары үшін күрес жүргізді. Олар әлеуметтік өзгерістер жасауды талап етті: таңдаулы мемлекеттік мектептер мен жоғары оқу орындарына қыздар қабылдансын және жұмыс берушілердің «тек ерлерге арналған жұмыс» деген жарнамасын таратуға тыйым салынсын деген талап қойды. Екінші топ (радикалды феминистер) феминизмге азаматтық құқықтар үшін күрес жүргізу мен Вьетнамдағы соғысқа қарсы қозғалыстар арқылы келді және түбірлі әлеуметтік өзгерістерді талап етумен болды. Олар қоғамның инсект (үйден шығармау), үйдегі зорлық-зомбылық және күнделікті зорлауға қатысты хабардар болуын насихаттады (Шын мәнінде, соңғы екі термин феминизмнен бұрын болған жоқ). Сондай-ақ әйелдердің жыныстық рақатқа бөленуге және нәресте тууды бақылауға құқығы бар деген идеяны насихаттады.

1990 жылдан бастап феминистердің үшінші толқын деп аталатын жаңа тобы шықты. Алдыңғы феминизмнің толқындары қатты әсер еткен қоғамда өскен үшінші толқындық феминистер, әйелдердің жағдайы жақсарғанын ескертті. Сонымен қатар бұлар жыныстық қауіп-қатер мәселесінен гөрі әйелдердің жыныстық еркіндік пен рақатқа бөленуі мәселесіне көңіл бөлді. Үшінші толқындық феминистер сексизм, нәсілшілдік, таптық теңсіздік, теңсіздіктің басқа түрлері әйелдердің әртүрлі топтарына әсер етуін мәселе етіп көтерді (Evans 2003, Freedman, 2002).



## Сексизм және нәсілшілдікпен күрес

Феминистік қозғалыстың тарихына қарасақ, ақ нәсілді әйелдер мен ақ нәсілді емес әйелдер өмірді жақсарту мақсатында бірігіп іске кіріскенін көруге болады. Дегенмен үшінші толқындық феминистердің айтуынша, феминистік қозғалыс кейде (егер байқалмаса) ақ нәсілді әйелдерге қатысты мәселелерді ғана шешуге бағытталған.

Ақ нәсілді емес әйелдердің теңдік үшін күресі әрқилы себептерден басталады және түрлі мәселелерді қозғап, оларға жауап табады. Бастысы, ақ нәсілді емес әйелдердің алдында екі жақты дилемма туындайды. Біріншіден, олар ақ нәсілді әйелдердің дәстүрлі рөлдері қорғалғанынан еш пайда көрген жоқ. Ақ нәсілді емес әйелдер үнемі үйінен тыс жерде жұмыс істеген. Мысалы, 1900 жылы некедегі афроамерикалық әйелдердің жұмысқа тартылуы некедегі ақ нәсілді әйелдерге қарағанда алты есе артық болған (Goldin, 1992). Олар жұмыс істегенімен, әйел заты болуына байланысты түрлі экономикалық және азаматтық айыптаулардан зардап шеккен. Демек, дәстүрлі гендерлік рөлдерінен бас тартудан жоғалтқанынан пайда көретін әйелдер саны өте аз. Екінші жағынан, ақ нәсілді емес әйелдер мүдделер қайшылығына тап болды: оларды негізінен жәбірлейтін нәсілшілдік пе, сексизм бе; олар жұмысын бастаса, нәсілшілдікті жоюы тиіс пе, әлде сексизмді жоюы тиіс пе? Ал олар әйелдер құқығын қорғаса, өздерінің нәсілдік және этностық топтарындағы ер адамдарға қарсылық білдіргені деп қарастырылуы мүмкін.

Ағымдағы табыс статистикасы әйелдердің табысын нәсілден гөрі жынысы анықтайтынын көрсетеді: латынамерикалық, афроамерикалық және ақ нәсілді әйелдер арасындағы табыстың айырмашылығы әйелдер мен ерлер арасындағы айырмашылыққа қарағанда аз. Бұл – ақ нәсілді емес әйелдерге нәсілдік дискриминацияға қарсы күрестен гөрі жыныстық дискриминацияға қарсы күрес жүргізу пайдалы екенін білдіреді. Бірақ бұл тұжырым әйелдер мен олардың балалары өз күйеулерінің, әкелерінің табысына тәуелді екенін ескермейді. Мысалы, афроамерикалық ерлердің табысы аз, жұмысқа орналасу мүмкіндіктері шектеулі болғандықтан, афроамерикалық әйелдер мен балалары ақ нәсілділермен салыстырғанда, кедейлік шегінен үш есе төмен деңгейде өмір сүреді. Сондықтан ақ нәсілді емес әйелдердің нәсілшілдікпен де, сексизммен де күресуіне негіз бар.

Дилемма шешімсіз қалды. Әйелдердің құқықтары үшін құрылған қозғалыс ақ нәсілді орта тап өкілдерінің қозғалысы деп саналады, ал ерлер арасында нәсілдік және этносаралық қозғалыстар байқалады. Солай бола тұра азшылық әйелдердің аз ғана бөлігінің нәсілшілдікке де, сексизмге де қарсылық көрсетуі басталғалы ұзақ уақыт өтті.

## Жыныстық айырмашылық әлеуметтануы

Гендер секілді жыныс та биология мен мәдениеттің өнімі. «Нағыз» жыныстық өмір туралы ой-пікірлерде мәдениетаралық айырмашылықтар бар және тарихи тұрғыдан өзгермелі болады. Жүздеген жылдар бұрын жыныстық рақатқа бөленуді мойындаған әйел ақылынан айырылған деп жарияланып, есі ауысқан адамдарды емдейтін орындарда ұсталған. Қазір жыныстық рақатқа бөленбейтін әйел «салқындығы артқан» деп белгіленіп, оған дәрігерге қаралу ұсынылады. Ежелгі Грекияда ересек тәлімгерлер жасөспірімдерге қарсы гомосексуалдық әрекетпен айналысқан. Бұл күндері кәмелетке толмағандармен жы-

## әлеуметтану және сіз

Сіз орта мектепте спорт командасында ойнадыңыз ба немесе әлі де ойнайсыз ба? Егер солай болса және сіз әйел болсаңыз спорттық мансабыңыз үшін 1972 жылғы Білім беру саласындағы өзгерістер туралы федералдық заңның 9-тарауына ішінара қарыздарсыз. 9-тарау – либералдық феминистік белсенділіктің жемісі. Бұл кез келген білім беру мекемесінде жынысы бойынша кемсітуге тыйым салады, және федералдық деңгейде қаржыландырылады. 9-шы тарау қаржылай көмек пен спорт түрлерінен бастап медициналық сақтандыруға дейін қамтиды және бала бақшадан мектепті бітіргенге дейін қолданылады. Бұл әйелдердің білім алу деңгейіне және спорттағы жетістіктеріне сындарлы әсер етті.

әйелдер мен ерлердің феминистік қозғалысқа қосылуы талқыланған (Evans 2003, Freedman 2002). Феминистік қозғалыс негізінде әйелдер мен еркектердің құқықтары тең және әйелдердің өмірі, мәдениеті мен құндылықтары ерлердікіндей маңызды деген ұстаным жатыр. Бұл бөлімде феминистік қозғалыстың жетістікке жетуі сипатталған. 1970 жылға дейін әлеуметтануға арналған оқу құралдарында жыныстық қатынас пен гендер туралы ешқандай бөлім болған жоқ.

Бұл тарауда феминистік қозғалыстың тарихына және ақ нәсілді емес әйелдерге қатысты нақты мәселелер қарастырылады.

## Феминистік қозғалыс

Америкадағы феминистік қозғалыстың бірінші толқыны он тоғызыншы ғасырдың ортасында пайда болды. Ол кезде әйелдердің заңды мәртебесі, негізінен, мүлікпен бірдей болатын. Құлдар тәрізді (ерлер де, әйелдер де) әйелдердің де нәсіліне қарамастан мүлікке ие болуға хақысы болмады. Оларға дауыс беруге, келісімшарт жасауға немесе сот алдында куәгер болуға тыйым салынды. Әйелдерді оқуға қабылдайтын екі ғана шағын көлледж болды. Құлдықты жою жолындағы қозғалыста белсенділік көрсеткен көптеген әйелдің (афроамерикалық және ақ нәсілді) тәжірибелері теңдікке деген сенім орнауына және феминистік қозғалысты бастауға қажетті ұйымдастырушылық дағдылар қалыптасқанын көрсетті.

Феминистік наразылықтар арқасында XIX ғасырдың аяғында әйелдер өміріне қатысты заңдық шектеулердің тым қатаңдығы жөнінде мәселе көтерілді. Сол кезден бастап оқу орындарында әйелдердің саны (әлі күнге дейін) өсіп келе жатқаны анық. Сол кезде феминистер әйелдердің дауыс беру (сайлау құқығы) құқығына қол жеткізуі үшін бар күшін салды. 1920 жылы Конгресс әйелдерге сайлау құқығын беретін Он тоғызыншы түзетуді қабылдады.

Он тоғызыншы түзету қабылданғаннан кейін феминистік белсенділік бәсеңдеді. Алайда 60-шы жылдары әйелдердің екі тобы одан әрі өзгерістер жасау мақсатында істерін жалғастырды. Бұл – феминизмнің екінші толқыны деп аталды. Бірінші топ (либералдық феминистер) саяси және кәсіби ұйымдарға қатысу жолымен құрылды және әйелдердің тең құқықтары үшін күрес жүргізді. Олар әлеуметтік өзгерістер жасауды талап етті: таңдаулы мемлекеттік мектептер мен жоғары оқу орындарына қыздар қабылдансын және жұмыс берушілердің «тек ерлерге арналған жұмыс» деген жарнамасын таратуға тыйым салынсын деген талап қойды. Екінші топ (радикалды феминистер) феминизмге азаматтық құқықтар үшін күрес жүргізу мен Вьетнамдағы соғысқа қарсы қозғалыстар арқылы келді және түбірлі әлеуметтік өзгерістерді талап етумен болды. Олар қоғамның инсект (үйден шығармау), үйдегі зорлық-зомбылық және күнделікті зорлауға қатысты хабардар болуын насихаттады (Шын мәнінде, соңғы екі термин феминизмнен бұрын болған жоқ). Сондай-ақ әйелдердің жыныстық рақатқа бөленуге және нәресте тууды бақылауға құқығы бар деген идеяны насихаттады.

1990 жылдан бастап феминистердің үшінші толқын деп аталатын жаңа тобы шықты. Алдыңғы феминизмнің толқындары қатты әсер еткен қоғамда өскен Үшінші толқындық феминистер, әйелдердің жағдайы жақсарғанын ескертті. Сонымен қатар бұлар жыныстық қауіп-қатер мәселесінен гөрі әйелдердің жыныстық еркіндік пен рақатқа бөленуі мәселесіне көңіл бөлді. Үшінші толқындық феминистер сексизм, нәсілшілдік, таптық теңсіздік, теңсіздіктің басқа түрлері әйелдердің әртүрлі топтарына әсер етуін мәселе етіп көтерді (Evans 2003, Freedman, 2002).

## Сексизм және нәсілшілдікпен күрес

Феминистік қозғалыстың тарихына қарасақ, ақ нәсілді әйелдер мен ақ нәсілді емес әйелдер өмірді жақсарту мақсатында бірігіп іске кіріскенін көруге болады. Дегенмен үшінші толқындық феминистердің айтуынша, феминистік қозғалыс кейде (егер байқалмаса) ақ нәсілді әйелдерге қатысты мәселелерді ғана шешуге бағытталған.

Ақ нәсілді емес әйелдердің теңдік үшін күресі әрқилы себептерден басталады және түрлі мәселелерді қозғап, оларға жауап табады. Бастысы, ақ нәсілді емес әйелдердің алдында екі жақты дилемма туындайды. Біріншіден, олар ақ нәсілді әйелдердің дәстүрлі рөлдері қорғалғанынан еш пайда көрген жоқ. Ақ нәсілді емес әйелдер үнемі үйінен тыс жерде жұмыс істеген. Мысалы, 1900 жылы некедегі афроамерикалық әйелдердің жұмысқа тартылуы некедегі ақ нәсілді әйелдерге қарағанда алты есе артық болған (Goldin, 1992). Олар жұмыс істегенімен, әйел заты болуына байланысты түрлі экономикалық және азаматтық айыптаулардан зардап шеккен. Демек, дәстүрлі гендерлік рөлдерінен бас тартудан жоғалтқанынан пайда көретін әйелдер саны өте аз. Екінші жағынан, ақ нәсілді емес әйелдер мүдделер қайшылығына тап болды: оларды негізінен жәбірлейтін нәсілшілдік пе, сексизм бе; олар жұмысын бастаса, нәсілшілдікті жоюы тиіс пе, әлде сексизмді жоюы тиіс пе? Ал олар әйелдер құқығын қорғаса, өздерінің нәсілдік және этностық топтарындағы ер адамдарға қарсылық білдіргені деп қарастырылуы мүмкін.

Ағымдағы табыс статистикасы әйелдердің табысын нәсілден гөрі жынысы анықтайтынын көрсетеді: латынамерикалық, афроамерикалық және ақ нәсілді әйелдер арасындағы табыстың айырмашылығы әйелдер мен ерлер арасындағы айырмашылыққа қарағанда аз. Бұл – ақ нәсілді емес әйелдерге нәсілдік дискриминацияға қарсы күрестен гөрі жыныстық дискриминацияға қарсы күрес жүргізу пайдалы екенін білдіреді. Бірақ бұл тұжырым әйелдер мен олардың балалары өз күйеулерінің, әкелерінің табысына тәуелді екенін ескермейді. Мысалы, афроамерикалық ерлердің табысы аз, жұмысқа орналасу мүмкіндіктері шектеулі болғандықтан, афроамерикалық әйелдер мен балалары ақ нәсілділермен салыстырғанда, кедейлік шегінен үш есе төмен деңгейде өмір сүреді. Сондықтан ақ нәсілді емес әйелдердің нәсілшілдікпен де, сексизммен де күресуіне негіз бар.

Дилемма шешімсіз қалды. Әйелдердің құқықтары үшін құрылған қозғалыс ақ нәсілді орта тап өкілдерінің қозғалысы деп саналады, ал ерлер арасында нәсілдік және этносаралық қозғалыстар байқалады. Солай бола тұра азшылық әйелдердің аз ғана бөлігінің нәсілшілдікке де, сексизмге де қарсылық көрсетуі басталғалы ұзақ уақыт өтті.

## Жыныстық айырмашылық әлеуметтануы

Гендер секілді жыныс та биология мен мәдениеттің өнімі. «Нағыз» жыныстық өмір туралы ой-пікірлерде мәдениетаралық айырмашылықтар бар және тарихи тұрғыдан өзгермелі болады. Жүздеген жылдар бұрын жыныстық рақатқа бөленуді мойындаған әйел ақылынан айырылған деп жарияланып, есі ауысқан адамдарды емдейтін орындарда ұсталған. Қазір жыныстық рақатқа бөленбейтін әйел «салқындығы артқан» деп белгіленіп, оған дәрігерге қаралу ұсынылады. Ежелгі Грекияда ересек тәлімгерлер жасөспірімдерге қарсы гомосексуалдық әрекетпен айналысқан. Бұл күндері кәмілетке толмағандармен жы-

ныстық қатынасқа барған ересектердің (екі жыныс та) түрмеге қамалуы талап етіледі. Бұл тарауда біз АҚШ-тағы қазіргі жыныстық қатынастар жайын қарастырамыз.

## Жыныстық қатынас сценарийлері

Киімге, тағамға және сатушымен сөйлесуге қатысты әлеуметтік нормаларды қалай үйренетін болсақ, жыныстық қатынасқа қатысты нормаларды да солай үйренеміз. Әлеуметтанушылар жыныстық сценарийлер терминімен мәдениетке байланысты болжамды – кім, қайда, қашан, неге, қалай және кіммен жыныстық қатынасқа түсе алады деген сияқты болжамдарды белгілейді. Өз субмәдениетіңізге қарай жыныстық сценарийлер жөнінде білетін боларсыз, онда жыныстық қатынас – тек ерлі-зайыптылардың арасында ұрпақ жалғастыру үшін түнде жабық есіктің артында жасалатын нәрсе. Дегенмен жыныстық қатынас кез-келген серіктестердің қалауынша кез-келген жерде, кез-келген уақытта рақат пен қуанышқа бөлену үшін жасалады деген сценарий болатынын да оқыған шығарсыз.

Қазіргі заманғы мәдениет біркелкі болмағандықтан, әртүрлі жыныстық сценарийлердің арасында шиеленістер жиі болады. Біз көптеген себептердің әсерімен – мысалы ата-аналар, достар, дінбасылар, бұқаралық ақпарат құралдары және тағы басқасының әсерімен жыныстық сценарийлер қалыптастырамыз. Уақыт өте келе біз қабылдаған осындай сценарийлер өзгеріп отырады.

## Некеге дейінгі және жасөспірімдік жыныстық қатынас

Ең маңызды жыныстық сценарийлердің бірі жыныстық қатынастың (гетеросексуалдық) некеден тыс әсіресе жасөспірімдерге қатысты болуына байланысты. Ондаған жылдар ішінде некеге дейінгі жыныстық қатынастар қалыпты деп қабылдана бастады. Мұны жасөспірімдер де қабылдады, бірақ олардың ата-аналары қабылдаған жоқ (Abma және т.б., 2004). 1950 жылдары жұптар некеге тұратынын жоспарлап, нақты сенімді болғанда ғана жыныстық қатынасқа түссе, қазіргі жасөспірімдер мен ересектер «жеңіл кездесулерді» әдетке айналдырған. Яғни үйлену, неке құру немесе романтикалық қарым-қатынас құру жоспарынсыз кездейсоқ жыныстық қатынастармен айналысады. Бұл жайлы «Америкалық әралуандық: гендер және жеңіл кездесулер» тақырыпты тарауда талқыланған.

Сол сияқты ешқашан некеде тұрмай-ақ жыныстық қатынаста болғанын мойындаған жасөспірімдердің үлесі 1950 жылдардан 1980 жылдардың соңына дейін қыздар арасында 40 пайыздан 50 пайызға және ұлдар арасында 60 пайызға дейін өскен (Abma et al 2004).

Одан бері жасөспірімдер арасындағы жыныстық қатынас деңгейі төмендеді, шамамен 46 пайызға дейін түсті (Kaiser Family Foundation 2011). Көрсеткіштердің төмендеуіне не себеп болды?

АҚШ-тың жыныстық ұстамдылықты үгіттейтін тәрбиелеу бағдарламалары себеп болмағаны анық. Бұл бағдарламалар нәтижесінде алғашқы жыныстық қатынастар бірнеше айға ғана тоқталатынын зерттеулер дәлелдеген (Dailard 2003). Оның үстіне, әуелде ұстамды болам деген жасөспірімдер кейіннен жыныстық қатынасқа белсене кірісіп, жыныстық жолмен берілетін ауру жұқтыру ықтималдығы күрт артады (Bruckner & Bearman 2005, Tolman & McClelland, 2011).

**Жыныстық сценарийлер** – мәдениетке байланысты кім, қайда, қашан, неге, қалай және кіммен жыныстық қатынасқа түсе алады деген болжал.

**Жеңіл кездесулер** – үйлену, неке құру немесе романтикалық қарым-қатынас құру жоспарынсыз бейберекет жыныстық қатынасқа бару.



## АМЕРИКАЛЫҚ ӘРАЛУАНДЫҚ

### Гендер және жеңіл кездесулер

**А**ҚШ-тың жыныстық мінез-құлығындағы соңғы өзгерістердің бірі – «жеңіл кездесу мәдениетінің» әсіресе колледждерде оқитын гетеросексуалды студенттер арасында кеңінен таралуы. Жүргізілген зерттеулерде колледж студенттерінің үштен екі бөлігінен төрттен үш бөлігіне дейін «жеңіл кездесумен» айналысатыны анықталды. Олардың 40 пайызы үш немесе одан да аз кездесуге қатысқан (Heldman & Wade, 2010).

Бір жағынан, «жеңіл кездесу» әдеттегі танысу, жолығуға ұқсас. Үштен екі бөлігі сүйісумен шектеліп, жартысына жуығы басқа адамдармен (көбінесе достармен немесе бұрынғы ашынасымен) жыныстық қатынасқа түседі; оның көбі болашақ қарым-қатынастан үміттен бастаған (Armstrong, Hamilton & England, 2010; Manning, Giordano & Longmore, 2006; Heldman & Wade, 2010).

Бұл – романтикалық сезімсіз жыныстық қатынастарды қабылдау және тану, кем дегенде, ақ нәсілді гетеросексуалды колледж оқушылары арасындағы қатынастардың өзгерісін көрсетеді. (басқа елдер туралы деректер аз.) Көптеген адамдар бұл өзгерістерге негіз болған екі фактор деп санайды (Heldman & Wade, 2010). Біріншіден, колледж кампусында қазір қыздардың саны басым, ал ұлдар олардың «барлығымен кездесіп», бір бойжеткенмен шектелудің қажеті жоқ деп санайды. Керісінше, қыздар ер адаммен қарым-қатынас құратын болса, онымен жыныстық қатынасқа түсуге келісуі тиіс деп ойлайды. Сонымен қатар көптеген жас қыздар кәсіпқой мансапты армандап, жоғары оқу орындарына түседі. Кейін неке құруды жоспарлаған көбісі «жеңіл кездесулер», кездейсоқ жыныстық қатынастар кесірінен қатерге ұшырайды.

Ерлер де, әйелдер де кейде «жеңіл кездесулерді» қалауы бірдей болуына қарамастан, салдарлары мен зардабы

әр басқа. Біріншіден, әйелдерге қарағанда «жеңіл кездесулерден» көбінесе еркектер рақатқа бөленеді (Armstrong, Hamilton & England, 2010). Екіншіден, «жеңіл кездесуге» келіскен әйелдерде басқа әйелдерге қарағанда зорлыққа тап болу қаупі көбірек. Зорлау оқиғаларының төрттен үш бөлігі осындай «жеңіл кездесулер» нәтижесінде болған (Hackett et al, 2007). Үшіншіден, ерлерге қарағанда әйел адамдар мұндай кездесулерге жиі көнеді. Себебі өздерін аяулы сезініп, жігітінің көңілін табу үшін немесе кейбір қоғамдық топқа қабылдануы үшін осындай іске барады (Vogle, 2008). Соңғысы, «жеңіл кездесулер» арқылы ерлер өздерінің беделін арттыра алады. Ал дәл солай істейтін әйелдер әсіресе спорттық топта немесе достар арасында бір адамнан басқасымен жыныстық қатынаста болса «жеңіл жүрісті әйел» атағына ие болады.

Жасөспірімдердің жыныстық белсенділігінің төмендеуі СПИД және басқа жыныстық жолмен берілетін аурулардың қауіп-қатері туралы хабардар болуына да байланысты. Жақында өткізілген зерттеулерге қарағанда, жасөспірімдер арасындағы ұлдардың 80%-ы және қыздардың 69%-ы соңғы жыныстық қатынаста сақтану шарасын қолданғанын айтты – бұл алдыңғы жылдардағы көрсеткіштерден жоғары (Kaiser Family Foundation 2011). Дегенмен тұрақты қарым-қатынас бастаған адамдардың презервативті қолдануы өте сирек болады. Өкінішке қарай, адамның өзі мойындамаса жыныстық жолмен берілетін аурудың қалай жұққанын білу мүмкін емес. Ал адамдардың көбі ауру жұқтырғанын білмейді, білгендері болса айтпайды.

Жасөспірімдік жыныстық қатынастардың салдары қатерлі болуы ықтимал десек те, оның қалыпты екенін мойындау керек. Шамамен 2000 жылдан бері зерттеушілер жасөспірімдердің жыныстық белсенділігі ересекке тән жыныстық қатынастың негізін қалауға, адамның тұлға ретінде қалыптасуына көмектесетінін (Tolman & McClelland 2011) дәлелдеп бақты. Сонымен бірге әрбір адамның жыныстық қатынастан рақат алуға құқығы бар, сондай-ақ жыныстық рақатқа жету жолдарын, сезімдерге ие болу, серіктестің қалауын қабылдау және жыныстық қатынас қаупіне тап болмау жолдарын үйрететін жазбаларын ұсынды.

## Некедегі жыныстық қатынас

Кейбір ерекше себептермен некеге байланысты жыныстық сценарийлер аз уақыт аралығында өзгерістерге ұшырады. Мысалы, жыныстық белсенділіктің жиілігі жылдар бойы некеде тұрған адамдар арасында мүлдем өзгермеген болып көрінеді (Call, Sprecher & Schwartz, 1995; Laumann et al, 1994). Қазір де бұрынғыдай адам некеде неғұрлым ұзақ болса, соғұрлым жыныстық қатынасқа түсудің сиреп кетуі – бұлжымайтын жайт. Мұның өзі адамның жасына, біліміне немесе жағдайға қарамастан ерлі-зайыптылардың барлығына тән болып көрінеді. Бірінші жылдан кейін көптеген себептерге – балалар, жұмыс, қоғамдағы қатынастар, үй шаруашылығы, қаржы мәселесі тәрізді жайттарға байланысты некедегі жыныстық қатынастың жиілігі азаяды (Call, Sprecher & Schwartz, 1995). Дей тұрсақ та жыныстық қатынастардың жиілігі мен сапасына қанағаттану жұбайлардың отбасы бірлігін сақтауына ықпал етеді (Laumann et al. 1994; Litzinger & Gordon, 2005).

Осы тарихи қалыптылыққа қарамастан, соңғы он жыл көлемінде ерлі-зайыптылардың жыныстық сценарийлері маңызды өзгерістерге ұшырады. Жыныстық жүгенсіздікке бой ұрып, азғындыққа салыну байқала бастады. Екіншіден, қазір ерлер де, әйелдер де некеден тыс қатынастарға түседі. Опасыздықтың қосарланған стандарттары өзгерді: 1990 жылдары жүргізілген зерттеулер ерлер мен әйелдердің 50 пайызы некеден тыс жыныстық қарым-қатынаста болғанын көрсеткен (Laumann et al.1994). Өкінішке қарай, қазір некелік жыныстық қатынастарға қатысты жаңа деректер жоқ, себебі жыныстық зерттеулерге арналған федералдық қаржыландыру консервативті саясаткерлер тарапынан қысқартылды.

## Жыныстық азшылықтар

Халықтың көпшілігі гетеросексуал, яғни қарсы жыныстағы адаммен ғана жыныстық қатынасқа түсіп романтикалық қарым-қатынаста болуда. Дегенмен ішінара бұл сценарийден ауытқушылар да кездесіп қалады. Бұл тарауда гомосексуалдар мен трансгендерлілер мәселесі талқыланады.

## Қоғамдағы гомосексуализм

Жыныстық азшылықтардың кең тараған түрі – гомосексуалдар (гей және лесбияндар) ретінде белгілі. Алайда АҚШ санағы адамдардан жыныстық бағдары туралы сұрамайды, Санақ бюросының зерттеуі Құрама Штаттарда тұратын 646 000 осындай жұп бар екенін анықтады. Бұл «Деректерге ден қойсақ: Бір жынысты жұптардың санын анықтау» тақырыпты тарауда талқыланады.

Басқа сауалнамалар бойынша америкалықтардың 2-6 пайызы өзін гомосексуал деп, тағы 2-6 пайызы өздерін бисексуал деп сипаттайды (Binson et al. 1995, Lauman et al. 1994; Herbenick et al. 2010). Гомосексуалды немесе бисексуалды ерлер саны сондай әйелдерден екі есе көп. Ерлердің де, әйелдердің де арасында бір жынысты қарым-қатынасқа бас бұрғандардың саны өзін гомосексуал немесе бисексуал екенін мойындаған пенделердің санынан әлдеқайда көп. Зерттеушілердің назарынан тыс қалғандары қаншама.

Гомосексуализм барлық мәдениеттерде кездеседі және адамзат тарихында ішінара орын алған құбылыс.

**Гомосексуалдар** – өздерімен бір жыныстағы адаммен жыныстық қатынас пен романтикалық қарым-қатынасты қалайтындар.

Уақыт өте гомосексуализмге деген көзқарас өзгеріп келеді. Соңғы елу жыл ішінде Америкада қалыптасқан көзқарас мұндай топтар үшін тиімді. 9.2-сызбада көрсетілгендей, 2011 жылы сауалнамаға қатысқан америкалықтардың 64 пайызы гомосексуалдық белсенділік өршіп бара жатқанын айтқан, мұны заңдастыру керек

## Деректерге ден қойсақ

### Бір жынысты жұптардың санын анықтау

2010 жылы АҚШ-та өткізілген санаққа негізделген ресми мәліметтерге сәйкес Америка Құрама Штаттарындағы бір жынысты жұптардың саны 646 000 (O'Connell & Felix, 2011). Бірақ АҚШ-тың бірер штатында ғана бір жынысты жұптарға неке құруға рұқсат етеді, сондықтан мұндай жұптардың нақты санын анықтау мүмкін емес. Санақ бюросы мұны қалай анықтады және ол сандарға сенуге бола ма?

**Деректерді түсіндіру:** бір жынысты жұптардың санын анықтау үшін Санақ бюросы сауалнамасында барлық америкалық азаматқа мынадай үш сұрақ қойылды:

1. «Үйіңізде басшы кім?»
2. «Отбасының әрбір мүшесімен және үйдің басшысымен қандай қарым-қатынастасыз?»
3. «Үйіңіздегі адамдардың жынысы қандай?»

2-сұрақтың жауабында үй қожалығының басшысы және басқа бір мүшесі «үйленбеген серіктестер» немесе «некедегі серіктестер» деп белгіленіп, 3-сұрақтың жауабында екеуі бір жынысты деп белгіленгенде, Санақ бюросы оларды бір жынысты жұп деп анықтады.

**Деректерді сынау:** гейлер мен лесбияндардың қоғамда абыройсыз болуын ескере отырып, кейбір респонденттер Санақ сұрақтарына жауап беруге қаймықты. Қалай болғанда да, гей және лесбияндық жұптардың нақты саны – Санақ бойынша анықталғаннан көп болуы мүмкін. Бұл белгісіздікті айқындау үшін Санақ бюросы гейлер қоғамдастығына хабарландыру жолдап, құпиялықты сақтауға уәде еткен.

Кез келген сауалнамаларға қатысатын респонденттер әдетте ұзақ тізімдерден шаршайды. Олар тізімдегі дайын нұсқалар арасынан таңдау мүмкіндігін қалайды. Сонымен, «Үйленбеген серіктес» парақшасындағы тізімде он үш нұсқау берілді: «күйеу / әйел», «бөлмелес», «қызы» және тағы басқасы. Бұл толық баға беру үшін жеткіліксіз болуы да мүмкін.


Соңында біреуі «үй қожалығының басшысы» болғанда ғана санақта бір жынысты жұп деп есептелді. Басқаша айтқанда, бір жынысты жұп мүшесінің біреуі үйдің иесі болса немесе тұратын үйлерін жалдау жөніндегі құжатқа қол қойса ғана оларды жұп деп санаған.



**9.2. СЫЗБА. Гей және лесбияндық қатынастар мен некеге қолдау көрсету.**

Деректер негіздеген екі сұрақ: «Өзара келіскен ересектердің арасында гей немесе лесбияндық қатынастар болуы заңды деп танылуы тиіс пе?» және «Бір жынысты жұптардың арасында неке құру дәстүрлі неке сияқты заңды деп танылуы, заңмен бекітілуі тиіс пе?»

SOURCE Jones (2010: Newport Q011)



дегендері – 19 пайыздан 44 пайызға дейін (Jones 2011). Сонымен қатар 53 пайызы олардың арасындағы некені мақұлдаған, бұл 1996 жылғыдан екі есе көп (Newport, 2011). (Бұл тақырып 11-тарауда талқыланады). Гейлердің құқықтарын жастар, қала тұрғындары, дінді аса ұстанбайтын, білімі бар немесе тым ымырашыл адамдар көп қолдайды. Сондай-ақ олардың арасында гейлер табиғатынан сондай болып туған деп ойлайтындар да жиі кездеседі.

**ГЕЙ ЖӘНЕ ЛЕСБИАН ҚОЗҒАЛЫСЫ.** Гомосексуализмнің өршуі – гейлер мен лесбияндық құқық қозғалысының пайда болу кезеңімен тікелей байланысты. Америкадағы гейлер және лесбияндық құқық қозғалысы 1960 жылдың соңында және 1970 жылдардың басында қарқынды дами бастады. Сол кездері азаматтық құқық пен феминистік қозғалыстарға қатысып жүрген гейлер мен лесбияндар өздеріне дәстүрлі некедегі жұптарға тән құқықтар берілуі тиіс деген мәселені көтере бастады (Clendinen & Nagourney, 2001; Marcus, 2002).

Гей құқықтары үшін басталған қозғалыстың негізгі кезеңі 1969 жылы 27 маусымда болған «Стоуньюлл» тәртіпсіздіктерімен тұспа-тұс келді. Бірнеше жыл бұрын сол күні Нью-Йорк қаласының полиция қызметкерлері гей-барлар арасында рейд жүргізген. Бірақ бір нәрсе өзгеше боп шықты: бұл жолы бар иелері қарсылық көрсетті. Полиция оларды қаталдықпен тойтарды, бірақ тәртіпсіздік одан әрі жалғасты. Ал келесі бірнеше күн ішінде екі мыңға жуық адам гейлер мен лесбиян топтарына қосылды. Көтеріліс әбден басылғанша гейлердің құқықтарын қорғайтын қозғалыс қазіргі қалпына келіп алды.

Қозғалыс тарихында СПИД эпидемиясының әсері ерекше болды. 1981 жылы СПИД ауруы алғаш рет анықталған кезде оны көпшілігі «гей обасы» деп атады, бұрмалау мен дискриминация күшейді. Гейлер бұл ауруға шалдыққандықтан, өздерінің дәстүрден тыс жыныстық көзқарасын ашық мойындауға мәжбүр болған немесе СПИД-тен қайтыс болған адамдар гейлер деп анықталған. Осындай оқиғалар арқылы гетеросексуалдар олардың қаншама достары, туыстары, әріптестері, көршілері және сүйікті кино жұлдыздары (мысалы, Рок Хадсон) гей болғанын білді.

Гей және лесбияндық құқық қозғалысы алға басты. Америкалық психологиялық қауымдастық гомосексуалдылықты адамның ауруы деп есептемейді; кем дегенде 21 штат пен Колумбия округы сексуалдық бағыт негізіндегі дискриминацияға тыйым салды (National Gay & Lesbian Task Force, 2009), жария гомосексуалистер мемлекеттік лауазымға, оның ішінде АҚШ сенатына сайланды.

## Қорытынды

1. Жыныс – әйелдер мен ер адамдардың биологиялық ерекшеліктерінің сипаты. Әлеуметтанушылар гендерге, яғни әр жынысқа тән мәдениетпен байланысты көзқарасқа, мінез-құлыққа және рөлдер жүйесіне баса назар аударады.
2. Ер адамдар мен әйелдердің арасындағы өзгешеліктерді биологиялық және әлеуметтік тұрғыдан қарастырдық. Әр мәдениетте қалыптасқан өзге гендерлі болжалдар болуына қарамастан, әрқашан әйел затының еркектерден күші аз деп саналады.
3. Құрылымдық-функциялық теорияшылар кәсіптердің жынысқа қатысты бөлінуін қолдайды, себебі – олардың ойынша, бұл отбасы бірлігін сақтауға ықпал етеді және бәсекелестікке жол бермейді. Конфликт теориясы еркектер әйелдердің мәртебесін төмендететін сексистік нормалар арқылы үстемдік етеді деп дәлелдеуде. Символдық интеракционизм гендерлік теңсіздіктің күшею себептерін емес, оның арақатынастарда сақталу себептерін түсінуге көмектеседі.
4. Жынысаралық стратификация әлеуметтену арқылы қалыптасады. Ерте балалық шағынан бастап ұлдар мен қыздар әр жынысқа тән әрекеттерді үйренеді және сол пікірлерді өзіне қатысты қолданады. Сонымен қатар жынысаралық стратификация жыныстардың биологиялық тұрғыдағы айырмашылықтарын күшейтетін медициналық және әлеуметтік әсерден де болады.
5. Гендер жай ғана жеке тұлғаға қатысты бір атрибут емес. Ол біздің күнделікті әрекеттеріміз арқылы әлеуметтік құрылым түзеді. «Гендерді қалыптастыру, гендерлену» деген – күнделікті өмірде әйелдің және еркектің жынысқа қатысты болжалдарына сәйкес іс-әрекеттер жасауы. Ұлдардың табиғатынан қалыптасқан ерекшелігі – өзінің ер екенін және гетеросексуалдығын, яғни компульсивті гетеросексуалдығын дәлелдеу.
6. Ер адамдардың бойында да әйелдер сияқты өздерінің гендерлік рөлдеріне байланысты түрлі кемшіліктері бар. Еркектердің арасында өлім-жітім жоғары және тығыз арақатынастар аз.
7. Әйелдер мен ерлердің білім алуға деген ұмтылыстары мен жетістіктері және өмірдегі жұмыс істеу уақыты ұзақтығының пайыздық көрсеткіші теңесіп келеді.
8. Жыл бойы толық уақыт жұмыс істейтін әйелдердің табыс мөлшері ерлер табысының 80%-на тең. Өйткені әйелдер еңбекақысы төмен жұмыстарда істейді және ерлермен бір кәсіпте тең деңгейге жетсе де, табысы олардан төмен болады. Оған себеп болатын – білім алу, даярлықтан өту және дискриминация мәселелері.
9. Әйелдердің бағынышты тұрғыда болуын барлық әлеуметтік институттар қабылдайды. Елеулі өзгерістерге қарамастан, әлеуметтік институттарда озық орындарға көбінесе ерлер ие. Олар қарапайым әңгімелесу, сөйлесу барысында да үстем.
10. Соңғы 150 жылда феминистік қозғалыстар америкалық әйелдердің әлеуметтік деңгейін көтеру үшін күрес жүргізіп келеді. Көптеген жетістіктер бар.
11. Некеге дейінгі жыныстық қатынас қазір жиі кездеседі. Дегенмен бұл СПИД ауруына байланысты 1980 жылдардың соңындағы межеден әлдеқайда төмендеді.
12. АҚШ-та гомосексуализм кеңінен таралуда. Кейбір әлеуметтанушылар трансгендерлік адамдарға жасалатын медициналық шаралар дәстүрлі жыныс және гендерлік рөлдердің маңызын арттыруға әсер ете ме деген мәселені зерттейді.

## Сыни ойлау

1. Сіз қызыңыздың болашақта ғылыммен айналысқанын қалайсыз деп есептелік. Қызыңызды осы мамандықты таңдауға көндіру үшін не істер едіңіз? Қыздардың ғылыми қызметке қызығуына мүмкіндік жасау үшін, оқу процесіне балаңыз оқитын мектептегі ата-аналар комитетінің мүшесі ретінде қандай өзгерістер енгізуді ұсынасыз?
2. Алдыңғы 8-тарауда заңдастырылған нәсілшілдік мәселесі – яғни күнделікті әрекеттер мен әлеуметтік келісімдер, жүйелі түрде нәсілдік-этностық теңсіздік туғызса да әділ деп саналатын жағдайлардың болуы талқыланған. Сол сияқты заңдастырылған сексизм жұмыс орындарында гендерлік теңсіздікке әкелгені жөнінде мысалдар келтіре аласыз ба?

Жұмыс істейтін әйелдерге қарсы дискриминацияның жойылуына қандай бағдарламалар немесе саяси шешімдер септігін тигізеді?

3. Ер адамдардың күші мол да, өмір сүру ұзақтығы неге төмен және олардың арасында жүрек аурулары, өзіне-өзі қол жұмсау оқиғалары, ішімдікке салыну неге жиі болады? Әйелдерге күш берсе, олардың денсаулығы да сондай сыр берер еді деп ойлайсыз ба? Жоқ деп ойласаңыз, неге?
4. Жарнамадағы тауар әйелдерге арналған болса да ондағы ықпалды ерлер саны тоғыз есе көп. Әлеуметтану тұрғысынан осыны қалай түсіндіресіз?



**10-ТАРАУ**

## Денсаулық және денсаулық сақтау

### Тарау тағылымы

#### Осы тарауды оқығаннан кейін студенттер:

- аурудың атқаратын рөлі, ауру қоздырғыштары және медицинация жөніндегі тұжырымдардан құралатын, денсаулық пен ауруды қарастыратын түрлі теориялық көзқарастарды түсінеді;
- АҚШ-та алдын алуға болатын өлімдердің көпке белгілі, негізгі себептерін сипаттап және адамдардың денсаулық сақтауға арналған іс-әрекеттерді қабылдауын немесе қабылдамауын денсаулыққа арналған сенімдер моделін қолдана отырып бағалай алады;
- жынысының, әлеуметтік тобының, нәсілдік, этностық және жас ерекшеліктерінің денсаулық пен ауруға әсерін саралайды;
- дәрігерлер мен медбикелердің өзгеріп жатқан мәртебелерін, сонымен қатар осы өзгерістердің себепін анықтайды;
- АҚШ-тағы денсаулық сақтау жүйесінің сипатын, көптеген АҚШ азаматтарының сақтандырылмау себептерін және сақтандыруы жоқ азаматтардың денсаулығына әсер ету ықтималдығы жоғары салдарларды түсіндіре алады.

## Денсаулық және денсаулық сақтау – әлеуметтік мәселе

Бір қарағанда, денсаулық тек биологиялық, ал денсаулық сақтау тек медициналық сала іспетті. Алайда бұл тараудан денсаулық, ауру және денсаулық сақтау саласының әлеуметтік күштермен және әлеуметтік мәртебемен терең байланысы бар екеніне көз жеткізуге болады.

Денсаулық пен ауру студенттердің өміріне қатысы жоқ мәселелер деп қарастыру – шындыққа жанаспайтын тұжырым. Қай жаста болсын ауруға, мүгедектікке шалдығу және жарақат алу қаупі бар. Бұл жағдай дамыған елдер ішінде АҚШ-тың денсаулық сақтау қызметін тұтынуға қолжетімділікті барлық азаматтарға бірдей қамтамасыз етпейтін жалғыз мемлекет болуына байланысты ерекше маңызды. Нәтижесінде, 2010 жылғы мәліметтер бойынша, 65 жасқа дейінгі 49 миллион америкалықта медициналық сақтандыру болмаған. Қазіргі экономикалық жағдайды ескерсек, бұл көрсеткіш одан әрі өсері сөзсіз. Денсаулығына байланысты шығындардан қарызға батып, банкротқа ұшыраған азаматтар саны артуда (Kaiser Commission on Medicaid and Uninsured, 2011). Сонымен қатар денсаулық – жалпы өмір сүру сапасына әсер ететін жалғыз маңызды фактор. Сондықтан біздің мақсатымыз – денсаулық пен ауруға әсер ететін әлеуметтік күштерді қарастырып қана қоймай, АҚШ-тың денсаулық сақтау жүйесінің осындай қалыпқа жету себептерін және оның нәтижелерін қарастыру. Біз, ең алдымен, әлеуметтанушылардың ауру жайындағы көзқарастарын зерттеуден бастаймыз.

## Ауруға теориялық көзқарастар

Ауру жөніндегі әрбір әлеуметтік теория тәсілдерінің әртүрлі болуына байланысты түрлі сұрақтарға назар аударып, түрлі жауаптар ұсынады. Аурудың классикалық құрылымдық-функциялық теориясы қоғамның кедергісіз жұмыс атқаруына аурудың (кейбіреулерінің) қалай әсер ететінін және қоғамның осы жоспарлы ағымға кедергі келтіруі ықтимал ауруды қалайша шектейтіні жайлы мәселелерді қарастырады. Конфликт теориясы ауру туралы түрлі анықтамалардың пайда болуына бәсекелес мүдделердің қалайша әсер ететінін көрсетеді, ал символдық интеракционизм теориясы болса, ауру тәжірибесін түсінуде ерекше пайдалы екені анық.

## Құрылымдық-функциялық теория: науқастың рөлі

Аурудың классикалық әлеуметтік теориясын алғаш рет 1951 жылы Талкотт Парсонс тұжырымдаған болатын. Құрылымдық-функциялық зерттеуші ретінде Парсонс кедергісіз қызмет атқаратын кез келген қоғам құлдырап кетпеуі үшін, өзге де ықтимал мәселелер секілді ауруды да тежей алады деп пайымдайды.

Парсонстың «ауру – девианттылықтың бір түрі, себебі бұл адамдардың қалыпты әлеуметтік рөлін сақтауға мәжбүрлейді» деген тұжырымы әлеуметтануға үлкен үлес қосты. Мысалы, сіз соңғы рет ауырған кезде жұмыстан жоспарланбаған демалыс алдыңыз, жігітіңізге немесе құрбыңызға азық-түлік әкеліп беруін сұрап қолқа салдыңыз немесе мұғаліміңізден тапсырманы орындау уақытын созуды сұрадыңыз.

Ертеңгі күні сіз орындамаған міндеттеріңіз үшін ақталу мақсатымен әлі де ауырып жүрмін деп айтуыңыз мүмкін. Сондықтан да Парсонстың пайымдауынша, аурудың (немесе науқас секілді болып көріну), әдетте қызметі болмайды, өйткені адамдардың қалыпты рөлдерін орындауына кедергі келтіреді, осылайша, әлеуметтік тұрақтылыққа қауіп төндіреді.

Алайда Парсонс кейбір аурулар әлеуметтік тұрақтылық үшін пайдалы болуы мүмкін дегенді де айтады. Егер ауырып қалып, өз-өзін қалыпқа келтіруге үзіліс алмаса немесе психикалық саулық күнін алуға мүмкіндігі болмаса ешқашан демалыс алып көрмеген жұмысшылардың, студенттердің және жұбайлардың арасында наразылық сезімі күшейер еді. Осыған орай, ауру кейде қоғам арасындағы шиеленісті бәсеңдету қызметін атқарады.

### Науқас рөлін анықтау

Әлеуметтік тұрақтылықты нығайта түсу үшін қоғам ауруды қалай қадағалайды? Бұның жауабын Парсонс «науқас рөлін» алға тартады. Ауру адамның өзін ұстауына және осы жағдайға байланысты қалыптасатын қоғам көзқарасына қатысты «науқас адам рөлі» төрт әлеуметтік нормаға қатысты болады. Біріншіден, науқас адамдардың қалыпты әлеуметтік рөлдерді атқармауға заңды негіздері бар деп есептеледі. Сондықтан біз оларды жұмыстан шығарудың орнына жұмыстан уақытша босатамыз. Екіншіден, мәдени нормаға сәйкес, адамдар ауруға шалдыққанына жауапты емес. Сондықтан біз ақымақтықпен микроб жұқтырған адамдарды жазалаудың орнына, тұмауға шалдыққандарға тауық сорпасын апарып береміз. Үшіншіден, ауруға шалдығуды адамдар жағымсыз жағдай деп санайды да, айығып кету үшін бар күшін салады. Сол себепті біз ауырып үйінде жатқандарға көңіл білдіріп, ал емделмегендерді сынап мінейміз. Ең соңғысы, науқас адамдар медициналық тексеруден өтіп, дәрігерлердің нұсқауын орындау қажет.

### Науқас адам рөлін сынау

Ауру жайлы әлеуметтік тұрғыдан ойлау үшін Парсонстың науқас рөлі жайлы тұжырымдамасы шешуші қадам болды. Алайда кейінгі зерттеулер науқас рөлі моделінің шектеулі екеніне мән бере



«Науқас рөлінің» сипаттамасы бойынша біз ауруға шалдыққан кезде дәрігерге көрініп, оның нұсқауларын орындауымыз қажет деп тұжырымдаймыз.

## Ұғымдардың қорытындысы

### Науқас адам рөлі моделінің әлсіз тұстары

Науқас адам рөлінің элементтері	Ұғымның өзінше болуы	Ұғымның өзінше болуы
Міндеттемелерді орындамауға заңды негіз болып табылатын аурулар.	Аппендицит, қатерлі ісік	Анықталмаған созылмалы әлсіздік
Науқас адамдар ауруға шалдыққаны үшін жауапты емес.	Қызылша, гемофилия	СПИД, өкпенің қатерлі ісігі
Науқас адамдар ауруынан айығып кету үшін бар күшін салу керек.	Туберкулез, аяқтың сынуы	Ревматоидты артрит, эпилепсия
Науқас адамдар медициналық көмекке жүгінуі тиіс.	Асқынған фарингит, пневмония	Альцгеймер ауруы, суық тию

бастады (Weitz, 2012). Мұндай сынға «Науқас рөлі моделінің әлсіз тұстары» тұжырымдамасының қысқаша сипаттамасында баса мән беріледі.

Біріншіден, кейбір жағдайларда науқас адамдар Парсонстың талдауындай емес, өзіміз күткеніміздей, қалыпты әлеуметтік қызметтерін атқара беруі мүмкін. Солай бола тұра қатерлі ісігі бар науқас әрі қарай жұмыс істеуін жалғастырады деген тұжырым ешкімнің ойына келмейді. Керісінше, буын ауруы бар науқастардан немесе дәрігерлер нақты диагнозын анықтай алмағаннан бізге симулянт немесе ипохондрик ретінде көрінетін адамдардан осындай іс-әрекеттерді күтеміз.

Екіншіден, адамдар ауырып қалғаны үшін жауап беретін кездері болады. Ауырып қалған кезде сізді уақтылы С дәруменін қабылдамады, жеткілікті мөлшерде ұйықтамады және құнарлы тамақ ішпеді деп айыптады ма? Дәл осылай бұқаралық ақпарат құралдары өкпенің қатерлі ісігімен ауыратын адамдарды көп шылым шеккені үшін, қант диабетіне шалдыққан адамдарды көп тәтті жегені үшін және т.б. жағдайларда айыптап жатады.

Үшіншіден, науқас адам айығу үшін бар күшін салу керек деген пікір – созылмалы ауруға шалдыққан, дәрі-дәрмектер әсер етпейтін адамдарға қатысты емес. Сонымен бірге ауру адамдар дәрігерлердің барлық нұсқауын сақтау керек деген ұстаным медициналық қызметке қол жеткізе алмайтын немесе медициналық қызметке жүгінбейтін адамдардың жағдайын елемейді.

## **Конфликт теориясы: медикализация**

Құрылымдық функцияшылдар секілді Парсонс та ауру жайлы әлеуметтік идея (бұл жағдайда – науқас адам рөлі) қоғамның кідіріссіз жұмыс істеуін қамтамасыз етуге бағытталған деп санайды. Ал конфликт теориясы бойынша, керісінше, ауру жайлы идея қоғамдық өмірдің басқа бөліктері секілді әлеуметтік топтар арасындағы бәсекелес мүдделерді бейнелейді.

Ауру жөніндегі түсінігіміздің қалыптасуына конфликт теориясының қосқан маңызды үлесі – медицинализация тұжырымдамасы. Алтыншы тарауда байқағанымыздай, медицинализация қандай да бір жағдай немесе іс-әрекет медициналық мәселе ретінде анықталып, медициналық шешімді талап ететін процеске жатады (Congrad, 2007). Ғасырлар бұрын мастурбация, гомосексуализм және бойжеткен қыздардың оқуға құштарлығы аурудың белгісі деп саналатын. Қазір ондай жағдайлар ауру деп саналмайды, себебі олар жайлы әлеуметтік ой өзгерді. Дәл осы сияқты ғасырлар бұрын көптеген әйелдер акушерлердің қатысуымен үйде босанатын, кейбір балалар үйде сүндетке отырғызылатын, ал шаш түсіп, таз болу ер адамдардың қартаюының қалыпты белгісі болатын. Қазіргі таңда аяғы ауыр әйелдер медициналық көмекке жүгінеді, дүниеге келген ұл балалардың көбі дәрігерлердің көмегімен сүндетке отырғызылады, ал шашы түсе бастаған ер адамдар оны емдеу жолдарын қарастырып, хирургтің қызметін пайдалана алады. Мұның бәрі – медицинализацияның көрінісі.


Медицинализация жаппай іске асу үшін бір немесе бірнеше ұйымдасқан әлеуметтік топ өзгелердің ойын өзгертіп, жаңа жағдайды қабылдау үшін әрекет етіп, бар күшін салуы тиіс. Медицинализацияға ықпал етіп отырған қазіргі үлкен күш – өзінің өнімдер нарығын кеңейтуге қаржы жағынан мүдделі фармацевтикалық өн-



діріс саласы (Conrad, 2007). Мысалы, тек Виаграмен емделетін «ерлердің жыныстық дисфункциясын» ауру ретінде анықтауда фармацевтикалық өндіріс саласы негізгі күш болды (Loe, 2004). Сонымен қатар медицинализацияға өз нарықтарын кеңейтуден үмітті дәрігерлер тарапынан да маскүнемдік немесе фибромиалгия секілді қилы жағдайлардан құтылуды немесе зерттеу жұмыстарына қолдау көрсетуді көздеген тұтынушылар тарапынан да қысым болуы мүмкін (Barker 2005; Conrad, 2007).

Кейде дәрігерлер де медицинализацияға қарсы шығады, өйткені жағдайды түзеу үшін (мысалы, әйелін соққыға жығу) жауапты болғысы келмейді. Тұтынушылар да медицинализацияны қолдамайды, өйткені белгілі бір күйді (мысалы, менопауза) өмірдің қалыпты жағдайы деп санайды. Сақтандырушылар да өзінің пайдасына қарай медицинализацияны қолдауы немесе қарсы шығуы мүмкін. Мысалы, сақтандырушылар алғаш артық салмағы бар емделушіге асқазанды шунттау секілді қымбат отаға төлем берудің орнына артық салмақ ауру болып саналмайды деп өтінішін қабылдамаған.

Ендігі жерде ота ұзаққа созылатын шығындарды азайтатыны дәлелденген кезде қамсыздандырушылардың көбі артық салмақты ауру деп танып, оған хирургиялық көмек көрсетілгенін қолдайды (Conrad, 2007). Қандай жағдай болмасын медицинализация үшін тартыста мол қаржысы, ықпалы және басқа билігі бар топ ұтады.



Виаграның маркетингі – дәріні де, импотенция «эректильді қызметтің бұзылуы» атты аурудың белгісі деген ойды да «сатты».

## Назар аударыңыз



## БҰҚАРАЛЫҚ АҚПАРАТ ҚҰРАЛДАРЫ МЕН МӘДЕНИЕТ

### Ғаламтор және денсаулық

**Ғ**аламтордың дамуы дәрігерлердің, үкіметтің, фармацевтика өнеркәсібінің және қоғамның аурулармен күресуіне қатты әсер етті. Ең маңызды өзгерістердің бірі – онлайн-медициналық жазбаларға көшу. Мұндай жазбалар көптеген дәрігерлерге, медбикелерге, фармацевтерге және басқа тұлғаларға қай жерде болмасын емделушінің ем жазбаларын еш қиындықсыз қарауға мүмкіндік береді. Осы іспетті онлайн жазбалардың болуы науқастар арасында әр дәрігер тағайындаған, өзара әрекеттесуі денсаулыққа қауіпті дәрі-дәрмектерді қабылдаудың жиілігін азайтып, дәрігерлердің науқас денсаулығын кеңінен түсіну мүмкіндігін арттырады. Алайда онлайн медициналық жазбалар емделушінің құпиялығын сақтау мүмкіндігін азайтады (Alpert, 2003; Freudenheim & Pear, 2006). Мысалы, емделушінің маскүнемдікке қарсы ем қабылдағаны жайлы жазылса, адамдар заңды түрде бұл жазбалармен таныса алады және компьютерді бұза алатын адам да бұл мәліметтермен заңсыз танысуы мүмкін. Нәтижесінде, емделушілер ұятқа қалып немесе тілті жұмысы мен сақтандыруынан айырылуы мүмкін. Осылайша, мұндай өзгеріс биліктің осы жазбаларға қолжетімділігі бар кез келген топқа ауысу мүмкіндігін арттырады.

Тағы бір маңызды өзгеріс – фармацевтикалық дәрі-дәрмектердің онлайн сатылымының өсуі (Eckholm, 2008). Мұндай сайттар тұтынушылардың керек дәрілерін төмен бағамен сатып алуына жағдай жасайды. Өзге жағынан, бұл сайттар кез келген адамға, кез келген жерде қауіпті дәрі-дәрмектерді рұқсатсыз сатып алуға жол ашады. Валиум және Викодин секілді есірткілерді заңсыз сатып алып, денсаулығын қатерге тігеді. Осылайша, мұндай сайттарды қолданушылар мен дәрігерді жеткізушілердің мүмкіндігін арттырып, есірткі қабылдауды бақылауда ұстауға тырысатын дәрігерлер мен үкіметтің мүмкіндігін шектеп отыр.

Нәтижесінде, ғаламтор ауру тәжірибесіне толықтай ықпал етуде (Barker, 2005). Бүгінде көптеген адам өзін жайсыз сезінсе, дәрігер шақыртудан бұрын ғаламторға жүгінеді. Шын мәнісінде, ғаламтор суық тию мен тұмаудың белгілерін ажырату үшін мәлімет іздегенге жақсы әдіс бола алады. Сонымен бірге ғаламтор стигматизмге ұшыраған, диагноз қою қиын болатын аурулар немесе созылмалы шаршау синдромы, зәр шығару жолдарының ауруы және склероз сияқты ауруларға шалдыққандар үшін де пайдалы бола алады. Көбі өздерінің ауруларын (нақты немесе нақты емес) анықтайды, сайттардан, блог және онлайн хабарландырулардан кеңестер алып (бұл кеңестер тексерілмеген болуы да мүмкін), үлкен эмоционалды



қолдау табады (Sulik & Eich-Krohm, 2008; Seale, Ziebland & Charteris -Блок 2006; Berger, Wagner & Baker, 2005). Алған ақпараты мен кеңестерін дәрігердің диагнозына қарсы қолдана алады. Осылайша, ғаламтор емделуші мен дәрігердің арасындағы арақатынасты өзгертуі мүмкін.

Милкидің қол жеткізген нәтижелері: 1) жеке тұлғалар бұқаралық ақпарат құралдарының белсенді тұтынушылары болып саналады, (2) түрлі аудитория бірдей медиахабарларды әртүрлі қабылдайды және (3) бұқаралық ақпарат құралдары мәдениетті, жеке көзқарастарды, іс-әрекеттерді қалыптастыруға аздап болса да үлес қосады, себебі – адамдар өздерін басқа адамдардың «бұқаралық ақпарат құралдарымен нақтыланған» көзқарастары арқылы бағалайды.

## Символдық интеракционизм теориясы: ауру тәжірибесі

Науқас адам рөлінің моделі ауруға шалдыққан адамдар өзін қалай ұстау керек және өзгелермен қандай қатынаста болуы қажет деген мәдени ұсыныстарды түсінуге көмектеседі. Конфликт теориясы адамдар өзін «науқас» деп қалай анықтайтынын түсіндіреді. Ал символдық интеракционизм теориясы әр күнді науқаспен өткізген қалай болатынын, емделушілер мен дәрігерлердің жалпы ахуалды дербес, өзінше айқындаған кезінде не болатынын түсінуге көмектеседі.

Дәрігерлер медициналық көмекке жүгінбейтін кез келген емделушіні тәртіп бұзушы деп қабылдайды. Дәрігерлер ауруды қалай емдеу керектігін жақсырақ біледі. Сол себепті дәрігердің нұсқауын орын-

дамайтын емделуші ақымақ немесе надан деп саналады. Алайда символдық интеракционизм әдісімен зерттеушілердің пікірінше, мәселе одан да күрделірек. Кейбір емделушілердің нұсқауды орындамау себебі – медициналық қызметкерлердің емдеу шараларын қысқа әрі түсініксіз етіп беруінде. Басқа емделушілерге айтылған нұсқауды орындауға уақыт пен қаражат жетіспейді. Үшінші топтың айтуынша, медициналық кеңес оларды мазалаған мәселеге жауап бермейді. Олар өздігінен мынадай шешім қабылдауы мүмкін: мысалы, қан қысымын төмендететін, бірақ жыныстық құштарлықты басып тастайтын; шизофрениялық елестерді тоқтататын, бірақ артық салмақ қосуға алып келетін; қосымша жағымсыз әсер беретін, бірақ ауру белгілеріне әсер етпейтін дәрілер ішуі мүмкін (Lawton, 2003). Көп жағдайда науқастар емделу жөнінде шешім қабылдауда, ғаламторға дәрігерлер кеңесіне сүйенгендей, сүйенеді. Бұл туралы «БАҚ пен мәдениет: Ғаламтор және медицина» деген тарауда жеке айтылған.

Жалпы дәрігерлер медициналық нұсқауларды орындамау деп қарастырған мәселені емделушілер ұтымды шешім ретінде қабылданады. Дәрігерлер нұсқаулары орындалмағаны үшін емделушілерді жазалаған кезде, алда болатын жағдайды ескермейді. Емделушілер дәрігердің ондай әрекетін көріп, керісінше, нұсқауларға үстірт қарап, өзін-өзі емдеуге ойысып кетуі мүмкін.

## Денсаулық пен аурудың әлеуметтік себептері

«Жағдайды ағысқа қарсы қайта бағыттау» атты көп сілтеме жасалатын мақалада әлеуметтанушы Джон Маккинлей қазіргі заман дәрігерінің дилеммасы үшін метафора ретінде мына оқиғаны жиі қолданады:

Кейде өзімді былай сезінемін. Мен ағысы қатты өзеннің жағасында тұрмын. Бір кезде суға кетіп бара жатқан адамның жан дауысын естимін. Дереву суға түсіп, оны құшақтап жағаға алып шығамын, қолдан тыныс алдыру шараларын жасап, есін жидырамын. Ол есін жия бастаған кезде тағы да көмекке шақырған дауысты естимін. Сол үшін суға асыға секіріп, су астына кетіп бара жатқан адамға жетіп, жағаға алып шығамын, қолдан дем алдырамын, ол есін жиган соң, тағы да көмекке шақырған дауысты естимін. Дәл осындай реттілікпен қайталана береді. Суға кетіп бара жатқандарды құтқаруды ғана ойлап, ағыс бойымен жоғары жүзе бердім де, бұл адамдарды суға итеріп құлатқан адамды іздеуге уақытым болмады (McKinlay, 1994, 509–510).

Осы оқиғадағы құтқарушы сияқты, ағыстың жоғарғы жағына қарай жүзе беруіне байланысты дәрігерлердің емделушілерден не себепті ауыратынын сұрауға мүмкіншілігі аз болып тұр. Әлеуметтанушылар бұл мәселеге екі деңгейде жауап беруге тырысады: микродеңгейде адамдар өз денсаулығына қауіп төндіретін әрекетті жасау-жасамауды таңдай алады және макродеңгейде әлеуметтік құрылымдар жеке адамдардың таңдауын шектейді.

Адамдардың денсаулығына не себепті қатер төнеді деген сұраққа жауап іздемес бұрын, оның қандай қауіп екенін білу керек. Бұл үшін алдын алуға болатын өлімнің негізгі себептерін ашып қараған жөн.

## Әлеуметтану және сіз

Келесі жолы дәрігердің қабылдауында болғанда анықтап қараңыз: фармацевтикалық компаниялардың логотиптерімен белгіленген қабырға суреттері, қаламсаптар, памфлеттер, саптаяқтар немесе басқа заттар бар ма? Дәрігеріңіз жаңа дәрілердің тегін үлгілерін ұсына ма? Денсаулық жайлы сізге бейтаныс журналдар бар ма (фармацевтикалық компания шығаруы мүмкін)? Мұның барлығы фармацевтикалық өндірістің сіздің диагностика мен емделу әрекетіңізге ықпал етуге талпынысын дәлелдейді.



## Алдын алуға болатын өлімнің себептері

«Америкалық медициналық ассоциация журналында» жарияланған өте терең әрі маңызды мақалада Мокдад және оның әріптестері (2004) (кәріліктен және генетикалық аурулардан өзге) алдын алуға болатын өлімнің себептерін анықтау үшін барлық медициналық әдебиеттерді саралаған. АҚШ-тағы алдын алуға болатын өлімдердің жартысынан көбіне тоғыз фактор себеп болған. Олар: темекі, дұрыс тамақтанбау, дене күшін сарқа пайдалану, алкоголь, бактериялар мен вирустар, ластанған жұмыс орны мен өмір сүру аудандары, автокөліктер, отты қару, жыныстық қатынасқа шақыратын мінез-құлық және заңсыз есірткі (10.1-кесте).

Тоғыз фактордың ішінде темекінің алатын орны ерекше, тіпті заңсыз есірткілерге қарағанда да ерекше. Егер сіз шылым шексеңіз, темекі шайнасаңыз немесе иіскеп қолданатын болсаңыз, жүрек аурулары, инсульт, өкпе эмфиземасы және қатерлі ісіктің көптеген түрлері секілді әртүрлі ауыр және өлімге алып келетін ауруларды қоздырасыз (World Health Organization, 2008). Темекі тартушылардың шамамен жартысы осы зиянды әдеттен өлетіні белгілі. Олардың жартысы орта жаста қайтыс болған, яғни орта есеппен қалыпты өмір жасы 22 жылға қысқарады.

Мезгілсіз өмірден өтудің екінші себебі – майлы тамақ жеу, көп қозғалмау және семіздік. АҚШ-та семіздік көрсеткіштері 1980 жылдан бастап өсе бастады (Centers for Disease Control and Prevention, 2011). Дұрыс тамақтанбау және қимыл-қозғалыстың азаюы қан-тамыр ауруларының, инсульт, қатерлі ісік (тік ішек, омырау және қуықалды безі) түрлерін, диабет және басқа да залалдардың даму қатерін күшейтеді. Семіздіктің көбейіп кетуі жоғары калориялы азық-түлік алудың оңайлағанын, ал қимыл-қозғалыстың азайғанын

10.1-КЕСТЕ. АҚШ-тағы алдын алуға болатын өлімнің себептері

Себебі	Алдын алуға болатын өлім саны	Жалпы өлім пайызы
Темекі	435,000	18%
Нашар тамақтану және шамадан тыс денеге салмақ түсу (1)	100-400,000	5-17
Алкоголь	85,000	4
Бактериялар мен вирустар (2)	75,000	3
Ластанған жұмыс орындары мен төңірегі	55,000	2
Автокөлік (3)	43,000	2
Қару-жарақ	29,000	1
Жүгенсіз мінез-құлық	20,000	1
Заңсыз есірткі	17,000	1

ДЕРЕКЕКӨЗ: Moccad and azerc. (2004).

1. көрсеткіштер әртүрлі

2. СПИД, темекі, алкоголь немесе заңсыз есірткілерді қоспағанда...

3. Есірткі қабылдаудан болған автокөлік апатын да қарастырады, бірақ алкоголь қабылдау себебінен болған апатты есепке алмайды



Денсаулыққа сенім моделі ретінде көптеген адамдар шылым шегудің қатері аз деп есептейді, шылымқорлықты жасөспірім кезеңде бастайды деп болжауға болады.

көрсетеді. Мысалы, мектептерде газды сусыны бар автомат – асхананың алдыңғы бөлігінде орналасқан, сонымен бірге спорт залда жаттығулар сабақ кестесінен алынып тасталған (Nestle 2002: 22; Arovian, 2004; Gerberding & Marks, 2004; Weitz, 2012). 10.1-картасында АҚШ-та семіздіктің таралуы көрсетілген. Қалған жеті фактор әртүрлі жолдармен мезгілсіз қайтыс болуға алып келеді. Ішімдік және заңсыз есірткі бей-берекет жыныстық қатынасқа түсуді арттырады. Ішімдік, автокөлік, қару-жарақ және заңсыз есірткі өлімге әкелетін оқиғалар тудырады. Алкоголь, ластану, талғамсыз жыныстық қатынас және егілетін заңсыз есірткілерден қатерлі ісік, гепатит және басқа да аурулар пайда болады.

## Микродеңгейдегі жауаптар: денсаулыққа сенім үлгісі

Неліктен адамдар өз денсаулығына қатер төндіретін әдеттерге құмар? Немесе сұрақты жағымдырақ етіп қойып көрейік: неліктен адамдар денсаулығын сақтайтын әдеттерді қалыптастыруға ұмтылмайды? Әлеуметтанушылар «адамдар денсаулық сақтауға бағытталған әдет-дағдыларды қабылдай ма» деген сұраққа жауап беретін төрт шартты анықтады, олар жалпы «денсаулыққа сенім моделі» деп аталады (Becker, 1974,1993). Ол шарттар:

1. Жеке адамдар белгілі бір ауруға шалдығу қатері бар деп ойлау керек.
2. Оларды аса қауіпті деп санау керек.
3. Алдын алу шаралары ол қауіпті азайтады деп ойлау керек.
4. Алдын алу шараларын жүзеге асыру үшін қаржылық, эмоционалдық, физикалық және басқа да кедергілерді елемеу керек.

Питтсбург Стилерстің (Pittsburgh Steelers) қорғаушысы Бен Ротлисбергердің (Ben Roethlisberger) бастан кешкен оқиғасы келесі модельді (Ұғымдардың қорытындысы: Денсаулыққа сенім үлгісі) дәлелдейді.

**Денсаулыққа сенім моделі** – жеке тұлғалар денсаулығына аса қауіпті қатер бар, әдеттерді өзгерту ол қауіпті азайтады деп сенсе және ол үшін ешбір кедергілерді елемесе, салауатты әдеттер қалыптасады деген пайым.



### 10.1-КАРТА. АҚШ-тағы семіздіктің таралу аймағы

Семіздікке шалдыққан адамдар саны Оңтүстік аймақта басым, ал Батыс аймақта аздау, бірақ ешбір штат семіздіктің төменгі деңгейін көрсете алмайды. Семіздік деңгейінің өсуі, ең алдымен, тамақтануға және физикалық ортаның өзгеруіне байланысты. Әлеуметтік желі осы қалыптасқан заңдылықтарды нығайтуға септігін тигізуде.

ДЕРЕККӨЗ: Centers for Disease Control and Prevention, 2011



2006 жылы маусым айында Ротлисбергер мотоциклмен жол апатына ұшырап, миы шайқалып, жарақат алады. Қорғаныш дулыға апат кезінде өлім қаупінің үштен бірін, миға зақым келуінің үштен екісін сөйлететіні белгілі (National Highway Traffic Safety Administration, 2005). Демек, ол қорғаныш дулығасын кимеген.

Осы оқыс оқиғадан кейін Ротлисбергер енді мотоциклді дулыға кимей айдамауға сөз берді. Апатқа ұшырау қаупінің растығына, апат зардаптары күрделі, тіпті қаза табу мүмкін екеніне көзі жетті. Автокөліктің алдыңғы әйнегіне басымен соғылып, қорғаныш дулыға өліммен бас жарақатын алу қаупін барынша төмендететінін түсінді. Осыны түсінген соң, дулығаның бағасы мен ыңғайсыздығы секілді нәрселер оған үлкен кедергі болып көрінбеді.

### Макродеңгейдегі жауаптар: ауру туғызушылар

Бір қарағанда, алдын алуға болатын өлімдердің көпшілігіне жағымсыз әдеттер себеп болады. Қалай болғанда да, адамдар Бен Ротлисбергер секілді өз мүмкіндіктерін асыра бағалап, темекі шегуді, қару қолдануды, талғамсыз жыныстық қатынасқа түсуді қауіпті деп санамайды.

Бұл таңдаулар кең әлеуметтік тұрғыдан жасалады. Егер мұның



әлеуметтік ықпалын тереңірек зерделесек, Маккинлей (1994) **ауру туғызушылар** деп өлімге әкелетін әдеттер мен сондай әлеуметтік жағдайды қолдайтын топтарды айтқанын түсінеміз. Мысалы, темекі тартуға, сыра ішуге, жүйрік автокөлік айдауға, тапанша ұстауға, тәтті тағамдарды көп жеуге жұрттың бәрі құмар. Бірақ оларға осы заттарды ұнамды, қалаулы ететін – өндірушілер. Өз өнімдерінің қаншалықты қауіпті немесе қауіпсіз болуын, жарнамасын кімге және қалай жеткізуді, өнім сатылатын орындарды анықтайтын – солар. Мысалы, автокөлік өндірушілер жол талғамайтын көліктерді басқа автокөліктер үшін қауіпсіз ететін бамперлерге қарсы болды, газды сусын өндірушілер өзінің жоғары калориялы өнімдерін мектепте сату құқығы үшін күресті. Ал темекі өндірушілер жасөспірімдер арасында темекі тартуға себепкер болды. Джо Кэмелдің компаниясы жастарға арналған музыкалық концерттер мен фестивальдерді демеу секілді айла-тәсілдер қолданды. (Weitz, 2012).

Өлімнің басқа негізгі себептеріне жеке адамның қалауының маңызы шамалы (Weitz, 2012). Адамдар қауіпті пестицидтермен жұмыс істейді, құрамында қауіпті химиялық элементтер бар заңсыз есірткіні ағзасына енгізеді және адам өміріне қауіп төндіретін қорғасын құбырлы пәтерлерде өмір сүреді, өйткені оларда өзге таңдау жасауға мүмкіндік жоқ. Олай болса, жұмысшыларды қауіпті жағдайда жұмыс істеуге мәжбүрлейтін корпорациялар, жекеменшігіндегі ғимаратына жөндеу жүргізбейтін үй иелері, есірткі бақылауын жеңілдету үшін оны заңдастыруға қарсы саясаткерлер – ауруды туғызушылар болғаны. Ақырында, бәрібір күтетін ешқандай жақсылық жоқ деген ойдағы адамдар тоқаш жеуден бастап, есірткі қабылдау, сақтану құралдарынсыз жыныстық қатынастар сияқты қауіпті іс-

**Ауру туындатушылар** – өлімге әкелетін әдеттер мен сондай әлеуметтік жағдайды қолдайтын және одан өз пайдасын көретін топтар.

## Ұғымдардың қорытындысы

### Денсаулыққа сенім моделі

Адамдардың саламатты әдеттерді қалыптастыруы бірнеше себепке байланысты	Саламатты әдеттерді қалыптастыру	
	Мүмкін	Мүмкін емес
Ауруға душар болуы мүмкін деп сенеді:	Жасы қырықтағы, созылмалы бронхитпен ауыратын, шылым шегетін адам өкпенің қатерлі ісігі ауруына ұшырау қаупі бар деп ойлайды.	16 жасар жасөспірім жыныстық жолмен берілетін ауру маған жұқпайды, өйткені денсаулығым мықты деп ойлайды.
Денсаулығына төнген қатер аса қауіпті деп сенеді:	Өкпенің қатерлі ісік ауруы жанға батады және өлімге әкеледі деп сенеді және балаларын әкесіз қалдырғысы келмейді.	Жыныстық жолмен берілетін аурудан емделу оңай деп ойлайды.
Алдын алу шаралары қауіпті азайтады деп сенеді:	Қатерді, темекі тартқанды тоқтату арқылы төмендетуге болады деп сенеді.	Сақтану құралдары венерологиялық аурулардан қорғайтынына сенбейді.
Алдын алу шараларын атқару үшін ешбір кедергілерді елемейді.	Отбасы және достары темекіні тастауға шақырады және солай ақшасын үнемдей алады.	Мүшеқапсыз жыныстық қатынастан ғана ләззат алады.



термен айналысады. Бұлай ойлайтындар әсіресе әлеуметтік жүйенің төменгі тобының арасында кең тараған.

## Саулық пен науқастықтың әлеуметтік таралуы

Жақсы денсаулық тек жақсы дағдыларға я тұқымның жақсы болуына ғана байланысты емес. Алайда бұлардың да рөлі маңызды. Денсаулық – жынысы, әлеуметтік табы және нәсілі немесе этностық тегі сияқты әлеуметтік жағдайлармен тығыз байланысты. Бұл бөлімде біз осы жайттардың АҚШ-та денсаулыққа әсерін қысқаша шолып өтеміз, одан кейін КСРО-дағы әлеуметтік құрылымның өзгерісі өмір сүру ұзақтығына қалай әсер еткеніне қысқаша зерттеу жүргіземіз.

АҚШ-та дүниеге жаңа келген нәресте шамамен 78 жыл өмір сүруі мүмкін (Денсаулық сақтау саласының статистикасының ұлттық орталығы, 2001 ж.). Жастай қайтыс болу да кездеседі, бірақ АҚШ азаматтары, орташа алғанда, қартайғанша өмір сүреді. XX ғасырдың басында өмір сүру ұзақтығы 50 жасқа дейін болғанын ескерсек, бұл – өте үлкен жетістік. Дегенмен мұндай мүмкіндік бәріне бірдей берілмеген: қара нәсілді ер адамдар және кедейлер, ақ нәсілді әйелдер мен байларға қарағанда ерте қайтыс болады (10.2 кесте).

Әрине, бұл жерде өлімді айналып өту айласынан гөрі денсаулық сақтау маңыздырақ. Халықтың жалпы хал-ахуалын анықтауда ауру мен мүгедектіктің таралуы өлім-жітім көрсеткішіне үлкен ықпал етеді. Белгілі бір жылы қайтыс болғандардың жан басына шаққандағы санынан көптеген ауруға шалдыққандардың немесе мүгедек болғандардың саны басым. Келесі бөлімдерде біз жыныс, әлеуметтік тап және нәсілдік/этностық ерекшеліктің ауруға және өлімге қаншалықты байланысты екенін анықтаймыз.

## Гендер

Орта есеппен АҚШ-та әйелдер ер азаматтарға қарағанда бес жыл ұзақ өмір сүреді (10.2-кестені қараңыз). Алайда әйелдер ұзағырақ өмір сүргенмен, денсаулығына байланысты, ерлерге қарағанда жиі шағым айтады. Оларды артрит, астма, диабет, катаракта және т.б. аурулар көбірек мазалайды (Lane & Cibula, 2000; Bird & Rieker, 2008).

Мұндай айырмашылық әйел адамдар ерлерге қарағанда, мүгедектікке жиі ұшырап, қартаю кезінде өздерін жайсыз сезінетінін білдіреді. Қарттар үйіне түсетін жасы егде тартқан және көп ауруға шалдыққан әйелдердің саны ерлерге қарағанда басым.

«Әйелдер қартая бастағанша, ер адамдар ерте қайтыс болады» деген сөзді қалай түсіндіруге болады? Бұл сұрақтың жауабын биология мен қоғамнан іздеу қажет. Әйел заты өзінің ерекше гормондарына байланысты табиғатынан ер адамға қарағанда төзімдірек. Әйел адамның қажетті деңгейде азығы болып, қамқорлықты сезсе, ұзақ өмір сүру мүмкіндігі ер адамнан әлдеқайда жоғары (Bird & Rieker, 2008).

Сонымен қатар әлеуметтік нормалар әйел затын жарақаттар мен өмірге қауіп төндіретін аурулардан қорғайды (Bird & Rieker, 2008). Басқалармен ерегесіп, спиртті ішімдік ішетін, жылдам көлік айдауды жақсы көретін және батылдық қасиеті бар таныстарыңыз ер адам болар. Өйткені мұндай қауіпті, тіпті өлімге әкеліп соқтыратын

**10.2-КЕСТЕ. Жыныс, нәсіл және отбасылық табыстың денсаулыққа әсері.**

Орта есеппен алғандағы жайттар. Америкалық азиаттар ақ америкалықтармен салыстырғанда, ұзағырақ өмір сүреді, ал ақ америкалықтар афроамерикалықтардан ұзағырақ өмір сүреді. Латынамерикалықтар ақ америкалықтардан немесе афроамерикалықтардан ұзақ өмір сүреді. Осы мәліметтерге қарай бірқатар мәселе шығады. Ал бай адамдардың кедейлерге қарағанда, ұзағырақ өмір сүретіні анық. Ақыр соңында, әйелдермен тең дәрежеде денсаулығына көңіл бөліп, медициналық көмекке жүгінсе де ер адамдар әйелдерге қарағанда аз өмір сүреді.

Топтар	Жасы ұзақтығының болжалды шамасы	Пайыздық есеп көрсеткіші немесе нашар денсаулық
<b>Жынысы</b>		
Ер	75	9%
Әйел	80	10
<b>Нәсілі</b>		
Ақ америкалықтар	78	9
Афроамерикалықтар	73	14
Латынамерикалықтар	81	13
Азиялық	84	7
<b>Отбасы табысы</b>		
Кедей	N/A	20
Кедейлік шегінде	N/A	14
Кедей емес	N/A	6

ДЕРЕККӨЗ: Денсаулық сақтау статистикасы ұлттық орталығы (2011) және (2010).

Мінез-құлық ер адамдарға тән және олардың тарапынан қалыпты жағдай ретінде қабылданады. Ал әйелдерді мұндай кейіпте елестету мүмкін емес. Ер адамдар әйелдермен салыстырғанда заң бұзып, есірткіні жиі қолданады және қауіпті істермен айналысады. Сонымен бірге әйел адамдар еркектерге қарағанда, денсаулығын мазалайтын болмашы нәрсе болса да дәрігерге жиірек қаралады.

Әйелдердің өмір жасы ұзақ болғанмен ауруға шалдығу деңгейі ерлерге қарағанда жоғарырақ, осы жайт әлі де түсініксіз болып отыр (Barker, 2005). Әйелдердің жиі ауырып қалу себебі олардың гормондарынан және күнделікті күйзелісті сезінуінен. Әйел адамдар ерлерге қарағанда күйзеліске көп түседі. Бірақ бұл күйзелістің негізгі себептерін бақылай алмайды (Bird & Rieker, 2008). Күйзеліс иммунды жүйенің жұмысына кедергі келтіреді, сол себептен денсаулық нашарлайды.

## Әлеуметтік тап

Табыс артқан сайын өмір сүру ұзақтығы да артады және денсаулық жақсарады (10.2-кестені қараңыз). Ауқатты адамдар орта тапқа қарағанда ұзағырақ өмір сүреді, ал орта таптың кедейлерге қарағанда өмір жасы ұзақ болады (Magmot, 2004). Бұл жағдайды бәріне бірдей

медициналық-санитарлық көмек көрсетілетін елдерде және бірдей көрсеткіште темекі тартып, спирттік ішімдік ішетіндерді, семіздерді салыстырғанда да байқай аламыз (Banks et al., 2006). Мұндай айырмашылықтар балалық шақтан басталады. Мысалы, Нью-Йорк қаласындағы жетімдер үйінде тәрбиеленетін балалардың 50 пайызы демікпемен ауырады, ал кедей отбасы балаларының 25 пайызы және жалпы қалада тұратын балалардың 6 пайызы осы ауруға шалдыққан (Perez-Pena, 2004).

Тап пен ауру арасындағы себептік байланыс өте күрделі (Robert & House 2000; Marmot, 2004; Wilkinson, 2005). Олар көп жағдайда кедей адамдардың қымбат медициналық көмекке қол жеткізе алмауына байланысты. Сөйтсе де экологиялық, экономикалық және психо-әлеуметтік факторлар нашар денсаулықтың кедейлер қатарында жиі байқалуына үлкен ықпал етеді. Табысы аз адамдар қауіпті және денсаулыққа зиян, ауасы лас зауыттардың маңайында және сапасыз тұрғын үйлерде өмір сүреді. Олар тәуекел етіп, қауіпті жұмыстарға орналасады, сапалы тамақтанбайды, көбірек күйзеліске ұшырайды және оның себептерін бақылай алмайды. Нәтижесінде, олар күйзеліс ауруларға душар болады. Табысы жақсы адамдар демалыс алып, үй шаруасына көмектесетін адам жалдап, күйзелісті айналып өтеді. Ал табысы төмен адамдарда ондай мүмкіндік жоқ. Сонымен қоса кейбір адамдар күйзелісті жеңемін деп темекі тартып, ішімдік ішіп және басқа денсаулыққа зиянды әрекеттер жасайды.

## Нәсіл және этнос

Табыс көлемінің ықпалы үлкен болғанмен (Weitz, 2012), нәсіл мен этникалық ерекшелік денсаулыққа ерекше және тәуелсіз түрде ықпал етеді. Қытайдан, Жапониядан, Филлипин немесе Үнді елінен шыққан америкалық азиаттар әдетте орта тапқа енеді және ақ нәсілді америкалықтар сияқты денсаулығының жақсы екені белгілі. Оңтүстік-Шығыс Азия елдерінен келген кедей иммигрант топтар туралы болжам белгісіз.

Керісінше, афроамерикалықтардың, латынамерикалықтардың және байырғы америкалықтардың кедейлік әсерінен денсаулығы төмен. Кедейліктің кесірінен олар басқа америкалықтарға қараған-

Қазіргі арнайы киімдер тігетін цехтарда жұмыс жағдайы өте нашар. Мысалы, Нью-Йорктегі қытай ауданында орналасқан осындай цехта жарақат алу және ауруға шалдығу қаупі жоғары.



да, медициналық сақтандыру ала алмайды (Kaiser Commission on Medicaid & Uninsured, 2011). Сонымен қатар күйзеліске жиі ұшырайды және ауасы көмірқышқыл газымен, озонмен, күкіртпен, пестицидтермен, тіпті радиоактивті қалдықтармен уланған аудандарда өмір сүреді және жұмыс істейді. Мысалы, қанында қорғасынның қауіпті көрсеткіші бар балалардың 60 пайызы – афроамерикалық, ал 17 пайызы – ақ нәсілді америкалық (Meuer et al., 2003).

Оның үстіне аз ұлттардың арасында табысқа, бұрмалау мен дискриминацияға қарамастан, ауру мен өлім күшейіп келеді (Williams, 1998; Williams & Jackson, 2005). Мысалы, орта тапқа жататын афроамерикалықтар нәсілдік сегрегация кесірінен ластанған нашар аудандарда өмір сүреді. Дәл осылайша, емделушінің ауру белгілері мен сақтандыру қорына қарамастан, дәрігерлер ақ нәсілді америкалықтар үшін жанға жайлы емделу жағдайын жасайды. Аз ұлттар мұндайдан сырт қалады. Мысалы, қоздырғыш егу салдарынан аяғынан айырылып қалу қаупі бар емделуші ақ нәсілді америкалық болса, оған қымбат антибиотикпен емделу курсына тағайындайды, ал азшылық кедей ұлт өкілдерін ампутацияға жібереді (Nelson, Smedley, & Stith, 2002).

Факторлар қабаттаса келе мынадай нәтижеге жеткізді: афроамерикалықтар, латынамерикалықтар және байырғы америкалықтар арасында ауруға шалдығу және қайтыс болу қаупі кез келген жаста ақ нәсілді америкалықтармен салыстырғанда жоғары.

## Жас

Жас ерекшелігі – денсаулық, ауру және өлімді болжаудың маңызды жалғыз көрсеткіші. Адамның жасына байланысты екі топқа жиі қартер төнеді, олар – кішкентай балалар және жасы келген қарт адамдар.

Кедей елдерде нәрестелердің және жасы беске толмаған балалардың өлімі жиі болады. Көбінесе анасының мерзімінен ерте босануынан сәби шетінейді, басқалары тамақ жетіспеуі кесірінен иммундық жүйесі ауруларға төтеп бере алмай қайтыс болады.

Нәрестелердің өлімі батыс әлемінде ХХ ғасырға дейін кең таралған болатын. Қазіргі кезде АҚШ-та балалар өлімі сирек, жастардың да денсаулығы жақсы. Дегенмен басқа дамыған елдермен салыстырғанда, нәресте өлімі едәуір көп (10.3-кесте). Нәресте өлімінің (барлық жоғарыда айтылған себептерден) көрсеткіші афроамерикалықтардың арасында жоғары, ақ нәсілді нәрестелер арасындағы көрсеткіштен екі есе көп (Денсаулық сақтау статистикасының ұлттық орталығы, 2001).

Адамның мүгедектікке шалдығу қаупі бар аурумен ауыруы және қайтыс болу қаупі шамамен 40 жастан бастап күшейеді. 65 жасқа келгенде, адамдардың көбі кем дегенде бір созылмалы аурумен – мысалы, артрит, гипертония немесе есту қабілетінің нашарлауы сияқты аурумен ауырады, (Федералды ведомство аралық кәрілік статистикасының форумы, 2008). Солай бола тұра 85-ке келген қарттардың көпшілігінің денсаулығы жақсы, бірақ 50 пайызының есте сақтау қабілеті нашарлаған. Денсаулық жағдайы жақсы кәрілік жасына жету мүмкіндігі аз ұлттар ішінде төмен. 68 және одан үлкен жастағы адамдар арасында ақ нәсілді америкалықтардың 80 пайызы, латынамерикалықтардың 65 пайызы және афроамерикалықтардың 63 пайызы денсаулығын жақсы деп бағалайды (Federal Interagency Forum on Aging Related Statistics, 2008).

Кәрілік және түрлі халықтың денсаулығының өзгеру нәтижесі «Америкалық – әраландық: халықтың өзгеруі, денсаулықтың өзгеруі» атты тарауда толық зерттелген.

## 10.3-КЕСТЕ. 1000 дені сау балаға шаққандағы нәресте өлімінің көрсеткіші

Гонконг	1.6	АҚШ (ақ нәсілді америкалықтар)	5.6
Сингапур	2.0	Канада	5.1
Швеция	2.5	Венгрия	5.3
Жапония	2.6	Словакия	5.7
Дания	3.4	АҚШ (барлық нәсілдер)	6.7
Испания	3.5	Чили	7.8
Германия	3.6	Ресей	8.1
Франция	3.7	Коста Рика	8.8
Италия	3.8	Болгария	9.4
Швейцария	3.8	Румыния	9.9
Нидерланды	3.9	Уругвай	10.6
Австралия	3.9	АҚШ (афроамерикалықтар)	12.9
Ұлыбритания	4.5	Тайланд	12.0
Куба	4.8	Мексика	14.0
Польша	5.0		

ДЕРЕККӨЗ: Халықтың анықтамалық бюросы (2011а); Денсаулық сақтау статистикасы ұлттық орталығы (2011).

## Case-study: бұрынғы Кеңес Одағындағы халықтардың өмір жасының қысқаруы

Өлім-жітім деңгейі ең маңызды әлеуметтік факторлардың бірі болып саналатын өмір сүру деңгейіне, яғни жақсы тамақтануға қолжетімділік, таза ауызсу және экологиялық апаттардан аулақ жайлы тұрғын үйдің болуына байланысты. Өмір сүру деңгейіндегі айырмашылықтың ықпалынан АҚШ-та бір жасқа дейінгі нәрестелер арасында афроамерикалық балалардың қайтыс болуы ақ нәсілді балаларға қарағанда екі есе көп. Ересек афроамерикалық ерлердің орташа өмір сүру ұзақтығы ақ нәсілді америкалықтарға қарағанда алты жылға кем. Америкалықтардың өмір сүру ұзақтығы орта есеппен Сьерра-Леоне тұрғындарынан 25 жылға артық болуын өмір сүру деңгейіндегі айырмашылықтар арқылы түсіндіруге болады. (Халықтың анықтамалық бюросы, 2011а).

Өмір сүру деңгейінің жақсаруы өмір жасының ұзаруынан көрінеді. 1991 жылы КСРО ыдырағаннан кейін Ресейде өмір сүрудің орташа ұзақтығының қысқаруы әлемдік сахнадағы таңғаларлық оқиға болды. Қазіргі кезде Ресейде ерлердің орта жас шамасы – 63 жас, бұл көрсеткіш 1991 жылға дейінгі көрсеткіштен және басқа дамыған елдердің орта жас шамасынан төмен. Алайда алдыңғы жылдармен салыстырғанда жоғары (Халықтың анықтамалық бюросы, 2011а).

Өмір сүру ұзақтығының төмендеуін қалай түсіндіруге болады? Біріншіден, Кеңес өкіметі қоршаған ортаны қорғау қағидаларын елемей,

## Назар аударыңыз



### Халықтың өзгеруі. Денсаулықтың өзгеруі.

**Ж**ыл сайын АҚШ-та дүниеге бала әкелу азайып, 65 жастан асқан тұрғындар көбеюде. Сонымен қатар испантілді емес тұрғындардың саны кеміп барады, ал латынамерикалықтар мен ақ нәсілді емес ұлттардың саны артуда. Мұндай екі демографиялық құбылыстың салдары Американың денсаулық және денсаулық сақтау саласына қалай әсер етеді?

Ең айқын болжам – болашақта жасы үлкен және ақ нәсілді емес америкалықтардың басым болуы. Соңғы жылдары нәсілдік ерекшеліктерге қарамастан, қарттар арасында денсаулық сақтау шығындарының өсуіне байланысты кедейлік өршіген (Short, 2011). Бірақ аз ұлттардың егде жастағы азаматтары ақ нәсілділерге қарағанда, көп жағдайда кедейлікке душар болады. Себебі – олар үшін кезінде ең төменгі күнкөріс деңгейінде табыс ұсынатын немесе жақсы зейнетақымен қамтамасыз ететін жұмыс орындарына орналасу да мүмкін болмаған еді. Сонымен қатар аз ұлттардың егде азаматтары еңбек еткен жұмыс орны – олар ауырып қалғанда жәрдемақымен немесе зейнеткерлерге арналған медициналық сақтандырумен қамсыздандырмайтын. Сол себепті олардың медициналық сақ-

## АМЕРИКАДАҒЫ ӘРКЕЛКІЛІК

тандыруды рәсімдеуге мүмкіндігі болмады да медициналық көмексіз қалуға мәжбүр болды.

Бірақ бұл тек кедейлікте өмір сүретіндерге ғана тән қиындық емес. Тіпті табысы тиісті шамада болғанына, білімі, жасы, жынысы, отбасылық жағдайының жаман еместігіне және қала тұрғыны болғанына қарамастан, аз ұлттардың қарттары әлі де медициналық сақтандыруға қол жеткізе алмайды. Нәтижесінде оларға қажетті медициналық ем алу мүмкін болмаған соң, аурулары асқынып, келешекте емделу одан сайын қиындатады (немесе қымбатқа түседі).

Дәрігер мен емделушілер бір тілде сөйлемегендіктен немесе мәдени және субмәдени тегі әртүрлі болуына байланысты бір-бірін түсінбеуі де мүмкін. Мұндай жағдайда емделушілер дәрігерге разы болмай, оның нұсқауларын сақтамауы немесе келесі жолы қаралуға келмеуі мүмкін. Ал дәрігерлер емделушілердің ем қабылдауға ниеті жоқ деген ойға келеді. АҚШ-та дәрігерлердің көбі ақ нәсілділер және ағылшын тілінде жақсы сөйлейді. Ал емделушілердің көбі «басқа нәсілдер» және ағылшын тіліне жетік емес екенін ескерсек, бұл – күрделі мәселе болып саналады. Қарттар үйінде тұратын ақ нәсілді қарттардың қызметкерлермен тіл табысуы қиын болады. Дәрігерлердің көпшілігі «ақ» болғанмен



Аз ұлттар қатарында қарт адамдар көбейген сайын медициналық сақтандыруы жоқ, денсаулық сақтау қызметкерлерімен қарым-қатынас жасауда мәдени кедергілерге кезігетін кедей қарттардың көбеюіне куә боламыз.

қарттар үйінде күндіз еңбекақысы аз медбикелер көмек көрсетеді. Олардың көбі – ағылшын тілінде таза сөйлей алмайтын иммигранттар. Құлағы естімейтін қарт емделушілер оларды түсіне алмайды. Сол себепті директивті органдар осы өзгерістерге көңіл бөлу керек.

өндіріс саласын дамытты. Нәтижесінде, бұрынғы КСРО елдері қоршаған ортаның ластануынан зардап шегуде. Соның әсерінен өндіріс дамыған аймақтарда қатерлі ісік ауруы және тыныс алу жүйесі ауруларының көрсеткіші жоғары (Cockerham, 1997; Feshbach, 1999). Екіншіден, КСРО ыдырағаннан кейін табыс деңгейі күрт төмендеді, қоғамдық қызметтер жұмысын тоқтатты, саяси тұрақсыздық және жемқорлықтың артуы осыған дейін қалыптасқан өмір салтын келмеске кетірді.

Күйзеліс деңгейінің артуы – өлімнің тікелей себепшісі. Сонымен қатар күйзеліс темекі тарту мен ішімдік ішуді көбейтті. Нәтижесінде ауру, зорлық және оқыс жағдайдан көп адам қайтыс болды. КСРО қазіргі таңдағы өлімнің басты себепшісі болған жүрек аурулары сияқты созылмалы ауруларды емдеуге ешқашан ақша бөлген емес. Ал Кеңес өкіметі құлағаннан кейін денсаулық сақтау саласы одан әрі нашарлады.

2000 жылдан бері жағдай жақсарғанына қарамастан, экологиялық зардап, әлеуметтік құлдырау және өмір сүру жағдайының на-

шар болуы көп қиыншылық тудыруда. Қатерлі ісік ауруынан қайтыс болғандарды ескермегенде, ішімдіктен, зорлықтан және оқыс жағдайдан және өз-өзіне қол жұмсаудан қайтыс болушылар саны Батыс Еуропа мен АҚШ-қа қарағанда, Ресейде басым (Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының Еуропалық өңірлік бюросы, 2006 ).

Қорытындылай келгенде, Кеңес өкіметінің және АҚШ-тың әлеуметтік жағдайын – денсаулық, ауру және өлім көрсеткіштері анықтайды..

## Менталдық аурулар

Әлеуметтік факторлар – психикалық ауруларға тән ауыруы секілді әсер етеді. Алайда психикалық денсаулық – жылына миллиондаған адамды қамтитын маңызды мәселе.

### Психикалық аурулар саны қанша?

Ұлттық кездейсоқ сауалнама нәтижесі бойынша, АҚШ-та жұмысқа қабілетті азаматтардың 11 пайызы жыл сайын әлі анықталмаған психикалық ауруға ұшырайды. Ал 20 пайызы жеңіл немесе күрделі ауруларға шалдығады (Kessler et al, 2005). Ең көп тараған аурулар – күйзеліс және спирттік ішімдікке тәуелділік. Алайда бұл көрсеткіштер шындыққа жанаспауы мүмкін. Өйткені олар медициналық диагнозға емес, ауру белгілерін мәлімдеген құжаттарға сүйенеді (Hogwitz, 2002; 2007). Зерттеушілер нақты нәтиже бере алмайды. Мысалы, олар үшін кімнің күйзеліске ұшырағаннан немесе жарысқа дайындалғаннан салмақ тастағанын айыру мүмкін емес.

### Психикалық ауруларға кім шалдығады?

Тән ауруына шалдыққан жағдайдағыдай, психикалық ауруларға да әлеуметтік факторлар әсер етеді. Осыған қарай, негізгі екі факторды қарастырамыз, олар – әлеуметтік тап және жыныс.

### Әлеуметтік тап ерекшелігі

1920 жылдан бастап әлеуметтік зерттеушілер психикалық ауытқуларға көңіл аудара бастады. Соның нәтижесінде, кедейлердің бақуатты адамдарға қарағанда, көбірек психикалық ауруларға душар болатыны анықталды (Eaton & Muntaner, 1999). Оның екі себебі бар: біріншісі – психикалық аурулар адамдарға жұмысқа орналасуға немесе жұмыс орнын сақтап қалуға кедергі келтіруі мүмкін, ал адамдар соған қарай әлеуметтік баспалдақ бойынша бірер саты төмендейді (Link et al., 1997).

Өмір сүру деңгейі төмен адамдар арасындағы әлеуметтік күйзелістер психикалық ауытқуға алып келеді (Aneshensel, 2009; Schwartz and Meyer, 2010). Мысалы, шизофрения диагнозы бар адамдардың көбі төменгі таптан шыққан және шулы, күйзелісті, қауіпті және физикалық тұрғыдан жайсыз жұмыс орындарда еңбек еткен (Muntaner et al, 2004). Күйзеліс сияқты психикалық бұзылыстың себебін түсінуде кедейлік күйзелісі мен экономикалық қорғансыздық сезімдерінің маңызы зор.

Психикалық ауру көрсеткіштеріндегі әлеуметтік айырмашылықпен бірге психикалық ауру тәжірибесіндегі айырмашылық та маңызды. Психикалық ауруға шалдыққан төменгі тап өкілдері ұзақ уақыт ауруханаға жатқызылады, бірақ тиімсіз ем қабылдайды. Шын мәнінде, психикалық денсаулықты қалпына келтіру, күрделі психикалық ауруға шалдыққан



адамдардан гөрі (кез келген тап өкілі) аз уақытқа эмоционалды күйзеліске ұшыраған орта тап өкілдері арасында жиі болуы мүмкін. Денсаулық сақтау саласы мен емханаларды қаржыландыру азайғаннан бері психикалық аурудың ауыр түріне шалдыққан адамдардың іс-әрекеті қоғамға қауіп төндіретін жағдайға жеткенде, аурухананың орнына түрмеге қамалатын болды. АҚШ Әділет министрлігінің дерегінше, түрмедегі бас бостандығынан айырылғандардың жартысынан көбі – психикалық ауруға шалдыққан адамдар (James & Glaze, 2006).

## Гендерлік ерекшеліктер

Күйзеліс – ең көп тараған психикалық аурудың түрі, АҚШ-та ересек тұрғындардың 17 пайызы осы дертке шалдыққан (Kessler et al., 2005). Күйзеліс – кең тараған кесел, соның ішінде ер адамдарға қарағанда әйелдер жиі душар болатын ауру.

Неге әйелдер күйзеліске жиі ұшырайды? Көптеген ғалымдардың зерттеуі бойынша, әйелдер көп күйзеліске түсетіндіктен және сол күйзелістің себебін бақылай алмай депрессияға шалдығады (Hogwitz 2002: 173-179). Шын мәнісінде, депрессия көрсеткіші өз өмірін бақылауда ұстай алмайтын жұмыссыз және тұрмыстағы балалы әйелдерде жоғары. Мысалы, кішкентай балалары бар даяшы әйелдің кешкісін ыстық ас дайын болуын күтетін күйеуі оның өмірін, жұмыс кестесін немесе күйзеліс деңгейін бақылай алмайды. Дәл осылай жұмысынан айырылған немесе жұмысын басқара алмайтын әйелдер депрессияға көбірек ұшырайды.

Керісінше, әйелдермен салыстырғанда еркектер психикалық қоздырғыш заттарды жиірек қабылдайтындары жөнінде және құмар ойындарға компюльсивті берілу немесе зорлыққа бейім тұру сияқты қылықтарға тән лайықсыз әдеттерден көрінетін «гүлғаның бұзылуы» туралы жиі айтады (Kessler et al., 2005). Ғалымдардың тұжырымы бойынша, ер адам күйзелісті жағдайға агрессия немесе зиянды есірткілік заттарды қабылдау арқылы жауап береді. Сол себептен оларда осы іспетті аурулар пайда болады.

## Денсаулық сақтау саласында жұмыс істеу

Қоғамдық өмірдің басқа да салалары сияқты денсаулық сақтау саласында да рөлдер, мәртебелер және билік үшін күрестің өзіндік жиынтығы бар. Бұл бөлімде денсаулық сақтау саласындағы медицина және медбике ісі сияқты екі маңызды ортаны қарастырамыз. Сонымен бірге денсаулық сақтау иерархиясында өз жағдайын жақсарту үшін қалай күресетінін талқылаймыз.

## Дәрігерлер: кәсіби автономия үшін күрес

Дәрігерлер медициналық қызметкерлердің 5 пайыздан аз бөлігін құрайды. Сонда да медициналық мекемелерде басты орынға ие. Дәрігерлер ауруды емдеу мен анықтау үшін жауапты. Олар емделушінің өзін ұстау үлгісін қалыптастырады және көмек көрсетуші қосалқы қызметкерлердің, техниктердің, медбикелердің тәртіп ережелерін басқаруда және емхананың үлгісін қалыптастыруда шешуші рөл атқарады.

13-бөлімде айтылатындай, мамандық – арнайы дағды мен шығармашылық еркіндікті талап ететін ерекше іс-әрекет түрі. Бұл анықтамаға дәрігердің жұмысындай басқа ешбір жұмыс сәйкес келмейді. Алайда осыдан 1000 жыл бұрын дәрігер атын алуға кез келген адам хақылы болған. Оқыту және емдеу шаралары жиі өзгертін, деңгейі де өте төмен (Starr, 1982). Кейбір дәрігерлер сауатсыз болатын, өз мамандығын шәкірт ретінде үйренетін. Ал көпшілігі ақысын төлеп, сертификатқа ие болатын қысқа мерзімді курстарға қатысып та дәрігер бола берген. 1848 жылы америкалық медицина ассоциациясы құрылғаннан бастап, кәсіби қызмет көрсету жүйесі қалыптаса бастады. Бұл процесс 1910 жылы толық аяқталып, медициналық оқыту мен лицензия берудің қатаң ережелері қабылданды.

### Дәрігерлердің табысы мен беделіне деген ықылас

Медициналық мамандық сертификация теориясының үлгісі бола алады. Қазіргі кезде тәжірибелі отбасылық қызметкерлер орташа 163 510 \$, ал хирургтар орташа 225 390 \$ табыс табады (АҚШ Еңбек статистикасы бюросы, 2011с). АҚШ-та дәрігерлердің табысы неге мол және неге жоғары беделді мамандар саналады?

Құрылымдық функцияшылдардың айтуынша, дәрігер болуға лайықты қабілеті мен таланты жеткілікті адамдар өте сирек, ал хирург болуға лайықты адамдар одан да аз. Сонымен қатар дәрігерлер ұзақ және қиын білім алу кезеңдерінен өтеді. Демек, осындай қиын жұмысқа өз ғұмырын арнауы үшін еңбегі жоғары бағалануы тиіс. Ал конфликтология көзқарасын ұстанушылар дәрігерлерге берілетін жоғары табыс пен бедел қоғамның қажеттілігі үшін емес, олардың жеке пайдасы үшін билікті қолдану деп тұжырымдайды.

Осы пікірді растау үшін конфликтология теорияшылары Америка медицина ассоциациясының (АМА) ықпалын дәлел ретінде келтіреді. АМА дәрігерлердің емдеу тәжірибесінен өту талаптарын белгілейді. Бұл ұйым медициналық қызмет көрсету стандарттарын жүйелендіріп, сол стандарттарды ұстанбаған дәрігерлерді жауапкершілікке тарту немесе олардың мүдделерін қорғау үшін құрылған. АМА-ға дәрігерлердің жартысынан аз бөлігі енгенімен, биліктің көп бөлігі әлі де соның қолында шоғырланған. Ол – дәрігерлердің халыққа көрсететін қызметін ақылы етуді көздеп күрес жүргізді. Осы мақсатына жету үшін Medicare, Medicaid және 2011 жылғы медициналық реформалармен бірге ұлттық медициналық сақтандыру жүйесінің құрылуына қарсы болды. Сонымен қатар акушерлік, остеопатия және инемен емдеу сияқты балама медициналық тәжірибелерді тоқтату үшін күресті (Weitz, 2012).

### Дәрігерлер мәртебесінің өзгеруі

Дәрігерлердің жоғары табысы сақталғанмен, мамандықтың өзге артықшылықтарынан айырылып қалды. 1970 жылға дейін дәрігерлер жұмыс жағдайын анықтауда еркін, тәуелсіз болды. Мемлекет тарапынан да жоғары құрметке ие болды. Кейбір емделушілер үшін дәрігер білім мен көмектің Құдайдан кейінгі иесі деп саналатын. Қазіргі кезде бұл салаға мынадай біршама өзгерістер енгізілді (Coburn & Willis, 2000; Weitz, 2012):

- Дәрігерлердің көп бөлігі топпен немесе корпорация үшін жұмыс істейді. Қағазбасты адамдар – олардың еңбекақысын, емдеу шараларын және жұмыс уақытын анықтайды. Нәтижесінде, дәрігерлер біршама тәуелсіздігінен айырылды.
- Қоғам дәрігерлерге сенімсіздікпен, сын көзбен қарайды. Екінші тараптан пікір алу – қазір қалыптасқан жағдай; ал қулық жасау кең етек алуда.

Төлемдер мен ем шараларын мемлекеттік мекемелер мен сақтандыру компаниялары реттейді. Дәрігердің дербестігі шектеулі, өйткені жоғарыда айтылған топтар – ем шаралардың қанша мөлшері қандай бағамен берілетіні жайлы нұсқау беріп отырады.

Дәрігерлер бұл өзгерістерді қабылдауға мәжбүр болды. Оның орнына, олар заң бұзушылық істері бойынша және сақтандыру компаниялары туралы заңдар бойынша заңдық шектеулерге қарсы күрескен еді. Сонымен қатар қоғамдық пікір сотында дәрігерлер емделушілердің мүддесін қорғайтынын дәлелдеп, емделушілердің пікірін өзгерту үшін күресті.

Түйткілді мәселелер шығып қалатынына қарамастан, дәрігер мамандығы – табысы мол және беделді жұмыс. Бірақ жылдан-жылға қадағалауы қатаң салаға айналып барады және соның әсерінен сынның астында қалып жатыр.

## Медбикелер: кәсіби мәртебе үшін күрес

Он миллион адам жұмыс істейтін денсаулық сақтау саласының ең ірі бөлігі – 1,8 миллион адамнан тұратын медбикелер. Ешбір емхана медбикелерсіз жұмыс істей алмайды және оларсыз бірде-бір дәрігер қызмет ете алмайды. Олардың денсаулық сақтау саласында маңызы болғанымен, мәртебелері біз ойлағаннан әлдеқайда төмен. Медбикелердің мәртебесін көтеруге деген талпыныстары неге жетістікке жете алмады?

### Медбикелердің қазіргі мәртебесі

Медбикелер денсаулық сақтауда маңызды рөл атқарады. Бірақ олардың күнделікті жұмысында немесе оқыту мен сертификаттаудан өтуде мүмкіндігі аз. Медбикелердің стандартты дайындығын анықтауда және лицензиялау кеңесінде стандарттан өтуінде дәрігерлердің дауысы маңызды.

Жұмыс кезінде ең төмен дәрежелі дәрігер, тәжірибелі медбикеге бұйрық бере алады, яғни медбике дәрігердің нұсқауларын орындауы тиіс. Мәртебенің осындай айырмашылығынан медбикелердің орташа табысы 62 400 \$ құрайды, бұл отбасылық тәжірибедегі дәрігер еңбекақысының үштен бір бөлігі (АҚШ Еңбек статистикасы бюросы, 2011). Медбикелер арасында тіпті магистр немесе PhD дәрежелі мамандар бар. Дегенмен олардың еңбекақысы әлі де дәрігерлердің еңбекақысының аз ғана бөлігіне тең. Қоғам медбикелерді қызметіне адалдығы үшін сыйлағанмен, олардың кәсіби білімін бағаламайды. Осы себептерден медбикелік істің кәсіп ретіндегі әлеуметтік анықтамасы жоқ.

Неге медбикелердің мәртебесі осыншалық төмен? Себебі ғасырлар бойы бұл жұмысты, негізінен, үнемі әйелдер орындаған. XX ғасырға дейін қамқорлық әйелдерге табиғатынан тән, сол себепті аналар, қыздар немесе әпке мен апалар отбасында ауырған адамға қамқорлық көрсетуге дайын болуы керек деп санаған (Reverby, 1987). Күтім жасау – XIX ғасырдың ортасына дейін ресми кәсіп ретінде қарастырылмаған. Тарихи тұрғыдан алғанда, бұл жұмыс құрмет пен құқықты жеңіп алуды керек етпейтін, бастапқы кезден әйел болмысына сай және оның міндеті болды (Reverby, 1987). Медбикелер әйелге тән альтруизммен, жанқиярлық қасиетпен көбі ер адам болып келетін дәрігерлер мен емхана әкімшілігінің нұсқауларын, сонымен бірге лауазымы жоғары әйелдердің де нұсқауларын орындауға дайын болуы керек деп болжамдалды. Осындай көзқарас қалыптасып қалғандықтан медбикелердің мәртебесі, дербестігі үшін немесе жұмыс жағдайын жақсарту үшін күрес жүргізу қиын болды.



Медбикелер денсаулық сақтау жүйесінің негізін құрайды. Бұл қызметті көбіне әйелдердің атқаруына байланысты. қоғам әдетте олардың кәсіби дағдылары мен білімін бағаламайды.

Сонымен бірге бұл салада әйелдер ғана еңбек етуінің өзі кәсіпті айқындайтын оқыту мен жұмысқа қажетті дербестік алуды, қоғамдық құрметке ие болуды қиындатты.

### Медбикелер мәртебесінің өзгеруі

Медбикелердің статусы мен жағдайын жақсарту үшін медбикелер басқармасы бірнеше жыл бойы білім беру деңгейін арттырумен айналысты (Weitz, 2012; Malka, 2007). 1960 жылдарға дейін стандартты медбикелік төлқұжат ТМ (тіркелген медбикенің) дипломы болды, ол емханалық оқу бағдарламасын өткеннен кейін берілетін. Қазіргі кезде бұл мамандар екі немесе төрт жылдық медбике ісі оқуын колледжде немесе университетте тәмамдайды. Сонымен қатар медбикелердің бір бөлігі оқуын бітіріп диплом алған соң фельдшер-медбике немесе акушер-медбике болады. Мұндай дәрежедегі медбикелердің дербес құқығы бар, мәртебелік және қаржылық марапаттары, сонымен бірге науқастарға дәрі жазып беру сияқты құқығы болады.

Медбикелердің білім сапасын арттыру, яғни мәртебесін көтеру талпынысы ақталмады. Тек соңғы жылдары ғана емханалар жұмысқа төрт жылдық оқуды бітірген медбикелерді қабылдай бастады. Ал білім деңгейі төмендер әлі де төменгі сатыда қалып келеді. Сонымен бірге шығындарды азайту үшін емханалар көп қызметін ТМ-ның көптігін қажет етпейтін амбулаториялық емханаларларға ауыстырып жіберді. Медбикелердің еңбекақысы төмен, сондықтан бұл мамандыққа жұмысқа орналасуға қызығушылық та төмендеген (Norrish & Rundall, 2001). Емханалар медбикелік кадрларды қысқартып, жұмыста қалған күтушілердің міндетін арттырды (Gordon, 2005). Соңғы кездері жұмысқа ерлер араласа бастағанмен, бұл сала әлі де «әйелдерге арналған», сол себепті де еңбекақысы мен мәртебесі төмен болып отыр.

## АҚШ-тағы денсаулық сақтау

Адамдардың денсаулық сақтауға қолжетімдігін қамтамасыз ету – кез келген қоғамның негізгі міндеттерінің бірі. АҚШ медициналық көмек алудың бірнеше жолдарын ұсынады: жекеменшік немесе мемлекет қаржыландыратын сақтандыру компаниялары арқылы жеке немесе қоғамдық емханаларда немесе өз қаражатыңызға емделу. Дегенмен америкалықтардың көбі тек сапасыз ем шараларынан өте алады, бір бөлігі қайырымдылық қорларынан түскен ақша арқылы емделуге мүмкіндік алады, ал басқа бөлігінің, тіпті емделуге, дәрігерге қаралуға мүмкіндігі жоқ.

АҚШ-та медициналық сақтандыру қалай жұмыс істейді? Неге кейбір адамдарда сақтандыру жоқ және сақтандыру келісімшарты болмаған адамдар қандай жағдайда қалады? Басқа мемлекеттер денсаулық сақтау саласын қалай толықтай қаржыландырады?

### АҚШ-тағы денсаулық сақтау құны

Медициналық көмек – өмір сүрудің ең жылдам дамып келе жатқан сегменті. 1970 жылы медициналық қызмет үшін америкалықтар орта есеппен әр адам басына 372 \$ (2006 жылғы доллар) жұмсаған. 2006 жылы олар орташа 6 561 \$ ақша жұмсады, ал 2013 жылға қарай шамамен екі есе көп ақша шығындады (АҚШ санақ бюросы, 2009).

АҚШ-та денсаулық сақтауды қаржыландырудың үш түрі

бар: жеке төлем, жеке сақтандыру компаниясы және мемлекеттік бағдарлама. Медициналық қызметтің бағасы қымбат болғандықтан, өте бай адамдар ғана ақысын төлеп емделеді, ал қарапайым халық тек болмашы мәселемен ғана дәрігерге көріне алады. Сондықтан америкалықтардың көпшілігі жекеменшік емес, мемлекеттік сақтандыру бағдарламаларына сенеді. Халықтың қалған бөлігі сақтандырылмаған. Яғни денсаулық сақтау үшін қажетті қаражаты жоқ. Ал сақтандыру қорлары емделушілердің шығынын толықтай өтей алмайды.

## Жеке сақтандыру қорлары

Америкалықтардың көбінде жұмыс берушілерден, ата-аналарының жұмыс берушілері немесе жұбайының жұмыс берушілері арқылы алынған жеке сақтандыру бар (Kaiser Commission on Medicaid & Uninsured, 2011). Мұндай сақтандыруды корпорацияда немесе мемлекеттік мекемеде жұмыс істесе ғана береді. Ал шағын бизнесте немесе ең төмен еңбекақыға жұмыс істесе сақтандыру алу мүмкіндігі аз болады. Бұрындары Blue Cross және Blue Shield секілді жеке сақтандырушылар коммерциялық ұйым болған, сол себепті олар компанияның үстеме ақшасын азайтуға тырысқан. Алайда қазір жеке сақтандыру компанияларының көбі коммерциялық корпорацияларға айналған. Денсаулық сақтау саласындағы жеке шығындардың көбеюінің бір себебі осында.

## Мемлекеттік бағдарламалар


Үкімет ұсынған бірнеше медициналық сақтандыру бағдарламасы бар. Medicaid және Medicare – ең ірі екі бағдарлама. Сонымен қатар жергілікті билік өкілдері қоғамдық денсаулық сақтау мекемелері мен емханалар арқылы медициналық көмек көрсетеді.

Medicare – мемлекет тарапынан қаржыландырылатын, 65 жас-тан асқан азаматтарға арналған медициналық сақтандыру бағдарламасы. Medicare-дің арқасында барлық қарт америкалық – медициналық сақтандыруға ие болды. Алайда бұл бағдарлама мемлекетке өте қымбатқа түсіп отыр. 2006 жылы үкімет Medicare бағдарламасына 401 млрд доллар қаражат бөлді (АҚШ санақ бюросы, 2009). Шығындарды өтеу үшін салықты арттыру немесе шығындарды азайту қажет, олай болмаған жағдайда бағдарлама 2017 жылға қарай құлдырауға ұшырайды.

Medicare 65 жастан асқан барлық азаматтарға қолжетімді болса, Medicaid тек қажеттіліктерге ғана медициналық сақтандыру ұсынады. Қаражат федералдық үкіметтен және штат үкіметтерінен бөлінеді. Ем алу құқығы мен қызметтерді әр штат бөлек анықтайды. Кейбір адамдар үшін жан-жақты, сапалы медициналық көмек көрсетіледі. Басқаша айтқанда, егер сіз кедей болсаңыз өзіңіз де, балаңыз да, тіпті жүкті әйеліңіз де Medicaid бағдарламасынан көмек ала алмайды.

## АҚШ-тағы медициналық сақтандыруы жоқ адамдар

2010 жылы 65 жасқа дейінгі америкалықтардың 18,5 пайызында медициналық сақтандыру болмаған. (Medicaid және сақтандырылмағандар бойынша: Kaiser комиссия, 2011). Medicare арқасында қарт адамдардың 100 пайызға жуығы медициналық сақтандыруға ие болды.



Қазір АҚШ-та банкроттыққа ұшыраудың басты себептерінің бірі – медициналық сақтандырудың және медициналық қызмет бағасының өсуі.


## әлеуметтану және сіз

Сізде де басқа жасөспірімдер секілді медициналық сақтандыру болмауы мүмкін немесе болған күнде де оқуды бітірген соң қандай да бір жағдайларға байланысты сақтандыруыңыздан айырылып қалуыңыз мүмкін. Қазіргі уақытта денсаулығыңыз жақсы болғанмен, оқыс жағдайға ұшырасаңыз сақтандыру қажет болады. Мысалы, жол-көлік апатына ұшырап, өлім аузында жатсаңыз, заңды түрде емханаға қабылданасыз. Алайда әрі қарай денсаулығыңызды жақсарту үшін емделу кезінде сізге мүгедектер арбасы берілмейді, физиотерапия немесе ота жасалмайды. Осылайша, жол апатынан кейін сіз медициналық сақтандыруыңыз болса, толықтай жазылып, денсаулығыңызды жақсартып шыға аласыз, сақтандыру жасалмаса мүгедек болып қалуыңыз мүмкін.

### 10.1-СЫЗБА. Сақтандырылмаған америкалықтардың үлесі

65 жасқа толмаған америкалықтардың 20 пайызға жуығы медициналық жағынан сақтандырылмаған. Егер азаматтар ересек жаста, кедей немесе кедейлік шегінде болса, азшылық ұлт өкілі болса немесе үй қожалығында жұмысшысы болмаса сақтандыруға ие бола алмайды

ДЕРЕККӨЗ: (Medicaid және сақтандырылмағандар бойынша: Kaiser комиссия, 2011).



Сонымен қатар шағын бизнесте жұмыс істесе немесе денсаулығы нашар болса да (медициналық сақтандырушылар оларға көп қаражат қажет болады деп қауіптенгендіктен) сақтандыру ала алмайды. 10.1-кестеде бұл нақты сипатталған.

Сақтандырылмаған адамдар мемлекеттік емханаларда жедел жағдайда ем қабылдай алады. Басқа жағдайда дәрігерге көрініп, кеңес алу үшін ұзақ кезек күтуі қажет, кезегі жеткен күннің өзінде сапасыз қызмет көрсетіледі. Нәтижесінде сақтандырылмаған америкалықтардың басқа ем алып жатқан азаматтар сияқты дәрігерге жиі баруға мүмкіндігі болмайды; емханада емделуді талап ете алмайды, емханада ем алғанына қарамастан, қайтыс болу қаупі жоғары (Medicaid және сақтандырылмағандар бойынша: Kaiser комиссия, 2011).

## Медициналық сақтандыруды кеңейту үшін күрес


Көп жылдар бойы белсенділер, саясаткерлер, дәрігерлер және басқалар АҚШ-та сақтандыруды кеңейту үшін күресті. Күрестің нәтижесінде 1965 жылы Medicaid және Medicare енгізілді. Ал соңғы кездері кейбір (Massachusetts, Vermont & Hawaii) штаттың азаматтарын түгел қамтитын бағдарламалар қабылдай бастады. 10.2-картада медициналық сақтандыруы жоқ азаматтардың пайызы көрсетілген. Мысалы, Массачусетс штатында 5 пайыз, ал Техаста 26 пайыз. Гавай, Массачусетс және Миннесота сияқты сақтандырумен толықтай қамтылған штаттардың тұрғындары бұрынғы кезден ауызбірлігімен және жұмысқа деген жауапкершілігімен ерекшеленеді. Ал тұрғындары кедей, аз ұлттардан, иммигранттардан құралған және



**10.2-КАРТА. Мемлекеттік медициналық сақтандыруы жоқ азаматтардың пайыздық көрсеткіші**

Медициналық сақтандыруы жоқ америкалықтардың пайыздық көрсеткіші штатқа байланысты өзгеріп отырады. Мысалы, Массачусетс штатында 5 пайыз болса, Техас штатында 26 пайыз.

ДЕРЕККӨЗ: Кайзердің отбасылық қоры (2012)



әр азамат өзі үшін ғана жауапты деп санайтын штаттарда сақтандырумен қамтылу көрсеткіші төмен.

Сақтандырумен қамтуды арттыру мақсатымен, Массачусетс штатының медициналық сақтандыру бағдарламасының негізінде, 2010 жылы Конгресс емделушілерді қорғау және қолжетімді медициналық көмек туралы заң қабылдады («Қолжетімді көмек туралы заң» немесе ҚЖК/АСА деп аталады).

Басқа мәселелермен қатар АСА келесі бірнеше жыл ішінде:

1. жұмыс берушілерден болсын, коммерциялық емес жаңа немесе мемлекеттік «денсаулық биржаларынан» болсын, америкалықтардың бәрінің медициналық сақтандырылуын талап ету;
2. жұмыс берушілерден өз қызметкерлеріне медициналық сақтандыруды субсидиялауды талап ету;
3. 65 жастан төмен барлық кедейлерді және жақын маңдағы кедейлерді қамтуға арналған Medicaid бағдарламасын кеңейту;
4. сақтандырушылардан денсаулығы нашар азаматтарға сақтандыру беруді және 26 жасқа дейінгі жастарға ата-аналарының сақтандыру полистеріне тіркелуге мүмкіндік беруін талап ету сияқты мақсаттарды жүзеге асырады.

АСА мақсаттарына жан-жақтан қарсылық жасалды. Көптеген америкалық азамат медициналық сақтандыру бөлек мәселе ретін-



де қаралуы керек немесе медициналық сақтандыру ісі мемлекет тарапынан көрсетілетін қызмет пен салықты кез келген себеппен өсіруге қарсы болуы керек деп санайды. Сонымен қатар дәрі-дәрмек өндірушілердің көбі, емхана әкімшілігі және басқалар жоспарлы жұмысқа қарсы, өйткені бұдан табыс көлемі азаяды.

Жоспарға қарсылардың бір тобы – бұл ұзаққа бармайды деп ойлайды. АСА қазіргі денсаулық сақтау жүйесінің шеңберінде құрылды. Ұлттық деңгейдегі мыңдаған сақтандыру бағдарламасына жұмсалатын әкімшілік шығындардың қайтарымы мардымсыз, дәрігерлер соның арқасында ақша тауып жүр; емханалардың қызметтерінің төлем жүйесіндегі шығындар да қомақты күйінде қалып отыр. Сонымен қатар коммерциялық сақтандырушылар денсаулығы нашар адамдарды сақтандырмауға тырысады. Нәтижесінде, АСА сақтандырылмаған адамдар санын азайтпақ болады, бірақ сақтандыруға немесе денсаулық сақтау қызметіне қол жеткізе алмайтын миллиондаған адам далада қалады, бұл денсаулық сақтау саласына кететін шығындарды азайтпайды (Medicaid & Medicare Services орталықтары, 2010).

АСА-ның ықпалы толықтай іске асқанша біршама уақыт өтеді. Жоғарғы сот АСА-ның негізгі компоненттерін (мемлекет Medicaid бағдарламасының қамтылуын кеңейтеді немесе федералдық қаржыландыру қысқартылады деген талаптан басқа) 2012 жылдың маусымында қабылдады. Бірақ оған қарсылық әлі де қатты. АСА-ның жұмысы жөніндегі сот тайталасы әлі де бірнеше жылға созылатыны анық.

## Басқа елдердегі денсаулық сақтау саласы

Америка Құрама Штаттары – өндірісі дамыған, бірақ барлық азаматын медициналық қызметпен қамтамасыз ете алмайтын жалғыз мемлекет. Денсаулық сақтау қызметтері тауар секілді сатылады. Сіз тек алғашқы көмек қызметі сияқты қолыңыз жеткен қызметті ғана пайдалана аласыз. Егер бұл мүмкін болмаса, сол қызметке сүйенбей-ақ әрекет етуді үйренесіз. Әлемнің өндірістік саласы дамыған басқа елдерінде медициналық қызмет бастауыш білім сияқты: қаржылық мүмкіндігіңізге қарамастан, барша адамға қолжетімді тиісті көмек ретінде қарастырылады. Ондай елдерде медициналық көмек қалай қамтамасыз етіледі?

### Ұлттық денсаулық сақтау саласы

Өндірісі дамыған елдер әртүрлі жүйелерді қолданады. Бірақ олардың барлығы әр азаматтың сапалы медициналық қызметке қолжетімділігіне кепілдік береді. Ұлыбритания және Канада екі тиімді үлгі ұсынады.

Бұл екі мемлекетте де денсаулық сақтау бірыңғай төлем жүйесі арқылы қамтамасыз етіледі. «Бірыңғай төлем жүйесінде» дәрігерлер мен емханалар тікелей немесе жанама түрде бір орталықтан, яғни үкімет тарапынан қаржыландырылады. Екі елде де емханаларда жұмыс істейтін дәрігерлерге еңбекақы төленеді. Алайда жекеменшік фирма я ауруханаларда жұмыс істейтін бригаддық дәрігерлер айлық жалақы алса, канадалық дәрігерлер көрсеткен қызметіне байланысты еңбекақы алады (Weitz, 2012).

**Бірыңғай төлем жүйесінде**  
(денсаулық сақтау саласында)  
дәрігерлер және емханалар үкімет тарапынан ғана қаржыландырады.

Бірыңғай төлем жүйесі ем шараларының шығынын үш әдіспен азайтуға тырысады (Weitz, 2012; Physicians for National Health Program, 2009). Біріншіден, бұл әдістер өте тиімді: америкалық дәрігерге ондаған сақтандырушы апта сайын төлеу керек болса, канадалық дәрігер шығын есебін тек үкіметке ғана жібереді. Екіншіден, бұлар коммерциялық емес: канадалық және британдық денсаулық сақтау жүйесі тек медициналық қызмет көрсетуге бағытталған. Ал АҚШ-тағы сақтандыру компанияларының мақсаты – акционерлері үшін табыс табу. Нәтижесінде, АҚШ-тағы сақтандыру компаниялары ауру адамдарды сақтандырудан қашады және сақтандыруды жоюға тырысады. Соңғысы, бірыңғай төлем жүйесі – «жалғыз мүмкіндік»: медико-санитарлық көмектің (есірткіні қосқанда) жалғыз сатып алушысы болғандықтан, бірыңғай төлем жүйесі дәрігердің бағасын төмендету үшін фармацевтикалық компанияларға ықпал жасай алады. Дәрігерлерге жалақыларын төмендету және мемлекеттік тексерушілер қажетсіз, тиімсіз және тексерілмеген деп тапқан жаңа емханалық қызметтерді тоқтату туралы талап қоя алады.

Бірыңғай төлем жүйесінің кемшілігі сол – дәрігерлер мен тұтынушының мүмкіндігін азайтады. Дәрігерлер қандай төлем қабылдай алатынын шеше алмайды, ал тұтынушылар тек мемлекет бекіткен ем шараларды ғана қабылдай алады. Таңдау мүмкіндігі аз.

## Төмен бағамен жақсы күтім

Қазіргі заманғы медициналық технологиялар біздің мүмкіндігімізді кеңейтіп, құтқару қабілетін арттырды. Бұл алайда өте қымбат. Ал кейбір нашар дамыған елдер халқының денсаулығын сақтауға қалай көмектеседі?

Арзан әрі тиімді денсаулық сақтау саласында көрсетілетін қызметтің үлгісі ретінде Қытайды айта аламыз. Қытайда батыстық үлгідегі емдеу шаралары тек аурудың алдын алу мақсатында ғана қолданылады. Негізінен медбике және акушер сияқты арзан медициналық қызмет ұсынушыларға; санитарлық жағдайға, тұрғын үй және азық-түлік сапасын жақсартуға; табысты арттыру үшін білім сапасын көтеруге; дәстүрлі емдеу әдістеріне баса назар аударылады.

Мұндай әдістің арқасында Қытайдағы өмір жасының ұзақтығы АҚШ-тан төрт-ақ жылға аз, алайда Қытай денсаулық сақтау саласында әлдеқайда аз ақша жұмсайды (АҚШ санақ бюросы, 2009). Коста-Рика, Шри-Ланка, Куба және Вьетнам сияқты дамуы төмен елдердің тәжірибесі аурудың алдын алу, білім сапасын арттыру және өмір сүру жағдайын жақсарту, денсаулық сақтау саласына жоғары технологиялық құрылғылар алғаннан гөрі пайдалырақ екенін көрсетті (Weitz, 2012).

## Бұл бізге не береді?

Әлеуметтік талдау – денсаулық пен аурудың әлеуметтік құрылымы бар екенін көрсетеді. С. Райт Миллс айтқандай, бір адам күйзелістен немесе зиянды әдеттерден немесе сапасыз медициналық қызметтен қайтыс болса, бұл оның жеке мәселесі, сондықтан біз жеке адамның мінез-құлқын қарастыруымыз керек. Ал таптар, нәсіл немесе жыныстар үнемі денсаулық пен денсаулық сақтауда елеулі кемшіліктер-

ге тап болса, бұл – әлеуметтік мәселе. Мәселені дұрыс анықтап және дұрыс шешім табу үшін жеке адамдар шеңберінен шығып, әлеуметтік құрылымдар мен институттардың мұндай үлгілерінің құрылуына ықпалын қарастырған жөн. Әлеуметтік пікір бойынша, халық денсаулығының айтарлықтай жақсаруы үшін, әлеуметтік институттардағы өзгерістерді күшейту, кедейлік пен дискриминацияны төмендету, тұрғын үй мен азық-түлікке қол жеткізуді жақсарту т.б. талап етіледі. Медициналық қызмет көрсетуге қолжетімділікті теңестіру пайдалы, бірақ әлеуметтік өзгерістер енгізуден маңызды емес.

## — Қорытынды

1. Денсаулықты зерттеуге арналған құрылымдық-функциялық теорияның маңызды үлесі – науқастың рөлін түсіндіруі. Бұл тұжырымдама аурудың қоғамға деген жағымды әсері мен қоғамның сол ағымға кедергі келтірмеуі үшін ауруды қалай азайтатынын түсіндіреді.
2. Конфликт теориясы тұрғысынан ауруды туындатушылар тұжырымдамасын қарайық: ауруды тудыратын жағдайды қуаттап, одан пайда табатын топтар бар. Конфликт теориясы медициналық құралдарынан ауру анықтамасының қалай дамидынын және түрлі ауруларды анықтаудағы бәсекелес топтардың мүдделерін түсіндіруге көмектеседі.
3. Символдық интеракционизм теориясы – науқастың тәжірибесін және емделушілердің нұсқауды орындамауының себебін түсіну үшін пайдалы.
4. АҚШ-тағы алдын алуға болатын өлімнің жартысынан көбіне мынадай тоғыз фактор себеп: темекі, нашар тамақтану, дене қимылының аздығы, алкоголь, бактериялар мен вирустар, лас жұмыс орны мен аудандар, автокөліктер, қару-жарақтар, жыныстық қатынасқа шақырған мінез-құлық және заңсыз есірткі.
5. Аурудың рөлі – науқас адамдарға қатысты төрт әлеуметтік нормадан тұрады. Олардың қалыпты әлеуметтік рөлін орындамаудың себептері бар және олар ауруға шалдыққаны үшін жауапты емес деп есептеледі. Олар ауруды жағымсыз жағдай деп санайды. Сондықтан денсаулығын жақсартып, жұмыс істеу үшін дәрігерлердің нұсқауын ұстануы тиіс. Алайда науқас рөлінің үлгісі кейбір ауруларға басқалардан гөрі жарасымды келеді.
6. Денсаулыққа байланысты сендіру үлгісі. Бұл «егер нақты қауіп төніп тұрғанын білсе, адамдар денсаулығын сақтауға тырысады, қиындық туған сәтте осындай алдын алу әрекеті оларға төнетін қауіпті азайтады» деп болжайды.
7. Жыныс, әлеуметтік тап, нәсілдік/этностық ерекшелік және жас мөлшері АҚШ-тағы ауру мен денсаулық үлгісін түсіндіруге көмектеседі. Ерлердің, афроамерикалықтардың, кедейлердің, жастар мен егде адамдардың арасында өлім-жітім деңгейі жоғары, оның себебі – биологиялық емес, әлеуметтік мәселелер.
8. Денсаулықтың әлеуметтік-экономикалық мәртебенің төмендігіне байланысты кемшін болуы – қарапайым қабілет пен денсаулық сақтау ісінің шегінен алшақ шығып кететін мәселе. Кедей адамдардың өмір сүру деңгейі төмен, олар көп күйзеліске ұшырайды, білім деңгейі төмен және ластанған аймақтарда өмір сүреді, сондықтан денсаулығына байланысты қиындықтар туындайды.
9. Әйелдер және төменгі тап өкілдері психикалық ауруға көбірек душар болады. Мұның себебі әртүрлі болуы мүмкін. Бірақ мұнда күйзелістің әсері басым. Ер адамдардың зиянды заттарды қабылдау, жан күйінің берекесіздену көрсеткіштері әйелдерден гөрі анағұрлым жоғары.
10. Дәрігерлер – кәсіби мамандар. Олар өзінің және медициналық орталықтағы басқа қызметкерлердің жұмысына үлкен ықпал етеді. Құрылымды функцияшылдардың тұжырымдауына, дәрігерлер қабілеті мен таланты аз болса да көп табыс табады. Ал конфликто-

логия теорияшыларының айтуынша, тиімді медициналық ұйымдар жоғары табысқа кепілдік береді. Корпоративті және мемлекеттік бақылау күшейген соң, дәрігерлердің жұмыс еркіндігі азайды және қоғамдық сын күшейді.

11. Медбикелер денсаулық сақтау саласының ең үлкен бірыңғай кәсіптік тобын құрайды. Медбикелер дәрігерлерден әлдеқайда аз пайда табады. Олардың беделі төмен, бұйрық бермейді, орындайды. Мұның себебі медбике жұмысы дәстүрлі санада «әйелдерге» тән жұмыс ретінде қабылдануында.
12. Сақтандырылған америкалықтардың көпшілігі жеке медициналық сақтандыру жоспарларына енеді. Medicare – бұл барлық егде жастағы азаматтарды сақтандыруға арналған мемлекеттік бағдарлама. Ал Medicaid, ең алдымен, өте кедейлер үшін қабылданған мемлекеттік сақтандыру бағдарламасы.
13. Америка Құрама Штаттары – төлем қабілеттілігіне қарамастан, пациент тұрақты медициналық көмекке қол жеткізе алмайтын жалғыз индустриалы мемлекет. 65 жастан асқан америкалықтардың 18 пайыздан астамы сақтандырылмаған. Сақтандырылмаған адамдар сырқаттанып қалатын я қайтыс болатын жағдайды басқалардан гөрі жиі бастан кешіреді, бірақ бұлардың медициналық көмекке мұқтаждығы жөніндегі мәселе кейінге ысырыла береді.
14. АСА бағдарламасы сақтандырылмаған азаматтардың санын азайтуға бағытталған. Бірақ мемлекеттің денсаулық сақтауға араласуына қарсы азаматтар бұл бағдарламаға оппозиция құрды, ал басқалары бағдарлама жан-жақты талқыланбаған деп ойлайды.
15. Басқа елдердегі бірыңғай төлем жүйесі денсаулық сақтау шығындарын азайтады. Өйткені бұл тиімді: коммерциялық емес және медициналық қызмет көрсетушілермен бағаны төмендету жөнінде тиімді келісім жасауға болады. Алайда бірыңғай төлем жүйесі дәрігерлер мен тұтынушылардың таңдау мүмкіндігін азайтады.

## Сыни ойлау

1. «Сырқаттануға бейім» адамдардың арасында темекіден өлу оқиғалары қалай көбейді? Спирттен өлу ше? Улы заттардан өлу қалай? Диетадан ше?
2. Әлеуметтік күштер мен саяси шешімдер жыныстық мінез-құлықтан болған өлім-жітімнің көбеюіне қалай әсер етеді? Заңсыз есірткі заттардың себебі қандай?
3. Соңғы рет жақын досыңыздың немесе туысыңыздың ауырғанын есіңізге түсіріңіз. Науқас адам рөлінің тетіктерін пайымдап алып, осы жағдайға байланысты қолданып көріңіз. Айналаңызда созылмалы аурумен ауыратын адамдар бар ма, есіңізге түсіріп, алдыңғы тәртіппен тапсырманы орындаңыз.
4. «Ерлердің жыныстық қатынасқа қабілетсіздігін» ауру ретінде анықтау кімге пайдалы? Қалай? Кім шығындалады? Не үшін шығындалады?
5. Темекі шегетін немесе басқа зиянды әрекетпен айналысатын досыңыз жайлы ойланыңыз. Досыңыздың мінез-құлқын өзгерту үшін не қажет екенін анықтау мақсатында, денсаулыққа сенім үлгісін қолданыңыз.
6. Неге еркектер медбикелік жұмыспен сирек айналысады? Мұндай гендерлік айырмашылықты не өзгерте алады?
7. Құрама Штаттар ұлттық денсаулық сақтау жүйесін қабылдаса кімге пайдалы болады? Кімдер жеңеді және жеңіледі? Экономикалық, әлеуметтік, саяси және психологиялық шығындарды ескеріңіз.



**11-ТАРАУ**

## Отбасы

### Тарау тағылымы

#### Осы тарауды оқығаннан кейін студенттер:

- әлемдегі мұқтаж отбасылардың негізгі әлеуметтік қажеттіліктерімен, сондай-ақ дүниежүзінде кездесетін отбасы және неке түрлерімен танысады;
- отбасындағы және ауқымды экономикалық жүйедегі өзгерістердің балалық шаққа, ересек өмірге өтер кезеңге, ерлі-зайыптылардың қарым-қатынасы мен некедегі гендерліктің рөлдеріне қаншалықты әсер ететінін ұғынады;
- некелесуге, ажырасуға және тұрмыстық зорлық-зомбылыққа әкелетін әлеуметтік факторларды сипаттайды, отбасы институтының ыдырауын пайымдайды. Бала туу көрсеткішінің төмендеуі, некесіз туған бала санының артуы және халықаралық деңгейде бала асырап алу деңгейінің өсуі себептерін түсінеді.

## Дүниежүзіндегі неке және отбасы

Соңғы онжылдықтарда америкалық отбасылар көптеген өзгеріске ұшырады. Ажырасу мен жалғыз басты ата-аналар көбейді. Кішкентай баламен қалған әйелдердің дені жұмыс істеп, ақша табуға мәжбүр. Ал асыранды балалардың көпшілігі туған ата-анасы туралы біле алатын болды. Сонымен қатар бір жынысты неке, үйленбей тұрып жыныстық қатынасқа түсу және нәсілралық отбасылар, бұрынғыдай емес, қалыпты жағдайға айналды.

Бұл өзгерістер бәрімізге тікелей немесе жанама түрде әсер етті. Осы тарауда аталған өзгерістердің әлеуметтік сараптамасы мен салдары қарастырылған. Біз негізгі әлеуметтік институттар ретіндегі неке мен отбасын кеңінен сипаттаудан бастаймыз.

АҚШ отбасыларының болашақтағы өзгерісін болжау үшін дүниежүзінде кездесетін отбасы түрлеріне мән берген абзал. Осы арқылы отбасында ненің маңызды екенін түсінеміз.

### Жалпыға ортақ жайттар

Қай халықта да отбасына бөлінген белгілі міндеттер бар, олар әдетте келесі құндылықтарды қамтиды (Seccombe & Wagner 2004):

- көбею арқылы халық санын сақтап тұру;
- жыныстық мінез-құлықты реттеу;
- асырауындағы балаларға, қарттарға, науқастарға және мүгедектерге қамқорлық көрсету;
- жастарды әлеуметтендіру;
- достық, қамқорлық және эмоционалдық қолдау көрсету.

Аталған әрекеттер тек бір адам үшін ғана емес, қоғам үшін маңызды. Сондықтан да әлеуметтік құрылымдар осы мақсаттарға жету үшін жұмыс істейді. Ешбір қоғам мұны жеке адамның талпынысы күйінде қалдырмайды. Теориялық тұрғыда бұл міндеттерді діни немесе білім беру мекемелері орындай алады. Бірақ қоғам бұл міндеттерді отбасының еншісіне берді.

Басқа әлеуметтік құрылымдарға қарағанда, отбасы – биологиялық және әлеуметтік топ. Отбасы – қаны бір болу немесе некеге тұру, бала асырап алу, болмаса неке тектес міндеттемелер арқылы байланысатын адамдар тобы. Бұл түсінік өте ауқымды. Ол баласымен бірге тұратын жалғызбасты ана немесе бірнеше әйелмен өмір сүретін ер адам болуы мүмкін. Қалай болғанда да, әлеуметтік қағидалар бойынша отбасы мүшелері бір-бірі үшін жауапты болуы тиіс.

Отбасының негізі, іргетасы – неке. Неке дегеніміз – екі адамның ресми, әлеуметтік немесе заңды түрде мойындаған одағы. Бұл – дүниеге бала әкелу мен жыныстық қатынасты реттеуді қамтамасыз ететін институционалдық әлеуметтік құрылым. Қазіргі кезде некеге дейінгі некеден тыс немесе бір жынысты қатынасқа көп елдер төзімділік танытып отыр. Дегенмен баланың некесіз тууына қарсылық басым. Кей елдерде некесіз қатынас пен некесіз баланы дүниеге әкелу қатаң жазаланады, ал енді бірінде жаза тым жеңіл.

Сонымен бірге неке деген – ерлі-зайыптылардың міндетін заң жүзінде анықтайтын келісім. 1960 жылдары отбасылық міндеттер ер мен әйел арасында қатаң бөлінген болатын. Мысалы, ер адамдар әйелдерін қаржылай қамтамасыз етуі керек еді. Ал әйелдерге үй шаруасы

**Отбасы** – қаны бір болу немесе некеге тұру, бала асырап алу, неке тектес міндеттемелер арқылы байланысатын адамдар тобы.

**Неке дегеніміз** – екі адамның ресми, әлеуметтік немесе заңды түрде мойындаған одағы.

және күйеулеріне жыныстық қызмет көрсету міндеттелді. Еркек пен әйел арасындағы мұндай міндеттер 1970 жылы феминистік қозғалыс пайда болған соң, өзгере бастады.

Неке – бала тәрбиесі үшін өте маңызды, өйткені ата-аналарға және өзге туыстарға әлеуметтік қадағалаушы рөлі беріледі. Некелі жұптар балалы болған кезде ата-аналары, ата-әжелері және аға-әпкелері сәбидің жақсы өсуі үшін өздеріне жауапкершілік алады. Ал некесіз дүниеге келген бала бұл жағынан әлсіз. Балаға қамқорлық көрсететін адамдар аз болады, ал қамқор болмаған адамдарды әлеуметтік немесе заңды тұрғыдан жазалай алмайсыз. Сондықтан некесіз дүниеге келген балалардың өлім-жітімі жиі кездеседі.

## Мәдениетаралық өзгешеліктер

Бұған дейін біз отбасылардың көбіне өзара ұқсас келетінін айтқанбыз. Бірақ әлемдегі отбасылардың елеулі айырмашылықтары да бар.

### Отбасы түрлері

Тарихқа көз жүгіртсек, қай елде болмасын, қай жерде болмасын адамдар әдеттегідей туыстарымен, айталық, күйеуі, бір немесе бірнеше әйелі, олардың балалары, ата-әжелері, аға-әпкелері, іні-қарындастары, бөлелері, жиендері т.б. бәрі бірге тұрған. Отбасының мұндай түрін кеңейтілген отбасы деп атайды. Әулеттің ұтымды тұстары көп: әңгімелесетін, жаныңды ұғып, құшағын жаятын адам әрдайым жаныңнан табылады, кішкентай балаң қараусыз қалмайды, үйдегі қарт немесе мүгедек адамдар жалғызсырамайды, шығындарды бөлісіп төлеуге болады. АҚШ-та кеңейтілген отбасы көлемі шамамен 12 пайыз және бұл көрсеткіш жыл санап өсуде. Мұның екі себебі бар (Du Toit, Bachtell, & Naggeru 2011). Біріншіден, экономикалық мәселелердің салдарынан адамдар ақша үнемдеу үшін туыстарымен бірге тұруға мәжбүр бола бастады. Екіншіден, соңғы жылдары АҚШ-қа кеңейтілген отбасы құндылықтарын ұстанатын елдерден иммигранттардың келуі көбейген. Олар жаңа қоныстарында да осы тенденцияны жалғастырып жатыр.

Дегенмен америкалықтардың басым бөлігі (ауқатты қоғамда өмір сүретін басқа адамдар секілді) нуклеар отбасында тұруды қалайды. Нуклеар отбасының құрамында ата-анасы мен олардың кәмелетке толмаған балалары ғана болады. Нуклеар отбасын – тәуелсіз өмір сүргісі келетіндер және ата-анасын немесе туысқандарын асырағысы келмейтіндер таңдайды. Сонымен бірге көптеген адамдар жұмыс орнының не мектебінің қашық болуына байланысты нуклеар отбасында тұрады.

Дәстүрлі нуклеар отбасы (ата-ана мен жасы 18-ге толмаған балалары) АҚШ-та қазір бұрынғымен салыстырғанда сирек кездеседі. Отбасылардың 30 пайызы және үй шаруашылығының 21 пайызы ғана осы үлгіні ұстанады (U.S. Bureau of the Census 2011d). Оның орнына ересектердің өмірлік серігі болмаса, туыстарымен емес, не жалғыз, не достарымен, не сүйгендерімен, не балаларымен бірге тұруы көбейген.

АҚШ-та кең таралып келе жатқан отбасы үлгісі – аралас отбасы. Аралас отбасында ерлі-зайыптылардың біреуінен ғана туған, яғни артынан еріп келген балалары болады. Мысалы, Джим мен Мисаконның отбасын алайық. Джимнің бұдан бұрынғы отбасынан екі баласы, Мисаконның бірінші некесінен бір бала, екінші некесінен тағы бір баласы бар делік және Джим мен Мисаконның ортақ бір баласы болсын. Осы адамдардың барлығын бірге алғанда аралас отбасы шығады. 11.1-сызба

**Әулет** – ерлі-зайыптылар мен олардың балалары өзге туыстарымен, яғни ердің не әйелдің ата-анасымен немесе бауырларымен бірге өмір сүретін отбасы.

**Нуклеар отбасы** – ата-анасы мен балалары өзге туыстардан бөлек үйде тұратын, тәуелсіз отбасы.

**Аралас отбасы** – ерлі-зайыптылардың бірінің немесе екеуінің де алдыңғы некесінен баласы бар отбасы.





#### 11.1-СЫЗБА. АҚШ-тағы балалары әкешесімен бірге тұратын отбасылар\*

АҚШ-та балалардың басым бөлігі некелі ата-анасымен (туған немесе асырап алған) бірге тұрғанмен, басқа да жағдайларда өмір сүретіндері жетерлік.

\*Ата-аналар баланы туған немесе асырап алған болуы мүмкін.

ДЕРЕККӨЗ: Federal Interagency Forum on Child and Family Statistics (2012).

қазіргі таңда АҚШ-тағы балалардың өмір сүру жағдайының әртүрлілігін көрсетеді.

Ажырасу тым көбейгендіктен, балалардың басым бөлігі қазір **толыққанды емес отбасыларда** өмір сүріп жатыр. Осылайша, балалар бірнеше үйдің арасында сенделуге мәжбүр. Олар аптаның бір бөлігін анасымен, ал келесі бөлігін әкесімен бірге өткізуі мүмкін. Жазғы демалыстары да солай: ата-әжесінің немесе әкесінің не шешесінің бұрынғы жұбайының үйінде өтеді. Мұндай отбасында балалар ата-аналарының жаңа жұбайларымен, олардың балаларымен, өгей балаларымен араласып, олардың кейбірін немесе барлығын да отбасының бір мүшесі деп тани алады.

Соңғы уақытта бір жынысты некелердің көбеюі отбасы табиғаты мен оның мағынасы жайлы қосалқы мәселелер туындатты. Бұл тақырып «Американың әртүрлілігі: бір жыныстылар отбасы» бөлімінде толық қаралады.

## Неке түрлері

АҚШ-та және Батыс елдерінде **моногамиялық** неке деп аталатын үлгі қалыптасқан. Бір уақытта әр еркек тек бір әйел ғана ала алады және әр әйел тек бір ер адамға ғана тұрмысқа шыға алады. Алайда кейбір елдерде бір жұптан артық алуға мүмкіндік беретін **полигамия** үлгісі де кездеседі. Көбіне ер адамға бір уақытта бірнеше әйел алуға рұқсат беріледі, ал әйелдің бірнеше күйеуі болуын қарастыратын қоғам жоқтың қасы.


Полигамияға рұқсат ететін, тіпті бұл тенденцияны үдетуді көздейтін қоғамдардың өзінде шектеулер бар. Бұған елдегі әйел мен ер санының шамалас болуы себеп. Егер бір азамат (әдетте бай әрі қуатты) әйелді қос-қостан алса, енді бірі жалғыз қалуы ықтимал. Сондықтан полигамия қабылданған қоғамдардың өзінде моногамия басым және жас жігіттердің жарды мүлдем басқа жақтан іздеуіне тура келуі мүмкін. Мысалы, Исаның «Соңғы әулие күндері» атты полигамды Фундаменталды шіркеуі бақылау жүргізетін АҚШ қалаларынан соңғы жылдары жүздеген жасөспірім ұл қуылды. («Мормондық шіркеу» деген атпен танымал Исаның «Соңғы әулие күндерінің» басты шіркеуі

**Толыққанды емес отбасы** – балалары бірнеше үйдің арасында өмір сүретін отбасы.

**Моногамия** – тек бір әйел мен бір күйеу болатын неке.

**Полигамия** – ерлі-зайыптылардың бір уақытта бірнеше жұбайы болуы мүмкін неке.

Қазіргі америкалық отбасылардың кейбірі мына фундаменталист мормондар сияқты көптеген отандастарының және өзге мормондардың заңды әрі әлеуметтік қарсылығына қарамастан полигамды өмір сүреді.



бір ғасыр бұрын полигамиядан бас тартқан). Ресми түрде бұл балалар заңға қайшы әрекеті үшін қуылған болатын. Алайда сырт бақылаушылардың пайымдауынша, олар егде жастағы ерлердің тағы да жас әйел алуына кедергі болуы мүмкін деген себеппен қуылған (Kraemer 2003; Eskholm 2007). Мұндай мысалдар ер адамның билігі әйел адамнан басым болатын және ерлер арасында қуат айырмашылығы бар қоғамдарда полигамияның жүретінін көрсетеді.

## АҚШ-тағы отбасы өмірі

Өміріміздің барлық кезеңінде отбасылық қарым-қатынас маңызды рөл атқарады. Біз дүниеге келгеннен өмірден өткенше өзіміз жайлы отбасындағы рөлдеріміз тұрғысынан ойлауға бейімбіз. Әдетте балалық шақ – отбасында өсуді, есейген кез – өз отбасын құруды, қартайған уақыт ата-әже болуды білдіреді. Бұл бөлімде отбасылық қарым-қатынас пен рөлдердің өмірлік кезеңдерге ықпалы қарастырылады.

### Балалық шақ

АҚШ заңнамаларында балалық шақ барынша алаңсыз кезең болу керек деп көрсетілген. Балалар ойнауы керек, бірақ өзі жайлы ойланып, сыпайы болуға әрі жауапкершілікке дағдылана бастауы қажет. Сондай-ақ олардың мектепке баруы және курстардан өтуі керек. Өзінің әлеуметтік санаты мен жағдайына байланысты, олар отбасы табысына үлесін қоса алады не қоса алмайды, болмаса қартайған туысқандарына не кішкентай балаларға қамқорлық көрсете алады. Қалай болғанда да, ата-аналары балаларын экономикалық қатерден, зорлық-зомбылықтан және ұзақ уақыт жұмыс істеуден сақтауы тиіс.



Алайда балалық шақ біз ойлағандай үнемі бақытты бола бермейді. Көптеген балалар әсіресе тұрмысы төмен немесе фермада өмір сүретіндері сағаттап жұмыс істейді. Ата-аналары тарапынан физикалық және эмоционалдық зорлық көреді. Мысалы, кішкентай қыздардың 10 пайызы балалық шағында зорланады немесе зорлануы мүмкін жағдайды бастан кешіреді (Tjaden & Thoennes, 1998). Сонымен қатар америкалық балалардың бестен бір бөлігі кедейшілікті бастан кешіп жатыр. Ресейді қоспағанда, Батыстың кез келген өзге мемлекетіндегі көрсеткіштерден әлдеқайда жоғары (Neuveline & Weinschenker, 2008).

Кедейліктің өсуіне байланысты маңызды әлеуметтік өзгерістің бірі – жалғызбасты ата-аналар өмірге әкелетін балалардың көбеюі. Балалардың 41 пайызы қазір жалғызбасты аналардан туған (Childstats.gov 2012). Ал қалған бөлігі ата-аналарының ажырасуына кейде екінші мәрте, яғни туған және өгей әке-шешелерінің айырылысуына куә болады (Coleman, Ganong, & Fine, 2000). Бәлкім, жалғызбасты ата-аналар үйленген жұптар сияқты ақша мен уақытын жеткілікті түрде бөле алмайтындықтан болар, зерттеулер көрсеткендей, әке-шешесі ажырасқан балалардың өзін-өзі бағалауы, академиялық үлгерімі және әлеуметтік қарым-қатынасы өзге балаларға қарағанда төмендеу келеді. Алайда бұл болмашы ғана айырмашылық, мұның себебі тек ажырасу ғана емес, ең алдымен, ажырасуға алып келген немесе соның салдарынан болған кедейшілік және ата-аналары арасындағы ұрыс-керіс екенін байқатады (Coontz 1997; Demo & Cox 2000; Lamanna & Riedmann, 2000). Сол себепті ата-аналары ажыраспағанда, бұл балалардың жағдайы жақсы болар еді деп айта алмайсыз.

Отбасы өміріндегі келесі маңызды өзгеріс – 1950 жылдардан бастап жұмыс істейтін аналар санының өсуі болды. (XX ғасырға дейін көптеген аналар жұмыс істеді. Бірақ олар жер өңдеу, тамақ істеу және үй шаруасын атқару кезінде балаларын қасында ертіп жүре алатын еді). Қазіргі кезде балалары 6 жасқа толмаған аналардың шамамен үштен екі бөлігі үйден тыс жерде жұмыс істейді (Pew Social Trends Staff 2010). Сол себепті көптеген бала күндізгі балабақшада уақыт өткізеді.

Зерттеулер көрсеткендей, күндізгі балабақшаның кемшін тұстарынан артықшылығы көп. Күндізгі күтім балалардың күйзеліс күйін аздап көбейтіп, мінез-құлқында түйткілдер туындауы мүмкін. Бірақ ол математика және оқу дағдыларын барынша арттырады (Belsky et al., 2007; Watamura et al., 2003). Әсіресе жоғары деңгейлі бағдарламалардың артықшылығы басым. Алайда олар негізінен бақуатты отбасылардың балаларына ғана қолжетімді болып келеді (Kiger, 2007). Дегенмен тұрмысы төмен отбасылардан шыққан балалар зияткерлік және әлеуметтік ынталандыру тұрғысынан шектеулі болғандықтан, оларға өздері бара алатын күндізгі балабақша да айтарлықтай пайдалы. Қалай болғанда да көптеген отбасыларда ата-аналардың балаларымен отыруына мүмкіндік жоқ. Ал баланы үйде жалғыз немесе үлкен аға-әпкелерінің қарауында қалдырғаннан гөрі, күндізгі балабақшаға апару анағұрлым дұрыс.

## Жастық шақ

Отбасылық өмір көбінесе жасөспірімдер және олармен бірге тұратын дарға аса қиын (Gullotta, Adams и Markstrom, 2000). Жасөспірімдердің әлеуметтік болжалдары құбылмалы келеді, негізінен қарама-қар-

## Әлеуметтану және сіз

Сіз өскен отбасының үлгісі өткеніңізге де, болашақ мүмкіндіктеріңізге де әсер етуі ықтимал. Егер нуклеар отбасында өссеңіз, онда отбасылық ресурстарды (ақша, уақыт, азық, колледждегі қолдау және т.б.) тек бірнеше адаммен ғана бөліскен боларсыз. Егер үлкен әулетте өссеңіз, онда ресурстарды көпшілікпен бөлісуіңізге тура келді. Бұл ретте сіздің де ұтқан тұсыңыз болуы мүмкін. Отбасындағы өзге ересектердің немесе үлкен балалардың сізге қамқорлық көрсетуін айтуға болады. Ал егер аралас отбасында өссеңіз немесе әкеңіздің не анаңыздың, болмаса ата-әжеңіздің қолында тәрбиеленсеңіз ресурстар шашыраңқы болуы әбден мүмкін және болашақта жоғары білім алу үшін көп еңбек етуіңіз қажет.

сы және жылдам өзгеріп тұрады. Жастар мүмкіндік бар кезде қолдан келгенше өмірдің рақатын көру керек деп санайды, сөйте тұра олар өз фьючерстерін жоспарлай бастайды. Кейбірі: «Қай колледжге өтініш жазсам екен?» және «Неге колледжге өтінішті әлі жазған жоқсың?» – деген толғаныста жүреді. Енді бірі: «Неге автомеханик сияқты пайдалы мамандық игермеске?» және «Неге жарты күнге болсын, жұмысқа кіріп алмайсың?» – деген сияқты сауалдарды алға тартады. Ал, шын мәнісінде, жасөспірімдер ата-аналарынан тәуелсіз болғысы келеді. Бірақ ұялы телефонға жиі жазылатын хабарламалар мен соғылатын қоңыраулар олардың ата-аналарымен арадағы қатынасын үздірмейді (Turkle, 2011). Сол себепті жастардың көбі, айталық, көлігі сынып қалса аса алаңдамайды. Онда олар өз күштеріне ешқашан анық сене алмайтын болады.

Жасөспірімдер бой түзеп, қыз-жігіттер бір-біріне көз сала бастайды. Құрдастары олар «барлығын бастан өткереді» деп ойлайды, ал ата-аналары оларды пәк күйінде қалады деп сенеді. «Бұрыс» қызығушылығы оянған жас гейлер мен лесбияндар тіптен қатты қобалжиды. Олар басқалардың сезімдерін шатастырады және отбасылары қалай қабылдайтынын ойлап қорқады. Осы және өзге де себептерге орай, жасөспірімдік кезең – күрделі кезең саналады.

## Ересек өмірге өту

Кей елдерде адамның жасына тән бір кезең аяқталып, келесі кезең басталғанын білдіретін арнайы салт-дәстүрлер бар. АҚШ-та адамның ересек өмірге өткенін білдіретін нақты белгі жоқ. Қалыптасқан қағидалар штатқа байланысты өзгеріп отырады. Көптеген штаттарда 16 жасқа толған азамат ата-анасының рұқсатымен үйлене алады. Бірақ 21 жасқа толғанға дейін ішімдік ішуіне тыйым салынған.

АҚШ-та ересек өмірге өткенді білдіретін ресми салт болмағанмен, жұмысы, ата-анасының үйінен бөлек тұрғылықты жайы және өзі мен балаларын қамтамасыз ете алатын қаражаты бар адам ересек деп саналады. Кейбір қағидалардың сақталуы шарт емес. Мысалы, ешқашан үйленбеген адам да ересек санала береді, ал әйел адам үшін жұмысының болуы міндетті емес. Қалай десек те, жасөспірімдік кезеңнен өту, ата-ана мен отбасынан тәуелсіз болуды білдіреді.

Алайда ересек өмірге өту америкалық жастар үшін қиын болады (Settersten, Furstenberg, & Rumbaut, 2006). 1960 жылы 30 жастағы ер мен әйелдің 80 пайызы ата-аналарының үйінен кетіп, мектепті аяқтап, қаржылай тәуелсіздікке қол жеткізген еді. Бірақ сол кезден бері ата-аналарымен бірге тұратын жастардың қатары айтарлықтай көбейді. Қазір 1970 жылмен салыстырғанда, ата-аналарына тәуелді жастар саны 50 пайызға артық (MacArthur Foundation, 2011).

Ересек өмірге өту процесі неге бәсеңдеп кетті? Біріншіден, заман талабының өзгеруіне қарай қыз балалар білім алуға көбірек мән беріп, тұрмысқа шығып, ана болуды екінші орынға қоятын болды. Екіншіден, экономикалық факторлар қиындық туғызып, жастардың тәуелсіздікке ұмтылысын жойды. 1960-2007 жылдар аралығында өмір сүру құны тез өсті, ал жалақы көлемі соған сай болмады. Содан бері бағалар құлдырады (экономикамен бірге), ал жұмысқа орналасу қиындай түсті. Сонымен қатар қазіргі жастар алдыңғы буынмен салыстырғанда, білім алуға құштар. Сондықтан да оларға өз-өзін қамтамасыз ету оңай емес. Орта және жоғары тұр-

мысты отбасылар есею кезеңін ұзақ әрі байыппен жүретін кезең деп біледі және ержеткен балаларының міндетті түрде шаңырақтан кетуіне, әсіресе үйдің іші бәрінің де жеке бұрышы болатындай кең болса, себеп жоқ деп санайды. Осылайша, қарапайым отбасының балалары ата-аналарымен күнкөріс үшін бірге тұрса, қалталы жастар кабельді теледидар, мықты компьютер, жылдам интернеті бар жерде өмір сүріп, жақсы көлік мініп, көңілді демалыс өткізу үшін бірге тұрады.

Осындай экономикалық және мәдени өзгерістер салдарынан көптеген жастар мектепті аяқтаған соң да ата-аналарымен бірге тұруын жалғастыра береді. Толық тәуелсіз болғанға дейін бірнеше рет жеке шығып, арасында қайта оралып тұрады (MacArthur Foundation, 2011). Енді бірі ата-аналарынан жақсы қаржылай көмек алып отырғандықтан, бөлек өмір сүруі мүмкін. 18 бен 34 жас аралығындағы жас америкалықтар ата-аналарынан жылына орта есеппен 2200\$ алып отырады. Бұл сома отбасы жағдайына байланысты көбірек не азырақ болуы мүмкін (MacArthur Foundation, 2011).

## Ересек өмірдің басы

Көптеген америкалық кемінде бір рет отбасын құрады. Некеге осылай мықты мән берілуі геилер мен лесбияндардың үйлену себебінің бірі болып отыр. Ересек өмірдің басындағы ең маңызды мәселенің бірі де отбасын құру және жар таңдау.

Бір қарағанда, адамдар өзіне лайықты жарды әрдайым іздейтіндей көрінеді. Кейбір америкалықтар (діни және этникалық қоғамдардан бөлек) жеңгетайлар мен неке ұйымдастырушыларына жүгінеді. Ал тереңірек көз салсақ, ата-аналардың, мектеп пен шіркеулердің жастарға лайықты өмірлік серік табуға көмектескісі келіп тұратыны байқалады. Мектептер би кештерін өткізу арқылы гетеросексуалды қарым-қатынастарға үндейді. Шіркеулерде ішінара жастарға арналған ұйымдар бар. Олар ұйым мүшелерін өз шіркеулерінде некелесуге ынталандырып отырады. Ал ата-аналар мен достар жағы «біз сендердің кездескендеріңді қалаймыз» деп әлдекіммен таныстыруға қашан да дайын тұрады. Өмірлік жарды іздеу қызықты болуы да мүмкін, бірақ ол – міндетті дерлік әлеуметтік тәртіп.

## Жыныстық және романтикалық қарым-қатынас

1950 жылдары АҚШ жастары болашақ жарын табуға асығатын, шешімді тез қабылдайтын. Қыздардың жартысынан көбі 21 жасқа дейін тұрмысқа шығып кететін. Қазіргі жастардың әсіресе оқыған, қалада өскен және діншіл емес жастардың талабы айтарлықтай өзгерді. Олар біреумен өмір сүру тұрмақ, кездесудің өзін сөз еткісі келмейді. Оның орнына байсалды қарым-қатынас құру үшін бірнеше жыл күте тұру қажет деп санайды. Сонымен бірге 9-бөлімде айтылғандай, көпшілігі ешбір міндеттемесіз қарым-қатынасты қалайды.

20-шы ғасырдың соңына қарай бірде-бір рет отбасын құрмаған әйелдердің қатары 40, ерлер – 30 пайыз болды. Алайда олардың көбі уақытша болса да серіктес тапқысы келетін. Осылайша, көптеген адамдар некеге қатысты екі ойлы болса да жыныстық және романтикалық қарым-қатынасты отыздан асқан кезде не одан да кеш іздейді. (Бұл екіойлылық дәстүрлі қызойнақ кештерінің көбеюімен байланысты, бұл тақырып «БАҚ және Мәдениет: қызойнақ кештерін түсіну» бөлімінде толығырақ қарастырылады).

## әлеуметтану және сіз

Жоғары біліміңіздің кімге үйленетініңізге ықпалы бар. Көптеген адамдар болашақ жұбайларын оқу орнында немесе жұмыс бабында кездестіреді (ұқсастыққа негізделген). Егер оқу орнын діни, нәсілдік немесе этникалық тобыңызға қарай таңдасаңыз, онда өз тобыңыздағы адаммен бас қосуыңыз әбден мүмкін (эндогамия). Ал егер оқу орны сізді өзгеше адамдармен жолықтырса, онда жұбайыңыз басқа топтан болуы ықтимал (экзогамия).

**Жақындық** – кеңістіктегі жақындық.

**Гомогамия** – өз мәртебеңе ұқсас жұбай таңдауға бейімділік.

**Эндогамия** – өз нәсілі, этностық және діни тобынан жұбай таңдау тәжірибесі

**Гетерогамия** – өзіңнен өзгеше жұбай таңдау.

**Экзогамия** – өз нәсіліңнен, этностық және діни тобыңнан бөлек жұбай таңдау.

## Неке нарығын сұрыптау

Әр адам өмір бойында некелесуге болатын мыңдаған адамды кездестіруі мүмкін. Мұнша мүмкіндікті қалай ықшамдауға болады?

Басқа штатта немесе басқа елде тұратын адаммен кездесіп, онымен үйленуіңіз екіталай екені анық. Бастапқы тартымдылық бейімділікті я жақындық қарым-қатынастарды дамытуда ерекше маңызды рөл атқарады. Көп адамдардың әріптесімен немесе курстасымен отбасын құруы да содан. Басқа адамдармен байланысыңыз көбейген сайын қарым-қатынастарыңызды берік ете түсетін мүмкіндік те молая береді. Алайда интернеттің дамуы басқа елде, тіпті жер шарының мүлдем басқа бөлігінде тұратын адамдардың бір-бірімен табысуына мүмкіндік туғызды.

Кеңістіктегі жақындық ұқсастықтың да белгісі бола алады. Қызығушылықтары мен құндылықтары ортақ адамдар әдетте бір жерден табылады және зерттеулердің нәтижесіне қарағанда, біз өзімізге ұқсас адамдармен жақын боламыз. Әрине, ерекше жағдайлар да болуы мүмкін. Бірақ көптің арасынан адамдар өзіне ұқсайтын жандарды таңдайды (Kalmijn, 1998). Біреулер әлеуметтік тұрғыдан теңін іздейді. Ал енді біреулер тек қана өз нәсілі, этникалық және діни тобындағы адамға үйленеді. Өзіңізге ұқсас адаммен отбасын құру гомогамия деп аталады. Бір топтағы адамға үйлену эндогамия деп аталады. Бұл екі түсінік өзара ұқсас, өйткені өз тобыңыздан әлдекімнің сізге ұқсауы әбден мүмкін.

Керісінше, сізге ұқсамайтын, өзгеше адаммен отбасын құру гетерогамия, ал өз тобынан бөлек адаммен отбасын құру экзогамия (қарапайым тілде аралас отбасы) деп аталады. Адамдар өзге топтың адамдарымен тең дәрежеде қарым-қатынас құрған кезде ғана өзара байланыс туындауы мүмкін. Мұндай байланыс жоғары білімді адамдардың арасында пайда болуы ықтимал, өйткені жоғары білімді адамдар үйлену жөнінде либералды көзқараста болады (Qian & Lichter, 2007).

Сыртқы келбет оншалықты маңызды емес, ол тек алғашқы назарды өзіңе аудару үшін ғана керек (Sullivan, 2001). Бірінші кездесуден кейін сыртқы келбеттің маңызы жойылады.

Ортақ мүдде, ынта, үрей мен құндылықтар анықталған кезде алғашқы қызығушылық байыпты қарым-қатынасқа ұласады (Kalmijn 1998, Seccombe & Warner, 2004).

Қарым-қатынас бекіген сайын қыз бен жігіт перзентке деген көзқарастары және үй шаруасын тең жүргізу жайлы ойларын бөлісе бастайды. Егер жігіт үй шаруасын әйел адам толықтай жүргізу керек деп санаса, қыз бұл пікірге күле қараса, онда олардың некелесуі екіталай.

## Шектеулі неке нарығы

Адамның отбасын құруы жергілікті жердегі «экономикалық тартымды» серіктестердің ұсыныстарына да байланысты. 1987 жылы Уильям Джилиус/Юлий Уилсон атап көрсеткендей, афроамерикалық әйелдердің тұрмыс құруға ұмтылысы ақ нәсілді әйелдерден төмен болуының себебі – афроамерикалықтардың арасында білімді, тұрақты жұмысы бар ерлердің жоқтығынан. Басқа да зерттеулер көрсеткендей, ер адам жақсы жерде және жоғары табысты жұмыс істемесе, әйел адамның оған тұрмысқа шығу немесе некесіз бірге тұру мүмкіндігі күрт төмендейді (Lichter et al., 1992; Raley 1996, Teachman, Tedrow, & Crowder, 2000). Шындығында, некеге тұруға болатын еркектердің арасындағы айырмашылық жалпы неке мөлшерлемесіндегі нәсілдік айырмашылықтардың кем дегенде 40 пайызын құрайды.

К  
А

## БАҚ ЖӘНЕ МӘДЕНИЕТ

### Қызойнақ кештеріне түсінік беру

**Б**ұрынғы кездері қалыңдықтардың көбі тұрмысқа шығар алдында құрбыларын жинап, отырыс жасайтын болған. Мұндай кештерде құрбылары және туыстары болашақ келінге ыдыс-аяқ, төсек орын, іш киім сыйлаған. Кеңілді ойындар ойнап, жеңіл ас ішіп, әйел болу, ана болу турасында кеңестерін айтқан. Қазір де «ақ» және орта тапқа жататын қалыңдықтар (сондай-ақ жыл сайын көбейіп келе жатқан тағы басқалары) той алдында арнайы қызойнақ кешін өткізеді.

Қызойнақ кешін үш нәрсе сипаттайды. құрбы қыздар, спирттік ішімдік және жыныстық қатынас атмосферасы (Montemurro, 2006). Мұндай кештерді қалыңдық құрбыларымен бірге өткізеді. «Жағажайдағы жыныстық қатынас» деген сияқты атаулары бар кештерде қыздар спирттік ішімдіктер ішіп, ерлердің жалаңаштана билеуін тамашалайды. Тіпті оларды тізесіне отырғызып, қалыңдықтан бейтаныс еркекпен сүйісу немесе олардың киіміндегі зат белгісін тістеу тектес шарттар талап етілетін түрлі ойындар ойналады.

Ыдыс-аяқ сыйлайтын түстен кейінгі шайдың алдында жалаңаш еркек билейтін жағдайға қалай жеттік? Әлеуметтанушы Бет Монтемуэрронның (2006) айтуынша, мұндай қызойнақтар әйел

өміріндегі және гендерге деген мәдени көзқарастың өзгергендігін байқатады. Біріншіден, бұл кештер ертеректегідей әйел – ер азаматтың махаббаты жолында достарынан бас тартады дегенді емес, әйелдер арасындағы достықтың маңыздылығын көрсетеді. Екіншіден, қызойнақтар қалыңдықтың жыныстық тұрғыдан ынтызар әрі белсенді болуы керектігінен белгі береді. Демек, әйелдің ұстамдылығы жайлы бұрынғы көзқарас кәдімгідей өзгерген. Соңғысы, екі жақ та гендерлік теңдікке, соның ішінде әйелдер ерлерінен тәуелсіз, еркін өмір сүру керектігі туралы идеяға сенімділіктерін білдіреді. Бір жас келіншектен әйелдердің қызойнақ ұйымдастыруы неден басталғанын сұрағанда былай деп жауап беріпті:

«Менің ойымша, ерлерде бойдақтықпен қоштасу кеші болғандықтан шығар. Бұрын бізде тек үйге қажетті бұйымдар сыйланатын түскі отырыс қана болатын еді. Ал ерлерде шаруашылықта қажет болатын балға немесе басқа құрал-саймандар тарту етілетін отырыс болғаны жайлы ешқашан естімейсіз... Олар жыныстық қатынас жасау, ішімдік ішу мен көңіл көтергеннен де артық көрінетіндей еді. Ал мұндайдан әйелдердің сырт қалуы дұрыс емес» (Montemurro 2006,125)

Қызойнақ кештері ішінара әйелдердің жыныстық тартымдылығын айғақтауға арналғанымен, қалыңдықтың жыныстық еркіндіктен айырыла-



тындығын да меңзейді. Қыздар арасындағы достық қаншалықты мықты болғанымен, некеге тұрған соң бұл байланыс әлсірейдігін көрсетеді. Әйел еркіндігін және гендерлік теңдікті айқындағанымен, жақын арада қалыңдықтың күйеуіне бағынышты болатынын байқатады.

Жалпы қызойнақ кештері әйелдердің некеге екіұшты көзқараста өкендігін танытады. Монтемуэрра аңгімелескен әйелдер жыныстық еркіндікті некеге айырбастау әрі қуанышты, әрі өкінішті екенін айтқан. Қызойнақ кештері әйелдерге осы екіұшты көзқарасты мойындауға және жеңуге көмектесетін жаңа мәдени рәсім болып отыр.

Жергілікті неке нарығы да аралас неке мөлшерлемесіне ықпал етеді: аз ұлт өкілдері өз тобынан жұбай табу мүмкіндігі мол болса неке құруға асықпайды. Мысалы, Сиэтлде тұратын азиат нәсілді америкалықтар Айова тұрғындарымен салыстырғанда өз тобындағылармен жиірек некелеседі, өйткені онда олар тығыздау орналасқан.

11.2-сызбада көрсетілгендей, азиат нәсілді америкалық әйелдердің өз тобынан бөлек адамдарға тұрмысқа шығуы жиі кездеседі (Qian & Lichter, 2007; Passel, Wang & Taylor, 2010). Гендерлік стереотиптерге байланысты азиат нәсілді америкалық әйелдер (негізінен, гиперфемин стереотипті), азиат нәсілді америкалық ерлерге қарағанда, азиат емес жұбай табуға тырысады. Дәл осылай афроамерикалық ерлер (негізінен, гипермаскулин стереотипті) афроамерикалық әйелдерге қарағанда, жұбайды өзге топтардан іздейді.




### 11.2-СЫЗБА. 2008 жылы үйленгендер арасындағы аралас некенің пайыздық көрсеткіші.

«Ақ» және латынамерикалық әйелдер мен ерлер бірдей деңгейде экзогамды отбасын құрған (яғни өз тобынан бөлек жұбай таңдаған).

Ал афроамерикалықтар мен азиат нәсілді америкалықтар арасында жағдай мүлде басқа.

ДЕРЕККӨЗ: Passel, Wang, & Taylor (2010)



Аралас неке соңғы кездері әсіресе «ақ» ер адам мен азиат нәсілді америкалық әйел арасында көбейіп келеді



## Орта жас

Ересек өмірдің ең қауырт кезеңі – 20-дан 45 жасқа дейінгі аралық. Көп жағдайда үйде балалар бар, отбасы, мансап – осының бәріне үлгеру керек. Керісінше, орта жас (шамамен 45-тен 65-ке дейін), негізінен, тыныш кезең. Зерттеулер көрсеткендей, ерлер де, әйелдер де отбасының босап қалуына кейігеннен гөрі, қуанады (Umberson et al., 2005).

Дегенмен қазір үйлері босамайтын орта жастағы ерлі-зайыптылар қатары артып келеді. Біріншіден, иммигранттардың отбасында балалар үйленгенге дейін әке-шешелерімен, ал қартайған ата-аналар орта жастағы балаларымен бірге тұруы керек деп саналады. Бұл жағдайда кеңейтілген отбасы дұрыс болып көрінеді, ал бос үй жалғыздыққа балаңады. Екіншіден, өмір сүру ұзақтығы артқан сайын орта жастағы тұрғындар қазір егде тартқан ата-аналарына қамқорлық көрсете бастаған. Үшін-

шіден, бүгінде орта жастағы адамдар ересек балаларымен бірге тұрады, өйткені олар ата-аналарына қаржылай тәуелді. Сондай-ақ жастар ажырасып, қаржы жағынан қиналған кездері үйлеріне қайтып келіп жатады. Сондықтан ересек балаларымен бірге тұратын ата-аналар саны артып келеді (Umberson et al., 2005).

Керісінше, орта жастағы адамдар ересек балаларының қолына көшіп баруға мәжбүр болатын жағдайлар да жиілеп кеткен. Бұған олардың қарыздарын өтей алмай үйлерінен айырылып қалуы себеп болып жатыр.

## 65 жас және одан жоғары

Кәрілік кезеңде де отбасылық рөлдер маңызды болып қала береді. Зайыбы, балалары, немерелері, аға-інілері мен әпке-сіңлілері болғаны үй ішінің амандығына оң әсер етеді. Неке – жоғары табысты, тікелей көмекті және қарым-қатынасты қамтамасыз ететін маңызды байланыс. Алайда ерлер өзінен жасы кіші әйелдерге үйленетіндіктен және ерте қайтыс болатындықтан егде жастағы ерлер әйелдерге қарағанда жиірек отбасын құрады: 65 пен 74 жас аралығындағы ер адамдардың 78 пайызы, ал сол жастағы әйелдердің тек 57 пайызы ғана отбасылы.

Зайыбы бар болса да, жоқ болса да қарттар балаларымен және немерелерімен қарым-қатынасты жоғары бағалайды. Балалар ата-әжелерімен аптасына кем дегенде екі рет кездеседі (Du Toit, Vachell & Haggerty, 2011). Ата-әжелер қажет жағдайда бала күтуші қызметін атқара алады, сонымен қатар эмоционалдық және қаржылай қолдау көрсетеді. Көптеген ата-әжелер немерелерімен бірге болғанда өздерін бақытты сезінеді (Allen, Blieszner, & Roberto, 2000).

Әке-шешелері мүгедектікке ұшыраған немесе бас бостандығынан айырылған тіптен мүлдем ата-анасыз қалып, қамқорлықсыз қалған балалар үшін ата-әженің қадірі артады. Осындай ата-әжелер мен немерелерден тұратын, арадағы ұрпақтан айырылған отбасылардың кедейлікке ұшырау қаупі жоғары болады (Newman & Massengill, 2006). Ал балаларды патронатты тәрбиелеуге жіберу бұдан да жаман, ол көп қиындық тудыратын жүйе болып саналады.



Адамдар қарттардың қатарына өткен кезде күтушінің немесе қызының көмегіне зәру болады. Бұл жағдай қыздарына ауыр тиеді, өйткені олар ата-анасы мен балалары үшін жауапкершілікті сезеді.

Ұрпақтар арасындағы қарым-қатынас әр буын өкілдерінің жас мөлшеріне тікелей байланысты. Кәрі адамдар «жастардың» арасына түскенде (шамамен 65-тен 80-ге дейінгі жас аралығында) балаларына көп көмегін тигізеді (Hogan, Eggebeen, & Clogg, 1993). Олар ипотекалық несие алуға, немерелерінің оқуын төлеуге көмектесуі мүмкін немесе жұмысынан айырылған ересек балаларына баспанасын уақытша ұсына алады.

Алайда адамдар сексеннен асып, «өте кәрілер» қатарына енген соң бұрынғы өмір салтын әрі қарай сақтай алмайды. Олардың көбі кемелденген, өзіне сенімді адамдар болғанымен уақыт өте көмекке зәру болады. 85 жастан асқан адамдардың 50 пайызында есте сақтау және ойлау қабілетінің нашарлауы байқалады (Jacoby 2011; Gross, 2011).

## Некедегі рөлдер мен қарым-қатынас

Ерлі-зайыпты болу – ересек өмірге жетелейтін маңызды рөлдердің бірі, кез келген адам өмірінде бір рет болсын некесін қидырады. Көркем шығармада хикая үйленуге ұласып, жұбайлар ұзақ әрі бақытты ғұмыр кешті деп аяқталады. Ал шынайы өмірде бәрі үйленуден кейін ғана басталады.

Ерлі-зайыпты болу – парыз бен міндеттің, сонымен қатар бірнеше құқықтың жаңа жиынтығына ие болу. Ол қандай жиынтық және неке дегеніміз не?

## Некедегі гендерлік рөлдер

Неке – күрделі гендерлік қатынас. Нормативтік-құқықтық және практикалық тұрғыдан алғанда күйеулер мен әйелдерге, аналар мен әкелерге әртүрлі міндеттер жүктеледі. Көптеген өзгерістер болғанымен, америкалық нормалар бойынша күйеуі үйден тыс жұмыс істеуі тиіс. Ол – отбасының негізгі асыраушысы. Үй шаруашылығын ерлі-зайыптылар қатар жүргізген күннің өзінде әйелдердің міндеті басым болады (Winkler, McBride & Andrews, 2005). Америкалық азаматтар да күйеуі мен әйелі үй шаруасын бірдей бөлісуі керек деп ойлағанымен, әйелі көп міндеттерді өзіне алады деп күтеді. Шын мәнінде, қазір әйелдер үй шаруасының үштен екі бөлігін орындайды және күнделікті ас әзірлеп, үй жинайды. Ер адамдар үйдегі шаруаға аз уақыт жұмсағанымен қоймай, баламен ойнау, үй жөндеу сияқты мейлінше оңтайлы жоспарланатын міндеттерді ғана алады (Amato et al., 2007; Ridgeway, 2011). Онымен қоса әйелдердің үйдегі тірлігі оның табыс көлеміне, біліміне, жұмыс уақытына және т.б. ерекшеліктеріне қарай ыңғайланбайды (Ridgeway, 2011). Ал енді бір қызығы, ерлер үй шаруасымен неғұрлым аз айналысқан сайын өздерін бақыттырақ сезінеді, ал олар үй шаруасын атқарса, әйелдер мәз болады. Демек, отбасы өміріне разы болу үшін, ер мен әйел үй шаруасын теңдей бөлісуі қажет (Amato et al., 2007).

Әйел адам үшін жұмыс пен үй шаруасы арасындағы шиеленісті шешудің ең оңтайлы жолы – үй шаруасын жүргізетін басқа әйел жалдау. Осылайша, үй шаруасы әйелдің жұмысы болып қала береді. Сонымен қатар жұмыс берушілердің басым бөлігі «ақ» және орта таптың өкілі болса, жалданушылар жұмысшы таптан және



«ақ» емес болып келеді. Сондықтан да осындай жалдамалы ішкі жұмыстар қоғамдағы таптық және нәсілдік айырмашылықты арттырады (Hondagneu-Sotelo 2001; Parrenas, 2000).

## Отбасылық қарым-қатынастағы зорлық-зомбылық

Тарихтан белгілі, әйелін сабау және зорлық көрсету күйеуінің заңды құқығы болып саналған. Бұл АҚШ заңнамасының негізіне енген болатын. Тек 1960 жылдары ғана қарсылық білдіріле бастады. Өкінішке қарай, зорлық-зомбылық әлі де белең алып отыр. 2010 жылы өткізілген көлемді, ұлттық, рандомизацияланған сауалнаманың ерлі-зайыптылар (үйленген және бірге тұратын жұптар арасында) қатынасындағы зорлық жайлы беретін мәліметтері тым жұтаң (11.1-кесте). Шамамен әрбір оныншы әйел серіктесі тарапынан зорланған, әрбір үшінші әйелге шабуыл жасалған, әрбір төртінші әйел медициналық көмек қажет болатындай деңгейде соққыға жығылған (Black et al., 2011). Ерлерге де зорлық көрсетіліп, соққыға ұшырайды, бірақ сирек және әйелдермен салыстырғанда, көретін зорлығы мен соққысында қатыгездік аз.

Бұл мәліметтер зорлықтың деңгейін нақты көрсетпейді. Өйткені сауалнама жүргізген кезде зорлық әсерінен қайтыс болғандар, сауалнамаға қатыспағандар немесе зорлық салдарынан емханаға жатқызылмағандар ескерілмеген.

Зерттеулер көрсеткендей, зорлық-зомбылық гомосексуал және гетеросексуал жұптар арасында жиі кездеседі, бірақ лесбияндар арасында жоқтың қасы (Tjaden & Thoennes, 2000). Яғни, негізінен, ерлер өз жұптарын еркек болса да, әйел болса да соққыға жиі жығады.

Қарым-қатынастағы зорлық-зомбылықтың таптық немесе нәсілдік ерекшелікке қатысы жоқ (Johnson & Ferraro, 2000). Мұндай жағдай заңгерлердің де, автобус жүргізушілерінің де отбасында кездеседі. Адамдар жұбайын бақылай алмайтынын сезген кезде жұдырық жұмсайды. Ер адам әйел мен ердің рөлі жайлы дәстүрлі көзқарасты ұстанатын болғандықтан және әйелінің табысы жоғары болса оларды қадағалап, бақылау керек деп сенгендіктен (Johnson & Ferraro, 2000) жұбайын соққыға жығады.

## Ата-ана рөлі

Ата-ана болу – өте маңызды қадам. Баланы бағу қаржылық жағынан да, эмоционалдық жағынан да қымбатқа түседі және бұл шығындар өмір бойына созылуы мүмкін. Қазіргі таңда баланы 17 жасқа дейін жеткізуге 191 000 \$ жұмсалады және ол 34 жасқа келгенше тағы 42 000 \$ қажет болады (Settersten, Furstenberg & Rumbaut, 2006). Оның үстіне, ата-аналар бірауыздан бала үйге қуаныш сыйлайды деп күткенімен көбінесе, керісінше, болып шығады. Әсіресе нәресте және жасөспірім кезінде ата-анасы көп қиындық көреді. Сондықтан әр бала туған сайын ата-ана суына түседі (Twenge, Campbell, & Foster, 2003).

Дегенмен 30 жасқа дейінгі баласы жоқ америкалықтардың 76 пайызы нәрестелі болудан үмітті (Pew Social Trends Staff, 2010). Әйелдер бала көтере алмаған жағдайда өздері де, жұбайлары да (егер бар болса) бар қаражаты мен уақытын сәбилі болу жолында сарп етеді. Дәл осындай жағдай гейлер мен гетеросексуал ерлердің басында да көбейіп келеді. Мына құбылмалы әрі тұрақсыз әлемде балалы болу дегеніміз – ұзақ жылдар бойғы махаббат пен құштарлыққа кепіл боларлық таптырмас тәсіл және қартайғанда қараусыз қалмайтыныңызға сенім.



Некелі жұбайлар арасында зорлық-зомбылық азайғанымен, жағдай әлі де қиын болып тұр. Ерлер әйелдерге қарағанда жұбайларын жиі соққыға жығады, өйткені олар жұптарын бақылауға құқылымыз деп ойлайды.

### 11.1-КЕСТЕ. Жұбайы тарапынан зорлық-зомбылық көретіндердің пайыздық көрсеткіші

Жұбайы зорлағандар	<1% (есептеу үшін өте аз)	9%
Физикалық зорлық-зомбылық көргендер	28	33
Ауыр зорлық-зомбылық көргендер	14	24

ДЕРЕККӨЗ: Black et il (2011).

## Ана және әке атану

Кейбір маңызды өзгерістерге қарамастан, әйелдер мен ерлердің ата-ана ретіндегі рөлі бір-бірінен өзгеше (Cancian & Olike, 2000). Аналар әкелердей емес, балаға қарау үшін жұмыстан ертерек қайтады немесе мүлдем босайды (Cancian & Olike, 2000). Сонымен қатар аналар баланы күтіп-бағу үшін аптасына 13 сағат, ал әкелер небары 6,5 сағат уақыт бөледі (Livingston & Parker, 2011). Әкелердің баламен өткізетін уақыты көбейгенімен, аналардың мойнына жағымсыз міндеттер (жөргекті ауыстыру, үй тапсырмасын орындату) жүктеледі. Аналар, негізінен, бәрін қадағалауға мәжбүр болса, әкелер мен балалар уақытты ойнаумен өткізеді. Сонымен қатар көптеген әкелер балаларына жете көңіл бөлмейді немесе мүлдем қарым-қатынас жасамайды. Әкелердің төрттен бірі қазіргі таңда балаларымен бірге тұрмайды және 27 пайызы балаларын жылына бір рет қана көреді (Livingston & Parker, 2011).

Дегенмен үйленген әкелердің көбі бала тәрбиесінде маңызды рөлге ие болып келеді (Smith, 2009). Өйткені әлеуметтік деңгейі ерлерінен басым әйелдердің саны артып, дәстүрлі гендерлік рөлдерді сақтау азайды. Кейбір жұбайлар экономикалық тұрғыдан әйелдің жұмыс істегені, ал еркектің үйде «әке» болғаны пайдалы деген тұжырымға келді. Мұндай тенденция ерлердің қысқарту әсерінен жұмыссыз қалуына, үйде интернет арқылы жұмыс істеуіне байланысты орын алып отыр.

Сонымен қатар балаларын жалғыз тәрбиелейтін әкелер саны артты. Олар шамамен 1 миллион немесе барлық жалғыз басты ата-аналардың 7 пайызы. Жалпы жалғыз басты әкелердің 70 пайызы ажырасқан, оқшауланған немесе әйелі қайтыс болған, бірақ 30 пайызы ешқашан үйленбеген және көбісі бала асырап алу арқылы әке болуды таңдаған. Зерттеулер көрсеткендей, әкелер балаларын жалғыз тәрбиелеген кезде ананың да міндетін атқаруды тез үйренеді (Risman, 1998). Алайда жалғыз басты әкелер дәл осындай жағдайдағы аналарға қарағанда балаларымен аз уақыт өткізеді. Өйткені олар күні бойы жұмыста болады және олардың міндетін бұрынғы жұбайлары бөліседі (Hook & Satvika, 2008).

## Өгей ата-аналар

Зерттеушілердің есебі бойынша, балалардың үштен бір бөлігі өгей ата-аналарымен (көбіне өгей әкемен) 18 жасқа дейін өмір сүреді (Coleman, Ganong, & Fine 2000). Туған балаңызды тәрбиелеу қандай қиын болса, өгей баланы тәрбиелеу одан да қиын (Coleman, Ganong, & Fine, 2000). Өгей ата-аналар балалардың өмірінде қандай рөлі болу керектігін түсінбей жатады және олардың жұбайлары мен өгей



Соңғы жылдары балаларын өзі тәрбиелейтін және тәрбие жұмысына белсене араласатын ерлердің саны артты.

балалары екіжақтылық танытады. Ересек балалар өгей әке-шешелерін мойындағысы келмейді. Алайда уақыт өте келе тығыз қарым-қатынас орната бастайды. Өгей шешелер балалардың өміріне етене араласатындықтан өгей әкелерге қарағанда қарсылыққа көбірек ұшырайды. Сонымен қатар өгей шешелер баланың мейірімін жаулап алу үшін зор бәсекелестікке түседі, өйткені олардың туған аналары туған әкелеріне қарағанда, балаларымен қатынасын үзбеуге тырысады.

## Қазіргі заманғы отбасы

Бақытты отбасылық өмір барлық америкалықтардың басты мақсаты болып қалғанымен, соңғы онжылдықтарда оған жету жолдары өзгерді. Соңғы кездері адамдар үйлену мен бірге тұрудың, балалы болу (некеден тыс болса да) мен болмаудың, жұмыс пен отбасының арасында таңдау жасау жөнінде көбірек ойланатын болды. Айналып келгенде отбасылық өмірін сақтап қала алмай ажырасып жатады.

## Некелесу ме, әлде бірге тұру ма?

Бірге тұру дегеніміз – романтикалық/жыныстық серігімен неке қидырмай-ақ бірлесіп өмір сүру. Қазір АҚШ-та жұптардың жартысынан көбі некелескенге дейін бірге өмір сүреді және америкалықтар арасында өмірінің қандай да бір бөлігін азаматтық некеде өткізетіндер бола береді (Kennedy & Vumpass, 2008). Ескеретін жайт – жұптардың некелескенге дейін бірге тұруы олардың отбасылық қанағаттануына немесе тұрақтылығына әсер етпейді (Jose, O'Leary, & Moyer, 2010).

Бірге өмір сүру әрдайым некелесуге алып келе бермейді. АҚШ-та некелесу деңгейінің төмендеу себебі бірге тұрып жатқандар арасында балалы бола тұра үйленгісі келмейтіндердің көбеюінен. Отбасы мәселесін зерттейтін әлеуметтанушы Эндрю Черлиннің (Andrew Cherlin, 2004) пайымдауынша, біз қазір неке институтының ыдырауын, некенің қоғам мен адамдар үшін қажетті екендігін айқындайтын әлеуметтік нормалардың құлдырауын көріп отырмыз. Бұл процесс бірге тұратын жұптар заңды құқықтарға (бір-бірінің мүлкіне мираскер болу және айырылысқан жағдайда жұбайлық қамтамасыз етуді сот арқылы талап ету) ие болғаннан кейін қанатын кеңге жайды. Ал кейбіреулердің гомосексуалдық некені жақтап (не қарсы шығып) күресуі америкалықтар үшін некенің әлі де маңызды түсінік екенін білдіреді.

## Балалы болу керек пе, жоқ па?

Бұдан бұрын айтылғандай, америкалықтардың төрттен үш бөлігі балалы болуды жоспарлайды. Бірақ балалы болу маңызынан айырылып барады: 1990 жылы жүргізілген кездейсоқ ұлттық сауалнаманың берген нәтижесі бойынша, тек 41 пайыз ересектер балалы болу – отбасын құру үшін маңызды дейді, ал 65 пайызы бұл ойды құптамайды (Livingston & Sohn, 2010). Сонымен қатар америкалықтар баланың некелі отбасында дүниеге келгені маңызды деп санамайды және балалы болуды кейінге қалдырады немесе асырап алуды жөн көреді.

---

**Бірге тұру** дегеніміз – романтикалық/жыныстық серігімен неке қидырмай-ақ бірлесіп өмір сүру.

## Некесіз туған балалар

Америкалық балалар қазіргі таңда некелі және некесіз әйелден де дүниеге келеді (Childstats.gov 2012). Босанушы әйелдердің төрттен үш бөлігі – жасы жиырмадан асқандар (Hamilton, Martin and Ventura, 2009), олардың көбі баланың әкесіне тұрмысқа шығады. Бірақ көптеген әйелдер қазір жұмыс күшіне айналған және баланы жалғыз тәрбиелеу үшін экономикалық әрі психологиялық ресурстары жеткілікті деп санайды. Кейбіреулері баланы алдыртуға қимай, кездейсоқ ана атанады. Ал енді бірі некелеспеген болса да баланы дүниеге әкелуге немесе асырап алуға бел буады (Hertz, 2006).

Орта есеппен некесіз туған балалар толық отбасындағы балаларға қарағанда кедейлікке жақын. Сонымен қатар олардың психологиясы мен мінез-құлқында кемшіліктер байқалады және оқу үлгерімі нашар болады (Kennedy & Vumprass, 2010). Бұл мәселелердің көбі некесіз бірге тұрудан емес, кедейліктен және жұптардың кәметке толмауынан туындайды, бірақ азаматтық некедегілердің экономикалық және эмоционалдық тұрақсыздығы балаға кері әсер ететіні сөзсіз.

Қазір жасөспірім қыздардың ерте жүкті болып, некесіз бала тууы алаңдатып отыр. Мұндай жағдай басқа дамыған елдерге қарағанда АҚШ-та көп кездеседі. Жасөспірім ана – дүниеге әкелген балалардың денсаулығы нашар болады және нәресте кезінде шетінеп кетеді (Ventura & Hamilton, 2011). Осылардың салдарынан жасөспірім аналар колледжді (тіпті мектепті) аяқтай алмайды, кейіннен кедейлік тұрмыс кешеді. Көп жағдайда жасөспірімдер жүктілігінің өзі кедейліктен келіп шығады және оның себебіне айналады (Luker 1996, Newman & Massengill, 2006; Edin & Kefalas, 2006). Болашағы бұлыңғыр көрінген қыздар үшін ана болу, махаббат пен бақытқа қол жеткізудің жалғыз жолындай сезіледі. Енді бір қыздар сақтану шараларын қолданбағандықтан және жігітіне оны ұсына алмағандықтан жүкті болып қалады. Сақтануды талап ететін қыздар да бар. Қуанарлық жайт – 1991 жылдан бері барлық этникалық топтар бойынша жасөспірімдер арасындағы жүктілік деңгейі төмендеп, бір қалыпта сақталып келеді. Қазіргі таңда ерте жүктілік деңгейін үкімет тіркеуге алуды бастаған – 1940 жылдан бергі барлық көрсеткіштерден төмен болып отыр (Ventura & Hamilton, 2011). 11.1-картада АҚШ аумағы бойынша жасөспірім аналардың туу көрсеткіштері берілген.

Некесіз баланың тууы кедейлікке себеп болмауы керек. Еуропада көптеген әйелдер тұрмысқа шықпай-ақ бала туады, бірақ әйел де, оның баласы да кедейлікке ұшырамайды. Мәліметтерді таратып жазу: кедейлік және жалғызбасты ана болу сияқты айқын парадоксты зерттеу.

Сонымен қатар некесіз баланы дүниеге әкелу, оны жалғыз тәрбиелеу дегенді білдіреді. Көптеген әйелдер балаларының әкесімен бірге өмір сүреді, кейін олар үйленеді немесе басқа адаммен тұрмыс құрады.

## Жүктілікті кейінге қалдыру

Көптеген тұрмыстағы келіншектер бала тууды 5 не 10 жылға дейін кідіртеді. АҚШ-та 30 бен 34 жас аралығындағы әйелдердің төрттен бірі әлі бала сүймеген (Dye, 2005). Олардың көбі балалы болғысы келеді. Бірақ мансап жолында көтеріліп алғанша және табысты азаматпен отбасын құрғанша қоя тұру қажет деп шешкен. Көпшілігі үшін бұл – дұрыс таңдау. Себебі жұмысында жетістікке жетіп, жақсы табыс тапқан кезде, олар бала тәрбиесіне байланысты күйзеліске төтеп бере алады.



**11.1-КАРТА. 21 жасқа дейінгі қыздар мен әйелдердің бала тууының пайыздық көрсеткіші.**

Жасөспірім аналар бақуатты штаттарда, сонымен қатар мормондар тығыз орналасқан Ютада аз. Ал елдің оңтүстігінде, кедей тұратын афроамерикалықтар мен латынамерикалық иммигранттар басым аудандарда көп

Дереккөз: U.S. Bureau of the Census (2001c).

**Асырап алу**

Балалы болуды қалайтын, бірақ жалғыз басты, лесбиян, гомосексуал немесе бала көтере алмайтындар үшін (көбінесе әйелдің жасына байланысты) ата-ана атанудың бір жолы – бала асырап алу. Асырап алушылардың біразы (бірқатарының балалары бар) мұндай қадамға мұқтаж балаға отбасын сыйлағысы келгендіктен барады. Асырап алушылардың жартысы – бала тәрбиелегісі келетін өгей ата-аналар немесе өзге туыстар (Fisher, 2003).

Дегенмен дені сау «ақ» немесе азиат нәсілді нәрестені (АҚШ-тағы асырап алушы отбасылардың қалауы) асырап алу оңай емес. 1963 жылы баланы алдырту заңға қарсы, ал жалғыз басты ана болу «ақ» америкалықтар үшін ар саналған кезде тәжірибесіз «ақ» аналардан туған балалардың 40 пайызы асырап алуға берілген еді (Fisher, 2003). Қазіргі таңда бұл көрсеткіш 1 пайызға да жетпейді (Жалғызбасты ана болу – афроамерикалықтар үшін қалыпты және кең таралған жағдай). Нәтижесінде, асырап алу қиын да қымбат іске айналды. Сол себепті көптеген отбасылар бала асырап алу үшін шетел асуға мәжбүр.

Бала асырап алу, отбасын құру үшін – жақсы тәсіл болуы мүмкін. Ұзақ уақыт зерттеулердің нәтижесіне қарағанда, асырап алу ата-аналар үшін де, балалар үшін де – тіпті балалар бірнеше жыл жетімдер үйінде өскен болса да – пайдалы екені анықталды (Fisher, 2003). Бірақ асырап алу бір жағынан отбасының бұзылуын білдіреді. Бір



отбасы басқа отбасы үшін баласын тастап кетуге мәжбүр болады. Аналар баласын асырауға мүмкіндігі болмағандықтан, некесіз бала тапқаны үшін ұятқа қалудан қорыққандықтан немесе баланы тәрбиелеу жолында әлеуметтік қолдау таппағандықтан жетімдер үйіне өткізеді. Міне, осының салдарынан АҚШ-та балалардың әл-ауқатын қамтамасыз ету жүйесі жылына 50 000 бала қабылдайды. Ал Швецияда аналар (тұрмыс құрған я құрмағанына қарамастан) көптеген әлеуметтік қызмет пен қолдауға ие болады және асырап алушы отбасыларға жыл сайын он шақты бала беріледі (Rothman, 2005).

Шетелден бала асырап алу да **бала коммодификациясы** бойынша көптеген мәселелер туындатады. Ерлі-зайыптылар бала асырап алу үшін 35 000 \$ төлеуге дайындығын білдірген кезде кедей елдердің балалары – сату мен ұрлауға ыңғайлы тауарға айналады. Балалар коммодификациясы – балаларды тауар ретінде сатып алуға мүмкіндік беретін процесс.

Батыс тұрғындарының кедей елдерден асырап алған балалары көп жағдайда туған ата-аналарынан сатып, тартып не ұрлап алынға-

## Деректерге ден қойсақ

### Кедейлік және жалғызбасты ана болу

АҚШ-та жалғызбасты ана болу кедейлікке алып келеді. Ал Еуропада олай емес. Өйткені жалғызбасты аналарға үкімет тарапынан берілетін көмектің айырмашылығы үлкен.

	Швеция	Нидерланды	АҚШ
Жалғызбасты аналар тәрбиелеп отырған мектеп жасына дейінгі балалар үлесі	11%	6%	28%
Жұмыспен қамтылған жалғызбасты аналардың үлесі	89	24	66
Жалғызбасты аналар үлесі	6	8	53

**Мәліметті түсіндіру:** швед елінде аналар голландиялық немесе америкалық аналарға қарағанда, жұмыспен көбірек қамтылған. Қалай ойлайсыз, швед елінде аналарға жұмыс істеу үшін қандай мүмкіндіктер беріледі?

Голландиялық аналар швед немесе америкалық аналар сияқты жұмыспен қамтылмаған, дегенмен оларда жалғызбасты ана кедейлікте өмір сүрмейді. Олар Нидерланды үкіметінен қандай көмек алып отыр? Америкалық жалғызбасты аналар кедейлікте өмір сүрмеуі үшін оларға қандай ресурстар қажет?

Америкалық арман идеологиясы Швеция, Нидерланды және АҚШ-тағы жағдайдың әртүрлілігін қалай түсіндіре алады?  
ДЕРЕККӨЗ: Custafsson & Stafford (2009).

**Балалар коммодификациясы** – балаларды тауар ретінде сатып алуға мүмкіндік беретін үдеріс.



Бала тууға қатысты бақылау артып, жасанды түсік көбейген сайын қажетсіз бала саны азайды. Бұл бала асырап алуды қиындатып жіберді. Соның нәтижесінде халықаралық деңгейде бала асырау қанат жайды.

ны туралы мәліметтер белгілі болып жатыр, ал асырап алушылар бұдан бейхабар болған (Graff, 2008; Smolin, 2006). Бұл мәселе әсіресе АҚШ соңғы уақытта асырап алған, шетелдік балалардың 17 пайызы әкелінген – Гватемала елінде ушығып тұр.

## Баласыз өмір

Көптеген ерлер мен әйелдер балалы болуды қалағанымен, соңғы жылдары баласыз өмірді таңдайтын адамдар қатары көбейді (Pew Social Trends Staff, 2010). 1976 жылдың көрсеткішімен салыстырғанда, 45 жасында бала таппаған әйелдердің көрсеткіші екі есе артып, 18%-ға жеткен. Алайда олардың қаншасы баласыз өмірді әдейі таңдағаны белгісіз. Бала таппай өмір сүру басқа этникалық және нәсілдік топтарға қарағанда, «ақ» америкалықтардың және табысты әйелдердің арасында кең тараған (Livingston & Cohn, 2010).

Балалы болмау туралы шешім, әрине, сақтанудың тиімді жолдарының қолжетімділігімен байланысты. Сонымен қатар әлеуметтік өзгерісті де көрсетеді. Қалыпты өмірін қанағат тұтатын, бақыт үшін баланың қажеті жоқ деп санайтын және жұмыс пен өзге де қызығушылығына бала тек кедергі болады деп білетін ер адамдар әр уақытта болған. Бірақ қазіргі кезде көптеген әйелдер жұмысына және өмірдегі өзге мүдделеріне әбден берілген. Сондықтан да осындай шешімге келуі мүмкін (Park, 2005). Бұл пікірлерді зерттеушілердің тұжырымдары да қуаттайды. Олардың айтуынша, жұбайлардың отбасылық өмірге қанағаттануы үшін баланың қажеті жоқ және бала – орта немесе егде жаста аз ғана бақыт сыйлайды (Umberson et al, 2005).

## Жұмыс пен отбасын қатар алып жүру

20 жыл бұрынғы жағдаймен салыстырғанда, қазіргі жұбайлар балалары болсын, болмасын бір-бірімен өте аз уақыт өткізеді (Amato et



al., 2007). Оның бірнеше себебі бар. Біріншіден, 25-34 жас аралығындағы тұрмысқа шыққан әйелдердің 69 пайызы жұмысбасты (АҚШ Халық санағы бюросы, 2011). Екіншіден, орта тапқа жататын америкалықтар үшін жұмыс уақыты ұлғайып келеді (Jacobs & Gerson, 2004). Жақсы қызметкер екенін дәлелдеу үшін, адамдар таңнан кешке дейін және демалыс күндері үйде жұмыс істеуге мәжбүр. Толық жұмыс күнімен қамтылмаған қарапайым америкалықтар қосымша табыс көзін іздейді. Сөйтіп, екі немесе одан да көп жерде еңбек етеді. Ал толық жұмыс күнімен қамтылғандар мардымды жалақы алуы үшін артығымен жұмыс істеуі керек, өйткені табысы аздық етеді. Енді бірі жұмыс орнын сақтап қалу үшін ғана артық еңбектенуге даяр (Ehrenreich, 2001). Осылайша, жұмысшы және орта тапқа жататын ата-аналардың бос уақыты аз. Отбасымен бір дастарқан басында жиналу сирек жағдайға айналды және үйдегі уақыт та тығыз жоспарланады. Өйткені бұл кезде кір жуып, үй жинау керек, оған қоса балаларды уақытымен мектепке апарып, олардың іс-шараларына атсалысу қажет.

Соңғы зерттеулер көрсеткендей, жұмыс уақытының ұзақтығына қарамастан, ата-аналар балаларына көңіл бөлуге уақыт тауып жатады (Bianchi, Robinson, & Milkie, 2006). Шын мәнінде, осыдан 40 жыл бұрын аналар балаларына қанша уақыт бөлсе, бүгінгі аналар да дәл солай, ал әкелер бұрынғы кезбен салыстырғанда, көбірек уақыт бөле бастады. Айырмашылық мынада: әйелдер үй шаруасындағы жұмысын қысқартты, ал әкелер үй шаруасына белсене араласа бастады. Сонымен қатар ата-аналар шамалары келгенінше сырттан адам жалдай отырып, балаларымен бірге өткізу үшін уақыттарын үнемдеуге тырысады.

Алайда бұл – тек көбірек жұмыс жасау үшін ғана жасалған амал. Шын мәнінде, балаларының жанында көбірек болғысы келсе, үстеме жұмыстан бас тартып, өмір сүру талаптарын азайтуы тиіс және мансапты қалай бағаласа, бала тәрбиесін де солай бағалайтын мәдени орта қалыптастыру керек. Америкалықтар жұмыспен отбасын қатар алып жүруді бұдан әрі де жалғастыра беретін сияқты.

## Ажырасу

Бұрынғы ғасырларда бала тәрбиесінде келіспей қалған, қаржы тапшылығына ұшыраған немесе бір-бірін ұнатпай қалған жұбайларда некені сақтап қалудан басқа таңдау болмайтын. Қазіргі кезде ажырасу – ең оңай және ыңғайлы (және қаржылай атқарылатын) шешім. Ажырасу деңгейі 1860 жылдан бастап 1980 жылға дейін тұрақты түрде өсіп келді, бірақ мұнан кейінгі уақытта төмендей бастаған болатын (Pew Social Trends Staff, 2010). Бүгінгі таңда бірінші некенің 40-тан 50 пайызға дейінгі ажырасумен аяқталады (Kreider, 2005).

Отбасының құлдырауына қандай факторлар әсер етеді? 11.2-кестеде отбасы өмірінің алғашқы онжылдығында ажырасу себептері көрсетілген, бұл мәліметтер 2012 жылғы қалыптасқан жағдайды зерттеу нәтижесінде алынған (Бұл себептер жыл өткен сайын өзгеріп жатыр). Зерттеу нәтижесінде, бес негізгі фактор анықталды (Bramlett & Mosher, 2002; Teachman, 2002; Amato және т.б., 2007):

Некеге тұру жасы. Ажырасу себебінің бірі – некеге тұрған кездегі жас мөлшері, яғни жасөспірім кезінде және 20-ға енді толған шағында үйленгендердің көбі ажырасып кетеді.

**11.2-КЕСТЕ. Алғашқы некенің он жыл ішінде бұзылу ықтималдығына әсер ететін факторлар**

	Ажырасумен аяқталған, %
Жалпы	23%
<i>Некелесу жасы</i>	
<18	48
18-19	40
20-24	29
25 және одан жоғары	24
<i>Білімі</i>	
12 жылдан кем	42
12 жыл	36
13 жыл және одан жоғары	29
<i>Некесіз балалары бар</i>	
Иә	31
Жоқ	50
<i>Нәсілі</i>	
Ақ	32
Афроамерикалық	47
Латынамерикалық	34
Азиялық	20
<i>Ажырасқан ата-аналардың балалары</i>	
Иә	43
Жоқ	29

ДЕРЕККӨЗ: Biamlett & Mosher (2002).

Ата-анасы ажырасқан. Ата-анасы ажырасқан адамдардың өздері де ажырасып жатады.

Некелеспей жатып балалы болу. Некесіз баланы дүниеге әкелу келесі некелердің тұрақсыздығына себеп болады. Алайда тұрмыс құрмаған әйел босанғанға дейін некесін қидырса, бұл – отбасы басқаларына қарағанда берік болуы мүмкін.

Білімі. Білімі жоғары болған сайын ажырасу да төмен болады. Колледж бітіргендердің ажырасуы басқаларға қарағанда екі есе сирек, өйткені олардың көбі толық отбасынан шығады, некесіз бала тумайды және ақыл тоқтатып барып үйленеді (Hurley, 2005).

Нәсілі. Афроамерикалықтар «ақтарға», латынамерикалықтарға немесе азиялықтарға қарағанда көбірек ажырасады, алайда уақыт өте мұндай айырмашылық азайып келеді (Teachman, 2002).

### Қоғамдық деңгейдегі факторлар

Некелесу жасы, ата-аналарының ажырасқан болуы, некесіз бала туу, білімі және нәсілі кез келген отбасының бақытты не бақытсыз болуына әсер етеді. Алайда мұндай жеке сипаттамалар алғашқы некелердің 40–50 пайызы не үшін ажырасатынын, ал бір ғасыр бұрын бұл көрсеткіш неліктен небары 10 пайыз ғана болғандығын түсіндіре алмайды (Kreider, 2005). Ажырасудың көбеюі жеке бастың мәселесі ғана емес, әлеуметтік үлкен мәселе және оны түсіндіру үшін әлеуметтік құрылымға тереңірек үңілу керек.

АҚШ үшін ажырасу санының өсуі таңғаларлық жағдай емес. АҚШ-та ажырасу деңгейі үнемі жоғары болғанмен, басқа дамыған елдерде де экономикалық немесе әлеуметтік мәселелерге байланысты ажырасу дендеп келеді. Біріншіден, өткен ғасырларда неке – деген отбасын құрған екі адамның арасындағы экономикалық келісім болатын, ал қазіргі неке эмоционалдық сезімдерге толы, махаббатқа негізделген, адам өміріндегі өзге қарым-қатынастардан анағұрлым пайдалы болады деп күтеміз. Осы пікір кең таралғандықтан некелері ойдағыдай болмай қалған жағдайда ажырасам деушілер көбейді (Coontz, 2007).

Экономикалық өзгерістер ажырасуға бейім адамдарды көбейтті. Өткен ғасырда адамның ең құнды активі – құрал-сайманы немесе жері болатын. Ажырасқан кезде осы активтен айырылатын немесе оны бөлісуі керек болатын, сондықтан жұбайлар ондай әрекетке бара бермейтін. Қазіргі кезде орта таптың негізгі активі білімі мен тәжірибесі болып отыр. Ал бұл актив материалдық болмағандықтан, ажырасу бұрынғыдай қорқынышты болып көрінбейді. Экономикадағы өзгерістер төмен және орта деңгейдегі әйел мен ердің өзін және отбасын қамтамасыз етуін қиындатып жіберді. Сөйтіп, экономикалық қиындықтар отбасындағы қарым-қатынасты зор күйзеліске алып келеді, соңында ажырасуға дейін жетеді. Әйелдердің өзін-өзі некесіз де қамтамасыз етуге мүмкіндігі молайған сайын ажырасу дұрыс шешім сияқты көрінуі мүмкін. Осындай өзгерістердің барлығы ерлі-зайыптылардың отбасын сақтап қалуына мұрша бермейді. Дегенмен ажырасқан адамдар әсіресе жастар, «ақ» америкалықтар және ерлер қайтадан отбасын құруға тырысады, (Coleman, Ganong, & Fine, 2000).

### Бұл бізге не береді?

Отбасы сипатының өзгергендігіне қарамастан, балаларға экономикалық тұрғыдан, басқаларға әлеуметтік қолдау көрсету қайырымдылықтың қайнар көзі ретінде қалып отыр. Сондай-ақ отбасы – өз-өзінді бағалауды дамытатын, өзгелермен қарым-қатынас жасауға үйрететін және қоғамдық нормаларды меңгеретін маңызды бірлестік. Отбасылық қатынасты сипаттайтын берік махаббат, іңкәрлік сезімсіз мақсаттарды орындау қиын, тіпті мүмкін емес. Осылайша, отбасы қоғамға пайдалы азаматты тәрбиелеуде маңызды рөл атқарады.

Отбасының балалық шақ үшін ғана емес, бүтін өмір үшін маңызы зор. Әрдайым қалағанына қол жеткізе алмағанымен махаббат, эмоционалдық қолдау, қаржылай көмек және жай ғана тілдесу қажет болғанда отбасы мүшелері бір-бірінің жанынан табылады. Егер жол

апатынан кейін автокөлігіңізді ауыстыру үшін, жедел қарызға ақша іздесеңіз немесе ауырып қалып, бірнеше апта бойы күтім қажет болса, жақын туысыңыздан көмек сұрайтыныңыз анық.

Отбасының жеке адамдар мен қоғамға беретін артықшылығын ескерсек, отбасын қолдау және оған соққы болып тиетін кейбір кемшіліктерді азайтуға тырысудың маңыздылығы айқындалады. Бұл мақсатты іске асыру қиын емес. Қазіргі ажырасу, заңға қарсы шығу, баласыз өмір сүру және тұрмыстағы зорлық-зомбылықтың қарқын алуы тәрізді жайсыздықтарға қарамастан, отбасында әлі де дұрыс бағдар бар: ана мен баланың арасындағы қатынастың үзілмеуі, қайтадан отбасын құрудың жиілігі, өзінің туған және өгей балаларын шын көңілмен жақсы көретін өгей әкелердің көбеюі және қартайғанда балаларының қамқорлығын көріп отырған ата-әжелер. Отбасы мүшелерінің талабын қанағаттандыруға бағытталған әлеуметтік саясат барлығымыз үшін зор пайда әкелуі мүмкін.

## Қорытынды

1. Неке және отбасы – қоғамдағы ең негізгі ұжымдар. Бұл ұжымдар қоғам атаулыда ортақ қажеттіліктерге – мысалы, жыныстық мінез-құлықты реттеуге, көбеюге, балаларды күтуге және әлеуметтендіруге – жауап береді..
2. Отбасы түрлеріне кеңейтілген отбасы, нуклеар отбасы және аралас отбасы жатады. Нуклеар отбасылар қазір көп емес.
3. Ажырасудың жиілеуі және жұмыс күшінде әйелдер үлесінің артуы, балалық шақтың әлеуметтік құрылымына күрделі өзгерістер әкелді. Қазір АҚШ-та көптеген балалар күндізгі балабақшаға барады немесе жалғызбасты әкесімен не анасымен бірге өмір сүреді.
4. Ересек өмірге өту кезеңі қазір ұзарып кетті. Өйткені бүгінгі жастар ұзағырақ оқиды, жай үйленеді және жұмысты да ұзақ іздейді.
5. Жұбайын таңдау махаббатқа байланысты, сондай-ақ ұқсастық, гомогамия және ортақ құндылықтар да әсер етеді. Қазіргі таңда аралас некелер әсіресе жоғары білімді адамдар арасында кең тараған.
6. Балалары кешірек бөлек шығатындықтан және экономикалық себептерге байланысты қайта оралатындықтан орта жастағы ерлі-зайыптылардың үйлері бос қалмайтын болды. Сонымен қатар орта жастағылар ата-аналарын өз қолдарына алады немесе бала-шағасымен туған үйіне қайтадан көшіп барады.
7. Әйелдердің жұмысбасты болуы, отбасындағы рөлдердің күрделі өзгерісіне алып келді. Қазір америкалықтардың басым бөлігі ерлі-зайыптылар үй шаруасын бөлісе атқаруы керек деп санағанымен, үштен екі бөлігі әлі де әйелдердің мойнында.
8. Әкелердің бала бағуда үлесі артқанымен, олар күнделікті күйбең тірлікке жауапкершіліктен гөрі уақытты, негізінен, ойнаумен өткізеді. Өгей ата-ана болу өте қиын, өйткені ересек адамдар да, олардың балалары да өздерін қалай ұстау керектігін көбіне біле бермейді.
9. Азаматтық некені енді кез келген жастағы жұптар таңдай алады. Үйленбей бірге тұратын жұптардың көбі ақырында некеге отырады, бірақ бір бөлігі кейінге қалдыруға келіседі. Үйленудің үлес салмағы азайып, азаматтық неке мен ажырасудың артуы неке институтының ыдырай бастағанын білдіреді.
10. Бала тууды кейінге қалдыратын немесе мүлде баласыз өмірді таңдайтын әйелдер көбейіп барады. Қазіргі таңда АҚШ-та туған балалардың 41 пайызы некесіз дүниеге келген. Ал жасөспірімдер жүктілігі кедейлікке, қолжетімді сақтану жолдарының жоқтығына және өмірлік мақсатты айқындай алмауға байланысты болып отыр.
11. Жалғызбасты ана болу бұрынғыдай ұят деп саналмағандықтан, асырап алуға бала табу қиындады. Жалғызбасты аналар некесіз бала туғаны үшін масқараланса және мемлекет тарапынан қолдау таппаса, жетімдер көбейе бермек. Асырап алу көбінесе өгей әке-шешелер үшін де, балалар үшін де сәтті болады.



12. Бұрынғыға қарағанда, қазіргі ерлі-зайыптылар экономикалық қысымның күштілігінен бір-бірін сирек көрді.
13. АҚШ-та балалар мен әйелдерге қатысты зорлық-зомбылық анағұрлым кең таралған. Гомосексуал не гетеросексуал жұп болсын ерлердің өмірлік серіктерін ұрып-соғуы әйелдерге қарағанда жиірек, дегенмен соңғы 20 жылда зорлау жайттары азайған. Тұрмыстағы зорлық-зомбылық жұптардың өз өмірін және жұбайларының әрекеттерін бақылай алмай қалғанын сезінуінен болады. Олар өздерін жұбайларының өміріне бақылау жасауға құқылы санайды.
14. Зерттеушілердің бағамдауынша, алғашқы некелердің 40-50 пайызы ажырасумен аяқталады. Ажырасу факторларына жұптардың жас мөлшері, ата-анасының ажырасқандығы, некеге дейін балалы болуы, білімі және нәсілі кіреді. Мұндай тенденциялардың көбінің негізінде некедегілердің экономикалық тәуелсіздігі жатыр.

## Сыни ойлау

1. Нуклеар отбасылар қандай функция атқарады? Нуклеар отбасылардың негізгі дисфункциялары қандай? Кеңейтілген және аралас отбасылардың артықшылықтары мен кемшіліктері неде?
2. Өзіңіздің (немесе маңайыңыздағы біреудің) жұбайын таңдау барысын талдаңыз. Ұқсастық, гомогамия, эндогамия және сырт келбеттің қаншалықты әсері болған не болмағанын көрсетіңіз. Ата-аналардың рөлі қандай болды?
3. Карт ата-анасына немесе ата-әжесіне қамқорлық көрсетіп отырған таныстарыңыз бар ма? Қалай ойлайсыз, неге бұл жауапкершілікті отбасының басқа мүшесі емес, осы адам өз мойнына алды? Бұл жерде қандай жеке қасиет қатыстырылған және нендей сипат дәріптеледі?
4. Қанша балаңыз болғанын қалайсыз? Қандай артықшылықтары мен кемшіліктері болады деп ойлайсыз? Өз жұбыңызбен бала тәрбиесін қалай және қандай негізде бөлісуіңіз керек?



12

## Білім және дін

### Тарау тағылымы

#### Осы тарауды оқығаннан кейін студенттер:

- дін мен білімнің әлеуметтік тұрақтылық пен өзгерістерге ықпалын, құрылымдық-функциялық сын мен әр институттың конфликтологиялық теориясын түсінеді;
- білім мен теңсіздіктің арақатынасын, сондай-ақ оның элиталық сабақтастық тұжырымдамасы тұрғысынан түсіндірілуін талқылайды;
- АҚШ мемлекеттік білім жүйесінің сапасын арттыру стратегиясы ретінде бақылаудың, тестілеудің және мектептің таңдалуын саралайды, сондай-ақ білім алудағы теңсіздікті азайтудың ықтимал кедергілерін талдайды;
- колледжге кім қатынайтынын және оның әлеуметтік-экономикалық, тағы басқа нәтижелерін түсінеді;
- шіркеуге мүше болу, оған қатынау қағидаларымен танысып, АҚШ-тағы діндарлықтың өзгеруі, сонымен бірге АҚШ-та және бүкіл әлемде діни фундаментализмнің өсуі себептерін пайымдайды;
- шіркеулердің, секталардың және жаңа діни қозғалыстардың (ЖДК) үкімет пен дін арасындағы шиеленісті шешу тәсілін түсініп, адамдар мен топтардың әрқайсысына тән белгілерді сипаттайды;
- адамдардың діндарлығы мен шіркеуге баруының салдарын, сондай-ақ америкалықтардың өмір салтын нығайтудағы азаматтық діннің маңыздылығын талқылайды.

## Білім және діни институттары

Бұл тарауда білім және діни институттары қарастырылады. Екеуі де кез келген елдің негізгі құрамдас бөліктері болып саналады, сонымен бірге қоғам мен адамға ықпалы зор. Америкалықтардың көпшілігіне осы құрылымдар тікелей әсер етеді: АҚШ азаматтары тегіс мектепке барады және басым көпшілігі дінді ұстанады. Тіпті мектепке бармаған, діни сенімі болмаған күннің өзінде осы екі құрылымның тәртібімен және құндылықтарымен бетпе-бет келіп отырады.

## Білім беруге қатысты теориялық көзқарастар

Keң мағынада алғанда, білім беру – ресми оқу жүйесіне жауапты әлеуметтік құрылым институты. Ең тұрақты және етене таныс институттардың бірі. АҚШ-тағы әрбір он адамның үшеуінің білім саласына оқушы ретінде болсын, қызметкер ретінде болсын қатысы бар. Бұрынғы оқушылар, ата-аналар немесе салық төлеушілер – барлығы белгілі бір деңгейде білім саласына араласады.

Бұл институт қандай мақсат көздейді? Кім пайда табады? Құрылымдық-функционализм және конфликт теориялары бұл сұрақтарға екі түрлі жауап ұсынады.

## Құрылымдық-функциялық теория: білім функциялары

Білім саласын құрылымдық-функциялық талдау қоғамды қолдау үшін құрылған білім беру мекемелерінің көрсеткіштерімен байланысты. Құрылымдық-функцияшылдардың айтуы бойынша, білім беру жүйесі көпшіліктің талабын қанағаттандыру үшін жасалған. Білім саласы функцияларының басты бағыты – оқыту және білім беру, жастарды әлеуметтендіру, сәйкесінше іріктеу және біртіндеп жақсы жаққа қарай өзгеруіне ықпал ету.

## Оқыту және білім беру

Мектептің айқын мақсаты – білім беру мен дағдыны қалыптастыру. Мектепте оқуға, жазуға және санауға үйренеміз. Тәуелсіздік жолындағы Америка соғысының себебін түсініп, жасушаның құрылымын зерттейміз. Осылайша, мектеп әр ұрпақтың өкілдері қоғамның үздіксіз тіршілігі үшін қажетті дағдыларды меңгеруіне кепіл болады.

## Әлеуметтену

Мектеп жастарды заман ағымына лайықты әлеуметтендіру арқылы қоғамның мейлінше қалыпты қозғалысын қамтамасыз етеді. Олар тәртіпке, тіл алғыштыққа, ауызбірлікке және ұқыптылыққа ерекше мән береді. Сонымен қатар мектеп оқушыларды өз мәдениетіне сай ойлауға, дәстүрді құрметтеуге және ережелерді ұстануға үйретеді. АҚШ мектебінде ағылшын тілінде оқып, жазуды үйренеміз. «Аза-



Барлық қоғамда білім саласы – мәдениетті қалыптастырудың маңызды құралы. Оқу және жазу сияқты дағдылардан бөлек, балалар негізгі мәдени құндылықтарды үйренеді. Жапонияда мектеп формалары жеке жетістіктерге қатысты топтық біркелкілікті айқындайды.

маттық адалдық антын» жаттаймыз және мектептік кеңес дұрыс деп тапқан АҚШ тарихын оқимыз. Елдің түкпір-түкпіріндегі әртүрлі этникалық және әлеуметтік топтан шыққан оқушылар жалпыға бірдей оқу бағдарламасы бойынша білім алады. Соның арқасында ортақ мәдени негіз қалыптасады.

## Іріктеу

Мектепті бағбанға балауға болады. Оның арам шөптерді жұлып, таза-лап, жақсы өнім алуға тырысатыны сияқты қай оқушының озат оқитынын, қайсысы кенже қалатынын анықтап отырады. Бағалар мен тестілеу нәтижелері мектептен тыс немесе түрлі оқу бағдарламаларына қатысты қабілет деңгейін көрсетеді. Ең дұрысы, мектеп жүйесі әр оқушының айрықша қабілетін ашуы керек.

## Өзгерістерге ықпал ету

Мектеп өзгерістер агенті ретінде де қызмет етеді. Біз мектепті аяқтағанмен, білім алуды тоқтатпаймыз. Алайда жаңа білім мен технологиялар ересектерге қарағанда, мектеп оқушыларына бағытталады. Сонымен қатар сыни және аналитикалық ойлауды дамыту арқылы мектеп өзгерістерге себепші болады. Колледждер мен университеттерден де жаңа білім алынады деп күтіледі.

## Конфликт теориясы: білім және теңсіздіктің таралуы

Конфликтология теорияшылары құрылымдық-функционалистердің білім саласы мәдениетті қалыптастырады, студенттерді сұрыптайды және жастарды әлеуметтендіреді деген пікірімен келіседі, бірақ бұл функцияларды жан-жақты қарастырады. Конфликтология теорияшылары мектептің қалыптасқан жағдайды нығайтып, теңсіздікті сақтап қалатынына мән береді.

## Білім – капитализм құралы

Кейбір конфликтология теорияшыларының тұжырымы бойынша мемлекеттік мектептердің негізгі көздегені – басқарушы таптың пайдасы. Бұл теорияшылар мектепте оқытылатын мәдени ойдың негізінде жатқан астыртын бағдарлама бар деп санайды. Мемлекеттік мектептердегі мұндай бағдарламаға өз кезегін күтуді, ережелерді сақтауды, ұқыпты болуды, сыйластық көрсетуді және артық сұрақ қоймауды үйрету жатады. Бұл дағдылардың барлығы балаларды жұмысшы табының өкілі болуға даярлайды (Gatto, 2002). Ал таңдаулы жеке мектептегі оқу бағдарламасы балаларды шығармашылыққа және сыни ойлауға, сол сияқты олардың артықшылыққа лайық екендігіне үйретеді. Конфликтология теорияшылары жеке және мемлекеттік мектептер дифференциалды жетістік негізінде жастарды әртүрлі марапат күтуге, яғни осылайша – жастарды теңсіздікті қалыпты деп қабылдауға үйретеді деп есептейді (Kozol, 2005).

## Білім – мәдениет құралы

Конфликтология теорияшыларының тұжырымдауынша, оқу және жазу дағдыларымен қатар, балалар басым мәдениеттің ықпалымен сол көзқарасқа негізделген тарихты және мәдениетті оқиды (Spring, 2004). Мысалы, АҚШ тарихында «Үнді соғысы» сипатталады, бірақ байырғы америкалықтардың соғыстары жайлы аз айтылады. Сол сияқты ХІХ ғасырдың аяғында АҚШ-та қытайларға қарсы зорлық көрсетілгені және ІІ Дүниежүзілік соғыс кезінде америкалықтардың жапондықтарды лагерьге айдағаны туралы еш жерде жазылмайды. Тіпті өнер мен музыка сабақтарында Латын Америкасы мен Азия мәдениеті еленбейді және афроамерикалықтардың мәдениетті дамыту үшін қосқан үлесі туралы айтылмайды.

## Білім – адамның мәртебесін айқындаушы

Халыққа тегін білім берудегі мақсаттың бірі – адамдардың табысты болуына жағдай жасау. Кез келген адам еңбекқорлығы мен қабілетінің арқасында биік шыңға көтеріле алады. Себебі жұмыс беруші, ең алдымен, ата-анаңыздың кім екенін сұрамайды, оларға керегі – қай оқу орнын аяқтағаныңыз. Ал колледж қызметкерлері біліктілікті арттыру (Advanced Placement) курсынан қанша мәрте өткеніңізді және халықаралық бакалавриат деңгейіндегі жоғары біліміңіз бар-жоғын сұрайды (Sacks, 2007). (Егер кедей отбасыдан шығып, кедейлерге арналған жоғарғы мектепке барсаңыз, мұндай бағдарламалар жайлы естімеуіңіз де мүмкін). Алайда конфликтология теорияшыларының тұжырымдауынша, адамдарды алған біліміне қарай бағалау, ата-анасына қарап бағалаудан эгалитарлы (теңдік) емес (Beaver, 2009). Бақуатты отбасыдан шыққан адамдар жақсы білім ала алады. Мысалы, қаржылай көмек үшін өтініш жазған Гарвард студентінің отбасылық орташа табысы 150 000 \$ шамасында (Leonhardt, 2004). Ал білім алушылардың жеке мәліметтеріне мән беру «жағымсыз» студенттерден сақтану үшін қажет.

Конфликтология теорияшыларының тұжырымдауынша, білім туралы куәлікті көзбояушылық деуге болады. Қызметке орналасып, еңбекте жетістікке жетуге негіз болатын куәлік, шын мәнісінде, нәсілдік, жыныстық және қай әлеуметтік таптан шыққанына байланысты дискриминациядан қорғай алмайды (Brown, 2001). Нәсілге негізделген теріс түсінікке қатысты «нәсілшілдік» термині қолда-

**Астыртын оқу жоспары жастарды мойынсұнушылық пен сәйкестікте әлеуметтендіреді.**

нылса, әлеуметтануда куәліктерге байланысты теріс түсінікті айқындау үшін «креденциализм» термині қолданылады. Креденциализм – айрықша білімі туралы куәлігінің арқасында ғана біреулерді басқалардан жоғары деп санау.

## Білім берудегі теңсіздік

Білім беруді мәртебе – айқындау құралы ретінде қолдану, түрлі әлеуметтік топтар мен қауымдастықтар үшін қолжетімді білім берудегі мүмкіндіктер теңсіздігін күшейтіп отыр (Kozol, 2005; Sacks, 2007). Кедейлер оқитын мектептерде оқушылар тар сынып бөлмелерінде бір мұғалімнің орнына келген басқа мұғаліммен немесе жақында ғана оқуын бітірген, тәжірибесіз оқытушымен бірге стандартты тестілеуге дайындалады. Шығармашылық қабілет-дағдыларын дамыту деген атымен болмайды. Студенттер автомеханик немесе косметолог кәсіптеріне мамандана алады. Бірақ олардың мектептері есептеулерді, шығармашылық жазбаларды немесе AP (біліктілік арттыру) сыныптарын ұсына алмайды. Мектеп қандай бағдарлама ұсынғанымен сынып бөлмелерінде жылыту жүйесі дұрыс болмаса, оқушылар ескі оқулықтарды бөлісуге мәжбүр болса, білім алу қиындай түседі. Керісінше, бақуатты адамдардың балалары заманауи сыныптарда және ғылыми лабораторияларда білім алып, көптеген тілдерді, зерттеу тақырыптарын және AP сыныптарын таңдай алады. Кеңесші қызметшілер оқушылардың талабына сай беделді оқу орнына түсуге көмектеседі. Ең таңдаулы АҚШ колледждеріне бірінші курс студенттерінің 55 пайызы табыстың 25 пайызына иелік ететін отбасылардан келеді (Leonhardt, 2004). Сол сияқты аралас табысты қоғамда қаржысы жеткілікті оқушылар кедей балаларға қарағанда, әртүрлі бағдарламалары бар, жақсы оқу орнына қол жеткізе алады (Bettie, 2003).

Білім алу мүмкіншілігінің этникалық ерекшелікке байланысты әртүрлі болуы, әлеуметтік тап арасындағы айырмашылықты көрсетеді. Мемлекеттік мектептегі сегрегация 1954 жылы Жоғарғы соттың шешімімен заңсыз деп табылған болатын, кейінгі 30 жылда сегрегация төмендеді. Алайда 80-жылдардың ортасынан бастап десегрегация

**Креденциализм** – айрықша білімі туралы куәлігінің арқасында ғана біреулерді басқалардан жоғары деп санау.



Жылыту мен желдету жүйесі жоқ, оқушылар толы сыныпта білім алу қиын. Уақытша немесе жас мұғалімдермен және өзара бөлісіп оқуға тура келетін ескі кітаптармен білім алу тіпті қиын. Мұндай жағдай көбіне кедей аудандарда және аз ұлт өкілдерінің мектептерінде болады.



## әлеуметтану және сіз

Колледжге келгеніңізде, әлеуметтік табыңызға байланысты қандай артықшылықтарыңыз немесе кемшіліктеріңіз болды? Ата-анаңыз «New York Times» газетін оқи ма, оқымай ма, әлде мүлдем ағылшынша оқи алмай ма? Ата-анаңыз театрға билет, дербес компьютер әперіп, қосымша сабаққа, музыкалық үйірмеге қатысуыңыз, бала күніңізде шетелге шығуыңыз үшін қаражат бөлді ме? Әлде үйдің төлемақыларын өтеу үшін ата-анаңызға жұмыс істеп көмектесуіңіз қажет болды ма? Мектебіңіз жаңа құралдармен жабдықталған ба еді, әлде төбесінен су ағатын, ескі кітаптар беретін мектеп пе еді? Осы артықшылықтар мен кемшіліктердің колледжде оқыған кезіңізде де әсері болады.

ция бағдарламасын қолдау азайды. Соның салдарынан латынамерикалық, афроамерикалық оқушыларға қатысты мектеп ішіндегі сегрегация күшейді (Frankenberg & Lee, 2002). Бостоннан Бирмингемге дейінгі аралықта мемлекеттік мектептерде ақ нәсілді студенттер 15 пайызға жуықтайды. Мектепте аз ұлт өкілдері көп болған сайын оқушыларға кейін жоғары оқу орнында білім алуға мүмкіндік беретін жағдайлар төмендейді. Мұндай мектептерде аз ұлт өкілдерінің «ақ» оқушыларға қарағанда мүмкіндіктері шектеулі (Bettie, 2003).

## Символдық интеракционизм: элиталық сабақтастық

Қазіргі заманда элита өкілдері балаларының да жоғары деңгейде қалуын тікелей қамтамасыз ете алмайды. Мәртебелері балаларына өтуі үшін, оларға сол деңгейге лайықты білімін растайтын диплом алып беру қажет. Көп жағдайда ата-аналар мұны орындайды. Өйткені балалардың білімдегі жетістіктері, ата-аналарының әлеуметтік мәртебесіне тығыз байланысты.

Бұл қалай болады? Конфликтология теорияшылары мектеп құрылымы қалай теңсіздікке алып келетіндігіне мән берсе, символдық интеракционистер осындай нәтиже беретін процестерді зерттейді. Сондай процестердің бірі – элиталық сабақтастық.

## Элиталық сабақтастық

Мектептің мақсаты – оқушыларға білім беру. Мектепті аяқтаған кезде оқушылардың көбі компьютерде басуды, үш бөлікті тезистен тұратын эссе жазуды және есеп шығаруды біледі. Оған қоса, ақыл-ес қабілетін арттыратын және кеңейтетін танымдық даму процестерінен өтеді. Оқу процестерінен мінсіз өткен жағдайда оқушылар сыни ойлау, дәлелдерді салыстыру және дербес ойлау қабілетін дамытуды үйренеді.

Көптеген зерттеу жұмыстарының нәтижесі бойынша, егер мұғалімдер оқушыларына зор үміт артып, оларға қиын әрі талапты тапсырмалар беріп отырса, мектеп жасындағы балалардың танымы кең болады. Мұғалімдер мұндайды оқушылары «ақылды» болып көрінсе және өздерін лайықты етіп ұстаған жағдайда істейді. Ал ондай оқушылар әдетте ақ нәсілді және бақуатты тап өкілдерінен болады.

Бұл жағдай АҚШ қоғамында мұғалімдердің бір бөлігі нәсілшілдік пен дәстүрлі стереотиптерді қолдайтындықтан болып отыр деп түсіндіріледі. Енді бірі бақуатты ақ нәсілді оқушылардың элиталық мәдениетке тән білімі мен түсінігі болғандықтан деп пайымдайды (Bourdieu, 1984; Bettie, 2003). Мұндай оқушылардың үйінде әдетте орта тап мұғалімдері бағалайтын музыка, өнер және классикалық кітаптар болады. Сонымен қатар олар мұғалімдерге ұнайтындай үлгіде өздерін ұстай алады және жақсы киінеді. Осындай мәдени капиталдың арқасында оқушылар мұғалімдермен қарым-қатынас жасай отырып, өздерінің уақыт бөлуге тұрарлық екендіктерін дәлелдейді (Farkas et al., 1990; Kalmijn & Kraaykamp 1996, Bettie, 2003).

Керісінше, мұғалімдер (көпшілігі «ақ») афроамерикалықтар мен мексикалық нәсілді америкалықтарды ақылсыз әрі жаманшылық жасауға үйір деп санайды (Ferguson, 2000; Bettie, 2003). Нәтижесінде, мұғалімдер аз ұлт өкілдеріне білім беруге емес, тәрбиелеу мен қадағалауға көп уақыт жұмсайды.

Бұл процесс элиталық сабақтастықтың айқын мысалы бола алады. Қазір ұстаздық етіп жүргендер – нәсілшіл, әйелдерді кем санайтын және классикалық теріс түсініктегі қоғамда өсіп, тәрбиеленгендер.

Мұғалімнің қате түсінігінің кесірінен кейбір оқушылар жетістікке жете алмай қалуы және мүмкіндіктерінің шектелуі ықтимал. Осылайша, қыздарға есептеу амалдары, ұлдарға (афроамерикалық немесе «ақ») ас дайындау үйретілмейді. Ал жұмысшы таптың балаларына (ұл болсын, қыз болсын, ақ не қара болсын мейлі) физиканы емес, аспаздықты немесе автомеханиканы таңдауға кеңес береді. Бұл процесс жағдайы жоқ оқушыны жетістікке жетуден алшақтатуға көмектеседі.

## Америка білім беру саласындағы қазіргі қайшылықтар

Соңғы жылдары АҚШ-тағы білім сапасын жақсарту және жаһанданған еңбек нарығында жас америкалықтарды бәсекелестікке төтеп беруге қажетті құралдармен қамтамасыз ету жөнінде түрлі ұсыныстар пайда болды. Олар – бақылау, аса маңызды тестілеу және мектеп таңдау сияқты кең таралған үш ұсыныс.

### Бақылау

Бақылау – баланың оқу бағдарламасын меңгергенін немесе әлі де түсінуі қажет тұстары барын ертерек анықтау үшін білімін бағалау. Оқушылар бірінші сыныпқа келген кезде қабілеттеріне қарай оқу топтарына бөлінеді. Бастауыш мектепті бітірген соң кейбір оқушылар колледждің дайындық курсына, енді бірі жалпы білім беру бағдарламасына (кейде кәсіби білім деп те аталады), ал қалған бөлігі түзету сыныптарына немесе «арнайы білім» бағдарламаларына жолданады. Барлық кезеңде шын қабілет ескерілмейді, аз ұлт өкілдері мен тұрмысы нашар оқушылар көп жағдайда төмен деңгейдегі курстарға жіберіледі. (Sacks, 2007; Bettie, 2003; Kao & Thompson, 2003; Harry & Klingner, 2005).

Бақылау талантты оқушыларға да, қабілеті төмен оқушыларға да пайдалы болуы керек; оқушылар деңгейіне қарай сыныптарға бөлінген кезде топтардың бәрі де жылдамырақ оқуы және оларға мұғалімдер тарапынан тиісті көңіл бөлінуі қажет. Сынып оқушылары бір деңгейде болғандықтан оқу процесі бірқалыпты және тиімді өтуі тиіс. Кей жағдайда, расымен, осылай болып жатады. Дегенмен көптеген зерттеулердің көрсетуінше, қабілетті оқушыларға көмек көбірек көрсетіледі, қабілетсіз оқушылар сыныбына ауысқан балаға бұл ауыр тиеді (Kao & Thompson, 2003).

Тұрмысы нашар отбасы балаларының білім деңгейі төмен болу себебі – оларды оқытуға көп көңіл бөлінбейді. Оларға материал аз түсіндіріледі, үй тапсырмасы аз беріледі, жалпылай келгенде, білім алуға бірдей мүмкіндік берілмейді. Мұғалімдер төмен білімді оқушылар, келешек мансабында жетістікке жете алмайды деп ойлайды, көбінесе солай болады, бұл – элиталық сабақтастық (Sacks 2007).

Бейресми процестер де осылай ықпал етеді. Мысалы, жоғары деңгейлі сынып оқушыларының академиялық жетістіктері мен қабілетіне сенімі күшті болып келеді. Нәтижесінде, олар мектепте жиі марапатталады, мектепке күнделікті барады, мұғалімдермен бірлесіп әрекет етеді және талпынысы жоғары болады. Төмен деңгейлі сыныптардағы оқушыларда жағдай, керісінше. Олар оқуға жұмсаған күш-жігері үшін аз марапат алады, ата-аналары да, мұғалімдер де оларға

**Бақылау** – баланың оқу бағдарламасын меңгергенін немесе әлі де түсінуі қажет тұстары барын ертерек анықтау үшін бағалау.



Аса маңызды тестілеудің көбеюінің әсерінен мектептер оқушыларының мұны қалай тапсыратынына көп көңіл бөлетін болды. Сонымен қатар бұл жағдай тестілеуі жоқ пәндерден бас тартуға және мұғалімдерді пәнді емес, тестілеу дағдыларын оқытуға мәжбүр етті.

**Мектеп таңдау** бағдарламасы отбасыларға балаларын оқытудың көптеген жолдарын (оқыту ваучерлері, салықтық жеңілдіктер, магниттер мектебі, жеке мектептер және үйде оқыту) ұсынады.

қатаң талап қоймайды, жұмыс істеуге ынтасы болмайды. Көпшілігі оқуда көрсете алмаған қабілетін спорт немесе құқық бұзушылық сияқты басқа жаққа жұмсайды (Bettie, 2003). Алайда деңгейлер арасындағы ұтқырлықты қолдайтын мектептерде мұндай теріс көріністер азайып келеді. Мұғалім оқушы қабілетінің артуына оң көзбен қарайды. Колледжде түскісі келмейтін оқушыларға мектепте академиялық талап қойыла бастады (Gamoran, 1992; Hallinan, 1994).

## Аса маңызды тестілеу

Бүгінде федералдық және жергілікті заңнамалар мектептерде оқушылардың үлгерімі стандартты тестілеу арқылы бағалануын талап етеді. Көптеген мектепте оқушылар жоғары сыныпқа ауысу үшін, алдымен аса маңызды тестілеуден өтуі керек. Сонымен қатар мектеп те, мұғалім де осы стандартты тестілеудің нәтижесі бойынша бағаланып, жазаланып немесе марапатталатын болды.

Оқушылар үлгерімінің стандартты тестілеу нәтижесі бойынша анықталуы, мектептерді білім сапасына баса көңіл бөлуге мәжбүр етті. Оқушылардың оқу, жазу және есептеу сияқты негізгі дағдылар бойынша дұрыс дайындалуын қамтамасыз етуге ден қойылды.

Бірақ аса маңызды тестілеудің күтпеген кері салдары да болды. Бірқатар мектептер қойылған мақсатқа жету үшін қосымша ресурстар алды. Нәтижесінде, мектептерде өнер, музыка, дене шынықтыру, шет тілі, тіпті тарих және ғылым пәндері тоқтатылып, мұғалімдердің білігі жетпесе де оқу, жазу және арифметиканы үйретуге бағыт алды (Ravitch, 2011). Сонымен қоса тек тестілеуде кездесетін тақырыптарды ғана оқуға рұқсат берілді. Мұғалімдер қарапайым тестілеу дағдыларын үйретуі керек болды. Ал тестілеу процесінің өзіне мектептер едәуір көп уақыт, күш және қаражат жұмсайды.

Аса маңызды тестілеу кейбір оқушылардың ынталандырылмай, бағадан тежеліп қалатынын, демек, пайдасынан зияны көп болатынын көрсетті. Зерттеулер көрсеткендей, оқушыларды артқа тартудан түк шықпайды және бұл олардың ұзақ мерзімді академиялық үлгеріміне кері әсерін тигізуі мүмкін. Бұл бір жағынан оқушылардың оқудан шығып қалу қаупін де көбейтеді (Grodsky et al., 2008; Hong & Raudenbush, 2005). Сонымен қатар мектеп пен мұғалімдердің деңгейін тест нәтижесімен анықтауға шектен тыс тәуелділік көптеген мектептердің осы жүйеге сәйкес айлалар жасауына алып келді. Мысалы, мектеп әкімшілігі үлгерімі төмен, тестілеуден құлап қалуы ықтимал оқушыларды алдын ала мектептен шығуға мәжбүрлеп, аса маңызды тестілеу нәтижелерін жасанды жолмен жақсартуға тырысты. Енді бір жағдайларда тест пен оған қатысу туралы мәлімет үлгерімі төмен оқушыларға жоғары оқу орнына түсуге лайықты білім берудің орнына мектепке келмеуге және мектепті тастауға кеңес беру үшін қолданылды (Jennings, 2010). Ал Атланта, Колумбия және Вашингтонда әшкере болғанындай, жүздеген мектеп директоры мен мұғалімдері «Легализациядан тыс қалған бала жоқ» талабына сәйкес оқушылары оқу және санау дағдыларын үйренуде ілгерілеушілік танытқандай көрінуі үшін тест жауаптарын өзгерткен (Ravitch, 2011).

## Мектеп таңдау

Америкалық мемлекеттік білім беру сапасына алаңдаушылық мектеп таңдауын кеңейтетін көптеген ұсыныстар мен бағдарламалардың пайда болуына алып келді. Мектеп таңдау бағдарламасы балалы от-

басыларға көптеген нұсқа (оқыту ваучерлері, салықтық жеңілдіктер, магниттер мектебі, жеке мектептер және үйде оқыту) ұсынады. Оқыту ваучерлері және салықтық жеңілдіктер жеке (кей жағдайда діни) мектептерге ақы төлеуге көмектесуге арналған. Магниттер мектебі – оқушыларды қызықтыру үшін арнайы бағдарламалар мен тәсілдерді ұсынатын мемлекеттік мектептер. Олар көп жағдайда тілдік орта, өнер, математика, ғылым сияқты негізгі дағдыларға аса мән береді. Жеке мектептер – магниттер мектебіне ұқсайды. Бірақ жеке меншіктің еншісінде болады. Жеке мектептер кей жағдайда мемлекет тарапынан қамтамасыз етіледі. Белгілі бір курстарға және олардың оқушылары белгіленген академиялық үлгерім көрсеткішіне сай болуына қойылатын талаптардың орындалуын қоғам қандай да бір деңгейде бақылап отырады.

Мектеп таңдауды қолдаушылар Форд және Шевроле көлік компаниялары жақсы өнім ұсынуда қалай бәсекелессе, мектептер де оқушыларды солай оқытуға тырысып, бәсекеге түссе жақсы, сапалы білім береді деп есептейді (Chubb & Moe, 1990; Schneider, Teske и Marschall, 2000). Мектеп таңдау қозғалысы АҚШ-та соңғы жиырма бес жылда құрылған «үлкен үкіметке» ішінара қарама-қайшы келеді. Бірақ мектеп таңдау процесі солшылдар мен оңшылдар арасынан – қара сепаратистер, «Еркін түрдегі альтернативті мектептерге» сенетін либералдар, әсіресе балаларының үйде немесе ата-ана құндылықтары жоғары қойылатын тыңғылықты таңдалған мектепте оқығанын қалайтын евангелие христиандарынан қолдау тапты.

Мектеп таңдау үшін кейбір артықшылықтар ұтымды көрінгенімен, ғылыми тұрғыда оларды дәлелдеу қиынға түседі. Мектеп таңдау бағдарламасына қатысатын оқушылар басқа оқушылардан бастапқы кезден ерекшеленеді. Олардың ата-аналары басқалармен салыстырғанда білімді болып келеді. Сонымен қатар олардың ата-аналары балаларының ең жақсы білім алғанын қалайды және сол үшін уақыты мен басқа ресурстарын аямайды. Нәтижесінде, балалары қай мектепте немесе үйде оқыса да білімі жақсы болады. Кейбір жеке мектептер мен оқушылар қоғамдағы қатарластарынан озық болуына қарамастан, қазіргі зерттеулердің нәтижесі жеке мектепке баратын оқушылардың басқалардан білімі артық бола бермейтінін, тіпті мемлекеттік мектеп оқушыларынан төмен де болуы мүмкін екенін көрсетті (Renzulli & Roscigno 2007). Үйде оқитын балалар әдетте стандартты тестілеу кезінде ұлттық орта көрсеткіштен жоғары нәтижеге қол жеткізеді. Бірақ бұл нәтиже шынайы болмауы да мүмкін. Өйткені ата-аналары бақуатты және білімді оқушылардың тест тапсыру мүмкіндігі жоғары болады (Collom, 2005; Belfield, 2004).

Мектеп таңдауды қолдамайтындар бұл бағдарламаның бірнеше күтпеген жағымсыз нәтижелерін анықтады. Біріншіден, бағдарлама әлеуметтік теңсіздікті күшейтеді. Өйткені оқуға берілетін ваучер мен салықтық жеңілдіктер оқу ақысы мен жол ақысына кететін шығындарды өтей алмайды. Оны тек орта тап пен жоғары тап өкілдері ғана пайдалана алады. Арнайы және жеке мектептер жайы да осылай. Екіншіден, мектеп таңдау бағдарламасы мектеп ішілік сегрегацияны арттырады (Saporito and Sohoni 2006). Көптеген оқушының үйде білім алуы немесе жеке не арнайы мектепке бару себебі – олардың ата-аналары «өзіне ұқсамайтындардан» балаларын алшақ ұстауға тырысады (Renzulli & Roscigno, 2007).

Үшіншіден, мектеп таңдау бағдарламасы барлық ауданды жоғары сапалы мектептермен қамти алмайды және америкалықтардың мемлекеттік білім алуға құлшынысын бәсеңдетеді. Балалар сондай альтернативті ортада шығармашылық ойлауға және қоршаған



ортамен қарым-қатынас жасауды үйрене ме, кейінгі өмірінде қажет болатын дағдыларды меңгере ме? Осы жағы белгісіз болып отыр (Collom, 2005; Belfield, 2004).

## Колледж және қоғам


Екінші дүниежүзілік соғысқа дейін колледж түлегі, тіпті орта мектеп бітірушілері тек элита арасында ғана кездесетін. Бірақ ол кезден бері орта білім алушылар мен колледжге түсушілер саны артты, бүгінгі таңда 18 бен 21 жас аралығындағы орта мектеп түлектерінің жартысы колледжге оқуға түседі. 12.1-сызбада көрсетілгендей, білім саласының кеңеюі қоғамның барлық сегменттеріне әсер етті, бірақ елеулі айырмашылықтар әлі де бар.

### Оқуға кім барады?


Соңғы кезге дейін, испан тілді емес «ақ» ерлер колледжге түсетін топқа жататын, бірақ бұл жағдай өзгерді (12.2-сызба). Орта мектепті

12.1-СЫЗБА. 25 жастағы және одан жоғары тұлғалардың нәсілдік және этникалық тегі бойынша білімдегі жетістіктері.

ДЕРЕККӨЗ: U.S. Bureau of the Census







12.2-СЫЗБА. 18–21 жас аралығында орта мектепті аяқтап, колледжге түскендердің нәсілдік, этникалық және жыныстық пайыз көрсеткіштері, 1975–2009 жж.

ДЕРЕККӨЗ: U.S. Bureau of the Census (2006); U.S. Bureau of the Census (2011c).

аяқтағаннан кейін-ақ табысты жұмыс табуға болатындықтан көптеген жастар колледжге түсу қажет емес деп шешеді. Алайда олар жоғары оқу орнына түссе табысы артар еді (Lewin, 2006).

Жас қыздардың колледжге оқуға түспесе, жақсы табыс табу мүмкіндігі аз. Сондықтан да этникалық топтардың бәрінде әйелдердің колледжге түсу көрсеткіші артты, ал ерлердің көрсеткіші бір қалыпты деңгейде. Дегенмен ақ нәсілді ерлердің жоғары табысты сала өкілі болу мүмкіндігі және кәсіби әрі докторлық дәрежеге дейін өсу мүмкіндігі көп болып отыр.

Колледжге түсушілердің жыныстық айырмашылығы этникалық және әлеуметтік тап айырмашылықтары сияқты маңызды емес. Колледжге түсушілердің арасындағы айырмашылықтың бірі – орта мектепті аяқтау көрсеткіштерінің әртүрлілігі. Байырғы америкалықтардың орта мектепті аяқтауы екіталай. Афроамерикалықтардың азиаттармен немесе «ақтармен» салыстырғанда, мектеп бітіру көрсеткіші төмен. Ал латынамерикалықтардың тіпті орта білімі болмауы мүмкін, өйткені олар АҚШ-қа ересек жаста қоныс аударған (U.S. Bureau of Census, 2011c).

## Колледжге не үшін бару керек?

Колледжде білім алуға кеткен шығындардың ақталатындығына күмән жоқ. 12.1-кестеде көрсетілгендей, колледж түлектерінің артықшылықтары көп. Табысты жұмысқа тез орналасады және жұмыссыз қалу ықтималдығы азаяды. Сонымен қатар олар орта мектеп бітірушілерімен салыстырғанда екі есе көп табыс табады.

Жоғары білім көзге көрінбейтін көптеген пайда береді. Колледжде студенттерге тек математика, ғылым және басқа салалар бойынша

**12.1-КЕСТЕ. Жоғары білімнің әлеуметтік-экономикалық нәтижелері**

Колледжде білім алу толықтай өтеледі. Колледж түлектері орта мектеп түлектерімен салыстырғанда, 3/2 артық табыс табады, еңбек нарығында бәсекеге қабілетті және жоғары кәсіби қызмет атқарады.

Білім беру	Орташа бір жылдық табыс	Басқарушы/Кәсіби жұмыстағылар үлесі	Жұмыссыздар үлесі
9-12 жыл, оқуы аяқталмаған	\$27,470	6,4%	14,9%
Жоғары мектеп түлегі	34,197	16,4	10,3
4 жылдан кем колледждегі білім	40,556	33,0	8,4
Колледж түлегі	57,026	72,2*	5,4

\*Соның ішінде бакалавриат дәрежесі бар адамдар  
ДЕРЕККӨЗ: Julian and Kominsky (2011); U.S. Bureau of the Census (2011 c).

нақты дағдылар ғана емес, әлемде болған оқиғалар жайлы қисынды және сыни ойлау қабілетін дамытуды үйретеді. Зерттеулер бойынша колледж бітірген студенттердің қоршаған орта жайлы көзқарасы қалыптасқан, қоғамдық жұмыстарға белсенді және салауатты өмір салтын сақтайтын болады (College Board, 2005; Lopez and Elrod, 2006).

Сонымен қатар колледждің психологиялық және әлеуметтік жақтарынан ұтымды тұстары бар (Kaufman & Feldman, 2004). Колледжде білім алған кезде студенттердің сөйлеу мәнері мен өзін ұстауы өзгереді, егде жастағылар ақылдылық ретінде, орта тапқа тән мінез ретінде қабылдайтындай болып жақсарады (мысалы, «Сәлем, қалайсың?» дегенді «Қалай жағдайың?» дегенмен ауыстырады). Колледж студенттерді ақылына және орта тапта лайықты жұмыс істей алатынына се-

Колледж оқушыларының күнделікті өмірдің күйбең тірлігін сыныпта қарастыра алатындай мүмкіндігі болуы қажет. Колледж оқушылары әлеммен сыныпта және сыныптан тыс танысады, шығармашылық ойлау арқылы маңызды мәселелердің шешімін табуды үйренеді.





нуге бейімдейді. Нәтижесінде, колледж түлектерінің өзіне сенімділігі артады және жақсы жұмысқа тез орналасады. Америкалық мәдениет түсінігі бойынша колледж түлегі басқаларға қарағанда беделді және жоғары табысты жұмысқа қажетті дағдыларға ие, олардың қабілеттері, шын мәнінде, жоғары болмаса да сондай пікір қалыптастыра алғандықтан, жақсы жұмысқа орналасу мүмкіндігі бәрібір артық болады (Brown 2001).

## Дінді түсіну

Егер біз білім алуға заң жүзінде міндетті болсақ, діни ұйымдарға мүше болу әркімнің өз еркінде. Сөйтсе де АҚШ-та көптеген адам қандай да бір дінді ұстанады және діндарлар – қоғамның маңызды құрамдас бөлігі. Дін саясатпен және мәдениетпен біте қайнап, ықпалдастықтармен (интеграция), шиеленістермен (конфликт) тығыз байланыста болады.

## Дін деген не?

Буддалық монахтың медитациясын, қазіргі елуліктердің сөйлеу тілін, тұрғылықты америкалықтың шіркеуде пейотты қолдануын және католик шіркеулеріндегі ресми салттарды біріктіріп, дін деген түсінікке анықтама бере аламыз ба? Әлеуметтанушылардың тұжырымы бойынша, дін дегеніміз – құдайға сенетін адамдарды моральдық қауымдастыққа біріктіретін, тылсым да қасиетті дүниелермен байланысты нанымдар мен тәжірибе жүйесі (Durkheim [1915], 1961: 62). Дін әлемде болып жатқан оқиғаларды тылсым күштерден деп түсіндіретін сенім жүйесінен (тұрғылықты африкалықтардың діни сияқтылар) тұрады. Бірақ тылсым мен қасиетті дегендерді қарастырмайтын марксизм мен ғылым сияқты сенім жүйесі бұған кірмейді.

Дінді зерттейтін әлеуметтанушылар оған құндылықтар жиынтығы ретінде қарайды. Бірақ ол Құдай бар ма, жаныңды құтқаруға бола ма және хақ дін қайсы деген сияқты түсініктердің шынайы не жалғандығына жауап іздемейді. Әлеуметтанушылар дінге мәдениеттің, қоғамның және өзге де әлеуметтік күштердің әсер ету жолдарын, сондай-ақ діннің адамдар мен әлеуметтік құрылымдарға ықпалын зерттейді.

## Дін не үшін керек?

Дін барлық қоғамның іргелі сипаты болып табылады. 12.1-картада әлемде діндердің таралуы көрсетілген. Артта қалған немесе индустриалды қоғам болсын, әр қоғамда діни қызмет пен діни мінез-құлықтың көріну ерекшеліктері болады.

Неге дін әмбебап? Бұл сұраққа жауап беру үшін – жеке бастан шығатын оқиғалар мен тәжірибелердің анықтамасы мен мағынасын табу жолында әр адам мен әр қоғам ізденуі қажет. Кедей адам барлығы қолжетімді қоғамда жапа шеккенде: «Неге мен?» деп сұрайды. Баласы қайтыс болған әйел: «Неге менің балам?» дейді. Бір аймақ селден немесе торнадодан жапа шексе: «Неге біз?» – дейді. Осындай жеке сұрақтардан бөлек адамдарды неге күн сайын күн шығады, кемпірқосақ қайдан пайда болады және өлімнен кейін өмір бар ма деген сияқты сұрақтар мазалауы мүмкін.


Дін бізге бақылай алмайтын және түсінігімізге сыймайтын оқиғаларды түсініп, қабылдауға көмектеседі. Торнадо құрғақшылық

**Дін дегеніміз** – Құдайға сенетін адамдарды моральдық қауымдастыққа біріктіретін, тылсым да қасиетті дүниелермен байланысты нанымдар мен тәжірибе жүйесі.

### 12.1-КАРТА. Әлемдік діндердің таралуы

Христиан діні Америка, Еуропа және Австралияда басым, ал басқа аймақтарда басқа діндер таралған.

ДЕРЕККӨЗ: From Warren Matthews, World of Religions, 3E, 1999 Wadsworth, a part of Cengage Learning, Inc.



және жұт белгілі бір үлкен күшке жатқызылғанда маңыздырақ бола түседі. Сенім мен рәсімдер осы үлкен күшті бақылай алатын немесе тыныштандыра алатын тәсіл ретінде дамиды, нәтижесінде белгісіз құбылысқа жауап ретіндегі әрекетке айналады. Жаңбыр биі жаңбырды шақырмауы мүмкін, дұға бағыштасақ та егін жақсы шықпауы ықтимал, бірақ екеуі де түсініксіз және тылсым құбылысқа қарсы тұратын адамдарға таныс әрі тыныштандыратын әрекет. Діни сенім мен рәсімдер дұрыс я бұрыс болсын адамдарға күтпеген жағдайларды өткеруге көмектеседі.

## Дін қазір неге керек? Фундаментализмнің өсуі

**Секуляризация** – заттардың, ойлардың немесе қасиетті билік (діни адамдар) оқиғаларының қасиетсіз немесе шынайы, билікке (мемлекет, медицина, т.б.) берілу процесі уақыт өте күшейеді деп ойлады.

Бұрын тылсым болып келген оқиғаларды түсіндіруде, ғылым мен техниканың қабілеті артқандықтан, 1970 жылдарға дейін ғалымдар діннің ықпалы бәсеңдейтініне сенімді болды (Emerson & Hartman, 2006). Нәтижесінде, олар **секуляризация** – діни заттардың, ойлардың, биліктің зайырлы билік иелеріне (мемлекет, медицина, т.б.) берілу процесі уақыт өте күшейеді деп ойлады.

Ғылым қазіргі кезде ауру, жер сілкінісі, күн тұтылуы сияқты көптеген құбылыстарды түсіндіреді. 12.2-кестеде көрсетілгендей, 40



**12.2-КЕСТЕ. Діни сенімнің өзгеруі. 1962–2010 жж.**

Соңғы 40 жылда америкалықтардың діни сенімі әлсіреді, әсіресе діннің маңызы зор және Інжіл Құдайдың ақиқат сөзі деп ойлаушылардың саны төмендеді.

	1962-65	2010
Дінге сенімнің болуы	98%	86%
Дін – олардың өміріндегі аса маңызды бөлік	70	54
Инжіл – Құдайдың сөзбе-сөз қабылдауды қажет ететін ақиқат сөзі	65	30

ДЕРЕККӨЗ: U.S. Gallup.com 2010b, 2011b; accessed November 2011

жыл бұрынғы жағдаймен салыстырғанда, қазір америкалықтардың көбі дінді өмірінің ажырамас бөлшегі, ал Інжіл – Құдайдың ақиқат сөзі деп санамайды. (Солтүстік және Батыс Еуропада дінге сенбейтін адамдардың үлесі өте жоғары). Секуляризацияның іске асқандығын көрсететін дәлелдер көп болғанымен, соңғы 30 жылда АҚШ және басқа мемлекеттерде фундаменталистік дінге сенушілер саны артты (Sherkat & Ellison, 1999; Stark & Einke, 2000; Emerson & Hartman, 2006).

**Фундаментализм** – дінге сенушілердің қасиетті кітаптарын Құдайдың ақиқат сөзі деп, олардың қағидаларының дәстүрлі тәпсірлерін бұлжытпай қабылдайтын және сол кітаптарда көрсетілген рәсімдер бойынша өмір сүру маңызды деп санайтын діни қозғалыс. Фундаментализм дүниежүзі бойынша католиктер, протестанттар, еврейлер, мұсылмандар және басқаларының арасында кездеседі. Олардың сенімінің күштілігі соншалық, саны аз болса да діни мен өмір салтына қауіп төндіретін дінсіздерге қарсы шығуға дайын тұрады. Фундаменталистік зорлық адамдардың діни үкімет тарапынан тапталып-жаншылғанда немесе мәдениетті басып алған ұлт тарапынан бұзылған жағдайда көбірек туындайды (Emerson & Hartman 2006). Өкінішке қарай, саяси лаңкестер әлеуметтік өзгерістер арқылы БАҚ өкілдерінің назарын аудартқысы келсе, діни лаңкестер (бала алдыртушыларға қарсы күресетін христиандар мен 2001 жылы 11 қыркүйекте Дүниежүзілік сауда орталығына шабуыл жасаған мұсылмандар сияқты) Құдай алдындағы парызын уәж етеді. Олар кей қоғамдарды өзгерткісі келеді, өйткені шектен тыс бүлінген деп санайды. Сондықтан кісі өлтіруден де тайынбайды (Hoffman, 2006).

Модернизация, ертеректегі ғалымдардың пікірінше, діни сенімді азайтады. Ал кейбір діндарлар үшін, керісінше, арттырады. Өйткені модернизацияның әсерінен қарапайым адамдардың өмірлік құндылықтары, отбасы, гендерлік қарым-қатынас және қоғамның өзі өзгеріп жатыр. Ал консервативті және фундаменталистік діндарлар осы өзгерістерге қарсы тұруға жол іздейді (Emerson & Hartman, 2006). Қазіргі эгалитарлы гендерлік қарым-қатынасқа, отбасылық құрылымға және әлеуметтік ережелерге байланысты батыстық үлгілерге қарсы болып, оларды қабылдамау фундаментализм үшін маңызды екендігіне, тіпті фундаментализм түсінігі осы қарсылықтан тұратындығына кейбір зерттеушілер ерекше мән береді (e.g., Marsden, 2006).

Сонымен қатар ғалымдардың тұжырымы бойынша, діни сенімге жұмсалатын ақша мен уақыт оның артықшылықтарынан асып түссе, діни сенім адамдар үшін рационалды таңдау болып қала береді. Ондай артықшылықтарға тылсым оқиғаларды түсіндіру, табиғаттан тыс ғажайып марапаттарды уәде ету, пікірлес адамдардың ортасына кірігу

**Фундаментализм** – діни сенушілердің қасиетті кітаптары Құдайдың ақиқат сөзі деп, олардың дәстүрлі түсіндірілуін бұлжытпай қабылдайды және сол кітаптарда көрсетілген рәсімдер бойынша өмір сүру маңызды деп санайтын діни қозғалыс.

және дәстүрлі құндылықтар мен тәжірибе орнына ғажайыпқа сенуді ұсыну жатады (Stark & Finke, 2000).

## Дінге теориялық көзқарастар

Басқа әлеуметтік құрылымдардың зерттелуі сияқты дінге қатысты да түрлі әлеуметтанушылар әрқилы теориялық көзқарастар ұсынады. Бұл – келесі тараудың тақырыбы. Құрылымдық функцияшылдар діннің жеке адамдар мен қоғам үшін атқаратын қызметін зерттейді. Конфликтология теорияшылары діннің әлеуметтік шиеленісті тудыруын немесе тежеуін саралайды. Үшінші топтағылардың тұрғысы аталмыш екі көзқарасты Макс Вебердің (Max Weber) жұмысымен байланысты біріктіреді.

## Дюркгейм: діннің құрылымдық-функциялық теориясы

Дінді құрылымдық-функциялық тұрғыдан зерттеу Эмиль Дюркгеймнің (Emile Durkheim) еңбегінен бастау алады. Дюркгейм өзінің саралау жұмысын өзі діннің қарапайым түрлері деп атаған, барлық діндерді топтастыратын негізгі үш элементті анықтаудан бастады (Durkheim [1915], 1961).

### Діннің қарапайым түрлері

Біріншіден, діннің бәрі адам тәжірибесін қасиетті және қарабайыр (профан) деп екіге бөледі. Қарабайыр дегеніміз – күнделікті өмірде өздігінен болатын және әдепкі әрекет ретінде көрінетін барлық нәрселер. Әдетте олар бізге таныс, біз оларды бақылап, оған айла-шарғыларымызды жасай аламыз. Қасиетті, керісінше, біз бақылап, түсіне алмайтын, қорқыныш пен табыну сезімін оятатын құбылыстар мен дүниелер.

Екіншіден, барлық діндер адамдарға туу, өлу, жарату, жетістік, сәтсіздік және дағдарыс тәрізді құбылыстарға байланысты құпияларды түсінуге көмектесетін тылсым күштер туралы сенімдерді ұстанады. Бұл сенімдер ресми діни доктриналардың негізін қалайды.

Үшіншіден, барлық дінде рәсімдер бар. Қазіргі христиан дінінде дүниеге келу, өлу, үйлену, Исаның тууы және қайта тірілуі сияқты оқиғалар рәсімдермен өткізіледі. Бағзы замандарда көптеген христиандар егін егу және жинау кезінде діни рәсімдер жасайтын болған. Мұндай рәсімдер кейбір діндерде әлі де бар.

### Діннің атқаратын қызметі

Дюркгейм егер дін қоғам үшін маңызды қызмет атқармаса, онда әмбебап болмайды деп тұжырымдаған. Қоғамдық деңгейде діннің негізгі қызметі – дәстүрлерге имандық императив беру. Ортақ құндылықтар мен кез келген мәдениеттің қағидалары дін арқылы нығая түседі. Бұл құндылықтар мен қағидалар тек бір нәрсе жасаудың қарапайым жолы емес, оларды атқарудың жалғыз ғана моральдық амалы ретінде қабылданады. Олар қасиетті бола бастайды. Ал дәстүрлер қасиетті саналғанда рәсімдер мен тәжірибелер арқылы расталып отырады және өзгермейді.

Дюркгеймнің айтуынша, діни наным-сенімдер мен рәсімдер адамдарды қажет болған кезде қолдап, жайлылық, тыныштық сый-

**Қарабайыр** (профан) дегеніміз – күнделікті өмірде өздігінен болатын және әдепкі әрекет ретінде көрінетін барлық нәрселер әдетте олар бізге таныс, біз оларды бақылап, оған айла-шарғыларымызды жасай аламыз.

**Қасиетті**, керісінше, біз бақылап, түсіне алмайтын, бізде қорқыныш пен табыну сезімін оятатын құбылыстар мен нәрселерден тұрады.



Діни рәсімдер адамның санасынан тыс болатын өлім, ауру, құрғақшылық және аштық сияқты құбылыстарға төтеп беруге көмектеседі.

лайды. Күнделікті өмірде адамдар дінге қатысы барын сезініп, соған қанағаттанады. Дінге қатысы барын сезіну сенушілер қауымын немесе моральдық қауымды ұйымдастырады. Бұл – біздің дінді анықтауымыздың бір бөлігі.

## Маркс және басқалар: конфликт теориясы және дін

Дюркгейм сияқты Маркс та дінді дәстүрдің қолдаушысы ретінде көрді. Бұл қолдау жаншылған кедейлер күреспей шыдауы керек (Құдайдың мейірімі түскен кедей мен жуас және т.б.) және әрбір адам патшаның Құдайдай құқы барына сене отырып, теңсіздікті мойындап, салық төлеуі керек (Цезарьға беру) деген ұйғарымдар арасында ауытқып тұрады.

Маркстың Дюркгеймнен айырмашылығы діннің дәстүрді қолдауын кері әсерде түсіндіреді. Маркс дінді халыққа арналған есірткі деп санайды. Жоғары тап өкілдері кедейлердің бұл дүниедегі қаналуын байқатпау үшін, олардың ойын өлімнен кейінгі өмірге аударады. Бұл тұжырымды объективті және құрылымдық-функциялық теориядан құнды деп айта алмайсыз. Өйткені ол – дін доктринасының ақиқат не жалған екендігін саралайды.

Заманауи конфликт теориясы Маркс тұжырымының шеңберінен асып кеткен. Оның қосқан негізгі үлесі – әлеуметтік топтар арасындағы қақтығыстарды басу немесе тірлікке ынталандырудағы діннің рөлін анықтауы. Дін Иракта сүннит және шейіт мұсылмандар арасындағы, Ирландияда католиктер мен протестанттар арасындағы және басқа да мемлекеттердегі қақтығыстарға себеп болды. Ал енді бір жағынан, мұсылмандар, христиандар, индуистер және басқа діни бірлестіктер кедейлерді өз тағдырын қабылдауға шақырғанда және барлығымыз Құдайдың жаратқан пенделеріміз деп уағыз айтқанда діни қақтығыстарды азайтты.

Қақтығыстарды азайтса да, көбейтсе де дін билік үшін күресте топтардың құралы болды және бола алады. Маркс дін әрдайым қа-



налған тапты ұстап тұруға көмектесе алады деп сенген. Ал біз бүгінде сол қаналған тап – дінді өз әлеуметтік жағдайын жақсарту үшін қолдана алатынын білдік. Оған бір мысал – афроамерикалық шіркеулер мен олардың Әулие кіші Мартин Лютер Кинг сияқты жетекшілерінің АҚШ-тағы азаматтық құқық үшін күрестегі рөлі.

Конфликт теориясының дінді зерттеуге қосқан тағы бір үлесі – қалыптасқан институттар арасында қарама-қайшылықтар пайда болатыны және олардың өзгерістерге алып келетіні туралы диалектикалық идея. Негізінен, конфликтология теорияшылары қоршаған ортадағы әлеуметтік өзгерістер сол қоғамдағы діни қауымдастықтардың да өзгеруіне алып келеді деп жорамалдайды. Мысалы, әйелдерге деген көзқарастың өзгеруі Реформашыл Еврейлерге, Методистерге және басқа реформаларға алып келді. Осылайша, әйелдер министр немесе раввин (еврейлердің діни қауымының рухани басшысы) болып қызмет етуге құқық алды. Сонымен қатар конфликтология теорияшылары діндегі өзгерістер үлкен әлеуметтік өзгеріске себеп болады деп тұжырымдайды. Мысалы, АҚШ-тағы испан тілді қауымдастықта евангелие шіркеулерінің (дәстүрлі католиктік) көбеюі латынамерикалықтардың тиімді саяси лобби ұйымдастыруында маңызды рөл атқарды. 2006 жылдың наурыз айында басым бөлігі латынамерикалықтар мен біраз евангелие христиандарынан құралған 500 000-нан астам адам анти-иммиграциялық заңнамаларға қарсы шеруге шықты. Қарсылық танытып шыққандардың көбі шеру жайлы евангелие қызметкерлерінен естіген.

## Вебер: дін – тәуелсіз күш

Макс Вебердің (Max Weber) дін туралы теориясында құрылымдық-функциялық теорияның және конфликт теориясының элементтері үйлесім табады. Дюркгейм секілді Вебер де діннің атқаратын қызметі мен түрлерін зерттеді. Бірақ конфликтология теорияшылары сияқты Вебер діни және әлеуметтік өзгерістердің байланысына да назар аударды. Алайда конфликтология теорияшылары әлеуметтік шиеленістің салдарынан туындайтын діни өзгеріске баса мән берсе, Вебер діни идеологиядағы өзгерістің әлеуметтік өзгеріс тудыруына ерекше назар аударды.

Көптеген адамдар үшін дін – дәстүрлер сабақтастығы. Адамдар ата-аналарынан көргенін қайталайды. Алайда Вебер үшін дін – белгісіз дүние жайлы білім іздеу. Бұл тұрғыдан алғанда дін ғылымға ұқсайды. Ол – айналадағы әлемді түсіндіре алатын әдістің бірі. Сондай-ақ дін берген жауаптар қалыптасқан жағдайға кереғар немесе үйлесімді бола алады.

Түпкілікті мағына жайлы сұрақтарға адамдар қайдан жауап табады? Олар харизмалы діни көшбасшыға жиі жүгінеді. **Харизма** – адамды өзгелерден даралайтын ерекше тұлғалық қасиет. Мұндай ерекше сипаттамалардың пайда болуы ғажайып құбылыс болғандықтан, харизмалы көшбасшылар драмалық әлеуметтік өзгерістерге агент бола алады. Харизмалы көшбасшыларға Христос, Мұхаммед және кейінгілер Джозеф Смит (Соңғы күндердің әулиелері), Дэвид Кореш (Давид тармағы) және Аятолла Хомейни (Иран Исламы) жатады. Мұндай адамдар дәстүрлі жауаптармен үйлеспейтін жауаптар береді. Осылайша, Вебер діни мәселелерді қоғамдағы өзгеріс пен тұрақсыздықтың көзі деп қарастырады.

Дінге процесс ретінде қарай отырып, Вебер дінге Дюркгеймге қарағанда әлдеқайда белсенді рөл береді. Бұл – Вебердің Протестантты Реформацияны саралауынан айқын көрінеді.

**Харизма** – адамды өзгелерден даралайтын ерекше тұлғалық қасиет.

## Протестанттық этика және капитализм рухы

Діни ойлардың өзге әлеуметтік құрылымдарға ықпалын саралай отырып, Вебер ([1904–1905] 1958) протестанттық реформация капитализмге жол салды деп тұжырымдады. Ертедегі протестанттар еңбек ету, рационализм және қарапайым өмір сүру – дұрыс, ал жұмыссыздық пен сылбырлық – күнә деп санады. Бұл сенімді Вебер Протестанттық этика деп атады. Осы этиканы ұстанатын адамның өмірі қандай болмақ? Ондай адам іскерлік шешім қабылдағанда эмоцияға емес, ақылға сүйене ме (мысалы, қажет, бірақ тиімсіз қызметкерді жұмыстан босатқанда)? Жеке құлшыныстарына ермейтін үнемшіл бола ма? Мұндай адамның бай болары анық. Вебердің айтуынша, байлыққа жету негізгі мақсатқа айналғанға дейін алғашқы кездегі протестантшылдық қалыптастырған адамгершілік құндылықтар бастапқы капитализмнің негізін құрады.

Вебердің зерттеуінен кейін бір ғасырға жуық уақыттан соң, зерттеушілер сол мәселені қайтадан көтерді және көпшілігі басқа қорытынды жасады. Бірақ бұл зерттеулер Вебердің дін әлеуметтануына қосқан зор үлесін өзгерте алмады – діни ойлар әлеуметтік құрылымдағы шиеленіс пен өзгерістің себебі бола алады.

## Дін мен қоғам арасындағы шиеленіс

Әрбір дін өзара қарама-қайшы, бірақ бірін-бірі толықтыратын екі тенденциямен қиылысады: әлемді қабылдамау және әлеммен ымыраға келуге тырысу (Troeltsch 1931). Егер дін зинақорлықты, гомосексуализмді және неке бұзушылықты айыптаса ондай адамдар қоғамнан аластатылуы керек пе, әлде адамдардың әлсіздігін ескере отырып, олардың әрекетін түзетуге бола ма? Егер «бай адамның жұмаққа кіруінен гөрі түйенің иненің көзінен өтуі жеңіл болса», шіркеу адамдарға дүниелік заттарын тастау керек деп талап қоя ала ма?

Дінбұлдилемаларды қалай шешеді? Олардың қтимал түрімен сипаттамасы маңызды ма? Ғалымдар діни ұйымдардың негізгі үштүрін бөліп көрсетеді, олар: ғибадатханалар, секталар және жаңа діни қозғалыстар (ЖДҚ). Ұғымдардың қорытындысы: ғибадатханалар, секталар және ЖДҚ – діни құрылымдардың осы үш түрі салыстырмалы түрде қарастырылады.

## Ғибадатхана

Күнделікті өмірде «ғибадатхана» терминін біз христиандық діни ұйымды немесе ғибадат орнын атау үшін қолданамыз. Әлеуметтанушылар «ғибадатхана» терминін қоғам қабылдайтын кез келген дінге қатысты қолданады.

Кейбір қоғамдарда ғибадатханамен байланыстың тығыздығы соншалық, мемлекет тарапынан зор қолдау көрсетіліп, тіпті мандат беріледі. Мұндай жағдайда ғибадатхана мемлекеттік деп танылады. Мысалы, 1500 жылдары Испанияда католик емес адамдар заң жүзінде өлім жазасына кесіліп, өртелетін болған. Қазіргі кезде Иранда шариғат қағидаларын ұстанбайтын адамға заң жүзінде өлім жазасы кесіліп, таспен атқыланып өлтірілуі мүмкін.

Енді бір қоғамдарда бірде-бір ғибадатхана мемлекеттік билікке

**Протестанттық этика** – еңбек ету, рационализм және қарапайым өмір сүруді дұрыс деп, ал жұмыссыздық пен сылбырлықты күнә деп санайтын тұжырым.

**Ғибадатхана** – арнайы құрылымға айналған діни ұйым. Олар ғасырлар бойы қолдау тауып, қоғам тәртібі мен құндылықтарын сақтап келді және қоғамның белсенді бөлігіне айналды.

**Мемлекеттік ғибадатхана** – мемлекет тарапынан жан-жақты қолдау көрсетілетін, тіпті мандат берілетін ғибадатхана.



## Ұғымдардың қорытындысы

### Ғибадатханалар, секталар және ЖДҚ

Ғибадатханалар, секталар және ЖДҚ олардың қоғамға, басқа діндерге деген қатынасына және нақты қоғам мен тарихтағы орнына қарай жіктеледі.

	Анықтама	Мысал	Басқа діндерге қатынасы
<b>Ғибадатхана</b>	Қоғам қаз-қалпында қабылдаған дін		
<b>Мемлекеттік ғибадатхана</b>	Мемлекет тарапынан қызу қолдау жасалатын, тіпті мандат берілетін ғибадатхана	Ирандағы Ислам, Ортағасырлық Еуропадағы Рим-католицизмі	Әдетте интолерантты
<b>Діни бірлестіктер, конфессиялар</b>	Мемлекет арнайы қолдамайтын және басқа діндерге төзімділік танытатын ғибадатхана	Методизм, лютеранизм, АҚШ-тағы Римдік католицизм	Толерантты
<b>Секталар</b>	Нақты діндегі жаңашылдық пен өзгерістерге қарсы дін	Амиш, ультра-ортодоксалды иудаизм, АҚШ-тағы фундаменталды (полигамды) мормонизм	Интолерантты
<b>Жаңа діни қозғалыстар</b>	Соңғы онжылдықтарда қалыптасқан және нақты қоғамда қабылданған дін емес	Ислам елдері, саентология шіркеуі және «Жаңа ғасыр» буддалық топтары	Түрлі

араласа алмайды. Ғибадатхана қоғамға толық икемделген кезде мемлекет тарапынан ешқандай қолдау болмаса оның мемлекетке де, басқа ғибадатханаларға да төзімділік танытуына тура келеді. Мұны біз **деноминация** деп атаймыз. АҚШ азаматтарының көп бөлігі деноминационализмді, консервативті иудаизмді, римдік католицизмді, лютеранизмді және методизмді ұстанады. Осындай топтардың дінбасылары барлығын экуменикалық кеңестерде жинап, ғибадат етеді және «өмір сүр және басқаларға өмір сүруге мүмкіндік бер» деген саясатты өзара талқылайды.

Ғибадатханалардың қоғамнан берік орын алуы олардың құндылықтары жасанды деген сөз емес. Олар бұрынғыдай әділетсіздік пен азғындыққа қарсы тұра алады. 1850 жылғы қозғалыстан 1960 жылғы азаматтық құқықтар үшін күреске дейін және Гуантанамодағы тұтқындарды азаптауға қарсы шеруде, тағы басқа жерлерде діни қызметкерлер мен әйелдер әлеуметтік қарсылықтың алдыңғы шебінде болды. Қалай болғанда да шіркеулер қоғаммен жұмыс істеуге бейім. Олар қоғамды жақсартуды қалауы мүмкін, бірақ одан бас тартуды қаламайды.

### Ғибадатхананың құрылымы мен қызметі

Ғибадатханалар иерархиялық дәрежелері діни тұжырымдарды анықтайтын ресми ұйғарымы бар ресми бюрократиялық құрылым болып

**Деноминация** – мемлекетке икемделетін және басқа ғибадатханаларға төзімділік танытатын ғибадатхана.

келеді. Көшбасшылық жұмысты арнайы мектепте білім алған дін қызметшісі, имам, раввин не министр атқарады. Діни қызмет ғасырлар бойы сақталып, еш өзгеріссіз қайталанатын рәсімдерден тұрады. Конгрегациялар (келушілер) көп жағдайда қатысушы емес, көрермен ретінде болады. Олардан тік тұру, отыру, ән айту ғана талап етіледі. Барлық рәсім келушілердің эмоционалдық өзара әрекеттесуімен емес, діни қызметшілердің басқаруымен жүреді.

Әдетте адамдар белгілі бір дінді ұстанушы болып өмірге келеді, бірақ сол дінді өмір бойы ұстана бермеуі мүмкін. Адамдар дінін көп жағдайда өмірлік жағдайға байланысты ауыстырады. Діни басқа адаммен отбасын құруы мүмкін, басқа діннің ғибадатханасы жақынырақ болуы немесе достарының басқа дінді ұстануы да себеп болады. Сонымен қатар әлеуметтік мәртебесі жоғарылаған сайын адамдар дінін ауыстыруы ықтимал. Мысалы, баптистер методиске айналады, ал методистер епископал бола алады (Sherkat & Ellison, 1999). Дінін ауыстыратын адамдардың бастапқы діні әлсіз болады. Дегенмен олар айтарлықтай өзгеріске ұшырамайды. Православты еврей – консервативті еврейге айналады. Ал кішкентай баптистік сектаның мүшелері келесі баптистік ұйымға қосылады. Бірақ православты еврей де, баптист те римдік католицизмге ауыспайды (Stark & Einke, 2000).

Ғибадатханалар әдетте үлкен болып келеді. Олардың жақсы жарақтандырылған нысандары, қаржылық қауіпсіздігі және негізінен, орта тап өкілдерінен мүшелері болады. Ғибадатханалардың көп бөлігі ауқымды қоғамда орналасқандықтан, Қасиетті жазбаларды қазіргі заманға лайықты етіп түсіндіреді. Осындай сипаттамаларға ие діндер негізгі ғибадатханалар болып саналады.

## Секталар

Секта дегеніміз – заманауи қоғам мен діндердің өздері жағымсыз деп тауып, түбегейлі бас тартқан кейбір қағидалар мен ғұрыптарды қалпына келтіруді жақтайтын діни ұйым (Sherkat & Ellison 1999). Секта мүшелері өздерін қоғаммен мәмілеге келе отырып, басқалар ұмыт қалдырған ақиқат сенімді ішінара қалпына келтірушілерміз деп са-

**Секта дегеніміз –** ғибадатханалардың өздері жағымсыз деп тауып, түбегейлі бас тартқан кейбір қағидалар мен ғұрыптарды қалпына келтіруді жақтайтын діни ұйым.

Амиш сектасының мүшелері қазіргі өмірден алшақтағанымен, олар осы әлемді өздерінің тобының ұстанған бағытына қарай бейімдегісі келді.



найды. Джон Кальвин мен Мартин Лютердің реформация шіркеуі сияқты секталар дінді зайырлы бірлестіктерден арылтқысы келеді. Қазіргі заманда көптеген секталар гомосексуалистерді, ажырасуды, баланы алдыртуды немесе әйелдердің арсыздығын (ашық-шашық киінуі, шаштарын қысқартуы) қабылдайтын либералдық құбылыстарға қарсы ұйымдасқан.

Кейбір секталардың қоғамдық нормалардан бас тартқандығы соншалық, секта мен одан анағұрлым ірі қоғам арасындағы қарым-қатынаста шиеленістер мен өшпенділік туындап жатады. Қытайда Фалуньгун (Falun Gong) сектасының мүшелері үнемі түрмеге жабылады. Өйткені олар үкіметтің ресми коммунистік атеистік доктринасына қауіп төндіреді деп саналады. Ал АҚШ-та бұрындары Інжілде «Ешкімді өлтірме» деп айтылғанын алға тартып әскерге барудан бас тартқан амишалар түрмеге жабылатын болған.

Амиш шіркеуінің ерекшелігі – ол ғасырлар бойы қоршаған ортадан бойын алшақ ұстады. Ал көптеген секталар, керісінше, ыдырап, уақыт өте келе қалыпты дінге ұқсап кетеді. Мысалы, Иса Мәсіхтің Соңғы Замандағы Әулиелері Шіркеуі (мормондардың) біршама уақыттан кейін одан да үлкен қоғамға кірігіп кетті (Arlington & Bitton, 1992). Сонымен қоса көп әйел алушылықтан ресми түрде бас тартты, афроамерикалық ерлерге діни қызмет көрсете бастады және Юта штатындағы мемлекеттік шіркеудің оқшаулауынан шықты.

Бұл шіркеу және оның мүшелері әлі де өзге америкалықтардан ерекшеленетін діни және әлеуметтік көзқарастарды ұстанады. Бірақ қазір олар саяси, экономикалық және білім беру салаларына белсене араласып отыр.

## Секталардың құрылымы мен қызметі

АҚШ-та жүздеген сектаның болуы қоғамда әртүрлі шиеленістер бар екенін көрсетіп отыр. Бірақ олардың барлығы да кейбір негізгі қоғамдық құрылымдарға қарсы. Мұндай ұйымдар қоғамның негізгі құрылымдарынан тыс қалған адамдар – кедейлер, ғаріптер, мүгедектер және шеттетілгендер үшін аса тартымды көрінуі мүмкін. Мысалы, Аппалачидегі жыланды Пентекостал сектасының мүшелері жаңарған қоғамның жағдайына икемделе алмаған «ақ» кедейлер (Covington, 2009). Жаңа Өсиеттегі үзіндіге сүйеніп (Mark, 16:17-18), шіркеу қызметкерлері жылан тілінде сөйлеген, улы жыландарды ұстап, уын ішкен адамдарды марапаттайды. Бұл әрекет оларға Құдайға жақындағандай және өз өмірін бақылай алатындай сенім ұялатады.

Бірақ сектанттық дінге сенушілердің барлығы бірдей кедейлер мен қаналғандар емес. Керісінше, олар ғибадатханаларды шектен тыс бюрократ деп санап, секталардан эмоционалдық және рухани қолдау мен рухани ортаға қатыстылық сезімін іздеп келеді (Saliba, 2003; Barker, 1986). Енді біреулер уақыт өте келе жойылған құндылықтарды сақтай отырып өмір сүргісі келгендіктен, хасидті иудаизм немесе христиандық фундаментализм сияқты секталарға қосылады (Davidman, 1991).

Сектаға мүше болу – өзгерістің немесе эмоционалдық тәжірибенің нәтижесі. Көпшілігі ата-анасының артынан ергеннің орнына сектаға қосылуды таңдайды. Олардың діни қызметтері көбінесе бейресми өтеді. Секта көшбасшыларының арнайы білімі болмайды немесе төмен, егер білімі болса тек құр сөз жүзінде ғана. Діни тұжырымдамалар дүниелік марапаттарға ерекше мән береді және Киелі Мәтіндер Құдайдан жеткен деп қабылданады. Сондықтан да оларды тікелей түсіну қажет деп ойлайды.



Секталардың ауқымы тар болады, бейресми сипатымен өзара ұқсас келеді. Олар – тығыз байланысқан және мүшелерін қатаң бақылайтын топтар.

## Жаңа діни қозғалыстар

1960 жылдардан бері жаңа діни қозғалыстар (ЖДҚ) күрт көбейді. Өзінің аты айтып тұрғандай, ЖДҚ-ға мемлекеттегі дәстүрлі дінмен байланысы жоқ, соңғы онжылдықтарда пайда болған рухани немесе діни ағымдар жатады (Clarke, 2006; Saliba, 2003; Dawson, 2006). Жаңа діни қозғалыстарды кейде культ деп те атауға болады. Бірақ бұл бұрыс түсінік беруі мүмкін болғандықтан, әлеуметтанушылар бұл терминнен бас тартты. ЖДҚ-ға мысал ретінде Саентология шіркеуін, «Неопоган» Викки дінін, шығыс діндеріндегі қағидаларды қолданатын, бірақ оған батыстық түсінік беретін «Жаңа ғасырдың» түрлі рухани топтарын және Хейл-Бопп кометасы жерді жоқ қылады деп ойлағандықтан, 1997 жылы мүшелері өз-өзіне қол салған жұмақ қақпасын атауға болады. Өздеріне қол жұмсау арқылы олар өмірді «жоғары деңгейде» жалғастыруға мүмкіндік аламыз деп сенген. Осы жаңа діни қозғалыстардың қай-қайсысы да иудей-христиандық дәстүрлерден алшақ. Олардың өз Құдайы бар немесе тіпті Құдайға сенбейді және Көне Өсиетті жазба ретінде қолданады. Жаңа діни қозғалыстарды көп жағдайда қоғамда кең қолданылмайтын, өзгешеленетін тәртіп пен тұжырымдардың қатаң сақталуын талап ететін харизмалы көшбасшылар басқарады.

Жаңа діни қозғалыстарға өз мүшелерін қоғамнан алшақтауға шақыратын Жұмақ Қақпасы мен қоғамда бақыт пен жетістікке жету үшін медитация, аффирмация әдістерін қолдануға үйрететін «Жаңа ғасыр» топтары кіреді.

## Жаңа діни қозғалыстардың құрылымы мен қызметі

ЖДҚ-лардың құрылымы мен қызметі секталарға өте ұқсас. Жаңа діни қозғалыстарда өмірге жаңа көзқарас болғандықтан, олардың мүшелері көбіне ата-аналарының ізінен ермей, жаңа дінді таңдайды. Осылайша, ЖДҚ да секталар сияқты қоғамда қалыптасқан діндерге көңілі толмайтындарды қатарына жинайды (Clarke 2006; Saliba 2003; Dawson 2006). Алайда ЖДҚ-лардың бір-бірінен өзгешелігі мол. Олар әртүрлі мақсат үшін қызмет етуі мүмкін. Негізгі қоғамды қабыл алмайтын ЖДҚ-лар қоғамға көңілі толмайтын, ешқашан жетістікке жете алмаймын деп ойлайтын адамдардың сұранысына сай келеді. Негізгі қоғамда бақыт пен жетістікке жетуді мақсат ететін ЖДҚ-лар негізгі мәдени нормаларды бағалайтындар үшін қызықты болады.

## Case study: Ислам

Б.з VII ғасырында қазіргі Сауд Арабиясында Мұхаммед пайғамбар Ислам дінінің негізін қалады. Қазіргі таңда әлемдегі ең тез дамып келе жатқан діндердің бірі. Әлем халқының 21 пайызы осы дінге сенеді және ол алдағы 50 жылда христиан дінінен басым дінге айналуы мүмкін (Ontario Consultants on Religious Tolerance 2009a).

Әлемнің қай бөлігінде өмір сүрсе де мұсылмандар (Исламды ұстанатындар) ортақ қағидаларды ұстанады. Барлық мұсылмандар күдіреті күшті бір Аллаға сенеді. Кітабы – Құран. Бұл кітап христиан-

**Жаңа діни қозғалыстарға** мемлекеттегі дәстүрлі дінмен байланысы жоқ, соңғы онжылдықтарда пайда болған рухани немесе діни ағымдар жатады.

**Мұсылмандар** мешітте (Исламдағы құлшылық ету орны) ғибадат етеді және оны имам (діни ғалым) басқарады. Өйткені орталық ресми билік болмағандықтан, Ислам дінбасылары мен үкіметтің, мұсылмандар мен мұсылман еместердің арасындағы қарым-қатынас әр мемлекетте өзінше ерекше болады. Кейбір елдерде Ислам діні ғибадатханаға, ал енді бірінде сектаға ұқсайды.

дар мен еврейлерге Інжіл қандай құнды болса, мұсылмандарға да сондай құнды. Барлық мұсылмандар бес парызды орындауы керек:

1. Алланың құдіретіне және Мұхаммед оның елшісі екендігіне шүбәсіз сену.
2. Күніне бес рет намаз оқу.
3. Кедей мен жетім-жесірге зекет беру.
4. Құран түскен Рамазан айында ораза ұстау.
5. Өмірінде бір рет болсын Меккеге қажылыққа бару.

Мұсылмандар мешітте (Исламдағы құлшылық ету орны) ғибадат етеді және оны имам (діни ғалым) басқарады. Өйткені орталық ресми билік болмағандықтан, Ислам дінбасылары мен үкіметтің, мұсылмандар мен мұсылман еместердің арасындағы қарым-қатынас әр мемлекетте өзінше ерекше болады. Кейбір елдерде Ислам діні ғибадатханаға, ал енді бірінде сектаға ұқсайды.

### Жалпыға ортақ Ислам: Мысыр және Иран

Ислам діні – Иранда және Мысырда баршаға ортақ, бірақ біріншісінде мемлекеттік дін болса, екіншісінде – мемлекеттен тыс.

Иранда дін мен мемлекет тығыз байланысты. Ислам діні мемлекеттік дін болғандықтан, Ислам заңы (шариғат) сотта қолданылады. Бұл заңға сәйкес адамдар зинақорлыққа, қару ұрлығына, гомосексуализмге бой ұрғаны және Ислам дінінен бас тартқаны және т.с.с. үшін өлім жазасына кесіледі. Иран халқы зайырлы қоғам құруға ниетті болғанымен, діни басқарманың саяси билігі басым. Сондықтан да қоғам мен дін арасында аздаған шиеленіс бар.

Мысырдағы дін мен мемлекет арасындағы қарым-қатынас Хосни Мұбарактан кейін әлі де айқындалмай отыр. Қазір онда Ислам ірі діни қауымдастық ретінде әрекет етеді. Мысыр үкіметі ішінара зайырлы.

Мысырда исламдық ұстамды және фундаменталды топтар кейде бейбіт, кейде қайшылықты өмір сүреді. Нәтижесінде, Мысырлық мұсылмандардың ирандықтарға қарағанда, мұсылмандық ережелерді ұстануда еркіндігі көбірек, мысалы, олар өзіне ыңғайлы киім кие алады.



Халқының 80-90 пайызы – мұсылмандар. Ұзақ жылдар бойы мемлекет пен секталық Ислам фундаменталистері арасында шиеленіскен жағдай қалыптасқан. Мұбарак орнатқан тәртіпке жауап ретінде радикалды исламдық фундаменталистер үкіметке қарсы шабуылдар ұйымдастырып отырды. Ал үкімет оларды бақылауда ұстау үшін репрессия мен лаңкестікті қолданды. Алайда Исламның ұстамды көзқарастағы мешіттері мен имамдар ашық жұмыс істеді және кедейлерге көмек көрсету үшін, үкіметпен бірлесіп әрекет етті. Сонымен қатар Мысырда Копт христиандарымен бірге барлық діндерге еркіндік берілді. Ислам – Мысыр мәдениеті мен қоғамында басым дін болып қалды. Осылайша, Ислам дінінің кейбір тармақтары мен үкіметтің, ұстамды және ультраконсервативті исламдық топтардың арасындағы шиеленістерге қарамастан, дін мұнда қазір секталық емес, жалпыға ортақ сипат алып отыр.

## Секталық Ислам: ислам фундаментализмі

Соңғы жылдары әлем бойынша ислам фундаментализмінің өршуі байқалады. Христиандық фундаментализм сияқты ислам фундаментализмі де секта: Исламдағы өзгерістерге қарсылықтан пайда болған.

Христиандық фундаменталистер АҚШ қоғамы секуляризмнің кесірінен бүлінген және «нағыз» христиандық тұжырымдардан алыстады дегенді алға тартты. Ал ислам фундаменталистері заманауи зайырлы мәдениеттен бас тартып, «шынайы» исламдық қағидаларға оралуды талап етеді. Ислам фундаменталистері экономикалық және саяси билігі жоқ елдерді өзіне қосылуға шақырады. Сөйте тұра олар Дүниежүзілік сауда орталығын жаруға қатысқан, Батыстың саяси және мәдени басымдылығынан шаршаған және мұсылмандар аудандарын басып алудан босатқысы келетін білімді мұсылмандарды да өзіне қосылуға шақырады (Amanat, 2001; Varber, 2001; Jacquard, 2002). Соңғысы саяси сенім мен әрекеттің діни сипаты емес, Батыстағы билеушілерді үрейлендіретін діни ағымға ұқсайды.

Тек аса радикалды ислам фундаменталистері ғана мақсатына жету үшін күш көрсете алады. Ал негізі мұсылмандар үшін джихад – қанды майдан емес, ең алдымен, рухани, экономикалық, саяси құралдар арқылы әлеуметтік әділдік орнатуды көздейтін, нәпсінің құлына айналмау жолындағы киелі соғыс жайлы түсінік. Тек осы әрекеттер нәтиже бермеген жағдайда ғана әскери құралдардың көмегіне жүгінеді (Lawrence, 1998).

## Жаңа діни қозғалыс сипатындағы Ислам: «Ислам ұлты»

Мұсылмандар АҚШ-та ғасырлар бойы өмір сүріп келе жатқанымен, қазір тұратын мұсылмандардың дені – иммигранттар немесе иммигранттардың балалары (Smith, 1999). Осы иммигранттардың көпшілігі үшін Ислам діні деноминация ретінде қызмет етеді, яғни осы мемлекеттегі көп діннің бірі.

«Қара Мұсылмандар» деген атпен танымал «Ислам ұлты» ұйымы жаңа діни қозғалыстар қатарына жатады (Clarke, 2006). Ресми құрылған уақыты 1930 жылдар деп айтылғанымен, бұл ұйым 1960 жылдары көпшілікке белгілі бола бастаған.

«Ислам ұлтының» шығуы секталардың шығуынан өзгеше: ол – Ислам дініне тиген әсерден емес, Христиандық пен «Ақ» америкалық қоғамға деген қарсылықтан пайда болды. Оның діни ілімі кейбір исламдық қағидаларға сәйкес келеді, бірақ африкалықтар мен афроамерикалықтардың тумасынан үстемдігіне деген сенім қосылған (Clarke 2006). Алайда бұрынғы ағым мүшелері мен көшбасшылары бұл көзқарастан бас тартып, негізгі Ислам дініне ауысты. Ал бұл ұстанымдар



«Ислам ұлтының» қазіргі басшыларының ықпалымен үлкен күшке ие болып тұр. «Ислам ұлты» мен негізгі Ислам дінінің арасында айырмашылық көп болғандықтан қатардағы мұсылмандар «Ислам ұлты» өкілдерін мұсылман деп санамайды.

Бұл жаңа діни қозғалысқа ішкі қалалар мен түрмелерде отырған кедей және құқықсыз афроамерикалықтар арасынан мүше болушылар көп. Бұл адамдарға Ислам діні үміт сыйлап, бірлестік, ұқсастық және айнала-сындағы басымдыққа ие «ақтар» әлемінен еркіндік сезімін ұялатады.

## АҚШ-тағы дін

Америка Құрама Штаттары – плюралисттік ел: оның азаматтары әртүрлі діндерге сенеді немесе бірде-бір дінді ұстанбайды. Бұл тарауда АҚШ қоғамының діни бейнесін сипаттаймыз.

### АҚШ-тағы діни тенденциялар

АҚШ-та бірнеше дін өкілдері бейбіт қатар өмір сүріп келгендігі тарихтан белгілі. Дегенмен христиандар қашан да ең үлкен діни топ болды. Еврейлер, буддистер, мұсылмандар және басқа христиандыққа жатпайтын топтар маңызды орын алғанымен, олардың ешқайсысы АҚШ халқының 1 пайызынан аспайды. Оның үстіне, иудаизмнің қатары сиреп барады, ал қалған топтар тұрақты сақталып келеді. Америкалық мұсылмандар туралы толығырақ «Алуан қырлы Америка: америкалық мұсылмандар» тарауында айтылады.

Дегенмен христиандардың сан жағынан басымдығы өткен уақыттарға қарағанда төмендеген. АҚШ азаматтары арасында өзін христианмын деп санайтындар 1990 жылы 86 пайыз болса, 2008 жылы бұл көрсеткіш 76 пайызға түсті (Kosmin & Keysar, 2009). Бұл өзгеріс христиандардың басқа дінге ауысқандығынан емес, ешбір дінді ұстанбайтын адамдардың көбейгендігінен болып отыр. 12.3-сызбада АҚШ және әлемдік деңгейдегі діндердің таралу көлемі көрсетілген.

Христиан діні ішінде лютерандық және епископалдық сияқты негізгі протестанттық шіркеулерден, сондай-ақ Пентекостал және Назарян сияқты фундаменталистік шіркеулерден және Інжілдің төрт шаршысы шіркеуінен кетушілер күрт көбейген (Kosmin & Keysar, 2009). Ал католик дініндегі АҚШ халқының үлесі соңғы 20 жылда өзгермеген. Фундаменталистік протестанттық секталарға өткен католик латынамерикалықтардың орнын жаңа испан тілді католик иммигранттар басып отыр.

### Жаңа ғибадатханалардың қалыптасуы

Америкалық христиан дініндегі жаңа ғибадатханалардың көптеп пайда болу тенденциясы осы өзгерістерді көрсетеді (Emergingchurch.info, 2009; Kimball, 2003). Бұл тенденция қазіргі америкалықтардың бір сарынды, лайықсыз өміріне және заманауи ғибадатханалардағы діни түсініктердің салғырттығына наразылықтардың өршуін байқатады. Жаңа ғибадатханаларға баратындардың көбі жастар, «ақтар» және қала тұрғындары. Қалғандары өздерін Інжіл христиандары деп санайды. Бірақ бұл ғибадатханалардың ықпалы бастапқы негіз шеңберінен шығып кетті.

Жаңа ғибадатханалар бейресми кеңістікте басқа адамдармен тығыз қарым-қатынас жасай отырып, бейресми тәжірибеге сүйенеді, шынайы діни тәжірибе алмасуға уәде береді. Ресми шіркеулерде кездесіп, дұға оқығанның орнына жаңа ғибадатханаға барушылар бір-бірінің

**Жаңа ғибадатханаларды** байланыстыратын жайттар: (1) Америка қоғамы және қазіргі христиандық ғибадатханалар туралы сенім ыдыраңқы, салғырттық басым және күмәнді (2) бейресми рәсімдерге мән беріледі, жазбалар мен өзін-өзі ұстау тәртібіне жеңіл қарайды және өмірлік мұрат, сенім мен қауымдастықты уағыздайды.

Назар аударыңыз



АЛУАН ҚЫРЛЫ АМЕРИКА

Америкалық мұсылмандар


АҚШ-тағы мұсылмандардың тарихы сонау отаршылық кезеңнен басталады (Muslim West Facts Project 2009). Зерттеулер бойынша, Африкадан жеткізілген құлдардың кемінде 10 пайызы мұсылман болған. Бірақ Африкамен мәдени байланыс үзіліп, құлдар христиандықты қабылдауға мәжбүр болғандықтан, Ислам діні жылдам жойылып кетті. Алайда XX ғасыр кезеңінде көптеген афроамерикалықтар «Ислам ұлты» қозғалысына алғашқылардың бірі болып қосылды. Ал кейін жалпыға ортақ мұсылмандық бірлестіктерге енді.

АҚШ-қа мұсылмандар миграциясының бірінші толқыны Азамат соғысынан кейін келді. Араб елдерінен келген иммигранттар әдетте Батыс жағалауда саудагер болды, фабрикаларда жұмыс істеді. Ал Үндістаннан келген иммигранттар ауыл шаруашылығы жұмыстарына араласты. Уақыт өте олардың ұрпақтары білімді және табысты адамдарға айналды.

Мұсылмандар миграциясының екінші толқыны XX ғасырдың екінші жартысында басталып, бүгінге дейін жалғасып келеді. Бұл толқынмен мұсылман әлемінің әр жерінен кәсіби мамандар мен студенттер келіп жатыр. Соңғы жылдары соғыстан көз аспаған Сомали, Босния және Эфиопия секілді елдерден келген босқындар АҚШ аумағындағы бірлестіктерден орын алды.

Тарихтан байқағанымыздай, америкалық мұсылмандар алуан түрлі. Бірақ олар АҚШ қоғамына етене кірігіп кеткен. Олардың білім деңгейлері мен табыстары орташа деңгейден жоғары және олар зерттеушілермен әңгімелескенде, өзге америкалықтар сияқты тәулік бойы құрметтелетіндері туралы айтады. «Мұсылмандар – ультра-консервативті» деген стереотип қалыптасқанымен, АҚШ-тағы мұсылмандардың басым көпшілігі өзге діни топ мүшелеріне, иудаистерге қарағанда, өздерін либералмыз деп санайды (Muslim West Facts Project, 2009).

Бір жағынан, мұсылмандар өзге америкалықтарға қарағанда күйзеліс, уайым немесе жәбірлену сезімдерін соңғы кездері жиі білдіретін болды. Бұл – қолынан келгенше нанып тауып жеп, баспанасын сақтап қалуға тырысып жүрген кедей мұсылмандардың уайымын көрсетеді (American Muslims, 2011). Сонымен бірге күйзеліс пен ашу-ыза сезімдері – 11 қыркүйек оқиғасынан кейінгі Америка қоғамындағы өзгерістің бір көрінісі. Америкалық мұсылмандардың жартысынан көбі нәсілдік және этникалық кемсітушілікті басынан өткергендігін айтады (American Muslims, 2011). 2000 жылмен салыстырғанда, жеккөрушілік салдарынан мұсылмандарға қарсы қылмыстар біршама көбейген (Disha et al., 2011) және америкалықтардың 40 пайызы америкалық мұсылмандарға кері көзқараста екендігін мойындады (Saad 2006). Солай болса да, АҚШ мұсылмандарының барлығы – АҚШ-та орнығуға тырысып жүрген азаматтар.





### 12.3-СЫЗБА. АҚШ-тағы және дүниежүзіндегі діни бірлестіктер

АҚШ халқының төрттен үш бөлігі – христиандар. Дүниежүзі бойынша христиандар саны азайып, мұсылмандар көбейіп келеді. Әлемнің дөңгелек диаграммасында мормондар өзге христиандармен біріктірілген. Иудаистер суретте көрсетілмеген, өйткені олар әлем халқының 1 пайызына да жетпейді.

ДЕРЕККӨЗ: Ontario Consultants on Religious Tolerance (2009b); Kosmin & Keysar (2009).



үйінде сезімдері мен ойларын ортаға салады. Өздерін мазалайтын жайлар жөнінде ашық айтып, заманауи музыка тыңдайды. Жаңа ғибадатханалар еңбек ету мен өз-өзін жетілдіруді насихаттайтын мәдениет орныққан қоғамда адамдарға жетпейтін өмірлік мұрат пен сенім екеніне ерекше мән береді.

Инжілдік шіркеулер заманауи америкалық мәдениеттің кейбір көріністерінен бас тартады. Ал жаңа ғибадатханаларда көзқарас еркіндігі басым. Олар америкалық жастар үшін ең жақсы мәдени қалып ұсынады.

### «Дінсіздердің» көбеюі

АҚШ азаматтарының арасындағы тағы бір маңызды тенденция – ешбір дінді ұстанбау. Қазіргі таңда АҚШ халқының 14 пайызы ешбір дінге сенбейді, 1990 жылы бұл көрсеткіш 8 пайыз болатын (U.S. Gallup.com, 2011; Kosmin & Keysar, 2009). Бұл адамдардың бір бөлігінің дінге деген сенімі төмен, ал енді бірінде мүлде жоқ.

Атеистер дегеніміз – Құдай жоқ деп санайтын адамдар. Ал агностиктер – Құдайдың бар екендігіне күмәнмен қарайтындар. Атеизм де, агностицизм де дінге жатпайды. Атеистер мен агностиктер осы ілімдердің айналасында құрылған топтарға мүше болады.

Діни сенімі жайлы сұрағанда америкалық ересектердің 2 пайызға жетер-жетпесі өздері атеистке не агностикке жатқызады (Kosmin & Keysar, 2009). Ал Құдайдың бар я жоқтығын сұрағанда, тек 2 пайызы «жоқ» дейді, ал 10 пайызы «білмеймін» деп жауап береді. Соған қарағанда, қазір көптеген адамдар атеистік немесе агностикалық көзқарасты ұстанса да, өздері тәрбиеленген отбасының діни сеніміне жақын. Осылайша, діни сәйкестендіру туралы мәліметтер атеистер мен агностиктердің санын нақты анықтай алмайды. Сауалнамаға қатысқан ересек америкалықтардың 14 пайызы ешбір дінді ұстанбайтындықтарын айтқан, ал 27 пайызы қайтыс болған жағдайда діни рәсімдер жасалуын ойламайды. Бұл діни сәйкестендіру мәселесі АҚШ-тағы діннің маңыздылығын арттыратынын тағы бір мәрте айғақтайды.

## Діндарлық тенденциялар

Діндарлық әр адамның діни қағидаларды ұстануымен және сол қағидаларға байланысты әрекет етуімен анықталады. АҚШ-та ұйымдасқан діндерге мүше болу басқа батыс елдерімен салыстырғанда, жоғары және соңғы онжылдықтарда діни қызметтерге көзқарас өзгерді (алайда көрсеткіштер төмендеген сияқты).

Неге АҚШ-та діни сенім күшті? Родни Старк және Роджер Финк-тің (Rodney Stark and Roger Finke, 2000) айтуы бойынша, бұл сұрақтың жауабын жоғары дамыған, бәсекеге қабілетті және бақыланбайтын діни экономикадан табуға болады. Олардың тұжырымдауынша, бұл елде діни ұйымдар көп болғандықтан, рәсімдерге олар үздік «тұтыным тауарын» ұсынуда бәсекелесіп, жоғары «нарықтық сұраныс» тудырады.

Америкалықтардың көпшілігі Құдайға сенеді, сондай-ақ басқаларға қарағанда дінге белсене араласады. Мормондар діни қызметке кем дегенде аптасына бір рет барады. Ал иудаистер ондай белсенділік танытпайды. Протестанттар, католиктер, мұсылмандар аптасына бір рет діни рәсімдерге қатысады. Сонымен қатар діни рәсімдерге қарттар, әйелдер, оңтүстік тұрғындары, афроамерикалықтар және үйленгендер жиі қатысады (Gallup, 2010; American Muslims, 2011).

Қызық тақырыптардың бірі – табыс, білім және дін арасындағы байланыс. Бұрындары ғалымдар дінге сенушілер қатарында кедей және тылсым дүниелерді түсіне алмайтын білімі жоқ адамдар болады деп ойлаған. Жоғары білімділер арасында «дін адам өмірінде маңызды орын алады» деп ойлайтындар қатары көп емес. Дегенмен жоғары білімі жоқтармен салыстырғанда, колледж түлектері мінәжатханаға жиі барады (Gallup, 2010). Ал дінді өмірдің маңызды бөлшегі деп санайтындар арасында жоғары білімді азаматтар мен білімі жоқтардың үлесі бірдей, олар бірдей деңгейде діни консервативтік көзқарас ұстанады (General Social Survey 2009). Негізінде, дінге мойын бұрмағаннан гөрі негізгі ғибадатханамен байланыста болу пайдалырақ. Бұл әсіресе бірлестіктерге мүше, ерікті қауымдастықтарға жататын және дәстүрлі құндылықтарды бағалайтын адамдарға тән сипат.

## Діндарлықтың салдары

Дін құндылықтарды үйретіп, оларды сақтайтындықтан, адамның қарым-қатынасы мен мінез-құлқына әсер етеді. Діни сенімі күшті адамдардың денсаулығы мықты, бақытты және өміріне разы болады (Cotton et al., 2006; Deaton, 2011; Waite & Lehrer, 2003). Бұл артықшылықтар адамдардың діни ұйымдардан алатын әлеуметтік қолдауы мен дінге қатыстылық сезімінен туындайды.

Діни адамдар жыныстық қатынас пен жеке шындыққа келгенде, консервативті көзқараста болады. Олар отбасылық өмірге де консервативті қарауы мүмкін. Мысалы, баларды тәрбиелеуде ұрып-соғуды тәрбие құралы ретінде қолдануды қолдайды (Ellison, Bartkowski, & Segal, 1996). Консервативті топтардың кейбірі баланы алдыртып тастауға қарсы күрес және құқық қорғаушылар тобы сияқты саяси консервативті қозғалыстарға қолдау білдіреді.

Дегенмен діндарлардың бәрі өз ғибадатханасымен тығыз байланысты деп ойламауымыз керек. Мысалы, Папа баланы алдыртып тастау және баланы дүниеге әкелуді бақылау күнә дейді. Бірақ америкалық католиктердің 3/4 бөлігі кей жағдайда баланы алдыртқан дұрыс деп ойласа, жартысынан көбі жасөспірімдердің дүниеге бала әкелуі бақылануы керек деп есептейді (General Social Survey, 2009).

---

**Діндарлық** әр адамның діни қағидаларды ұстануымен және сол қағидаларға байланысты әрекет етуімен анықталады.

**Діни экономика дегеніміз** – діни ұйымдар арасында үздік «тұтыным тауарын» ұсынуда бәсекеге түсіп, осы арқылы өз дініне жоғары «нарықтық сұраныс» тудыру.



## әлеуметтану және сіз

Егер сіз әлдебір діни ұйымның мүшесі болсаңыз оның сенім жүйесі қандай болса да әлеуметтік пайда көресіз. Ұйымыңыз қиын жағдайға ұшырағанда кеңес немесе көмек беруді қарастыратын әлеуметтік желі ұсынуы мүмкін. Сонымен бірге бұл желі сіздің қадірлі әрі маңызды адам екеніңізді еске салып, жетістіктеріңізді атап өтуге көмектеседі. Діни рәсімдер болып жатқан оқиғалардың бір себебі барын түсіндіре алуы мүмкін. Егер сіз діни ұйымға мүше болмасаңыз, онда достар мен бауырластар ортасы сияқты әлеуметтік желілерден қолдау іздеп, ғылым, саясат және басқа да сенімді жүйелермен қарым-қатынас орнатуыңызға болады.

**Азаматтық дін дегеніміз – АҚШ азаматтары үшін құнды болып саналатын белгілер, сенімдер мен институттық рәсімдер жиынтығы.**



Әскери қолбасшы болып тағайындалған соң бірнеше аптаның ішінде Джордж Вашингтон – халық жаппай табынатын құдіретке айналды.

Діни сауаттылық қалыпты мінез-құлықты сақтауға үйретсе, дін және ғибадатхана әлеуметтік өзгеріс әкелетін күш болуы мүмкін. Бұдан бұрын айтылғандай, 1950–1960 жылдары афроамерикалық ғибадатханалар азаматтық құқық үшін күресте маңызды рөл атқарды, ал інжілдік шіркеулер қазіргі таңда иммигранттардың құқығы үшін күресіп келеді. Латын Америкасындағы еркіндік теологиясының мақсаты – кедейлік, теңсіздік және саяси қанауды жоятын демократиялық Христиандық социализм құру (Smith, 1991). Керісінше, кейбір ғибадатхана мүшелері өз ғибадатханаларының либералдық ұстанымын түсінбейді: соңғы жылдары баптистер мен епископалдар гомосексуалистердің құқығын және өзге де либералдық бағдарламаларды қолдағаны үшін орталық ғибадатханалардан бөлініп кетті.

## АҚШ-тағы азаматтық дін

Осы тараудан белгілі болғанындай, америкалықтар көп дінді ұстанады. Бір жағынан, америкалықтар азаматтық дінді де жақтайды (Bellah, 1974: 29; Bellah et al, 1985). Азаматтық дін дегеніміз – АҚШ азаматтары үшін қасиетті саналатын белгілер, сенімдер мен институционалдық рәсімдер жиынтығы. Олар Әсіетті оқуды және мемлекеттік гимнді айтуды, сонымен бірге туды аяқасты етпес үшін бүктеп қоюды дұрыс деп санайды. АҚШ-тағы көп үйлерде мемлекеттік ту немесе президенттің суреті крестпен не «Құпия кеш» суретімен қатар ілінеді.

Азаматтық дін негізгі дін сияқты қызмет атқарады: ол бірлік пен бейбітшіліктің негізі бола отырып, тарих пен мемлекеттің міндетін түсіндіруге қызмет етеді (Wald 1987). Мысалы, америкалық колониялар Ұлыбританиядан тәуелсіздігін жариялаған соң Джордж Вашингтон АҚШ әскерінің қолбасшысы болып тағайындалды. Әскер басқару тәжірибесі мен харизмасы аз болғандықтан, Вашингтон бұл жұмысты қаламап еді. Бірақ бірнеше аптадан соң ол жұрттың бәрі тәу ететін тұлғаға айналды. Неге Вашингтонға культ ретінде қарады? Өйткені Вашингтон жас халықтың бірлігінің белгісі болды және оның билікке құмартпауы оны қаһарман етті. Вашингтонға табына отырып, отар халықтар өз халқына рақым етушілерге табынды, олардың ойынша Вашингтон сондай адам еді (Schwartz, 1983).

Сол кезден бері Америка халқы еркіндік, әділет және қасиетті бостандық қағидаларын таңдады. Америкалық тәсіл – қандай да болсын бір затты адамгершілік тұрғысынан жасайтын бірден-бір тәсіл. АҚШ валютасында, АҚШ азаматтарының адалдық туралы антында және ұлттық әнұранда АҚШ-тың Құдайдың қолдауымен әрекет ететіні айтылады.

## Бұл бізге не береді?

Құрылымдық-функциялық теория да, конфликт теориясы да дұрыс. Бір жағынан алып қарағанда, мектеп пен ғибадатхана дәстүрді сақтаушылар болып отыр. Екі ұйым да қоғамнан өз орындарын табуы үшін және дәстүрлі мәдени құндылықтарды түсіндіру үшін жастарды біріктіреді. Кейде мектеп пен ғибадатхана адамдарға жеке өзіне сенуді үйретеді. Бірақ көп жағдайда бұл екеуі де билік пен әлеуметтік механизмдерді, сонымен бірге әлеуметтік теңсіздікті мойындауды үйретеді.

Жалпы мектеп пен ғибадатхана әлеуметтік өзгерістің алдыңғы

шебінде тұр. Аз ұлт өкілдерінің қаналуы, баланы алдыртып тастау немесе гомосексуализм мәселелері ешбір жерде ғибадатханалардағыдай қызу талқыланған емес. Нәсілдік қарым-қатынас, жыныстық және таптық теңсіздік пен мәдени құндылықтар шиеленісі мектеп кеңестерінде қызу талқыға түскен. Сіз, діншіл адам болмасаңыз да білім алғаннан кейін, білім мен діннің адам санасындағы маңызды рөлін елемей өте алмайсыз.


## Қорытынды

1. Білім берудің құрылымдық-функциялық үлгісі бойынша, білім беру көптеген әлеуметтік сұраныстарға сай болуы керек. Ол жастарды үлкен мәдени бірлестікке біріктіреді, білім беріп, белгілі бір дағдыларды қалыптастырады және әлеуметтік өзгеріске себеп бола алады.
2. Конфликт теориясы бойынша, білім беру стратификация құрылымын төрт механизм арқылы қолдап, жүзеге асыруға көмектеседі. Олар: теңсіздікке мойынсұнатын жұмыс күшін оқыту (астыртын оқу бағдарламасы), элита өкілдерінің балаларына жақсы жұмыс орындарын сақтау үшін кредитализмді қолдануы, басым мәдениетті сақтау және кедей топтардың білім алу мүмкіндіктеріне қол жеткізуін қамтамасыз ету.
3. Символдық интеракционистер білім беруде теңсіздік туғызатын процестерді зерттейді. Бұл процестің негізгі элементі – элиталық сабақтас-тық және балалардың мәдени капиталындағы айырмашылық, екеуі де кедей студенттердің жағдайын жақсартуына жол бермейді.
4. Бақылау қабілеті мықты оқушылар үшін пайдалы болғанымен, қабілетті төмен оқушыларға кері әсерін тигізеді. Аса маңызды тестілеу білім сапасын арттырады, бірақ оқу бағдарламасын қысқартып, тек тестілеу дағдыларын дамытуға көңіл бөлуге мәжбүрлейді. Мектепті таңдау оқушылар мен ата-аналарға үлкен мүмкіндік береді. Бірақ теңсіздікті нығайтып, мемлекеттің қолдауын азайтады.
5. АҚШ-тағы 16–24 жас аралығындағы мектеп түлектерінің тең жартысы колледжге оқуға түседі. Колледжге ерлерге қарағанда, әйелдер көбірек түседі, оқуын да ойдағыдай бітіреді. Бірақ нәсілдік және таптық айырмашылық гендерлік айырмашылықтан асып түседі. Аз ұлт өкілдері ішінде – ер адамдардың колледжге емтихан тапсыруы – сирек жағдай.
6. Жоғары білім алу толықтай ақталады, себебі кейін табысы жоғары, жақсы жұмысқа орналасады, жұмыссыз қалу ықтималдығы сирейді. Сонымен қатар қаржылай артықшылық болмаса да, ұзақ өмір сүру сияқты мүмкіншілік береді.
7. Әлеуметтану жеке адамдардың діни сенімінің салдарын және басқа діндер мен әлеуметтік құрылымдардың байланысын зерттейді. Ол діни сенімнің дұрыс-бұрыстығын сараламайды.
8. Бұрынғы болжамдарға қарамастан, АҚШ-та секуляризация айтарлықтай артқан жоқ. Діни ұйымдардың ықпалы әлі де күшті. Ал фундаменталистік топтардың танымалдығы арта түскен. Діни ұйымдарға мүше болу және рәсімдерге қатысу бір қалыпты деңгейде және Еуропадағы көрсеткіштен әлдеқайда жоғары.
9. Дюркгеймнің тұжырымдауынша, дәстүрлі тәжірибені қолдаушы және үздіксіздік пен тұрақтылықты қамтамасыз етуші болғандықтан, дін функционалды болып табылады. Вебердің айтуынша, дін жаңа ойларды туындатады, сол арқылы әлеуметтік құрылымдарды өзгертуі мүмкін. Керісінше, Маркс «дін қалыптасқан жағдайды ұстап тұрушы консервативті күш қызметін атқарады» дейді. Кейінгі конфликт теориясын зерттеушілер діннің әлеуметтік шиеленістерді туындатуда немесе басуда атқаратын қызметін анықтады.
10. Діннің алдында әрдайым екі мәселе тұрады: зайырлы қоғамды қабылдау немесе одан бас тарту. Айналадағы қоғамға бейімделетін және басқа діни топтарға түсіністікпен қарайтын адамдар діни ғибадатханаларға мүше болады. Заманауи өзгерістерге қарсы адамдар сектаға бірігеді. Жаңа діндер жаңа діни көзқарастарды ұсынады немесе қоғам мәдениетіне жат діндерді қолдана отырып, жаңа діни қозғалыстарды туындатады.
11. АҚШ-тағы жаңа діни құбылыс – фундаментализмнің өршуі, жаңа ғибадатханалардың және ешбір дінді ұстанбайтын адамдардың пайда болуы.
12. АҚШ-тағы азаматтық дін – елді біріктіретін маңызды құрал. Ол көптеген сенімдерден (Құдай мемлекетті басқарады), мемлекеттік нышандардан (ту) және АҚШ-тағы барлық діни сенімдегі адамдар қасиетті деген рәсімдерден (АҚШ азаматының адалдық туралы анты) тұрады.



## Сыни ойлау

1. Балаңыз үшін қандай мектепті таңдар едіңіз және неліктен? Мектеп таңдау сіздің мәдени капиталыңыздан қандай орын алады?
2. Оқушылардың талаптарын қанағаттандыру үшін бастауыш және орта сыныптардың оқу бағдарламаларын қалай өзгертер едіңіз? Сіз ұсынған жүйенің айқын функциялары қандай болады? Астыртын функциялары ше? Ал ықтимал дисфункциялары ше?
3. Секуляризация тенденциясы мен фундаментализмнің пайда болуы жайлы білдіңіз, енді алдағы уақытта фундаментализм өсе ме, жоқ па – қалай ойлайсыз? Неге? Жауабыңызды діни сеніміңізге емес, әлеуметтанудан алған біліміңізге байланысты жұптаңыз.
4. Жаңадан пайда болған ғибадатханалардың артықшылығы неде? Өз дініңіздің құрылымын (діни сенімін емес) сізге белгілі басқа діннің құрылымымен және жаңа ғибадатханалармен салыстырыңыз. Егер жаңа ғибадатхананың мүшесі болсаңыз, оның құрылымын досыңыз ұстанған діннің құрылымын салыстырыңыз.
5. Егер діни құқықтың сақталуына ерекше мән берілсе, АҚШ үкіметінде қандай өзгерістер болар еді? АҚШ қоғамында ше? Қалай ойлайсыз, АҚШ үшін бұл пайдалы бола ма? Неге иә, неге жоқ?



**13-ТАРАУ**

## **Саясат және экономика**

### **Тарау тағылымы**

#### **Осы тарауды оқығаннан кейін студенттер:**

- мемлекет қолдана алатын билік түрлерімен және әдістерімен танысып, оларды сипаттайды;
- неге кейбір америкалықтардың сайлау мүмкіндігі артықтығын және АҚШ-та сайлауға қатысу деңгейі төмендігін түсінеді;
- капитализм мен социализмді, демократия мен авторитаризмді салыстырып, олардың өзара үйлестірілуін біледі;
- постиндустриалды экономиканың сипатын және осы экономикаға трансұлттық корпорациялар мен жаһандандудың ықпалын түсінеді;
- қазіргі экономикалық дағдарыстың пайда болу себебі мен салдарын және болашақта АҚШ-та жұмыс істеу мүмкіндігін бағалайды.

## Саясат пен экономикаға кіріспе

Адамдар өмір сүру үшін қалай ақша табады? Неге кейбір жұмыс түрлерінің еңбекақысы жоғары және кейбір елдерде еңбекақы басқа елдермен салыстырғанда неге жоғарырақ? Мемлекет басшылары қалай сайланады, орнынан алынады немесе өлтіріледі? Осы сұрақтарға жауап табу үшін саясат пен экономикаға мән беруіміз керек. Сұрақтарды жеке-жеке де қарастыруымызға болады, бірақ олар өзара байланысып жатқандықтан, толық бір тақырып ретінде оқыған ыңғайлы. Бұл бөлімде саясат пен экономика, әлеуметтану тұрғысынан зерделенеді.

## Билік және саясат

Лиза – «American Idol» бағдарламасын, ал Джон футбол көргісі келеді; фундаменталистер «мектептерде ғибадат ету бөлмелерін ашқандұрыс» дейді, ал Американың азаматтық еркіндік одағы (ACLU) оған қарсы; мемлекеттік қызметкерлер жоғары жалақы алғысы келеді, ал қарапайым тұрғындар салықтың төмендетілгенін қалайды. Мұның бәрін кім шешеді?

Шешім қабылдаушы тұлға кім болса да – сіздің анаңыз ба әлде Жоғарғы сот па – оның қолында басқаларға қатысты шешім қабылдай алатын билік бар. Бұған дейін 7-тарауда айтқанымыздай, билік – басқа адамдардың іс-әрекетін өз қалауына қарсы бағытта алу қабілеті. Біз биліктің мәжбүрлеу және бедел деп аталатын екі түрін сипаттаймыз. Ананың да, соттың да қолында билік болғанымен, айтқанын орындату үшін қолданатын билігінің заңдылық ауқымы мен құралдары жағынан екеуінің арасында біраз айырмашылық бар.

## Мәжбүрлеу

Билікті күш көрсету және қорқыту арқылы жүргізу **мәжбүрлеу** деп аталады. Қорқыту және күш көрсету физикалық, қаржылық немесе әлеуметтік болуы мүмкін: біз соққыға жығыламыз, жала жабылады, шеттетілеміз, айыппұл салынады, өлтіреді немесе «достарымыз бізден бас тартады» деп қауіптенеміз. Мысалға, ата-анаңыз шапалақпен қорқытып, айтқанын орындауға мәжбүрлейді, ал сіз ойнамай қоятыныңызды алға тартып, досыңызды өзіңіздің айтқаныңызбен жүруге мәжбүрлеуіңіз ықтимал.

## Бедел

Қорқыту – басқа адамдарды мәжбүрлеудің тиімді тәсілі. Бірақ ол дау-жанжал мен ашу-ызға тудырады. Ал кейбір жағдайда қорқыту орынсыз болады. Билік заңды ережелер мен құндылықтарға сәйкес жүргізілсе, оны бедел деп атаймыз. Егер қолыңызда өкілеттілік болса, қарамағыңыздағылар тым болмағанда шешім қабылдауыңызға құқылы мәселелеріңіз бойынша сізбен келіседі және айтқаныңызды орындауға міндетті. Бірақ бұл – олар сіздің өмір жүргізуге құқылы болғандығыңыздан ғана келіседі немесе бағынады деген сөз емес. Қоғамның ережелері мен құндылықтары сіздің билігіңізге қолдау көрсетеді. Мысалы, жасөспірім қыз әкесінің оған коменданттық уақыт белгілеуіне құқығы жоқ деп ойлауы мүмкін, бірақ басқа ересектер (тіпті кейбір жасөспірімдер де) әкесі бұған құқылы деп санайды.

---

**Мәжбүрлеу** – күш көрсету немесе қорқыту арқылы жүргізілетін билік.

Бедел жалпыға ортақ ережелер мен құндылықтар тарапынан қолдауға ие болғандықтан, әдетте дау-жанжалға жол бермейді. Өйткені ол мәжбүрлеу амалдарын қашан да болсын – қажет деп санаған уақытында қолдана алады. Ата-аналар жасөспірім балаларын үйден қуып жіберумен немесе автокөліктің кілтін алып қоюмен қорқытып, билігін жүргізуі мүмкін. Жұмыс берушілер қызметкерлерін жұмыстан шығара алады немесе лауазымын төмендетеді. Осылайша, бедел әлеуметтік мәжбүрлеудің тиімділігіне сүйенеді.

Билік жөніндегі классикалық зерттеулер бойынша, Вебер беделді жеке адамдар мен топтар заңды билік ретінде мойындайтын үш негізге бөліп көрсетеді: дәстүрлі, харизмалық және құқықтық нормалар.

## Дәстүрлі бедел

Билік қасиеттілік тұрғысынан сенім мен тәжірибеге сүйенсе дәстүрлі бедел деп аталады (Weber [1910] 1970b, 296). Монархтар мен патриархтар дәстүрлі биліктің классикалық үлгісі болып саналады. Мысалы, 1950 жылдары америкалықтардың басым көпшілігі отбасылық шешімдерді ер адам қабылдайды деп есептеген. Бір сөзбен айтқанда, күйеулердің беделі жоғары болған. Ал қазіргі кезде әлсіреп қалды.

## Харизмалық бедел

Егер адам жеке-дара қасиеттері арқылы шешім қабылдау құқығына ие болса, онда ол адамда харизмалық билік бар (Weber [1910] 1970b, 295). Көп жағдайда құрмет тұтатындар «бұл Құдайдың қалауымен болған» деп ойлағанда ғана адам харизмалық беделге ие болады. Бірақ, харизмалық бедел дінмен байланысты болмауы керек. Мысалы, Махатма Ганди таңдаулы саясаткер немесе діни көшбасшы болған жоқ, бірақ ол Үндістандағы саяси революцияны басқарды. 2011 жылы АҚШ қарулы күштері өлтіргенге дейін Усама бен Ладеннің жақтастары оның харизмалық беделіне мойынсұнды.

## Рационалдық-құқықтық бедел

Егер адамдар рационалды түрде берілген ережелерге негізделген билікті ұстанса, оларды рационалдық-құқықтық беделге жүгінеді деп айта аламыз. Рационалдық-құқықтық беделдің артықшылығы – пенделік ерекшелігінің болмауы: ереже бойынша өкілеттілік алған адамдарды жақтырмасақ та, келіспесек те, ережелер талап ететіндіктен рационалдық-құқықтық бедел сақтала береді.

АҚШ үкіметі рационалдық-құқықтық негізде қызмет етеді. Конгрестің белгілі бір шешімді қабылдауға құқығы бар не жоқтығын білгісі келген адам заңнамалар жинағын, Конституцияны қарайды. Конгресс қандай да бір заңды немесе шешімді Конституцияға сәйкес қабылдаса, ел азаматтары оны орындауға міндеттіміз.

## Өкімет

Теория жүзінде биліктің үш түрін бөліп қарастыруға болады. Ал іс жүзінде биліктегі адамдар олардың алуан түрін қолданады. Сайланған шенеунік рационалдық-құқықтық беделіне харизмасын қосса, билігін арттырады. Жүргізген саясатына қарай Джон Маккейн немесе Барак Обама осыған мысал бола алады. Дәл осылайша, харизмалы көшбасшы өзінің соңынан ерушілерге рационалдық-құқықтық жүйе тұрғысынан билік орнатуы мүмкін. Саентология шіркеуін құрған Л. Рон Хаббард оны кейін бюрократиялық



Марокко патшасы VI Мұхаммед қолданған бедел сияқты дәстүрлі бедел адамдардың өзгелерге қатысты шешім қабылдау құқығы ғасырларға жалғасқан діни сенімдерді тірек еткенде ғана жүзеге асады.

**Бедел** – қолданылуын ақтайтын ережелер мен құндылықтарға сүйенетін билік.

**Дәстүрлі бедел** – биліктің қасиеттілік тұрғысынан сенім мен тәжірибеге сүйенуі.

**Харизмалық бедел** – адамның жеке-дара қасиеттері арқылы шешім қабылдау құқығына ие болуы.

**Рационалдық-құқықтық бедел** – адамдардың рационалды түрде берілген ережелерге сүйенген билікті ұстануы.



## Әлеуметтану және сіз

Егер сіздің ата-анаңыз немесе ата-әжеңіз я болмаса өзіңіз «осы үйде осылай жасалады» деген оймен әрекет етсеңіз, онда дәстүрлі билікті сезінгеніңіз. Дәстүр оларға билік бергендіктен, талап еткен тәртібіне мойынсұндыңыз. Егер сыныптағы ең мықты бала «солай істеуіңізді сұрағандықтан» әрекет жасасаңыз, харизмалық беделдің ықпалында болғаныңыз. Ол балаға сүйсініп, дос болғыңыз келгендіктен, айтқанын орындадыңыз. Егер бұл бөлімді профессорыңыз талап еткендіктен оқысаңыз, рационалдық-құқықтық билікке мойынсұнғаныңыз. Профессорыңыз рационалдық процесс арқылы билікке лайық деп ойлағандықтан, сіз оның нұсқауын орындайсыз.

## Ұғымдардың қорытындысы

### Билік пен бедел

Тұжырым	Анықтама	Мысалы
<i>Билік</i>	Қарсыластыққа қарамастан, басқаларға қалағаныңдай әрекет еткізе білу қабілеті; мәжбүрлеу мен бедел жатады.	Сіз қаламасаңыз да әкеңіз шөп шабуға мәжбүрлейді.
<i>Мәжбүрлеу</i>	Күш көрсету немесе қорқыту арқылы билікті іске асыру.	«Шөпті шаппасаң таяқ жейсің!»
<i>Бедел</i>	Ережелер мен құндылықтарға сүйенген билік.	«Шөп шабу – сенің парызың»
<i>Дәстүрлі бедел</i>	Ғасырлық тәжірибелерге сүйенетін, қастерлі рәсімдерге негізделген бедел.	«Әкең ретінде бұйырамын, шөпті шабуың керек.»
<i>Харизмалық бедел</i>	Көшбасшының жеке қасиеттеріне негізделген бедел.	Министр, раввин немесе имамның уағыздары әсер еткені соншалықты, сіз өз еркіңізбен қариялардың есік алдындағы шөпті шабуға әзірсіз.
<i>Рационалдық-құқықтық бедел</i>	Рационалды қалыптасқан ережелерді ұсынуға негізделген бедел.	«Сіз ережені білесіз: әкеңіз өткен аптада шөп шапты, бұл аптада сіздің кезеңіңіз».

ұйымға айналдырып жіберді. Алайда өкілеттіліктің қай түрі болмасын қарамағындағылар жауапты тұлғаның шешім қабылдауға құқығы барымен келісіп, өздері бағынуға міндетті екенін мойындауына байланысты.

**Ұғымның қорытындысы:** Билік және өкілеттілік мәжбүрлеу, бедел және өкілеттіліктің алуан түрлері арасындағы айырмашылықтарды көрнекілей көрсетеді.

## Саясат

Билік теңсіздігі әлеуметтік институттардың бәрінде кездеседі. Мектеп пен отбасы сияқты алуан түрлі құрылымдарда биліктің әр қилы қатынастары (мысалы, мұғалім мен оқушының арасындағыдай) қалыпты жағдай ретінде қабылданады.

Қорытындылай келгенде, әлеуметтік құрылымдық билігі бар барлық мекемелерге (отбасы, мектеп, жұмыс орны, шіркеу немесе синагога) **саясаттың** қатысы бар. Алайда ең ірі саяси институт – мемлекет.

**Саясат дегеніміз** – қоғамдағы биліктің әлеуметтік құрылымы.

**Мемлекет дегеніміз** – өз аумағында күш көрсету мен мәжбүрлеуді заң жүзінде қолдана алатын қоғамдық құрылым.

## Билік және мемлекет

### Мемлекет

**Мемлекет дегеніміз** – өз аумағында күш көрсету мен мәжбүрлеуді заң жүзінде қолдана алатын қоғамдық құрылым. Ол басқа саяси инсти-

туттардан екі сипатымен ерекшеленеді: (1) басқа құрылымдармен салыстырғанда, заңды шешім қабылдау құзыреті жоғары болады және (2) заңды мәжбүрлеудің қолданылуын бақылайды. АҚШ-та «мемлекет» терминінің әлеуметтік мағынасы ұлтқа да, мемлекет пен жергілікті билік өкілдеріне де қатысты қолданылады.

Ұлттық мемлекет – мемлекеттің маңызды түрі. Бұрынғы кездері көптеген мемлекеттердің заңдары дәстүрлі билік тарапынан орынды саналған. Қазіргі таңда мемлекет өз билігін ұлтшылдық арқылы ақтайды. Ұлтшылдық – белгілі бір аумақта тұратын барлық адам «ұлт» деген жалғыз атауға ие болып, ортақ мәдениет пен тарих төңірегінде бірігетіндіктен, жеке мемлекетке лайықты екендігін білдіретін тұжырым. Заңды мемлекеттің билігі кең таралған сенімге негізделсе, азаматтарға пайдасын тигізу үшін қызмет етеді. Әлеуметтанушылар мұндай мемлекетті «ұлттық мемлекет» деп атайды.

Соңғы 200 жылда 145 мемлекетте зерттеу жүргізіліп, ұлттық мемлекеттер империяның құлдырауынан және ұзақ уақытқа созылған соғыс салдарынан империя ресурстарының сарқылуынан пайда болады деп пайымдалды (Wimmer & Feinstein, 2010). Бұл жағдайда түрлі этникалық топтардың белсенділері халыққа ұлтшылдықты қалай қолдата алса, империялық үкіметке қарсылығын да солай тұтандыра алады.

## Деректерге ден қойсақ

### Үкіметтің міндеттеріне қатысты көзқарас

Келісетіндердің пайыздық үлесі	Төмен табыс	Орта табыс	Жоғары табыс
Вашингтон үкіметі бүкіл кедей америкалықтардың жағдайын жақсарту үшін бар күшін салуы керек.	41%	30%	23%
Вашингтон үкіметі тұрғындарға дәрігерлер мен ауруханалар ақысын төлеуге қажетті көмек берілуін бақылауға міндетті.	59	53	46

**Мәліметтерді түсіндіру.** Өзінің жеке төлемдерін өтеуге қауқарлы адам үкімет тұрғындарға төлемақылар бойынша жәрдем беруі керек деген оймен келісе бермейтіні түсінікті. Ал төмен табысы төмен адамдардың «үкімет кедейлер мен науқастарға көмектесуі керек» деп ойлауына қандай себептер бар? Төмен, орта және жоғары мөлшерде табыс табатын адамдардың өмірлік тәжірибесінде қандай айырмашылықтар бар және олар адамдардың көзқарасына қалай ықпал етеді?

**Мәліметтерді сыни талдау:** Көп адам құптауы үшін сауалнама сұрақтарын қалай өзгертер едіңіз? Аз ғана адам келісуі үшін ше?

ДЕРЕККӨЗ: General Social Survey (2009)

**Ұлттық мемлекет дегеніміз** – билік ел азаматтарының пайдасы үшін қызмет ететін көпшіліктің сеніміне сүйенетін заңды мемлекет.

**Ұлтшылдық дегеніміз** – белгілі бір аумақта тұратын барлық адам «ұлт» деген жалғыз атауға ие болып, ортақ мәдениет пен тарих төңірегінде бірігетіндіктен, жеке мемлекетке лайықты екендігін білдіретін тұжырым.



Осылайша, Армения мен Молдова сияқты мемлекеттер, 1991 жылы Кеңес Одағы ыдыраған соң жеке бөлініп шығуға мүмкіндік алды. Сонымен қатар (тағы да бұрынғы Кеңес Одағындай), ұлттық мемлекеттер айналасындағылар өз тәжірибесінен материалдық қолдау мен ұлтшылдықтың үлгісін ұсынған жағдайда құрылады. Ал Түркиядағы күрдтер болса, ұлттық мемлекет тұрмақ, саяси автономия ала алмай отыр. Бұған себеп болып отырған жағдай мынау: біріншіден, Түркияның үкіметі мен экономикасы мықты; екіншіден, күрдтердің одақтас-тары аз.

## Мемлекеттік юрисдикция

Өзге саяси институттардың құзыреттілік аясы тар болса (мысалы, шіркеу немесе отбасы мүшелерін қадағалау), мемлекет қоғамға бүтіндей билік жүргізеді.

Мемлекет ортақ мақсатқа қол жеткізу үшін, қоғам бөліктерінің тең қарым-қатынасына төрелік етумен, басқа қоғамдармен байланыс орнатумен және ресурстар (салық, әскерге шақыру, мұнай) жинаумен айналысады. Қоғам кеңейіп, күрделене түскен сайын мемлекеттің балаларға жыныстық қатынастар туралы білім беру және баспанасынан айырылып қалу қаупі бар отбасыларға субсидия бөлу сияқты мәселелерді қамтитын жаңа міндеттері пайда болады. Деректерді түсіндіру: Үкіметтің міндеттеріне қатысты пайымдар (Attitudes Toward Government Responsibilities) америкалықтардың мемлекеттік міндеттерге деген көзқарасын зерттейді.

## Мемлекеттік мәжбүрлеу

Мәжбүрлеуді қолдану үшін мемлекеттің заңды құқығы болғандықтан, басқа құрылымдар (ата-аналар, мұғалімдер сияқты) оны тек мемлекеттің келісімімен ғана қолдана алады. Мысалы, барлық штаттар қазір күйеуінің әйелін сабауына, ал кейбір штаттар мұғалімдердің оқушыларға ұрсуына тыйым салады.

Мемлекет мәжбүрлеудің бастапқы үш түрін қолданады. Біріншіден, мемлекет ел тұрғындарын заң жүзінде тұтқындай алады, шабуылдай алады, түрмеге жаба алады және кейбір жағдайларда өлтіруге де құқылы. Екіншіден, мемлекет заң жүзінде азаматтардан салық пен айыппұл жинайды. Үшіншіден, мемлекет басқа елдермен келіссөздер жүргізеді және басқа елге шабуыл жасауға қарулы күштерін жібере алады.

Алайда әрбір ел билік пен мәжбүрлеуді әртүрлі қолданады. Авторитарлық және демократиялық жүйелердің арасындағы ең үлкен айырмашылық осы. 13.1-картада «толық» демократиялық, «жалған» демократиялық (кейбір авторитарлық элементтері бар), екеуін қатар алып жүретін «гибридті» және авторитарлық мемлекеттер бөліп көрсетілген.

## Авторитарлық жүйе

Халықтың көбі ұзақ уақыт бойы авторитарлық жүйеде өмір сүрген. Авторитарлық үкіметтерді тоталитарлық мемлекет, диктатура, әскери хунта (топ), монархия, теократия және тағы басқа деп атайды. Олардың қай-қайсысында да көшбасшы немесе билік халық тарапынан таңдалмайды және өзгерте де алмайды (революцияны есептемегенде).

Егер мемлекетте сайлау жүргізілсе де, алдын ала таңдалған адамдар жеңуі үшін сайлау нәтижелері қолдан жасалады. Мысалға,



---

**Авторитарлық жүйе** – халық басқарушыны таңдай алмайтын және заң жүзінде ауыстыра алмайтын саяси жүйе.

**13.1-КАРТА. Демократиялық және авторитарлық ұлттар**

Демократиялық және авторитарлық ұлттар әлемнің әр түпкірінде кездеседі. Қазіргі уақытта олардың демократиялық немесе авторитарлық болып қалу себептері түсініксіз болып отыр.

ДЕРЕККӨЗ: Economist Intelligence Unit (2012).



Бірнеше онжылдық бойы Оңтүстік Африка қара нәсілділердің сайлауға қатысу құқығын шектейтін авторитарлық үкімет болды. Алайда 1994 жылдан бері демократия орнап, жергілікті тұрғындардың барлығы бірдей сайлау құқығына ие болды.

Солтүстік Корея және Белоруссия мемлекеттерін авторитарлық деп айтуға болады.

Авторитарлық мемлекеттер халықтың өмірін бақылауға ұмтылу және билікті сақтау үшін мәжбүрлеу мен лаңкестікті қолдану деңгейімен



ерекшеленеді. Кейбір авторитарлық үкіметтер, мәселен монархия сияқты, халықты дәстүрлі бедел арқылы басқарады, ал қалғандарының қолында мұндай билік болмағандықтан, тек қана мәжбүрлеуге сүйенеді.

## Демократия

Демократия түрлі формада болады. Дегенмен оларға ортақ екі сипат бар: басшыларын ауыстыратын жүйелі заңнамалық процеске ие және басшылықты ауыстыру көпшіліктің еркін көрсетеді.

Демократияда екі негізгі топ болады: басқарушы топ және билікке араласқысы келетін бір немесе бірнеше заңды оппозициялық топ. Бұл ойын ережесі барлық тараптан да жоғары шеберлікті талап етеді. Жеңімпаздар жеңілген топты жазалай немесе өлтіре алмайды. Ал жеңілгендер жеңілісін мойындап, билікке араласуға келесі заңды мүмкіндік туғанға дейін күтуі керек. Қос тарап та жеңімпазды анықтау мүмкіндігін жергілікті халыққа беруі тиіс.

Неге кейбір қоғамдар – демократиялық, ал енді бірі авторитарлық жүйе арқылы басқарылады? Теориялардың біріне сүйенсек, табыс көбейген кезде істі тиімді ұйымдастыра алатын және үкіметті жауапкершілікке шақыратын орта таптың айтарлықтай үлкен ортақтастығы (пул) құрылып, демократия пайда болады. Тағы бір тұжырым бойынша, бәсекелес топтары көп мемлекетте демократия дамиды. Себебі өзге топтармен келіссөз жүргізбейінше, ешкім де билікке ие бола алмайды. Алайда екі теорияның да дәлелдері әзірге әлсіз болып отыр (Robinson, 2006).

## Case study: Араб көктемі

2010 жылы 17 желтоқсан күні Тунисте жеміс сатушы Мохамед Буазизи пара беруден бас тартқаны үшін, кезекті мәрте тауарын тәркілемек болған жемқор полицейлерге қарсы қоғамдық наразылық ретінде өзін-өзі өртеп жіберді. Буазизидің өз-өзіне қол жұмсауы Таяу Шығыс пен Солтүстік Африкада жемқорлар диктатурасына қарсы наразылық толқынын тудырды. Сол наразылық шерулері «Араб көк-

**Демократия** – көпшіліктің қалауына сәйкес басшылықты ауыстыру үшін тұрақты әрі заңды мүмкіндіктерді қамтамасыз ететін саяси жүйе.

Жаһандануға алаңдаушылық дүниежүзі бойынша наразылық шараларын тудырды. Мысалы, соның бірі Бразилия болды. «Guerra» португал тілінен аударғанда «соғыс» деген мағына береді.



темі» деген атауға ие болды. Алайда наразылық шаралары тек арабтармен ғана шектелген жоқ және бұл бірыңғай қозғалыстың бөлігі емес еді. 2012 жылдың басында Тунис, Египет және Ливия елдерінде диктатура құлатылды. Сонымен қатар бірқатар басқа елдер ешқандай мәжбүрлеусіз-ақ мемлекеттік бақылау жүйесіне өтті.

«Араб көктемі» үкіметтің жемқорлығына, авторитарлық бақылауға, демократиялық еркіндіктің болмауына және табыс теңсіздігіне наразылық ретінде туындады (Goldstone, 2011). Тунистегі қарсылық ауылдағы кедейлер арасында басталғанымен, кейін оларға жұмысқа орналасуда еркіндік пен тең мүмкіндіктер болуын талап етіп, экономикасын ат төбеліндей, элита өкілдері қатаң бақылайтын саяси еркіндігі шектеулі мемлекетте өмір сүретін жоғары білімді жастар қосылды (Anderson, 2011; Goldstone, 2011).

Кез келген көтеріліс жергілікті жерлердегі қиындықтардан келіп шығады. Аймақтардың жағдайы мен тарихы алуан түрлі болғандықтан, «Араб көктемін» нәтижесі де әрқилы болды (Goldstone 2011). Мысалы, Тунисте әскери күш әлсіз болғандықтан, халықты бақылауына алып, елде әскери диктатура орната алмады. Сонымен қатар Тунистің жоғарғы билік өкілдері – жемқор, ал төменгі деңгейдегілер салыстырмалы түрде жемқорлықтан таза болды. Сондықтан жаңа демократиялық мемлекет осы тұрғыда дами алатын еді. Сонымен бірге онда білімді орта тап өкілдерінің де қатары қалың болды. Бұл да мемлекеттің заманауи демократия бағытында дамуының мүмкіндігін арттырады.

Ал Ливияны ондаған жыл бойы диктатуралық билік басқарды. Соның салдарынан бірде-бір әлеуметтік институт (үкіметтік бюрократия, еркін баспасөз немесе кәсіподақтар) дамымаған. Сөйтіп, адамдар туыстары мен руластарына арқа сүйеуге мәжбүр болды. Бұрынғы үкімет бүгінде жоқ. Енді қарсылас ру-тайпалар арасындағы жанжалдан азаматтық соғыс шығу қаупі зор (Goldstone 2011). Сонымен бірге соңғы отыз жыл ішінде авторитарлық мемлекетке көрсетілген тегеурінді қарсылық нәтижесінде «жалған демократия» пайда болды. Яғни шектеулі жемқорлық пен авторитарлық бақылау жүйесі сақталғанның өзінде азаматтар белгілі бір дәрежеде жеке және экономикалық еркіндік алды (Goldstone, 2011). Ливиядағы жағдай осындай деуге болады.

## Жаһандану және мемлекеттік билік

Жер мен автономия үшін соғысқан Израиль және Палестина үкіметтерінің екеуіне де халықаралық ұйымдар тарапынан көмек көрсетілді. Біріккен Ұлттар Ұйымы (БҰҰ) мен Еуро Одақ (ЕО) дипломаттарды және бітімгершілік күштерді жібереді. Халықаралық сот мемлекеттердің халықаралық заңдарды бұзған-бұзбағанын қадағалайды. Халықаралық банк экономиканы нығайту үшін төмен пайыздық несие ұсынады және көпұлтты мұнай компаниялары мүддесін қорғау үшін АҚШ, Таяу Шығыс және басқа елдердің саясаткерлеріне қысым көрсетеді. Мұның барлығы – жаһанданудың көрінісі, экономика мен құқықтың жаһандануы.

Жаһандану әсерінен көпұлтты корпорациялар мен халықаралық ұйымдар қазір мемлекеттік билікке тікелей ықпал етіп отыр (Sassen, 2006; Appelbaum, 2005). Мысалы, корпорациялар АҚШ-тағы ең төменгі жалақы туралы заңға және Мексикадағы күлшелердің бағасын бақылауға қарсы күресті. Дәл осылай, Еуро Одақ және Халықаралық валюта қоры сияқты халықаралық реттеуші ұйымдар мен ассоциациялар мемлекеттерге қатысты жаңа ережелер енгізді.

Ұлы географиялық жаңалықтар кезеңінен бері жаһандану мемлекеттік билікке қатер төндірмей жалғасып келеді деген де тұжырым бар. Шын мәнінде, ғалымдардың пайымдауынша, экономика мен азаматтарға қатысты мемлекеттік билік әлі де үстем (Wolf, 2005). Сонымен қатар қазіргі жаһандық экономикалық дағдарыс кезінде мемлекеттер, ең алдымен, өздерін қорғауға кірісті. Сондықтан да олар импортталатын тауарларға салық салуды талап ететін келісім-шарттар сияқты жаһандануға ықпал ететін келіссөздер мен қолдау әрекеттерінен бас тартты (Erlanger, 2009).

## Жаһандану және азаматтық

Мемлекеттің бірден-бір маңызды билік күші – азаматтық құқық. Азаматтық деп мемлекеттің толық құқылы азаматы болып мойындалғандарға кең спектрлі құқық ұсынатын заңды мәртебені айтады. Әдетте олардың қатарына сайлау, мүлік меншігі, жұмыс іздеу және мемлекеттік мектепке бару құқықтары кіреді. Азаматтығы жоқ адамдардың жағдайы нашар болуы таңғаларлық жайт емес (Glenn, 2011). Олар табысы төмен немесе жасырын жұмыстармен шектеледі және құқық қорғау органдарынан бой тасалап жүреді, олардың ең осал жері – қылмыстық жағдайлар. Азаматтықтың өзіндік міндеттері бар, мысалы, әскерге шақырылу, сайлауға қатысу немесе алқабилер сотына мүше болу.

Жаһанданудың тағы бір қыры – халықаралық иммиграцияның көбеюі. Бұл мәселе көптеген мемлекеттерді иммигранттар мен олардың балаларына азаматтық берудің оңы мен солын саралауға алып келді. Тарихтан белгілі АҚШ иммигранттарға азаматтық беруде ерекше жомарттық танытады (ең болмаса «ақ» иммигранттарға), бірақ қазіргі кезде көптеген америкалықтар азаматтық жайлы заңның қаңдатылуын қалайды.

Басқа елден бала кезінде қоныс аударғандар ұзақ уақыт бойы азаматтық пен өмір сүру құқығын ала алмай біраз қиыншылық көреді (Glenn, 2011). Олар колледжде оқитын жасқа жеткенде, ата-аналарының мәдениеті мен тілін аздап қана білуі мүмкін. Ал егер олар заңды мойындамаса, бір кезде өздері көшіп келген, шындығында мүлдем білмейтін елге депортацияланады. Осылайша, бейтаныс қоғамда балалар қылмыс құрбаны немесе қылмыскер болып кетуі ықтимал. Егер олар осы мемлекетте қалса, кейбір штаттардағы колледждерде қолжетімді білім алар еді. Бірақ оқуын аяқтағанымен, олар арзан мейрамханаларда да жұмыс істей алмайды (Glenn, 2011).

## Кім басқарады? АҚШ-тың демократия үлгісі

АҚШ-тың демократиялық мемлекет екеніне ешкім дау айта алмайды. Әртүрлі экономикалық және әлеуметтік бағдарламаларды алға тартатын саяси партиялар халықтың қолдауына ие болу үшін күреседі. Әр 4 жыл сайын сайлаушылар президентті сайлайды. Дегенмен көкейде туындайтын бір сауал бар: АҚШ президенттері қабылдайтын шешім, шынымен де, көпшіліктің қалауын білдіре ме? Бұл тарауда шешім қабылдаудың екі әлеуметтік үлгісі сипатталады: плюралистік және билік элитасы. «Ұғымдардың қорытындысы: Америкалық саяси биліктің екі үлгісі» аталған екі үлгінің тұжырымдамаларын салыстырыңыз.

**Азаматтық** – мемлекеттің толыққанды азаматы болып мойындалғандарға кең спектрлі құқық ұсынатын заңды мәртебе.

**Билік элитасы** – әскерде, өндірісте және үкіметтің атқарушы билігінде лауазымды қызмет атқаратын адамдар.

## Ұғымдардың қорытындысы

### Америкалық саяси биліктің екі үлгісі

	Плюралистік	Билік элитасы
<i>Талдаудың негізгі бірліктері</i>	Мүдделі топтар	Мұрагерлік және позициялық; Экономикалық және әлеуметтік институттардағы негізгі жоғары орындар.
<i>Биліктің көзі</i>	Ситуациялық; сұраққа байланысты	
<i>Биліктің таралуы</i>	Бәсекелес топтар арасында таралған	Тек элита тобында шоғырланған
<i>Биліктің шегі</i>	Айқын төзімділік және өзгеріс жолдарымен шектеледі	Басқа топтар белсенді қарсылық мақсатында одақтасқанда шектеледі
<i>Мемлекеттің рөлі</i>	Топтар бәсекелесетін кеңістік құру	Билік көздерінің бірі

### Құрылымдық-функциялық теория: плюралистік үлгі

Барлық құрылымдық-функциялық үлгілер сияқты саяси биліктің плюралистік үлгісі де саяси жүйелер бөліктері тұрғындардың игілігіне ыңғайлы әрі үйлесімді қызмет етуіне жағдай жасайды. Плюралистік үлгі бойынша АҚШ үкіметіндегі топтарда өзара қарсыластық пен ерекшелену процестері бар және бұл үкіметтік және үкіметтік емес топтарда байқалады әрі бәсекелестік туғызады. Бұл үлгінің тұжырымы бойынша, ерекшелену мен қарама-қайшылық процесі АҚШ конституциясына еніп кеткен. Сондықтан сот, заң шығарушы немесе орындаушы билік басқа салаларға өз билігін мәжбүрлеу арқылы жүргізіп отырады. Дәл осылай, түрлі топтар бәсекелестерімен бірге америкалық өмірдің түрлі салаларына билік жүргізеді. Кейбір топтар экономикалық билікке ие, енді бірі – саяси, үшіншісі мәдени билік жүргізеді. Әрбір топтың белгілі бір күші болғандықтан, олар қазіргі жағдайға разы, сондықтан олардың көзқарасын ешбір экстремистік топ өзгерте алмайды.

Зерттеушілердің айтуынша, плюралистік үлгінің белгілі бір шегі бар (Jacobs and Soss, 2010; Tichenor and Haggis, 2005). Әдетте билік басындағы элита тобы өз үстемдігінің күшіне сенім артып қана қоймайды, сонымен қатар ресурстар жетпегендіктен, өздеріне қарсы бағыт ұстанған басқа топтармен бірлесіп те әрекет етеді. АҚШ-тағы бағдарламалар байлықты бірге қолдануға немесе мүмкіндіктерді әділетті түрде бөлуге бағытталған. Азаматтық құқық немесе «Medicare» бағдарламасы тек элита тобы қолдағаннан кейін ғана көпшілікке жол тартқан болатын.

### Конфликт теориясы: билік элитасының үлгісі

Плюралистік үлгімен салыстырғанда, билік элитасының үлгісі конфликт теориясына негізделген. Оның тұжырымы бойынша, барлық шешімдерді бірыңғай элита тобы қабылдайды және бұл орайда өз



мүддесін көздейді (Domhoff, 2009). С. Райт Миллз (C. Wright Mills) (1956) «The Power Elite» атты классикалық еңбегінде әскерде, өндірісте және үкіметте жоғары лауазымды қызмет атқаратын адамдарды билік элитасының өкілдері деп атады. Өзара байланыс орнату арқылы бұл адамдар ұлттық және халықаралық мәселелер бойынша шешім қабылдайды (Mills, 1956, 18). Сондықтан элитаға жатпайтындар бір одаққа, әлеуметтік қозғалыстарға және т.с.с. күш біріктірмесе маңызды әлеуметтік өзгерістер жасауы мүмкін емес.

Миллстің кезінен бері билік элитасы көп өзгерді. Әскерилердің тәуелсіз билігі бәсеңдеді, ал кино жұлдыздары мен дінбасыларды қамтитын мәдени элитаның ықпалы артты. Бұрынғыдай емес, афроамерикалықтар, латынамерикалықтар және әйелдер жергілікті деңгейде болса да, жоғары лауазымды қызметтерге тағайындалып жатыр. Дегенмен «ақ» ер адамдар аз ұлт өкілдері мен әйелдерге қарағанда, әлі де жоғары билікте қызмет етеді. Сонымен бірге билік элитасының өкіліне айналатын «аутсайдерлер» көбейді. Олар әдетте орта тұрмысты отбасылардан шығады – элиталық мектепке баратын, мысалы ақсары түсті аз ұлт өкілдері, христиандарға үйленген еврейлер және гольф ойнауды үйреніп жүрген, тіпті шылым тартатын әйелдер (Zweigenhaft & Domhoff, 1998). Қазіргі кезде АҚШ Конгресінде байлардың саны артты: Конгресс мүшелерінің орташа дәулетінің көлемі АҚШ-тың қарапайым тұрғындарының орташа өмір сүру деңгейінен тоғыз есе артық және олардың жартысынан көбі – миллионер (Lichtblau, 2011).

## АҚШ-тағы жеке адамдардың басқаруға қатысуы

Бұған дейін біз көшбасшылардың, элитаның және өзге де ұйымдасқан мүдделердің рөліне тоқталдық. Ал демократияға жекелеген адамдардың да араласуы талап етіледі. Бұл тарауда АҚШ азаматтарының сайлаушы ретінде саясатқа қалай және неге араласатыны немесе сырт қалатыны сипатталады.

### Кім дауыс береді?

АҚШ демократиялық ел болғанымен, халқының шамамен үштен бірі Конгресс сайлауына қатыспайды, ал жартысына жуығы тіпті президенттік сайлауда дауыс бермейді (U.S. Bureau of the Census 2011c). Тағы бір таңғаларлық жайт – тұрғындардың 75–80 пайызы жергілікті жерлердегі сайлаудың өзіне қатыспайды.

Мұндай саяси енжарлық АҚШ-тағы демократия билігіне қатысты өзекті сауал туғызады. Сонда кім қатысады? Егер бұл азаматтардың кездейсоқ таңдауы болмаса, онда кейбір топтардың басқаларға қарағанда көбірек ықпалға ие болғандығы.

### Әлеуметтік тап

Әлеуметтанушылардың ең нақты дәлелдерінің бірі – халықтың саясатқа белсене араласуы (кез келген әлеуметтік араласу) әлеуметтік таппен тығыз байланысты. Дауыс беруге немесе хат жазуға бейім адамдарға зер салсақ, жоғары білімді, табысы жоғары және лауазымды адамдардың саяси белсендігі жоғары болатынын бай-


---

**Элита-билік өкілдері** – әскерде, өндірісте және үкіметтің атқарушы билігінде лауазымды қызмет атқаратын адамдар.

қаймыз. Олар, негізінен, көптеген мәселеден хабардар болады, айтары бар және саяси шешімдерге ықпал ете алатынына сенеді. Осы мақсатта әрекет етеді. Дауыс беру қорытындылары осыны аңғартады. 13.1-сызбада көрсетілгендей, колледж бітіргендер арасында сайлауға қатысатындар білімі төмендерге қарғанда екі есе көп.

### Жас ерекшелігі

Жас ерекшелігі де саяси белсенділікке әсер етеді: егде адамдар жастарға қарағанда, дауыс беруге көптеп қатысады, саяси партиялар мен қозғалыстарға жарна төлейді немесе саяси партиялар мен науқандардың күнделікті жұмысына араласады (13.1-сызба).



**13.1-СЫЗБА. 2010 жылы сайлауға қатысқандардың пайыздық көрсеткіші (дауыс беру жасындағы халық арасында)**

Егде жастағылар, жоғары білімділер, жұмыспен қамтылғандар және испан тілді емес америкалықтар өзгелерге қарағанда сайлауға көбірек қатысқан.

ДЕРЕККӨЗ: U.S. Bureau of the Census (2011).

Жасы 18-ден асқан АҚШ тұрғындарының барлығы да сайлау құқығына ие болғанымен, дауыс беруге, негізінен, «ақ», орта тап, бай және білімді азаматтар қатысады.



Ал жастар «Уолл стритті басып алу» сияқты шерулер мен саяси қозғалыстарға белсене араласады. 2011 жылғы «Араб көктемі» көрсеткендей, мұндай іс-әрекеттің ықпалы зор болуы мүмкін. Алайда жастардың сайлауға қатысу үлесінің төмендігі олардың саяси белсенділігі мен саяси билігі төмен екенін айқын көрсетеді.

### Нәсілі және ұлты

Сайлауға қатысу мүмкіндігіне нәсіл мен ұлт ерекшелігінің де әсері болады. «Ақ» америкалықтар афроамерикалықтарға қарағанда, көптеп дауыс береді, ал латынамерикалықтардың сайлауға қатысу деңгейі «ақтардан» да, афроамерикалықтардан да төмен. Латынамерикалықтардың сайлауға аз қатысуы олардың әлеуметтік-экономикалық жағдайының төмендігін және көбінде азаматтық жоқ екенін, сол себепті сайлауға қатыса алмайтынын көрсетеді.

### Қандай партия?

Еуропаның АҚШ-тан басқа елдерінің көпшілігінде – парламенттік үкімет. Бұл елдерде партиялар Парламенттен сайлауда жинаған дауыстарының үлесіне қарай орын алады. Мысалы, сайлаушылар дауысының 10 пайызы «Жасылдар» партиясына берілсе, олар Парламенттегі орындардың 10 пайызын еншілейді. Осылайша, Парламентте түрлі партиялардың өкілдері болуы мүмкін.

Ал АҚШ Конгресіндегі (АҚШ-тың басқа да саяси мекемелерінде) орындар «барлығы жеңімпазға тиесілі» деген қағидамен бөлінеді. Әр сайлауда дауысты көп жинаған партия жеңіске жетеді. Негізінен, ең ірі екеуінің – Демократиялық және Республикалық партиялардың үміткерлерінің сайлауда жеңіске жетуге мүмкіндігі жоғары болады. Сол себепті азаматтар «Жасылдар» партиясы сияқты шағын ұйымның үміткерлерін сирек қолдайды. Сол сияқты егде жастағылар мен ауқатты «ақ» америкалықтардан құралған «Шай ішу» қозғалысы Республикалық партияны жаңа партия құруға емес, «үлкен үкіметке» қарсы шығуға шақырды (Zernike & Thee-Brenan, 2010).

АҚШ-тағы екі негізгі партия да центризмді, яғни «оңшыл» және «солшыл» бағыттағыларға ортақ көзқарас ұстануды көздегенімен, олардың философиялық көзқарастары өзгеше. Соңғы жүзжылдықта демократиялық партия либералдық көзқарас ұстанып, әлеуметтік қызметтерді және кедейлердің, жұмысшылар табы мен аз ұлт өкілдерінің мүддесін қорғады. Республикалық партия консервативті көзқараста болып, салықтарды азайтуға және өндірістің, байлардың мүддесін қорғауға күш салды (алайда оларға жұмысшы таптың өкілдері көп дауыс берді).

Ешбір партияны жақтамайтын, олардың көтеретін мәселелеріне қарай дауыс беретін сайлаушылар қатары да артып келеді. Алайда өздерін еркін санайтын сайлаушылардың он пайызы (немесе одан да көп) дауыс беруге барғанда, Демократиялық немесе Республикалық партияның үміткерлерін таңдайды.

## Сайлаушылар неге аз?

АҚШ өзінің демократиялық дәстүрлерімен мақтанады. Бірақ АҚШ азаматтары батыстың басқа елдерімен салыстырғанда, сайлауға екі есе аз қатысады. Мұны қалай түсіндіреміз?

Кейбір ғалымдардың пайымдауынша, саяси процестер түгелдей жемқорлыққа толы деп ойлайтын америкалықтардың жылдан-жылға көбеюіне байланысты саяси белсенділік бәсеңдеп барады. Ал «демократтар» мен «республикашылардың» ұқсастығы соншалықты, оларды бір-бірінен ажыратудың өзі қиын. Осындай себептермен сайлауға қатысушылардың қатары сиреп барады (Southwell & Everest, 1998). Енді бір тұжырымға сүйенсек, дауыс беру көрсеткіштерінің төмен болу себебі – қазір басқа жақтармен салыстырғанда, АҚШ-та дауыс беру өте қиын (Piven & Cloward, 2000). 1993 жылы сайлаушыларды тіркеу туралы ұлттық заң қабылданғанға дейін көптеген штаттарда сайлаушылар жылда тіркеуден өтіп, сауаттылығын анықтау үшін тест тапсырып, арнайы салықтар төлеп келді және белгілі бір уақыт аралығында ғана дауыс бере алатын еді. 2008 жылдан бастап штаттардың бірқатары алдын ала сайлау өткізу және сайлаушыларды тіркеу науқанын жүргізуді тоқтатты. Сайлауға қатысу үшін үкіметтен берілген жеке куәлік (студенттерден басқасы) талап етілетін заңдар қабылданды. Аталған заңдарды қабылдаудағы мақсат – дауыс беру кезіндегі алаяқтықты азайту. Алайда ондай алаяқтық әрекеттердің болғандығын дәлелдейтін мәліметтер өте аз. (Levitt, 2007; Lewis, 2011a). Бұл заңдар, ең алдымен, жастарға және аз ұлт өкілдеріне ықпал етеді (Lewis, 2011a).

## Case study: бұрын сотталған адамды сайлау құқығынан айыру

Бізге белгілі болғанындай, демократиялық процеске қатысқысы келмейтін америкалықтар өте көп. Ал сайлауға қатысуына заң жүзінде тыйым салынған америкалықтар одан да көп. Мәліметтер бойынша 5,4 миллион америкалық дауыс беру құқығынан айырылған. Олар азаматтық құқығын бір кездері жасаған ауыр қылмысы үшін сотталуына байланысты жоғалтқан (Manza & Uggen, 2006). Кейбір штаттарда тек әлі де түрмеде отырғандар дауыс бере алмайтын болса, енді бірінде ауыр қылмыс жасағандар сайлау құқығынан өмір бойына айырылады. Ал АҚШ-та қылмыстық үкімдер жиі қабылданатындықтан (әсіресе есірткіге байланысты қылмыстар үшін) және істі болған-



Әлеуметтік және саяси қозғалыстар (мысалы, азаматтық құқықтар қозғалысы және Обама науқаны) афро-американдықтар мен басқа азшылықтардың арасында дауыс беру қарқыны көбейді, және олар өзгере алатындығына көз жеткізді.

дардың сайлау құқығына ерекше шектеулер қоюды қарастыратын заңнамаларға байланысты басқа кез келген елге қарағанда бұл елде дауыс бере алмайтындар деңгейі тым жоғары (Hull, 2005; Manza & Uggen, 2006). Кейбір штаттарда, мысалы, 20 жасында марихуана сатқаны үшін сотталған адам сайлау құқығынан біржолата айырылады. Тіпті одан кейін мүлде қылмысқа бармай, жақсы жұмысшы, ата-ана болып, қоғамда азамат ретінде орнын таба алған күннің өзінде шешім өзгермейді.

Кей адамды қылмыс жасауға кедейлік итермелейтінін атап өткен жөн. Сонымен қатар қылмыстық сот бай қылмыскерлерге қарағанда, кедей қылмыскерлерді жиі жазалайды. Сайлау құқығынан айырылатындардың да басым бөлігі – кедейлер. Құқығы тапталып жатқан кедей адамдардың көптігі сонша – оларға көмектесуді көздейтін саясаткерлерге тіпті оларды іздеудің де қажеті жоқ (Uggen & Manza, 2002; Hull, 2005; Manza & Uggen, 2006).

## Жаңа экономикалық жүйелер

Байқауымызша, жұмысшы таптан билік элитасына дейінгі саясатты түсіну үшін, экономикалық мәселелерді ұғыну қажет. Бұл тарауда біз АҚШ экономикасын талқыламас бұрын жаңа экономикалық жүйені қарастырамыз.

Экономика тауарлар мен қызметтерді өндіруге және таратуға байланысты барлық әлеуметтік құрылымдарды қамтиды. Өндіріс саласында алға тартылатын бірнеше сауал бар. Айталық, құрылысты қаншалықты көп немесе қаншалықты аз жүргізу керек? Қаражатты қару жасауды арттыруға салған дұрыс па әлде азық-түлік өндірісін көбейту керек пе? Ірі кәсіпорындарды ынталандырған тиімді ме немесе шағын түрлерін ынталандыру керек пе? Табысты бөлу барысында да туындайтын сұрақтар бар. Мәселен, жобаның иесі мен жұмысшылар арасында қаражат қалай бөлінеді? Міндетін атқара алмағандарға кім қолдау көрсетуі тиіс? Адамдардың табысы сұранысқа, күші мен қабілетіне байланысты болуы керек пе? Эко-

**Экономика** – тауарлар мен қызметтерді өндіруге және таратуға қатысты дүниелер.

Капитализм кезінде қаржыдан қиналатындар (қандай себеппен болсын) өздеріне сенуі немесе қайырымдылықтан үміттенуі керек.



номиканың үлестіру қызметі отбасына, стратификациялық жүйелерге, білім беруге, үкіметке тікелей әсер етеді.

Қазіргі уақытта екі негізгі экономикалық жүйе бар: капитализм және социализм. Алайда экономикалық жүйелер түрлі саяси және табиғи жағдайларға бейімделуі керек болғандықтан, таза капитализм немесе таза социализм сирек кездеседі. Заманауи экономикалық жүйелердің көбі осы екеуінің біраз өзгертілген немесе көбіне құрамдас-тырылған нұсқасы ретінде жүзеге асырылады.

## Капитализм

Капитализм – көптеген байлық (жер, капитал және еңбек) жеке меншікте болатын, ашық нарықта саудаланатын және меншік иелерінің жеке пайдасы үшін қолданылатын экономикалық жүйе. Капитализм нарықтағы бәсекеге негізделеді. Капиталистік экономикалық жүйеде әрбір адам қажырлы еңбек етіп, тауар өндірісінің тиімді әдістерін енгізе отырып, өз табысын арттыруды көздейді. Бұл жүйе адамдарды табанды еңбек етуге, техникалық инновацияларды және тұтынушының сұранысын тудыру мен қанағаттандыру тәсілдерін терең түсінуге ынталандырады. Өйткені жеке бастың мүддесін ойлаған адамның талпынысы да мықты болады; ал бұл жағдай экономикаға жаңа серпін береді.

Алайда капиталистік экономиканың да кемшіліктері бар. Бұл кемшіліктер ресурстарды бөлісуге байланысты туындайды. Біріншіден, капиталистік жүйе бәсекелестікке негізделгенімен, жұмысшы және капиталист (салалардың иелері) арасындағы сәйкестік тең емес. Жұмысшыларға қарағанда капиталистердің мүмкіндігі бірдей емес. Осының салдарынан жұмысшылар кедей өмір сүруі мүмкін, ал капиталистердің жағдайы патшадан кем түспейді. Екіншіден, жұмысшылар да, ешқандай жұмыс істемейтіндер (балалар, кәрілер, жұмыссыздар) өмірде жиі ұтылып қалады. Олар басқалардан көмек күтуге мәжбүр болады. Үшіншіден, көшелер мен саябақтарды абаттандыру және сумен жабдықтаудың санитарлық жүйесі сияқты қоғамдық қызмет түрлері мардымды пайда әкелмейтін болғандықтан, мұндай салаларға капиталистер қызыға бермеуі мүмкін. Алайда олар болмаса, қоғам да қызмет ете алмайды. Демек, капиталистік жүйенің өзінде қажетті тауарлар мен қызметтерді бөлісудің бірқатар амалдары болуы тиіс.

## Социализм

Капитализмде өндіріс бөлістен жоғары болса, социализмде бөліс өндірістен жоғары болады. Социализм – қоғам немесе үкімет өндіріс құралдарын баршаның игілігі үшін қолданатын экономикалық жүйе. Күнделікті өмірде социализм мен коммунизмді жиі шатастырады: коммунизм – өндіріс құралдары мен барлық мүлік мемлекет меншігінде болатын және әрбір адам еңбек етіп, өз қабілеті мен сұранысына қарай жалақы алатын экономикалық жүйе. Карл Маркстің есептеуінше, коммунизм социализмнен дамып шығады, бірақ заманауи әлемде коммунизм қоғамы ешқашан болған емес.

Теориялық тұрғыдан социализмнің капитализмге қарағанда бірнеше артықшылығы бар. Біріншіден, әлеуметтік ресурстар бай адамдар үшін ғана емес, бүтіндей қоғамның игілігіне қолданылуы мүмкін. Мысалы, социалистік жүйе корпорациялардың бас пайдасы үшін қоршаған ортаны ластауына жол бермей, табиғатты қорғай алады. Дәл осы-

---

**Капитализм** – көптеген байлық (жер, капитал және еңбек) жеке меншікте болатын, ашық нарықта саудаланатын және меншік иелерінің жеке пайдасы үшін қолданылатын экономикалық жүйе.

**Социализм** – қоғам немесе үкімет өндіріс құралдарын (жер, еңбек және капитал) баршаның игілігі үшін қолданатын экономикалық жүйе.

**Коммунизм** – өндіріс құралдары мен барлық мүлік мемлекет меншігінде болатын және әрбір адам қабілеті мен қажеттілігіне қарай жұмыс істеп, еңбекақы алатын теориялық экономикалық жүйе.



лай, социалистік экономика ресурстарды телевизия өнімі сияқты табысты салалардан, білім беру, ауыл шаруашылығы немесе болат өндірісі сияқты келешекте жалпы халыққа пайда әкелуі мүмкін ұзақ мерзімді бағыттарға бұра алады. Бастысы, социализмде әрбір адам өмір сүруі үшін өзіне керегін алуы тиіс. Сонымен бірге әр адам ортақ мақсатқа жету жолында мүмкіндігінше жұмыс істеуі керек. Бірақ қасындағы жалқау әріптесі көп балалы болғандығы үшін, яғни қажеттілігі артық болғандықтан ғана көбірек жалақы алып отырған кезде баласы жоқ, бірақ еңбекқор әйелдің барын салып жұмыс істеуі екіталай емес пе? Сондықтан да социалистік экономика, капиталистік экономикаға қарағанда әділетті, бірақ тиімсіз.

## Аралас экономика

Қазіргі кезде батыс қоғамында капиталистік және социалистік экономикалық құрылымдар қатар жүреді. Көптеген елдерде пошта, темір жол және негізгі энергетика салалары сияқты қызметтер әлеуметтендіріліп жатыр. Бұл – социализмнің таза идеализмнен туындауы емес. Мемлекеттік меншік көп жағдайда өмір сүруге қажетті, бірақ тиімділігі төмен қызметтердің жалғасуын қамтамасыз етудің үздік тәсілі ретінде қарастырылады. Мысалы, денсаулық сақтау мен білім беру сияқты өзге қызметтер ішінара әлеуметтендірілген. Өйткені қоғам бұл қызметтердің кедейлер үшін қол жетімді болмауы этикаға сай келмейді және оларды ашық нарықта қамтамасыз ету тиімсіз деп санайды.

Норвегия және Швеция сияқты бірқатар елдерде әлеуметтік қызмет көрсету «әркімнен қабілеті жеткенше, әркімге сұранысына қарай» деген қағидадан ілгері жылжыды. Әлі күнге дейін денсаулық сақтау мен білім беру саласында теңсіздік бар, бірақ бұл салалардағы ақылы қызметтерге қарағанда, бұл теңсіздік елеусіз болып көрінеді.

Басқа Батыс елдерімен салыстырғанда, АҚШ капиталистік экономика жүйесіне жақын. Республикалық партия әлеуметтік қызметтердің үкімет тарапынан көрсетілуін қысқартуды талап етті. Ал Демократиялық партия, керісінше, көбейту керек деді. Бола-

Швецияда барлық бүлдіршін жоғары сапалы тегін балабақшаға барады.



Назар  
аударыңыз



## ЖАҒАНДЫҚ КӨРІНІС

### Швециядағы демократиялық социализм.

**Ш**вецияда өмір сүріп, жұмыс істеген қалай болар еді? Егер сіз науқас, мүгедек немесе кәрі болсаңыз, сапалы қоғамдық көлікке; өтемақы алуға; жайлы үйдің қолжетімділігіне; колледжде, аспирантурада және кәсіптік дайындық кезінде тегін білім алуға кепілдігіңіз болар еді. Егер нәрестелі болып жатсаңыз немесе бала асырап алсаңыз, бала күтіміне байланысты не сізге, не жұбайыңызға бір жылдық ақылы демалысқа шығуға мүмкіндік бар. Ал жұмысқа қайта шыққан кезде баланыз мемлекеттен қаржыландырылатын жоғары сапалы балабақшамен қамтылады. Осындай жеңілдіктердің орнына жалақыңыздың 25 пайызы федералдық табыс салығына және тағы соншасы жергілікті салықтарға аударылады.

Швеция – экономикасында капитализм мен баршаға арналған елеулі әлеуметтік жәрдемақылар аралас келетін демократиялық-социалистік қоғам. Швецияда демократиялық жүйе болғандықтан, халқының көп бөлігі осындай жәрдемақыларды алып, орнына көлемді салық төлеуге дауыс берген. Бірақ

Швецияның экономикасы үнемі мұндай болған жоқ.

Швецияның саяси экономикасы қарқынды жұмысшылар қозғалысының көбеюінен пайда болды (Molin, Amark. & Misgeld 2000). 1870 жылдары Швецияда индустриализацияның басталуына байланысты кәсіподақ мүшелері қоғамды жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар, еңбекақының әділ төленуі мәселелерімен айналысатын саяси социал-демократиялық партия құрумен шұғылданды. 1914–1917 жылдары Ресей коммунистері революция жасап, күресте жеңіске жетіп жатқан кезде Швецияның социал-демократиялық партиясы парламенттегі орындар үшін таласты. 1920 жылдары билікті қолына алғаннан кейін 1932 жылы социал-демократиялық партия маңызды сайлауда жеңіске жетті. Сол кезден бастап партия парламенттік сайлауларда басым түсіп отырды. Бұл жағдай әлеуметтік дамудың тамырын тереңге жаюға саяси мүмкіндік берді.

Мемлекеттің игі жетістігі «қоғам әрбір мүшесіне қамқор болуы керек» деген көне шведтік қағидаға сенімнің бір көрінісі. Бұл көзқарас швед халқының мәдени біртектілігінен пайда болған. 1980 жылға дей-

ін Швеция халқының басым бөлігі этникалық шведтер еді. Алайда қазіргі уақытта тұрғындардың 20 пайызы – иммигранттар мен олардың балалары. Қазір көпшілікті мазалайтын бір сауал бар. Егер этникалық шведтер әлеуметтік қамсыздандыру жүйесімен иммигранттардың да қамтылуын қаламаса немесе иммигранттар әлеуметтік қамсыздандырудың негізінде жатқан философиялық көзқарастан бас тартса, мемлекеттің жаппай дәулеттілікті қолдауы азая ма?

Швецияның әлеуметтік қамсыздандыру жүйесіне ықпал ететін күштер де бар. Экономикалық жаһандану Швеция үкіметі үшін елде негізі қаланған трансұлттық корпорацияларды жұмыс орындары экспортынан сақтауды қиындатты (Olsen, 1996). Сонымен қатар экономистердің айтуынша, шведтік жүйе бір-бірінен ажырамауы тиіс қарама-қарсылыққа негізделген: жұмысшылар еңбек етіп, әлеуметтік қамсыздандыру жәрдемақыларына қажетті салықтар жиналуы үшін қуатты әрі табысты капиталистік кәсіпорындар керек. Бірақ жұмысшылардың мол пайда табуы мен толықтай жұмыспен қамтылуын талап ету – капиталистік табыстың көзі (Olsen, 1996).

шақта социалистік және капиталистік қағидалардың үйлесуі тек экономикалық жағдайды ғана емес, сонымен қатар саяси жағдайды да көрсетеді.

## Саяси экономика

Саяси экономика елдегі саяси және экономикалық нысандардың өзара әрекеттесуін білдіреді. Капитализм де, социализм де авторитарлық немесе демократиялық саяси жүйелерден көрініс табуы мүмкін. Батыс Еуропаның Біріккен Корольдіктер, Швеция сияқты көптеген мемлекетінде социализм мен демократия біріктірілген.

(Шведтік жүйе «Жаһандық көрініс: Швециядағы демократиялық социализм» тарауында толығырақ талқыланады). Қытай мен Куба сияқты басқа мемлекеттер социализмді авторитарлық саяси жүйемен қиыстырып отыр. Социалистік экономикасын саяси элита басқарып, әскери элита мәжбүрлеп отырған қоғамдарға сілтеме жасағанда, біз «коммунист» терминін жиі (тіпті шектен тыс) қолданамыз. Мұндай елдерде социализмнің мақсаттары (теңдік және тиімділік) әлі де бар, бірақ саяси басқару түрі демократиялық емес, авторитарлық.

**Саяси экономика елдегі саяси және экономикалық нысандардың өзара әрекеттесуін білдіреді.**

Кейбір капиталистік елдер демократиялық, кейбірі авторитарлық болып келеді. Мәселен, АҚШ пен Жапонияның экономикасы – капиталистік, саяси жүйесі – демократиялық. Сингапур мен Сауд Арабиясында – капиталистік экономика, бірақ авторитарлық саяси жүйе. Оларда сайлау не мүлде өтпейді, өтсе де, мәнсіз-мағынасыз болады. Бұл мысалдар бізге капитализм де, социализм де авторитарлық немесе демократиялық жүйеде жүре алатынын көрсетеді.

### Жекешелендіру және АҚШ-тың саяси экономикасы

Бұған дейін байқағанымыздай, АҚШ – капитализмге негізделген демократиялық ел. Бұл жүйенің капиталистік негізі мемлекеттік қызметтерді жекешелендіру процесінен көрініс табады. Жекешелендіру – мемлекеттік қызметтердің корпорациялар ретінде «төселу» процесі, осы қызметтердің корпоративтік үлгіде қайта қаралуы немесе оларды үкіметтің жауапкершілігі емес, қайтадан жеке таңдау ретінде белгілеу (Hacker, 2006; Jurik, 2004).

Мысалы, кейбір қалаларда мемлекет суы жекеменшікке арзан бағамен жеткізіледі, содан кейін олар суды сүзгіден өткізіп, қымбатқа сатады. Дегенмен ғылыми-зерттеу нәтижелері бойынша, мемлекеттік су жүйесі бойынша келетін су Perrier, Calistoga Springs сияқты басқа да жеке фирмалардың суынан әлдеқайда қауіпсіз (Public Citizen 2006). Көптеген мемлекеттік университеттер корпорацияларға еліктеп, профессорларды жұмысқа шақырғанда, оқытуы мен зерттеулерінің сапасына емес, соның негізінде патент алуға және ақшалай грант ұтуға мән беретін болды (Washburn, 2006).

Жекешелендіруді жақтаушылар мүдделі тұлғаларды ынталандыру үшін мемлекеттік қызметтерге бұл аса тиімді деп санайды. Ал қарсы пікірдегілер сумен қамту жүйесін және тағы сол сияқтыларды тексеретін профессорлар мен ғалымдар барынша мол табыс табу емес, АҚШ қоғамының пайдасына негізделген шешімдер қабылдауы қажет екендігін алға тартады.

## АҚШ-тың экономикалық жүйесі

Неге заңгерлердің табысы мектеп ұстаздарынан артық? Нью-Йорк пен Лос-Анджелестегі шағын азық-түлік дүкендерінде неге көбіне корейлік иммигранттар жұмыс істейді? Неге фермерлердің балалары арасында шаруашылықты жалғастыратындары сирек? Университетті бітірген соң табысыңыз қанша болады деп ойлайсыз? Осы сұрақтарға жауап беру үшін бізге жалпы экономикалық жағдайды түсіну керек. Бұл үшін біз үш тақырыпты қарастырамыз: постиндустриалдық экономика, корпоративтік экономика және Wal-Mart экономикасы.

### Постиндустриалдық экономика

Индустриалдылыққа дейінгі экономикада жұмыс күшінің негізгі бөлігі бастауыш секторда жұмыс жасайды. Бастауыш сектор – экономиканың қоршаған ортадан шикізат өндірумен айналысатын бөлігі. Бұл секторға ауыл шаруашылығы, мал шаруашылығы, балық шаруашылығы, аңшылық және пайдалы қазбаларды игеру жатады. Еуропада шамамен 500 жыл бұрын осылай болған, мұндай жағдай дамуы төмен елдерде әлі де кездеседі.

**Жекешелендіру** – мемлекеттік қызметтердің корпорациялар ретінде «төселу» процесі, осы қызметтердің корпоративтік үлгіде қайта қаралуы немесе оларды үкіметтің жауапкершілігі емес, қайта жеке таңдау ретінде анықтау.

**Бастауыш сектор** – экономиканың қоршаған ортадан шикізат алумен айналысатын бөлігі.



Ауыл шаруашылығы сияқты кен игеру, аңшылық пен балық шаруашылығы қоршаған ортадан ресурстар алу арқылы жүзеге асқандықтан, экономиканың негізгі секторының бір бөлігі саналады.

Өнеркәсіп революциясы бастауыш сектордан екінші деңгейге өтуге алып келді. Екінші деңгейдегі сектор – экономиканың шикізатты өңдеумен айналысатын бөлігі. Мысалы, болат құю, тоқыма және жиһаз өнеркәсібі шикізатты кенге, мақтаға және ағаш өнімдеріне айналдырады. Екінші деңгейдегі сектордың өзге салалары кейін осы материалдардан автокөлік, киім және жиһаз шығарады.

Постиндустриалдық экономика – экономиканың қызмет көрсетуді ұсынатын үшінші секторына сүйенеді. Үшінші сектор дәрігер, мектеп мұғалімі, қонақ үй қызметшісі, аспаз және полиция қызметкері сияқты көптеген мамандықтарды қамтиды. Оған емханаларда, үкіметте, әуе компанияларында, банктерде, қонақ үйлерде, мектептерде немесе азық-түлік дүкендерінде жұмыс істейтіндер жатады. Бұл ұйымдар материалдық тауар өндімейді, өзгелерге қызмет көрсетеді. Олардың өндірісі бөшкелермен немесе тонналармен емес, тұтынушылар санының көптігімен бағаланады.

Үшінші сектор соңғы жарты ғасырда жылдам дамыды. Бұдан да арта түседі деген болжам бар. Үшінші секторда қамтылған жұмыс күші 1820 жылғы 1 пайыздық көрсеткіштен 1920 жылы 19 пайызға дейін өсті (Figueroa & Woods, 2007). Ал 2018 жылы сектор жұмыс күшінің 79 пайызын еншілейді деп күтіліп отыр (U.S. Bureau of Labor Statistics 2018). Қазір бастауыш секторда жұмыс істейтіндер өте аз. Ал екінші сектордағы жұмыс орындарында жұмысқа жарамды халықтың 15 пайызына дейін қысқарды. Бұл бірінші және екінші сектор маңыздылығын жойды дегенді білдірмейді. Елде қызмет секторының дамығаны соншалық, өзге секторлардың да тиімділігі мен өнімділігі артқан және оларды басқа елдерде жүргізе аламыз. Бұл экономиканың жаһанданғанын көрсетеді. Бұл тақырыпты алғаш 7-бөлімде қарастырған болатынбыз.

## Корпоративтік экономика

АҚШ-та хот-дог сату орындарынан «Microsoft» компаниясына дейін 250 000 кәсіпорын қызмет етеді. Алайда елдің капиталы мен жұмыс

## әлеуметтану және сіз

Сіз күні бойы экономиканың әр секторымен байланыста боласыз. Бастауыш сектор «сол күйінде» жейтін кез келген тағам түрімен, мысалға жеміс-жидекпен қамтамасыз етеді. Екінші сектор өнімдерді азық-түлікке айналдырады (мысалы, бидайдан – ұн, ұннан нан немесе кекс жасалады). Үшінші сектор осы азық-түлікті дүкенге немесе мейрамханаға жөнелтіп, оны сіз сатып аласыз немесе даяшы әкеліп береді.

**Екінші деңгейдегі сектор** – экономиканың шикізатты өңдеумен айналысатын бөлігі.

**Үшінші деңгейдегі сектор** қызмет көрсетуді ұсынады.

күшінің басым бөлігі бірнеше алып трансұлттық корпорациялармен байланысты. АҚШ-тағы ең үздік 20 компания – миллиардтаған доллар активін бақылайтын және мыңдаған адамды пайдаланатын ауқымды бюрократия. Бұл алып кәсіпорындар ұлттық және халықаралық аренадан орын алады.

Жергілікті жерде аудан не қала әкімшілігіне жұмыс орындарын көбейту немесе сақтап қалу үшін тиімді салық жеңілдіктері мен қолайлы аймақтандыру қағидаларын енгізуді ұсынып отырған ірі жұмыс берушіні білуіңіз мүмкін. Корпорациялардың көлемі мен өзара байланысының өсуіне байланысты қазір бұл федералдық және халықаралық деңгейде қайта қаралып жатыр.

Мұндай саяси билік АҚШ-тың сыртқы саясатына да әсер етуі мүмкін. Dole және United Fruit сияқты трансұлттық компаниялардың мүддесін қорғау үшін, АҚШ – ХХ ғасырда Гватемалада, Гондураста және Латын Америкасының басқа да елдерінде диктатураны қолдады. Дәл осылай трансұлттық мұнай компанияларын қолдау үшін, АҚШ 1951 жылы Иранның сайланған премьер-министрі Мохаммад Моссадекке қарсы жасырын көтеріліс ұйымдастырып, нәтижесінде, Иран шахының авторитарлық режиміне қолдау білдірді (Kinzer, 2003). (Шахтың репрессивті режиміне байланысты халықтың наразылығынан ақыры 1979 жылғы Иран ислам революциясы болды, соның салдарынан дүниежүзі бойынша ислам фундаментализмі өршіді). Соңғы кездері кейбір бақылаушылардың тұжырымдауына, АҚШ Иракқа (Саддам Хусейннің тұсында), ең алдымен, мұнай компанияларының мүддесі үшін шабуыл жасаған.

## Wal-mart экономикасы

ХХ ғасырдың басым бөлігінде федералдық заңдар корпорацияларға нарықтың сүбелі үлесін сатып алуға тыйым салатын. Өйткені олар кез келген бәсекелесін бизнестен ығыстырып, тауарлары мен қызметтеріне ойына келген бағасын қоюы мүмкін еді. Алайда 1980 жылдардан бастап «үлкен үкіметке» қарсы саясаткерлер бұл заңнамаларды өзгер-

Wal-Mart ұсынатын төмен бағадан жекелеген тұтынушылар пайда тапқанымен, олардың жұмысшыларға мардымсыз жалақы төлеуі және ешбір артықшылықтар бермеуі, сонымен қоса бәсекелестерді нарықтан ығыстыру қабілеті көп жағдайда қоғамға зиянын тигізіп отыр. Осы факторлар мемлекетте жаппай наразылық тууына алып келді.



ту үшін күресті. Сөйтіп, корпорациялар іріленіп, қуатын арттырғаны соншалық, олар АҚШ экономикасына түгелдей ықпал ете бастады. Wal-Mart – осы тенденцияның айқын мысалы.

Wal-Mart бағаны қымбат етіп қою арқылы емес, арзан тауарды көп мөлшерде сату арқылы табыс табады. Wal-Mart-тағы арзан бағаның жекелеген тұтынушылар үшін пайдалы екені сөзсіз. Бірақ мұндай арзан тауардың ақысын әркім әрқалай төлейді. Wal-Mart кез келген нарықта (ойыншықтар, көлік дөңгелектері, киім және т.б.) *субели* үлеске ие болғандықтан, өнімдерін Wal-Mart арқылы саудаламаған өндіруші бизнестен шеттетіледі. Сонымен қатар Wal-Mart арқылы жұмыс істейтін өндірушілер де бизнестен алшақтатылуы мүмкін. Өйткені Wal-Mart тауар бағасын төмендетуді талап ететіні соншалық, олар мүлде пайда көрмей қалады. Мұндай жағдайдың алдын алу үшін өндірушілер жалақыны барынша азайтады немесе арзан жұмыс күшін пайдалану мақсатында өндіріс орнын шетелге көшіреді.

Wal-Mart компаниясымен бәсекеге түскен көптеген дүкендер де компанияның жыртықшытық баға саясатының кесірінен нарықтан ығысып қалды. АҚШ қалаларына жеткен Wal-Mart дүкендердің жабылуына, ал онымен бәсекелес сауда орындарында жалақының төмендеуіне әкеп соқтырды. Жұмыс орындарынан айырылып қалған адамдардың көбінде Wal-Mart-қа жұмыс істеуден басқа амал болмайды, ал ондағы жалақы кедейлік деңгейінен де төмен (United Food and Commercial Workers, 2006). АҚШ-тың жаңа экономикасында Wal-Mart өз бағасы мен жұмысшыларының жалақысын белгілеумен ғана шектелмейді, сонымен бірге жеткізушілердің тауарына баға қояды, қала берді жеткізушілерінің де, бәсекелестерінің де жұмысшыларының жалақысын тағайындауды тиімді іске асырып отыр (Fishman, 2006; Lynn, 2006).

## Дағдарыс кезіндегі экономика

Қазіргі таңда АҚШ экономикасы күйзеліске ұшырап отыр. Миллионнан астам үй *борышты* өндіріп алу айналымында, жұмыссыздық деңгейі өте жоғары, қор нарығы тұрақсыз және кейбір зейнетақы қорлары, тіпті қалалардың әкімшіліктері банкротқа ұшыраған. Мұндай дағдарысқа не себеп?

Көптеген бақылаушылардың пайымдауынша, дағдарысқа, ең алдымен, мемлекеттік реттеудің қысқартылуы салдарынан қарыздың қарқынды өсуі себеп болды. Бұл факторлар алғашында тұрғын үйлер мен акциялар бағасының күрт қымбаттауына, артынша экономиканың басым бөлігімен қоса күрт құлдырауына алып келді (Bernanke, 2009; Posner, 2009; Phillips, 2008; Financial Crisis Inquiry Commission, 2011).

Соңғы екі онжылдықта АҚШ үкіметі азаматтардың қарызын өтей алу мүмкіндігіне қарамастан, несие алуын жеңілдету үшін қаржылық заңдарды мейлінше икемдеді. Егер адамдар несиені төлей алмаса, олардың банктері мен кредиттік карталарының компаниялары көлемді айыппұлдар салып, пайыздық мөлшерлемелерді өсіріп отырды. Бұған дейін осы екі әрекетке де үкімет қаулыларымен тыйым салынатын. Осының салдарынан банктер мен кредиттік карталар компаниялары байып, адамдар кедейлене түсті.

Алайда уақыт өте ипотекалық несиелерін өтей алмаған америкалықтар көбейген сайын несие ұсынушы банктер үшін өздерінің жеке шоттарын төлеу қиындап кетті (Bernanke, 2009; Posner, 2009; Phillips, 2008; Financial Crisis Inquiry Commission, 2011). Бұл жағдай қоғамның қаржылық жүйеге сенімін азайтып, қор инвесторларының акцияла-



рын сатылымға шығаруына алып келді. Үлесін сатушылар көбейіп, сатып алушылар азайған кезде акцияның нарықтағы бағасы төмендеп кетті. Дәл осылай үй сататын адамдар күн сайын көбейіп, тұрғын үйдің нарықтағы бағасы төмендеп, сатылым азайды. АҚШ экономикасы тұрғын үй құрылысы, үй саудасы және үй жиһазымен байланысты болғандықтан, бұл – экономиканы түгелдей құлдыратты.

Сонымен қоса қаржылық тәуекелдің артуы, ал мемлекеттік бақылаудың бәсеңдеуі экономиканың басқа бөліктеріне де қауіп төндірді (Bernanke, 2009; Posner, 2009; Phillips, 2008; Financial Crisis Inquiry Commission, 2011). Банктер қаржылық шығындардан қауіптенгендіктен, несие беруден тартына бастады. Көптеген кәсіпорындар нарыққа шығаратын тауарларының сатылуына немесе сол тауарларды өндіруге қажетті шикізатты сатып алуда үнемі несиелендіруге сеніп қалған, ал банктер несие беруін доғарғанда, көптеген кәсіпорындар банкротқа ұшырады.

Жаһандану әсерінен экономикалық дағдарыс бүкіл әлемге жайылды. Мысалы, америкалықтар ескі компьютерлерін жаңалауды тоқтатқан кезде, Үндістанда жаңа компьютерлерді құрастыратын мамандар жұмыс орнынан айырылады. Ал Тайландта адамдар бұрынғысынша америкалықтар пайдаланып тастаған компьютерлерден металл қалдықтарын жинау арқылы нәпақасын таба алмайды. Мексикадағы балалар АҚШ-тың компьютер шығаратын фабрикалары мен дүкендерінде жұмыс істеген иммигрант ата-аналарынан ақша ала алмайды.

Қазіргі экономикалық дағдарыс еркін нарықтық капиталистік жүйе тек теңгерімді мемлекеттік реттеу болғанда ғана тиімді болады деген ойға жетелейді (Posner, 2009).

## АҚШ-та жұмыс істеу

Қарапайым адамның көзқарасы бойынша экономика, негізінен, жұмыспен байланысты. Бір адамдар үшін жұмыс орны табыс көзі болса, енді бірі үшін – мансап. Қалай болғанда да, жұмыс көптеген адамдардың өмірінде маңызды орын алады. Бұл тарауда АҚШ-тағы жұмыстың түрлері, жұмыссыздықтың және жарты күндік жұмыстың сипаты, сонымен бірге болашақтағы жұмыстар жөнінде айтылады.

## Кәсіп түрлері

Сіздің мамандығыңыз өміріңізге әртүрлі жолдармен әсер етеді. Осы ретте біз кәсіби және кәсіби емес жұмыстың басты айырмашылықтарын, сондай-ақ «астарлы экономиканы» талқылаймыз.

## Кәсіби мамандық

Ең беделді маман – кәсіпқой маман. Әлеуметтанушылар кәсіпқой маманды үш сипаттамаға сәйкес келгенде мойындайды: дербестік, жоғары кәсіби дайындық және қоғамдық сенім. Біріншіден, жеке білім беру және лицензиялау стандарттарын белгілеу, сондай-ақ біліксіздігі мен лауазымдық құқық бұзғаны үшін кәсіподақ мүшелерін жазалау әрекеттерін атқару үшін кәсіпқой мамандықтың дербестігі болуы керек. Мысалы, дәрігерлерді біліксіздігі үшін айыптайтын лицензиялау кеңестерін емделушілер емес, дәрігерлердің өздері құрады. Екіншіден, кәсіпқой маманның кеңейтілген жүйелі дайындық

**Кәсіпқой мамандар** – жоғары кәсіби даярлықты талап ететін, айтарлықтай жеке дербестігі қамсыздандырылған және қоғамның сеніміне ие мамандар.

арқылы алынған техникалық, мамандандырылған білімі болуы керек. Мысалы, заңгерлер де, автомеханиктер де мамандандырылған білім алуы тиіс. Бірақ заңгерлер бірнеше жыл бойы оқуы керек болса, автомеханиктерге бірнеше айлық білім де жеткілікті. Үшіншіден, кәсіпқой маман ар-намыс кодексін сақтап, қоғаммен санасуға міндетті. Оның табыс табу үшін емес, игілік үшін қызмет етуі маңызды. Мысалы, қоғам көптеген министр, дәрігер және заңгер жеке табысын мемлекеттік қызметтен жоғары қойғанын түсінгенімен, барлығы бірдей мұндай әрекетке бара бермейді деп санайды.

Кәсіпқой мамандардың алатын марапаттары да әртүрлі болады: мұғалімдерге қарағанда дәрігерлердің табысы мен беделі сөзсіз жоғары. Дегенмен барлық мамандар тікелей бақылауда болмайды. Өйткені олардың жұмыстары өзіндік көзқарасты және жұмыс жасау кезінде өзіндік әдіс қолдануды талап етеді.

Алайда кәсіпқой мамандардың қадағалаудан тыс болуы уақыт өте келе қысқарады. Мұндай мамандар көп жағдайда дербестік құқығын шектейтін бюрократиялық құрылымдарда өзгелер үшін жұмыс істей бастайды. Мұғалімдер қазір көп уақытын оқушыларды стандартты тестілеуге дайындау үшін жұмсайды. Дәрігерлер емделушілерге нұсқау берген кезде медициналық сақтандыру компаниялары құптаған дәрілермен шектелуі тиіс.

## Кәсіпқой емес мамандар

АҚШ-тағы көптеген жұмысшылар кәсіпқой маман емес. Кәсіби емес мамандықты игеру үшін қысқа мерзімді білім алу жеткілікті. Оларда автономия құқығы үшін өзіндік білім алу мен лицензиялық стандарттар болмайды. Қоғам оларды тек ар-намыс кодексін сақтап, игілік үшін қызмет етеді деп санамайды. Алайда кәсіпқой емес мамандар жасаған жұмыс сапасыз деуге келмейді. Кез келген жұмыстағы сияқты кейбірі білікті, сенімді және өз ісіне адал болса, ал кейбіреулері тек уақыт өткізу үшін жүреді.

Кәсіпқой емес мамандардың жұмыс орындары әртүрлі болады: бұл – дүкен менеджерлері, шағын кәсіпкерлік иелері және автомеханиктерден бастап есік алдын тазалаушыларға, терімшілер мен қоңырауға жауап беретін операторларға дейінгі қызметті қамтиды. Бірі қара күшке сенсе, екіншісі ақылына сүйенеді. Кейбірі өз бетімен жұмыс істесе, енді бірі қатаң бақылауда жұмыс істейді. Біреулері (мысалы, электриктер) кәсіпқой мамандардан (мысалы, қоғамдық қорғаушылардан) көбірек табыс табады. Сондықтан олардың жұмыстарына біржақты қарау қиын.

Дегенмен кәсіпқой мамандарға қарағанда, кәсіпқой емес мамандардың табысы, қоғамдағы дәрежесі және қауіпсіздігі әдетте төмен болады және олардың жұмысы қатаң бақылауда әрі жалықтыратын сипатта болып келеді. Сонымен қатар кәсіби емес жұмыс орындары қызмет көрсету секторына (үшінші) жатады: өткен жылдармен салыстырғанда, АҚШ тұрғындарының айтарлықтай аз бөлігі қазір фабрикалар мен зауыттарда жұмыс істейді; есесіне гамбургер дайындаушылар, кредиттік карталар компанияларының қарыздарын жинаушылар мен мейірбикелердің көмекшілері болып істейтіндер көбейген. Сонымен қатар 7-тарауда айтылғандай, адамдардың көбі бір емес, бірнеше жерде жұмыс істегенімен, лайықты өмір сүруге қажетті табыс таба алмайды.

## «Көлеңкелі экономикада» жұмыспен қамтылғандар

Көбінесе көзден таса қалып жататын жұмыс түрі – көлеңкелі экономикалық кәсіптер. Бұл – экономиканың жұмысшылар мемлекеттік

Көлеңкелі экономика – экономиканың жұмысшылар мемлекеттік бақылаудан жасырынатын бөлігі.

бақылаудан жасырынуға мәжбүр болатын бөлігі. Оған жөзекшелік, Гусси-дің жасанды сөмкелерін тігіп сату, есірткі мен темекі контрабандасы сияқты заңсыз әрекеттер жатады. Сонымен бірге оған жұмысшылар немесе жұмыс берушілер мемлекеттік талаптарға сай болғанда заңды деп танылатын жұмыс түрлерін де жатқызуға болады. Мысалы, жергілікті азаматтар қандай да бір лицензиясыз мердігер бола алады. Ал құжатсыз иммигранттар құрылыс нысандарында визасыз жұмыс істейді, ал заңды иммигранттар мемлекеттік қауіпсіздік стандарттарына сәйкес келмейтін тігін цехтарында еңбек ете береді.

Астыртын жұмыстар кәсіби және кәсіби емес салаларда пайда болуы мүмкін. Айталық, Ресейден келген дәрігер лицензиясы болмаса да, АҚШ-тағы өзге иммигранттарға қызметін ұсына алады. Сол сияқты Мексикадан келген аспиранттың визасы табыс табуға тыйым салғанымен, компьютер бағдарламалаушысы ретінде жұмыс істеуі мүмкін.

Көбіне сенімсіз, бір күндік саналатын астыртын кәсіпорындар – сөйте тұра маңызды жұмыс берушілер болып саналады. Бұл қызмет көрсету мен жұмыс орындары жетіспейтін кедейлерге де, мемлекетке жұмыс істеп жүргенін білдіргісі келмейтін адамдарға да – айталық, заңсыз иммигранттарға, мемлекеттен алып отырған жәрдемақыларынан айырылғысы келмейтін мүгедектерге, жұмыс талаптарына сай келмейтін жасөспірімдерге және тағы басқаларына пайдалы.

## Жұмыссыздық және жұмыспен толық қамтылмау

Мүлде жұмыссыз болғаннан – нашар болса да, астыртын жұмыстың болғаны жақсы. 2007 жылдың желтоқсанынан 2010 жылдың ақпанына дейінгі аралықта АҚШ-та 8,8 миллион адам жұмыссыз қалды (Goodman and Mance, 2011). Қазіргі уақытта, үкіметтің бағамдауынша, америкалықтардың 9 пайызы, яғни 14 миллионға жуығы – жұмыссыздар. Жұмыссыздық көбіне жастар (24%) мен афроамерикалықтар (16%) арасында өте жоғары.

Федералдық заң бойынша адамның жұмысы болмаса, жұмыс істеуге қабілетті болғанымен, соңғы төрт апта бойы жұмыс іздеп жүрсе (сұхбаттасуға барса, түйіндеме жіберсе және т.б.), жұмыссыз болып саналады. Бұл анықтама әдетте саясаткерлер, зерттеушілер мен баспашылар жұмыссыздық жайлы сөз қозғағанда қолданылады. Алайда бұл анықтамаға жұмыс іздеуді қойғандар, мемлекеттік реттеуден күдерін үзіп, төрт аптадан аса жұмыс іздемегендер кірмейді.

Жұмыссыздықтың ресми анықтамасына жартылай жұмыссыздар да кірмейді. Жартылай жұмыссыздар – бұрын толығымен жұмыс істеп, бұдан кейін тек жарты күндік жұмыспен қамтылғандар. Сондай-ақ бұрын менеджер немесе ағаш ұстасы болып толық күн жұмыс істеген адамдар жұмыс іздеуге мәжбүр болса, жұмыссыз болып саналады.

Жұмыссыздықтың ресми көрсеткіші жұмыс табудан күдер үзгендер мен жарты күн еңбек ететіндерді ескермегендіктен, көпшілік бұл көрсеткіш жағдайды шынайы сипаттай алмайды деп есептейді. Жұмыссыздарды, жұмыс табудан күдер үзгендер мен жарты күндік жұмыс істейтіндерді қосатын болсақ, жұмыссыздық деңгейі 50 пайызға дейін артады да, 25 миллионға жуық америкалықты қамтиды (U.S. Bureau of Labor Statistics 2011a; Goodman and Mance, 2011).

**Жұмыссыздар** – жұмысы жоқ, жұмыс істей алатын және жұмысты белсенді түрде іздеп жүрген адамдар.

Жұмыссыздық пен жарты күндік жұмыс режимі өзара тығыз байланысты. Жұмыссыздық деңгейі төмен болса, жұмыс берушілер бос орындарға адам табуға мүдделі болады. Жұмыссыздар саны көп болған жағдайда жұмыс орны үшін үлкен бәсеке туындайды. Осылайша кейбіреулердің жартылай жұмыс күнін қанағат тұтуына тура келеді. Қазіргі таңда әрбір жұмыс орнына 4,6 адамнан келеді (Shierholz, 2011).

## Жұмыстың болашағы

Таяудағы жылдарда америкалықтар үшін жұмыс мәселесі қандай болмақ? Осы сұраққа жауап беру үшін тұрақсыз жұмыстардың көбеюіне, АҚШ экономикасының өзгеруіне және технологияның, жаһандану мен мемлекеттік саясаттың ықпалына назар аударуымыз керек.

### Тұрақсыз жұмыстардың көбеюі

Жұмыссыздық пен жарты күндік жұмысты талдау көрсеткендей, АҚШ-та тұрақсыз жұмыстар айтарлықтай артқан. Тұрақсыз жұмыс – жұмысшыларға ұзақ мерзімге шамалы ғана тұрақтылық ұсынатын жұмыс (Kalleberg, 2009). Бұрынғыдай емес, қазір жұмыс берушілер жұмысшыны бір жылға, болмаса белгілі бір сағаттарға жалдайды. Енді біреулер суб-келісімшарт арқылы немесе жеке мердігер ретінде жалданып, корпорациялардың қазірге дейін өз қызметкерлеріне ұсынып отырған сыйақы, жәрдемақы не тұрақты жұмысының бірін де алмастан еңбек етеді. Мысалы, 2011 жылы Аризона штатындағы Мемлекеттік университет аула сыпырушыларын түгел жұмыстан босатып (олардың жәрдемақысына медициналық сақтандыру және отбасы мүшелерін оқыту кіретін), олардың орнына тазалау жұмыстарын ұсынатын компаниямен келісім-шарт жасасты. Бұрынғы аула сыпырушыларға компаниядағы жаңа жұмыс орындарына орналасу үшін өтініш жазу жөнінде ұсыныс айтты, бірақ жалақысы азырақ және ешбір жәрдемақы төленбейтін болды.

**Тұрақсыз жұмыс –** жұмысшыларға ұзақ мерзімге шамалы ғана тұрақтылық ұсынатын жұмыс түріне жатады.



Қазіргі уақытта АҚШ-та тез көбейіп келе жатқан жұмыс орындары – жалақысы төмен, басымдығы санаулы және ары қарай дамуға мүмкіндік бермейтін жұмыс орындары.

Соңғы онжылдықтарда жұмыс тұрақсыздығы өсуінің бірнеше себебі бар (Kalleberg, 2009). Заңдағы және қоғамдық пікірдегі өзгерістерге қарасақ, жұмыс берушілер (әсіресе ірі корпорациялардың) жылдар бойы істеп келген адал қызметкерлерінің тұрақты жұмысынан гөрі жалдамалы жұмысшылардың икемділігін жоғары бағалай бастаған.

Wal-Mart экономикасы тарауында айтылғандай, мемлекеттік бақылау азайғандықтан, ірі корпорациялар көбейді. Соның салдарынан жергілікті халықты жұмыспен қамтып отырған майда кәсіпорындар жойылды. Сонымен бірге жаңа заң актілері бойынша кәсіподақтар мен жұмысшылардың өкілеттігі қысқарды. Нәтижесінде, жұмысшылар жалақыны көтеруді және жәрдемақылар тағайындауды талап ете алмады. Сонымен қоса әлеуметтік қамсыздандырудан «жұмыспен қамту» бағдарламасына өткендіктен, адамдар мемлекет тарапынан қандай да бір көмек алу үшін, төмен жалақы берілетін ауыр жұмыс жасауы керек болды, яғни төменгі тап жұмысшыларының жалақылары қысқартылады. Қазіргі жаһанданған экономика жағдайында жұмыс берушілер көбінесе азғантай жалақыға жұмыс істейтін шетелдік компьютер бағдарламашыларын, фабрикалар мен байланыс орталығының қызметкерлерін жалдайды.

## Экономикадағы өзгерістер

Еңбек саласындағы басқа да өзгерістер АҚШ экономикасынан көрініс тауып жатыр. Бұдан бұрын айтылғандай, АҚШ-тағы жұмыс орындары үшінші (қызмет көрсету) секторда шоғырланып келеді. Ең тез дамып келе жатқан 10 мамандықтың барлығы да қызмет көрсету саласынан. Оның ішінде жетеуі – төмен жалақылы, кәсіби білімді талап етпейтін жұмыс орны (13.2-сызба). Басқасы, керісінше, күрт құлдырайды деген болжам бар.

Неғұрлым ескі технологияларға негізделген (баспасөз репортері сияқты) және шет елдерге ауысып кете алатын салаларда (мысалы, баспа және ауыл шаруашылығы) жұмыс орындарының қысқаруы өте жоғары деңгейде болуы мүмкін.

2007 жылы болған дағдарыстан кейін қазір тіпті колледж түлектерінің жұмысқа орналасу мүмкіндігі төмен болып отыр. Тек үздік куәлігі және төрт жылдық білімі бар (әсіресе информатика, мейірбикелік іс және білім беру саласындағы) мамандарда мүмкіндік мол. Басқа түлектердің жағдайы қиындау, бірақ жоғары білімі жоқ жұмыс іздеушілермен салыстырғанда, мүмкіндігі әлі де көбірек: 2011 жылы 4 жылдық білімі бар 25 жасқа дейінгі жастардың тек 9 пайызы жұмыссыз болды, ал тек орта мектептік деңгейде білімі бар жастар арасында жұмыссыздық 23 пайыз еді (Shierholz & Edwards, 2011). 13.3-сызбада көрсетілгендей, жұмыссыздық қанша өршіп тұрғанымен, жоғары білімді азаматтарға жұмыс орны табылады.


## Технологияның әсері

Заманауи технологиялардың өсуі бұрын-соңды болмаған веб-бағдарламашылар, жүйелерді талдаушылар, iPod техниктері және сол сияқтылар жұмыс орындарының көптеп ашылуына әкелді. Бірақ сонымен бірге басқа жұмыс түрлерін қысқартты. Мысалы, автокөлік өнеркәсібінде роботтар мыңдаған жұмысшылардың жұмысын атқарады. Азық-түлік дүкендерінде компьютерленудің салдарынан тауарларды реттеуші және бағасын қоюшы жұмысшылар қажетсіз болып қалды. Ал кассирлер «өзін-өзі тексеру жолымен» алмастырылып жатыр. Сонымен қатар кен өнеркәсібі, ауыр өнеркәсіп салаларында тауарлар

**13.2-СЫЗБА. Ең тез көбейіп келе жатқан жұмыс орындары, 2008–2018 жж.**

2008–2018 жылдары ең көп жұмыс орындары қызмет көрсету секторында, ең алдымен, сауда және денсаулық сақтау саласында ұсынылады.


ДЕРЕККӨЗ: U.S. Bureau of Labor Statistics (2011e).



**13.3-СЫЗБА. Білім берудің жұмыссыздыққа әсері**

Қай уақытта болмасын, адамның білімі жоғары болған сайын оның жұмыссыз қалу ықтималдығы азаяды.

ДЕРЕККӨЗ: Economic Policy Institute (2011).





мен қызмет көрсету жұмысымен айналысатын жұмысшылар саны қысқартылды.

Жаңа технологиялар күнделікті жұмыстарға да әсер етті. Екі ең үлкен өзгеріс – бақылаудың көбеюі және жұмыс орнынан қашық жерде тұрып жұмыс істеу мүмкіндігі. Қазіргі уақытта компьютерлер мен видеотехнологиялар менеджерлер мен жұмыс берушілерге жұмысшыларды сырттан бақылауға мүмкіндік береді. Мысалы, азық-түлік дүкеніндегі бақылау-өткізу орнында қолданылатын сканерлік құралдар сатушының жылдамдығын және қателік жасағанын бақылау үшін қолданылады. Кейін осы мәліметтер нәтижесінде кімді жұмыста қалдыру және кімді жұмыстан шығару керектігі шешіледі.

Компьютерленген технологиялар жұмыстың сипатын да өзгертті. Шағын компьютерлер, телефондар, видеомагнитофондар және т.б. құрылғылар Монтанада өмір сүре отырып, Нью-Йоркте жұмыс жасауға және өзіне ыңғайлы жұмыс уақытын таңдауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар жаңа технологиялардың арқасында кәсіпқой мамандарды табу оңайға түседі және телефон, әлеуметтік желілер арқылы олар әрдайым байланыста болады деген сенім қалыптасты.

## Жаһандану және болашақ

Бұдан бұрын айтылғандай, экономиканың жаһандануы АҚШ-та жұмыс орындарының азаюына алып келді. Мысалы, соңғы бірнеше жылда Honeywell International (Нью-Джерсида негізі қаланған) компаниясы АҚШ азаматтарын жұмыстан шығарып, олардың орнына Үндістаннан мыңдаған жұмысшы жалдады.

Жаһандану белгілі бір деңгейде АҚШ экономикасын кері кету процесінен өткізіп жатыр: дамуы төмен мемлекет тәрізді біз ағаш бөренелер мен бидай сияқты шикізаттарды экспорттап, DVD ойнатқыш және автокөлік секілді өнеркәсіп өнімдерін импорттаймыз. Мексикада, Жапонияда және Оңтүстік Кореяда АҚШ нарығы үшін тауар өндіретін жұмыс орындары бар. Ал бұл уақытта АҚШ-тағы жұмысшылар гамбургер дайындаумен айналысып жүр.

Америкада жұмыс орнының қысқарғанынан жапа шеккендер тек фабрика жұмысшылары ғана емес, компьютерлік бағдарлау және ғылыми зерттеу сияқты кәсіби жұмыстар да арзан жұмыс күшін табу мақсатымен шет елге бағыттталып кеткен. Үндістан және Филиппин елінің ағылшын тілін білетін жоғары кәсіби мамандары математика саласынан әлдеқайда білімді және мардымсыз жалақыға жұмыс істей алатын мамандарды ұсынады. Яғни америкалықтар үшін ең қауіпсіз – жергілікті жерде тұруды талап ететін жұмыс орны. Мысалы, ит қыдыртушы, сатушы немесе дәрігер.

## АҚШ-та жұмыс орнын қорғау

АҚШ-та жұмыс орындарын саясаткерлер қалай қорғай алады? Саясаттың үш негізгі нұсқасы бар: консервативтік, либералдық және әлеуметтік инвестиция тәсілдеріне негізделген.

**КОНСЕРВАТИВТІК ТӘСІЛ: ТЕГІН НАРЫҚ.** Әдетте кәсіпкерлік басшылары мен консерваторлар жұмыс орнын сақтап қалу үшін АҚШ-та мемлекеттік бақылауды азайтып, жалақыны және табысты нарықтың ырқына қалдыру керек деп санайды. Бұл – жалақы мен жәрдемақы қысқартылады дегенді білдіреді. Демек, кәсіпорындардың жұмысты автоматтандыруға немесе шетелге көшіруіне себеп азаяды.

Бұл тәсіл бүкіл ел бойынша қабылданған болатын. Кәсіпорындар, зауыттар жабылып, жұмыс орындары қысқарады деген қауіпті алға тартқаннан кейін жұмысшылар төмен жалақы мен жәрдемақы алуға келіссе, қалалар кәсіпкерлерге салынатын салықты төмендетуге келіскен.

**ЛИБЕРАЛДЫҚ ТӘСІЛ: ҮКІМЕТ САЯСАТЫ.** Либералдар жеке табыс экономикалық әрекеттің жалғыз ғана мақсаты болмауы керек дейді. Оның орнына үкіметке жұмысшыларды қорғауды ұсынады. Сонымен қатар либералдар (1) үкіметке жақсы жұмыспен қамтамасыз ететін салаларға инвестиция құюға кеңес береді, (2) жұмысшылардың мүддесін қорғау үшін корпоративтік бірігу мен кәсіпорындардың жабылуын қадағалайды, (3) АҚШ-та өндірілген тауарларды бәсекеге қабілетті ету және шетелдік тауарлардың АҚШ-тағы басымдылығын азайту үшін субсидиялар мен қосымша төлемдер бөлуді қолдайды.

Сонымен қатар либералдар жұмысынан айырылғандарды қорғау үшін әлеуметтік қамсыздандыру саясатын қолдайды. Бұл саясат бойынша жұмыссыздарға көлемді жәрдемақы беріледі, жұмыстан шығарылғандарды қайта даярлайтын бағдарламалар жасалады және корпорацияның талабымен жұмысшыларға зауыттың жабылуы жайында алдын ала ескертіледі. Мұндай саясат Батыс Еуропада әсіресе Скандинавия елдерінде кең таралған.

**ӘЛЕУМЕТТІК ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ТӘСІЛ.** Кейбір бақылаушылар (либералдар да, консерваторлар да) төмен технологиялы жұмыс орындары – тек қана қаражат үнемдеу үшін, ал жоғары технологиялы жұмыс орындар ақша үнемдеумен қатар білімді жұмысшыларды табу үшін шетелге ауысып жататынын айтады (Lohr, 2006). Бұл бақылаушылардың тұжырымдауынша, АҚШ-та жоғары табысты жұмыс орындарын (ақпараттық технологиялар және медициналық зерттеулер сияқты) сақтап қалу үшін америкалық студенттерді бастауыш мектептен жоғары мектепке дейін ғылым және математика тұрғысынан жоғары сапалы біліммен қамтамасыз ету керек.

## Бұл бізге не береді?

Сіз мансап қууға дайындалып жүргенде айналадағы экономикалық жағдай өзгеріп жатады. Сол себепті зейнетке шыққаныңызша бірнеше рет жаңа жұмыс орнын іздеп, жаңа машықтарды меңгеруіңіз мүмкін. Жаңа технологиялар, жаһандану, Wal-Mart экономикасы және жалғасып жатқан экономикалық мәселелер таяу жылдарда жұмысқа байланысты жағдайды өзгертеді.

Батыс Еуропа тұрғындары қиын-қыстау кезеңде еңбеккерлерге мемлекеттен көмек болатынын әуелден күткен. Қазіргі дағдарыс америкалықтарға біркелкілікті сезіндірді. Бір жағынан, америкалықтар аз дауыс беріп, мемлекеттік көмекке мұқтаж жандардың сайлауға қатысу көрсеткіші тым төмен болып тұрған кезде саясаткерлердің қарапайым жұмысшыларды қорғауға ынталы болуы екіталай. Экономикалық дағдарыс тереңдей берсе, аталған заңнамалардың өзгеруі әбден мүмкін.

## Қорытынды

1. Билік мәжбүрлеу немесе өкілеттілік арқылы жүргізіледі. Билік дәстүрлі, харизмалық және рационалдық-құқықтық болуы мүмкін.
2. Институттандырылған билік қатынасы бар кез келген әлеуметтік құрылымды саясаттың формасы деп атауға болады. Ең танымал саяси институт – мемлекет. Оның басқа саяси институттардан ерекшелігі – ол мәжбүрлеуді заң жүзінде қолдануда монополист бола алады және азаматтық алу құқығымен қоса көптеген мәселелерді шешуге өкілетті. Алайда жаһандану бұл билікті шектеуі мүмкін.
3. АҚШ-тағы саяси процесті сипаттайтын екі үлгі бар: плюралистік және билік элитасы үлгісі. Олар билік элитаның қолында немесе мейлінше кең таралған дегенге келіспесе де, жекелеген адамдарға қарағанда ұйымдасқан топтардың оқиғаларға ықпалы көбірек екенін құптайды.
4. АҚШ-та дауыс берудің және саясатқа араласудың басқа да түрлерінің деңгейі тым төмен. Егде жастағы азаматтар, «ақтар» мен жоғары білімді немесе табысты адамдар саяси белсенді келеді.
5. Демократиялық партия аз ұлттар жұмысшы тап өкілдерін, ал Республикалық партия ақ нәсілді және табысы жоғары сайлаушыларды тартқанымен, АҚШ-тың бұл екі саяси партиясының да көпшілікке қызықты ортақ тұғырнамалары бар.
6. Кейбір әлеуметтанушылар өнеркәсібі дамыған өзге елдерге қарағанда, АҚШ-та дауыс беру қарқынының төмен болуы әлеуетті сайлаушылардың саясаттан хабарсыздығынан деп есептейді. Енді бірінің айтуынша, көрсеткіштер үкімет саясатының кейбір америкалықтардың дауыс беруін қиындатуына немесе мүлде шектеуіне байланысты төмен болып отыр. Сонымен қатар ірі саяси партиялардың бірде-бірі маргиналданған топтарды тартуға тырыспағандығы да осы себептердің бірі.
7. Капитализм – көптеген байлық (жер, капитал және еңбек) жеке меншікте болатын, ашық нарықта саудаланатын және меншік иелерінің жеке пайдасы үшін қолданылатын экономикалық жүйе. Социализм – өндіріс құралдары (жер, еңбек және капитал) қоғам немесе үкімет меншігінде болып, баршаның игілігі үшін қолданылатын экономикалық жүйе. Капиталистік экономика әдетте өнімді болады, ал социалистік экономика ресурстарды әділ бөледі. Қоғамдардың көбінің экономикасында екі жүйе бірге жүргізіледі.
8. Әрбір елдің өзіндік саяси экономикасы болады: бұл – ел ішіндегі саяси және экономикалық формалардың өзара қатынасы және нақты үйлесуі. Капиталистік ел де, социалистік ел де демократиялық немесе авторитарлық бола алады.
9. Индустриалдыққа дейінгі экономикадан индустриалдық және постиндустриалдық экономикаға дейінгі өзгерістер әлеуметтік ұйымдарға қатты әсер етті. Экономиканың үшінші секторы АҚШ жұмыс күшінің төрттен үш бөлігін жұмыспен қамтып отыр. Оған дәрігерлер, заңгерлер, жүк көлігін айдаушылар және даяшылар жатады.
10. Бірнеше алып трансұлттық корпорация қазір жергілікті, ұлттық, тіпті халықаралық саяси және экономикалық мәселелерде айтарлықтай ықпалды. Бұл корпорациялар ортақ мүдде үшін көбінесе бірлесіп әрекет етеді.
11. Қазіргі таңда жалғыз ғана Wal-Mart корпорациясы АҚШ-тың экономика саласындағы ұйымдар мен жеке тұлғаларға ықпал етуге құқылы. Нарықтағы сүбелі үлесіне байланысты ол жұмысшылардың жалақысына, тауар жеткізушілер мен бәсекелестердің бағасына әсер ете алады.
12. Қазіргі экономикалық дағдарыс, негізінен, мемлекеттік бақылаудың әлсіреуіне байланысты азаматтардың қарызы көбеюінен туындап отыр. Жаһанданудың салдарынан бұл экономикалық дағдарыс бүкіл әлемге жайылды.
13. Кәсіпқой маманға/жұмысқа мыналар жатады: (1) өзіндік білім алып, лицензиялық стандарттардан өте алатындар, (2) бірнеше жыл бойы оқу арқылы алынған арнайы білімі барлар және (3) қоғам тарапынан ар-намыс қағидаларын ұстанатындар және ел игілігі үшін қызмет етеді деп мойындалғандар.
14. Астарлы экономикаға мемлекеттік бақылаудан жасырынатын барлық жұмыс түрі жатады, оған жөзекшелік те, арнайы лицензиясы немесе визасы жоқ жұмысшылар да кіреді.
15. Жұмыссыздар дегеніміз – жұмысы жоқ, жұмысқа қабілетті және соңғы төрт апта бойы жұмыс іздеп жүргендер. Жартылай жұмыссыздар – жарты күн жұмыс істейтін немесе атқаратын жұмысы тәжірибесі мен біліктілігіне сай емес адамдар. Соңғы жылдары жұмыссыздар мен жарты күн жұмыс істейтіндер саны көбейді.
16. Жаңа жұмыс орындары болашақта тұрақсыз болады және қызмет көрсету саласында көп-

теп пайда болады. Жаһандану мен жаңа технологиялар жұмыс орындарының қысқаруына алып келді, алайда кейіннен жаңа жұмыс орындары пайда болды.

17. Үкімет жұмыс орындарын сақтап қалу үшін нарықтық күшті қолдай алады; жұмыс орын-

дарын сақтаумен қатар АҚШ өнеркәсібін бәсекеге қабілетті ету үшін салықтық жеңілдіктер мен инвестицияларды қолдана алады; немесе болашақта жұмысшылардың жоғары кәсіби даярлығы болу үшін білім беру саласына инвестиция құя алады.

## Сыни ойлау

1. Отбасы және мектеп сыныптары әдетте авторитарлық болады. Олар қалай іске асады? Мысалдар келтіріңіз. Авторитарлық және демократиялық әдістердің артықшылықтары мен кемшіліктерін түсіндіріңіз.
2. Сайлауға қатысуға байланысты факторлармен таныстыңыз, енді соны есте сақтай отырып, бұлар 2012 жылғы президенттік сайлауда дауыс беру деңгейіне қалай әсер етеді деп ойлайсыз? Неге?
3. Жалданбалы жұмысшы ретінде Швецияда жұмыс істегіңіз келе ме? Сізге несі ұнамауы мүмкін? Жұмыс беруші ретінде Швецияда кәсібіңізді жүргізетін болсаңыз, сізге не ұнайды, не ұнамайды? Жұмысшылар мен кәсіпкерлер арасындағы қайшылықтарды Швецияның демократиялық-социалистік үкіметі қалай шешіп келеді?
4. Соңғы 10 жылда технологиялар мектептегі білім беру ісіне қалай ықпал етті? Сіздің жұмысыңызды қалай жеңілдетті? Әлде қиындатты ма? Мұғалімдердің сіздің мінез-құлқыңызды және оқу барысын бақылауы жеңілдеді ме әлде ауырлады ма?
5. Қалай ойлайсыз, постиндустриялық экономика сіздің еңбек жолыңызға ықпал ете ме? Жаһандық экономика қалай әсер етеді?
6. АҚШ осы бөлімде айтылған саясаттың үш түрінің қайсысын ұстанғаны дұрыс? Неге?



## 14-ТАРАУ

# Халық саны және урбанизация

### Тарау тағылымы

#### Осы тарауды оқығаннан кейін студенттер:

- демографиялық өтпелі кезеңдермен танысып, Батыс қоғамдарындағы және әлемдегі нашар дамыған елдердегі халықтың өсуінің негізгі себептерін біледі;
- әлеуметтік тап және гендерлік рөлдер, туу және өлім көрсеткіштері сияқты әлеуметтік құрылымдардың өзара байланысын, сондай-ақ бір құрылымдағы өзгерістің келесі біріне әсерін түсінеді;
- халық, кедейлік, өмір салты және экологияның нашарлауы арасындағы байланысты бағамдайды;
- дамуда артта қалған елдер мен АҚШ үшін иммиграцияның экономикалық және мәдени салдарын талқылайды;
- АҚШ-тағы урбанизация процесі туралы біліп, оның дамуы төмен елдерден несімен ерекшеленетінін түсінеді;
- қала халқының көбеюі мен азаюының құрылымдық-функциялық және конфликтологиялық теориясын салыстырмалы түрде қарастырады;
- қаладағы, қала сыртындағы және ауылдағы өмірдің артықшылықтары мен кемшіліктерін саралайды.

## Аз және көп халық

Өмірге келу және қайтыс болу – осы екі оқиғаның маңызына сай келер басқа ештеңе жоқ. Әлбетте кім де болса әуелі өзінің туған күні туралы толғанып, бақилық боларына алаңдайды. Біздің өмірімізге айналамыздағы адамдардың дүниеге келуі мен қайтыс болуы да әсер етеді. Біз үлкен немесе шағын отбасында, үлкен немесе шағын қоғамда өмір сүреміз бе? Өміріміз өзіміз күткендей ұзақ бола ма? Әлде өлімнің кесірінен отбасылар, қарым-қатынастар және қоғамдар ыдырап кете ме?

Бұл тарауда халық пен әлеуметтік құрылымдар арасындағы қарым-қатынас жөніндегі тарихи және мәдениетаралық көзқарастарды талдаймыз. Халық жайлы зерттеулер демография саласына тиесілі екені белгілі, ал оны зерттеушілерді *демограф* деп атаймыз. Демографтар негізгі үш мәселеге көңіл бөледі: олар – туу, өлім және миграциялық үлгілер. Біз осы үш мәселені, сонымен бірге қауымдастықтағы қоғамдық қарым-қатынасқа халық санының ықпалын қарастырамыз. Әсіресе туу, өлім және қауымдастық көлемінің әлеуметтік құрылымдарға және керісінше, әлеуметтік құрылымдардың туу, өлім және қауымдастық көлеміне ықпалын назарға аламыз.

Қазіргі кезде дүниежүзіндегі халық саны 7 миллиард шамасында. Көрсеткіш 200 миллион шамасында артық не кем болуы мүмкін. Бұл 1950 жылғы көрсеткіштен екі жарым еседей көп. Халық санының өсуіне екі себеп бар. Біріншіден, әрбір 1000 адамға шаққандағы өлім-жітім көрсеткіші соңғы кезде едәуір азайған. Нәрестелердің шетінеп кетуі сиреді, ал ересектердің өмір жасы ұзарды. Сонымен қатар әрбір 1000 әйелге шаққандағы фертильділік (бала тууға қабілеттілік) көрсеткіші өзгеріссіз қалды деуге болады. Тұрғындар санына шаққандағы туу көрсеткіші де солай. Бір сөзбен айтқанда, туу көрсеткіші өлімнен әлдеқайда жоғарылап, жыл сайын әлемде адам саны көбейді. Адам саны көбейген сайын миллиондаған халық кедейленіп, оларды азық-түлікпен қамтамасыз ету, білім беру қиынға соға бастады. Қоршаған орта ластанып, табиғи ресурстар сарқыла түсті.

Осы мәселелердің салдарынан миграция пайда болды: адамдар бір географиялық орыннан екіншісіне ауысады. Тұрғындардың жайлы қоныс табу мақсатындағы ел ішіндегі көші «ішкі миграция», ал мекен-жайын мемлекеттер арасында ауыстыруы «иммиграция» терминімен белгіленеді.

Миграция да бірнеше әлеуметтік мәселелерді туындатады. Бұл – жаңадан қоныстанушыларға қатысты мәселелер. Айталық, АҚШ сияқты кейбір мемлекеттер иммигранттарға азаматтық алу құқығын береді. Ал енді бір елдер иммигранттардың өздерін былай қойғанда, олардың балалары мен немерелеріне де азаматтық бермейді. Мысалға, түрік иммигранттарының балалары қанша жерден Германияда туып-өсіп, оқып-тәрбиеленсе де ол елдің азаматтығын ешқашан ала алмайды. Иммиграцияның осындай бірқатар салдары бар және бұл – халық өсімі мен экономикалық дамуға ғана ықпал етпейді, азаматтығы, ұлты сияқты мәселелерден де түйткілдер шығарады.

Халық саны және халық санының өзгеруі көптеген маңызды әлеуметтік мәселелермен байланысты. Келесі тарауда дүниежүзі халқының қазіргі деңгейге қалай жеткені қарастырылады.

## Халық санының өсуін түсіну

Жер бетіндегі адам саны 14.1-кестеде көрсетілгендей күн сайын өсіп жатыр. Дүниежүзі бойынша 2011 жылы туу көрсеткіші әрбір 1000 адамға 20-дан келетін, ал өлім көрсеткіші әлдеқайда төмен еді: 1000 адамға 8-ден

**Демография** – халық санын, өсімін және құрамын зерттейтін ғылым.

**Өлім көрсеткіші** – белгілі бір уақыт аралығында әрбір 1000 адамға шаққандағы өлім саны.

**Туу коэффициенті** – белгілі бір уақыт аралығында әрбір 1000 әйелге шаққандағы туу саны.

**Туу көрсеткіші** – белгілі бір уақыт аралығында әрбір 1000 адамға шаққандағы туу саны.

**Миграция** – тұрғындардың бір географиялық орыннан екіншісіне ауысуы.

**Ішкі миграция** – адамдардың мемлекет ішінде жаңа жерге көшуі.

**Иммиграция** – адамдардың басқа мемлекетке көшуі.



тіркелді. Демек, туу көрсеткіші 12 адамға артық болғандықтан, әлем халқы жүзіне 1,2 немесе 1,2 пайыз еселенді. Егер қолдағы қаражатыңыз жылына 1,2 пайызбен өсіп отырса, сіз үшін бұл сөзсіз баяу өсім болар еді. Алайда халық саны үшін 1,2 пайыздық өсу қарқыны – ғаламшар тұрғындарының саны 2050 жылы қосымша 2,6 миллиард адамға артады дегенді білдіреді.

Адам санының өсімі дүниежүзі бойынша біркелкі болмайтынын ескеру керек. 14.1-кестеде көрсетілгендей, бір елдерде өсім жоғары болса, енді бірінде төмен. Мысалы, Африкадағы баяу дамып жатқан елдерде халық саны 30 жылға жетпей екі есеге артуы мүмкін, ал Еуропаның дамушы елдерінде, керісінше, азаяды.

Халық саны, негізінен, кедей елдерде қарқынды өсіп жатқандықтан 2025 жылға қарай қарапайым адамдардың тұрмысы бүгінгіден төмендейді деп болжауға болады. Демографияның түрлі үлгілері қалай дамыды?

## Бұрынғы кезеңдегі халық саны

Адамзат тарихының басым бөлігінде туу және өлім көрсеткіштері 1000 адамға 40-тан болған. Екі көрсеткіш бірдей болғандықтан халық саны баяу өсті. Орта есеппен алғанда, әйел адам өмірінің 20-дан 45 жасқа дейінгі бөлігін дүниеге бала әкеліп, оларды бағып-қағумен өткізеді. Егер әйелі мен күйеуі 45 жасқа дейін өмір сүрсе дүниеге шамамен 6-10 бала әкеледі. Себебі өмірдің орташа ұзақтығы – 30–35 жас болатын. Өмір сүру жасының қысқалығы нәрестелердің шетінеу жиілігімен байланыстырылды. Нәресте өлімінің коэффициенті – туа салысымен шетінеп кеткен сәбилердің әрбір дүниеге келген 1000 тірі нәрестеге шаққандағы саны. Адамзат тарихының көп бөлігінде нәрестелердің 1/4 бөлігінен 1/3 бөлігіне дейін бір жасқа жетпей шетінеп кететін. Индустриалдандыруға дейінгі қоғамда туу да, өлім де жиі болатын.

## Батыстағы демографиялық өзгерістер

XVIII ғасырдан бастап Батыс елдерінде бірнеше революциялық өзгеріс болды. Біріншіден, өлім азайды, ал туу деңгейі жоғары болды.

### 14.1-КЕСТЕ. Дүниежүзі бойынша халық санының көрсеткіші, 2011

2011 жылы дүниежүзінде халық саны 7 млрд. адам болды және жыл сайын 1,2 пайызға артып отырды. Дегенмен өсім біркелкі болмады. Дамыған аймақтарға қарағанда, артта қалған аймақтарда халық саны тезірек өсті. Осылайша, әлемдегі халық саны кедей елдер есебінен еселенді.

Аймақ	1000 адамға шаққандағы туу көрсеткіші	1000 адамға шаққандағы өлім көрсеткіші	Халық санының жылдық пайыздық өсімі*	Халық санының жоспарлы өсімі, 2011–2025 жж.
Дүниежүзі	20	8	1,2%	1,097,000,000
Дамыған елдер	11	10	0,2	48,000,000
Артта қалған елдер	22	8	1,4	1,049,000,000

Нәресте өлімінің коэффициенті – туа салысымен шетінеп кеткен сәбилердің дүниеге келген әрбір 1000 тірі нәрестеге шаққандағы саны.

ДЕРЕККӨЗ: Population Reference Bureau (2011a)

\*Табиғи өсу қарқыны


Нәтижесінде, халық саны тез өсті. Содан кейін туу көрсеткіші қайта азайды.

Туу және өлім көрсеткіштері шамалас болған кезде олар бір-бірімен теңесті, ал халық саны 14.1-сызбада көрсетілгендей тұрақталды. Халық санын зерттейтін ғылымды демография деп атағандықтан туу мен өлім деңгейінің жоғарыдан төменге қарай өзгеруін «демографиялық ауысу» деп атайды. Бұл өзгеріс өмір сүру ұзақтығының ұлғаюына алып келеді. Мұндай ауысу әр елде әртүрлі уақытта болғанымен Еуропа мен АҚШ-та едәуір ұқсас жүрді деуге болады. Кейіннен туу көрсеткіші одан әрі төмендеп, кейбір елдерде халық саны азайып кетті.

## Өлім-жітімнің азаюы

Демографиялық ауысуға дейінгі кезеңде өлім-жітімнің негізгі себебі азық-түліктің жеткіліксіздігінен болды. Нақты аштықтан қайтыс болғандар көп болмағанымен, үнемі асқа жарымау, ауруға шалдығу қаупін күшейтетін. Мәселе – 1700 жылдан бастап оң шешімін тапты. ХХ ғасырдың басына дейін Солтүстік және Оңтүстік Америкада дақылдардың жаңа сорттарын (әсіресе жүгері және картоп) өсіру, ауыл шаруашылығының тың әдістері мен құралдарын қолданысқа енгізу, сонымен бірге сауда-саттықтың артуы Еуропа мен АҚШ-та тамақтануды жақсартты. Екіншіден, өлім-жітімнің азаюына өмір сүру деңгейінің жақсаруы себеп болды. Баспанасы жайлы әрі киімі бүтін адамдардың денсаулығы да түзеліп, ауру-сырқауға төтеп бере алатын болды. Жұқпалы аурулардың алдын алу, әсіресе жас нәрестелерді іш сүзегі мен іш өтуден сақтау мақсатында гигиенаны өзгерту маңызды қадам болды (Kiple 1993).

XIX ғасырдың аяғына қарай ендірілген санитарлық техника таза ауыз сумен қамту және ағын суларды тазарту арқылы жұқпалы аурулардың таралуын азайта түсті. Мысалы, 1900-1970 жылдар аралығында орташа өмір сүру ұзақтығы «ақ» америкалықтарда 47 жастан 72 жасқа дейін, ал афроамерикалықтарда 33 жастан 64 жасқа дейін ұлғайды (U.S. Bureau of the Census 1975, 2006). Осылайша, өмір сүру ұзақтығы шамамен 1600 жылдан бастап артқанымен, оның күрт көтерілуі ХХ ғасырдың алғашқы онжылдықтарына сәйкес келді. Медициналық саланың дамуы жалпы өмір сүру ұзақтығының алтыдан бір бөлігіне ғана ықпал етті (Bunker, Frazier, & Mosteller, 1994). Денсаулық сақтау шараларына қарағанда, бұл ретте тамақтанудың жақсаруы мен өмір сүру деңгейінің жоғарылауы маңызды рөл атқарды (McKinlay & McKinlay 1977; Weitz, 2010). Қызықты жайт – елдегі өмір сүру деңгейі жан басына шаққан-



## әлеуметтану және сіз

Сіз даму жағынан артта қалған елге саяхаттап көрдіңіз бе? Егер ондай елге барған болсаңыз, бір немесе бірнеше күн инфекциядан ішіңіз ауыруы мүмкін. Кейбір жағдайда денсаулығыңыз мазаламауы да ықтимал. Бірақ ондай елдерде безгек, тырысқақ, дизентерия сияқты аурулардан жыл сайын миллиондаған адам көз жұмады. Америкалық саяхатшылар оған қалай қарсы тұра алады? Вакцина, антибиотиктер және су мен сабын көмектеседі. Алайда ең маңыздысы – дамыған елден келген туристердің денсаулығы да мықты болады. Олар жақсы тамақтанады, жақсы қорғалған және жақсы киінеді. Сол себепті олардың ағзалары қауіпті микробтарға төтеп беріп, инфекциямен күреседі.

**Демографиялық ауысу** – халықтың туу және өлім көрсеткіштерінің жоғарыдан төменге қарай ауысу процесі.

### 14.1-СЫЗБА. Батыстағы демографиялық ауысу

Индустриалды қоғамға дейінгі Батыста туу және өлім көрсеткіші жоғары болатын. Өмір сүру жағдайы жақсарған сайын өлім азайды, халық саны өсті. Алайда туу да азайды. Осылайша, халық саны тұрақталды. Бұл процесс демографиялық ауысу деп аталады.

дағы табыс белгілі бір межеге – шамамен 6 400 долларға жеткеннен кейін өмір жасының ұзаруы бай мен кедейдің арасындағы айырмашылықтың қысқаруына байланысты болады (Wilkinson, 1996). Міне, сондықтан қубалықтардың өмір жасының ұзақтығы америкалықтармен бірдей болса, шведтер америкалықтардан да ұзақ өмір сүреді.

### **Фертильділік коэффициентінің төмендеуі**

Өнеркәсіптік революция туу көрсеткішіне тікелей болмаса да әсер етті. Индустриализация урбанизацияны арттырды, білім деңгейін көтерді және дамушы экономиканы нақты ілгерілетті. Зейнетақы мен басқа да әлеуметтік жәрдемақылар көбейді, сондықтан да қартайғанда қамқорлығын көру үшін көп бала туудың қажеті болмады (Friedlander & Okun, 1996). Сонымен қатар ата-аналар өлім-жітімнің азайғандығына байланысты екі-үш баласы тірі қалар деген үмітпен сегіз-тоғыз баланы дүниеге әкелуін тоқтатты. Тіпті индустриализация алдыңғы буыннан өзгеше әрекет ету керек деген ойды туындатты. Осылайша, индустриализацияның қатысы жоқ салалардың өзінде белгілі бір мақсаттарға қол жеткізу үшін бала санын жоспарлау ұғымы пайда болды. XIX ғасырдың аяғына қарай шағын отбасы үлгісі қанатын кеңге жая бастады (van de Walle & Knodel, 1980). Еуропа мен Солтүстік Америкада қазіргі кезеңде туу және өлім көрсеткіштері бірдей.

### **Батыстан өзге аймақтағы демографиялық өзгерістер**


Батыстан өзге нашар дамыған елдерде XX ғасырдың алғашқы онжылдығына дейін туу және өлім көрсеткіші индустриалдық қоғамға дейінгі деңгейде қалып отырды. Кейінірек Латын Америкасы, Тайвань, Сингапур және Оңтүстік Корея сияқты елдерде экономикалық даму мен өмір сүру деңгейінің жақсаруына байланысты дәл Батыстағыдай туу және өлім көрсеткіштерінің күрт төмендеуіне алып келді.

Ең кедей елдерде жағдай өзгеше болды. Бұл елдерде өлім коэффициенті тек XX ғасырдың екінші жартысында, санитарлық ахуал түзеліп, денсаулық сақтау жетілдірілген (әсіресе балаларға вакцина егіліп, іш өтуді емдеудің жаңа әдістері қолданыла бастағанда) кезде қысқара бастады. Өлім-жітім азайып, туу көрсеткіші тұрақты деңгейде қалғандықтан, алғашқыда халық саны өсіп отырды. Кейіннен туу көрсеткіші де төмендеп, халық санының артуы баяулады. Сонымен қатар Ботсвана, Свазиленд және Лесото сияқты СПИД аса асқынған елдерде өлім-жітім көбейіп, халық саны күрт кеміді (UNAIDS/WHO, 2007).

### **Халық және әлеуметтік құрылым: екі мысал**

Бұл тарауда екі елдегі – туу коэффициенті жоғары Гана және туу коэффициенті төмен Италиядағы әлеуметтік құрылым мен тұрғындар арасындағы заманауи қарым-қатынастар зерттеледі.


14.2-сызбада «халық саны пирамидасы» арқылы екі ел тұрғындарының айырмашылығы суреттеледі. Пирамидада халық саны жас ерекшеліктеріне қарай топтарға бөлініп көрсетілген. Ерлер сол жақта, ал әйелдер оң жақта.



**14.2-СЫЗБА. Гана және Италияның халық саны пирамидасы**

Гананың халық саны пирамидасы, шынымен, пирамида іспетті, өйткені бұл елде жастар көп, қариялар аз. Италияның халық саны пирамидасы орта тұсында шығыңқы келеді, өйткені орта жастағы адамдар көп. Пирамиданың жоғарғы және төменгі жағы бір деңгейде десе де болады, өйткені жастар мен кәрілердің саны шамалас.

ДЕРЕККӨЗ: U.S. Census Bureau, International Database, accessed March, 2012



Гананың пирамидасы, расында да атына сай пирамидаға ұқсайды. Себебі ганалықтардың көпшілігі өте жас және кәрі тұрғындарының қатары айтарлықтай аз. Ал италиялық пирамиданың орта тұсы шығыңқы, өйткені онда орта жастағы тұрғын көп. Сонымен бірге пирамида Италияда қарттар мен жастардың саны мөлшерлес екендігін көрсетеді.

**Гана: бала туу көрсеткіші тым жоғары ма?**

Гана – дәстүрлі әлеуметтік құрылымдары фертильділік коэффициентінің жоғарылығын қолдайтын қоғамның үлгісі. Сонымен бірге фертильділік коэффициентінің жоғарылығы дәстүр жалғастығына ғана емес, кедейлікке де кепіл болатын үлгі.

**Әлеуметтік рөлдердің бала туу көрсеткішіне ықпалы**

Соңғы жылдары Ганада бала туу көрсеткіші төмендеген, бірақ соның өзінде де жоғары саналады. Көрсеткіш 1000 адамға шаққанда 31 нәресте деңгейінде. Ал өлім-жітім 1000 адамға шаққанда 8-ден келеді.

Бұл – Ганада жыл сайын халық саны орта есеппен 2,3 пайызға артып отыр деген сөз (Population Reference Bureau 2011a). Егер осы қарқын сақтала берсе алдағы 30 жылға жетпей ел халқының саны екі еселенуі мүмкін.

Туу көрсеткіші жоғары болуының тағы бір себебі – Гана қоғамындағы әйел рөлінің сипаты. Ганада көптеген әйелдер үшін бала – құрмет пен билікке қол жеткізудің маңызды бірден-бір жолы. Бала көтере алмайтын әйелдерді күйеулері тастап кетеді. Полигамды отбасыларда тұрып жатқан ганалық әйелдердің 22 пайызы үшін бұл – қалыпты жағдай (Social Institutions & Gender Index 2009). Бала саны, соның ішінде ер баланың көп болуы әйелдердің күйеулері алдында дәрежесінің жоғары болуына ықпал етеді. Сонымен қатар нәресте өлімі көп болғандықтан, ганалық әйелдер ең болмаса екі баласы аман қалсын деген есеппен кемінде төрт немесе одан да көп бала туады.

Туу көрсеткішінің жоғары болуына әсер етіп отырған тағы бір себеп – экономикалық қауіпсіздік. Гана халқының басым бөлігі ауыл шаруашылығында еңбек етеді. Күнкөріс үшін отбасыларға егістікте жұмыс істейтін балалар және ересектер қажет. Сонымен қатар балалар өсіп, үйленген кезде басқа отбасылармен саяси және әлеуметтік байланыс орнатып, өз отбасының экономикалық әрі саяси қауіпсіздігін нығайта алады. Сондай-ақ балалар – ганалықтар үшін қартайған шақты сақтандырудың бірден-бір жолы, яғни қартайғанда немесе ауырған кезінде қамқорлықты балаларынан күтеді. Сонымен қатар балалы болу көп шығынды қажет етпейді: қымбат медициналық қызмет көрсетілмейді, білім алу арзан немесе мүлде жоқ, балалар дизайнерлік джинсы немесе 150\$ тұратын теннис аяқ киімін алып беруді талап етпейді. Шығыс пен кірісті салыстырсақ, ганалықтардың не себепті көп балалы болуды қалайтыны түсінікті болады.

### Туудың жоғары көрсеткіштерінің қоғамға әсері

Ганадағы туу көрсеткішінің жоғарылығы жекелеген әйелдерге пайдалы болғанымен, қоғамға кері әсері басым. Егер халық саны осы қарқынмен өсе берсе, Гана білім беру, жол жөндеу және ауыл шаруашылығы саласына мемлекеттік шығындарын көбейтуі керек болады. Яғни жекелей алғанда дұрыс болып көрінген шешім қоғамдық деңгейде тиімсіз болуы мүмкін.

Африкада әсіресе полигамды отбасыларда бала саны өте көп. Халық санының артуы үлкен проблема болып тұр



Бұған Батыс халқы: «Олар расымен ақымақ па? Балалары аз болса жағдайларының анағұрлым жақсырақ болатынын түсінбей ме?» – деп таңдануы мүмкін. Бірақ Гананың кейбір тұрғындары үшін бұл әлі де дұрыс шешім ретінде жалғасып келеді.

## Саяси жауаптар

Халық санын азайту үшін Ганада отбасын жоспарлау бағдарламасы жасалып, әйелдер үшін жүктіліктен сақтану құралдарын қолжетімді әрі қолайлы етті. Осылайша, әйелдердің қалауын шектеудің амалы табылды. Сонда да қазіргі кезде тұрмыстағы ганалық әйелдердің тек 17 пайызы ғана заманауи контрацепция құралдарын қолданады (Population Reference Bureau 2011a). Олардың көбі – жас, білімді, қалалық әйелдер. Зерттеулер көрсеткендей, туу коэффициентін төмендетудің бірден-бір жолы контрацепция құралдарына қолжетімділікті арттырумен қатар, білім беру және экономикалық дамыту арқылы әйел мәртебесін көтеру болып отыр (Poston, 2000).

## Италия: туу көрсеткіші тым төмен бе?

Дамуы төмен елдерде халық санының еселенуі алаңдатып отырса, көптеген дамыған елдерде туу көрсеткішінің тым төмендігі ойландырады. Қисыны қызық болғанмен, туу коэффициентінің төмендігі де бірақатар мәселе туындатады.

## Әлеуметтік рөлдердің туу көрсеткішіне әсері

Қазіргі өлім көрсеткіштеріне сәйкес туу коэффициенті орта есеппен әр әйелге 2,1 баладан келуі тиіс. Егер халық саны сақталуы қажет болса, онда ерлі-зайыптылардың орнын басатын екі бала және қайғылы, оқыс оқиғалардың орнын толтыру үшін бірнешеуін артық туу есепке алынады. Мұндай туу коэффициенті нөлдік халық өсімі деп аталады. Егер туу коэффициенті одан төмен болса келесі ұрпақ қазіргіден аз болады.

Қазіргі уақытта Италияда орта есеппен әр әйелге 1,4 баладан келеді (14.2-кесте). Бұл – мемлекет жаңа иммигранттарды қабылдамаса, италиялықтардың келесі буыны қазіргіден анағұрлым аз болады деген сөз. 14.2-кестеде көрсетілгендей, Еуропаның көптеген елдерінде жағдай дәл осындай.

Қазіргі өлім-жітім көрсеткішімен халық өсімі нөлдік деңгейде тұр, ал тұрақтылықты сақтау үшін бала туу коэффициенті әр әйелге 2,1-ден келуі керек.

Италияда туу деңгейі неге сонша төмен? Италиядағы жағдай Ганадағыға қарама-қарсы болып отыр. Көптеген италиялық әйелдер жоғары білімді, басым бөлігі жұмыс істеп, табыс табады. Әйелдер әлеуметтік тұрғыда ерлермен деңгейлес. Демек, өмірлік мақсатына қол жеткізіп, қоғамнан өз орнын табу үшін әйелдер бала тууды екінші орынға қояды. Италиялықтар, негізінен, ауыл шаруашылығы саласында жұмыс істемейді және балаларының барлығы мектепте оқиды, оларға отбасылық табысты арттыру үшін еңбек етудің қажеті жоқ. Италия үкіметі жұмысқа жарамсыздық жағдайында, денсаулық сақтау саласында сақтандыру, зейнетақы және т.б. түрінде қолдаудың лайықты жүйесін қамтамасыз етеді. Яғни тұрғындар қартайғанда немесе ауырып қалғанда балаларының қамқорлығын көруге мұқтаж емес.

Қазіргі өлім-жітім көрсеткішімен халық өсімі нөлдік деңгейде тұр, ал тұрақтылықты сақтау үшін бала туу коэффициенті әр әйелге 2,1-ден келуі керек.



#### 14.2-КЕСТЕ. Еуропада халық санының өзгеруі

Қазір Еуропада өлім саны туу көрсеткішінен артық. Осылайша, бірнеше мемлекетте халық саны азайып отыр. Кестенің соңғы бағанында туу, өлім және миграцияның мемлекеттің іші мен сыртына тигізетін кешенді әсерін көрсетеді.


Мемлекет	1000 адамға шаққандағы туу көрсеткіші	1000 адамға шаққандағы өлім көрсеткіші	Халық санының жылдық пайыздық өзгерісі*	Бір әйелге шаққандағы балалардың орташа саны	Халық санының жоспарлы өзгеруі, 2011–2050 жж. (пайызбен)**
Дания	12	10	0,2%	1,9	7%
Германия	8	10	-0,2	1,4	-15
Венгрия	9	13	-0,4	1,3	-8
Италия	9	10	-0,1	1,4	2
Румыния	10	12	-0,2	1,3	-14
Испания	11	8	0,2	1,4	6
Ұлыбритания	13	9	0,4	2,0	21

ДЕРЕККӨЗ: Population Reference Bureau (2011a).

\*Табиғи өсу қарқыны

\*\*иммиграцияның туу және өлім көрсеткіштері сияқты ықпалын көрсетеді (Осы кестедегі елдерден Италия иммигранттарды қабылдайды, ал Румыния, керісінше, айырылып отыр).

Еуропа, Солтүстік Америка, Оңтүстік Корея және Қытай елдеріндегі көп отбасы жалғыз баламен шектелген. Жас бойынша халықтың құрамының өзгеруі бұл елдерді алаңдатып отыр.



### Туудың төмен көрсеткіштерінің қоғамға әсері

Халық санының өсуінен туындаған күрделі әлемдік дилеммаларды ескере тұра туудың төменгі көрсеткішін неліктен мәселе ретінде қарастыруымыз керек? Екі негізгі мәселе бар: жастардан гөрі егде жастағы адамдардың көбеюі және иммигранттық жұмыс күштерін тартумен байланысты ұлттық үрейдің өршуі.

Туу көрсеткішінің тым төмендігінен қоғамда егде адамдардың саны жастармен теңеседі немесе олардан көп болады. Италияда бұл мәселе

күннен-күнге күрделеніп барады. Ел билігі маман тапшылығын болдырмау үшін көлік жүргізушісінен бастап дәрігерге дейін қорғап, қолдайды. Сонымен қатар зейнетақы мөлшері мен денсаулық сақтау шығындары жылдам көбейіп келеді (Бұл АҚШ-тың әлеуметтік қамсыздандыру жүйесіне де қатысты). Осының салдарынан өндірісі дамыған елдердің басым бөлігі ұлттық таза табысының едәуірін қарт тұрғындардың зейнетақысы мен денсаулық сақтау саласына бөлуге мәжбүр.

Осы мәселеге қарсы күрес мақсатында Италия өзге мемлекеттерден, соның ішінде көбінесе Шығыс Еуропа мен Солтүстік Африка елдерінен жұмысшыларды импорттады. Бұл жағдай ұлттың мәдени құлдырауына алаңдаушылық туындатты. 2007 жылы жүргізілген сауалнама италиялықтардың 73 пайызы иммигранттар Италияға кері әсерін тигізді деп санайтынын көрсетті (Pew Research Center, 2010). Осының салдарынан иммигранттарға қысым көрсетіле бастаған. Тіпті Италия иммиграцияға тыйым салуға мәжбүр болды. Кемсіту мен шеттету әрекеттеріне Италия иммигранттары наразылық көрсетті. Батыс Еуропаның бірқатар елдерінде де осындай жағдай орын алып, соңы жаппай тәртіпсіздіктерге ұласты. Мысалы, Францияның иммигранттық аймақтарында 2005 жылдың аяғында үш апта бойы жалғасты.

Туу көрсеткіші төмендігінің салдары 2008 жылы 12 мамырда Қытайдың Сычуан провинциясында болған жер сілкінісі кезінде байқалды. Халық санының өсуін тежеу үшін авторитарлық Қытай үкіметі отау құрған азаматтарына дүниеге бір баладан артық әкелуге тыйым салып, заңды елемеген жұптарға шара қолданып отырған. Жер сілкінгенде құрылысы осал 7000 үй құлап, қирандылар астында мыңдаған бала көз жұмды. Олардың көбі ата-аналарының жалғыз баласы болатын.

Баладан айырылу – ауыр қасірет. Ал жалғыз баланы жоғалту тіптен қиын. Өмірдің мәні кетіп, үкілеген үміт үзіледі. Қартайғанда қайыры болар деп жүрген баласымен бірге ата-анасының болашаққа деген сенімі де жоғалады. Осы оқиғадан кейін Қытай үкіметі жапа шеккен отбасыларға жеңілдік жасап, тағы да бала сүюге рұқсат берді. Бірақ кейбір жұптардың жасы егде тартқандықтан бұл мүмкіндікті пайдалана алмауы мүмкін.


## Саяси жауаптар

Туу көрсеткішін көтеру мақсатында Италия және басқа да еуропалық елдер бірқатар ынталандыру шараларын қолға алды. Атап айтқанда, жүктілік пен бала күтіміне байланысты ақысы төленетін бірнеше айлық демалыс белгіленді, көлемі бала санына сәйкес артатын ақшалай сыйақы мен тұрғын үй субсидиялары және бала 3 жасқа толғанға дейін ай сайын жәрдемақы төленетін болды (Oleksyn, 2006). Дегенмен баланы бағып-қағуға жұмсалатын шығын бұл жеңілдіктерден әлдеқайда артық. Бұл басымдықтар туу көрсеткішінің күрт төмендеуіне кедергі келтіргенімен Италияда да, басқа еуропалық елдерде де көрсеткішті жоғарылата алмады. Себебі әйелдерді үйден түзге қарай жетелейтін қызық жайттар бар (Gautier & Natzius, 1997).

## Халық және әлеуметтік мәселелер: екі мысал

Әлемдегі халық санының өсімін саралау бұның әрі жақсы, әрі тиімсіз жақтары бар екенін көрсетті. Жақсысы сол – дүниенің түкпір-түкпірін-





Ағаштарды кесу салдарынан Бразилиядағы тропиктік ылғалды ормандар және басқалары жойылып барады. Бұл жағдай дамыған елдердің сұранысына қарай экспорттың көбеюі салдарынан туындап отыр.

дегі әр әйелге шаққанда орташа туу көрсеткіші азайды (14.3-кесте). Бірақ соның өзінде дүниежүзінде халық саны келесі 50 жылда айтарлықтай арта түспек. Тиімсіз жағы осы. Бұл болжамға бүгінгі адамдардың жас ерекшелігі себеп болып отыр. Болашақ аналардың келесі буыны дүниеге келе бастады. Сондықтан алдағы уақытта әлемде 8–9 млрд. адам өмір сүреді деген есеппен жоспар құру керек.

Демографиялық қысым көптеген әлеуметтік мәселелерге ықпал етуі мүмкін. Бұл тарауда біз, негізінен, екі мәселені – экологиялық апат пен кедейлікті талқылаймыз.

## Экологиялық апат: халық санына әсері бар ма?

Дүниежүзі бойынша экологиялық апаттың белгілері өте көп: дамыған елдерде қышқыл жауын жауады және қоршаған ортаға мұнай төгіліп жатыр. Африкада ағаштардың азаюынан әрі көп мал жайылғандықтан шөл және шөлейт жерлер көбейіп барады. Екеуі де қоршаған орта үшін аса қауіпті. Әсіресе соңғысы халыққа өте ауыр тиетін мәселе болып отыр.

АҚШ-тың жауапкершілік жүгі қоршаған ортаның бүлінуіндегі үлесінен анағұрлым артық. Ондағы асып-тасқан өмір салты мұнай мен табиғи ресурстар көлемін молынан қажет етеді. Бұл ресурстарды өндіру табиғатты бүлдіруге, ауыл шаруашылығы жерлерінің азаюына және мұхиттың ластануына алып келеді. Осы ресурстарды қолдану салдарынан аурулар пайда болады, ауа ластанады, қышқыл жауын мен түтіннен тұман түсіп, кесірінен ормандар жойылады. Алайда егер біздің санымыз екі есе аз болса (яғни екі есе аз автокөлік, зауыттар және пластиктен жасалған ыдыс, т.с.с.), бұл мәселелер мұндай қиынға соқпас еді. Өйткені олар өзіміздің өмір сүру салтымыздан туындап отыр.

### 14.3-КЕСТЕ. Бір әйелге шаққандағы орташа туу көрсеткіші, 1950–2011 жж.

Соңғы елу жылда дүниежүзі бойынша бір әйелге сәйкес келетін туу саны қысқарған.

Бір әйелге шаққандағы туудың орташа саны		
Аймақ	1950	2011
Африка	6,6	4,7
Азия	5,9	2,2
Еуропа	2,6	1,6
Латын Америкасы	5,9	2,2
Солтүстік Америка	3,5	1,9
Мұхит аралдары	3,8	2,5

ДЕРЕККӨЗ: Gelbard, Haub. & Kent (1999); Population Reference Bureau (2011a).

Сахарадан оңтүстікке қарай, Африкада қоршаған ортаның ластануына тікелей халық кінәлі. Ауыл шаруашылығымен айналысатын аймақтарда жұмыс тәртібі мынадай: демографиялық қысым фермерлерді құнарсыз жерді алып, топырақты құнарландырмастан немесе егістік алқабын ауыстырмай жоғары өнім беретін дақылдарды жеделдетіп еге беруге мәжбүрлейді. Мұндай жерлер жылдан-жылға өнімді аз беріп, оны өңдеу одан бетер қиындай түседі. Фермерлер жерін кеңейту үшін ағаштарды кесіп, ормандарды шетінен жоя береді. Жел мен судың әсерінен жер эрозияға ұшырап, топырақтың беткі құнарлы қабаты зардап шегеді. Ақыры ол жерлер шөлге немесе құнарсыз тақырға айналады. Ормандар жойылып, топырақтың өсімдіктер мен жануарлар үшін маңызды беткі қабаты тозады. Қоршаған ортаның осылай циклды бұзылуы кедейлікпен етене байланысты. Балалар ашқұрсақ отырғанда, келешек ұрпақ үшін қоршаған ортаны сақтап қалу мақсатында ұзақ мерзімді шешімдер қабылдау қиын.

Жалпы халық санының өсімін тоқтату арқылы экологияға келетін залалдың алдын алуға болады. Бірақ бұл қазіргі мәселелерді шеше алмайды. Олардың шешімі ауылдардағы кедейлікті азайту, ауыл шаруашылығын жүргізу әдістерін жақсарту, артта қалған елдердің сыртқы қарызын азайту және көптеген дамыған елдердегі ысырапшылдық пен бүлдірулерді қысқарту үшін халықаралық деңгейде күш біріктіріп, қаржылық міндеттемелер қабылдау арқылы ғана жүзеге асуы тиіс.

## Дамуы төмен елдердегі кедейлік

Дүниежүзі бойынша 500 миллиондай адам асқа жарымайды және жыл сайын Африка мен Азияда ашаршылық көрініс табады. Бұған қоса 1 миллиард адам нашар тамақтанады, білім алмайды және әлеуметтік тұрғыдан қорғауға алынбаған. Олар – сол туу көрсеткіші жоғары аймақтардың тұрғындары.

Кейбір бақылаушылардың пайымдауынша, дамушы елдердегі кедейлік туу көрсеткішінің тым жоғары болуынан. Бірақ бұл негізгі немесе бір ғана себеп емес. Кедейлік пен ашаршылық, ең алдымен, соғыс, жемқорлық және демократиялық емес елдердегі теңсіздік тәрізді келеңсіз жайттардың салдары. Сондай-ақ шикізат пен табысты неғұрлым кедей елдерден алатын әлемдік экономика жүйесі де ықпалын тигізіп отыр (Chase-Dunn, 1989; Dreze & Sen, 1989; Sen 1999). Бір анығы – кедей елдердің азық-түлікті импорттауынан экспортқа шығаруы көп (Larpe, Collins, & Rosset 1998). Мысалы, 1990 жылдары Куба халық санының өсімінен кедейленген жоқ. Оған елдің авторитарлық үкіметінің экономиканы мықтап дамыту орнына кейіннен ыдырап кеткен КСРО-ның субсидияларына иек артуы себеп болды. Конго Демократиялық Республикасының тұрғындары да жоғары туу көрсеткішінен емес, соғыстың кесірінен ашығып, өліп жатыр.

## Саяси жауаптар

Кедейлікке әкелетін факторлар көп болғанымен, әлем көшбасшыларының барлығы дерлік бұл мәселеде туу коэффициентін төмендетудің маңызы зор деп санайды. Туу коэффициентін түсіруге бағытталған ең сәтті бағдарламалар отбасын жоспарлау, экономика мен білім беруді дамыту және әйелдің мәртебесін көтеру сияқты мәселелерді бір арнаға тоғыстырады (Poston, 2000).

## Әлеуметтану және сіз

Сіз АҚШ-та тұрып жатқандықтан дамуы төмен өзге бір елдің азаматтарына қарағанда, қоршаған ортаның ресурстарын көбірек қолданасыз. Сіз оқу орнына не жұмысқа дейін машинамен болмаса қоғамдық көлікпен барасыз, сондықтан жаяу жүретін адамдай емес, азы-көпті газ жұмсайсыз. Жол-жөнекей ішу үшін бір құты су алуыңыз мүмкін және ол қандай да бір ыдыста болады. Жалпы кез келген май, су немесе басқа өнімді сізге жеткізу үшін құты жасайтын ресурстар керек. Сол ресурстардан жасалған пластмасса, су, қазба байлықтар, металдар мен басқа да өнімдерді күні бойы қолдануды жалғастырасыз.

Ауғанстан сияқты кедей елдерде білім беру және жұмыспен қамтуды, әсіресе қыз-келіншектер үшін күшейтіп, отбасын жоспарлау бағдарламасын кешенді жүргізген кезде бала туу көрсеткішін төмендетуге қол жеткізілді.



**ОТБАСЫН ЖОСПАРЛАУ БАҒДАРЛАМАСЫ.** Бұл бағдарламалар бала санын шектегісі келетін адамдар үшін заманауи контрацептивтер мен ұрықсыздандыру шаралары қолжетімді әрі қолайлы болуын қамтамасыз ету мақсатында жасақталған. Мысалы, 1975-1991 жылдар аралығында отбасын қатаң жоспарлау бағдарламасы аясында Бангладеште жүктіліктен сақтандыру құралдарын қолдану 500 пайызға артып, бас-аяғы 16 жылдың ішінде әр әйелге шаққандағы туу көрсеткіші 7-ден 5 балаға төмендеді (Kalish, 1994).

**ЭКОНОМИКА ЖӘНЕ БІЛІМ БЕРУ САПАСЫНЫҢ ДАМУЫ.** Әлемдік тәжірибе көрсеткендей, білім беру сапасы артқан сайын туу көрсеткіші төмендеп, ел экономикасы алға басады. Мысалы, Оңтүстік Кореяның экономикалық дамуына байланысты әр әйелге шаққандағы туу коэффициенті күрт төмендеген. 1960 жылы 6,0 болса, қазіргі көрсеткіш – 1,2 (Population Reference Bureau, 2011a).

**ӘЙЕЛДІҢ МӘРТЕБЕСІН КӨТЕРУ.** Әйелдің мәртебесі төмен елдерде олар тек өздерінің әлеуметтік бағасын көтеріп, көп бала әсіресе ұл туу арқылы алаңсыз қарттығын қамтамасыз ете алады. Ал әйел тереңірек білім алып, аз да болсын өз бетімен табыс таба алған кезде отбасында айтарлықтай билікке ие болады. Сөйтіп, кешірек тұрмыс құрып, аз бала туады. Сонымен қатар қыздарын бесіктен бөлі шықпай жатып күйеуге шығудан қорғай алады. Сондықтан білім беруді нығайтып, экономикада зор мүмкіндіктер ашып, әйел тұрмысын қорғауға барынша күш салған Оңтүстік Корея мен Сингапур сияқты елдер отбасын жоспарлауда ең үздік деп танылды (United Nations Population Fund, 2000).

## АҚШ-тағы халық саны

АҚШ-тағы демографиялық ахуал Италиядағы жағдайға ұқсайды, туу және өлім деңгейі төмен, бірақ бірқатар ерекшеліктері де бар. Біріншіден, туу коэффициенті халық санының нөлдік өсу межесіне жақын болғанымен, Италиядағы сияқты шектен тыс төмен түсіп кеткен жоқ. Екіншіден,



халық саны иммиграция әсерінен айтарлықтай өсіп отырады. Үшіншіден, осы иммиграцияның арқасында АҚШ халқы италиялықтардан әлдеқайда жас. Бұл тарауда АҚШ-тағы туу коэффициенті, өлім көрсеткіштері мен миграция мәселелері туралы қысқаша айтып өтеміз.

## Туу көрсеткіштері

Соңғы 20 жылда АҚШ-та әр әйелге шаққандағы бала туу көрсеткіші халық саны өсімінің нөлдік деңгейі шамасында болды. Мұндай төмен көрсеткіш әлеуметтік таптың азаюына, туу коэффициентіндегі нәсілдік және діни айырмашылықтарға да байланысты. Кейбір әйелдер жасөспірім кезінде, ал енді бірі 40 жасында балалы болады, бірақ қай-қайсысының да екі баламен шектелуі жиіледі.

## Өлім көрсеткіштері

АҚШ отбасылары үшін өлім – өте сирек болатын жағдай. Өмірдің орташа ұзақтығы 80 жасқа жақындады, ал 65 жасқа ауырмай жеткен адам тағы 20 жыл анық өмір сүреді деп күтуге болады. Ата-аналары балаларының аман-есен жетіліп, ұзақ өмір сүретініне сенімді бола алады. Егер жас жұбайлар ажырасып кетпесе «алтын тойға» жетері анық.

1970 жылдан бері орташа өмір сүру ұзақтығына 7 жыл қосылды. Бұл, ең алдымен, қарт адамдар жиі шалдығатын дегенеративті (жүрек аурулары және қатерлі ісік) ауруларды диагностикалау және емдеу жолдарының жақсаруымен байланысты. Сонымен қатар нәсілдік және әлеуметтік тап арасындағы өлім көрсеткіштерін төмендету де себеп болып отыр. 1940 жылдардың бас кезінде афроамерикалық әйелдердің ғұмыры «ақ» әйелдерден 12 жылға қысқа болатын, бүгінде айырмашылық 3 жылдан астам (U.S. Bureau of the Census, 2011c).

1981 жылы алғаш анықталған СПИД дерті өлім-жітімді көбейтті. Соңғы жылдары СПИД-тен қайтыс болғандардың саны біршама азайғанымен, 25–44 жас аралығындағылардың әсіресе афроамерикалықтар мен латынамерикалықтардың өліміне бірден-бір себеп осы дерт болып отыр. Негізінен, есірткіні күре тамырға егу арқылы жиі таралатын СПИД кедейлер мен тұрмысы төмендердің ауруына айналды.

## Миграция үлгілері

Миграция дүниежүзінде халық санының өсуіне себепші фактор бола алмағанымен, жекелеген мемлекеттердің демографиясына қатты ықпал етеді. АҚШ – иммиграция зор әсер еткен елдің бірі.

АҚШ азаматтарының көбі – экономикалық жағдайын жақсарту үшін келген эмигранттар. Мәселен, жақында қоныс аударған мексикалық мигранттарды айтуға болады. Ирак, Босния және Судан сияқты елден келген иммигранттар босқындар болып саналады. Олар – соғыстың немесе экономикалық құлдыраудың кесірінен үйлерін тастап кетуге мәжбүр болғандар («Жаһандық көрініс: халықаралық миграция» бөлімін қараңыз). Ішкі және халықаралық миграция АҚШ-та біраз мәселе туындатып, мемлекеттің саяси бедерін өзгертті.

## Иммиграция

АҚШ әрдайым иммигранттар елі болды. 1880-1920 жылдар аралығында иммиграция ең жоғары деңгейге жетті, кейін оны шектейтін



қатаң заң қабылданған соң төмендеді. Иммиграция 2008 жылға дейін тұрақты өсіп отырды, кейін АҚШ-та жұмыс орындары қысқарған соң иммигранттардың қызығушылығы бәсеңдеді (Preston, 2009). Болашақта иммиграция АҚШ экономикасының Мексика мен басқа да елдерге қарағанда төзімділігі қандай болатынына байланысты.

АҚШ-қа шамамен жыл сайын 1 миллион иммигрант кіреді. Соңғы иммигранттардың басым бөлігі – Латын Америкасынан немесе Азиядан келгендер. Иммигранттардың жартысы – көбінесе Мексикадан не Орталық Америкадан келетіндер – шекарадан заңсыз өтуі мүмкін.


АҚШ иммигранттары екі топқа бөлінеді. Біріншісі – жоғары кәсіби дайындығы бар, білімді, ағылшын тілін жақсы меңгерген және заңды жолмен келетін мамандар. Мысалға, үндістандық дәрігерлер мен компьютер бағдарламашыларын айтуға болады. Екінші топ – білімі жоқ, ағылшын тілінде сөйлей алмайтын, көбінесе шекарадан заңсыз өтетіндер. Бұл жұмысшылардың көпшілігі Латын Америкасынан келеді. Екі топтың тағдыры мен олардың АҚШ-қа ықпалы әртүрлі.

Иммиграцияның арқасында АҚШ халық саны азаяды деп алаңдамайды. Алайда елдің нәсілдік және этникалық құрамы қатты өзгереді. 2050 жылға қарай латынамерикалық иммигранттар мен «ақтар» арасында туу көрсеткішінің төмендеуінен халықтың құрамдық үлесі өзгереді болжам бар. Испантілді емес «ақтар» 2001 жылғы 69 пайыздан 50 пайызға дейін төмендеуі мүмкін (14.3-сызба.)

Көптеген иммигранттар, заңдысы болсын, заңсызы болсын, өз еліндегі экономикалық жүйенің жұтаңдығынан АҚШ-қа келеді. Бір жағынан, АҚШ-та біліктілігі төмен, болмашы жалақыға жалданатын жұмыс күшіне сұраныс бар. Бұрындары иммигранттар қосымша табыс табу мақсатында АҚШ-қа қажеттіліктеріне қарай уақытша ғана келіп-кетіп жұмыс істей алатын. Шекарадан өтуге тыйым салынғаннан кейін елге бірнеше мәрте кіріп-шығу қауіпті болып кеткендіктен иммигранттардың көбі АҚШ-та тұрақтап қалды (Massey, 2006). Сонымен қатар шекара кесіп өтушілерге қысым көрсетуден де иммигранттар саны азая қоймады. Зерттеушілер тәжірибесі көрсеткендей, Мексиканың оңтүстігінен көшуге шешім қабылдаған 1000 адамның барлығы да шекарадан өткен (Preston, 2009). Алайда АҚШ қазіргі экономикалық дағдарыс салдарынан иммигранттар үшін жайлы болудан қалып, көшіп келушілер саны азайды.

#### 14.3-СЫЗБА. АҚШ-тағы халық санының өзгеруі

Егер иммиграция мен туу көрсеткіші қалыпты деңгейде болса, латынамерикалықтар мен азиат нәсілді америкалықтар көбейеді, ал испантілді емес «ақ» америкалықтардың үлес салмағы, керісінше, кемиді.



Қазіргі иммиграциялық тенденцияның салдары экономикалық және мәдени салалардан байқалуы мүмкін. Зерттеулер көрсеткендей, экономикалық тұрғыдан алғанда иммигранттар АҚШ азаматтарын жұмыссыз қалдырып жатқан жоқ. Бірақ заңсыз иммигранттар арзан жұмыс күші ретінде қолайлы болғандықтан, білімі төмендеу АҚШ азаматының да жалақысы азаюы мүмкін. Бір экономистер иммигранттар жалақы деңгейіне әсер етпейді деп тұжырымдаса, енді бірінің есептеуінше, олар АҚШ-тағы жалақыны 3%-ға төмендетіп отыр. Әсіресе орта білімділердің табысына қатты әсер етеді (Borjas & Katz 2007, Martin and Midgley, 2010). Ал мәдени тұрғыдан алғанда АҚШ плюралистік қоғамға айналуы мүмкін. Мәселен, сальса мен футбол, қазір хот-дог пен бейсбол сияқты танымал. Алайда жаңа иммигранттар бұған дейінгі латынамерикалықтар немесе басқа да қоныс аударушылар сияқты әлі де Америка қоғамына кірігіп кетіп жатыр (Alba & Nee, 2003).

## Ішкі миграция

Соңғы уақытқа дейін АҚШ-та мемлекеттің бір бөлігінен екіншісіне көшу басқа елдерге қарағанда жоғары болатын. Алайда бұл жағдай экономикалық құлдыраудан кейін өзгерді. 2010 жылы қоныс аударғандардың үлесі соңғы 60 жылдағы ең төмен көрсеткішке сәйкес болды. Өйткені көп адам тұрған жеріндегі үйін сата алмағандықтан, елден шыға алмай әлек болды. Мұның тағы бір себебі – көпшілік жұмысынан немесе жинаған қорынан айырылып қалып жатыр, сондай-ақ банктердің ипотекалық несие беру шарттары күрделенген. Ал енді бірі баспана бағасы тым төмендеп кеткендіктен ұтылып қалудан үрейленеді. Негізінде, соңғы онжылдықтарда алғаш рет орталық қалаларда өмір сүретін халық санының аздап өсуінің бір себебі осы болуы мүмкін (Mather, Pollard and Jacobsen, 2011).

АҚШ-тағы ішкі миграцияның ең жарқын мысалы – 2005 жылы «Катрина» дауылынан қашып 1 миллион адам көшіп кеткен. 2005 жылға дейін Жаңа Орлеан ұзақ уақыт бойы құлдырап келген қала еді. Дауылдан кейін ахуал одан бетер қиындай түсті. Су тасып, үйлер мен ғимараттар қирады. Канализация жүйесі және электр желісі сияқты негізгі қызметтер үзілді. Салдарынан тұрғындардың көп бөлігі қаладан көшіп кетті. Жағдай жақсарған соң біразы қайта оралғанымен қала халқының саны дауылға дейінгі көрсеткіштен 40 пайызға төмен күйінде қалды. Қашқан босқындардың қалаға қайтып келгені бар, басқа жақта тұрақтағаны бар апатқа дейінгі жағдаймен салыстырғанда кедейленіп кетті. Олардың көбі әлі де уақытша паналау үшін ойлап табылған «жылжымалы» үйлерде өмір сүреді.

Жаңа Орлеан оқиғасы, әрине, сирек кездесетін жағдай. АҚШ-тағы ішкі миграцияның тарихи көлемдісі – **урбанизация** – халықтың кіші қалалар мен ауылдардан үлкен қалаларға ағылуы. Америка тарихында қалалық аймақтар, ауылдық аймақтарға қарағанда тез дамып, кеңейе түсті. Алайда шамамен 1970 жылдардан бастап жағдай өзгере бастады. Қазіргі таңда ішкі миграцияда негізгі үш тенденция бар: жылы жағажайлы аудандардың дамуы, субурбанизация және қала маңындағы кейбір аудандардың қарқынды өзгерісі.

1970 жылдан бастап адамдар Орталық Батыстан және Солтүстік шығыс штаттардан Оңтүстік пен Батысқа біртіндеп жылжи бастады. Еңбекке жарамдылар жұмыс іздеп, ал зейнеткерлер жаймашуақ жерге кетті. Көптеген қалалар да осы аймақтарда құрылды. Алайда жұмыс орындарының қысқаруы мен тұрғын үй бағасының төмендеуінен бұл аймақтағылар көп жапа шекті. Сол себепті де қазір халқы азайып жатыр.

---

**Урбанизация** – халықтың шағын қалалар мен ауылдардан үлкен қалаларға ағылуы.



## Назар аударыңыз



## ЖАҢАНДЫҚ КӨРІНІС

### Халықаралық миграция

**2010** жылы шамамен 10,6 миллион босқын өз үйлерінен еріксіз босып кетті. Тағы бірнеше миллионы (осыған дейінгі босқандар) өз елінен аулақ жерде азаматтығы жоқ немесе бас сауғалап жүргендер ретінде қалып отыр (United Nations High Commissioner for Refugees, 2010). Миллиондаған адам ерікті түрде өзге елдерден жаңа өмір мен мүмкіндіктер іздеп жүр.

АҚШ-тағы иммигранттар мен босқындар жиі талқыға түседі, бірақ халықаралық миграция жайлы не білеміз? 14.1-картада дүниежүзі бойынша соңғы кездегі көші-қонның түрлері көрсетілген. Көптеген босқындар бір дамушы елден іргелес орналасқан екінші дамушы елге көшеді. Сонымен бірге ерікті мигранттардың көбі жақсы өмір іздеп өндірісі дамыған елдерге қоныс аударады.

Демографтардың айтуынша, соңғы жиырма жылдағы экономикалық және саяси толқулар мен жаһандану туындатқан мүмкіндіктер халықаралық миграцияны арттырды. 2010 жылы 214 миллиондай адам өзінің туған


немесе азаматтығын алған елінен тыс жерде өмір сүрді (International Organization for Migration, 2011). Халықаралық миграцияға, негізінен, соғыс пен ашаршылық факторлары әсер еткенімен кейбір мигранттар Оңтүстік Корея, Сингапур, Малайзия сияқты жаңа индустриалды елдерге экономикалық даму мен жұмысқа орналасу мүмкіндігін іздеп барады. Бұл ретте артта қалған елден дамыған мемлекетке көшіп келгендердің көбі осы жайлылыққа ұмтылғаны есепке алынады. Еуропаның қуатты экономикасы батыстан өзге елдердегі еселеніп жатқан жұмыс күштеріне жұмыс орындарын көптеп ұсынады. Мигранттар әдетте жас ер адамдар болатын. Бірақ қазіргі уақытта елін тастап кетушілердің жартысынан көбі – әйелдер мен қыздар (United Nations Population Fund 2009). Олардың көбі – аналар. Негізінен, көршілес бай елдерде жұмысқа орналасып, баласын тәрбиелеп отырған отбасына, достарына, көршілеріне ақша жіберу мүмкіндіктерін іздейді.

Көптеген елдер үшін мигранттардың үйлеріне жіберген қаражаты негізгі табыс көзі болып саналады. Бір ғана 2009 жылдың өзінде мигранттар отандарына, яғни дамушы елдерге 316 млрд. доллар салған (International

Organization for Migration, 2011). Бұл қаражат сол елдердегі миллиондаған адамдарға кедейліктен шығуға көмектесті (Martin and Zurcher, 2008). Алайда қазіргі экономикалық дағдарыс салдарынан бұл қаражаттың көлемі кеміді. Мысалы, Уганда елінде ақша айналымы 40 пайызға жуық қысқарып, салдарынан түгел қоғам жапа шекті (International Organization for Migration, 2011).

Халықаралық мигранттар ағымынан кімнің пайда тауып отырғаны әлі де белгісіз. Германия, Франция және Италия сияқты елдерде халықтың этникалық әртүрлілігіне байланысты жаңа мәселелер туындағанымен, дамушы елдерден келген жұмысшылар елдің экономикасына септігін тигізіп отыр. Туу көрсеткіші төмендеуі Еуропа, Жапония және басқа елдерде жұмыс күші азайып, қарт тұрғындар көбеюіне алып келді. Осылайша, Түркия және Пәкістан сияқты елдердің мигранттарына төменгі деңгейдегі жұмыстарға сұраныс жоғары болып отыр. Ал мигранттардың үйіне жіберген табысы анағұрлым артта қалған елдердің өмір сүру жағдайын жақсартты ма, жоқ па? Бұл сауал басы ашық күйінде қалып отыр.


Соңғы жылдары АҚШ-та латынамерикалық тұрғындар саны артты. Бұл отбасылар заң жүзінде тіркелуге өтініш беруді күтіп жүр.





14.1-КАРТА. XXI ғасырдағы миграцияның негізгі бағыттары.

ДЕРЕККӨЗ: Martin &amp; Widgren, 2002.



Мемлекеттің қалған бөлігінде орталық қалалар қысқарып, айналасындағы аймақтар өсті. **Субурбан** қаланың сыртында қалыптасатын, жұмыс орнымен және сапалы қызметпен емес, тек тұрғынжаймен қамтамасыз ететін аудан. Атап айтар бір маңызды жайт – орта тап қаладан амалсыз кетті, содан келіп анағұрлым үлкен қалаларда тек байлар мен кедейлер ғана тұратын болды (Scott, 2006). Жұмыс орындары іргедегі аудандарға ауысқан кезде қалада кедейшілік белең алды. Қатынайтын қоғамдық көлік мүлде азайды. Ал байлар қаладағы тұрғын үй бағасын қымбаттатты («Out of Sight», 2000). Орталық қалалардағы тұрғындардың едәуір тұрақтанғанына қарамастан, соңғы бірнеше жылда баспана шығындары, жұмыс орындары және көлік тасымалына байланысты мәселелер таяудағы жылдарда сақталуы мүмкін.

Қалалық емес (нонурбан) аймақтар да белгілі бір межеде өсті (Johnson, 2003). Бұл ретте де өсімнің көп бөлігі жылы жағажайлы және Батыс штаттарында әсіресе демалысқа қолайлы әрі ірі қаладан бірнеше сағаттық қана жерде орналасқан аудандарда байқалды. Бірақ зейнеткерлер мен интернетке қосылуға мүмкіндік бар кез келген жерде өмір сүре алатын жұмысшылар санының артуы солтүстік Мичиган, Техас штатындағы Арчер округы сияқты қашықта жатқан бағытта аз да болса миграцияның өсуіне ықпал етті (Fessenden, 2006).

Қала маңындағы және қала сыртындағы өмір автокөлікке тәуелді болғандықтан ауаның ластануы артты. Сонымен қатар 1970 жылдан басталған АҚШ-тағы ішкі миграция қоршаған ортаның ластануына

**Субурбан** қаланың сыртында қалыптасатын, жұмыс орны мен сапалы қызметпен емес, тек тұрғынжаймен қамтамасыз ететін аудан.



2005 жылғы «Катрина» дауылынан кейін Жаңа Орлеанның бірқатар аудандарында үйлер қирады. Осының салдарынан көптеген отбасы Жаңа Орлеаннан Хьюстонға және басқа қалаларға көшіп кетті. Бұл процесс ішкі миграция деп аталады.



төтеп бере алмайтын аймақтарға қарай бағытталды. Флорида, Калифорния штаттарында және Оңтүстік-батыстың басым бөлігінде ауыз суға сұраныс артып отыр. Мемлекет су пайдалану жөніндегі заңдылықтарды реттей алмаса, осы мәселе төңірегіндегі саяси шиеленіс өрши түсуі мүмкін. Сумен қамтуға рұқсат алудағы бәсеке ауыл шаруашылығы мен қалалық мүдде арасындағы қарама-қайшылықтарды арттыруы ықтимал.


АҚШ-тағы туу коэффициенті, өлім көрсеткіштері және миграция халық пен әлеуметтік институттар арасындағы өзара байланысты анық сипаттайды. Әлеуметтік тап, әйел рөлі, нәсілдік және этникалық қатынастар халық санының өзгеруімен тығыз байланысты. Халықтың әлеуметтік қарым-қатынас үшін аса маңызды бір ғана қосымша элементі – қауымдастық көлемі. Енді соны қарастыратын мәселе.

## Урбанизация

Біздің көптеген әлеуметтік институттарымыз аграрлық қоғамдардан, яғни тұрғындардың басым бөлігі тұрып, жұмыс істейтін ауылдық жерлерден бастау алады. 1850 жылдың өзінде дүниежүзіндегі халықтың небары 2 пайызы ғана 100 мыңнан аса халқы бар қалаларда өмір сүрді (Davis, 1973). Бүгінгі уақытта дүниежүзі халқының жартысынан көбі және АҚШ тұрғындарының 80 пайыздан астамы қалалар мен астаналық аудандарда өмір сүреді. (Артта қалған және дамыған елдердегі халықтың ауысуы 14.4-сызбада көрсетілген). Қалалар қалай дамыды және олар қандай деңгейде?

## Қала халқының өсуі мен азаюы туралы теориялар

Құрылымдық-функциялық теориялар және конфликтология теорияшылары қалалық өмір салты мен сипатына байланысты екі түрлі көзқараста. Құрылымдық функцияшылдар қаланың өсуі мен құлдырауының артықшылықтарына мән береді. Ал конфликтология теорияшылары осы өзгерістерге әсер ететін саяси күресті зерттейді.



#### 14.4-СЫЗБА. Урбанизацияның дүниежүзілік тенденциялары

Урбанизация дүниежүзінде көбейіп келеді. Ол, негізінен, дамыған елдерге тән, бірақ дамушы елдерде кең етек жайып отыр.

ДЕРЕККӨЗ: United Nations, 2010


### Құрылымдық-функциялық теория: қала экологиясы

1920–30 жылдары көпшілігі жедел дамып жатқан Чикагода тұрған құрылымдық-функциялық әлеуметтанушылар қалаларды болжамдар арқасында дамыды деп санады. Кейбіреулері қалалар (Чикаго сияқты) орталық іскер аудандарда шоғырланған топтардан бой көтерді деп тұжырымдады (Burgess, 1925). Енді бірі қалалар транзиттік бағыттар бойында сына тәріздес формадағы секторлардан немесе басқа да үлгілерден қалыптасады деп есептеді (Hoyt, 1939). Дегенмен құрылымдық функцияшылдардың бәрінің ойы бір жерден шықты. Экономикалық бәсекелестердің арасындағы шынайы да мықты жарыс – тауарлар мен қызметтерді өндіру мен жеткізудің барынша тиімді амалдарын ұсыну үшін, қалаларды кез келген жолмен дамуға жетелейді. Кейіннен құрылымдық функцияшылдар қалалардың құлдырауы мен қала маңы аудандарының дамуы экономикалық және әлеуметтік өмірді неғұрлым тиімді ұйымдастыруға деген талпыныстардан туындап отыр деп тұжырымдады.

### Конфликтологиялық көзқарас: ақ нәсілділердің үдере көшуі және үкіметтің субсидиясы

Керісінше, конфликтология теорияшыларының ойынша, әлі де қала өсімінің жылдар бойы және түрлі жерлерде қолданылып келе жат-





Англия, Йоркшир. 1950 жылдар. Сурет индустриалдық қалалардың қоршаған ортаны жиі ластайтын өнеркәсіп орындары айналасында жұмысшы таптың жұтаң үйлері тығыз шоғырлануымен сипатталатынын аңғартады.

қан нақты бір үлгісі әлі де болмай отыр. Сондықтан олар қаланың өсуі мен құлдырауында қалыпты деп сипатталатын ештеңе жоқ деген тұжырымға келді. Сондықтан бұлардың пікірінше, әрбір қала бәсекелес экономикалық және саяси күштердің салыстырмалы билігіне қарай өзіндік бірегей тәсілмен ұлғаяды немесе кішірейеді (Feagin & Parker, 1990) деген көзқарастарын алға тартады.

Осы бәсекелес күштер ғасырдың соңғы жартысында орта тапқа жататын америкалықтарды қаладан шығаруда маңызды рөл атқарды. Батыс мәдениеті ұзақ уақыт бойы қалаға қарсы бағытты ұстанып келді. Себебі қаладағы өмірге қарағанда, ауылдағы өмір «неғұрлым таза» деп саналды. Бұл түсінік ХХ ғасырдың алғашқы онжылдықтарында күшейе түсті. Сол кезде алғашқы шетелдік иммигранттар мен кейінгі афроамерикалықтар Оңтүстіктен Солтүстік Шығысқа және Орталық Батысқа қарай көптеп көше бастады. Бұл өзгерістер «ақ» америкалықтарды қала қауіпсіз емес деген ойға әкеліп, орта және жоғары тапты қаладан қашуға ынталандырды. Бұл тенденция «ақтардың қашуы» деп танылды.

Америкалықтардың қаладан бас тартуына мемлекеттің қала маңы аймақтарында субурбанизацияны дамыту үшін субсидиялар бөлуі ықпал етті (Goddard, 1994; Moe & Wilkie, 1997). 30-жылдардан бастап Федералдық үкімет және жергілікті билік органдары қоғамдық көлікке қаржылай қолдауды ұдайы азайтып, автомобиль өнеркәсібін, автокөлік жолдары мен оларды жөндеу жұмыстарын субсидиялауды барынша арттыру арқылы автокөлік шығарушылар мен қала маңын жасақтаушылар қысымына жауап қайтарды. Осының салдарынан адамдар көлік қоятын орындары шектеулі, транзиттік жүйелері тар ірі қалаларда тұру, жұмыс істеу, сауда жасау немесе саяхаттау қиындағанын сезінді. Сонымен қатар 1950 жылдардан бастап үкімет қала маңындағы аймақтарға жеңілдетілген ипотекалық несие берілуін қамтамасыз етті. 1960–1970 жылдары үкімет қирап-бұзылған «қалаларды жаңарту» бағдарламасын жүзеге асыра бастады. Бағдарлама бойынша қаланың тұрақты аудандарының (көбіне аз ұлт өкілдері мен кедей немесе жұмысшы тап өмір сүретін) ортасынан автожолдар салынып, баспаналары бұзылған тұрғындар сапасыз салынған көп қабатты қоғамдық үйлерге көшірілді. Сонымен қатар соңғы жиырма жылда қала маңының жергілікті билік органдары корпорацияларды тарту мақсатында салықтық жеңілдіктер жасады.

Осы өзгерістердің барлығы қалалардың ыдырауына ықпал ету мақсатында америкалықтардың орта табын қала маңына көшуге итермеледі (Moe & Wilkie, 1997). Әрине, көптеген адамдар қаладағы үйлерінен қуана көшіп, қала маңындағы еркіндіктің рақатын көрді. Ал енді біразы қаладағы үйреншікті қонысын амалсыз тастап кетті. Олар дамып келе жатқан қала маңына жұмысқа бара жатқан жолда автобуста газет оқи алатын, ал жұмысқа қатынайтын ұзақ жолдың жүйкені тоздыратындығы, көршілердің арасын биік қоршаудың бөліп тұратындығы қалыпты болып саналатын.

## Заманауи қалалардың болмысы

Индустриалдық революциядан қазіргі уақытқа дейін қаланың көлемі де ұлғайды, сипаты да өзгерді. Индустриалдық және постиндустриалдық қалалардың дамуын қарастырайық.

## Индустриалдық қала

Индустриалдық революциядан кейін өндіріс ауылдан қаладағы фабрикаларға ауысты. Бостон, Детройт және Питтсбург сияқты индустриалдық қалалар зауыттар қаласына, құрыш өндіретін, кеме құрас-тырушы және кейіннен автокөлік жасаушы қалаларға айналды. Олардың дамуына жаңа технологиялар мен көлік тасымалының жаңа түрлері көптеген адамның ауыл шаруашылығын тастауына мүмкіндік беріп, өмір сүрудің жаңа үлгілерін қалыптастыруы себеп болды. Жаңа индустриалдық қалалар XIX ғасырда ерекше дамыды. 1860 жылы Нью-Йорк АҚШ-тағы 1 млн. халқы бар алғашқы қала болды. Қалалардың өсуіне мұрындық болған өнеркәсіптік база индустриалдық қалалардың сипаты қандай болу керек екенін көрсетті. Бұл – орасан тығыздық және орталық іскерлік аудан.

XX ғасырдың орта тұсына дейін америкалықтар жұмысқа немесе басқа жерлерге жаяу баратын. Сол себепті жұмысшы тап зауыттардың айналасына тығыз шоғырланатын. Олар үшін бөлшек сауда орындары, банк қызметі және мемлекеттік мекемелердің орталық іскерлік аудандарда қиындық туғызатын. 1880 жылы АҚШ-тағы ірі қалаларда трамвай немесе теміржол пайда болғанымен, олар тек орталық іскер ауданға арналған еді. Жаяу жүрумен салыстырғанда, алғашқы жетістіктер тұрғын үйлердің тығыз орналасуы мәселесіне айтарлықтай өзгеріс енгізген жоқ және орталық іскер ауданның маңыздылығын арттырмаса, кемітпеді.

## Постиндустриалдық қалалар

1950 жылдары жаңа үлгідегі қалалар дами бастады. Постиндустриалдық қаланың келбетін екі негізгі фактор қалыптастырды. Біріншіден, индустриалдық қалаларда басымдыққа ие болған өндіріс ошақтары қала маңына немесе қала типтес кенттерге көшірілді. 13-бөлімде айтылған экономиканың екінші секторынан үшінші қызмет көрсету секторына ауысу жүзеге асты. Нәтижесінде, заманауи орталық қалаларда медицина, білім беру, ақпаратты өңдеу салалары, ойын-сауық орталықтары және әкімшілік кеңселер сияқты «ақ жағалылар» қызметі жедел қарқынды дамыды. Екіншіден, автокөлік жолдары мен телекоммуникациялық жүйелердің дамуы жұмысқа адам күшін талап етпейтін болды.

Ал постиндустриалдық қалалардың бас архитекторы автокөліктер мен автокөлік өнеркәсібі болды. Автокөліксіз жұмысшылар мен компаниялар қаланың шетіне жете алмас еді және жалғыз отбасына арналған тұрғын үйлер салынбас еді. («Алуан түрлі Америка» тарауында Детройт қаласының индустриалдық қаладан постиндустриалдық ұйым мен экономикаға өтуі көрсетілген).

**ҚАЛА АУМАҒЫНЫҢ ҮЛҒАЮЫ ЖӘНЕ ШЕТКІ ҚАЛАЛАР.** Орталық іскерлік аудандарды қалалар мен шеттегі қалалар алмастырды. Атланта, Лас-Вегас және Майами сияқты постиндустриалдық қалалар географиялық тұрғыдан индустриалдық қалалардан үлкен. 1940 жылы орташа қаланың ұзындығы 15 мильден кем болатын; қазіргі мегаполистердің ұзындығы 50-75 миль. Сауда жасау үшін автобусқа немесе метроға мініп, қала орталығына барудың орнына қазір көбі автокөліктерімен қала маңындағы ірі сауда орталықтарына кетеді. Онда көптеген тауар бөлшектеп сатылады және қызмет көрсетушілер де осы орталықтарға ауысқан. Сондықтан қала маңында үлкен қалалардан бөлек, өзіндік өмір салты бар. Мұндай аймақтар шеткері қалалар деп аталады (Gaggeau 1991).

**Шеткері қалалар** – әуелгі баста пайда болуына түрткі болған қалалардан бөлек өмір сүретін қала маңы аудандары.

## АҚШ-тағы урбанизация

Бір ғасырда қалалық деп саналған адамдар келесі ғасырда ауылдық деп саналатын болды. Екі түсінікті анықтауда шатаспау үшін АҚШ санақ бюросы қалалық және ауылдық деген жалпылама сөздерді екі терминмен ауыстырды: астаналық және астаналық емес.

Астаналық статистикалық аудан – 50 мыңнан астам халқы бар және айналасындағы аймақтармен экономикалық әрі әлеуметтік қарым-қатынас орнатқан округты анықтау үшін зерттеушілердің қолданатын термині. Кейбір астаналық аудандарда бір округ болады. Ал Нью-Йорк, Сан-Франциско немесе Детройт сияқты қалалар 6 көршілес аймақты қамтиды. Астаналық ауданның аясы қала шеңберінен асады және мысалға Нью-Йорктің үлкен ауданы сияқты аймақты қамтиды. Астаналық емес статистикалық аудан дегеніміз – үлкен қаласы да, ондай қаламен тығыз байланысы да жоқ аудан.

Астаналық аудан халқы орталықта (қала аумағында) және қала маңында тұратындарға бөлінген. Тұрғындардың 60 пайызы орталықта емес, қала маңында өмір сүреді. Ол адамдар астаналық өмір салтын сақтағанымен қала орталығынан 50 миль қашықта тұрады.

АҚШ-та астаналық емес халық 16 пайызға дейін қысқарып кетті. Мұндай аудандар Нью-Джерсиден басқа барлық штатта болғанымен олардың көпшілігі Орталық Батыста немесе Оңтүстікте өмір сүреді. 5 пайызға жуығы – фермерлер. Ал қалғандары – ауылдық жерлер емес, шағын қалалардың тұрғындары.


## Дамуы төмен елдердегі урбанизация

Соңғы кездері ірі қалалар мен қалалық өмір салтының дамуы байқалады. Артта қалған елдерде мұндай өзгеріс бір түннің ішінде орнайды. Мехико, Сан-Паулу, Богота, Сеул, Киншаса, Карачи, Калькутта және дамушы елдердегі өзге қалалар тез өсіп келеді. Алдағы 25 жылда үлкен қалаларда (мегаполистер), сондай-ақ кедейлікте өмір сүретін, таза

**Астаналық статистикалық аудан дегеніміз** – 50 мыңнан астам халқы бар және айналасындағы аймақтармен экономикалық әрі әлеуметтік қарым-қатынас орнатқан аудан.

**Астаналық емес статистикалық аудан дегеніміз** – үлкен қаласы да, ондай қаламен тығыз байланысы да жоқ аудан.

АҚШ-та қала маңы аймақтары қалалық және ауылдық аймақтардан, ал шеткері қалалар басқа қалалардан жедел дамып жатыр.



## Назар аударыңыз



## АЛУАН ТҮРЛІ АМЕРИКА

### Детройт

**1910** – 1950 жылдар аралығында мемлекет ішіндегі ең қарқынды дамушы қалалардың бірі Детройт болды. Автокөлік өнеркәсібінің кеңеюі мен Екінші дүниежүзілік соғысқа байланысты қорғаныс техникаларына сұраныстың артуынан мыңдаған өндірістік жұмыс орындары пайда болды. Жұмыс орындарына қызыққан отбасылар, әсіресе афроамерикалықтар Детройтқа ағыла бастады. Сонымен қатар қара нәсілділер Оңтүстіктегі Джим Кроудтың кемсітуі мен кедейліктен қашуға тырысты (Tolnay, 2003). Детройт көлемі жағынан 1950 жылы мемлекетте екінші орында болды. Бұл – қаланың ең шарықтау шегі еді. Халық саны 2 миллионға жетті. Ол зор абыроймен Motor City (кейінірек «Motown»), Демократия арсеналы және Үй иелері қаласы атанды (Sugrue, 2005).

Алайда сол уақыттан бері Солтүстік Шығыс пен Орталық Батыстағы қалалар азияқты Детройт халқының да саны азайды. Ұзақ уақыт бойы тұрғындар саны баяу, бірақ тұрақты түрде кеміп отырды. Халық санағының нәтижесі бойынша, 2000–2010 жылдар аралығында Детройттан халықтың 1/4 бөлігі кетіп қалғанын естіген кездегі қала мәрі Дэвид Бингтің қорқынышын елестетіп көріңіз: әрбір 22 минут сайын Детройт қаласынан бір адам көшіп кетіп отырған (Knapp 2011; Maynard, 2011). Неге сонша көп адам көшіп кетті және қайда? Детройттың болашағы қандай болмақ?

Халық санының төмендеуінің екі себебі бар. Біріншісі – өндірісте жұмыс орындарының қысқаруы. Алпыс жыл бұрынбарлық автокөлік құрастыратын ірі зауыттар Детройтта орналасқан еді (Chrysler, Ford, Dodge, Studebaker, Hudson, және General Motors (GM)). Сонымен қатар автокөлік өнеркәсібіне қызмет көрсететін жүздеген зауыт болды. Бірақ автокөлік шығарушылар өндіріс орындарын кәсіподақтары жоқ



Детройтта қоғамдық балабақшалар бұрынғы викториандық жеке жайлар, заманауи үйлер мен бос қалған мекемелердің орнында ашылып жатыр.

және жұмыс күші арзан аудандарға ауыстыра бастаған соң, жағдай өзгере бастады (Sugrue, 2005). Екінші себеп – Екінші дүниежүзілік соғыстан оралған ардагерлер қаладан гөрі қала сыртында өмір сүруді таңдады. Детройттың көптеген тұрғындары (ақ және қара) қылмыс деңгейі төмен, жақсы мектебі мен тұрғын үйі бар мекен іздеп көше бастады. Салдарынан Детройтта тұралап қалған зауыттар мен қаңыраған бос үйлер көбейді. Тіпті қаланы қайта жаңғыртатын салықтық жеңілдіктер де көмектеспеді.

Детройт индустриалдық қала құлдырап, орнына тұрақты жаңа постиндустриалдық қаланы қалыптастырудың зертханасы ретінде жарқын мысал бола алады. Болашақта Детройттың көлемі шағын болады. Бірақ экологиясы әлдеқайда таза болуы мүмкін. Азық-түлік дүкендерінің жабылуынан пайда болған «азықтық шөлдің» орнына қалалық ауылшаруашылық басқармасының

бастамасымен көгалдандыру қолға алынды. Қаржылай пайда табу үшін, адамдар Midtown Детройтқа шақырыла бастады. Жұмысқа баратын уақыты қысқарту үшін Мемлекеттік Уэйн университетінен, Detroit Mercy медициналық орталығынан жұмыс орындары ұсынылды. Осылайша, жанармай үнемделеді. Автоэмиссия азаяды. Қала және қала маңы аудандарымен бірлесіп жұмыс жасау үшін аймақтық басқарудың жаңа түрлері талқыланып жатыр. Егер сондай әдістер қолданылса, жақсы білім беретін мемлекеттік мектептер пайда болар еді. Болмаса, Детройт «жасыл индустрияны» және баламалы энергетикалық технологиялар жасау үшін инженерлер мен автокөлік шығарушылардың ноу-хау идеяларын қолдайтын экономикалық стратегияны қабылдай алады (Okrent, 2009). Әрбір бастама оңай болмайды. Бірақ осы жағдайдан алған тәжірибе Детройттың болашағына үлкен ықпал ете алады.

ауыз суға, электр желісіне, білім алуға және санитарлық ережелерді сақтауға жарымайтын шағын қалаларда халық өсімі басым болады деген болжам бар (Cohen, 2006).

Артта қалған елдердегі урбанизацияның бірнеше салдары болады. Біріншіден, әлемнің ең ірі қалалары мегааудандарға бірігіп, АҚШ-тағы урбанизация іспетті көптеген мәселелер туындатады. Бұл мәселелер көліктің тым көптігі, энергетикалық шығындар, қоршаған ортаның ластануы және ауыл шаруашылығы жерлерінен айырылу сияқты жайттармен байланысты. Екіншіден, бұл қалаларда кәсіби білім алмаған адамдарды жұмыспен қамтитын өндірістік орталықтар жоқ. Соның салдарынан көпшілігі қарқынды көбейіп жатқан заңсыз лагерьлер мен жасырын жерлерде өмір сүріп, астыртын экономикада қолөнерші, саудагер, велосипедті жалға беруші, кір жуу орталығының қызметшісі болып жұмыс істейді және қайыршылықпен күнелтеді. Осындай қалаларда табыс теңсіздігі өскен сайын саяси шиеленіспен қалаларда наразылық күшейеді. Ұзақ мерзімді қиын мәселелерге қарамастан, 2000–2010 жылдар аралығында дүниежүзі бойынша 227 миллион адам жасырын жатақ орындардан шықты.

Үлкен қалаларда техникалық және ғылыми инновациялар жинақталған, олар мемлекеттің экономикасын дамытуда маңызды рөл ойнайды. Қалада жұмыс істейтіндердің үйіне жіберген ақшалары – Африка, Азия және Латын Америкасы елдерінің ауылдық аймағында өмір сүретін тұрғындардың жағдайын жақсартуға септігін тигізеді (UN-Habitat, 2010).

## Тұрғылықты жер және әлеуметтік байланыстар

Әр жыл сайын фильмдер мен теледидарлық шоулар қалалық өмірдің нашарлығын, қала сыртындағы өмірдің жалықтыратындығын және шағын қалалардағы түсінбеушіліктерді көрсетіп жатады. Бұл көріністер қаншалықты шындыққа жанасады? Бұл тарауда заманауи қала, қала маңы және шағын қала өмірлерінің жағымды және қауіпті тұстарын қарастырамыз.

### Қаладағы өмір

Қалаларды зерттейтін әлеуметтанушылар көтерген ең маңызды мәселе – қалалық және ауылдық жерлерге байланысты оларды басқаратын әлеуметтік қатынастар мен нормалар деңгейінің айырмашылығы. Осы ретте қалалық өмірдің әлеуметтік теорияларын және қаладағы күнделікті өмірді зерттейміз.

### Теориялық көзқарастар

Бұрын байқағанымыздай, Батыс әлемі қалаға қарсылыққа толы. Үлкен қалаларда әділетсіздік пен жетіспеушілік, жастарды арандатушылық, денсаулықты, отбасы мен қоғамдастық байланыстарын бұзу басым құбылыс болып саналады. Қала тұрғындары сыннан өткен, бірақ жасандылығы көп; ауыл адамдары арамдығы жоқ, жылы шырайлы әрі адал болып сипатталады. Қалаға қарсы осындай пікірлер (Ежелгі Римнен бері осындай ой басым болып келе жатқан) өндірістік қаланың күрделі мәселелерімен бірге алғанда алғашқы әлеуметтанушыларға айтарлықтай әсер еткен.

Қалалық өмірдің адам мен қоғамға кері әсері жайлы пікірді 1938 жылы Луи Вирт (Louis Wirth) көтерді. Вирттің тұжырымдауынша, үлкен аумақ, гетерогендік және қала халқының тығыздығы күнделікті адамгершілік қағидаларының бұзылуына алып келеді.

Ауқымды қоғамда адамдардың көпшілігі бір-біріне бөтен болады. Вирттің болжауынша, олар бастапқы байланыстарымен бұрынғыша қатынаста қалады, бірақ басқалармен, мысалы сатушылармен я лифтіге сыймай тұрған бейтаныс адамдармен, есепшіл де үлгілі мәнерін ұстанып, салқын қатынасын сақтайды.

Вирттің тұжырымдауынша, қала тұрғыны түрлі шым-шытырық ережелермен кездескенде кез келген жағдай елеусіз өтіп кетеді. Осындай қарым-қатынас және бейресми бақылаудың болмауы, халық санының көптігі қылмыстық жағдайдың өршуіне, бұрыс әрекеттерге және ресми бақылауға аса мән беруге алып келеді.

Кейінгі зерттеушілердің қалаға деген көзқарасы жақсарды. Бүгінгі таңда әлеуметтанушылар қаланы басқарылатын және танылатын бірнеше кішкентай әлемдердің жиынтығы деп қарастыруды ұсынды. Осылайша, Нью-Йоркте өмір сүретін адам 500 шаршы мильде өмір сүретін 9 миллион адаммен қарым-қатынас орнатуға тырыспайды. Оның орнына отбасынан, шағын аудан мен санаулы ұжымдасынан тұратын өзіндік жеке әлемді сақтайды. Сонымен қатар әлеуметтанушылардың айтуынша, қалалық өмір ұсақ топтардан бастап симфониялық оркестр тыңдармандары, регби жанкүйерлері тәрізді субмәдениеттердің достығын дамытуға ықпал ететін «сыни көпшілікті» қамтамасыз етеді. Вирт мұндай субмәдениеттердің кейбірін қоғамдастықтың адамгершілік тұрғыда үйлесім таппағанының дәлелі деп түсіндіруі мүмкін еді. Бірақ оларды адамдардың бірлік пен негізгі қолдау тобын таба алатын жеке әлемі ретінде де қарастыруға болады.

## Күнделікті қала өмірі

Қала өмірінің қандай артықшылықтары мен кемшіліктері бар? Бұл тарауда қала өмірінің әлеуметтік тораптарға, қала маңы интеграциясына және өмір сүру сапасына ықпалын қарастырамыз.

**ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІЛЕР.** Қала өмірінің жеке интеграцияға ықпалы өте аз. Әлеуметтік торап жөніндегі сауалнамалардың көрсетуі бойынша, қала тұрғындарының ауыл тұрғындары сияқты жеке байланыстары көп. Қалалықтар ауыл тұрғындарына қарағанда, туыстарынан гөрі достарын көп іздейді деген пікір бар. Қала тізімінде тегі, олардың ата-ана, бала немесе аға-әпке екені сұралмайды. Себебі олар туыстарынан алшақ деп саналады (Amato, 1993). Алайда қалалықтар жалғыз немесе отбасы мен достарынан оқшауланған деген пікірге нақты дәлел жоқ.

**АУДАН ИНТЕГРАЦИЯСЫ.** Эмпирикалық зерттеулер әдетте аймақтың өте әлсіз топқа жататынын көрсетеді. Қала тұрғындары, мейлі ол қала орталығынан, мейлі қала маңынан болсын, қалалық өмір іргелес тұратын адамдарды жақсы көру қажеттілігінен босатып, тән жақындығын таңдауға мүмкіндік берді деп санайды.

Мұндай еркіндік ауыл тұрғындарында жоқ. Қаланы зерттеушілерде тән жақындығы арадағы қатынастың негізі бола алмайды деген пікір қалыптасып келеді (Flanagan, 1993). Адамдар жақын қатынасты туыстық, достық және жұмыс топтары негізінде орнатады және бетпе-бет емес, Facebook, мәтіндік хабарлама немесе шұғыл хабарлама алмасу арқылы байланысып отырады. Қысқаша айтқанда, қалалықтардың жақын туыстары бар, бірақ олардың бірге тұруы екіталай.



Көп адам қаладағы қарбалас өмірді ұнатады.



Әйтсе де олар қиын жағдайға тап болғанда жақын достарынан, ата-аналарынан немесе ересек балаларынан көмек сұрайды. Бір ғана Нью-Йорктің Олбани-Скенектади-Тройдағы көршілік қарым-қатынастарға жүргізілген зерттеу нәтижесінде барлық қарым-қатынастың 15–25 пайызы отбасылық көршілер – бір ауданда тұратын ата-аналар мен ересек балалар арасында болып шыққан (Logan & Spritze, 1994).

Ал көршілердің бейтаныс болуы – сирек жағдай, тіпті кейде эмоционалдық жақындықтан көршілік қатынас маңыздырақ болады. Есік кілттеніп, үйде қамалып қалғанда, бір қасық ванилин керек болса немесе шығындар қағазына қол қою керек болғанда, әрине, көршілерге сенеміз (Wellman & Wortley, 1990). Алайда көршілерімізге көп қолқа сала бермейміз және олардың да бізге тым сеніп қалғанын қаламаймыз. Көпшілігіміз көршілер әрдайым жеңіл-желпі көмекке әзір жақсы адамдар деп білеміз. Сол себепті аудандар әлеуметтік тапқа және отбасылық өмір иелеріне бөлінеді. Біз көршілерге сенеміз, өйткені олар – белгілі бір деңгейде өзіміз сияқты адамдар.

**ӨМІР САПАСЫ.** Үлкен қалаларда өмір қызу қарбаласпен өтеді. Аптаның 7 күні, тәулігіне 24 сағат бойы адамдар тірліктің кез келген қарекетін жасай алады. Қала неғұрлым үлкен болған сайын ұсынатын ойын-сауық түрлері де соғұрлым көп болады: кітапханалар, музейлер, зообақтар, саябақтар, концерттер және галерея. Қала көлемінің үлкендігіне қарай медициналық қызмет, полиция мен өрт қауіпсіздігін сақтау сапасы да дами түседі. Осы артықшылықтар үшін көпшілік қалада тұруға асық.

Екінші жағынан қарасақ, мұндай қаланың кемшіліктері де бар: у-шуы көп, ығы-жығы адам, тұрғын үй қымбат және қылмыс жиі жасалады. Қалалар мен қала маңындағы аудандарға қарағанда, ауыл-аймақта зорлық-зомбылық пен ұсақ қылмыс көрсеткіші айтарлықтай төмен. Ал шағын қалаларға қарағанда, ірі қалаларда қылмыстық жағдайлар көбірек (Federal Bureau of Investigation, 2010).

Осындай кемшіліктердің себебінен көп адамдар қаланың өзінде емес, қала маңында өмір сүруді жөн көреді. Америкалықтардың басым бөлігі үшін ең қолайлысы – қала маңындағы барлық жағдайы

жасалған аудандағы үлкен үйде тұру. Үлкен қалаға күндіз не кешке, яғни қалаған уақытында барып келе алатындай жақын болса жеткілікті. Алайда баласы жоқ және қаланың орталығында жұмыс істейтін адамдар қалада өмір сүргенді қалайды. Мұндай адамдардың көпшілігі – қаладағы алуан тірлік пен ойын-сауықты жақсы көретіндер. Табысы жоғары әрі баласы жоқ болғандықтан, олар қаланың кейбір кемшіліктерін елемей өмір сүре алады.

Әлеуметтанушылар Манхэттен және Сан-Франциско сияқты жарқыраған, этникалық құрамы әркелкі, тұрғындары тығыз орналасқан қалаларға назар аударды. Дегенмен АҚШ халқының тек 1/3 ғана ірі қалаларда өмір сүреді. Қалғаны қала маңында және шағын қалаларда тұрады. Олардың тәжірибесі несімен ерекшеленеді?

## Қала сыртындағы өмір

Қала маңының классикалық көрінісі – бөлек жер телімдерінде орналасқан бір-бірінен аумақтың үйлер. Басқа үйлермен арасы қашық үйде тұру – көптеген америкалықтың көздеген мақсаты. Мұндай үйлерде балаларға барбекю жасауға болады. Тіпті иттің де арнайы бөлмесі бар. Бұл – қала маңының қалыпты сипаты. Уақыт өте ол қалай өзгерді?

## Қала сыртындағы өсім

Күн сайын ересек тұрғындарын басқа жаққа, жұмысқа, жіберетін қала маңы қазір бұрынғыдай жайлы аудан емес. Уақыт өте келе ірі өндірістік және сауда орталықтарына айналып жатыр. Қала маңында өмір сүретін адамның жұмысы да сонда. Осылайша, қалаға жақын орналасқан аудандар халық тығыз қоныстанған және сауда орталықтары, автожолдары, өндірістік кәсіпорындары бар аумаққа айналды.

Мұның бәрі қала маңы ауданының бастапқы сипатын өзгертті. Қала маңындағы жер телімдері кішірейді және таунхаустар, дуплекстер мен көп пәтерлі тұрғын үйлер пайда бола бастады. Баласыз жұптар, жалғыз бастылар және зейнеттегі жұбайлардың қатары көбейді. Қала маңындағы аудандар нығыздалып қалғандай және микроавтобустарға сұраныс азайды.

Аумағы кеңейген сайын қала маңы түрлене түсті. Әр қала маңы ауданының өзіндік стилі бар. Бұл, негізінен, үйлерінің бағасы мен көлемі бірдейлігінен байқалады. Классикалық қала маңы аудандарынан бөлек, қазір адамдар атқа мініп серуендей алатын кең көлемді бақтар, сондай-ақ таунхаустар, дуплекстер мен көп пәтерлі үйлер пайда болған тығыздау орналасқан аудандар бар. Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін пайда болған алғашқы қала маңы аймақтарының құрылғанына бүгінде 50 жылдан асты. Жасы келген сайын адамдар бір орында тұрақтайтындықтан қала маңы аймақтарында азғантай табысқа өмір сүретін зейнеткерлер көп тұрады (Lambert & Santos, 2006). Көп үйлер бос қалғандықтан, үйді жалға беру кең таралып жатыр.

## Қала маңы аудандарының мәселелері

Жұрттың көбі қала маңындағы аудандарға қылмыс, көлемді салық, халық тығыздығы сияқты қалаға тән мәселелерден алшақ болу үшін көшті. Алайда қала маңындағы халық санының өсуі олардың өзіндік мәселелерін алға тартты (Langdon, 1994). Солардың ішіндегі ең негізгілері – үкіметтің әлсіздігі, автокөлікке тәуелділік және қоғамнан оқшаулану.

Қала маңындағы қалалар мен аудандардың, қалалық және муниципалдық билік органдары фрагментті әрі салыстырмалы түрде алғанда дәрменсіз келеді. Соның бір салдары – қала маңының қалай болса солай өсуі. Сонымен қатар қала мен оның маңындағы аймақтарға қатысты шешім қабылдауға құқылы қандай да бір билік органы болмағандықтан, жергілікті биліктің шешімдеріне астаналық аймақтан келісім алуға мүмкіндік жоқ деуге болады. Мысалы, қала маңындағы бір ауданда немесе қалада мейрамханаларда темекі тартуға тыйым салынса, кәсіпкер нысанын – қаланың басқа маңына ауыстыра салады.

Әсіресе көліктік тасымал жайлы сөз қозғағанда аймақтық жоспарлаудың маңыздылығы білінеді. Жергілікті деңгейде тиімді шешім қабылданбайынша, қоғамдық көлік пен автокөлік жолдары мәселелерін шешу мүмкін емес. Бұл мәселе қала маңы тұрғындарын қиын жағдайда қалдырады. Сондықтан олар қала маңындағы басқа ауданға немесе қалаға көшіп кетеді. Жеке автокөлігі жоқ адамдарға қала маңында өмір сүру және жұмыс істеу қиынға соғады. Көлік ала алмайтын немесе мүгедектіктен көлік жүргізе алмайтын адамның қала маңындағы өмір сүру жағдайы төмен болады.

Жұмыс пен үйдің арасындағы жолдың ұзақтығына байланысты тұрғындардың көбіне отбасымен, көршілерімен, ұжымдастарымен сөйлесуіне уақыты қалмайды. Сонымен қатар қала маңы ауданының тәртібі бойынша мұнда кафе, сұлулық салоны және таверна сияқты халық жиналатын және әлеуметтік қарым-қатынасты дамытатын орындарға тыйым салынады.

## Шағын қаладағы және ауылдағы өмір

Мемлекет халқының шамамен 17 пайызы ауылда немесе шағын қалаларда (халқы 2500 адамнан кем) өмір сүреді. Кейбіреулер ірі қалаларда, бірақ көбі Мэн штатынан Алабамаға дейінгі, Калифорниядан Флоридаға дейінгі елді мекендерде тұрады. Бұл жерлердің өзіндік ерекшеліктері көп, ауқымы да зор. Бұл аумаққа Колорадо штатындағы Теллурид сияқты көлемі бойынша, екінші миллионер қалалардан бастап, Канзастағы ауыл шаруашылығы жойылып жатқан қалаларға дейін, Пенсильваниядағы амиша қауымдастығы және Солтүстік Дакотадағы қарқынды дамып келе жатқан мұнайлы қалалар жатады. Кейбір ауыл шаруашылығы аудандары, негізінен, ақ нәсілді, кейбіреуінде афроамерикалықтар басым және халықтың көп бөлігі испантілді.


Ауылда және шағын қалалардағы өмір бірнеше себептермен жағымды болады (Brown & Swanson 2003): үлкен жер телімдерін ұсынады, жылжымайтын мүлікке салық төмен және тұрғын үй (демалыс аудандарынан басқа жерлерде) алу қиын емес.

Мұнда қылмыс пен есірткі турасында алаңдамауға болады. Бірақ алкоголь қолданушылар көп кездеседі. Көбі астаналық емес аймаққа тән консервативті көзқарасты бағалайды. Сөйтсе де ауылдық және астаналық қоғамдар арасындағы мәдени айырмашылық айтарлықтай көп емес. Мысалы, толық емес отбасы, некесіз өмір сүру және ажырасу жағынан келгенде ауылдық және қалалық отбасылар ұқсас. Сонымен қатар ауылдық тұрғындар иммигранттыққа қарсы және бала алдыртуға қарсы қағидаларды ұстануы және қала халқы сияқты өлім жазасына қолдау көрсетпеуі мүмкін (Lichter and Brown, 2011). Дегенмен отбасылық құндылықтарды ұстанатын отбасылық шаруашылықтары, тұрғындарды қабылдайтын шіркеуі және шағын өндірістік кәсіпорыны бар ауылдық аймақтарда балалар мен ересектер сыпайы көршілік және қоғамдық бірлік жағдайында өмір сүреді.

Қалада «Cheers» сияқты бір барда ғана сізді барлығы танитын шығар, ал ауылда қайда барсаңыз да сізді бәрі танып тұрады.

Ауыл тұрғындары үшін ең өзекті мәселе – жұмыс орнын табу. Әсіресе табысы мол жұмыс орындары жетіспейді. Отбасылық фермалар жойылды деуге болады. Олар жаһандық бәсекеге төтеп бере алмады немесе оларды жаһандық нарықта бәсекеге түсуге қажетті ақшасы мен билігі бар үлкен агрохолдингтер сатып алды. Америкалықтардың 5 пайызға жетер-жетпесі әлі де ауыл шаруашылығы саласында жұмыс істейді. Ауылда өмір сүретіндердің көпшілігі төмен жалақылы түрме, казино, жедел тамақтану орындарында және т.б. жерлерде қызмет көрсетеді (Lichter and Brown, 2011). Сол себепті де ауыл жастары, білімді азаматтар табысты жұмыс іздеп қалаға кетеді. Ал ауылда қалатындары жалақысы да, дәрежесі де төмен жұмысты қанағат етеді немесе қаладан қашық аймақта қызмет етуге мәжбүр болады. Осының салдарынан ауылда тұрмысы төмендер көбейіп барады, әсіресе балалық шағын кедейлікте өткізетіндердің үлесі басым (Mattingly, Johnson, and Schaefer, 2011). Кедейлік, мардымсыз жалақы мен жұмыссыздық, қолжетімді жұмыстың жүйкеге кері әсері, әлеуметтік ресурстардың тапшылығы, медициналық қызметке қолжеткізу қиындығы – бәрін қоса алғанда ауылдықтардың денсаулығы қала және қала маңы тұрғындарымен салыстырғанда, физикалық және психикалық тұрғыдан нашар болуына әкеледі (Morton, 2003).

Сонымен қатар лек-легімен ағылатын «қалалық тұрғындар» да жаңа қиындықтар туындатады, мәселен, тұрғындардың жоғарғы және төменгі бөлігі арасындағы экономикалық әрі мәдени айырмашылық бұрынғыға қарағанда басым (Brown & Swanson, 2003). Қырық жыл бұрын тау-шаңғы курортының иелері де, қызметкерлері де Теллуридте тұратын еді. Қазір курорт иелері мен олардың тұтынушылары жайлы үйлерде, қаланың орталығына жақын тұрса, қызметкерлер тек қаладан қашық орналасқан «ауылдық геттолардағы» жылжымалы үйлерді паналап, кедейлік шоғырланған аймақта өмір сүре алады. Қаладан көшіп келушілер шағын елді мекендердің қауымдастықтары мен азаматтық мәдениетін байытатын қабілетін және тәжірибесін ала келгенімен, өздерінің уақытша өмір сүрген уақытында ғана сұранысқа ие болатын қызметтердің көрсетілуін талап етеді. Яғни



Жақсы деген ауылдық жерлерде көбінесе жалақысы жоғары жұмыс орындары аз, ал тұрғын үй қымбат. Сол үшін көптеген отбасы арзан бағалы құрастырылған үйлерде өмір сүреді.

тұрғылықты халықтың көңілінен шыға қоймайтын талаптарымен қоғамдастыққа қысым көрсетеді (Lichter and Brown, 2011).

## Бұл бізге не береді?

Сандық көрсеткіштің маңыздылығына дау жоқ. Әлемде, жергілікті жерлерде халық саны өскен сайын мұның әсері сезіле түседі. АҚШ-та халық санының өсуіне қарай америкалықтардың табиғи ресурстарды пайдалануы да артып, оның залалы орасан екендігі қоршаған ортадан білінді. Әсіресе дамушы елдерде тұрғындардың көбеюі – маңызды мәселе. Өйткені ол кедейліктен туындап қана қоймайды, кедейлікті одан әрі өршітеді. Сонымен бірге Еуропа халқы санының азаюы да үлкен мәселе болып отыр, өйткені жұмысқа қабілетті жастардан гөрі зейнет жасындағы қариялардың саны артып барады.

Халық санының өсуіне қатысты мәселелер урбанизация және суб-урбанизация мәселелерімен тығыз байланысты. Дамушы елдерде әлі де жалғасып жатқан индустриализация тенденциясының әсерінен қалалар пайда болды. Ал қалалық өмірдің түрлі әлеуметтік саясатқа қарай айқындалған мәселелерінен қала маңы мен шеткері қалалар дамыды. Әрбір қоршаған ортаның өзіндік артықшылықтары мен кемшіліктері болады.

## Қорытынды

1. Адамзат тарихында туу және өлім коэффициенттері бірдей болып келді. Халық саны баяу өсті немесе тұрақты сақталды. Бала туу әйелдердің өмірлік мақсаты болды. Ал өлім барлық отбасында жиі кездесетін жағдай еді. Бір жасқа дейінгі балалардың 1/3-1/4 бөлігі шетінен кететін.
2. Демографиялық ауысу – туу және өлім көрсеткіштерінің ұзақ уақыт бойы жоғары болып, кейін төмен деңгейге ауысуы. Батыста тамақтану, өмір сүру деңгейі, халыққа санитарлық көмектің жақсаруы, заманауи медицинаның қолжетімділігі арқасында өлім-жітім азайды. Кейінірек индустриализацияға байланысты әлеуметтік құрылымдағы өзгерістер салдарынан туу көрсеткіші төмендеді. Дамушы елдерде өлім деңгейі тез төмендесе, туу көрсеткіштері өте баяу түсіп келеді.
3. Әлеуметтік құрылым, туу және өлім коэффициенті өзара байланысты. Біреуіндегі өзгеріс басқасына әсер етеді. Бала туу көрсеткіші жоғары болуының бір себебі – әйелдер мәртебесінің төмен болуы.
4. Туу көрсеткіштері қоғамдағы бала туудың артықшылықтары мен кемшіліктеріне тікелей байланысты. Гана елі сияқты дәстүрлі қоғамдарда көптеген әлеуметтік құрылымдар (экономика және әйелдің рөлі) көп бала тууды қолдайды. Италия және АҚШ сияқты заманауи қоғамдарда әлеуметтік құрылымдар бала тәрбиесіне кететін шығындарды ата-аналарға жүктейді.
5. Мемлекетте туу көрсеткіші төмендегенде бірнеше мәселе пайда болады. Олардың ішінде жұмыс күшінің жетіспеуі, саны артып келе жатқан қарттарға медициналық жәрдемақы және зейнетақы төлеу үшін мол қаражат бөлу, сондай-ақ шетелдік жұмысшылардың көбеюіне байланысты алаңдау бар.
6. Артта қалған елдерде халық санының көбеюі қоршаған ортаның бұзылуына себеп болады. Ал дамыған елдерде халық саны көбейгенімен табиғат ресурстарын қорғайтын технологиялар қолданылады. Дамушы елдерде халық санының өсуі кедейлікті өршітеді. Сонымен қатар басқа да факторлар кедейлікке себепкер болады.
7. АҚШ-та қазір өмір сүру жасы ұзақ және әлі де ұзаруы мүмкін. Баласы жоқ адамдар қатары артқан. Туу көрсеткіші төмен болғандықтан халық санының өсімі нөлдік көрсеткіштің айналасында. Алайда иммигранттардың

көптеп келуіне байланысты АҚШ-та халық саны азаймайды. Жаңа америкалықтардың көп бөлігі латынамерикалық және азиялық болғандықтан, болашақта АҚШ халқының этникалық және нәсілдік құрамы өзгеруі мүмкін. Иммиграция әсерінен АҚШ азаматтары негізгі жұмыс орнынан айырылмайды. Бірақ біліктілігі төмен америкалықтардың жа-лақысы төмендеуі ықтимал.

8. 1970 жылдан бастап қалада кедейлер көбейді. Орталық қалалар саны азайып, шеткері қалалар мен қала маңы аймақтары өсті. Қала маңына және қала сыртына көшу әсерінен экологиялық мәселелер туындады. Қалалық, қала маңы және қала сырты аймақтары, негізінен, оңтүстік және батыс штаттарда дамыды.
9. Экономикалық дағдарыс басталғалы америкалықтар көп орын ауыстырмайтын болды. Нәтижесінде, орталық қалаларда халық тұрақталып, өсіп қалды.
10. Құрылымдық функцияшылдардың тұжырымдауынша, қалалар болжамды түрде тауар мен қызметті ең тиімді жолдармен өндіру және ұсыну бағытында өседі не құлдырайды. Ал конфликтология теорияшылары қалалар бәсекелес топтар арасындағы экономикалық және саяси күрес нәтижесінде өседі және құлдырайды дейді. Мемлекеттік субсидиялар XX ғасырда қала маңы аймақтарының өсуіне, ал орталық қалалардың кішіреюіне әсер етті.
11. Индустриалдық қалада халық тығыз орналасады және орталық іскер аудан болады.

Постиндустриалдық қалада экономиканың үшінші секторына ауысу, коммуникация мен автокөлік жолдарының жақсаруы байқалады және қаланың аумағы кеңіп, халық тығыздығы азаяды.

12. Артта қалған елдерде урбанизация қарқынды жүзеге асады және ондағы ірі қалалардың көлемі он жыл ішінде екі есеге артады.
13. Қаладағы өмірге қатысты бірнеше теория бар. Вирттің теориясы бойынша, қала өмірі адамдар арасындағы сыйластықтың азаюына алып келеді. Өзге теорияшылардың айтуынша, қаланы көлемі шағын топтар басқарады және онда дәстүрлі емес субмәдениеттерді дамытуға мүмкіндік бар.
14. Қалалық өмірге көршілермен және туыстармен байланыстың аз болуы, достарға көп сенім арту және қылмыстық жағдайдың көп болуы тән.
15. Қала маңы халық тығыз орналасқан және түрлі кейіптегі ауданға айналды. Қала маңында өмір сүрудің артықшылықтары көп. Бірақ өзіндік мәселелері де бар, олар: басқарушы биліктің әлсіздігі, көлік тасымалы және қоғамнан оқшаулану.
16. Шағын қалалар мен ауылдың артықшылықтары: қылмыс аз, қоғаммен қарым-қатынас тығыз, жер телімдері үлкен және тұрғын үйге (демалыс орындарын есептегенде) қолжетімді. Ең ауыр мәселе – жалақысы жоғары жұмыс орындарының болмауы, соның салдарынан психикалық және физикалық денсаулық төмен болады.

## Сыни ойлау

1. Егер сіздің жасыңыз студенттердің көпшілігінен біршама үлкен болса, онда қатарластарыңыздың саны ата-аналарыңызға қарағанда аз. Бұл сізге қалай әсер етеді? Ата-анаңыз бен олардың замандастары зейнетке шығып жатқандағы ықпалы қандай және сіз зейнет жасына жақындағанда қандай болады? Өзіңіздің қаржыңыз бен ресурстарыңыз, сонымен бірге мемлекеттік бағдарламалар мен шығындар жайлы ойланып көріңіз.
2. Өзіңізді дамуы баяу әлемде қарқынды өсіп келе жатқан мемлекеттің Қаржы министрі ретінде елестетіп көріңіз. Сіздің міндетіңіз – отандастарыңыздың барынша басым бөлігінің өмір сүру деңгейін айтарлықтай жақсартуға мүмкіндік беретін саясат немесе бағдарлама әзірлеп, жүзеге асыру. Не істер едіңіз?
3. Қалада, қала маңында және шағын қалада тұрғылықты өмір сүру қандай болмақ?
4. Бір күнде пайдаланатын заттар тізімін жасаңыз. Құлпынай сияқты табиғи өнімдерді, сондай-ақ компьютер сияқты өнеркәсіптік өнімдерді қарастырайық. Сіздің тізіміңізді дамушы елде тұратын біреудің тізімімен салыстыруға келе ме? Қалай ойлайсыз, қоршаған ортаның бұзылуына қайсыңыз көбірек әсер етесіз?
5. Егер барлық иммиграция тоқтатылатын болса, АҚШ қандай жағдайда болатын еді? Бұл қандай артықшылықтар береді? Кемшіліктері қандай?





**15-ТАРАУ**

## Әлеуметтік өзгерістер

### Тарау тағылымы

#### Осы тарауды оқығаннан кейін студенттер:

- әлеуметтік өзгерістер, ұжымдық мінез-құлық, әлеуметтік қозғалыстар мен кері қозғалыстар арасындағы қатынастарды түсінеді;
- әлеуметтік қозғалыстарға жататын салыстырмалы депривация зардабы, ресурстарды жұмылдыру және саяси процестер теориясын сипаттау мен салыстыруға дағдыланады;
- әлеуметтік қозғалыстардың неге сәтті немесе сәтсіз болатынын мысалдар арқылы түсіндіреді;
- технология және әлеуметтік өзгерістер арасындағы қатынасқа қатысты құрылымдық-функцияшылдар мен конфликтология теорияшыларының көзқарастарымен танысады;
- жаңа технологиялардың шығындары мен артықшылықтарына әлеуметтік қолжетімділікті бағамдайды.

## Қоғам қалай өзгереді?

Соңғы онжылдықта дүниежүзі бойынша қоғамда зор өзгерістер болды. АҚШ-та алғаш рет афроамерикалық президент сайланды; экономика құлдыраған кезде iPad сатылымы жоғарылады; ал климаттың өзгеруінен теңіз деңгейінің көтерілуі Алясканың бірқатар ауылын бұзып кетуі мүмкін. Сонымен қатар Шығыс Еуропа, Африка және Латын Америка елдері жаңа экономикалық және саяси басқару түрлерін енгізгісі келеді, бірақ мемлекеттердің бәрі халықаралық саяси және экономикалық жүйеге тәуелді болып отыр.

Осындай оң және теріс өзгерістердің барлығы әлеуметтік өзгеріс деп аталады. **Әлеуметтік өзгеріс** – әлеуметтік құрылымдардың немесе институттардың уақыт өте келе айтарлықтай түрленуі не қайта құрылымдануы сияқты процесс. Бұл тарауда әлеуметтік өзгерістің әлеуетті үш көзі – ұжымдық мінез-құлық, әлеуметтік қозғалыс және технологиялар сарапталады.

### Ұжымдық мінез-құлық

2012 жылы «Аштық ойындары» фильмі алғаш рет экранға шыққанда, жергілікті кинотеатрларда өтетін бастапқы көрсетілімдерге орын алу үшін көпшілік бірнеше сағат бұрын кезекке тұрды; ал кейін Америкадағы Миннесота Мольнда кино жұлдыздарымен кездесу үшін 8 мыңнан астам жанкүйер сағаттап күтті. Дәл сол жылы Мәскеуде 100 мыңнан артық адам әділетсіз сайлауға наразылық білдіру үшін алаңға шықты.

Осы екі оқиғаның қандай ұқсастығы бар? Әлеуметтанушылар үшін екі жағдай да ұжымдық мінез-құлықты көрсетеді. Ұжымдық мінез-құлық – мінез-құлықтың мәдени ережелері бұлыңғыр, қисынсыз және даулы болған жағдайда топтардың тосыннан жасайтын әрекеті (Marx & Social change is any significant McAdam, 1994). Мұндай әрекеттерге ұжымның зорлық көрсетуі; аяқ-астынан тұтану, Wal-Mart-та жылдың соңында болатын жаппай сатылымға топталып жиналу, со-

**Әлеуметтік өзгеріс** – әлеуметтік құрылымдардың немесе әлеуметтік-мәдени процестердің уақыт өте келе айтарлықтай түрленуі не қайта құрылымдануы.

**Ұжымдық мінез-құлық** – мінез-құлықтың мәдени ережелері бұлыңғыр болған жағдайдағы топтың тосын әрекеті.



«Ымырт» (Twilight) фильмінің жанкүйерлері нақты мінез-құлық ережелері жоқ болғандықтан тобырдың тосын әрекетіне қосылады.

нымен қатар Марди Грас кезінде көшеде топтардың ішкілікке салынып жүруі жатады. Мұның бәрі – жеке тұлғалар мен топтардың ерекше немесе күрделі жағдайға бірлескен тосын жауабы ретіндегі жоспарланбаған, импровизациялық әрекеттер. Ұжымдық мінез-құлықтың әлеуметтік қозғалыстардан айырмашылығы бар (кейін толығырақ айтылады). Ұжымның мінез көрсетуі, көбінесе ұзаққа созылмайды, себебі қатысушылардың айқын әлеуметтік жоспары мен мемлекеттік саясатқа әсер етуге қажет ресурстары болмайды. (Кейбір әлеуметтанушылардың пайымдауынша, әлеуметтік қозғалыстар – ұжымдық мінез-құлықтың формасы, бірақ басқалары, соның ішінде оқулық авторлары да бұл тақырыптарды бөлек қарастырғанды жөн санайды).

Бұған дейін айтылғандай, топтың мінез-құлық мәдени ережелері жоқ болса немесе қисынсыз болса және қайта қарау керек болса бой көрсетеді. Мәдени ережелер көп салада анықталмаған: әйел адам қолына түгелдей тату сала ала ма? Мектеп пен колледждің арасында бір жылдық үзіліс жасауға бола ма? Дағдарыс немесе әлеуметтік өзгерістер жедел болып жатқан кезде мәдени ережелер қисынсыз болып қалады: апат кезінде кімді бірінші құтқару керек? Facebook парақшасында нені жариялауға болады? Кейбір әлеуметтік топтар қоғамда қалыптасқан ережелер өздеріне қарсы деп санап, олардың күшін жою үшін немесе қарсылық білдіру үшін әрекет етуге шешім қабылдағанда мәдени ережелер қайта қаралады.

Ұжымдық мінез-құлық кез келген жерде – жол жиегінен бастап түрмелерде, корпорацияларда т.б. бой көрсетеді (Marx & McAdam, 1994). Сыбыс шықса көшедегі заңсыз саудагерлер тауарларын тез жинап әкетуі мүмкін; ал түрмедегілер жағдайдың нашарлығына қарсы озбырлық көрсетуі ықтимал. Windows корпорациясында жұмыс үстеліне арналған белгілі бір түсбейне еденнен көрінсе, аяқ астынан танымал болуы ғажап емес; қызметкерлер бір-біріне бомбаланған ғимараттан шығуға көмектесе алады немесе төмен жалақыға үнсіз наразылық ретінде жұмысты бейресми түрде бәсеңдете бастайды.

Ұжымдық мінез-құлық наразылық ретінде жоспарланбаса да қалыптасқан жағдайға тиімді әсер ете алады. Мысалы, колледж студенттерінің ішімдік ішіп, ұятсыз қылық көрсеткен суреттерін Facebook желісіне жүктесе, онда көпшілік студенттерді осы кейіпте қабылдай бастайды. Ұжымдық мінез-құлық пен әлеуметтік қозғалыс арасындағы айырмашылық – әлеуметтік қозғалыстың ұзақ мерзімге созылып, әлеуметтік өзгеріс тудыруға бағытталатынында.

## Әлеуметтік қозғалыстар

Әлеуметтік қозғалыс – әлеуметтік институттарды, қарым-қатынасты немесе өмір салтын өзгерту мақсатымен біріккен адамдар, топтар және ұйымдар (Tilly, 2004). Мысал ретінде, иммигранттардың құқығын қорғау үшін Уолл-стрит көшесін басып алуды және жергілікті мектептерді жақсарту үшін жаппай наразылық білдіруді айтуға болады.

Әлеуметтік қозғалыстар бір-бірінен қатты ерекшеленуі мүмкін. Кейбіреуі қоғамды өзгерткісі келеді, енді бірі адамды өзгертуге тырысады. Бір топ экстремалды (мысалы, қарулы қарсы тұру немесе жарылыс күші бар отты қару қолдану) әдістерге сүйенеді, тағы бірі заң шығарушыларға ықпал етуге немесе білім беру кездесулерін ұйымдастыруға көп күшін жұмсайды. Екі әдісті де қолданатындар бар.

Әлеуметтік қозғалыстардың түрлерін ажырату үшін әлеуметтанушылар олардың енгізуге тырысатын өзгерістерінің ауқымы

**Әлеуметтік қозғалыс** – әлеуметтік институттарды, қарым-қатынасты және өмір салтын өзгерту мақсатымен біріккен адамдардың, топтар мен ұйымдардың қозғалысы.

мен мақсатына мән береді (Hall & Leicht, 2010). 15.1-кестеде көрсетілгендей, балама қозғалыстар кейбір тұжырымдар мен әрекеттерге өзгеріс енгізуге бағытталған. Мысалы, бірнеше топ мемлекет бойынша қоғамдық бақшада жұмыс істеу үшін немесе соған адамдар тарту үшін жұмыспен қамтамасыз етіледі. Олардың айығу қозғалыстары жеке сенімдер мен тұжырымдарды түбегейлі өзгертуге бағытталған. Мысалы, жасырын маскүнемдер тобының мүшесі болашақта өмірге, ішімдікке деген көзқарасын және ортасын өзгертеді деп болжанады. Керісінше, реформистік қозғалыстар (жануарлардың, азшылықтың және әйелдердің құқығы үшін күресушілер) белгілі деңгейде қоғамды өзгертуге ынталы, ал революциялық қозғалыс қоғамды түбегейлі өзгерткісі келеді. Мысалы, «Талибан» ұйымы Ауғанстанда теократия құру үшін күресті, ал Коммунистік партия капиталистік жүйені жоюға ұмтылады.

Ұжымдық мінез-құлық сияқты әлеуметтік қозғалыс та қалыптасқан жағдайды өзгертуге ұмтылады. Сол себепті олар бір-бірімен байланысты болады. Біріншіден, халықтың көз алдында болу үшін әлеуметтік қозғалысқа ұжымдық мінез-құлықтың қолдауы қажет (Magh & McAdam, 1994). Заңсыз наразылық білдірушілер мен оларды тоқтатуға шыққан полиция қызметкерлері сияқты ешбір оқиға адамдардың назарын аударта алмайды. Екіншіден, ұжымдық мінез-құлық әдетте белгілі бір уақытпен және жермен шектеледі. Алайда күндердің күнінде жағдай ушығып кетсе тағы да қайталануы мүмкін. Мұндай әрекет төменгі деңгейде болса да қоғамдық қозғалысқа септігін тигізеді (Tilly, 2004).

13-бөлімде айтылғандай, АҚШ азаматтары саясатқа аса қызықпайды. Бірақ кейбір адамдар бейжайлықты қойып, жүйені өзгертуге тырысады. Неге? Қандай жағдайда әлеуметтік қозғалыстар сәтті немесе сәтсіз аяқталады?

## Әлеуметтік қозғалыстарға теориялық көзқарастар

Әлеуметтік қозғалыстың пайда болуын түсіндіретін үш негізгі теория бар: салыстырмалы депривация теориясы, ресурстарды жұмылдыру

### 15.1-КЕСТЕ. Әлеуметтік қозғалыстың түрлері

	<i>Ішінара өзгерістер</i>	<i>Негізгі өзгерістер</i>	
<b>Болжамды өзгерістің деңгейі</b>			<b>Балама қозғалыстар кейбір тұжырымдар мен әрекеттерге өзгеріс енгізуге бағытталған.</b>
<b>Болжамды өзгерістің мақсаты</b>			<b>Айығу қозғалыстары жеке тұжырымдар мен әрекетті түбегейлі өзгертуге бағытталған.</b>
<i>Жеке</i>	Баламалы қозғалыстар. Мысал: Қоғамдық БАҚ-тардың қозғалысы, вакцинацияға қарсы қозғалыс	Түзеуші қозғалыстар. Мысал: Жасырын маскүнемдер, діни шіркеулер	<b>Реформистік қозғалыстар</b> (жануарлардың, азшылықтың және әйелдердің құқығы үшін күресушілер) белгілі деңгейде қоғамды өзгертуге ынталы.
<i>Қоғамдық</i>	Реформистік қозғалыстар. Мысал: Жануарлардың құқығын қорғау қозғалысы, денсаулық сақтау саласын реформалау үшін қозғалыс	Революциялық қозғалыстар. Мысал: «Талибан», 1917 жылы Ресей Коммунистік партиясы	<b>Революциялық қозғалыс</b> қоғамды түбегейлі өзгерткісі келеді.

## әлеуметтану және сіз

Ертелі-кеш адамдар салыстырмалы депривацияны бастан өткереді. Танысыңыздың әрдайым сізден артық жәрдемақы алғаны, әсем киінгені, әдемі көлік мінгені көңіліңізді түсірген кезде салыстырмалы депривациялық күйде боласыз. Сырт көздің басым бөлігі екеуіңізді де кедей, не екеуіңізді де бай деп қабылдайтын болса бұл да әділеттілік.

**Салыстырмалы депривация теориясы** бойынша әлеуметтік қозғалыстар адамдардың сұранысы мен алған марапаттары арасында аса үлкен айырмашылық болған жағдайда туындайды.

## Ұғымдардың қорытындысы

### Әлеуметтік қозғалыс жайлы теориялар

Теория	Негізгі болжам	Әлеуметтік қозғалыстардың себептері
<i>Құрылымдық-функциялық теория: салыстырмалы депривация</i>	Әлеуметтік қозғалыстар – қоғамның қалыптан тыс бөлігі.	Әлеуметтік өзгерістер тәртіпсіздік пен наразылық тудырады.
<i>Конфликт теориясы: ресурстарды жұмылдыру</i>	Әлеуметтік қозғалыстар – әлеуметтік өзгерістердің бастамасы.	Әлеуметтік қозғалыстар ұйымдасқан топтар арасындағы бәсекелестікке жауап ретінде пайда болады.
<i>Символдық өзара іс-қимыл теориясы: саяси процестер</i>	Адамдар әлеуметтік қозғалыстарға қатысады, себебі олар «көтерілістің сананы» дамытты.	Саяси мүмкіндіктер, жеке мақсаттармен қоса алғанда қажет және мүмкін өзгерістер.

теориясы және саяси процестер теориясы. Үш теория да әлеуметтік қозғалыстар теңсіздіктен, қоғамның ыдырауынан пайда болады деп санайды. Бірақ олар әлеуметтік қозғалыстың әдістерін, пайда болу себептерін және маңыздылығын әртүрлі пайымдайды. Бұл айырмашылықтар «Ұғымдардың қорытындысы: әлеуметтік қозғалыс жайлы теориялар» кестесінде көрсетілген.

### Құрылымдық-функциялық теория: салыстырмалы депривация

Кедейлік пен әділетсіздік – жан-жақты құбылыстар. Бұлардың әлеуметтік қозғалысқа себеп болуы неге сирек? Салыстырмалы депривация теориясына сәйкес, біз қолдағы барымыздан көбірек нәрсеге ие болуымыз керек деп санаған кезде әсіресе ол әділетсіз әрекеттердің нәтижесінде болды деген ойға келгенде, қоғамдық қозғалыс туындайды (Walker & Smith, 2002). Біздің не күтетініміз басқалармен салыстыру арқылы немесе өткенмен салыстыру арқылы анықталады. Өйткені теория абсолютті депривацияға емес, басқа жағдайларға немесе уақытқа байланысты айырылғандарымызды қарастырады, сол себепті де бұл теория салыстырмалы депривация деп аталады.

15.1-сызбада әлеуметтік қозғалысты өршітетін салыстырмалы депривацияның үш жағдайы көрсетілген. «А» жағдайында салық немесе кедейлік барлық адамның өмір сүру деңгейін (немесе марапаттарын) кенеттен төмендетеді. Егер адамдар сұраныс деңгейін төмендетпесе өздерінің әлденеден айырылып қалуына наразылық білдіреді. «В» және «С» жағдайында өмір сүру жағдайы жақсарайды, бірақ халықтың сұранысы да сонымен бірге өседі. Яғни адамдардың өздері тұрмыстарын төмен деп ойлайды. Салыстырмалы депривация теориясы өмір сүру жағдайы не жақсарғанда (С жағдайы), не бұрынғыдан анағұрлым жақсырақ болған кезде (В жағдайы) пайда болатын әлеуметтік қозғалыстарды түсіндіре алады.



15.1-СЫЗБА. Болжал, марапаттау және салыстырмалы депривация

Салыстырмалы депривация теориясы бойынша, болжал (E) мен марапаттау (R) арасында айырмашылық шыққан кезде депривация пайда болады. Бұл адамдарға қолжетімді марапаттар азайған кезде (A жағдайы), марапаттау мүлде болмаған кезде (B жағдайы) немесе марапаттау тым көп болған кезде (C жағдайы) болуы мүмкін.

Салыстырмалы депривация теориясының негізгі құрылымдық-функциялық теориямен бірдей. Басқа да құрылымдық-функциялық теориялар сияқты бұл теория да қалыпты жағдайда қоғам бірқалыпты қызмет етеді деп санайды. Осы теорияға сәйкес әлеуметтік қозғалыстар әлеуметтік және мәдени ұйымдардың ықпалымен әлеуметтік өзгерістер әрқелкі болғанда ғана немесе өзгерістер қарқыны өте тез болғанда ғана пайда болады.

Салыстырмалы депривация теориясының негізгі екі сыни көзқарасы бар (Walder, 2009). Біріншіден, эмпирикалық дәлелдер абсолютті немесе басқаларға қарағанда салыстырмалы депривацияға ұшырағандардың әлеуметтік қозғалыстарға қатысатыны анық деген болжамдарды растамайды. Шын мәнінде, әлеуметтік қозғалысқа қатысушылар өз тобының ең үздіктері болады. Мысалы, 2001 жылы Халықаралық сауда үйін қиратқан 19 террористің бәрі білімді әрі бақуатты болған. Басқа да жағдайларда адамдар өзінің қатысы жоқ әлеуметтік қозғалыстарға араласып, оларды басқарады. Мысалы, Оңтүстік Африкада адамдарды нәсіліне қарай оқшаулауға қарсы күрескен «ақтарды» және жануарлар құқығы үшін күресушілерді айтуға болады. Екіншіден, теория салыстырмалы депривацияның әлеуметтік қозғалыс туғызатын жағдайларын анықтай алмайды. Салыстырмалы депривацияны бастан өткерген кейбір адамдар неге әлеуметтік қозғалысқа барады, ал кейбіреуі неге бармайды? Салыстырмалы депривация әлеуметтік қозғалыста белгілі бір рөл атқарады, бірақ оның дамытушы күші болып саналмайды.

## Конфликт теориясы: ресурстарды жұмылдыру

Құрылымдық функцияшылдар қоғам үйлесімді қызмет етеді деп тұжырымдаса, конфликтология теорияшылары депривация қақтығыстардың, бәсекенің және осылардың салдары ретінде кең таралады деп қарайды. Егер әлеуметтік қозғалыстарға депривация ғана түрткі болса, онда өмірде қозғалыстар үздіксіз жүріп жатар еді. Дегенмен әлеуметтік қозғалыстар мезгіл-мезгіл шығып отырады. Сондықтан конфликтология теорияшылары салыстырмалы депривация әлеуметтік қозғалыстардың туындауын толықтай түсіндіре алмайтынын алға тартады. Олардың тұжырымдауынша, депривацияға ұшыраған адамдар күресу үшін ресурстарын тиімді жұмылдыра алса ғана әлеуметтік қозғалыстар пайда болады. Бұл теория ресурстарды жұмылдыру деп аталады және әдетте мұны америкалық әлеуметтанушылар жиі қолданады (McAdam & Snow, 1997).

Ресурстарды жұмылдыру теориясына сәйкес, депривацияны қозғалысқа айналдыратын түрткі – ашу мен ыза емес, ұйымдасу және ресурстар. Сондықтан әлеуметтік қозғалыстар кедейлерге қарағанда бақуатты қоғамда жиі болады. Байлар саны аз болса да бақуатты

**Ресурстарды жұмылдыру теориясы** бойынша депривацияға ұшыраған адамдар күресу үшін ресурстарын тиімді жұмылдыра алғанда әлеуметтік қозғалыстар пайда болады.





АҚШ-тағы «иммигранттардың құқығын қорғау» қозғалысы – «көтерілісшіл сананың» көрінісі: иммигранттар мен оларды қолдаушылар өзгеріс қажет екендігіне және ол мүмкін екендігінде сенімді.

қоғамда наразылық білдіруге қажетті қандай да бір ресурстар бәрібір болады. Осылайша, әлеуметтік қозғалыстардың негізі – ұйымдасқан топтар, ал олардың көшбасшылары төмен таптың наразы өкілдері емес, қолында ресурстары бар адамдар болып шығады.

Сонымен қатар ақпараттық технологиялардың дамуы ресурстарды жұмылдыру жылдамдығын арттырды. Мысалы, 2011–2012 жылдары араб әлемінің белсенділері үкіметке қарсы үндеулер таратып, көлемді ереуілдер ұйымдастыру үшін ұялы телефондарды, электронды поштаны, Facebook және Twitter желілерін қолданды.

### Символдық интеракционизм теориясы: саяси процесс

Ресурстарды жұмылдыру теориясы әлеуметтанушылар үшін маңызды. Бірақ оны екі себепке байланысты сынаушылар да бар. Біріншіден, бұл теория әлеуметтік қозғалыстарды қоздыратын жеделдік пен наразылықтың маңызын жояды (Morris & Mueller, 1992). Екіншіден, екіұшты жеке наразылықтан жаңа ұжымдық бірегейлік пен ұйымдасқан саяси іске алып келетін маңызды процесті елемейді (Jasper & Poulson, 1995; Williams, 1995). Осындай қарастырылмаған тұстары болғандықтан, саяси процесс теориясы пайда болды. Саяси процесс теориясына сәйкес, әлеуметтік қозғалысқа екі нәрсе қажет: саяси мүмкіндік және «көтерілісшіл сана». Саяси мүмкіндікке бұдан бұрын құрылған, сондықтан жаңа қозғалыстың көшбасшыларын мүшелермен, телефон желісімен, компьютерлермен және басқа ресурстармен қамтамасыз ете алатын ұйымдар ие болады. Саяси мүмкіндіктердің болуы бірнеше факторға – соның ішінде қоғамның индустриялану деңгейіне, соғысқа және басқа мәдени өзгерістерге байланысты (Meuer, 2004).

Көтерілісшіл сана дегеніміз – өзгерістер әрі қажет, әрі мүмкін деп санайтын жеке ой. Осылайша, символдық интеракционизм теориясы

#### 15.2-КЕСТЕ. Әлеуметтік қозғалыс нәтижесі

Уильям Гамсонның (William Gamson) айтуынша, әлеуметтік қозғалыстың нәтижесі төрт түрлі болады. Олар қозғалыстың мақсатқа жетуіне және оны қоғамның қабылдауына байланысты.

#### Қоғамның қабылдау деңгейі

Саяси процесс теориясы бойынша әлеуметтік қозғалыстар саяси мүмкіндіктер қолжетімді болғанда, сонымен бірге адамдар өзгеріс қажет және ол мүмкін деп санаған жағдайда туындайды.	Мақсатқа жету деңгейі	Әлеуметтік қабылдаудың маңызды бөлігі	Әлеуметтік шағын қабылдау
	<i>Көптеген мақсаттарға қол жеткізілді</i>	<i>Нәтиже:</i> жетістік <i>Мысалы:</i> АҚШ аболиционист қозғалысы. Азаматтық соғыстан кейін құлдық жойылды. Ақырында көптеген америкалықтар осы өзгерісті қолдады.	<i>Нәтиже:</i> алдын алу <i>Мысалы:</i> Феминизм. Көптеген америкалықтар қазір әйелдердің тең құқықтарға лайық екеніне келіседі, бірақ көбі феминизмді жеккөрінішті деп санайды.
	<i>Бірнеше мақсат қойылды</i>	<i>Нәтиже:</i> Бірлескен жұмыс <i>Мысалы:</i> «Жасыл үй» қозғалысы. Көптеген америкалықтар үйде электр қуатын азырақ жұмсау қажет дегенді құптайды. Құрылысшылар қазір оқшауланған терезелер сияқты бірнеше жасыл бөлшектері бар, үлкен, қуатты көп тұтынатын үйлерді сатуға «жасыл» белгіні пайдаланады.	<i>Нәтиже:</i> Кішірейту <i>Мысалы:</i> АҚШ-тың жезөкшелікті заңдастыру бағытындағы қозғалысы. Қоғам тарапынан қолдау таппады, ешқандай мақсаттарға жетпеді (Невададағы бірнеше штаттан басқа) және мүлдем жоғалып кетті.
<b>Саяси мүмкіндікке жаңа қозғалыстың көшбасшыларын мүшелермен, телефон желісімен, компьютерлермен және басқа ресурстармен қамтамасыз ете алатын ұйымдар ие болады.</b>			
<b>Көтерілісшіл сана дегеніміз – өзгеріс қажет және ол мүмкін деп санайтын жеке ой.</b>			

бойынша адамдар басқа да маңызды құрылымдармен өзара әрекеттесе отырып, өзінің бірегейлігін және әлеуметтік әлем жайлы түсінігін дамытады. Ал саяси процесс теориясы бойынша, адамдар бірегейлік сезімін және өзгеріс мүмкіндігін басқа құрылымдармен әрекеттесу арқылы дамытады. Мысалы, 1970 жылға дейін баспасөз беттерінде жұмыс орындары туралы хабарландырулар ерлерге бөлек, әйелдерге бөлек бағандарда жарияланды. Ең үздік университеттер әйелдерді студент етіп қабылдамады. Ал кейбір министрлер мен кеңесшілер күйеуінен таяқ жеген әйелдердің өздері кінәлі деп айыптады. Әйелдер қозғалысының өршуі, олардың мұны жеке бастың жай ғана мәселесі деп қарамай, барлық әйелге ортақ мәселе және олардың әйел болғандығынан ғана туып отырған проблема деп қарауымен байланысты. Бұл тармақ «Жеке, саяси» деген феминистік ұранмен әдемі түйінделген.

## Қозғалыстар неге сәтті немесе сәтсіз аяқталады?

Неге кейбір қозғалыстар мақсатына жетіп жатса, басқалары жарты жолда жоқ болып кетеді? Тарихи шолу жасасақ, әлеуметтік қозғалысқа бастама көтерген 53 ұйым (ҚҚҰ) болған. Әлеуметтанушы Уильям Гамсонның анықтауынша, әлеуметтік қозғалыстың төрт нәтижесі болады. Толықтай жеңетін қозғалыс – барлық мақсатына жеткен, кейін заңды, беделді ұйым деп қабылданатын қозғалыс. Мысалы, Африка ұлттық конгресі ондаған жылдар бойы Оңтүстік Африка Республикасындағы нәсілдік саясатқа қарсы астыртын әрекеттер жүргізді. Ақыры, ол 1994 жылы билікке келіп, Оңтүстік Африкадағы қара нәсілді халықтың жағдайын жақсартты. Алайда басқа ӘҚҰ осылай жетістікке жете алмады. Кейбір ӘҚҰ ойлары мен идеологиясын қоғам қолдағанымен, жабулы күйінде қалады. Олар өздері мақсат еткен әлеуметтік өзгерісті енгізе алмайды. Енді бір ӘҚҰ билік басындағылар мақсаты мен бағдарламаларын қабылдап, бірақ ұйым мен оның идеологиясына жала жабуын жалғастыра берген кезде құқыққа ие болады. Көптеген саясаткерлер бүгінде бірдей еңбек үшін бірдей жалақы берілуін қолдайды, бірақ қоғамның назарын өзіне аударатын феминистерді мойындамайды. Алайда өзге ӘҚҰ-ның қоғамға ықпалы аз. 15.2-кестеде Гамсон ұсынған қозғалыстың төрт түрлі нәтижесі көрсетілген.

АҚШ және дүниежүзі бойынша қозғалыстарды эмпирикалық зерттеудің нәтижесі бойынша, қозғалыстың сәтті болуына бірнеше фактор әсер етеді. Қозғалыстар, егер олар түрлі ұйымдардан құралса; алуан әдісті пайдалана отырып, жеткілікті ресурс жинай алса; егер олардың мақсаты мен идеологиясы қатысушылардың қызығушылығын тудырып, ұстап қала алатын әдіспен жасалса – сәтті болып шығады.

## Әртүрлі ұйымдар және әдістер

Әлеуметтік қозғалыс – бір мақсатты көздейтін ондаған, тіпті жүздеген топтар мен ұйымдардың өзара қатынасының нәтижесі. Мысалы, жануарлардың құқығын қорғауды мақсат ететін шамамен он шақты ӘҚҰ бар. Бұған Ұлттық Одюбон қоғамы мен Sierra Club (басқасымен қатар Конгресті қолдайтын) сияқты дәстүрлі жергілікті топтардан бастап Жерді Азат ету Шебі (2008 жылы әлдекімдер маңайындағы жылғалар мен сулы қатпарларды ластайды деп ойлағандықтан сән-салтанатты кешенде орналасқан үш бос үйді өртеп жіберген) сияқты мейлінше радикалды ұйымдарға дейін кіреді.

Қозғалыс аясындағы ұйымдардың пікірлері бір жерден шықпай, қолдаушыларды тарту үшін өзара бәсекелесуі мүмкін. Түрлі ұйымдар-

дың жиыны болғандықтан, қозғалыстағы адамдардың мақсаты да, күресу әдістері де әртүрлі болып келеді. ӘҚҰ-ның алуан түрлі болуы әлеуметтік қозғалыстың жұмыс істеуі үшін қажет.

ӘҚҰ екі түрлі әдіспен ұйымдастырылады: кәсіби жағынан бірлеседі және ерікті түрде ұйымдар құрады. Бір жағынан, америкалық азаматтардың еркіндігі қоғамы (ААЕҚ) немесе Ұлттық атқыштар ассоциациясы (ҰАА) сияқты ұйымдар бар. Олардың кеңселері Колумбия округындағы Вашингтонда орналасқан және қызметкерлеріне жалақы төленеді. Олардың кейбірі ұйымға қаражат тартатын кәсіби фандрайзерлер болса, енді бірі – тек қаржылай пайда көргенде ғана мәселеге қызығушылық танытатын лоббиші агенттер. Ал, екінші жағынан, мүшелері ерікті түрде, жеке қызығушылықпен ұйымдасқан ӘҚҰ бар. Мысалы, көршілердің өз аудандарында атом электр станциясының салынуына қарсы шіркеу жертөлесінде ұйымдасуын айтуға болады. Негізінде, ӘҚҰ үшін ұйымның қос әдісі де қажет. Кәсіби ӘҚҰ қорлардан, корпорациялар мен мемлекеттік мекемелерден қаражат жинау және орнықты қолдауды ұйымдастыру үшін пайдалы. Ал ерікті ұйымдар наразылықтың мәнін түсіндіріп, себептерін қоғамдық шерулер т.с.с. әрекеттер арқылы жария етуге қолайлы.

## Ресурстарды жұмылдыру

Жұмылдыру немесе мобилизация – әлеуметтік қозғалысқа қажетті ресурстарды қолжетімді ететін процесс. Бұл ресурстарға қару, технология, тауар, ақша және ұйым мүшелері жатады. Әлеуметтік қозғалысқа қажетті ресурстар екі факторға – қозғалысқа қатысушылар бақылайтын жеке ресурстардың санына және қозғалыс мүшелері енгізетін ресурстардың үлесіне тәуелді. Осылайша, мобилизация мүшелер санын арттыру немесе қатысушылардың қозғалысқа беретін ресурстарын көбейту арқасында жалғасын табады. Қатысушылардың ішінен қалталылардың бірнешеуі мол қаражат бөлсе де мобилизация жүзеге асырылады. Мысалы, «Tea Party – Шай мерекесі» қозғалысының негізін ағайынды миллиардерлер Чарльз және Дэвид Кох (Charles and David Koch) өздері қалап, қаржыландырған (Maeyer, 2010). Мобилизация әлеуметтік қозғалысты қолдауға басқа ұйымдарды да тартуды білдіреді.

Ұйымдастырушылық факторлар да ӘҚҰ-ның жетістікке жетуіне ықпал етеді. Ең бастысы, ӘҚҰ-лар мақсатына жету үшін ресурстарды жұмылдыра алуы керек. Ол ресурстар түрлі формада болуы мүмкін. 2011 жылы «Уолл-стритті басып алу» қозғалысы елдің түкпір-түкпірінде жүргізілді және қатысушылардың көбі бір түнде мәтіндік хабарламалар мен қоңырау шалу арқылы, яғни бұған дейін қолданылмаған ресурстар арқылы жұмылдырылды. Сонымен қатар адамдар қозғалыс жеңісінен пайда көру үшін белсенділік танытқан кезде ӘҚҰ зор жетістікке жетеді. Басқа ұйымдармен бәсекелеспей, керісінше, одақтасатын орталықтандырылған бюрократиялық құрылымы болғанда да ӘҚҰ қызметі сәтті атқарылады (Gamson, 1990).

## Қалыпты теңестіру

Саяси процестер теориясы жаңа қатысушыларды тарту және жұмылдыру үшін қалыпты теңестірудің маңызды екендігін көрсетті. Қалыпты теңестіру – қозғалыстар арқылы адамдарға олардың қызығушылықтары, құндылықтары мен сенімі ӘҚҰ-ның мүддесімен астарлас екенін көрсететін процесс (Benford & Snow, 2000). Мысалы, Ұлттық атқыштар ассоциациясы – Қайырымды қоғам полицейле-

---

**Жұмылдыру немесе мобилизация** – әлеуметтік қозғалысқа қажетті ресурстарды қолжетімді ететін процесс.

**Қалыпты теңестіру** – қозғалыстар арқылы адамдарға олардың қызығушылықтары, құндылықтары мен сенімі ӘҚҰ-ның мүддесімен астарлас екенін көрсететін процесс.

рі мүшелерін өздеріне қосылуға үгіттеп көндіреміз деген үмітпен пошта арқылы брошюралар жолдай алады. Сонымен қатар ол қылмыстық ахуал өршіген қала тұрғындарын қауіпсіздік үшін қолда қару болу керектігіне сендіру мақсатында жариялы түрде жиналыс өткізе алады. Культтік және экстремистік топтар сияқты өзге де ұйымдар адамдарды көзқарастарының мүлде дұрыс еместігіне сендіру арқылы өзіне тартады.

Құрылымды орталықтандыру әдістері арқылы кімдерді тартуға болады? Әлеуметтік қозғалыс белсенділерін зерттеу нәтижесі бойынша, жаңа қатысушыларды тартуда идеология және наразылық маңызды болғанымен шешуші фактор – жеке байланыстар мен тораптар. Адам қаншалықты идеологияға берілсе де жанында мүдделес серіктестері болмаса белсенді мүше бола алмайды. Егер оның достары, туыстары мен таныстары қолдау білдірудің орнына қозғалысқа қарсы шықса да белсенді мүше болуы екіталай (McAdam & Paulsen, 1993).

## Кері қозғалыстар

Кері қозғалыстар дегеніміз – қарсы күресетін қозғалысқа мүлде өзгеріс енгіздірмейтін немесе оған қарсыласуға тырысатын әлеуметтік қозғалыс (Lo, 1982; Meyer & Staggenborg, 1996). Кері қозғалыстар кез келген қозғалысқа жауап ретінде пайда болуы мүмкін және олар не солшыл, не оңшыл болып келеді.

Егер үш шарт сақталса, онда кері қозғалыстар белең алады (Meyer & Staggenborg, 1996). Біріншіден, алғашқы қозғалыс аз ғана болса да жетістікке жетуі керек. Егер қозғалыс сәтсіз болса оған ешкім қарсы шықпайды. Ал қозғалыс толықтай сәтті болып көрінсе, онда оппозицияның пайдасы шамалы болмақ. Мысалға, темекі тартатындардың көбі жұмыс орнында шылым шегуге тыйым салатын ережелерді ешбір қарсылықсыз қабылдады. Ал қоғамдық орындарда, мейрамханалар мен барларда темекі шегуге тыйым салынған кезде олар өздерін қолдаушылар барын түсінді. Осындай орындардың иелері тұтынушыдан айырылып қалмау үшін олардың сөзін сөйледі. Міне, сондықтан да аталған тыйымға қарсылық пайда болды.

## әлеуметтану және сіз

Егер қандай да бір миссионер мүбәрак жаныңызды тап-таза күйінде сақтап қалуыңыз үшін сізді өз дініне қосылуға үгіттесе, сіздің және оның қозғалысының мүддесі бір екеніне сендіргісі келсе, онда ол құрылымды орталықтандыру әдісін қолданғаны. Сол сияқты студенттік өзін-өзі басқару жүйесі үшін жүгіріп жүрген біреу я болмаса сіз «Гринписқа» қосылады деп үміттенген адам екеуіңіздің қозғалыстағы қызығушылықтарыңыз, құндылықтарыңыз бен сенімдеріңіз ұқсастығына сізді сендіргенде де осы әдіс жүзеге асады.

Кері қозғалыс дегеніміз – қарсы күресетін қозғалысқа мүлде өзгеріс енгіздірмейтін немесе қарсыласуға тырысатын әлеуметтік қозғалыс.



Абортқа қарсылар мен таңдау құқын қолдайтындардың мына суреті көрсетіп тұрғандай, әлеуметтік қозғалыс – әлеуметтік өзгеріс орнатуда жетістікке жеткен сайын оған кері бағыттағы қозғалыс та дамиды.

Екіншіден, адамдардың әлеуметтік құндылықтарына немесе билігі мен мәртебесіне қауіп төнген кезде кері қозғалыс туындайды. Бұл жағдай әсіресе алғашқы қозғалыс қанатын кеңге жайғанда пайда болады. XIX ғасырдағы спирттік ішімдіктен бас тартуға бағытталған қозғалыс зор қарсылыққа тап болды. Керісінше, бүгінгі таңдағы жалпы ішкілікке емес, тек көлікті мас күйінде басқаруға қарсы қозғалыстың өзіне оппозиция мүлде жоқ десе болады.

Үшіншіден, жаңа қозғалыстан қауіп сезінген адамдар тобы қуатты одақтас тапса кері қозғалыс пайда болады. Мұндай одақтас-тар саяси партиялардан, одақтардан, шіркеуден немесе басқа да маңызды әлеуметтік топтан шығуы мүмкін. Осы орайда, шылым шегетіндер мен мейрамхана иелерін тағы бір мәрте мысалға келтіруге болады.

Баланы алдыртып тастауға қатысты шиеленіс қозғалыстар мен кері қозғалыстар арасындағы өзара байланысқа тамаша мысал бола алады. 1960 жылдардағы жасанды түсікті қолдайтын қозғалыс өзіне аса назар аудартады. Онда, негізінен, саяси элита – докторлар, заңгерлер және саяси топтарға мүше әйелдер болғандықтан шығар. Сондықтан болуы керек, БАҚ-та бұл қозғалыс туралы көп айтылмады (Luke, 1985). 1973 жылы Жоғарғы соттың шешімімен оның Рой мен Уэйдтің қарсыластарын жеңуі халықты таңғалдырды және жасанды түсікке қарсы қозғалыс тудырды (Meyer & Staggenborg, 1996). Кері қозғалысқа баланы алдыртып тастауды заңдастыру дінге, отбасы тұрақтылығына және әйелдердің қоғамдағы рөлі мен табиғатына қатысты дәстүрлі салаларға қауіп төндіреді деп санаған әйелдер де, ерлер де қосылды. Жасанды түсікке қарсы қозғалыс бұқаралық ақпарат құралдарында көрсетуге тұрарлық әрекеттер жасаған соң қосымша қолдаушыларға ие болды. Рой мен Уэйдтің ісі қаралғаннан кейінгі жылдары қолдаушы және кері қозғалыстар саяси одақтас іздей бастады. Таңдау құқығын қолдаушылар Демократиялық партиямен, ал жасанды түсікке қарсылар Республикалық партиямен бірікті. Қазіргі таңда америкалықтар «таңдау құқығын қолдаушылар» және «өмір сыйлаушылар» болып екіге бөлінген (Gallup.com, 2011c). Екі жақтың ешқайсысы да әлі жеңіске жеткен жоқ.

## Case study: экологиялық қозғалыс қалай жұмыс істейді?

Қоршаған ортаны қорғауды қолдау біржақты ұстаным сияқты. Кім ауаның, судың ластануына және жануарлардың жойылуына қарсы? Бұл сауалды қоюдың өзі артық. Барлығымыз да қолдаймыз.

Біздің қазіргі өмір сүру салтымыз белгілі деңгейде қоршаған ортаға зиянын тигізеді. Орта есеппен бір америкалық аптасына 35 фунт қоқыс шығарады, бірақ оның азғантай ғана бөлігі қайта өңделеді. Бір жағынан, қоршаған ортаны қорғау көп шығынды талап етеді: бағасы қымбат тауарлар, қалдықтарды қайта өңдеуге баса мән беру, қадағалау, халық тұтынатын тауарларды азайту және кейбір жұмыс орындарының жабылуы шығынға ұшырататыны белгілі. Экология мен қазіргі өмір салты арасындағы тартыс қисынсыз болғанымен экологиялық қозғалыс кідірместен күресіп келеді.

## Экологиялық саясат үшін күрес

Бұл күрес көп салаларда жүріп жатыр. Соның ішінде қоршаған ортасы нәзік, зиянды қоқыстар көбейіп, ауқымы ұлғайып жатқан қала маңы аудандарында мұнай барлауға қарсылық білдіріледі. Кейде



Экологиялық белсенділер конгреске шағымданудан бастап арандатуға дейінгі түрлі әдістерді қолданды. Бұл қайық – «Гринпистиң» Мексика өзендерінің ластануына қарсы науқанының бір бөлігі.

күресушілер төтенше әрекетке барады. Мысалы, Юта штатында «қаракүзенді азат етушілер» аң терісі шаруашылығындағы хайуанаттарды босатып жіберді. Штатты азық-түліктің басым бөлігімен қамтып отырған жүн зауыты кооперативін, жылына 20 млн. доллар табыс кіргізетін ішік-тон өнеркәсібін талқандады. Тіпті былғары дүкендерін өртеп жіберді.

Мұндай әрекеттер экологиялық қозғалысты насихаттау үшін және қатысушыларды белсенділікке шақыру үшін жасалғанымен олар өз бетімен жеңіске жете алмайды. Өртеу, жануарларды босату және қирату деген – уақытша ғана жеңіс. Ал ормандарды, жабайы табиғатты және қоршаған ортаны қорғауда тұрақты жеңіске жету үшін сот шешімдері, заңгерлер күресі және басқа әдістер болуы керек. Осылайша, кәсіби, ерікті, консервативті және радикалды ӘҚҰ жалпы қозғалыстың алға жылжуына көмектеседі.

Кәсіби экологиялық ӘҚҰ – Сьерра Клуб, қоршаған ортаны қорғау қоры, Ұлттық Одиобон қоғамы және басқалары – қала маңының өсуін тоқтату, бөгет жобасымен келісім жүргізу, таза ауа туралы заңның сақталуы үшін Конгреске хат жазды. Мемлекеттік саясатты өзгертуін талап ету және қажет кезде соттан тыйым салу актісін алу үшін заңгерлерге қосымша ақы төленеді. Сондықтан да олар қоршаған ортаны қорғайтын және корпорацияға зияны тимейтін корпоративті саясат жасап шығару үшін ірі корпорациялармен бірлесе жұмыс істейді. Мысалы, қоршаған ортаны қорғау қоры FedEx компаниясын жүк көліктерінде гибриді жанармай қолдануға итермеледі. Осы өзгерістің арқасында ауаның ластануы азайды, ал компанияның жанармай шығыны қысқарып, беделі артты (Deutsch, 2006; FedEx, 2006).

## Экологиялық қозғалыстың болашағы

Осы күнге дейін экологиялық қозғалыс бірқатар жеңіске жетті. Қоқыстың қайта өңделуі артты. Адам аяғы баспайтын табиғи орындар құрылды және жойылып бара жатқан жануарларды қорғайтын заң қабылданды. Алайда 1980 жылдары үкіметке, салыққа қарсы қозғалыстар және таза іскерлік ахуал қоршаған ортаны қорғауға бағытталған экономикалық және саяси қолдауды азайтты.



Экономикалық дағдарыс басталғалы бері америкалықтар нарықты қолдауға баса мән беріп, экология еленбей қалды: 2009 жылы Gallup Poll зерттеушілері жүргізген сауалнамада америкалықтар соңғы 25 жылда алғаш рет қоршаған ортаны қорғағаннан гөрі экономикаға мән беру керек деп жауап берген. 2011 жылғы сауалнама нәтижесі бойынша, америкалықтардың тек 36 пайызы ғана қоршаған ортаны қорғау керек деп санайды (Gallup.com, 2011). Сонымен қатар көптеген ғалымдар климаттың өзгеруі планетаны түбегейлі өзгертеді дейді. Бірақ америкалықтар мен америкалық саясаткерлер бұл оймен келіспейді.

Осындай мәселе туындаған соң экологиялық қозғалыстар қазір олардың ісін қолдайтын және жергілікті климат өзгерісіне мән беретін саясаткер таңдаумен, жас экологтарды белсенді болуға үндейтін шерулер өткізумен, сондай-ақ бұл іске әлеуметтік тораптарды жұмылдырумен айналысып жатыр (Kaufman, 2011).

## Технология

Әлеуметтік қозғалыс арқылы адамдар қоғамды өзгертуге тырысады. Басқа жағдайларда адамдардың сұранысы қарапайым болғанымен, үлкен әлеуметтік өзгеріс болуы мүмкін. Технологиямен байланысты жағдай дәл осындай.

Біздің күнделікті өмірімізде технология айрықша орын алады. Бүгін сіз алдын ала даярлау тетігін белгілі бір уақытқа басып қойған электрлі кофе аппаратынан бұрын оянып, ұялы телефонға келген хабарламаларды оқып шығып, смартфоннан музыка тыңдап, содан кейін барып таңғы асыңызды ішкен боларсыз. Қазіргі технология бұрынғыдан қуатты әрі қауіпті: автокөлік пен ядролық бомбаның жойқын күші жылқы жегілген арба мен қылыштан асып түседі. Сондықтан технологиялар енгізетін әлеуметтік өзгерістерге де мән беру қажет.

Технология дегеніміз – адамның білімі арқылы құралдар жасау және табиғи ресурстарды пайдалану. «Технология» термині тек құралдарға байланысты емес (материалдық мәдениет), сонымен бірге біздің тұжырымдарымызға, құндылықтарымызға және біздің соған көзқарасымызға байланысты да қолданылады. Бүгінгі жоғары технологиялар саласындағы заманауи жетістіктерді ғана технология деп санауымыз дұрыс емес, оған қарапайым керамика мен тоқылған себет те жатады. Демек, технология адамзат тарихының басталуынан мәдениеттің құрамдас бөлігіне айналған.

Технология қоғамның даму шегін айқындайтындықтан технологиялық инновациялар – әлеуметтік өзгерістің басты қозғаушы күші. Бұдан бұрын 4-бөлімде көргеніміздей, технология аң және балық аулау мен бағбаншылықты сол кезде ауыл шаруашылығына, кейіннен өнеркәсіптік, одан соң постиндустриалдық қоғамға айналдырды. Қазіргі таңда мәдениет пен қоғамның өзгеруіне қарай пайда болатын жаңа сұраныстарды қанағаттандыру үшін жаңа технологиялар енгізіліп жатыр. Бұл үздіксіз жалғасатын цикл іспетті. Әлеуметтік өзгерістер жаңа технологиялардың пайда болуына да, олардың қолданылуына да себепкер болып отырады. Бұл тарауда біз әлеуметтік өзгерістерден пайда болған екі технологияның теориясын қысқаша қарастырамыз. Мұнан соң жаңадан енгізілген репродуктивті және ақпараттық технологиялардың артықшылықтары мен кемшіліктерін талқылаймыз.

**Технология дегеніміз** – құралдар жасау және табиғи ресурстарды қолдану үшін адам білімін қолдану.

## Технология және әлеуметтік өзгерістерге теориялық көзқарастар

XIX ғасырдан бастап әлеуметтанушылар технология мен әлеуметтік өзгерістердің арасындағы байланысты зерттеді. 1-бөлімнен байқағанымыздай, көптеген әлеуметтанушылар өндірістік революцияның салдарын және одан туындаған әлеуметтік өзгерістерді бақылау үшін ғылыммен айналыса бастаған. Бұл тарауда технология мен әлеуметтік өзгеріс арасындағы байланыстардың құрылымдық-функциялық және конфликт теориялары тұрғысынан түсіндірілуі қарастырылады.

### Құрылымдық-функциялық теория: технология және эволюциялық әлеуметтік өзгерістер

Құрылымдық-функциялық теория, ең алдымен, әлеуметтік құрылымның ұйымдасқан тәсілмен бір қалыпта сақталуын зерттейді. Бірақ қоғам мен мәдениеттің өзгеруін де назардан тыс қалдырмайды. 1-тарауда айтылғандай, құрылымдық-функциялық теория бойынша өзгеріс эволюция арқылы жүзеге асады: әлеуметтік құрылымдар жаңа сұраныстар мен талаптарға кезең-кезеңімен бейімделеді, ал ескірген үлгілер, ойлар және құндылықтар біртіндеп жойылады. Осындай эволюцияға тұрткі болатын жаңа сұраныстар мен талаптар технологиялық жетістіктер болып саналады.

Өзгерістер эволюциялық жолмен жүргенімен әрдайым біркелкі болмайды. Оның себебі – мәдениеттің бір тұсындағы өзгеріс басқаларына әсер етеді. Құрылымдық функцияшылдар мәдениеттердің мұндай өзгерістерге бейім келетінін, бірақ бейімделу белгілі бір уақытты қажет ететінін айтады. Соның салдарынан қоғамдар «мәдени кешігуді» сезінеді. Бұл ретте мәдениеттің кейбір салалары өзге салалардағы өзгерістерден кейіндеп қалады. Мысалы, 1870 жылы фабрикалардың көбеюі өндірістік апаттарды көбейтті. Бірақ жұмысшылардың өндірістік жарақатына өтемақы төлеу туралы заңнамалар 1920 жылға дейін қабылданбады. Яғни 50 жылға жуық мәдени кешігу байқалды. Мәдени кешігу – әлеуметтік құрылым жаңа технологияларға бейімделіп жатқан кезде болатын уақытша кезең.

### Конфликт теориясы: технология, билік және әлеуметтік өзгеріс

Құрылымдық-функциялық теория әлеуметтік өзгерістерді ретті және жалпылай келісім деп қарастырса, конфликтология теорияшылары өзгерісті жаңа технологияларды қоса алғанда бәсекелес топтардың күресінің нәтижесі деп санайды. Сонымен бірге конфликтология теорияшылары қолында мол билігі бар адамдар технологиялық және әлеуметтік өзгерістерді өз мүддесіне бағыттайды деп тұжырымдайды. Қақтығыс және құлдырау сипаты бар процесте әлеуметтік құрылым өзгереді. Өйткені ықпалды топтар өзгеріс үшін немесе қалыптасқан жағдайды сақтау үшін әрекет етеді.

Торстейн Вебленнің (Thorstein Veblen, 1919) айтуынша, қалыптасқан жағдайдан пайда тауып отырғандар оны сақтау үшін бар күшін салады. Заңды мүддені көздеушілер қалыптасқан жағдайды сақтауға немесе өзгертуге тырысады. Әлеуметтік өзгерістен залал көрген топтар мен адамдар қалыптасқан жағдайды сақтағысы келеді. Ал өзгеріс-

**Заңды мүдделілер** – қалыптасқан жағдайды өзгертуге немесе сақтауға тырысады.

тен пайда табатындар, керісінше, жаңашылдықты қолдайды. Электр компаниялары электромобильдерді сатуға мүдделі. Бірақ бұл жанармай компанияларының мүддесіне сай келмейді. Колледж студенттері ғаламтордан оқулықты тегін жүктегісі келеді, ал баспаханаларға бұл тиімді емес.

Технологияның артықшылықтары сияқты шығындары да тең бөлінбейді. Конфликтология теорияшылары әдетте шығынға әлсіздер ұшырайды дейді. Корпорацияларға көп пайда түсіретін ауаны ластаушы фабрикалар кедей-кепшік тұратын аудандарда орналасады. Олар ешқашан Беверли Хилз немесе Скарсдейл сияқты аудандарда болмайды.

Эволюциялық теориялар сияқты әлеуметтік өзгерістерге қатысты конфликтологиялық көзқарас та тек болжамға ғана сүйенбейді, эмпирикалық зерттеулермен дәлелдейді. Конфликтологиялық көзқарас жөніндегі жалпы түсінік бойынша, қоғамда байлығы, мәртебесі мен билігінің үлесі әркелкі қалыптасқан адамдар жағдайды сақтап қалуға тырысады. Қазіргі құбылмалы қоғамда бұл түсінік өзгеріп кетуі де мүмкін: қуатты топтар, жеке адамдар мен ұйымдар да қолдауға бейім болып, технологиялық инновацияларға қарсы шығуы ықтимал. Мысалы, Microsoft компаниясы бағдарламалармен қамдаумен айналысып, компьютерлерді бақылайтын Linux және Apple жасайтын инновацияларға қарсы жұмыс істесе де Windows бағдарламалық қамдаудың жаңа версиялары сияқты пайда әкелетін жаңа технологияларды толықтай қолдайды. Сонымен қатар кейбір ғалымдар технология «автономды» дейді. Яғни атомды Бобқа арналған дербес компьютер сияқты нақты бір өнертабыс үшін қосалқы білім ойлап табылған бойда солай бірден қолданысқа енгізіледі. Осылайша, технологиялық өзгерістер сізге тікелей бақыланбайтын күштермен іске асуы мүмкін.

## Жаңа технологияның артықшылықтары мен кемшіліктері

Дербес компьютердің ойлап табылғанына барлығымыз қуаныштымыз. Оның артықшылықтары айқын, бірақ одан туындайтын кішкентай мәселелерді біз елемейміз. Ал атом бомбасының жасалғанына қуанғандар аз. Алайда Екінші дүниежүзілік соғыс кезінде Америка үкіметі оны қолданғанда америкалықтардың көбі риза болды.

Демек, жаңа технологиялардың артықшылықтары мен кемшін тұстары болады және олар бірден байқалмауы мүмкін. «Жағандық көзқарас: Үндістан ұялы телефонды қарсы алды» бөлімінде артықшылық пен кемшіліктің арақатынасы қарастырылған.

Келесі тарауларда біз жаңа технологияның екі түрін – репродуктивті және ақпараттық түрлерін қарастырамыз. Осы ретте жаңа технологиямен қатар пайда болатын технологиялық тұрғыдан міндетті және қалыпты деп саналатын жазатайым сқиғаларды талқылаймыз.

## Жаңа репродуктивті технологиялар

Жаңа репродуктивті технологиялар (кейбірі қарапайым, кейбірі күрделі) балалары өзінің ағзасынан болғанын қалайтын әйел мен ер адамның нәресте сүю мүмкіндігін арттырды. Әйелдері бала көтере алмайтын ерлер өзінің ұрығын басқа әйелге беру арқылы оны жүкті ете алады. Олар әдетте «суррогатты ана» (ақылы қызмет) деп аталады. Ерлері белсіз әйелдерге басқа адамның ұрығы арқылы бала көтеруге болады. Бала көтере алмайтын әйелдер хирургиялық әдіспен аналық жасушасын алдырып, кейін оны пробиркада ұрықтанды-



## ЖАҒАНДЫҚ КӨЗҚАРАС

### Үндістан ұялы телефондарды қарсы алды

**А**ҚШ тұрғындары үшін ұялы телефонының пайда болуы өмірді бірталай жеңілдетті. Үндістандықтар үшін ұялы телефон бәрін өзгертуі мүмкін.

Үндістанда ұялы телефонды қолдану дүниежүзінде ешбір елде болмаған қарқынмен өсіп келеді. Қазіргі кезде үнділердің 1/3 бөлігінде ұялы телефон бар (Giridharadas, 2009). Сонымен қатар ұялы телефоны барлар саны кедейлер мен байлардың арасында, шағын қалалар мен ауылдарда және үлкен қалаларда да өсіп келеді.

Көптеген сұранысты қанағаттандыратын болғандықтан, ұялы телефондар танымал бола түсті (Giridharadas, 2009). Осы кезге дейін үнділерде стационарлы телефонның өзі сирек болатын. Ал стационарлы телефоны бар үйлер оны өзінің қалауынша қолдана алмайтын. Аппарат үйдің ортасында, барлығының қолдануына ыңғайлы жерде орналасатын. DVD ойнатқыш, стерео жүйе, камера сияқты басқа электронды

құрылғылар әлі де қолданыста сирек кездеседі. Ал компьютер мен ноутбуктері бар адамдар ғаламторға қосыла алмайды.

Осындай жағдайда ұялы телефон революциялық құбылыс болды. АҚШ-тағыдай үнділер телефондарын қолшам немесе интернетке қосылу құралы ретінде күнтізбе үшін және фотоға түсіру мақсатымен қолдана алады. Айырмашылығы сол, Үндістанда көпшілігі осы міндеттерді орындайтын басқа құрылғыларды білмейді.

Ұялы телефон жас үнділердің жеке өмірін өзгертті. Отбасындағы, үйленбеген ер мен әйел арасындағы қатынасты қатаң бақылайтын қоғамда жас үнділердің телефонды хабарлама жазу үшін және өзіне ұнайтын қызбен не жігітпен жасырын сөйлесу үшін қолданады. Сөйтіп, ұялы телефон жасырын өмір жайлы ойды өзгертті.

Ұялы телефон Үндістандағы саяси өмірді де өзгертті. Белсенді топтар ұялы телефонды саяси үміткерлер жайлы мәліметті тарату үшін, журналистер саясат және оқиға жайлы сұхбат алу үшін, ал азаматтар теледидарға саяси хабарла-

малар айту үшін қолдана бастады. Бұл әрекеттер жергілікті сайлау мен сот ісіне ықпал етіп үлгерді (Giridharadas, 2009).

Енді бір жағынан, телефон Үндістандағы көне мәдени және әлеуметтік айырмашылықты нығайтушы жаңа әдіске айналды. Бір бақылаушы жазғандай, ұялы телефон арқылы кім алда, ал кім артта қалғанын байқауға болады. «Кішкентай» адамдарда – кішкентай телефон, ал «үлкендерде» – үлкені. «Кішкентайларда» қарапайым нөмір, ал «үлкен» адамның нөмірі маңындағыларға қыр көрсетудің бір құралы ретінде тез жатталатын 77777 сияқты сандармен аяқталады. «Кішкентай» адамдарда бір телефон, ал «үлкендерде» екеуден. «Кішкентай» адамдарда қарапайым қоңырау соғылса «үлкен» адамдардың қоңырауында Болливудтың әндері орындалады (Giridharadas, 2009).

Қорытындылай келгенде, басқа да жаңа технологиялар сияқты Үндістанда ұялы телефондардың қолданысқа енуін жақсы не жаман деп бағалауға болмайды. Мүмкін, ұялы телефондар үнді халқына қасірет сыйлар, мүмкін көмектесер.

рып, содан кейін жатырына имплантация жасатады. Мұндай әдіспен белсенді аналық жасушасы жоқ әйелдер де (менопаузадағы әйелдер де) басқа адамның ұрығын пайдалану арқылы бала көтере алады. Бұл технологиялар тек баласы жоқ жұптарға ғана емес, жалғыз басты ерлер мен әйелдерге де қолжетімді. Қазіргі таңда жыл сайын 50 мыңға жуық бала осы технологиялардың арқасында дүниеге келеді (U.S. Bureau of the Census, 2011c). Көптеген аналар гормондық дәрілерді қабылдаған соң немесе бала туу қабілетін қалпына келтіретін хирургиялық шаралардан кейін кәдімгі табиғи жолмен көтеріп, дүниеге бала әкеледі.

Репродуктивті технологиялар балалы болу мүмкіндігін арттырғанымен, кейбір әлеуметтанушылар денсаулық, әлеуметтік және этикалық жағдайларға алаңдайды (Rothman, 2000). Денсаулыққа төнетін қатерлер өте көп. Гормондар қабылдайтын әйелдерге сүт безінің немесе аналық жасушаларының қатерлі ісікке шалдығу қаупі төнеді. Тағы бір әйелдер гормондар қабылдағаннан егіз, үшем немесе төртем көтергенде ұзақ мерзім бойы қатерге басын тігеді. Олардың балалары дүниеге ерте келеді. Сондықтан олардың да денсаулығына байланысты көп мәселелер туындайды (Saul, 2009). Хирургиялық жолға жүгінген әйелдер хирургиялық емнің барлық қауіп-қатерімен бетпе-бет келеді.

Электр құрылғылардың қуаты артып, шығыны азайған сайын көптеген білім алушылар шағын компьютер, планшеттерді колледжге, мектепке, тіпті бастауыш мектепке алып баратын болды.



Әлеуметтік және этикалық мәселелердің жаңа репродуктивті технологиялармен байланысы өте нәзік, байқалмайды. Кейбір ең мықты тәсілдер егде жастағы әйелдерге нәтиже бермеуі мүмкін. Тіпті балалы болғанға дейін әйел әрқайсысы 12 мың доллар тұратын бірнеше циклды ем қабылдауы ықтимал. Дегенмен технологияның ұдайы дамып отыруының баласыздыққа тигізер әсері бар. Қалай болғанда да жұбайлар бала асырап алуға немесе баласыз өмір сүруге қатысты шешімді өздері қабылдайды. Бұл технологиялар баланы қымбат тұратын тауарға айналдырып жіберген жоқ па? Кейінгі кезде осындай сұрақ қойылып жүр. Сонымен бірге технологиялар ата-ана түсінігін тарылтып жібергендей. Өйткені ата-ана болу тек гендік тұрғыда жақын болу емес, сонымен бірге баланы жақсы көру және тәрбиелеп өсіру.

### Ақпараттық технологиялар

1970 жылғы колледж студентін мысалға алайық, оған ата-аналардың ажырасуының салдары жайлы курс жұмысын жазу керек. Ол кітапханаға барып мерзімді басылымдар бөлімін қарайды. Онда «Неке және отбасы» журналын табады. Оның нөмірлерін қарай отырып көңілінен шыққан 5 мақаланы іріктеп алады (мұғалімнің талабы бойынша 5 мақала қарау керек). Оларды 3-5 дюймдік карточкаларға жазып алады (фотокопия машиналары жоқ) да үйіне қайтады. Баяндама жазу үшін электрлі басу машинасынан қағаз лентаға жазбаларын басып шығарады. Оны қиып, қағазға жапсырады. Қателерін сөздікпен салыстырып тексереді. Бәрі дұрыс болған соң ғана соңғы нұсқасын әзірлейді. Сосын көшірмесін түсіреді. Егер қате жасап қойған болса оны ұқыпты түрде өшіріп, білдіртпей жөндеуге тырысады.

Енді қазіргі студенттің жағдайын қарайық. Бұл студент әлеуметтану бойынша 100 мың мақала жинақталған «Әлеуметтік рефераттар» атты онлайн библиографияға кіреді. Ол «ажырасу» және «ата-аналар» деген кілттік сөздерді енгізген кезде бағдарлама 41 мақала тауып береді. Өзі таңдап алған мақалаларды жүктеген соң ноутбүгінде баяндамасын әзірлей бастайды. Оны қалауынша өңдейді. Орфографиясын компьютер автоматты түрде тексереді және сөздерді өңдеу үшін он-



лайн-тезарусты қолданады. Баяндамасы дайын болған соң электронды пошта арқылы 2000 миль қашықтықтағы анасына жібереді. Бір сағаттан соң анасынан өңделген нұсқасын алады да қателерін түзеп, бір көшірмесін өзінің профессорына, екіншісін университеттік антиплагиаттық бағдарламадан тексеруге арнап шығарады.

Ақпаратты сақтау, қолдану және жөнелту үшін қолданылатын **ақпараттық технологиялар** – компьютерлер мен телекоммуникациялық құрылғылар біздің күнделікті өмірімізді қатты өзгертті. Соңғы бірнеше жылда АҚШ «ақпаратты қоғамға» айналды. Көптеген адамдар ақпарат жинаумен, өңдеумен және байланыс орнатумен айналысады. Одан бөлек, біз курстық жұмыстарды жазуда қиындықтар сезінбейміз. Ақпараттық технологиялар болашақта біздің өмірімізді қалай өзгертуі мүмкін? Бұл әлеуметтік таптардың арасындағы теңсіздікті арттыра ма әлде азайта ма? Ақпараттық технологиялар біздің өмірімізді қауіпсіз әрі жақсы немесе шиеліністі әрі жабық ете ме?


Жауабы біреу: жақсы болары анық. 15.1-картада көрсетілгендей, ғаламторға дүниежүзінің барлық бөлігінен қосылуға болады. Демек, біз компьютер арқылы шалғайдағы отбасымызбен және достарымызбен, дәрігерлермен және медициналық ақпаратпен, кітапханалармен және банк мәліметтерімен байланыс орнатып, дүниежүзі жаңалықтарынан хабардар бола аламыз.

Мысалы, 2011 жылы Жапонияда қатты жер сілкінісі болды. Шетелде тұратын көптеген жапондық электронды пошта, веб-камерамен отбасыларынан хабар алды және интернеттегі чат, блог, RSS каналдары, твиттер желісі, 24 сағаттық жерсеріктік және кабельді жаңа-

**Ақпараттық технологиялар** – компьютерлер мен телекоммуникациялық құрылғылар біздің күнделікті өмірімізді қатты өзгертті.

**15.1-КАРТА. Үйінен интернетке қосыла алатын тұрғындар үлесі**

Ғаламторға қосылу дүниежүзі бойынша жылдам тарады. Ал Жапония сияқты елдерде тіпті кең тараған. ДЕРЕККӨЗ: International Telecommunications Union (2011).







Жаңа технологиялардың арқасында біз үйде не демалыста болсақ та, қаласақ та, қаламасақ та жұмыс кеңсесімен әрдайым байланыста боламыз.

лықтар арнасы арқылы жағдайды бақылап отырды. Ал Иран сияқты авторитарлы мемлекеттерде Twitter, Facebook, блог және интернет сайттар арқылы үкімет бақылайтын БАҚ-тан айтылмаған ақпаратты алуға болады.

Ақпараттық технологиялар арқылы саяси процестерге толықтай қатысып, халық қалаулыларымен тікелей байланысқа шыға аламыз. Компьютердің және электронды поштаның арқасында жұмыс орнынан алшақ жерде жұмыс істей береміз. Осылайша, жұмысқа баратын уақытты үнемдей отырып, отбасына көп уақыт бөлуге мүмкіндік бар.

Бір жағынан, ақпараттық технологиялар саласындағы жетістіктердің кесірінен қылмыстың (хакерлер және электронды ұрлық), қорғаныс шараларының (мәліметтерді қорғау жүйесінің бұзылуы мен жалған бағдарлама ойламаған жерден Үшінші дүниежүзілік соғысты бастап жіберуі мүмкін), денсаулық мәселелерінің (көз ауруы және созылмалы күйзеліс) және тиімсіздіктің («кешіріңіз, жүйе жұмыс істемей тұр») жаңа түрлері пайда болды. Сондай-ақ қоғамдық бақылаудың жаңа пішіні қолданыла бастады. Ақпараттық технологиялар корпорацияларға, полицияға, заңгерлер мен үкімет бюрократтарына сіз туралы кешенді мәліметтерді біріктіретін база жасауға мүмкіндік берді. Айталық, қандай автокөліктер сатып алғаныңыз, кіріп тұратын веб-сайттарыңыз, ұнататын музыкаңыз, кімге үйленгеніңіз, балалы болуыңыз немесе жылдамдықты шектен тыс асырғаныңыз үшін айыппұл салынғаны және т.б. деректер жинақталады (Turkle, 2011). Дәл осылай, басқалар біздің компьютерлік файлдарымызға, өшірілген хабарламаларға және қоңыраулар тізіміне қол суға алады. 1000 ірі корпорацияда жүргізілген сауалнама қорытындысы бойынша олардың, 2/3 бөлігі жұмысшылар жайлы мәлімет жинайтынын мойындаған (Rosen, 2000). Жаңа технологиялар әсерінен бір күндік жұмыс уақыты ұлғайды. Өйткені ноутбуктер, планшеттер, электронды пошта және телефондар демалыс күні де жанымызда болады (Turkle, 2011).

Ақпараттық технологиялардың қоғамға ұзақ уақыт бойы әсер етуі компьютерлер мен телекоммуникацияның мүмкіндігі мен әлеуметтік институттарға байланысты. Ақпараттық технологиялар бізге көбірек еркіндік береді, жергілікті және федералдық заң шығарушы органдар ісіне зор үлес қоса аламыз, бірақ жеке өмір құпиялылығы мен дербестіктен айырыламыз. Артықшылықтың немесе кемшіліктің көп болуы технологияның мектепте, жұмыс орындарында және үкімет аппаратында қолданылуына байланысты. Жаңа технологиялардың жұмысқа, тапқа, ортаға және отбасына қалай әсер ететіні әлеуметтік институттарды зерттеушілердің назарын аударды.

Озық технологияларды қолдану және қамтамасыз ету әлеуметтік өзгерістердің жылдам жүзеге асуы әлеуметтік жоспарлауды талап ететінін білдіреді. Яғни ортақ құндылықтар негізінде қажетті іс-әрекеттерді талқылауға және келісуге, саналы түрде процесті зерттеуге болады.

## Технологиялық императив

Бұдан бұрын айтқанымыздай, белгілі бір технологияны жасап шығару үшін қажетті зерттеулер жүргізілген соң жаңа технология қолданысқа енгізіліп, қолдаушылары да табылады. Содан кейін бұдан да гөрі нық етіп, технология қолжетімді болғанда оны қолданбау мүмкін емес деген мәлімдеме жасай аламыз.

Автомобильді қарастырайық. 1925 жылы жеткілікті ақшасы бар кез келген қала тұрғыны автокөлікпен жұмысына баратын. Ал егер ол мұны қаламаса, онда дiттеген жеріне жету үшін жиі жүретін арбалар-

дың кең желісі бар еді. Жұмысы жақын жерде болса, онда тіпті көлік орнына серуендеп баруды таңдайды. Бүгінгі күні автомобиль өмір салтымызға етене араласып кетті. Мемлекеттік субсидиялардан жол және автотұрақтар салуға, тұтынушылар үшін жанар-жағармай бағасын төмендетуге миллиардтаған доллар қаржы бөлінеді. Сонымен қатар қоғамдық көлік аса маңызды қажеттілікке айналды. Көптеген қалаларда қозғалыстың жоғары жылдамдығы немесе көшелерді бөлетін үш жолдың кесірінен жаяу немесе велосипедпен жүру қауіпті әрі ыңғайсыз.

Бұл жағдай технологиялық императивтің үлгісі: технология қолжетімді болғаннан кейін оны пайдаланудан бас тарту қиын. Достары ұялы телефонды, электронды поштаны немесе жедел хабарлама алмасуды қолданбаған жағдайда кей адамдардың қалай ашуланатынын елестетіп көріңіз, сондай-ақ сол технологияларға қол жеткізу үшін қысым мен күтудің әсері де бар.

## Ықтимал апаттар

Өміріміз күрделі және өзара байланысты технологияларға тәуелді болып келе жатқандықтан, технологиялық проблемаларға қатысты осалдығымыз артып келеді. Тоғызыншы ғасырда адамдардың көпшілігі суды құдықтан алды және жарық үшін шамдарды қолданды. Егер құдық тартылып қалса немесе үй өртеніп кетсе аз ғана үй апатқа ұшырайтын. Енді біз суды қалалық су жүйелерінен және жарықты электр компанияларынан аламыз. Егер бір нәрсе дұрыс болмаса бәрі бұзылады.

Бұл осалдыққа 2003 жылдың тамыз айындағы қараңғылық айқын мысал бола алады. Электр энергиясы америкалық үй шаруашылықтарына электр кабельдерінің кең торабын бөлісетін бірлескен коммуналдық кәсіпорындар желісі арқылы беріледі. Бұл желінің жағдайы кең аймаққа сұранысты арттыруға және кез келген аймақтағы жүйенің шамадан тыс жүктемесін азайтуға арналған кешенді компьютерленген технологияларға байланысты. Бірақ ол күрделі әрі өзара байланысты болғандықтан, проблема тез арада кең жайылған күрделі мәселеге айналуы мүмкін.

**Технологиялық императив** дегеніміз – жаңа технология қолжетімді болған кезде оны қолданбау мүмкін емес деген тұжырымға келу.



Әуе тасымалы өте қауіпсіз. Бірақ ұшақтар да, әуе қозғалысы да күрделі болғандықтан анда-санда қайғылы жағдайлар болып жатады. Мұндай трагедиялар ықтимал жазатайым оқиғалар деп аталады.

Мысалы, 2003 жылы Орталық Батыстағы шамадан тыс жүктелген схемалардың кесірінен Орталық Батыс және Солтүстік Шығыс штаттарда, тіпті Канадада 50 миллионға жуық адам бірнеше сағатқа электр қуатынсыз қалды.

2003 жылғы оқиға технологияға қаншалықты тәуелді екенімізді және ол істен шыққан жағдайда қаншалықты осал екенімізді көрсетті. Себебі олардың тұтынушыларға су тарату жүйесі электр қуатымен жұмыс істейді, сондықтан мыңдаған адам сусыз қалды. Жарықтандырығыш батареялары жыпылықтап, адамдарға шам сияқты ғана жарық берді. Көптеген адамдар достарымен, туыстарымен байланысқа шыға алмады. Ноутбуктер мен смартфондардың қуаты тез таусылды. Ал ұялы телефон желілері электр энергиясынсыз қалды немесе оларға шамадан тыс салмақ түсті. Сондықтан адамдар қоңырау шала алмады, хабарлама не электрондық поштаға жазу мүмкіндігі болмады. Тіпті жұмыста телефондары бар адамдар байланыс нөмірлері тізімін компьютерлерде сақтаған болса ешқайда қоңырау шала алмай қалды.

Бұл – ықтимал апаттың бір мысалы. Ықтимал оқыс оқиғалар – жүйе қаншалықты кепілді болғанына қарамастан (Pegrow, 1984), соншалықты күрделі болуына байланысты ерте ме, кеш пе туындауы мүмкін оқиғалар. Ғарыш кемесінің аз-маз кідіріске ұшырауы, атом электр станцияларынан радиацияның кездейсоқ таралуы және электр энергиясының болмай қалуы сияқты ықтимал апаттар – заманауи технологиялар үшін төлеп отырған бағамыз.

## Бұл бізге не береді?

Мейлі әлеуметтік қозғалыстарда болсын, мейлі жаңа технологияларда болсын, қай жерде жүріп жатса да кез келген әлеуметтік өзгерістердің қарсыластары болады. Әрбір жеңімпаздың жеңіліп қалуы ғажап емес. Демек, өзгерістер шиеленіске түрткі болар ахуал тудырады деген сөз.

1-бөлімде әлеуметтанушының әлеуметтік мәселелерді зерттеудегі тиісті рөлі талқыланған болатын. Олар құнды болуы керек пе әлде тұрақты болуы керек пе? Әлеуметтік өзгерістер мен шиеленістер мәселелері бұл сауалдарға шұғыл назар аудартады. Көптеген әлеуметтанушылардың жұмысы білім берумен және зерттеумен шектеледі, алайда олар әлеуметтік өзгерістерді бақылауда, тіпті жасауда белсенді рөл атқаруы керек дейтіндер де бар. Олар адамдардың бәсекелестікті, теңсіздікті және әлеуметтік өзгерістерден туындайтын шиеленістерді түсінуіне және шешуіне әлеуметтанушылар белсенді түрде көмектесуі керек деп санайды.

Әлеуметтік өзгерістердің әлеуметтік әділеттілікті арттыруын қамтамасыз ету үшін әлеуметтанушылар не істей алады? Әлеуметтанушылар жасайтын үш пайдалы нәрсе:

*Шиеленістерді шешу жолдарын зерттеу.* Университеттер шиеленісті шешуге үйрететін арнайы курстар мен бағдарламалар санын көбейтіп жатыр. Мұндай бағдарламаларда әлеуметтік оң өзгеріске алып келетін дауларды реттеу және бейбіт мекен туралы келіссөз жүргізу әдістері әзірленеді. Сонымен бірге шағын топтарда шешім қабылдау және ұйымдастырушылық мәдениет сияқты тақырыптар бойынша әлеуметтік зерттеулердің жүргізілуі маңызды.

*Әлеуметтік әділеттілік перспективаларын дамыту.* Негізінде, әлеуметтану әлеуметтік топтардың өзара әрекетінен және биліктің осы аралықта атқаратын рөлімен айналысады. Әлеуметтанушылар өз зерттеулері мен оқытуы барысында адамдардың, топтар

мен халықтардың билікке қалай қол жеткізетінін және пайдаланатынын, сондай-ақ биліктің әділ бөлінуі мен қолданылуының мүмкіндіктерін талдайды.

*Әлеуметтік өзгеріс стратегияларының үлгілері.* Әлеуметтік зерттеулер көмегімен жекелеген адамдар мен әлеуметтік топтардың әл-ауқатын жақсартуға арналған «Бастау» бағдарламаларынан трансұлттық инвестицияларға дейін барынша тиімді бағдарламалар әзірлеуге болады.

Әлеуметтанушылардың шиеленістерді шешуге, әлеуметтік әділеттілік пен әлеуметтік өзгерістер мәселелеріне қатысуы әлемді жақсартудағы шешуші фактор болмауы да мүмкін. Сөйтсе де бұл мәселелерді ғылыми тұрғыдан қарастырмау қателік боларына сенімдіміз. Адамның мінез-құлық қағидаларын тану ғылымы дамыған кезде біз әлеуметтік шиеленістерді азайтуға көмектесеміз. Ғалым, студент және азамат ретінде бізге жүктелетін білімді іздеу мен қолдану жөніндегі міндеттемелер бар. Біздің болашағымыз осыған тікелей тәуелді.

## Қорытынды

1. Ұжымдық мінез-құлық пен әлеуметтік қозғалыстар өзара байланысты болғанымен әртүрлі қызмет атқарады. Ұжымдық мінез-құлық жоспарланбаған әрі тосын, ал әлеуметтік қозғалыс ұйымдастырылған, мақсатты және ұзақ мерзімді болып келеді.
2. Салыстырмалы депривация теориясына сәйкес, адамдар қолында бары мен ойдағы үміті арасындағы зор айырмашылықты сезінген кезде әлеуметтік қозғалыстар пайда болады. Ойдағы үміт басқа топтармен және басқа кезеңдермен салыстырудан туады.
3. Ресурстарды жұмылдыру теориясы адамдар әлеуметтік өзгерістер жасауға қажетті ресурстарды біріктіре алса, әлеуметтік қозғалыстар пайда болады деп пайымдайды.
4. Саяси процестер теориясы саяси мүмкіндіктер мен ресурстардың қолжетімділігін қарастырады және сәтті қозғалыстар өзгерістердің қажеттігі мен мүмкіндігін қатысушыларға сезіндіруі керектігін мойындай отырып, ресурстарды жұмылдыру теориясына сүйенеді.
5. Әртүрлі мақсаттарға қол жеткізу үшін сәтті қозғалыстарға жан-жақты ұйымдар қажет. Сондай-ақ ол барлық қажетті ресурстарды жұмылдыруға қабілетті болуы тиіс. Жаңа мүшелерді тарту үшін ұйым өз идеологиясын адамдарды күрделі мәселеге сендіре алатындай етіп қалыптастыруы қажет. Мәселеге қатысты қабылданатын шешім әрі лайықты, әрі тиімді болатынына сендіру қажет. Ал жекелеген адамдардың мүдделері, құндылықтары мен сенімі қозғалыстың ұстанымымен үйлесетініне иландыруы керек. Алайда идеологияға қарамастан, негізінен, қозғалыстың мүшелерімен әлеуметтік байланысы бар және қарсыластарға қатысы жоқ адамдар көбірек тартылады. Сонымен бірге сәтті қозғалыстарға БАҚ назарын аударатын инновациялық әдістер қажет.
6. Кері қозғалыстар – өзге әлеуметтік қозғалыстар насихаттайтын өзгерістерге қарсы тұруға немесе мүлде болдырмауға тырысатын әлеуметтік қозғалыстар. Егер бастапқы қозғалыс азғантай болсын табысқа қол жеткізсе, кері қозғалыс дами түседі. Егер кейбір адамдар бастапқы қозғалыста қол жеткізген өзгерістер салдарынан әлеуметтік жағдайы мен құндылықтарына қауіп төніп тұрғанын сезсе де және қарсы бағыттың әлеуетті мүшелері олардың мықты одақтастары боларына сенсе де кері қозғалыстың дамуына мүмкіндік бар.
7. Қоршаған ортаны қорғау қозғалысы мемлекеттік саясатқа ықпал етуге тырыса отырып, сот арқылы қарсылық білдіруден бастап астыртын іріткі салуға дейінгі түрлі әдістерді қолданады. Қозғалыс жетістіктерінің өсу себептерінің бірі – қозғалыс аясындағы ұйымдардың көп түрлілігі.
8. Технология – құралдар жасау, яғни табиғи

ресурстарды адамзат игілігіне пайдалану үшін адамның білімін пайдалану. Бұл термин тек құралдардың (материалдық мәдениетке тән) өзіне ғана емес, сондай-ақ адамдардың осы құралдар турасындағы сеніміне, құндылықтары мен көзқарасына да (материалдық емес мәдениет аспектілеріне де) қатысты.

9. Әлеуметтік өзгерістер – әлеуметтік құрылымдардың немесе институттардың белгілі бір уақыттан кейінгі әрбір елеулі өзгерісі немесе трансформациясы. Технология – әлеуметтік өзгерістердің маңызды бір түрі және себебі.
10. Құрылымдық-функциялық теория, ең алдымен, технологияның әлеуметтік өзгерістердің ретті әрі оң жүруіне қалай ықпал ететінін анықтайды. Технология қоғамға өте жедел енгізіле бастаған кезде мәдениеттің кешеуілдеуі, оның өзгерістерге бейімделуі жолында маңызды проблема тууы мүмкін.
11. Конфликтология теорияшылары технологиялық өзгерістер бәсекелес мүдделер арасындағы шиеленістерді көрсетеді және солармен

шарттас деп тұжырымдайды. Әлеуметтік өзгерістерден зардап шеккен немесе пайда табатын адамдар мен топтардың қалыптасқан жағдайды сақтап қалуда немесе түрлендіруде үлестері бар.

12. Ақпараттық технологиялар біздің күнделікті өміріміздің көптеген қырларын өзгертті. Олар бізді өзге адамдармен және ақпаратпен байланыстырады, сонымен бірге қорғануға қатысты жаңа проблемалар, жаңа тиімсіздіктер, әлеуметтік бақылаудың жаңа пішіндерін, жаңа аурулар мен жарақаттар туындатады. Дәл осы сияқты жаңа репродуктивті технологиялар арқылы балаларының генетикалық тұрғыдан өздерінікі болуын қалайтындардың мүмкіндігі молайды. Сөйте тұра бұл да денсаулық, әлеуметтік және этикалық мәселелер тұрғысынан күрделі проблемалар тудырды. Мысалы, мынадай бір сауал пайда болды: біз балаларды қымбат тауарға айналдырып жатқан жоқпыз ба?

## Сыни ойлау

1. Ауқымды қоғамдағы қандай әлеуметтік-құрылымдық жағдай қоршаған ортаны қорғауға бағытталған қозғалысты тудырды деп ойлайсыз? Қозғалыстың сәттілігіне әсер етуі мүмкін қандай кері қозғалыстарды білесіз?
  2. Өлім жазасына қарсы қоғамдық пікірді жұмылдыруға мүдделісіз делік, БАҚ-тың назарын аудару үшін қандай іс-шара немесе әрекетті қолдануға тырысасыз?
  3. Әртүрлі топтардың мүдделерін ескере отырып жағымды әрекеттер саясаты мен бағдарламалары бойынша қазіргі пікірталасты қалай талдар едіңіз?
  4. Еуропалықтар генетикалық түрлендірілген өсімдіктер мен азық-түліктерге қарсы америкалықтарға қарағанда анағұрлым белсенді
- күреседі. Факторларға қатысты көзқарасыңызға орай, қоғамды жаңа технологиялар мен қатынастарды қабылдауға азды-көпті бейім ететін (2-бөлімді қараңыз) айырмашылықтарды, сондай-ақ әлеуметтік қозғалыстардың сәтті жұмылдырылуын қалай түсіндірер едіңіз?
  5. Егер кеңседегі жұмысқа аттанатын болсаңыз, электронды поштаны өз науқаныңызда қалай пайдаланар едіңіз? Сайлаушыларыңыздың қандай топтарымен интернет арқылы жиі байланысатын боласыз? Олар АҚШ-тың дауыс беру құқығы бар азаматтары екендігін қалай анықтар едіңіз? Бұл маңызды ма? Жедел жоғары деректерде порттары мен модемдері жоқтардың дауысы есепке алынғанына қалай көз жеткізе аласыз?

# ГЛОССАРИЙ

## А

**Авторитарлық жүйе** – халық басқарушыны таңдай алмайтын және заң жүзінде ауыстыра алмайтын саяси жүйе.

**Азаматтық дін** – Батыс елдерінде (мысалы, АҚШ-та) салт-дәстүрлерді, наным-сенімдерді және рәміздерді қастерлеп сақтауға ықпал ететін сенім жүйесі.

**Азшылық топ** – мәдени, экономикалық және саяси тұрғыдан бағынышты топ.

**Айнымалы шама** – бір адамнан немесе топтан келесісіне ауысқанда өзгеретін сипаттама.

**«Ақ жағалылар»** немесе кеңсе қызметкерлерінің қылмысы – жоғары лауазымды адамдардың өзгелерге өктемдігін жүргізу мақсатымен жасаған қылмыстары.

**Ақ нәсіл мәртебесі** – «ақ» тұрғындардың нәсілдік ерекшелігі үшін ғана алатын артықшылығы.

**Ақпараттық технологиялар** – ақпаратты сақтау, қолдану және жөнелту үшін пайдаланылатын компьютерлер мен телекоммуникациялық құрылғылар.

**Ақталу** – жасалған әрекеттің дұрыс емес немесе орынсыз екенін мойындайтын мәлімдеме.

**Ақшалай қаражат** – жеке және үй шаруашылығына тиесілі ақша мен тауардың жалпы сомасы.

**Алғашқы әлеуметтену** – ерте балалық шақта тұлға ретінде қалыптастыру және рөлдерге үйрету.

**Алдын ала әлеуметтену** – болашақта қабылдауымыз мүмкін рөлдерге даярлайтын процесс.

**Альтернативті қозғалыстар** – жеке көзқарастар мен іс-әрекеттерде аздаған өзгерістер жасауға бағытталған қозғалыстар.

**Аномия** – қоғам нормаларының бұлыңғыр немесе қалыптасқан жағдайға сәйкес болмауы.

**Аңшылық-терімшілік қоғамдар** – жабайы жануарларды аулау немесе жеуге жарамды өсімдіктерді жинау арқылы өмір сүру.

**Арақашықтық** – екі адам, топ немесе басқа да бірлік арасындағы географиялық қашықтықты білдіреді.

**Аралас отбасы** – ерлі-зайыптылардың бірінің немесе екеуінің де алдыңғы некесінен баласы бар отбасы.

**Артта қалған елдер** – өмір сүру деңгейі ең да-

мыған елдерден әлдеқайда төмен, бірақ тұрмысы нашар елдерге қарағанда жоғары елдер.

**Ассимиляция** – адамдардың өз құндылықтарынан азды-көпті бас тарта отырып, басымдыққа ие топтың құндылықтары мен әлеуметтік тәжірибелерін үйреніп, қабылдау процесі.

**Астаналық статистикалық аудан** – 50 мыңнан астам халқы бар және айналасындағы аймақтармен экономикалық әрі әлеуметтік қарым-қатынас орнатқан аудан.

**Астаналық емес статистикалық аудан** – үлкен қаласы да, ондай қаламен тығыз байланысы да жоқ аудан.

**Астыртын оқу жоспары** – мектепте оқытылатын негізгі мәдени дерекнамалардан тұрады. Мемлекеттік және жекеменшік мектептер жастарды теңсіздікті қабылдауға үйретеді.

**Ат таңу теориясы** – девиантты сияқты көрінетін адамдарға және нақты мінез-құлыққа таңылатын процестерді түсіндіреді.

**Ауру туындатушылар** – өлімге жетелейтін мінез-құлық пен әлеуметтік жағдайларға ықпал ететін топтар.

**Ауызбірлік** – өзара әрекеттесудің жоғары деңгейде, күшті сезіммен және тәуелділікпен ерекшеленуі.

**Ауыл шаруашылығы қоғамдары** – жерді өңдеп, өнім өсіру кезінде соқалар мен ірі қара малды қолдануға негізделеді.

**Ә**

**Әлемдік жүйелер теориясы** – шеткері және негізгі қоғамдар ретінде белгілі кедей және бай елдер арасындағы экономикалық қатынастар туралы тұжырымдама.

**Әлеуметтану** – адамзат қоғамын, әлеуметтік топтарды және әлеуметтік өзара әрекеттерді жүйелі түрде зерттеу.

**Әлеуметтік мақсаттылық түсінігі** – шын мәніндегі оқиғаны адамдардың әсерлеп, күшейтіп және әлеуметтік тұрғыда қабылданатын етіп көрсету тенденциясы.

**Әлеуметтендіру** – мәдени және қоғамдық ортаға қатысуға қажетті ережелерді, тәжірибелер мен құндылықтарды үйрену процесі.



**Әлеуметтену агенттері** – әлеуметтік нормаларды үйрететін барлық адамдар, топтар және бұқаралық ақпарат құралдары.

**Әлеуметтік желі** – жеке адамның интернет арқылы жүргізетін қарым-қатынастарының жиынтығы.

**Әлеуметтік қиял** – өміріміздегі шынайы жағдайларға қарапайым әлеуметтік құрылымдар тұрғысынан қарау мүмкіндігі. Ол жеке қиындықтарды қоғамдық проблемалар ретінде көруге көмектеседі.

**Әлеуметтік қозғалыс** – әлеуметтік институттарды, қарым-қатынасты және өмір салтын өзгерту мақсатымен біріккен адамдардың, топтар мен ұйымдардың қозғалысы.

**Әлеуметтік құрылым** – қоғамды қалыптастыратын топтардың өзара қарым-қатынастарының қайталанатын үлгісі.

**Әлеуметтік мобильділік** – әлеуметтік таптың өзгеру процесі.

**Әлеуметтік өзара әрекеттесу** – адамдармен күнделікті, бетпе-бет кездесетін жағдайларда қарым-қатынас жасау жолдары.

**Әлеуметтік өзгеріс** – әлеуметтік құрылымдардың немесе әлеуметтік-мәдени процестердің уақыт өте келе айтарлықтай түрленуі не қайта құрылымдануы.

**Әлеуметтік тап** – бірдей деңгейде және билікте болатын, бір-бірімен сәйкестік сезімі бар адамдардың санаты.

**Әлеуметтік процестер** – өзара қарым-қатынас формалары арқылы адамдардың бір-бірімен байланысуы.

**Әлеуметтік-экономикалық мәртебе (ӘЭМ)** – адамдар табысқа, білім алуға, кәсіпке немесе олардың кейбір түйістеріне иек артатын әлеуметтік тап өлшемі.

**Әлсіз байланыстар** – төмен – қарқыны төмен, жақындасуы аз қатынастар.

**Әсерлерді басқару** – басқалардың бізді қалай қарастыратынын бақылау үшін жасалатын әрекеттер мен мәлімдемелер.

**Әулет** – ерлі-зайыптылар мен олардың балалары өзге туыстарымен, яғни ердің не әйелдің ата-анасымен немесе бауырларымен бірге өмір сүретін отбасы.

## Б

**Бағасыз әлеуметтену** – өзіне не керегін анықтаумен емес, өзінің кім екенін анықтаумен айналысу.

**Бағбаншылық қоғамдары** – соқаға немесе қара малдың күшіне сүйенбейтін, қарапайым фермерлік шаруашылықтар.

**Бақыланушы топ** – эксперименттегі тәуелсіз көрсеткіштері өзгермейтін топ.

**Бақылау** – баланың оқу бағдарламасын меңгергенін немесе әлі де түсінуі қажет тұстары барын ертерек анықтау үшін бағалау.

**Балалардың комодификациясы** – балаларды тауар ретінде сатып алуға мүмкіндік беретін процесс.

**Басқа да маңызды адамдар** – жақын әрі жеке қарым-қатынас орнатқан адамдар.

**Бастауыш сектор** – экономиканың қоршаған ортадан шикізат алумен айналысатын бөлігі.

**Бастапқы топтар** – өзара тығыз, қоян-қолтық әрекеттер жасайтын адамдардың топтары.

**Бәсеке** – шектеулі ресурстар үшін ортақ ережелермен реттелетін күрес.

**Бедел** – қолданылуын ақтайтын ережелер мен құндылықтарға сүйенетін билік. Мәртебе деп те аталады.

**Бейресми әлеуметтік бақылау достардың, әріптестер мен басқа да тұлғалардың бейресми мінез-құлқының барлық тәсілдеріне қатысты.**

**Билік** – қоғамда қалыптасқан нормалар мен құндылықтарға сүйенетін және олардың қолданылуын заңдастыратын күш.

**Білім беру** – ресми оқу жүйесіне жауапты институт.

**Бірге тұру** – романтикалық/жыныстық серігімен некелеспей жұптасып өмір кешу дегенді білдіреді.

**Буржуазия** – жұмыс жасауға қажетті материалдар мен өндіріс құралдарына иелік ететін тап.

**Бұлтартпайтын дәлелдер** – аз ғана адам немесе шағын оқиға көлеміне негізделген және кездейсоқ алынған мәліметтер.

**Бұқаралық ақпарат құралы (БАҚ)** – кең аудиторияны қамтуға арналған коммуникацияның барлық формасы.

**Бұрмалау** – адамдарды белгілі бір санатқа жатқызудағы иррационалды, теріс көзқарас нәтижесі.

**Бюрократия** – тиімділікті барынша арттыруға арналған нақты ережелері және иерархиялық билік құрылымы бар күрделі ұйымның ерекше түрі.

## Г

**Гендер** – әр жынысқа таңылатын қатынастар, мінез-құлық және рөлдер жүйесі.

**Гендерлік рөлдер** – белгілі бір мәдениеттегі ерлер мен әйелдер үшін қалыпты саналатын құқықтар мен міндеттер.

**Геноцид** – халықты жою үшін жаппай өлтіру.

**Гетерогамия** – өзге жыныс өкілінен жұбай таңдау.

**Гетеронормативтік** – гетеросексуалдықты әлеуметтік және жыныстық қатынастар мен күнделікті өмірді ұйымдастырудың қалыпты тәсілі деп санайтын идеология.

**Гипотеза** – теорияның дұрыс екендігін анықтайтын қарым-қатынастар туралы тұжырымдама.

**Гомогамия** – өз мәртебеңе ұқсас жұбай таңдауға бейімділік.

**Гомосексуалдар (гейлер және лесбияндар деп те аталады)** – өз жынысының өкілімен жыныстық және романтикалық қарым-қатынастарды қалайтын адамдар.

**Д**

**Даму** – қоғамдағы өнімділікті және өмір сүру деңгейін жоғарылату процесі, мәселен, өмір жасын ұзарту, жақсы тамақтану, сапалы білім, жайлы тұрғын үй және тұтыну тауарларының артуы.

**Дәстүрлер** – топтың қарапайым, қалыпты және әдетті әдістермен сақтап, жүзеге асыратын нормалары.

**Дәстүрлі билік** – жылдар бойы сыналған процедуралардың дербес құқықтылығына сүйеніп басқалар үшін шешім қабылдау құқығы.

**Девиант** (нормадан ауытқу) белгілі бір қоғамдастықта құпталмайтын, тіпті жазаға тартылатын бұзылғандық.

**Дедукция** – теориядан алынған гипотезаларды тексеру арқылы теориядан деректерге көшу процесі.

**Демография** – халық санын, өсімін және құрамын зерттейтін ғылым.

**Демографиялық ауысу** – туу көрсеткіші жоғары, ал өмір ұзақтығы аз қоғамнан туу көрсеткіші төмен, өмір ұзақтығы көп қоғамға ауысу.

**Демократия** – көпшіліктің қалауына сай көшбасшыны өзгерту үшін тұрақты конституциялық мүмкіндіктерді қамтамасыз ететін саяси жүйе.

**Деноминация** – мемлекетке икемделетін және басқа ғибадатханаларға төзімділік танытатын ғибадатхана.

**Денсаулық сақтаудың үлгісі** бойынша адамдар, егер 1) денсаулығына қауіп төніп тұр деп сана-са; (2) қауіпті күрделі деп қабылдаса; (3) өмір салтының өзгеруі қауіпті едәуір азайтады деп есептесе және (4) өмір салтын өзгерту жолында елеулі кедергілерге тап болмаса салауатты өмір салтын қабылдайды.

**Деңгей** – қатынастың немесе мінез-құлықтың іске асу жиілігі.

**Диадалар** – екі мүшеден тұратын топтар.

**Дисфункция** – қоғамның тұрақтылығына теріс әсер ететін әлеуметтік құрылымдардың салдары.

**Дифференциал** – әлеуметтік топтардағы құбылыстардың пайда болуындағы айырмашылық.

**Дифференциалдық ассоциация теориясы** – серіктестерінің көбі құптаудың орнына қабыл алмауды ұйғарған кезде адамдар девианттылыққа үйренеді деп тұжырымдайды.

**Дисфункциялы нормалар** – қоғамның мүдделеріне қарама-қайшы нормалар.

**Дін** – Құдайға сенетін бар адамдарды моральдық қауымдастыққа біріктіретін, қасиетті дүниелермен байланысты нанымдар мен тәжірибелер жүйесі.

**Діни экономика** – діни ұйымдар арасында үздік «тұтыным тауарын» ұсынуға бәсекеге түсіп, осы арқылы өз дініне жоғары «нарықтық сұраныс» тудыру.

**Діншілдік** – адамның діни сенімге бейімділігі және сол сенімдер негізінде әрекет етуі.

**Драматургия** – символдық өзара іс-қимылдың нұсқасы, әлеуметтік жағдайлар, бұл нұсқа бойынша актерлер аудиторияға қажетгі әсер беру үшін әр қилы құбылғанын сахналық көріністер ретінде қарастырылады.

**Е**

**Екі есе қауіптілік** – стратификацияның екі түрлі кезеңінде мәртебенің төмен болуын білдіреді.

**Екінші деңгейдегі сектор** – экономиканың шикізатты өңдеумен айналысатын бөлігі.

**Екінші топ** – формалды, ірі және жеке тұлғасыз топтар.

**Ең дамыған елдер** – экономикалық және саяси дербестігі жоғары деңгейдегі бай мемлекеттер.

**Ереже** – мәртебеге байланысты құқықтар мен міндеттерді көрсететін нормалар жиынтығы.

**Ерікті қоғамдастықтар** – адамдарға ортақ қызығушылықтарын бірлесе қолдануға мүмкіндік беретін коммерциялық емес ұйымдар.

**Ж**

**Жалған қарым-қатынас** – бір айнаымалы шама екінші айнаымалы шаманы өзгерте алатын жағдайда орнайды, бірақ үшінші айнаымалы шама болған жағдайда ғана өзгерістің шын себебі пайда болады.

**Жалған мәжбүрлеу** – өздері, шын мәнінде, сенбейтін нормаларды қолдану жағдайларын білдіреді.

**Бірегей төлем жүйесі** – денсаулық сақтау саласында дәрігерлер мен ауруханалардың ақысын тек үкімет қана төлейтін жүйе.

**Жалпы институттар** – өмірдің барлық қырларын радикалды әлеуметтендіру мақсатында қатаң бақыланатын нысандар.

**Жалпыланған өзгелік** – біз қарым-қатынасқа түсетін барлық басқа ойыншылар үмітінің жиынтығы. Бұл – Джордж Герберт Мидтің әлеуметтік нормаларды түсінуіміз үшін енгізген термині.

**Жанама мұрагерлік үлгісі** – ересектердің әлеуметтік тап мәртебесі, әдетте ата-аналарының жады іспетті болады, себебі отбасылық мәртебе мен табыс балалардың ұмтылысын және мүмкіндіктерін анықтауға көмектеседі.

**Жаңа діни қозғалыстар (ЖДҚ)**. Соңғы онжылдықтарда пайда болған мемлекеттегі дәстүрлі дінмен байланысы жоқ рухани немесе діни ағымдар.

**Жаңадан пайда болған шіркеулер сипаты:** (1) Америка қоғамы және қазіргі христиандық шіркеулер туралы сенім ыдыраңқы, салғырттық басым және күмәнді, сондай-ақ (2) бейресми рәсімдерге мән беріледі, жазбалар мен өзін-өзі ұстау тәртібіне жеңіл қарайды және өмірлік мұрат, сенім мен қауымдастықты уағыздайды.

**Жарияланған функциялар немесе дисфункция** – көпшілікке қызмет ететін немесе көпшілікке та-

нылған әлеуметтік құрылымдардың қозғалыстарының бұзылуы.

**Жарты күн жұмыс істейтіндер** машықтықты аса керек етпейтін жұмыс орнында еңбек етеді немесе толық күнді жұмыс таба алмағандықтан осыны қанағат етуге мәжбүр.

**Жасы шамалас топ** – жасы және әлеуметтік мәртебесі тең адамдар.

**Жаһандану** – идеялардың, ресурстардың, тәжірибелердің және адамдардың байланысы жергілікті жүйеде емес, негізінен, бүкіләлемдік деңгейде жүзеге асатын процесс.

**Жекешелендіру** – мемлекеттік қызметтердің корпорациялар ретінде «төселу» процесі, осы қызметтердің корпоративтік үлгіде қайта қаралуы немесе оларды үкіметтің жауапкершілігі емес, жеке таңдау ретінде қайта анықтау.

**Жоғары мәдениет** – жоғары таптың мәдени артықшылықтары.

**Жұмыссыздар** – жұмыссыз, бірақ жұмысқа жарамды және жұмыс іздеп жүргендер.

**Жыныс** – ерлер мен әйелдер арасындағы биологиялық айырмашылықты білдіреді.

**Жыныстық зорлық-зомбылық** – жыныстық сипатта қызмет көрсету туралы ауызша сұрау немесе жағымсыз қимыл-қылық көрсету.

**Жыныстық сценарий** – кім, қайда, қашан, неге, қалай және кіммен жыныстық қатынасқа түсе алады деген сауалдарға мәдени болжам жасау.

### З

**Заңдар** – үкімет билігі қолданатын және санкциялайтын ережелер. Олар норма болуы да, болмауы да мүмкін.

### И

**Идеология** – әлеуметтік, саяси, экономикалық немесе мәдени жүйені нығайтатын не қолдайтын сенімдер жиынтығы.

**Иммиграция** – адамдардың өзге елге қоныс аударуы.

**Индукция** – эмпирикалық тұрғыдан бақыланатын заңдылықтарды ескере отырып теориялар жасау арқылы деректен теорияға көшу процесі.

**Индустриялық қоғамдар** – ауылшаруашылық өнімдеріне жатпайтын тауарларды жаппай өндіретін қоғамдар.

**Институт** – адамның негізгі қажеттіліктерін қанағаттандыратын тұрақты әлеуметтік құрылым.

**Институттандырылған нәсілшілдік** – бейтарап процестердің қалыпты жұмысы көп және аз топтарға үнемі теңсіздік сипатындағы нәтижелер әкелген кезде пайда болады.

### К

**Капитализм** – көптеген байлық (жер, капитал және еңбек) жеке меншікте болатын, ашық нарықта сауда жүргізетін және меншік иелерінің жеке

пайдасы үшін қолданылатын экономикалық жүйе.

**Касталық жүйе тапшы ресурстарды** үлестіру ісін алдын ала таңылған мәртебеге сәйкес жүргізеді.

**Кәсіби әлеуметтену** – маманның білімін, дағдыларын және мәдени құндылықтарын қалыптастыру.

**Кедейлер шоғыры** – тұрғындарының өте үлкен бөлігі кедейлер болатын аймақ.

**Кедейлік мәдениеті** – үнемдеуге, болашаққа инвестициялауға немесе қиын жұмысқа емес, осы сәтте өмір сүруге баса назар аударатын құндылықтар жиынтығы.

**Кедейлікке жақын жандар** – федералдық кедейлік деңгейінен екі есе жоғары үй шаруашылықтарында тұрады.

**Кездейсоқ үлгілер** – кездейсоқ тәртіпте таңдалған үлгілер, сол себепті әрбір адам тұрғылықты жерінде солардың бірін таңдауға мүмкіндік алады.

**Кезеңнен-кезеңге өту дәстүрі** – бір жас кезеңінің аяқталуын және екіншісінің басталуын білдіретін ресми рәсімдер.

**Кемсітушілік** – адамдардың белгілі бір санаттарға (әлеуметтік топтарға) байланысты кейбір жеке тұлғаларды өзімен тең көрмеуі.

**Кері қозғалыстар** – күресуші қозғалысқа мүлде өзгеріс енгіздірмейтін немесе қарсыласуға тырысатын әлеуметтік қозғалыс.

**Кері мәдениеттер** – үлкен топтардың құндылықтарына, мүдделеріне, наным-сенімдеріне және өмір салтына қарама-қайшы келетін топтардың мәдениеттері.

**Кешенді ұйымдар** – мәртебелік желілері жақсы дамыған ірі ресми ұйымдар.

**Коммунизм** – өндіріс құралдары мен барлық мүлік мемлекет меншігінде болатын және әрбір адам қабілеті мен қажеттілігіне қарай жұмыс істеп, еңбекақы алады деп санайтын теориялық экономикалық жүйе.

**Компания (орта)** – жеке адамдарға емес, ең алдымен, тәжірибелік байланыстарға қатысты құрылған қоғам.

**Контент анализ** – кез келген құжаттарды жүйелі түрде талдау әдісі.

**Конфликт теориясы** – қоғамдағы күйзеліске және қақтығыстар мен әлеуметтік өзгерістерге ықпал ететін жолдарды талдау, түсіндіру.

**Компульсивті гетеросексуалдық** – адамның ер адамға тән мінезін және гетеросексуалдығын тұрақты түрде көрсетуі.

**Корреляция (өзара байланыс)** – эмпирикалық қарым-қатынастардағы (мысалы, білім ұлғайған кезде табыстың артуы) екі көрсеткіш арасындағы сабақтас байланыстылық.

**Көлденең сызбалы кескін** – белгілі бір уақыттағы халықтың үлгісін (немесе көлденең қимасын) пайдаланады.

**Көлеңкелі экономика** – экономиканың мемлекеттік бақылаудан жасырынатын бөлігі.

**Көпшілік тобы** – мәдени, экономикалық әрі саяси бағымдыққа ие топ.

**Көтерілісшіл сана** – өзгеріс қажет және ол мүмкін деп есептейтін жеке ой.

**Көші-қон** – адамдардың бір географиялық аймақтан екіншісіне көшуі.

**Күнделікті өмірдегі әлеуметтану** – қарапайым, қоян-қолтық араласатын жағдайлардағы тәжірибемізді түзетін әлеуметтік процестерді қарастырады.

**Күш** – басқалардың мінез-құлқын, тіпті олардың өздерінің еркіне қарсы бағытта алу қабілеті.

## Қ

**Қайта әлеуметтендіру** – жаңа идеяны және өмірдің түбегейлі өзгеше әдісін (көбінесе еріксіз) үйрену процесі.

**Қақтығыс** – ортақ ережелермен реттелмейтін ресурстар үшін күрес. Ол өз қарсыластарын жою, жарақаттау немесе бейтараптандыру әрекеттерін қамтуы мүмкін.

**Қасиеттілік** – біз бақылап, түсіне алмайтын, бізде қорқыныш пен табыну сезімін оятатын құбылыстар мен нәрселер.

**Қатыса отырып бақылау** – қатысу, сұхбаттасу, оқиға орнына барып зерттеу жүргізуді қамтитын талдау әдісі.

**Қауымдастық** – көптеген адамдар жеке байланыстарымен топтасатын қоғамдар.

**Қоғам** – географиялық аумағымен бөлектенетін тұрақты қоғамдастықтағы ұлт немесе үлкен топ. Экономикалық, мәдени және саяси байланыстар жеке тұлғалардың бір-бірімен өзара әрекеттесуі арқылы атқарылады.

**Қоғамдастық ортақ кеңістікті** және онымен байланыс сезімін бөлісетін адамдардан, сондай-ақ сол ортақ кеңістіктегі әлеуметтік институттардан тұрады. Тіпті географиялық тұрғыдан жан-жақта орналасқан, бірақ ортақ сәйкестік сезімін бөлісе алатын адамдар да қауымдастыққа мүше болуы мүмкін.

**Қоғамдық бақылау сәйкестікті** қуаттайтын күштермен процестерден тұрады. Бұған өзін-өзі, бейресми және ресми бақылаулар жатады.

**Қол жеткізілген мәртебе** – әр адамның еңбекпен жететін мәртебесі, мысалы, қылмыстық ортада немесе колледж бітіргенде беріледі.

**Қуатты байланыстар** – тығыз қарым-қатынас, эмоция қарқындылығы және бірлесе пайдалану сияқты белгілермен сипатталатын қарым-қатынас.

**Құндылықтар** – мақсаттар туралы ортақ идеялар.

**Құрылым** – «Бұл жерде не болып жатыр?» деген сұраққа жауап береді. Демек, жағдайды анықтаумен тең.

**Құрылымды реттеу** – Құрылымды орталықтандыру – қозғалыстар арқылы адамдарға олардың қызығушылықтары, құндылықтары мен сенімі ӘҚҰ-ның мүддесімен астарлас екенін көрсететін процесс.

**Құрылымдық-функциялық теория әлеуметтік ұйым** (құрылым) және оның қызмет етуі (функциясы) мәселелерін талдайды.

**Қылмыс** – заңды немесе азаматтық жазаға тартылатын әрекет.

## Л

**Лингвистикалық салыстырмалы гипотеза** немесе Сапир-Уорф гипотезасы: әр тілдің грамматикасы, құрылымы және санаттары сол тілде сөйлеушілердің шындықты көруіне әсер етеді.

**Лонгитюдтік (ұзақ мерзімді) зерттеу** – бір құбылысты ұзақ уақыт бойы жинақталған деректер арқылы зерттеу.

## М

**Макдональдтандыру** – жедел тамақтану мейрамханаларының тиімділік, есептелу, болжамдылық және бақылану сияқты ұстанымдарының америкалық қоғамның өзге салаларында басымдыққа ие болу процесі.

**Мамандықтар** – жоғары мамандандырылған оқытуды қажет ететін, іс-әрекеттерді едәуір дербес түрде қамдайтын мамандықтар, бұлар әдетте қоғамдық сенімге ие болады.

**Манифест функциялары** немесе дисфункциялар – арнаулы және мойындалған әлеуметтік құрылымдардың салдары.

**Мәдени кешігу мәдениеттің** бір бөлігі басқасына қарағанда жылдам өзгергенде анықталады.

**Мәдени диффузия** – бір мәдениеттің немесе субмәдениеттің белгілерінің басқа мәдениетке араласу процесі.

**Мәдени жаһандану** – бүкіл әлем бойынша мәдени элементтердің (соның ішінде музыкалық стильдердің, сән трендтерінің және мәдени құндылықтардың) таралу процесі.

**Мәдени капитал** – жоғары әлеуметтік таптарды сипаттайтын көзқарастар мен білімнің болуы.

**Мәдени салыстырмалылық** – әрбір мәдени құндылықтың өзге құндылықтармен салыстырылуы.

**Мәдени соққы** – басқа мәдениетпен қарым-қатынас жағдайында туындайтын дағдарыстық сезім.

**Мәдениет** – қоғамдастық мүшелерінің ортақ өмір сүруінің жалпы тәсілі. Ол тек тілді, құндылықтарды және символдық мағыналарды

ғана емес, сондай-ақ технологиялық және материалдық нысандарды да қамтиды.

**Мәжбүрлеу** – күш көрсету немесе қорқыту арқылы жүргізілетін билік.

**Мәлімдеме** – тосын немесе қауіпті іс-әрекет туралы түсініктеме, оның екі түрі бар: кешірім сұрау және ақталу.

**Мәртебе** – топтағы адамның топ мүшелеріне қатысты тұрғысы.

**Мәртебелер жиынтығы** – адамның барлық мәртебесінің тіркемесі.

**Медиализация** – қалыптасқан жағдай немесе мінез-құлықты медициналық мәселе деп табатын және оған медициналық шешім табуды талап ететін процесс.

**Мектеп таңдау бағдарламасы** – балалы отбасыларға көптеген нұсқаулар (оқыту ваучерлері, салық жеңілдіктері, магниттер мектебі, жеке мектептер және үйде оқыту) ұсынады.

**Мемлекет** – өз аумағында күш көрсету мен мәжбүрлеуді заң жүзінде қолдана алатын қоғамдық құрылым.

**Мемлекеттік гибадатхана** – мемлекет тарапынан жан-жақты қолдау көрсетілетін, тіпті мандат берілетін гибадатхана.

**Міндеттен бас тарту** – әрекет нәтижесінде пайда болуы мүмкін теріс және күмәнді реакциялардың алдын алу үшін қолданылатын вербалды құрылғы.

**Мобилизация немесе жұмылдыру** – әлеуметтік қозғалысқа қажетті жаңа ресурстарды қолжетімді ететін процесс.

**Модернизациялау теориясы** бойынша қоғамдар дамуды қарапайым экономика мен институционалдық құрылымдардан күрделісіне өтетін эволюциялық процестің табиғи ашылуы ретінде қарастырады.

**Моногамия** – тек бір әйелден және бір күйеуден тұратын неке.

**Моральдық кәсіпкерлер** – адамгершілікке қатысты жаңа анықтамалар құрастыруға және оларды қолдануға тырысатын адамдар.

**Морлар** – өте мықты дұрыс немесе бұрыс идеялармен байланысты, моральдық құндылықтарға ие нормалар.

**Мультикультурализм** – мәдениеттегі әртүрлі мәдени құндылықтарды бағалап, сақтау керек деген сенім.

**Мүдделі қызығушылықтар** – қалыптасқан жағдайды сақтап қалу немесе өзгертудегі үлес.

**Мүдделі тараптарды жұмылдыру** – нақты саяси нәтижеге ұмтылатын топтардың ұйымдасқан саяси оппозициясы.

## Н

**Нашар дамыған елдер** – кедейшілікпен және саяси әлсіздігімен ерекшеленеді және дамудың көп-

теген өлшемі немесе барлық өлшемі бойынша төмен деңгейдегі елдер.

**Науқастың рөлі** – науқас адамдарға қатысты төрт әлеуметтік нормадан тұрады: кәдімгі әлеуметтік рөлін орындамау үшін ауру жақсы себеп; ауырғандығына жауапты емес; ауру жағымсыз деп саналады; жақсы жұмыс істеу үшін дәрігердің бұйрығын орындау керек.

**Нәресте өлімінің коэффициенті** – туа салысымен шетінеп кеткен сәбилердің дүниеге келген әрбір 1000 тірі нәрестеге шаққандағы саны.

**Нәсіл** – әлеуметтік мән берілетін физикалық сипаттамаларына қарай бөлінетін адамдар категориясы.

**Нәсілдік және этностық топтардың әлеуметтік құрылысы** – (биологиялық фактілермен салыстырғанда әлеуметтік идеяларға негізделген) нәсілдік ерекшеліктердің немесе этникалық топ ерекшеліктерінің мәдени процестер арқылы анықталуы.

**Нәсілшілдік (расизм)** – нәсілдік топтарына байланысты мұраға қалған физикалық сипаттамалары – тұлғалық және қабілеттілік ерекшеліктерді анықтайтын, теңсіздікке заңдық негіздеме беретін ұстаным.

**Негізгі елдер** – экономикасы әртараптандырылған және сыртқы бақылаудан тәуелсіз, бай, қуатты елдер.

**Негіздемелер** – ереже бұзуға құқылы болғанының орынды себептерін түсіндіретін есеп жазбалар. Олар көбінесе баламалы ережеге жүгінеді.

**Неке** – екі адамның ресми, әлеуметтік немесе заңды түрде танылған одағы.

**Неке институтының ыдырауы** – некені жеке адамдар мен қоғам үшін маңызды деп белгілейтін әлеуметтік нормалардың біртіндеп жойылуы.

**Нормалар** – адамдар қалай ойланып, әрекет етуі керектігін анықтайтын ережелер.

**Нуклеар отбасы** – ата-анасы мен балалары өзге туыстардан бөлек үйде тұратын, тәуелсіз отбасы.

## О

**Операцияландыру** – берілген айнымалы шаманы қалай өлшеуге болатынын анықтайтын процеске сілтеме жасау.

**Операциялық анықтама** – айнымалы байланыстарды өлшейтін нақты процедураны сипаттау.

**Орталықтану** – желідегі жеке адамның және көпшіліктің арасындағы тікелей немесе жанама байланыстардың қалыптасуы.

**Отбасы** – қаны бір немесе некеге тұру, бала асырап алу, болмаса неке тектес міндеттемелер арқылы байланысатын адамдар тобы.

## Ө

**Өзара қарым-қатынас нормасы** – адамдардың жақсылықтың қайырымын қайтаруға және

әлеуметтік қарым-қатынас міндеттемелері тепе-теңдігін сақтауға ұмтылуының мөлшері.

**Өзіндік тұжырымдама (концепция)** – жеке адам екеніміз туралы түсінік сезімінің туындауы.

**Өзіне сырт көзбен қарау** – өзімізге өзгенің көзімен қарауды үйрену процесі.

**Өкілеттілік** – білім деңгейі ерекше жоғары болғандықтан кейбір адамдардың басқаларға қарағанда оларды артық деп есептеуі.

**Өлім көрсеткіші** – белгілі бір уақыт ішінде әрбір 1000 адамға шаққандағы өлім саны.

## П

**Перифериялық елдер** – кедей және әлсіз келеді, салыстырмалы түрде аз шамада бақылау орнатылған, экономикасы біржақты.

**Плюрализм** – бір қоғамда жеке және тең мәдениеттердің бейбіт қатар өмір сүруі.

**Полигамия** – ерлі-зайыптылардың бір уақытта бірнеше жұбайы болуы мүмкін неке.

**Постиндустриалдық қоғамдар**, негізінен, ақпараттар өндіреді немесе қызметтер көрсетеді.

**Провинциялар** – қала сыртындағы аумақты (негізінен, тұрғын-жайларды) дамытатын аудандар.

**Пролетариат** – өндіріс құралдарына иелік етпейтін тап. Олар өндіріс құралдарының иелеріне еңбегін сату арқылы өздерін қамтамасыз етеді.

**Протестанттық этика** түсінігі бойынша еңбек ету, рационализм және қарапайым өмір сүруді дұрыс деп, ал жұмыссыздық пен сылбырлық күнә деп саналады.

**Профан (қарабайыр)** – күнделікті өмірде өздігінен болатын және қарапайым әрекет ретінде көрінетін барлық нәрселер, әдетте олар бізге таныс, біз оларды бақылап, оған айла-шарғыларымызды жасай аламыз.

## Р

**Рационалды-құқықты бедел** – адамдардың рационалды қойылған ережелерге негізделген билікті ұстануы.

**Революциялық қозғалыстар** қоғамды түбегейлі өзгерткісі келеді.

**Репликация** – басқа зерттеушінің эмпирикалық зерттеулерін қайталау немесе әртүрлі үлгілермен бірдей нәтижелерге жету.

**Репродуктивтік еңбек әйелдердің** дәстүрлі түрде тамақтану, тазалану және тәрбиелеу секілді міндеттерін білдіреді. Бұл – қоғамның жалғасуына және басқалардың жұмыс істеуіне я ойнауына мүмкіндік береді.

**Ресми қоғамдық бақылау** – айыппұлдар салу, қудалау немесе бас бостандығынан айыру сияқты әкімшілік санкциялар.

**Ресурстарды жұмылдыру теориясы** бойынша, депривацияға ұшыраған адамдар күресу үшін ре-

сурстарын тиімді жұмылдыра алса, әлеуметтік қозғалыстар пайда болады.

**Реформистік қозғалыстар** (жапуарлардың, гейлер мен әйелдердің құқығы үшін күресушілер) белгілі деңгейде қоғамды өзгертуге ынталы.

**Рөлді қабылдау** – өзгелердің біз үшін маңызы бар әлемді қалай көру керектігін және олардың болашағын біргіндеп қабылдауды үйрену процесі.

**Рөлдік қақтығыстар** – тұлғалардың арасында үйлеспейтін көзқарастар артқанда пайда болатын шиеленіс.

**Рөлдік шиеленіс үйлесімсіз** рөлдердің бір тұғырда дамуы қажет болғанда пайда болады.

## С

**Салыстырмалы депривация** өзімізді бізден артық адамдармен салыстырғанда пайда болады.

**Салыстырмалы депривация теориясы** бойынша, адамдардың сұранысы мен алған марапаттары арасында айырмашылық тым үлкен болған жағдайда әлеуметтік қозғалыстар пайда болады.

**Санкциялар** – сәйкестікке орай сыйақылар және сәйкессіздіктерге қарай берілетін жазалар.

**Сауалнамалық зерттеу** – стандартталған сұрақтар тізімі арқылы көп адамнан сұрау жүргізу әдісі.

**Саясат** – қоғамдағы биліктің әлеуметтік құрылымы.

**Саяси мүмкіндіктер** – жаңа қозғалыстың көшбасшыларын мүшелермен, телефон желісімен, компьютерлермен және басқа ресурстармен қамтамасыз ете алатын ұйымдардың болуы.

**Саяси процестер теориясы** бойынша, саяси мүмкіндіктер алу оңай болғанда, сонымен бірге адамдар өзгеріс қажет және ол мүмкін деп санаған жағдайда әлеуметтік қозғалыстар болады.

**Саяси экономика** – елдегі саяси және экономикалық нысандардың өзара әрекеттесуін білдіреді.

**Сегрегация (бөлу)** – аз және көп топ мүшелерінің жекелеп бөлінуі.

**Сексизм** – әйелдер биологиялық тұрғыдан ер адамдардан кем түспесе де оларды ерлермен бірдей емес деуге негізделген ұғым.

**Секталар** – шіркеулердегі өздері жағымсыз деп тапқан өзгерістерден түбегейлі бас тарту салдарынан құрылатын діни ұйымдар.

**Секуляризация** бойынша, заттардың, ойлардың немесе қасиетті билік (діни адамдар) оқиғаларының қасиетсіз немесе шынайы билікке (мемлекет, медицина, т.б.) берілу процесі уақыт өте күшейеді деп саналады.

**Символдық интеракционизм теориясы** адами әрекеттердің субъективті мағыналарын және адамдарға ортақ мағыналардың дамуын қарастыратын процесс.

**Соғыс** – ұлттық армия мен басқа топтың арасындағы қарулы қақтығыстар.



**Социализм** – қоғам немесе үкімет өндіріс құралдарын (жер, еңбек және капитал) баршаның игілігі үшін қолданатын экономикалық жүйе.

**Социобиология** – адамның мінез-құлқының (адамгершіліктен тыс) барлық түрінің биологиялық негіздерін зерттеу.

**Стереотип** – топ мүшелеріне қатысты алдын ала пайымдалған күмәнсіз қарапайым идея.

**Стратификация** – әлеуметтік мәртебелерді шектеулі ресурстарға қолжетімділік тұрғысынан анықтайтын теңсіздіктің институционалды құрылымы.

**Субмәдениеттер** – қоғамның жалпы мәдениетіне қатысатын топтар. Олар өздерінің құндылықтарын, нормаларын, өмір салтын және тіпті ерекше тілін айрықша жиынтық түрінде сақтайды.

**Субурбанизация** – қала маңындағы аймақтардың өсуі.  
**Сынамаларды іріктеу** — үлкен топтан өкілетті істерді жүйелі түрде таңдау.

## Т

**Тәуелді айнымалылық** – себеп-салдарлы қатынастардың нәтижесі. Бұл тәуелсіз айнымалылық әрекетіне байланысты.

**Түзетуші қозғалыстар** жеке тұжырымдар мен әрекеттерді түбегейлі өзгертуге бағытталады.

**Табыс** – белгілі бір уақыт ішінде жекеден, үйден немесе ұйымнан алынған ақша.

**Табыс теңсіздігі** – кірістің белгілі бір жұртшылық арасындағы айырмашылық деңгейі.

**Танымал мәдениет** қоғамның көптеген мүшелері, әсіресе орта, жұмысшы және төменгі таптарда қолжетімді және кең таралған мәдениетке қатысты болады.

**Таңдаудың өзгерістері** – уақыт өте келе топ мүшелерінің көзқарастарын ұқсас ете бастайтын процестер.

**Таңылған мәртебе** – адам дүниеге келген кезде берілетін мәртебе, бұл – ұрпақтан-ұрпаққа мирас болып, өмір бойы өзгермейді.

**Тап** – маркстік теория бойынша адамдарды олардың жұмысына қажетті материалдар мен құралдарға иелік ете алу көрсеткішіне қарай жіктеу, яғни адамдардың өндіріс құралдарына деген меншіктік қатынасы арқылы ерекшеленуі.

**Таптық жүйе** – шектеулі ресурстарды бөлісу арқылы қол жеткізген мәртебеге сүйену.

**Таптық сана** адамдардың өндіріс құралдарына өзінің қатынасын түсініп, нақты таптық ерекшелігін ұғынған кезде пайда болады.

**Тәжірибелік топ** – тәуелсіз айнымалыны сынайтын топ. Бұл топтан алынған нәтижелер бақылау тобымен салыстырылады.

**Тәуелсіз айнымалы** – себеп-салдарлық қатынастардағы себептік сыңар.

**Тежеу теориясы бойынша**, әлеуметтік санкциялар-

дың ресми және бейресми жақтарының сәйкестенуі үшін бөлінген сыйақылар жеткіліксіз болған жағдайда ауытқушылықтар пайда болуы мүмкін.

**Тең топ** – жас мөлшері шамалас мүшелерден құралады.

**Теория** – кеңірек деңгейде байқалған үлгілерді түсіндіретін идеялар жиынтығы.

**Терроризм (лаңкестік)** – саяси-әлеуметтік себептерге байланысты адамдарға қасақана жасалатын зорлық-зомбылық.

**Технологиялық императив** – жаңа технология қолжетімді болған кезде оны қолданбау мүмкін емес деген тұжырымға келу.

**Технология** – құралдар жасау және табиғи ресурстарды қолдану үшін адам білімін қолдану.

**Тіл** – ауызша, қолмен ымдау белгілерімен немесе жазбаша нышандармен сөйлесу қабілеті.

**Тоғысқан отбасы** – балалары бірнеше үйдің арасында өмір сүретін отбасы.

**Топ** – өзара әрекеттесетін және өзара тәуелділікті мойындайтын екі немесе одан да көп адамға ортақ әлеуметтік құрылым.

**Топтық сана сыни ойлауды шектеп**, өзара келісуге итермелейтін ықпал бар кезде пайда болады. Бұл – пікірталастық сыни ойлауды тоқтата алатын күш.

**Төмендеуші ассимиляция** – иммигранттардың ұрпақтарының негізгі топқа емес, АҚШ-та туған азшыл топтардың «жасырын» әлеміне сіңу процесі.

**Трансгендерлік тұлғалар** – жынысы және жыныстық бірегейлігі нақты емес, өзін нақты «еркекпін» немесе «әйелмін» деп айта алмайтын адамдар. Олардың кейбіреулері – гермафродиттер, енді біреулері – транссексуалдар.

**Трансұлттық корпорациялар** – тауарларды халықаралық деңгейде өндіретін және сататын ірі корпорациялар.

**Тренд** – айнымалы шаманың уақыт өте өзгеруі.

**Триада** – үш мүшеден тұратын топ.

**Туу көрсеткіші** – белгілі бір уақыт ішінде әрбір 1000 адамға шаққандағы туу саны.

**Туу коэффициенті** – белгілі бір уақыт ішінде әрбір 1000 әйелге шаққандағы туу саны.

**Түске қатыссыз нәсілшілдік** барлық нәсілдер бірдей құрылды, нәсілдік теңдікке қазіргі кезде қол жеткізілді деген сенімге негізделген, сондықтан табысқа жете алмайтын кез келген аз топтың өкілдері өздері кінәлі деп санайды.

**Тұтынушы құқығын қорғау** – «сатып алған дұрыс», өйткені «біз сатып алған заттардан тұрамыз» дейтін философия.

## У

**Урбанизация** – халықтың қалаға шоғырлану процесі.

## Ү

**Үшінші деңгейдегі сектор** – экономиканың қызметтер көрсетумен байланысты бөлігі.

**Ү**

**Ұжымдық мінез-құлық** – мінез-құлықтың мәдени ережелері бұлыңғыр болған жағдайдағы топтың тосын әрекеті.

**Ұжымдық тиімділік** – әлеуметтік тәртіпті сақтау үшін адамдардың көршілермен бірлесіп жұмыс істеу деңгейі.

**Ұйымдастыру мәдениеті** – бизнестің іс жүзінде ұйымда қалай жүзеге асырылатынын анықтайтын нормалар мен құндылықтар үлгісі.

**Ұлттық мемлекет** – билігі сол ұлттың азаматтарына қызмет ету үшін құрылған деген сенімге негізделген заңды мемлекет.

**Ұлтшылдық** – белгілі бір аумақта тұратын барлық адам «ұлт» деген жалғыз атауға ие болып, ортақ мәдениет пен тарих төңірегінде бірігетіндіктен жеке мемлекетке лайықты екендігін білдіретін тұжырым.

**Ф**

**Фундаментализм** – діни сенушілердің қасиетті кітаптары Құдайдың ақиқат сөзі деп, олардың дәстүрлі түсіндірмелерін бұлжытпай қабылдайтын және сол кітаптарда көрсетілген рәсімдер бойынша өмір сүру маңызды деп санайтын діни қозғалыс.

**Функциялар** – қоғамның тұрақтылығына жағымды әсер ететін әлеуметтік құрылымдардың нәтижелері.

**Х**

**Халық өсімінің нөлдік көрсеткіші** – халық санының өсімін бір қалыпта сақтау үшін туу коэффициентінің бір межеде тұрақтануы.

**Харизма** – кейбір адамдардың топ алдында көзге түсіп, ықпал ете алатын қасиеті.

**Харизматикалық бедел** – адамның жеке-дара қасиеттері үшін шешім қабылдау құқығына ие болуы.

**Ш**

**Шабуылдау** – адамдар немесе топтар өздерінің сәтсіздіктері үшін басқаларды айыптаған кезде болады.

**Шағым берілмеген қылмыстар** – заңсыз тауарлар мен қызметтерді өзара ерікті алмасу. Бұған есірткі қабылдау, жезөкшелік, құмар ойындары және порнография жатады.

**Шеткері қалалар** – қала маңындағы аудандар, олар үлкен қалалардың әсерінен пайда болады, алайда қазіргі таңда олардан тәуелсіз өмір сүреді.

**Шіркеу** – арнайы құрылымға айналған діни христиандық ұйым. Олар ғасырлар бойы қолдау тауып, қоғам тәртібі мен құндылықтарын сақтап келді және қоғамның белсенді бөлігіне айналды.

**Штамм теориясы** – мәдениет құптаған мақсаттарға мәдени құпталған құралдармен қол жеткізе алмаған кезде ауытқу пайда болады деп есептеу.

**Ы**

**Ынтымақтастық (бірлестік)** – ортақ мақсаттарға қол жеткізу үшін бірге жұмыс істейтін адамдардың өзара әрекеттестігі.

**Ықтимал апаттар** – жүйе қаншалықты кепілді болғанына қарамастан, соншалықты күрделі болуының ықпалымен ерте ме, кеш пе болуы мүмкін оқиғалар.

**І**

**Ішкі көші-қон** – тұрғындардың ел ішінде жаңа жерлерге көшуі.

**Э**

**Экзогамия** – басқа нәсілден, басқа этникалық және діни топтан жұбай таңдау.

**Экономика** – тауарлар мен қызметтерді өндіру және таратуға қатысты дүниелер.

**Экс-қылмыскердің азаматтық құқығынан айырылуы** – ауыр қылмысы үшін сотталғандардың дауыс беру құқығынан айырылуы. Кейбір штаттарда бұл жаза тек түрмеде отырғандарға қолданылады, ал енді бірінде өмір бойы қайтарылмайды.

**Эксперимент** – себептер мен теорияларды сынау үшін тәуелсіз айнаымалы шамаларды басқаратын зерттеу әдісі.

**Элита-билік өкілдері** – әскерде, өндірісте және үкіметтің атқарушы билігінде лауазымды қызмет атқаратын адамдар. Олар Америка Құрама Штаттарын өз мүдделеріне сәйкес басқаруда бірлесіп әрекет етеді деп саналады.

**Элиталық сабақтастық** нақты бір құбылыс айқындалған кезде және оның салдары нақты жүзеге асқанда пайда болады.

**Эмпирикалық зерттеулер** – дәлелдемелерді жүйелі, әділ сараптау негізінде зерттеу.

**Эндогамия** – өз нәсілінен, этникалық және діни тобынан жұбай таңдау тәжірибесі.

**Эталон топтар** – адамдар әрдайым өздерін салыстырып отыратын және солармен өздерін теңестіргісі келіп, ұқсауға тырысатын үлгілі топ.

**Этностық топ** – мүшелерінің шығу тегі мен ортақ мәдениетінің маңызды белгілері бірдей деп саналатын топ.

**Этноцентризм** – басқа мәдениеттерді өз мәдениетінің нормалары мен құндылықтарына сәйкес бағалау процесі.



ҚР БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІНІҢ  
ТАПСЫРЫСЫ БОЙЫНША АУДАРЫЛЫП БАСЫЛДЫ


**Дэвид Бринкерхоф, Роуз Уейтс, Сюзан Ортега**  
**ӘЛЕУМЕТТАНУ НЕГІЗДЕРІ**  
9-басылым

Басылымға [wikimedia.org](http://wikimedia.org) және [shutterstock.com](http://shutterstock.com)  
сайттарының суреттері пайдаланылды

Редактор *Қами Н.*  
Корректор *Тойғанбекова М., Досболова Н.*  
Беттеген *Молдахметова А.*

Басуға 12.02.2018 ж. қол қойылды. Пішімі 84x108<sup>1/16</sup>.  
Қаріп түрі “Noto Serif”. Офсеттік басылым.  
Көлемі 29 б.т. Тарауымы 10 000 дана.  
Тапсырыс № 251

Тапсырыс берушінің дайын файлдарынан басылып шықты.

 ЖШС РПБК «Дәуір», 050009.  
Алматы қаласы, Гагарин д-лы, 93а.  
АӨХТБ E-mail: [priemni@dauir.kz](mailto:priemni@dauir.kz), [zakaz@dauir.kz](mailto:zakaz@dauir.kz)

# РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ



Жаңа гуманитарлық білім  
Қазақ тіліндегі



Жаңа  
ОҚУЛЫҚ



ULTYQ  
AY'DARMA  
BIY'ROSY  
ООО АМДЫО ООҒЫ



ISBN 978-601-7943-15-8



9 786017 943158